ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

ЖЕТІНШІ ТОМ

ТАҒДЫР

ҚАЗЫҒҰРТ
Алматы
2005

ББК 84 Каз 7-44
Ж 81

Жұмаділов К.
Ж 81 Он екі томдық шығармалар жинағы — Алматы: «Қазығұрт», 2005. Т.7. — 632 бет.
ISBN 9965-22-118-9

Жазушы Кабдеш Жұмаділовтың он екі томдық шығармалар жинағының жетінші томына «Тағдыр» атты тарихи романы еніп отыр.

Әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты, патшалық Ресей мен көршілес Цин империясы Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, өзара енші бөлісуге XIX ғасырдың 80-жылдарында ғана мүмкіндік алғаны мәлім. Екі ел арасында тартылған шекара сызығы кең жазира даланы, аскар тауларды ғана көктей өтіп қойған жоқ, осы өлкені жайлаған қазақ қонысын да қақ жарып өтті. «Тағдыр» романына, міне, осы оқиғалар арқау болып тартылған. Бас кейіпкер Демежан – тарихта болған адам. Жазушы сол замандағы шытырман жағдайларды суреттей отырып, шекара сыртында қалған қандастардың ауыр да оқшау тағдырын баяндайды.

ББК 84 Каз 7-44

Ж 4702250201
482 (05)-05

ISBN 9965-22-118-9 (Т 7)
ISBN 9965-22-060-3

© Жұмаділов К., 2005
© «Қазығұрт» баспасы, 2005

ТАРИХИ РОМАН

Бірінші бөлім

ЖОЛ ТОРАБЫ

I

– Демежан! Әй, Демежан! Демежан деймін... Түрмайсың ба енді, өстіп шалқар түске дейін жата беруші ме ең?.. Айтпақшы, бүгін сенің ұлықтарға баратын күнің емес пе? – деген Бибінің өзіне таныс назды үні алыс бір жақтан еміс-еміс естілгендей болады.

Бірақ үлкен темір кереуетте арыстай болып зорға сыйып жатқан жас жігіт әлі толық оянбаған қалпында, көзін ашпаған күйі қымтана түсіп жата берді. Балға қонған шыбындай кірпіктері ауырлап, санасы сазға батқандай бірте-бірте бұлыңғыр тартып, тәтті ұйқының құшағына қайтадан ене берген. Осы сәтте келіншегі қайта оралып, күйеуінің табанын қытықтады. Оған да болмаған соң танауын қысып, еркелеп ойнауға кірісті. Тек осыдан кейін ғана, жігіт амалсыз көзін ашып алған. Қолымен кармап Бибіні ұстап алмақ еді, ол сықылықтай күліп, ұзап кетіпті. Үй-іші самаладай жап-жарық. Күн едәуір көтеріліп қалса керек, терезе жақтауынан төр жаққа қиғаш сәуле түсіп тұр.

Демежанның ұйқысы құждың ұйқысындай қатты еді. Солай болатын жөні де бар. Жасы жиырма төртке жана келген, денсаулығында титтей ақау жоқ, үйленгеніне әлі жыл толмаған бұла жігіттің таңғы ұйқысынан тәтті не болушы еді бұл дүниеде?! Ол сырықтай ұзын бойымен там төбесін тірей жаздап, орнынан тұрғаннан кейін де керіліп-созылып, буындарын бырт-бырт үзіп, үй ішінде біраз жүрді. Сол бетінде босағада ілулі тұрған ашпалы календарьдың қасына барып, бір парағын тарих қойнауына қарай аударып тастады. Жана бетте: «1884 жылдың 25 мамыры. Император Гуансюйдің тақка отырғанына 10 жыл» деген қытайша жазу түр еді.

Үстіне жеңіл киімдерін іле салып, далаға барып жуынып келді. Бибі шайын жасап күтіп отыр екен. Қай кезде үлгіргенін кім білсін, көшеге шығып, наубайханадан сарымсақтап пісір-

ген тәтті қалаштар, ыстық самса әкеліп қойыпты. Демежан каймак қатқан күрең шайдан екі-үш кесе ішті де, шайды асықпай тартатын Бибіні жеке калдырып, өзі төргі үйге карай бет алды. Киім тұратын шкафты ашып, бүгін калай киінсем екен дегендей сәл ойланып қалған. Кенет жақында орыс факториясынан сатып алған Еуропа үлгісіндегі жаңа костюмге көзі түсіп, соны киіп көруге ансары ауды.

Ол үлкен шарайнаның алдына келіп, өзінің жаңа киім порымына тосыркай карап біраз тұрды. Мұндай үлгіні өмірі иығына ілiп тұрғаны осы. Сырттай жарасымды көрінгенімен, бойы үйренбегендікі ме, денесін кептеп, тыртысып тартып тұрғандай әсер еткен. Ал өзі былай қарағанда, адамды сұлу аттай сымбатты кып көрсететін, нағыз бозбаланың-ақ киетін киімі... Қазір айнаның әр жағынан: үстінде сарғылт шұғадан тігілген кайырма жағалы костюмі бар, басына сол түстес шляпа, аяғына біз тұмсық туфли киген, енсегей ірі денелі, кияқ мұртты, аккұба жігіт бұған жымия карап тұр еді.

Демежан аймақтың губернаторы Ши-амбының карауында тілмаш болып қызмет істейтін. «Несі бар, бүгін кеңсеге осыны киіп барып, бір көрінейін. Қызық болсын, – деп түйді ол ішінен. – Іші күйгендер тұз жаласын».

Айнаның алдында ары-бері ойқастап тағы біраз жүрді. Бұрын өзі оқушы кезінде де, кейін қызметкер болған шағында да, Маншың төрелерінің салты бойынша, үстіне тік жағалы, өңірі қаусырмалы, жырық етек қытайы камзол киіп, оның сыртынан етек-жеңі солбаңдаған жібек халат іліп жүретін-ді. Зиялылар үшін бұдан басқа да киім үлгісі болады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмепті ғой. Үйленгеннен кейін бұрынғы порымын өзгертуге тура келді. Одан жеріндірген – осы Бибі. Күле жүріп, мазақтай жүріп, ол киімдерін тастатты да, осы калада кейінірек шыққан ноғай сәнімен жаңаша киіндіретін болды.

– Бибі, қайдасын? Бері келіп кетші, – деді Демежан ас үйде ыдыс-аяқ жуып жүрген келіншегіне дауыстап. Әйел көзі қырағы ғой, алдымен соның сынынан өткізуді жөн көрген.

Көп күттірмей босағадан Бибі көрінді. Жасы он тоғыз-жиырмаларға енді келген, ат жакты, екі бетінің ұшында қан ойнап тұрған, тана көз сұлу келіншек есіктен аттай бере күйеуіне көзі түсті де, аңырып тұрып қалды.

– Ой, Демежан, сен қазір кімге ұксайтыныңды білесің бе? – деді танданғанынан аузына басқа сөз түспей.

– Иә, кімге ұқсап тұрмын?

– Аумаған консул болыпсың да қалыпсың... Саған бая-ғыдан бері осылай киіну керек еді.

Демежан қарқылдап күлді. Анада қытайдың шаған мей-рамы кезінде Ши-амбы берген конакасыда бұлар орыс кон-сулы Балкашинмен дастарқандас болғаны бар еді. Бибі соны еске алып тұр.

– Мен Ши-амбы[1] да, консул да емеспін. Мен кәдімгі Бибінің күйеуі Демежанмын, – деді жас жігіт лепіре дауыс-тап. – Қалай мына киім ұнамай ма саған?

– Ұнағанда қандай! Бұрын ана бір сөлбірейген киім-дерін қалмақтың келеңіне ұқсатып, кісінің ішін пыстырушы еді. Міне, нағыз сері болдың да шықтың.

– Әй, білмеймін-ау. Маған шалбары сәл тар сиякты көріне береді. Отырғанда ауы сөгіліп кетіп, абиырымызды ашып қалып жүрмейміз бе?

– Бұрын кең киімге үйреніп қалғандікі ғой. Дағдыланған соң білінбей кетеді, – деді Бибі күйеуінің жаға-женін жөндеп жатып. – Ана жылы қызық болған... Мен сорлы он беске кел-генше ұлша киініп жүрдім емес пе. Жеңгелерім енді бой жеттің деп алғаш қызша киіндіргенде, мен етегіме оралып, жығылып қала жаздағанмын...

Иә, солай еді-ау, айтпакшы. Бибінің еркек-шора болып жүрген кезін Демежан өз көзімен көрген-ді. Бибі ол жылдары бұған жай балдыз есептелетін. Демежан, әсілі, өзінің жастай құда болған қалыңдығы — Құрман қажының үлкен қызы Мәрияға үйленуге тиіс еді. Бірақ оған қосылуға тағдыр жазба-ды ғой. Бұл жайлау үстінде қайнына ұрын барып, келінді күзге қарай түсіреміз деп отырғанда, Мәрия іш кірнесінен қайтыс болды. Осыдан кейін Құрман қажы өзінің жақсы құдасы Керімбаймен аракатынасын үзгісі келмей, Демежанды жетіп келе жаткан кіші қызы Бибіге караткан... Ал Бибіні алғаш рет қалай көргені әлі күнге дейін есінде. Мұның сол ауылға ұрын барып жаткан кезі ғой. Жылқышылармен бірге асаудың құла-ғында ойнап жүрген «бала жігітті» біреулер сыртынан таныс-тырып, «Мынау ұл емес, қыз. Сенің туған балдызың. Емшегін мытып ойнамайсын ба» дегенде, бұл сенер-сенбесін білмей,

---

[1] А м б ы — Мәнжудің «амбань» деген сөзінен шыккан князь, губернатор деген магынада.

таңыркап қалған. Шынында да, өңі балбұл жанып, көзінен от ұшқындап тұратын, қайсар-қыңырлығында шек жоқ, бұла тентекті анық білетіндер болмаса, ешкім де қыз деп көңіл аудармастай еді... Сол еркек-шора асау қыз тағдырдың жазуымен күндердің күнінде маған әйел болады деп Демежан ол кезде ойлады ма екен?! Қайдағы... Тіпті үш ұйықтаса түсіне кірген емес.

Кейін қалыңдығы қайтыс болған соң, әкесі Керімбай: «Сен енді Күрекеннің кіші қызын алатын болдың» деп хабарлағанда, бұл ер-тоқымын баурына алып, көпке дейін көнбей тулағаны есінде. Бірақ қанша тулағанмен ата-ана әмірінен асып қайда барасын. Арада екі-үш жыл өткенде сол ауылға қайтадан ұрын баруға тура келген. Бұл жолы Бибіні көргенде, тағы да өз көзіне өзі сене алмады. Алдында бұл күткен баяғы тентек еркекшора емес, хор қызындай үлбіреген жас қалыңдық тұр. Бұрынғы әпкесінен әлдекайда сұлу, әлдекайда қылықты еді. Жас жігіт ұтылмағанын сезіп, тағдыр қосқан жаңа қосағына құлай берілген.

Әлде сол бір риясыз балалық шақ есіне түсіп кетті ме, Демежан аяқ астынан қатты толқып, келіншегінің аппақ, жұмыр білегінен шәп беріп ұстай алды да, аса бір қызу жалынмен бауырына тартты.

– Жіберші, Демежан, киімің қыртыстанып қалады, – деді Бибі наздана қарсылық білдіріп.

– Мейлі, қыртыстана берсін... Шынында да, сен онда ұл сияқты едің-ау! – деп Демежан ыстық демімен жас әйелдің құлақ түбін дуылдата, алқына сыбырлады. – Айтшы, қазір қыз болып жаралғаныңа өкінбейсің бе?

– Жаным... Екі дүниеде өкінішім жоқ, – Бибі де күйеуінің құшағына тығыла түсті. – Сендер әиелді түсінбейсіндер ғой... Сендей еркектің қасында өзіннің әйел екеніңді сезінудің өзі бақыт емес пе Тіпті, бүгін өлсем де арманым жоқ...

– Қойшы, ондай жаман сөзді айтпашы. – Демежан құшағын жазып, келіншегінің жүзіне барлай қарады. – Бүгін өніңбір түрлі сынық қой. Бір жерің ауырмай ма?

– Жоға, ауру-сырқаудан аман сияқтымын. – Бибі күйеуінің арыстай кеудесіне қайтадан басын сүйеді. – Тек мына қаланда ішқұса болып өлетін шығармын. Ауылға апаршы мені... Кетейікші кең сахараға!

Келіншегінің ауылды өлердей сағынып, іші пысып жүргенін Демежан да сезетін еді. Бибі – даланың еркін құсы ғой,

тар капаска камалғандай үйренбеген дүниеге қашанғы шыдасын. Жаз шыққалы, әсіресе, Барлықтан қайтқан Керімбай ауылдары Еміл бойынан дүрк көтеріліп, Көкжайдақтағы көктеуге келіп конды дегенді естігелі, қойы қоздап, ботасы боздап жататын ауыл тірлігі өзінің де көз алдынан кетпей, көкірегін сағыныш кернеп жүретін-ді. Сол бір бұла сезімге Бибінің сөзі камшы болып, жан дүниесін одан арман алай-түлей етті.

– Жарайды, сәл сабыр ет, бәйбіше. Бәлкім бүгін-ертең ұлықпен сөйлесіп, біраз күн елге барып қайтуға рұқсат сұрап алармын.

– Сөйтші, тілеуіңді бергір. Неден екен, қызыл ірімшікке аңсарым ауып, сілекейім шұбырып жүргені...

– Солай ма... Оныңды әнеугүннен бері неге айтпадың? Құдай бірдене беретін шығар! — Демежан Бибіні қайта құшақтап, ауыр шолпы басып түрған кос өрім колаң шашынан еркелете сипады. – Асықпа, амандық болса ауылға да барармыз, қызыл ірімшікке де тоярмыз...

Соны айтып есікке карай беттеген. Әлденеге мерейі тасып, көңілдене шалқып шықты далаға. Бұлар қаланың орыс факториясына карайтын батыс жағында, Шәуешектегі ең бай саудагер Шәнішевтің корасында тұратын-ды. Ауласының өзі ат шаптырым. Сәті түсіп тұрғанда жерді молырақ камтып, бүкіл бір кварталды дуалмен коршап тастаған. Ауланың төр жағындағы темір шатырлы, енселі үйде байдың өзі тұрады. Жалпы, Шәнішевтер әулеті өте көп болса керек. Бір шеті Қазан, Семей, тіпті, сонау Омбыға дейін созылып жаткан сауда капиталының бір тармағы енді, міне, Шәуешектен келіп шықты. Жеке бұл кала емес, Үрімжі, Құлжа жакта да сауда дүкендері бар деп естиді. Демежан баскаларын әлі көрген жок, мұндағы мол сауданы баскарып отырған — Рамазан Шәнішев дейтін отыздар шамасындағы жас жігіт. Зүлайха деген аршыған жұмыртқадай аппак, сұлу әйелі бар. Тек құдай-тағала баладан таршылық етіпті... Бір тәуірі, Зүлайха сұлу Бибіні жалғызсыратпайды, бір уақыт өзімен бірге көше аралатып, кала сәнімен киім тіктіріп, әйтеуір ермек тауып жүреді

Өткен жылы Демежан Рамазан байға аймак территориясын емін-еркін аралап, сауда жасауға губернатор Ши-амбыдан рұқсат алып берді де, екеуі содан бері достасып кетті. Қаланың шет жағында жұпынылау үйде тұратын Демежанды коярда-коймай колкалап жүріп, акыры өзіне көрші етіп алды.

Демежан әу баста тиын сауған саудагермен пәтер ақысы жөнінде біржола келісіп алғысы келген. Бірақ Рамазан ашық саудадан қашқалақтап:

— Жақын дос адамнан ай сайын тиын-тебен санап алып жатқанымыз ыңғайсыз болар. Сіз сияқты азаматтың маған осылай көрші конғанының өзі неге тұрады... Егер алда-жалда бірдене төлегіңіз келсе, әкеңіз қалаға жүн-тері, мал өткізген кезде есептесерміз, — деп сөз аяғын ұзын аркан, кең тұсауға салды. Содан қайтып араларында бұл мәселе жайында әңгіме болған емес.

Кең ауланың батыс қапталын каз-катар созылған қоймаскладтар алып жатыр. Одан төменірек қақлаға таяу ат коралар, арба-шана, отын-шөп тұратын лапас корғандар. Сол қоймалар маңында карбаласып жүрген адам шоғырының арасынан Шәнішевті көріп қалды да, Демежан солай қалай бұрылды.

Шамасы, Семей жақтан сауда керуені келген секілді. Көп адам арбаның үстіндегі тай-тай жүктерді қолдаса көтеріп, қоймаларға тасып енгізіп жатыр. Ал ат қора маңында мырзаның өзі бастатқан тағы бір топ кісі сүліктей қос күрең жегілген қоңыр ала күймені тамашалап түр екен. Демежан қастарына келіп сәлем бергенде, байдың өзі бұған айрықша назар аударып:

— Келіңіз, Демежан әпенді. Менің мына жана фаэтонымa көрімдік беріңіз, — деп жарқылдай амандасты.

— Алыңыз... Көрімдігі бір ат болсын, — деді Демежан ойланбастан. — Мынау өзі қылауы түспеген жана дүние ғой. Қай жақтан алдырдыңыз?

— О, бұл дегеніңіз бүкіл Азияны аралап, Семипалат арқылы сонау Омбыдан келіп түр. Соған енді мына кос күренді жегіп, тамашасын көрсек пе деп тұрғанымыз ғой.

— Мынауыңыз, шынында, жақсы нәрсе екен! — Демежан күймеге шын қызығып. солқылдаған резенке дөңгелегін, үстіндегі жаппалы-жималы күнқағарын түгел ұстап көріп шықты. — Қанша тұрады екен, өзі?

— Пәлендей қымбат емес. Ұзаса үш-төрт жылқының құны, — деп татар байы мардамси күлді.

— Олай болса, осының біреуін маған да алып берсеңіз қайтеді?

— Әперуге болады. Егер алушылар табылса келесі жолы он шақтысына бірден заказ берейін деп отырмын... Кәне, маркабат етіңіз, кеңсенізге апарып тастайын.

— Рақмет. Жақын жер ғой, өзім-ақ барармын, — деді Демежан. — Егер алда-жалда қызық көрсетем десеңіз, ертеңдер осы күйменізбен Бибі екеуімізді ауылға жеткізіп салуыңызға болады.

— Ауылдарыңыз қай жерде еді?

— Жақын. Қазір Боздақтың аяғында, Көкжайдақта отыр... Қолыңыз тисе, өзіңіз де бірге жүріп, конақ боп қайтыңыз.

— Бек рақмет. Өзім бара алмаспын. Ал сіздерді жігіттердің бірі жеткізіп салар, — деді Шәнішев.

«Бұл да бір біткен іс болды» деп көшеге шыққан Демежан адымдай басып, жергілікті Маншың[1] ұлықтарының мекенжайы боп табылатын ескі жамбылға қарай бет түзеді. Шәнішевтер үйі мен ескі жамбылдың арасы оншалық қашық емес-ті. Екеуі де бір кезде Шәуешек шаһарының негізін құрайтын қаланың орталық бөлігіне жайласқан.

Қала жылдан-жылға қанатын кеңге жайып, бұрынғы қыска қайрылатын шолақ көшелер ұзара түсіп, тез ұлғайып келеді. Қазір қаланың батыс бөлігі Көккөпірден ары асып, солтүстігі Қарадөң, Жауыртаммен тұтасып, шығыс жағы қазір жаңа жамбылдың құрылысы жүріп жатқан Ой махаллаға дейін барып қалды. Шәуешек бұрын осы өңірдегі сауда орталығы ретінде аты шыққа, бұдан жеті-сегіз жыл бұрын Тарбағатайдың әміршісі Ши-амбының Дөрбілжіннен осында көшіп келуіне байланысты, әкімшілік жағынан да аймақтың бас қаласына айналған. Ал екі елдің келісімі бойынша, Шәуешек пен Күлжада Ресейдің сауда факториясының ашылуы бұл қаланың данқын тіпті аспанға көтеріп жіберді. Кейінгі жылдары Батыс сібір мен қазақ даласынан шығып, Қашқария мен ішкі Қытайға қатынайтын сауда жолы да осы өлкені басып өтетін болды.

Кім де болса, о баста осы қаланың орнын тандаған адамның талғамында қапы жоқ. Қала тастаған таяғын тал боп өсетін құнарлы топыраққа орналасқан. Шығыс іргесінде Тарбағатай төсінен құлап түсетін мол сулы Қарауңгір өзені ағып жатыр. Оның сыртында қаланы бірнеше жерден көмейін беріден, қалың шилі, саздауыт даладан алатын, терең арналы, көк иірім карасулар жарып өтеді. «Сулы жер — нулы жер» деп бұрынғылар тегін айтқан ба. Айналасы бірер ғасырдың ішінде

---

[1] М а н ш ы ң — Цин империясын казақтар осылай атаған

Шәуешектің бау-бақшалы, көшелерінде көк теректер бой түзеген, сәнді қалаға айналуы осыдан болса керек.

Император Цяньлуннің тұсында, яғни 1758 жылы Цин империясы мол әскермен келіп, Шығыс Түркістан мен Жоңғарияны өзіне қаратып алған шақта, жолындағы жұртты топан судай таптап өткен қалың қолдың, жаңа өлкеге ішкерілей еніп, ат басын тіреген бір жері — осы Тарбағатай өңірі болатын. Одан бұрын Құлыстай[1] аталатын бұл өлке қазақ пен қалмақтың итжығыс түсіп жүрген кезінде, бір-бірінен кезек тартып алып, алма-кезек қоныстанып келген жайылым-мекені еді. Қазіргі Шәуешектің орнында алыс сапарға шыққан сауда керуендері тоғанақтарын түсіріп, түйенің белін суытып, түнеп аттанатын шағын ғана бекет үй тұратын-ды. Шығыстан селдей қаптаған Маншың әскері осы араға дейін келді де, бұдан ары батыска қарай баса-көктеп жүре беруге батылы жетпей, тым құрыса Тарбағатайда табан тіреп қалайық деген оймен, жеделдетіп бекініс салуға кірісті.

Жана салынған бекіністі Маньчжур өкіметі өз тілінде «Сунцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған екен. Алайда, жергілікті халық өзі түсінбейтін бөтен сөзге тілін сындырып, әуреге түсіп жатсын ба, жана мекен-жайға өздерінше «Шәуешек» деп ат қойып алған. «Шәуешек» — түрік-монғол тілінде тостаған деген мағына береді. Былай ойлап қарасаң, шынында да, айдалаға келіп орнаған шара-аяқтай ғана шағын бекіністе бұдан артық кандай ат коюға болады?

Бұл өлкеге саудамен келіп-кетіп жүретін саудагерлер керуені бекініс салынғаннан кейін де тыйыла қоймайды. Жаздың шеті жылт етісімен-ақ, қорғанның сыртындағы қарасулардың бойында киіз үй, шатыр тігіп алған Қашкар, Самаркант, Ташкент, Марғұланнан келген сауда тоғанақтары қара құрттай қаптап, ошарылып жатып алатынды шығарады. Келекеле оларға қысы-жазы бірдей жайлайтын тұрақты мекен-жай қажет болады. Мұндайда саудагерлерден айла-шарғы артылған ба, кешікпей олар мұнын да лажын табады. Орталарынан мол қаржы шығарып, ол кезде Дөрбілжінде тұратын Тарбағатайдың әміршісіне сый-сыяпат апарады да, Шәуешек бекінісінің маңынан сауда дүкендері мен керуен сарайларын салуға рұқсат сұрайды. Сірә, ол тұстағы ұлықтың да тамағы тесік бол-

---

[1] К ұ л ы с т а й — монғолша камысты деген сөз

са керек, мол сыйлықтан қарбыта асап, меллектеп тойып алған әмірші әлгілерге сауда алаңын ашу үшін екі жүз аршындай жерге қағаз жасап берген екен. Жырынды саудагерлерге жаңағы бір жапырақ таңбалы қағаздың өзі-ақ жетіп жатыр еді. Олар ең алдымен кезінде «Сарт қорғаны» деп аталған шағын базар ашады да, осыдан кейін-ақ тұмсығы тиген майлы күйрықты үнгіп жей береді. Содан арада біраз жылдар өткенде жаңағы «Сарт қорғаны» үлғая-үлғая, үлкен қалаға айналып кеткенін жергілікті Маншың өкіметінің өзі де аңғармай қалса керек...

Шәуешек шежіресі жайында тарихшы ұстазы Ли-шансыннан ұғынған осы жайларды көз алдынан өткеріп, ой шырмауында келе жаткан Демежан кенет селт етіп, басын көтеріп алды. Қараса тік көшені бойлап, қалалық баудың тұсынан өтіп барады екен. Межелі тұска келгенде үйреншікті жолымен шығыска қарай бұрылды.

Осы көлденең көшенің сол жақ капталында Ресейдің сауда факториясы орналаскан. Мұның өзі бүкіл бір кварталды құшағына алып жаткан, айналасын биік дуалмен қоршап тастаған, мемлекет ішіндегі мемлекет сияқты бір орын еді. Орыс консулы Балкашин де сол қоршаудың ішінде. Биік қақпа маңдайшасында екі басты самұрық құс бейнеленген Ақ патшаның гербі мен желбіреген ала туы соналайдан көз тартып тұрады. Орыс сауда факториясы Шәуешекте алғаш рет 1852 жылы ашылған-ды. Кейін алпысыншы жылдардағы қазақ-дүнген дүрбелеңі кезінде фактория уақытша жабылып қалды да, ел іші тынышталған соң, жетпісінші жылдардың басында қайта келіп орнықты. Алғашқы консул Татаринковтың орнын осыдан төрт-бес жыл бұрын Николай Никонорович Балкашин келіп басып еді.

Орыс елшілігінің алдынан өтерде Демежан жүрісін сәл баяулатып, ашық қақпадан іш жаққа бажайлап көз жіберді. Ондағы ойы өзінің жаңа танысы, консулға таяуда тілмаш боп келген қазақ жігіті Әріп Тәнірбергенов көріне ме дегені еді. Ондай ешкім көзіне шалынбады. Қақпаның алдында аппақ шалбары бұтына жабыскан, үстінде шолақ етек жасыл мундир, басына сол түстес қокырайған калпақ киіп, мылтығын құшақтап сенделіп жүрген мұртты солдаттан өзге тіршілік белгісі білінбейді.

Демежан көп бөгелмей ілгері жүріп кетті. Орыс елшілігі мен жергілікті жұрт жамбыл деп атайтын қытай бекінісінің екі арасы бәлендей қашық емес. Елшіліктен сәл киыс өтсең болғаны, төрт бұрышында қарауыл мұнаралары бар, қақпа-

сының алдында айдаһар бейнелі, сарғыш ту ілінген көне корған мен мұндалап көрініп тұр. Ежелден бері бақкүндес боп келе жатқан екі империя өкілдігі бірінің-бірі төбесін көріп отырмаса сағынып қалатындай, бұлайша иық тіресіп, қатар жайғасуы тіпті де тегін емес. Біреуі шығысқа, екіншісі батысқа қараи ентелей ұмтылып, еміне қол созғанда, әр екі жақтын да бұдан ары жылжуға мүмкіндігі болмай, төс тіресіп тұрып қалған бір жері — осы қала екені анық. Бұрын бұл өлкені бір ғасырға жуық емін-еркін, дара билеп келген Цин өкіметі соңғы жылдары шалжиып жатқан жерінен сәл ығысып, көршісіне орын босаткандай болып еді.

Қазір Шәуешектегі кос корғанның ішіне тығылып отырған екі елдің өкілдігі — бейне таразының екі басы іспетті. Түбінде қайсысы басым түседі? Екі басты самұрық пен төрт тағанды аспан айдаһарының қайсысы жеңеді? Оны алдағы уақыт көрсетеді.

II

Қамал қақпасының кіре берісінде қарулы күзет тұр. Сұр кенептен тігілген әскери формасы бар, жас мөлшерін айыруға болмайтын, қайыстай қатқан пәкене шерік, бүгін Демежанға күндегідей иіліп сәлем берудің орнына, түсін суыққа салып, алдын кес-кестей берді. Қытайша дауыс көтеріп.

— Қайда барасыз? Рұқсат қағазынызды көрсетіңіз! — деп қалды.

Демежан «әлдебір өзгеріс болды ма» деп, басында қатты абыржып қалған. Бірақ іле-шала ананың шатасып тұрғанын сезіп, көңілі орнына түсті.

— Сен не, ақымақ, тағы бірдеңе тартып алғаннан саумысын? Амбының өз қызметкерін танымай қара басты ма сені? — деп ақырып жіберді.

Киім үлгісі өзгерген Демежанды шерік байғұс, шынында да, шатастырып алса керек. Кенет басы жерге жеткенше иіліп, құлдық ұрды да қалды.

— Кешіріңіз, Дүңші[1] мырза! Бүгін құдай ұрып сізді танымай қалғаным рас... Ал апиын жөніне келсек, өткендегі катал бұйрықтан кейін мен тіпті ауызға алуды қойғанмын .

---

[1] Д ү ң ш і — қытайша тілмаш деген сөз.

Демежан оның сөзін шала-шарпы тыңдап, ішке қарай өте берді. Ана сорлының апиын дегенде жан үшыра шошығанына күлкісі келді. Бұл күнде қытай-маньчжур зиялылары мен әскери қауымды жайлап алған бір дерт бар. Ол — жаппай апиын тарту. Сол пәле шалғайдағы Шәуешекті де жайлап бара жатқан соң, Ши-амбы биыл жыл басында құмарпаздарға қарсы қатал заң шығарған. Әскер арасында апиын тартады делінген елу-алпыс адамды қамалдың ішіне тізіп қойып, шетінен дүрелеткен... Әлгі шеріктің зәре-құты қалмай қорқып тұрғаны сол еді.

Демежанның соңғы он шақты жыл өмірі осы бекініс-қамалдың ішінде өтіп келеді. Әкесі Керімбай қолынан жетелеп әкелiп, Ши-амбыға аманатқа тапсырғанда, бұл он үштегі бала болатын. Ол жылдары жалғыз Керімбай емес, қол бастап, өкіметке қарсы бүлікке қатысады-ау деген ру көсемдерінің көбі-ақ өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Демежан Ши-амбының қолында қытай-маньчжур балаларымен мектепте бірге оқыды. Гимназияны бітіріп шыққан соң, мырза қамаудан енді құтылармын деп дәмеленген. Бірақ басқа бір киілген тағдыр ноқтасынан босану онай емес екен, Ши-амбының шырмауынан шыға алмай, осы төңіректе қалып қойды.

Бұдан бір ғасырдай бұрын асығыстау соғылған қамал-бекіністің қабырғаларын қазір жауын шайып, жел қағып, мүжіліп бітуге айналған-ды. Онсыз да тозығы жетіп тұрған дүниені алпысыншы жылдары басталған дүнген көтерілісі кезінде бүлікшілер дуалдың түбіне су қаптатып, оқ-дәрімен аткылап жүріп, мүлдем сілікпесін шығарды. Сол кезде шұрқ-шұрқ тесілген, құлаған дуалдардың орны әлі де үнірейіп көрініп тұр. Қабырғалары да мүжіле-мүжіле аласарып, бұл күнде бала-шаға өрмелеп шығып кететіндей күйге жетіп еді. Алайда қытай-маньчжур билеушілері қай қалада болсын бекініс-қорғансыз отыра алмаған ғой. Соңғы жылдары қаланың шығыс шетінде жаңадан қамал салынып жатыр. Сол жаңа құрылыс біткенше, амал жоқ, осы көне қамалды паналай тұруға тура келеді.

Ескі жамбылдың алып жатқан аумағы пәлендей үлкен емес, қабырғаларының ұзындығы екі жүз елу, үш жүз метрден аспайды. Қазір мұнда губернатор-амбы кеңсесі мен аймақтың тағы бірнеше мекемесі ііп тіресіп зорға сыйып отыр. Үлкен ұлықтардың тұрғын үйі, мекен-жайы да осында. Қамалдың іші толған суырдың інінден бұрма-бұрма көшелер, ығы-

жығы үйлер. Мына бір сары шифермен жабылған имек шатырлы жатаған үй — будда храмы, ғибадатхана. Сонау көрінген көп терезелі, ұзынша ғимарат бір кезде Демежандар оқыған мектеп еді, қазір оқу орны камалдың сыртына көшірілді де, мектеп үйі қала гарнизонының казармасына айналды. Ал төр жақтағы ежелгі қытай храмдарының үлгісімен салынған еңселі, биік үй — губернатор кеңсесі. Аймақтың әміршісі Шиамбы осында отырады. Демежан қайшыласқан көп адамның арасынан сығылысып өтіп, жаңағы еңселі үйге қарай бұрылды да, ауыз жақтағы тілмаштар бөлмесіне келіп кірді.

Бөлмеде әр ұлт өкілінен бірнеше адам отыратын. Демежаннан басқа үйғыр тілмашы Әсеңажы, торғауыт Бадымжап және бар тілге бірдей жүйрік Сібе[1] жігіті Дабынтай бар. Демежан келгенде сол үшеуі әлдене жайында қызу әңгімелесіп отыр екен. Есіктен кірген мұны көріп, су сепкендей басылып қалды. Бұл мекемеде бастан асып жатқан пәлендей көп жұмыс жоқ. Әлдекалай үлкен ұлыққа қажеті болып шақырғанда, не әлдебір құжат-қағаздар дайындағанда болмаса, жігіттер көбінше осылай әр түрлі әңгімемен уақыт өткізеді.

Қысқаша аман-сәлемнен кейін тілмаш жігіттер манағы үзілген әңгімені қайта жалғастырды. Бір қызығы, Шәуешектегі әр ұлт өкілдері бас қосқанда бір-бірімен қазақша сөйлеп ұғысатын-ды. Қазақ тілі бәріне ортақ түсінікті тіл сияқты еді. Мыналар да сол үрдіспен қазақша сөйлесіп отыр. Дембелше келген, жалпақ бетті, қысық көз, қара жігіт — Бадымжап әңгімені суыртпақтап келді де, ендігі сөз төркінін Демежанға қарай бейімдеді.

— Демежан, сен естідің бе, жоқ па, мына Дабынтай бізден гөрі ұлықтарға бір табан жақындау ғой, осы жігіт бізге бір жаңалық айтып отыр...

— Иә, ол қандай жаңалық екен? Біз де тыңдайық, — деді Демежан орнына жайғасып отырып жатып.

— Осы жазда біздің Шынжан өлкесі мен орыс жерінің арасына ресми мемлекеттік шекара тартылады дейді. Ол үшін екі жақтың шекара комиссиясы келіп, осы Шәуешекте бас қосатын көрінеді. . Біз манадан бері соны әңгіме қып отыр едік. Бұл туралы сенің қандай естіп-білгенің бар? — деді Бадымжап, езуі көбіктеніп, сәл асығып сөйлейтін әдетімен.

---

[1] С і б е — маньчжур тектес халық.

Бадымжаптың айтып отырғаны, шынында да, маңызды хабар еді. Бірақ Демежан оған таңыркаған жоқ. Соған қарағанда, бұл оның көптен күтіп жүрген жаңалығы секілді. Жігіттер жауап күтіп отырғанын сезіп, сәл ойланып қалды да:

— Шекара мәселесі екі ел арасында бірталайдан сөз болып, тоқ етер шешімін таппай, созылып келген әңгіме ғой. Демек оның да толғағы жеткені де, — деді баяу тіл қатып.

Осы тұста сөзге бір бүйірден Дабынтай араласты:

— Шекара сызығының түбінде бір тартылатынын бәріміз де білеміз. Бірақ сол сызық қай арамен жүреді? Мәселе сонда, — деді ол дауысын соза түсіп. — Мәселен, шекара Тарбағатай тауының теріскейімен жүре ме, әлде күнгейін басып өте ме? Біздің Шәуешек қай жағында қалады? Міне, бізді қинап отырған жай осы.

— Оған бола несіне бас қатырасыңдар, тым қатты қиналмаңдар, — деп күлді Демежан. — Екі жақтың да мықты білгірлері, ақы иелері бар ғой, бір-біріне есесін жібере қоймас.

Бірақ өкпесі қабынып, желігіп алған Бадымжаптың жуық арада тоқтайтын түрі жоқ. Көз жанары мүлде жұмылып, екі көзінің орнында екі кішкентай сызық қалып, тыркылдап күліп алды да:

— Бізді қойшы, біздің жарамыз жеңіл. Түбінде басы қататын біз емес, мына сен боласың, — деді ол Демежанға еркін сөйлейтін әдетімен. — Үйғырдың, сібе-солақ мен қалмақтың жайы белгілі. Біз үшеуміз шекара қай араны басып өтсе де, әйтеуір соның шығыс жағында, Жунго[1] жерінде қаламыз. Ал мына сенің жағдайың не болады? Қазақ екіге бөлінейін деп тұр ғой. Тегінде «екі кеменің күйрығын ұстаған суға кетеді» дейтін бе еді? Сонда Төртуылдар қай жағына бейімделмек. Ақ патшаға ма, әлде Еженханға[2] ма? Егер Демежан досым орысқа қарап кетсе, менің күнім не болады? Маналан бері менің қабырғама батып тұрған нәрсе осы, — деп сөз аяғын әзілге шаптырды

Мұндай ащы әзілге Демежан да шиыршық атып, сұқсұр көрген сұңқардай іліп түсуге дайын отыр еді. Көмейіне келген сөзді ірікпей ол да айтып салды:

---

[1] Жунго — қытайша «Орталық мемлекет» деген сөз. Қытайлар өз елін осылай атайды.

[2] Еженхан — Цин императорына жергілікті қазақтардың қойып алған аты.

— Ой, тәйір-ай, соны да сөз деп айтып отырсың ба? Баяғыда мына Дабынтайдың аталары Жоңғар мемлекетінің күлін көкке ұшырып, жермен-жексен еткенде, Торғауыттан да тұқым қалып, солардың саркытынан бүгін, міне, өзің сиякты тілмаштар шыққан жоқ па. Қазақ та бірдеме қып күнін көрер... Біздің қазақ ежелден етек-жеңі кең халық қой. Бір қолын Ақ патшаға артса, екінші қолын Еженханға артып, ортасында жүре береді де. — деді өз сөзіне өзі сүйсінгендей сақ-сақ күліп.

Сөзден ұтылған Бадымжап құлағына дейін қан теуіп, күренітіп кетті де:

— Ой, тіліне шоқ түссін, тентек қазақ! Жайыма жүрмей саған соқтығып нем бар еді? Өзіме де сол керек! — деп кекілдеп күле берді.

Жалпы, Бадымжаптың Демежанға деген жат көңіл, жаман ойы жоқ-тұғын. Қайта онаша қалған кездерінде «Қазақ-қалмақ — киіз туырлықты бір елміз» деп жан тартып жүретінді. Сірә, жігіттердің арасына от жағып, түтін салып отырған — мына Дабынтай сұм секілді. Дабынтайда: «мен — халдай[1] тұқымымын, Маншын өкіметінің оң қолы, бел баласымын» дейтін бір сасық кеуде бар. Оның үстіне Демежанның бұратана жұрт өкілі бола тұра, Ши-амбыдай үлкен ұлықтың алдындағы еркіндігін, беделін өлердей қызғанып, сыртынан пыш-пыш өсек айтып жүретіні де жасырын сыр емес-ті. Дабынтай дәл қазір де өзінің сол жуандығын, іргежаулығын көрсетпей қала алмады.

— Басқаны білмеймін, ал Шәуешек қолдан шығып кетеді екен деп уайымдамай-ақ қойыңдар, — деді шойыннан құйылғандай шойқара денесімен орындықты сықырлата шірене түсіп. — Патшалардың патшасы, аспан астының бірден-бір билеушісі, көктің ұлы Еженхан өзінің иелік еткен жерінен бір адым кейін шегінбейді. Ал дәргейіндегі бұратана халықтардың қайсысын қуып, қайсысын алып қалам десе де ұлы императордың өз қолында.

— Сонда бұл жерден көшіп кететін кім, сенінше? — деді Демежан оған ажырая қарап.

— Егер біреулер кетуге тиіс болса, әрине, ең алдымен қазақ кетеді, — деді анау да тайсалмай. — Біріншіден, казақтар бұл

---

[1] Халдайлар — Цин империясы шекара күзеті үшін көшіріп әкелген сібе-солан жұртынан шыққан жер иесі алпауыттар

өлкеге кейін келіп қоныстанды. Тегінде сендердің атамекендерің батыста, орыс қарауында қалған жоқ па... Екіншіден, — деп Дабынтай сәл іркіліп қалды, — екіншіден, қазақтар — ежелден-ақ мал соңында көшіп-қонып үйренген ел ғой. Оларға кімге қараса да, төрт түлік малын қайда апарып жайса да бәрібір емес пе?!

Демежан манадан бері Дабынтайдың табақтай бетіне емес, күжірейген желкесіндегі тоқпақтай айдарына қарап отырған. Кенет ыстық қаны басына теуіп, орнынан қалай атып тұрғанын өзі де аңғармай қалды.

— Иттің баласы, осы отырған жерінде айдарыннан ұстап тұрып, мойныңды бұрап жұлып алайын ба?! — деді бойын буған ызадан қалш-қалш етіп. — Бұл өлкеге кімнің бұрын, кімнің кейін келгенін айыратын — мына сенбісің? Сенің аталарың императорға жалдамалы әскер болып, осында аяқ басқанына, міне, жүз жылдан енді ғана асты. Ал, наймандар хандық құрып, Тарбағатайды мекендеп жүргенде, Шынғысханның өзі тумаған болатын. Сен осыны білесің бе?

Осы кезде ойыннан от шығып кетер деді ме, Бадымжап пен Әсенажы араға түсіп:

— Қойыңдар, жігіттер.

— Ойыннын аяғы шынға айналып кетіп жүрмесін, — деп екеуіне басу айтқан болды.

Дабынтай әлдебір дауды быксытып, бастауын бастағанмен, теке тіреске келгенде, ішмерез арам адамдардын әдетінше, тез тайқып кететін. Бұл жолы да жылдам жуасып, айтар уәж таппай жасынқырап қалды.

— Менікі — жай сөз сырағысы ғой. Қазақтың көбі орысқа қарап кеткен соң, бұлар да туыстарынан бөлінбейтін шығар деп айтқаным да, — деді өз сөзін жуып-шайып.

Ойда жокта оқыс басталған тартыстың арты немен тынары әлі де белгісіз еді. Дәл осы сәтте есік айқара ашылып, Ши-амбының алдында отыратын хатшысы — көзілдірікті кәрі қытай көрініс берді. Ол босағада сіресіп тұрған қалпы:

— Демежан мырза, Сізді Тарбағатай және Алтай аймағының әміршісі, ұлы мәртебелі Ши-амбының өзі рақымы түсіп, құзырына шақырады, — деген сөздерді салтанатты түрде, балғамен ұрғандай етіп, накпа-нақ айтып шықты.

Қап, Дабынтайды енді қайтып бас көтерместей етіп, сілікпесін шығарар кез келіп еді Ойда-жокта мынанын келіп

кіліккенін карашы! Демежан, лаж жоқ, көмекшінін соңынан ілесті.

Тарбағатай және Алтай аймақтарының бірден-бір билеушісі, Цин империясының жоғары дәрежелі төтенше өкілі — Ши-амбының отыратын жайы шағын кенсенің бір капталын тұтас алып жаткан-ды. Демежан қабылдау бөлмесіне кіргенде, іш жақтан топырлап бірнеше адам шықты. Бір өңкей айдарлары шұбатылған, шонжелке жуандар. Бұлардың киім порымына, сырт тұлғасына карап-ақ осы аймақтағы халдайлар тобы екенін ажыратуы киын емес еді. Топтың ішінен мысық мұртты, қысық көз, сидиған тарамыс денелі Шихалдай мен айдары токпактай шойын қара Дохалдайды бұл анық таныды. Осы бір айдарлы алпауыттарды көргенде, Демежанның жылан көргендей жиырыла калатын әдеті. Бұған жанағы Дабынтайдың қыжылы косылып, ішке кірерде жас жігіттің бойын әлдебір ыза кернеді.

Есіктен төрге дейін қабат-қабат калы кілемдер төсеп тастаған абажадай кең залдың төріндегі жасыл мәуітімен тысталған аласа тақтанын үстінде әміршінің өзі жалғыз отыр екен. Бүгін, не үшін екен, тым салтанатты көрінді. Басында шошақ төбесіне қозалы асыл тас орнатылған, етегі делдиген айыр калпак. Үстінде сол калпак түстес, шұбаландаған ұзын жеңінен саусағының ұшы әрең көрінетін, қызыл-күрең жібек халат. Калпақтың маңдай тұсына және халаттың алдынғы екі өнірі мен жон аркасына алтын зермен кырғауыл суреті кестеленген. Цин империясында бекзада-чиновниктер тоғыз топка бөлінеді. Әркайсысының аң мен құсты бейнелейтін өз эмблемасы бар. Екінші дәрежелі бекзаданың белгісі — алтын кырғауыл. Егер мына халат басқа түсті болмай, сары жібектен тігіліп, кырғауыл орнында айдаһар бейнесі түрса, онда императордың өзі болып шығар еді. Әр аймақтағы амбы-губернаторлар да — сол Еженханның кішкентай көшірмелері іспетті.

Салт бойынша, Ши-амбының алдына кірген бағынышты адамдар есіктің көзінде намаз оқыған адамша жүгініп отыра кетіп, маңдайын үш рет жерге тигізіп, бас ұруға тиіс болатын. Әлде кеудесін булықтырып, әлі тарамай түрған ашу-ызасы жібермеді ме, Демежан бұл жолы өйтіп тоңкандап жаткысы келмеді. Бейне шетелдің адамынша, үлкен залдың орта тұсына келіп, сәл иілп тәжім етті де койды. Жас жігіттің қабағындағы кірбеңді Ши-амбы да байкап калса керек, бұған жымия карап, бас-аяғына бажайлай көз салып өтті де:

— Демежансың ба? Мен сені танымай қала жаздадым ғой, балам-ау! — деді барынша жұмсақ сөйлеуге тырысып. Май басқан тамағы қырылдаңқырап, үні жарықшақтанып естілді.

— Мен ғой, ұлы мәртебелім. Сіз шақырды деген соң келіп тұрмын.

— Кел, отыр. Әңгіме бар... Өзің мүлде өзгеріп кетіпсің ғой, — деді Ши-амбы өзіне таяу тұрған орындықтардың бірін нұскап. — Мен сені орыс елшілігінен келген біреу ме деп қалып ем...

Демежан ұлықтың нені меңзеп тұрғанын енді аңғарды. Үстіндегі киімін ұнатпай қалғаны белгілі.

— Қанша дегенмен шекарада тұрамыз ғой, ұлы мәртебелім. Жақында орыстармен келіссөз болады дегенді естіп, бір қажеті болар деп, өзіме жаңа киім тіктіріп едім, — деді Демежан ұлықтың алдында еркін сөйлейтін әдетімен. — Егер Сізге ұнамаса, шешіп-ақ тастайын...

— Бәсе, бүгін сенен көрші елдің әсері катты байқалып тұр, — Ши-амбы темекімен ысталған орсақ тістерін көрсете суық жымиды. — Өзіңе жарасса кие бер. Киім — кісінің сырт көркі ғой. Тек ішің таза болсын, балам.

— Адамның ой-санасы, сырт құбылысы, бәрі өзгеруі мүмкін. Тек жүрек қана өз қалпын сақтайды, ұлы мәртебелім, — деді Демежан Конфуцийдің белгілі қағидасын әдейі қайталап.

Ши-амбы бұл күнде елудің ішін аралап кеткен, шанжау-шанжау сирек сақалы мен мысық мұртын бір шама күтіп ұстайтын, аласа бойлы, ақбөрте, семіз кісі еді. Маньчжур салтымен өріп қоятын көкбурыл айдары соңғы жылдары тым жіңішкеріп кеткен соң, шүйдесіне түйіп, тор-желіммен бекітіп тастаған. Жүрегін май басып, толыңқырап кеткендікі ме, сәл қозғалса демігіп қалатыны бар. Соңғы бір аптада сыркаттанып кеңсеге келмеген ұлықты Демежанның бірталайдан көріп отырғаны осы еді. Көзінің алды күлтілдеп, әлденеден қажып-шаршағаны білінеді. Қол астындағы қарашыларына апиын тартуға қатал тыйым салғанымен, сол пәледен Ши-амбының өзі әлі айыға алмай жүр деп еститін-ді. Әлде соның зардабы ма, әйтеуір, бір нәрседен уланғаны байқалады.

Осы ғасырдың бас кезінде апиынды Қытайға әкеліп тараткан ағылшындар болатын. Дүниеде мұндай жұқпалы дерт болмас. Айналасы он шақты жылдың ішінде бүкіл елге індет боп жайылып, әскери қауым мен ақ сүйектер ортасы көздері

кілмиген апиынкеш болып шыға келді. Ұлт қамын ойлаған қытайдың көзі ашық зиялылары шеттен кірген бұл қызыл көз пәлеге қарсы шығып та көрді. 1840 жылы Шаңхай портына апиын тиеп әкелген ағылшын кемесіне от қойып, өртеп те жіберді... Бірақ одан да еш нәтиже шықпады. Қайта соның сылтауымен ағылшындар Қытайға қарсы «Апиын соғысын» жариялап, оп-онай жеңіске жетті де, мешеу мемлекеттің қыр желкесіне енді түспестей болып, біржола мініп алды...

Ши-амбы алдындағы күміс табақшада түтіндеп жатқан ұзындығы екі сүйемдей имек трубкасын самаркау көтеріп, бір-екі мәрте құшырлана сорды да, етегі делдиген шолақ танауынан көк түтінді сыздықтата шығарды.

— Менің досым Керімбай зәңгінің[1] халі қалай? Ата-ана, туыс-жегжаттарың күйлі-куатты жүріп жатыр ма? — деді әлден уақытта Демежанға қайта бұрылып. — Әкеңіз биыл қалаға келуді сиретіп кетті ғой.

— Көңіл бөліп хал сұрағанынызға рақмет, ұлы мәртебелім. Туыстарымның бәрі де өзіңіздің қамқорлығыңызда мал-жанын бағып, саушылықта жүріп жатыр. Біздің ауылдар жақында Еміл бойындағы қыстауларынан көтеріліп, Боздақ даласына көшіп келіпті деп естідім. Әкем, сірә, жылдағы әдетінше, жабағы жүндерін қырқып болған соң, ел жайлауға шығар алдында қалаға бір рет келіп қайтатын болар. — Демежан ішекше шұбатылған осы сөздерді өзін әбден мезі еткен ақсүйектер мәнерінде тоқталмай айтып шықты.

— Керімбай зәңгіге деген менің сый-құрметім ерекше екенін өзің де білесің, — деді Ши-амбы сөзін жалғастырып. — Сіздің әкеніз алды-артын ойлайтын өте ақылды кісі ғой. Ал ақылды адамдар қашан да құрметтеуге татиды.

Ши-амбы бұдан ары кешегі алпысыншы жылдардағы дүрбелеңде Керімбайдың желіккен көтерілісшілерге қосылмай бейтарап қалғанын атап өтті. Өз басы ғана емес, қоластына қараған бүкіл Төртуыл тайпасын желіктірмей басып ұстаған да — сол Керімбай екен. Керімбайдың сондағы көрегендігін, өкіметке опалылығын империя жоғары бағалайды екен. Енді жергілікті Маншың өкіметі де Керімбайға зор сенім көрсетуге, оған ерекше праволар беруге әзір көрінеді.

---

[1] З ә н г і — болыс дәрежелес лауазым

Өз әкесі туралы айтылған жылы сөзге Демежанның көңілі өсіп, ұстап тұрған құрыс-тырысы сәл жазылайын деді. Бірақ сөз аяғы неге соғарын біле алмай, әліптің артын күтіп қалды.

— Ал сенің өз басына келсек, — деді *Ши-амбы дауысын* соза, сөз арасында ыңылдап алатын әдетімен. — Сен жеке Керімбай зәңгінің ғана баласы емессің, менің де туған балам сияқтысың. Қаршадайыңнан менің қолымда өстің. Ханзуша[1] тіл үйреніп, осындағы бекзадалармен бірдей білім алдың. Мемлекеттің тілін, заңын білетін сен сияқты көзі ашық азаматтар біз үшін қашан да қадірлі.

Күні ертең осындағы қазаққа бас болатын — сендер емессіңдер ме?!

Үлкен ұлықтың майда қоңыр үні мен жылы-жылы сөздері жанына қанша жаққанымен, «апыр-ау, осының бәрін бұл кісі маған неге айтып отыр?» деген ой Демежанның басынан кетпей қойды. Бұдан ары үндемей қалуға тағаты жетпей, өз тарапынан бір сөзді қыстырып қалды:

— Мен су ішкен құдығыма түкіріп кететін адам емеспін, ұлы мәртебелім. Өзіме жақсылық жасап, тәрбиелеген сіздің құзырыңызда қызмет етуге әрқашан әзірмін, — деді толқи тіл қатып. — Тек кісінің намысына тиетін кейбір жайлар болмаса...

— Бөгелме, көмейіңде бірдеме тұр ғой, айта бер, — деді Ши-амбы езу тартып.

— Айтсам, патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженхан *бейне аспандағы күн сияқты жер бетіндегі бағынышты* құлдарын тегіс нұрландыруға тиіс. Мейірімді әке өз балаларын аламай, бәрін тең көрмейтін бе еді...

Билеушілер туралы Конфуцийдің қағидасынан алынған бұл сөздерді Ши-амбы теріс дей алмады.

— Иә, дұрыс қой... Айта бер, — деді жұмсақ тақтаға оң жамбасымен аунап түсіп.

— Олай дейтінім, осы аймақта қазақ, қалмақ, маньчжур, сібе-солаң сияқты әр алуан ұлттың өкілдері жасайды. Бірақ солар ұлы императордың қамқорлығын бірдей көріп отыр ма? Біреулер үстем саналып, айрықша, артық ұқықтан пайдаланса, енді біреулер бұратана, кірме атанып, кемдік, корлық көріп отырған жоқ па. Айтыңызшы, ұлы мәртебелім, осы да әділдікке жата ма?

---

[1] Х а н з у — қытайлар өз ұлтын осылай атайды

— Анығырақ айтқанда? — деп қалды Ши-амбы сұрлана ширығып. Өз сөзінің ұлыққа ұнамай қалғанын Демежан да сезді, әрине. Бірақ не де болса басталған әңгімені аяқтауға бел байлады.

— Менің айтайын дегенімді өзіңіз де аңғарып отырған боларсыз, ұлы мәртебелім... Осындағы халдайлар Тарбағатайдан ағатын өзен атаулыны түгел иемденіп отырғанда, жаңағы өзіңіз мадақтаған менің әкем Керімбайдың бір құлақ суы, не егін салатын тұрақты жері жоқ. Бізге қарағанда торғауыт қалмақтың жағдайы әлдекайда жақсы. Олар тым құрыса алымсалықтан жеңілдік алып отыр... Ал сібе-солаң алпауыттары ағып жаткан өзеннен су бөліп бермек түгіл, қазақтар тоғандарынан малын суарса айып төлетеді... Осындай жайлар халықтың намысына тимейді деп ойлайсыз ба?

Соңғы сөз Ши-амбының шымбайына батып кетті білем, судыраған көлдей шапанын сүйретіп, орнынан көтеріле берді. Ұзын трубкасын түтіндеткен күйі, шүберектен сырыған қалың ұлтанды, қайқы бас жібек шоқайының дыбысы да білінбей, қалы кілем үстінде қаздай мамырлап, әрі-бері жүрді. Ресеймен арадағы шекара мәселесі толық шешіліп болмай, аймақ тағдыры қыл үстінде тұрған сын-сағатта осы өңірдің негізгі халқы — қазақ арасынан мынадай пікірдің тууы және ол анау-мынау біреу емес, өзі тәрбиелеп өсірген қолтума, жақын адамынан шығуы ұлықты бір сәт ауыр ойға қалдырып еді «Осының бәрі орыстардың, әсіресе, Шәуешектегі орыс консулы Николай Балкашиннің әсері емес пе екен?» деген күдік туды оның көңілінде.

Иә, иек астында орыс елі тұр. Қашан заңды шекара белгіленіп, іргеңді бекітіп алғанша, бұқара халықпен санаспаска болмайды. Осыдан екі күн бұрын сонау Пекиннен үкілі почтамен арнайы пакет келген. Қазіргі почтаның жайы белгілі, жоғарғы император кеңесінің бұйрығы ай жарымдай жол жүріп, мұның қолына әрең жетті. Таңбалы таныс пакет қолына тиген сәтте Ши-амбы, салт бойынша, алыс астана орналасқан шығыс оңтүстікке бетін бұрып, үш дүркін жерге бас қойып, императорға тәжім етті... Сол төтенше бұйрықта жақында Тарбағатайға орталықтан шыққан шекара комиссиясының баратынын хабарлап, Ши-амбыға осы бір жауапты науқанның басы-қасында болуды катты кадағалап тапсырыпты. Онда орыс елшілерімен қалайда тіл табысу, шекара бөлісін тез арада дау-шарсыз, ұрыс-қақтығыссыз сәтімен аяқтау

міндеттелген. Ал шекара бөлісінің ың-жыңсыз бейбіт өтуі, көп жағдайда, жақында екіге бөлінгелі тұрған қазақтарға байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Әсілі, Ши-амбы өз басын ұр да жық, бір беткей, қатал басшылардың қатарына қоспай, нені де болса ақылға салып істейтін, қара күштен гөрі айла-тәсілді артығырақ санайтын, халықшыл адаммын деп есептейтін-ді. Онысы негізсіз де емес. Жергілікті қара халықтың ойынша да, Ши-амбы баяғы қылышынан қан тамған Хэбен-амбымен салыстырғанда, кең колтық, қайырымды ұлық сияқты көрінетін. Ши-амбының өзі де бұрынғы ұлықтардың қателіктерін қайталамауға тырысушы еді. Шынында да, қара күштен, жөнсіз қаталдықтан не шықты? Ақыры ашынған халық атой салып атқа қонғанда, сол Хэбен-амбының өзі бас сауғалап қашуға мәжбүр болған жоқ па. Оның салдары онайға түскен жоқ, Тарбағатай аймағы жетісегіз жылдай өкіметсіз қалып, мұндағы ел жүген-құрықсыз шу асауға айналды. «Ұра берсе құдай да өледі» дегендей, шындаса өкімет әскерінің де жеңілетінін түсініп, аз жыл болса да бостандықтың дәмін татып үлгерді... Қайта, түбі қайыр болып, уыстан шығып кеткен Шыңжаң өлкесі сәтімен қолға қайта оралды десейші. Ішкі өлкелер «Тайпин көтерілісімен» әуре болып жатқанда, Шыңжаңдағы ұйғыр-дүнген дүрбелеңі одан арман аскынып, өрши түссе қайтер еді?! Егер орыс армиясы дер кезінде қол ұшын беріп, Құлжадағы бүлікті басуға көмектеспегенде, ондай қаралы күннің де ауылы алыс емес еді-ау.

Араға біраз үзіліс салып, жетпісінші жылдардың басында Маншың өкіметі Шыңжаңға қайта оралғанда, сарай маңындағы қызметінен төмендетілген Ши-амбы Тарбағатайға жіберілді. Осында тәртіп орнатып, бетімен кеткен жұртты жөнге *сал деп қолына шексіз билік берген. Жаңа әміршінің көптің* көңілінен шыққан бір жері — бұл Құлжадағы секілді халықтан кек қайтаруға, көтеріліске қатыскан адамдарды жаппай жазалауға ұмтылған жоқ, ақыл-айламен жұрт көңіліндегі жараны майдалап жазуға тырысты. Көтерілістің басты күштерінің бірі болып, Маншың әскерін Манаска дейін қуып барған Байжігіт рулары кейін Тарбағатайға қайта оралған кезде, олардың айыбын бетіне басып, қатал жазаға тартуға асықпады...

Ши-амбының кең колтық, көнтерілігін білсе де, Демежан ұлықтың мына бөгелісінен сезіктеніп, «осы мен тым артығырақ кетіп қалған жоқпын ба» деп қысылыңқырап отырған. Бір

мезетте арт жағынан таяп келіп, өзінің оң жақ иығына баппен салған қолды сезді. Бүркіттей бүріп түсетін тебінді тегеуірін емес, жеп-жеңіл, жұмсақ алақан.

— Демежан, сен негізінен дұрыс айтып отырсың. Сөзінде албырттық болса да, ағаттық жоқ, — деді мұның арқасынан аялай қағып. — Бірақ сен айтқан кінәның бәрі мен ойлап тапқан нәрсе емес, менен әлдекайда бұрын, ежелден қалыптасқан тәртіп. Белгілі тарихи жағдайларға байланысты бір халықтың молырақ сенімге, үлкенірек үлеске ие болғаны да, енді бір халықтардың кейде жау, кейде дос саналып, шөміштен қысылып келгені де рас. Сен сібе-солаң жұртынан шыққан халдайларды тілге тиек қып отырсың ғой... Егер олар кейбір артықшылықтарға ие болса, сол үшін сіңірген еңбегі бар шығар. Анығына келсек, осы өлкеге алғаш жорық жасалғанда, қашан өкімет келіп орныққанша, одан кейін де шекара күзетінде болып, империя мүддесін қорғаған — сол халдайлар емес пе еді? Олар күні бүгінге дейін өздерін Еженханның тұрақты әскеріміз деп санайды. Қалмақтар да солай. Біз сібе-солаң және қалмақ семьясынан туған әрбір ұл балаға он сегізге толғанша өкімет тарапынан сауға төлеп тұрамыз... Бірақ есіңде болсын, мұндай тәртіп жеке бізде ғана емес, орыстарда да бар. Мәселен, Ақ патша өзінің қарулы жасағы қазақ-орыстарға ерекше артықшылықтар беріп отырған жоқ па!

— Сонда бұл айырмашылықтың жойылатын кезі бола ма, ұлы мәртебелім? Жоқ, әлде мәңгі-баки осылайша кете бере ме? — деді Демежан шыдамы сарқылып.

— Асықпа, сәл сабыр етсең бәрі де жөніне келеді, — деп Ши-амбы төрдегі орнына барып отырды. — Біздің өкіметтің қазақтарды бұл өлкеге зансыз қоныстанған халық деп, бүгінге дейін мойындамай келгені рас. Жақында үлкен өзгеріс болады. Келесі айдан бастап Ресей иелігіндегі елдер мен біздің арамызда мемлекеттік шекара белгіленбекші. Сол шекара бекігеннен кейін ғана біз өз қарауымыздағы халықтарды түбегейлі танитын боламыз.

Осы сәт Демежанның есіне маңағы Дабынтайдың кекесін сөзі түсті де, көкірегін кернеген қызыл қайта көтеріліп, көмейіне тірелген сөзді ірікпей айтып салды:

— Ендеше, біреулер: «қазақтарды түгел орыс жеріне көшіреді екен» деп қауесет таратып жүр. Сіз бұған қалай қарайсыз, ұлы мәртебелім?

— Кімдер оны айтып жүрген? — Ши-амбы селт етіп басын көтеріп алды.

— Атын айтпай-ақ қояйын. Бірақ қазақты көшірсек, жеріміз кеңитін болды деп, әлден-ақ қуанып жүргендер бар.

— Сандалыпты! Бұл — жаулардың әдейі қастықпен таратып жүрген өсегі, — деп Ши-амбы ашумен ширыға түскен. Сәлден соң қайта жұмсарғандай болды. — Біздің ұлы империямыз — көп ұлтты мемлекет. Біз қанатымыздың астына кірем деген халықты өзімізге қосып алмасақ, ешқайсысын шетке қағып қумаймыз... Өзің ойлашы, қазақтар бұл өлкеден көшіп кететін болса, сен екеуіміз сонда кімге билік жүргіземіз? — деп ұлық өз сөзіне өзі қарқылдап күліп алды.

«Иә, бұл айтқаны қисынға келеді, — деп ойлады Демежан. — Өз еркіне салса, Ши-амбы қарауындағы халықты ешкайда бытырататын ойы жоқ секілді. Айтты-айтпады, мұның жарым патша болып шалқып отырғаны осындағы қалың қазақтың арқасы емес пе. Айтқанға көніп, айдағанға жүретін, мұндай тіске жұмсақ момын елді қайдан табады?»

— Жақында екі елдің шекара комиссиялары осы Шәуешекке келіп бас түйістірмек, — деді Ши-амбы ойын ары қарай сабақтап. — Шекара бойының картасы баяғыда-ақ жасалып болған. Комиссияның ендігі міндеті — шекара сызығы жүретін межені нақты айқындап, әр жерге ала баған орнатып, белгі соғу ғана. Шекара бөлісіне біздің мекемеден де біраз адам қатынасып, көмектесетін шығар. Соның біріне өзіңді лайықтап отырмын. Бұған қалай қарайсың? — деп алдында жатқан әлдебір тізімге үңілді.

— Әмірінізге құлдық, ұлы мәртебелім. Мұндай тарихи оқиғаға куә болудың өзі бір ғанибет шығар, — деді Демежан ойланбастан. — Комиссия қашан келмекші?

— Кешікпейді. Осы туар айдың ортасына қарай келіп қалатын шығар.

«Елге барып қайтуға рұқсат сұраудың сәті енді түскен шығар» деп ойлаған Демежан, ұлықтың мынадай көңілі түсіп тұрған кезін пайдаланып қалмақ болды.

— Ендеше, ұлы мәртебелім, маған бір он шақты күнге демалыс бересіз ғой деймін. Елге барып, әкейге сәлем бермегелі де біраз уақыт болды. Оның үстіне, әйелім қырдың қызы емес пе, ауылды сағындым деп, мазамды әбден кетіріп жүр

— Жарайды, ауылыңа барып қайт, — деді Ши-амбы сөзге келместен. Сонан соң езуі жайылып күлді де: — жас жігіттер, осы сендер де әйелдеріннен қорқасыңдар ма? — деп Демежанға көзін сығырайтып, қулана қарады.

Демежан ұлықтың не айтқалы отырғанын түсінбей, сасып-қырап қалған.

— Қорықпаймыз ғой... Дегенмен әйелдің аты — әйел, — деді қызарақтап.

— Өтірік айтпа, қорқасың, — деп Ши-амбы рахаттана күліп алды. — Дүниеде әйелінен қорықпайтын еркек жоқ. Адам атаның өзі Хауа анамыздың бетіне қарсы келе алмаған көрінеді. Білесің бе, бізде мынадай бір аңыз бар, — деп, ертеде болған бір әңгімені қозғады.

Тан династиясы дәуірінде ме, әлде Сүң династиясы дәуірінде ме, бір император әйелінен сұмдық қорқады екен. Қорыққанда тіпті әйелінің рұқсатынсыз аяғын аттап баса алмайтын көрінеді. Осы мінезінен өзі де әбден қорлық көріп, кейде қатты назаланады екен. «Әй, дүниеде еркектің ең қоры, ынжығы мен шығармын. Мұнымды қарауымдағы ел біліп қойса, нағыз масқара сонда болады ғой» деп қыпылдаумен болыпты... Күндердің күнінде оған мынадай бір ой келеді. «Осы, әйелінен қорқатын жалғыз мен ғана ма, әлде менен басқа да қатынжандылар табылар ма екен?» Сол оймен бір күні қол астындағы барлық министрлері мен генералдарын түгел сарайға шақырып алады. Үлкен ауланың бір шетіне ақ ту, екінші шетіне қызыл ту тіктіреді. Сонан соң жиналғандарға қарап тұрып, мынадай бұйрық береді: «Кәнекей, әйелдеріннен қорқатындарың ақ тудың астына, қорықпайтындарың қызыл тудың астына барып тұрыңдар!» Бұйрықтың ауыздан шығуы мұң екен, бүкіл министр, уәзір, генерал атаулы топырлап, ақ тудың астына қарай шұбырады. Қараса, тек бір ғана генерал қызыл тудың астына барып тұр екен. Император өзі сияқтылардың көбейгенін іштей ұнатып тұрса да: «апырым-ай, арамызда біреу де болса әйелінен қорықпайтын еркек кіндік бар екен-ау!» деп, әлгі генералға қатты сүйсінеді. Мұндай жаужүрек азаматты бас қолбасы етіп қойсам ба екен деген де ойға кетеді. Дегенмен, генералдың мынадай жанкештілікке қалай барғанын өзінен сұрайыншы деп қасына шақырып алады да: «Кәне, себебін түсіндірші, жарқыным. Басқалар түп-түгел ақ тудың астына жиналғанда, сен неге елден

ерек қызыл тудың астына барып тұрдың?» дейді ғой баяғы. Сонда әлгі генерал тұрып: «Қызыл тудың астында жалғыз қалған себебім, әйелім үйден шығарда жұрт жиналған жерде опыр-топырдан аулақ, оңаша тұр деп катты тапсырып еді» депті. Үміті ақталмаған император катты ашуланып: «жоғал көзіме көрінбей, оңбаған неме! Сенің де басқалардан асып тұрған жерің шамалы екен» деп генералды сарайдан қуып шығыпты ..

Мына әңгімені естігенде, Демежан ішек-сілесі қатып, рахаттана ұзақ күлді. Ши-амбыдай ұлықтан әмір бұйрықтан өзге мынадай қуақы сөз де шығады екен-ау деп, іштей сүйсініп қалды.

Ши-амбы енді байсалды, іскер адамның қалпына көшіп, Демежанға тапсырмалар бере бастады.

— Ауылға қашан жүрмекшісің?

— Сәті түссе, уақыт оздырмай, ертең-ақ жүріп кетсем бе деп отырмын.

— Керімбай зәңгіге менің сәлемімді жеткізерсің, — деді Ши-амбы жас жігіттің жүзіне барлай қарап отырып. — Шекара бөлініп, біреулер ары-бері көшіп жатқан күнде де, кобалжымай, копақтамай, сол орнында отыра берсін. Шамасы келсе, өзіне қарасты руларды да шашау шығармай, ел іргесін бүтін сақтауға тырыссын.

Демежан ұлықтың сәлемін әкесіне, тағы басқа ел ағаларына шып-шырғасын шығармай толық жеткізуге уәде берді.

— Керімбай зәңгіге түсіндірып айтарсың: шекара бөлісі аяқталған соң қыр еліне бірінші рет жаңадан сайлау жүреді, — деп Ши-амбы тағы бір тың әңгіменің шетін шығарды. — Жаңа сайлауда зәңгілерді біріктіріп, үкірдайлардың[1] кол астына каратсақ деп отырмыз. Менің мөлшерім бойынша, осы Құлыстайда жасайтын қазақтар төрт үкірдайға бірігетін шығар. Бұл бірлестік енді кіші руларды емес, тайпалар одағын меже тұтады. Мәселен, Төртуылдар, Керейлер, Мәмбеттер, Жұмықтар деген секілді... Егер бытырап жүрген Төртуылдың басы бір жерге топтасып, түтін саны мыңнан асатын болса, оған Керімбайдан артық үкірдайды шырақ алып іздесең де таппассың деп ойлаймын.

Бұл айтылғандардың бәрі көпе-көрінеу тартылған шырға екенін Демежан да түсініп отыр. Биылғы жылы Маншың өкіметі қазақтан алынатын шөп бажыға неге кешірім жасаға-

---

[1] Үкірдай — аға сұлтан дәрежелі лауазым

ны да енді түсініктi болды. Ойпыл-тойпыл кезеңде халықтың көңілін алмақ болғаны. Бірақ ұлықтың соңғы сөзінен ол бір нәрсені анық аңғарды: Ши-амбының өз басы қол астындағы қазақтың жан-жаққа бытырап көшпеу жағында екен. Қалың елдің іргесін бүзбай, өле-өлгенше билеп-төстеп, ырғынға батып отыра бермек кой баяғы... Әзірше оның аңғарғаны осы. Бірақ ол мұның ар жағында ең негізгі себеп — мемлекеттік мүдде жатқанын дәл осы сәтте ойлап үлгірмеген екен. Ал, шындығында, қарауындағы халықтың калпы құрамай түгел тұруы дәл қазір Маншың өкіметіне өте қажет, көшпелі елдің жайылым-өрісін сылтауратып, шекара аймағындағы жерлерді молырақ қамтып қалу үшін қажет еді.

Демежан бұл жайды Ши-амбымен қоштасып шыққан соң, үйіне қайтып келе жатқанда бір-ақ түсінді. Дегенмен өз басының бүгінгі таңда Ши-амбыға артар кінәсы жоқ секілді. Әйтеуір, өз тағдырының осы бір маньчжур ұлығымен тікелей байланысты екенін бүгін анық сезінгендей. Мәртебелі ұлықтың бұдан сыр жасырмай, алдағы іс-жоспарларын бөлісуі, мұның артық-кем айтылған сөздерін көңіліне алмай, баласындай баулып бауырына тартуы, білген кісіге, кім көрінгеннің қолы жетпейтін үлкен дәреже емес пе?!

Иә, Демежанның өз басы Ши-амбыдан ешқандай жамандық көрген жоқ. Бірақ, не үшін екен, сонда да көңілінен бір қаяу кетпейді. Әйтеуір, қанша аялап еркелетсе де бір жібімейтін өгей баланың көкірегіндегі мұң тәрізді, мұның ішінде де беріш боп қатқан бір пәле бар.

III

Ертең ауылға аттанамыз деген хабар құлағына тиісімен, Бибі сабыр-тағаттан айрылды. Былтырдан бері көкірегін кернеп, іште бұғып жатқан сағыныш толқыны бірден лап етіп сыртқа шыққандай болып еді. Көз алдына ұшы-қиырсыз кең дала, үйездеген жылқы, көк жасаңға тігілген аппақ киіз үйлер елестеп, құлағына төрт түлік малдың қым-қуыт даңғаза шуы, маң төбеттердің әупілдеп үргені ап-анық естілгендей болып, түні бойы алағызып ұйықтай алмай шықты.

Жас келіншек бұл сапарға көптен бері дайындалып, ата-енесіне апаратын сыйлықтарын, бала-шаға, абысын-ажынға

үлестіретін тәтті-дәмді базарлығын алдын ала әзірлеп қойған-ды. Бүгін жол жүретін күні таңертең қасына Демежанды ертіп шығып, базардан тағы біраз дүние алып қайтты. Енді, міне, сол алған заттарын рет-ретімен каттап, кілтін бұрасаң қоңыраулап ашылатын сары ала сандықтың ішіне жайлап салып жатыр.

Демежан осы жаңа ғана Шәнішевтің атшысы Бабалықты ертіп, бір тығыз жұмыспен қалаға шығып кеткен-ді. Бибі сол жігіттер келгенше киініп дайын отырмақ болып, төргі бөлмеден кісі бойы үлкен айнаның алдына келді. Былтырдан бері келіншектің киім сәніне көп өзгерістер енген. Бұрын ауылда киетін қос етек көйлек, оқалы қамзол, асыл тасты биік сәукелесін тастап, қала сәніне, оның ішінде татар қыз-келіншектерінің киім үлгісіне қарай бейімделе бастаған. Қазір де ауылға барғанда керек болар-ау деген кейбір киімдерін сандыкка салып, жолға бір шама жеңіл киінуді лайық көрді. Әркайсысын бойына бір өлшеп көріп, ақыры қала мен қырдың арасынан өзінше бір ұнасымды үлгі тапқандай болып еді. Ауылдың көк торғыннан тігілген қос етек көйлегін, қызыл қатипа камзолын таңдады да, аяғына қаланың хром етігін киіп, басына жібек шашақты бөртпе шәлісін бүркенді.

Осы түркы өзіне әлдекайда жарасымды көрінген. Осылай киінгені Демежанға да катты ұнайтынын іші сезіп тұр. Айнаның алдында өз көркінен өзі көз ала алмай сұқтанып қалды. Жап-жазық әппақ маңдайы, жаңа туған айдай иіліп біткен қиғаш қасы, жауын шайған мойылдай мөлдіреген, ұялы нәркес көзі, қызыл арайлана шапақ атып тұратын, ат жақты, сұлу жүзі, түп-түзу пісте мұрны мен уылжыған оймақ ерні, бәрі-бәрі де жас әйелдің көркін кайсымыз арттырар екенбіз деп жарыска түскендей бүгін айрықша көз тартып тұр. Айнадағы өз келбетін көргенде, жүрегі жарылардай болып, Шәнішевтің әйелі Зүлайханың сөзін есіне алды «Бибі, саған тіпті боянудың еш кажеті жок. Сен құдайдың өзі үйіп-төгіп бере салған бек матур қызсың» деп татар сұлуы бұған катты сұқтанатын-ды.

Биби оң колын созып, айнаның сап-салқын жүзін аялай сипады. «Жас, сұлу кезінде тал бойынды тұтас көрсететін мынадай үлкен айнаның болуы да бір бақыт екен ғой, — деп ойлады ішінен. — Ал көшпелі қыр елінде мұндай айнаның өзі түгіл көленкесі де болған емес. Шіркін, көркіне көз тоймайтын не бір сұлу әпкелеріміз өз бейнесін толық көре алмай өтті-ау бұл дүниеден. Қандай аяныштьі»

Биби мынды айдаған байдың қызы саналғанымен, мұндай айна мұның өз ауылында да болған емес. Өз басы он беске келгенше еркек-шора болып жүрді де, айнаны тіпті қажетсінген жоқ. Ал бойжеткен әпкелері мен кейбір сылқым жеңгелерінің ауылға келген бақалшыдан қой жүніне айырбастап алған, сырдың көзіндей ғана дөңгелек айналары болушы еді. Соларын көзекейлерінің төс қалтасынан тастамай, ауылға сері жігіттер келгенде, бір қағаберісте әлгі айналарына қарағыштап, қасықөздерін түзеп жататын-ды. Бірақ ол айнаға адамның тұтас тұлғасы түгіл, бет-әлпетінің өзі толық сыя бермейтін. Жүзіңді толық көру үшін, ондай айнаға қарағаннан гөрі, су алуға барғанда мөлдір бастауға үңілгеннің өзі артық еді.

Биби қыр елінде осылайша айнасыз өсті. Күнгейдегі Керімбай ауылына келін боп түскенде де, айнаға қарап жарыған жоқ. Ойын-тойға, сейіл-серуенге шыққанда, қыз-келіншектер бірін-бірі жасандырып, біріне-бірі «айна» болып жүретін. Мынадай, тақыр төбеңнен табаныңа дейін түгел көрсететін үлкен шарайнаның болатынын Биби өткен жылы қалаға келгенде бір-ақ білді. Онда да алғаш рет өз үйінен емес, осы Шәнішевтердің үйіне қонаққа барғанда көріп еді. Сондағы аңғалдығы есіне түссе, осы күнге дейін бетінен оты шығады...

Онда осы қораға жаңадан көшіп келген кездері ғой. Бұларды Шәнішевтер ерулікке шақырды. Қаладағы жұрт қонақты сағат-минутын айтып шақырады екен ғой. Сол айтылған уақытта Демежан екеуі тіркесіп жетіп барған. Ойларында ештеңе жоқ, ішке кіріп аман-сәлем жасаған соң, бұлар үй иесі нұсқаған кең залға қарай өте берген. Сол замат төр жақтан тағы бір есік ашылып, алпамсадай басқа бір жігіт пен қазақы киінген сұп-сұлу келіншек кіріп келе жатты. Қараса, жаңа ғана өздерін қарсы алған үй иесі де солардың қасында жүр. «Тәңірім-ау, *мыналары кім болды екен? — деп ойлады Биби* таң-тамаша болып. — Үй иесі ол жаққа қалай барып қалған? Бізден басқа да қонақтары болғаны ғой, шамасы» деп төрге қарай бет алғанда, әлгі «қонақтар» да бұларға қарсы жүрді. Биби тіпті амандасуға оқтала берген. Жігітінің түр-тұлғасы Демежаннан аумайды. Ал қасындағы келіншек... Дәл осы кезде ғана істің байыбына барған Биби мырс етіп күліп жіберді. Әлгі келіншек те бетін басып күліп келеді... Сөйтсе дәл төр алдында үлкен айна тұр екен ғой. Бибінің «бейтаныс қонақ» деп амандаскалы жүргені Демежан екеуінің айнадағы бейнесі болып шықты...

Жас келіншек окта-текте терезеге қарап қойып, енді үй ішін жинастырып жүрген. Кенет аула жақтан дабыр-дүбыр сөйлескен әлдекімдердің аяқ тықыры естіліп, көп кешікпей ішке Демежан мен Бабалық кірді. Бабалық — жиырмаларға келсе жана келген, қол-аяғы жеңіл, елгезек жас жігіт — осындағы Шәнішев байдың жалшысы. Кейде ат айдаушы көшір де болып кетеді. Енді бір қарасаң, байдың саудадан түскен малын жинайтын шауыпкел шабарманы да болып кетеді. Әйтеуір, қолынан келмейтіні жоқ, барып кел, алып келдің бәрін осы Бабалық тындырады. Жігіттің елі-жұрты Бақтының арғы бетінде, Үріжар төңірегінде екен. Әке-шешесі өліп, карайлайтын ешкімі болмаған соң, бірер жылдың алдында көсіп іздеп Шәуешекке келіпті. Демежандармен араласып тұрады. Сұрастыра келгенде, сүйегі Қаракерей, Бибімен рулас болып шықты да, содан жан тартып, жақындасып кетті.

— Пәлі, біздің Бибіш буынып-түйініп, дайын отыр ғой тіпті, — деп есіктен самбырлап сөйлей кірген Бабалық босағада тұрған сандыққа, тағы басқа буыншақ-түйіншектерге қарап өтті. — Не істейміз, арбаға апара берейін бе мыналарды?

Соны айтып, жауап күтпестен сары ала сандықты екі құлағынан ұстап тік көтеріп алды да, далаға қарай ала жөнелді.

— Ал қозғалмаймыз ба? Енді алатын ештемең жоқ қой? — деді Демежан келіншегіне қарап. — Тіл-аузым таска, бүгін құлпырып кетіпсің, бәйбіше.

— Барымен базар дегендей, осы тұрқымызға разы боласың, — деді Бибі күйеуіне еркелей үн қатып.

Бұлар есіктерін құлыптап далаға шыққанда, Бабалық күнқағар күркесін қайырып тастаған ашық күйменің арт жағына сары ала сандықты орнықтырып, қайыс белдікпен шандып байлап жатыр еді.

— Мықтап байлашы, ағатай. Бір жерде түсіп қалып жүрмесін, — деді Бибі оған қиыла өтініп.

— Оған алаңдама, Бибіш. Жаман туысқанның бар жерде шаруаның өзі-ақ дөңгеленіп жүре береді.

Былқылдаған артқы орындыкка Демежан мен Бибіні жайғастырып, өзі алдыңғы көшірдің орнына конжия кеткен Бабалық делбені қағып қалуы мұң екен, су жаңа қоңыр ала күйме қоңыраулатып, қақпадан жайлап шыға берді. Сұлыға тойып, сүмбідей жарап алған қос күрен солқылдаған жеңіл фаэтонды бұйым құрлы көретін емес, көшеге шыққан соң дыбыссыз

зырлаған төрт дөңгелекті қаңғалақ қақтырып, сынаптай сырғып келеді.

Бұлар хан базарды қақ жарып өтіп, қаланың шығыс қақпасы арқылы қыр жолына шығуы керек еді. Ойбазардан өтіп, баяғыда «Сарт қорғаны» атанған сауда алаңына жақындағанда, жүрістерін баяулатуға тура келді. Көшеде аттылы-жаяу ағылып жатқан халық. Солардың арасында шөп тиеген, отын артқан арбалар қайшыласады. Окта-текте ұзақ салқар көштей болып, алыс бір жақтардан жол тартқан түйелі керуендер ұшырасады. Жүргіншілер Темірші көшесінен өткенде, айналатөңірек тарс-тұрс соғылған балға дауысына жаңғырығып, оған жүкті арбалар сықыры мен көтермеші алыпсатарлардың озандаткан айқайы қосылып, айнала-төңірек ештеңені ажыратуға болмайтын, араның ұясындай ортақ гуілге айналып кетіп еді.

Жолаушылар доғалары айқасқан арбалар шеруінің ара-арасынан зорға сытылып шығып, Ой махалла тұсындағы жаңадан салынып жатқан қытай қамалы — жамбылдың құрылысына таман жақындады. Осы арада жол екіге айрылатын-ды. Біреуі қамал қақпасы арқылы күре жолмен шығысқа қарай тура тартады да, екіншісі түстікке таман едәуір ойысып барып, қамал құрылысын айналып өтеді. Жол айрығына таяғанда Бабалық жүрісін баяулатып, артына бұрылған:

— Не істейміз, Демежан аға? Мына пәлені айналып өтеміз бе, әлде тікесінен тарта береміз бе? — деді шолақ тіл қатып.

— Тура жол тұрғанда, бұрыс жолда нең бар. Төтесінен тарта бер, — деді Демежан.

— Қақпада күзет тұрған көрінеді. Сарыаяқтар[1] ұстап алып, сарсаңға салып жүрмей ме?

— Ой-пой, жүре берсейші... Қасында Бибі отырғанда неден қысыласын? — деді Демежан күле тіл қатып.

Атшы жігіт Бабалыққа да керегінің өзі осы еді. Қос күреңнің тізгінін ірікпей ағындаткан күйі қамал қақпасына жақындай берді. Жаңа жамбылдың құрылысы әлі аяқталмаса да, оның қала жақ қабырғасы мен қызыл қыштан өрілген батыс-шығыс кіре берісі алдын ала салынып, бітіп тұрған болатын. Кіре берістің дәл ортасында екі кісі әупірімдеп әрең ашып-жабатын зілдей шойын қақпа бар. Сол тұска келгенде бұлар күтпеген көріністің үстінен шықты.

---

[1] Сарыаяктар — Маншың әскерін қазақтар осылай атаған.

Сары ки, тобылғы тиеген бірнеше арбаны екі шерік ұстап алып, иелерін таяқтың астына алып сабап жүр екен. Сынайы, арбакештердің жүктерін аударып тастап, өздерін ат-көлігімен камал құрылысына апарып, жұмыска салмақ секілді. Шеріктердің бірі алдыңғы арбаны қақпаға қарай жетелесе, өлермен арбакеш таяқ жегеніне қарамай атының шаужайына жармасып, жағаласып жүр. Көзіне көрінген көлікті көшеден ұстап апарып, құрылыска зорлықпен жұмыс істеткізу соңғы кезде әдетке айналған нәрсе еді. Соны білетін жұрт бұл камалдың маңына жоламай, қалаға басқа жолмен айналып өтетін-ді. Мына байғұстардың бұл араға қалай тап болғаны белгісіз.

Демежан жанағы көрініске аз-кем қарап түрды да, күймеден секіріп түсіп, кастарына барды.

— Бұл не шу? Не жанжал? — деген қытай тілінде ақыра дауыстап.

Шеріктер көлдененнен киліккен мырзаның тегін адам емес екенін сезіп, іркіліп қалды. Танауынан қан сорғалап жүрген, шоқпыт шапанды қыр қазағы соны пайдаланып, бұған шағым айта бастаған.

— Қарағым-ай, мұсылманның баласы екенсің, құткаршы мына пәлеңнен... Бала-шағаның шай-шалаңы таусылып қалған соң, қалаға отын сата келіп ек, мыналар жүгімізді осы араға аударып тастап, жұмыска салмақшы... Тіпті істейік сол жұмысын, ешқайда қашпайық. Тек алдымен төкпей-шашпай отынымызды сатып алуға мұрсат берсінші, — дейді зар-зар етіп.

Демежан «бұларың қалай» дегендей шеріктерге қарап, тіл қатуға оқтала берген. Олардың шені үлкендеу біреуі алға шығып:

— Кешіріңіз, Сіз кім боласыз? — деді Демежанның басаяғына көз жіберіп.

— Мен — Ши-амбының тілмашы, әрі ерекше тапсырмалар орындайтын көмекшісімін... Түсінікті ме? — деп, Демежан төс калтасынан төтенше өкілдікті білдіретін таңбалы қағаз алып көрсетті. — Жазықсыз жолаушылардың жүгін аударып тастап, өздерін зорлап жұмыска сал деген ешкандай зан жоқ. Мыналардан дереу кешірім сұрап, босатып қоя беріңдер!

Бұдан ары қарсыласуға батылдары жетпеген шеріктер, амал жоқ, арбакештерді жөндеріне қоя берді. Ызадан жарылардай болып катты ширыққан Демежан орнына келіп оты-

рып жатқан-ды. Жаңағы арбакештердің бірі соңынан жүгіріп келеді екен.

— Шырағым-ай, күткарушы періштем болдың ғой... Тым құрыса атыңды айтып кетші: амандығыңды тілеп, дұғама қосып жүрейін.

— Менің атым — Демежан... Керімбайдың Демежаны дегенді естуіңіз бар ма?

— Е-е, айналайын-ай, әлгі Керекеннің қаладағы баласы сен екенсің ғой. Болар, болар... Атаға тартып тусаң, осылай ту, қарағым. Бар екенсің ғой... Сүйенішім, сұлтанбегім.

Арбакеш тағы бір сөздерді айтып тауыса алмай жатыр еді, көлік қозғалып кетті де, аяқ жағын ести алмай қалды. Жаңағы шеріктер қақпа күзетшілері екен. Екеуі жабылып жүріп шойын қақпаны зорға ашты да, бұлар қашан өтіп кеткенше, екі босағада оқтаудай сіресіп қатты да қалды.

— Ой, Демежан аға, Сізбен бірге жүру рахат екен ғой, — деп Бабалық мәз болып, жырғап келеді. — Сенсеңіз, осы жамбылдың ішіне маңайлап көрген жоқ едім. Не кереметі бар екен, көрейікші өзін, — деп жан-жағына мойнын соза қарап қояды.

Аймақ орталығы Шәуешекке ауысқаннан бері, Ши-амбының шындап қолға алған ең басты шаруасының бірі — осы қамал құрылысы. Бірақ бұл неменің жуық арада біте қоятын түрі жоқ, сонша жыл еңбектенгенде, екі жақтауы зорға қалқайды. Өзі абажадай үлкен. Әр қабырғасының ұзындығы, әй, екі шақырымнан кем болмас. Биіктігі жеті метрдей, ені төрт метрге жуық. Тасылып жатқан тас пен топырақта қисап жоқ, қанша арбалап әкеп төксең де жұмырына жұқ болмай. айдаһарша обып жұта береді. Шіркін, осыған кеткен *қаржы мен еңбекті басқа бір пайдалы іске жұмсаса, тұтас бір* қала тұрғызуға болар еді-ау! Осы қамалдың кесірінен елге түсетін алман-салық көбейіп, оған зорлап істететін ақысыз ауыр еңбек қосылып, онсыз да тобақазығына тақалған жұртты титықтатып болды. Білетіндердің айтуынша, қазіргі қару-жарағы жетілген заманда мұндай қамал салудың түкке қажеті жоқ көрінеді. Оны өткендегі бір сөзінде Ши-амбының өзі де мойындаған. Бірақ ол да не істесін, жоғарыдан келген бұйрық. Қазір мұндай бекіністер жалғыз Шәуешекте ғана емес, Үрімжі, Құлжа, Сүйдін, Күре сиякты басқа қалаларда да салынып жатыр. Бұл қамалдар бұрынғыдай қорғанысқа жарамаса да,

әйтеуір осы өлкенің басканікі емес, Маншың өкіметінің жері екенін әйгілеп тұратыны анық...

Демежанның ойын самбырлап сөйлеп келе жаткан Бабалықтың даусы бөліп жіберді.

— Пәлі, мынаны қараңыз, мынаның түстік жағы мен терістік беті мүлде алаң-ашық жатыр ғой, Демежан аға?! Бұл өзі сонда қашан бітетін нәрсе? — деді көшір жігіт әзірше құр тақтаймен коршап қойған болашақ дуалдың орнына көз жіберіп.

— Бір бітер, несіне асығасың? — деді Демежан езу тартып. — Ішкі өлкеде «Қытайдың ұлы қорғаны» дейтін бар. Оның құрылысы екі ғасырға созылған.

— Ал, керек болса!... Сонда оның көлемі де осал болмағаны ғой, шамасы?

— Жалпы ұзындығы төрт жарым мың шақырымға жетеді десіп жүр ғой білетіндер.

— Мәссаған, енді не бетімді айтайын! — Бабалық таңданғаннан ысқырып жіберді. — Бұлар, сірә, қорған сокпаса тұра алмайтын халық болды ғой.

— Жаңағы Ұлы қорғанды Қытай императорлары біздің түп аталарымыз — көшпелі гундерден қорғану үшін тұрғызыпты. Мынадай кіші қамалдарды да бұлар сондай қорғаныстық мәні бар деп есептейді.

— Сонда бұлар кімнен қорғанады? Халыққа сенбегені ме?

— Сене алмағаны ғой... Ана жылғы дүрбелеңде өкімет әскерінің жеңіліп калу себебін осындай мықты бекіністің болмауынан деп біледі.

Жамбылдың шығыс қақпасында бұларды ешкім тоқтатқан жок. Күзетте тұрған шеріктер шойын есікті ашты да, күре жолға шығарып салды. Манадан бері әңгімеге араласпай, айналасына үрке карап отырған Бибі енді ғана ес жиғандай болып еді.

— Тү-у, құмырсканың иелеуінен аман-есен шықтық па, шықпадық па. Кең дүниені көріп, тынысым енді кеңіді ғой! — деген сынғырай үн катып.

— Ауылды әбден сағынғансың-ау, Бибіжан? — деді Бабалық бірер жас үлкендігін бұлдап, Бибіге аға боп жүретін әдетімен.

— Айтпа. Осында тек Демежан үшін жүрдім ғой камалып. Әйтпесе, «түйенің молада несі бар» дегендей, менің бұл калада не шаруам бар еді.

Демежан келіншегінің балбұл жанған жүзіне сүйсіне қарап, оң қолымен қапсыра, өзіне қарай тартынқырап қойды. Қайран Бибі! Сахараның сал перзенті, асау табиғаттың арда емген тағысы еді-ау. Он беске келгенше ұлша киініп, жүйрік аттардың жалына жармасып өсіп еді. Бір ауылдың бетке қақпас еркесі, ата-ананың алақанға салған кенжесі емес пе еді. Құдай төмен етекті етіп жаратып, жат жұртқа пенде қып қойған соң не шара?! Сол Бибінің манадан бері сонау терістіктегі Тарбағатай жоталарынан неге көз алмай қарап отырғанын да Демежан іштей түсініп келеді. Бибінің ата-анасы, ет жақын туыстары сол көгілдір таулардың ар жағында... Демежан шекара туралы хабарды келіншегіне әлі айтқан жоқ. Егер шекара сызығы Тарбағатайдың қыр арқасымен өтетіндей болса, екі ауыл екі мемлекетке қарап, Бибінің төркін жұрты алыстап кететіні анық... Өзі және ұзатылғаннан бері ол жаққа аттап баскан жоқ. Биыл жазда шекара бекімей тұрғанда, байғұсты төркіндетіп алған дұрыс шығар. Ауылға барған соң үлкендермен ақылдасу керек.

Уақыт мамыр айының соңы, ұлы сәскенің кезі болатын. Пар атты жеңіл фаэтон әне-міне дегенше Қараүңгірдің көпірінен өтіп, Дөрбілжінге апаратын тақтақ жолмен зырлап келеді. Көктемгі даланың көгі әбден жетіліп, желкілдеп тұрған шағы. Аспан да, жер де нілге малып алғандай жап-жасыл. Бетегелі боз дала сәл жел тұрса үкідей үлпілдеп, айналатөніректен күн көзіне бөрткен жусан иісі бұркырайды. Сонау алыс-алыс көкжиекте, ұшы-қиырсыз Құлыстай жазығында мұнар буына бөккен толқынды сағым бұландайды. Жол жиегіндегі жусанды даладан шаншыла тік ұшып шыккан бозторғайлар аспан төріне ілініп қалған күміс қоңыраудай, жаздың жылы шуағымен өсіп-өнген тіршіліктің жүрекжарды мадақ жырын төгеді.

Сырттай сыр бермегені болмаса, Демежанның өзі де сақараны катты сағынып калған екен. Көкірегіндегі күн түспеген бір суық, қаранғы куыстың орны енді толғандай, көңілі сергіп сала берді. Алып кеудесін көріктей керіп, терең тыныс алды да, карсы беттен лүпіп соккан жібек самалға омырауын тосып, шалкайынқырап отырды.

— Бабалық, сен үндемей калдың ғой. Қарап отырғанша осындайда бір ән салып жіберсейші, — деді, сол көтеріңкі көңілмен атшы жігітке дауыстап.

— Ән салуға дауыс жоқ қой, аға

— Онда, жол қысқарсын, әңгіме айта отыр.

— Не айтайын, аға?

— Осы сен Шәнішевтермен қалай табысып жүрсің? Соны айтшы.

— Шәнішевтерді мен тапқам жоқ-ау, мені олардың өздері тауып алды, — деді Бабалық аттардың делбесін қағыңқырап қойып. — Өзіңізге бұрын да бір айтып едім ғой: он үш-он төртке келгенде әке-шешені бірінің артынан бірін ауызға салып, жұтып алғанбыз. Әкейдің аздаған шолақ дәулеті болушы еді, өзі өлген соң жинап-тергені анталаған ағайыннын қолында кетті. Әкем бір атадан жалғыз, ет жақын жанашырымыз жоқ болатын. Мен он сегізге келгенше әркімге бір жалтаңкөз болып, көрінгеннің босағасында жүріңкіреп қалдым. Әкемнің малын талап алған ағайындардын мені үйлендіріп, отау көтеріп береміз деген уәделері болушы еді, ол да сиыр-құйымшақтанып, орындалмайтын арманға айналып бара жатты... Сөйтіп, екі қолымды алдыма сыйдыра алмай, ауылда күр сандалып бос жүрген кезім болатын. Осыдан екі жыл бұрын дәл осы май айында Үріжар маңындағы біздің ауылдың үстінен жүн-тері, астық тиеген көп арбалы керуен өтті. Сұрастырсам, әлгілер Шәуешектен шығып, Семейге қарай бет алған осы Шәнішев байдын сауда тоғанағы екен. Арбакештерінің бірі жол-жөнекей ауырып қалып қойған ба, керуен басы соның орнына адам жалдағысы келетінін айтты. Іздегенге-сұраған, маған да керегі осы еді. Әлгінін арбасына отырдым да, Семей қайдасың деп тартып бердім. Сірә, керуен басыға ұнап қалған болуым керек, қайтар жолда ол мені тастамай, өзімен бірге Шәуешекке алып келді. Сөйтіп, мен ойда жоқта Шәнішев байдын көп малайының бірі болып шыға келдім, аға.

— Солай де.. Сен де бір жиһангез жігіт болдың ғой. Шәнішевтердің, Рамазан байды айтам, кісіге қайырымы қалай екен өзі? Еңбек ақынды ренжітпей уағында төлеп тұра ма?

— Қалай десем екен? Былайша менің өзіме ықыласы жаман емес. Саудагер деген халық тоқтасқан ақынды жемейді және бір тиынын жегізбейді. Адал қызмет етсең онынды бағалайды, — деді Бабалық Демежанға қарай бір қырындау отырып. — Алғашқы айларда мен, көбінше, байдың үй қызметінде жүрдім ғой. Қайда, неге жұмсаса да, екі айтқызбай тындырып тастаймын. Бастапқы кезде қолымның сумақысы бар ма,

жок па, соны сынағысы келді-ау деймін. Менің жүретін жолымда, үйдің бұлың-бұрышында ұсақ-түйек ақша ұшыраса беретін болды... Өз басымды сыйдыра алмай жүріп, біреудің ала жібін аттап қайтем, әлгі ақшаларын талай рет тауып алып, иесіне апарып бердім. Бірдене сатып алуға базарға жіберсе, қалған ақшасын тиынына дейін санап өткіземін. Не керек, сынақ мерзімінен сүрінбей жақсы өттім. Осыдан кейін-ақ олар маған қалтқысыз сенетін болды. Көп кешікпей еңбек ақымды молайтып, басқа жауапты жұмыстарына да араластыра бастады... Қазір жаман емес, айлығымның сыртында сыйлық ақша беріп, киім-кешек жағынан да қарайласып тұрады.

— Енді не істемек ойың бар? Шәнішевтің шабарманы болып, осылай жүре бермексің бе? — деді Демежан жігіттің түпкі ойын білгісі келіп

— Енді қайда барамын, Демежан аға-ау? Қазақ байына жалданып, жалақ қойшының бірі болғанша, осы жүрісімнің өзі артық емес пе. Таза жұмыс, тиын-тебенін уағында төлеп тұрады..

— Былайша хат сауатың бар, жап-жас, әдемі жігітсің... Ел қатарлы қатын алып, шаңырақ көтеріп, өз алдына тіршілік құрмайсың ба дегенім ғой. Қыздарға өтімің қалай еді өзіңнің?

— Бұл айтқаныңыз жөн-ау, Демежан аға. Бірақ маған дәл қазір кім қызын ұстата қояр дейсің, — деп Бабалық өз сөзіне сақ-сақ күліп алды. — Біздің қазақ: «Алдымен денсаулық, сонан кейін ақ жаулық, сонан кейін бес саулық» дейді ғой Мен соны өзгерткім келіп жүр. Әуелі бес саулық жинап алып, ақ жаулыққа сонан кейін мойын бұрсам деймін...

Бұл сөзге Демежан мен Бибі қатар күлді.

— Біздің туысқан татардың қызын алатын шығар. Татарша сөйлегенде аузы-аузына жұқпайды өзінің, — деді Бибі әңгімеге араласып.

— Бүйырған қыз қайда қашар дейсіз, үйленеміз ғой, — деп жас жігіт ақсия күліп қойды. Біз, әсіл, соңғы екі-үш атада бір кіндіктен жалғыз-жалғыздан келе жатырмыз. Жақында бір тәуіпке құмалақ аштырсам: «сенің үрім-бұтағың өте көп болады. Түбінде немере-шөберен жүзге жетіп, бір тайпа ел боласың» дегенді айтты... Соны естігелі арқа-басым кеңіп, бала-шаға жөнін де уайымдауды мүлде қойдым.

— Иләйым, солай болсын. Шіркін, болашақ ұл-қыздарыңның шешесі қазір қайда жүр екен? Бота көзі жаудырап күтіп отыр-ау бір жерде, — деп Демежан оны қостап қойды.

Бабалық енді байсалды калыпка көшіп, орындыкка түзеліп отырды. Үсті-басы тап-тұйнактай таза. Қала үлгісімен бір сыдырғы жақсы кинген. Қаланың малайы даланың мырзасындай.

— Мен казір жай жүргем жок, аға, татар-өзбек байларынан сауданың қыр-сырын үйреніп жүрмін, — деді жас жігіт сәлден соң тың әңгіме бастап. — Біздің казак өз колынан келмегеннің бәріне танауын көтеріп, менсінбей жүреді ғой. Бірак бұл сауда дегенің керемет өнер екен. Оның касында мынғырған малың да, шіренген шен-шекпенің де түкке тұрмай ма деп калдым. Қорандағы койды коздату қиын емес, мықты болсаң тиыннан тиын туғызып көр! Сауданың көзін жақсы білген адам кай елге барса да аштан өліп, көштен калмайды. Мына Шәнішевтерді көрмейсіз бе, сауданың аркасында тасы өрге домалап, кытай мен орысты бірдей жайлап отыр.

— Біздің казақтан шыккан саудагер жок еді. Бәлкім, осы кәсіптің төл басы сен болатын шығарсын, — деп Демежан да жас жігіттің сөзіне еленбей калды.

— Айтканыңыз келсін, аға. Біздің казекен — кең сахара мен төрт түлік малдың аркасында етек-жеңі жиналмай, бейкам өткен халық қой, — деп Бабалық көп арманы іште жаткан адамдай терең күрсінді. — Апыр-ай, өзгесін не қылайын, колындағы алтынның, буда-буда акшаға айналғалы тұрған ен байлыктың да кадірін білмейді ғой... Өткен жылы қызық болды: күзем кезінде жүн-тері жинау үшін, саудамен Майлыдағы Керей ішіне бардық. Жүн дегенде кисап жок, тау-тау болып кораның шетінде үйіліп жатыр. Қыз-келіншектер тиынға тұрмайтын түйреуіш пен оймакка, айна мен тарақка бола құшак-құшак жүнді көтеріп әкеліп ұстата салатынын кайтерсін. *Ал шай мен кездеме үшін қыр казағы астындағы атын* түсіп беруге әзір. Байдың саудасын істеп, пайдасын корған жүрсем де, әлгі байғұстарға карадай жаным ашыды. Майлы отынға тапшылау жер екен. Жауынды күні бір бай ауылға барып консак, әлгілер койдың жүнін жентек-жентегімен отқа жағып отыр...

Демежан ойланып калды. Бабалықтың сөзі қышыған жеріне дәл тиіп, көкейіне конып келеді. Жас жігіттің еті тірі, ойы сергек, айналасына сын көзімен карайды. Қорғансыз жетімдігіне, жалғыздығына карамастан, жалтак, жасық емес, өзіне-өзі сенетін бір күш бар бойында. Әй, мынадан бірдене

шығады түбінде... Қазақ та басқа халықтар секілді егін салуды, сауда істеуді үйренбей тұрып, мына қалпында көсегесі көгере қоймас. Әлде, шынында да, жаңа бір өнер жолын бастайтын — осы Бабалық болар ма екен? Солай болуы да мүмкін-ау. Мұндай талапты жасты қолтығынан алып, демеп жіберу керек... Ол атшы жігітке мейірлене қарап отырды да:

— Бауырым, сенің мына талабың жақсы екен. Егер түбінде өз алдыңа кәсіп істеп, сауда қылатын ойың болса, маған айт, көмектесейін: өкіметтен рұқсат алып берейін, көлік жағынан қысылсаң, астыңа ат мінгізейін, — деді шын ықыласымен.

— Рақмет, Демежан аға... Осылай айтарыңызды өзім де сезіп ем, — деп Бабалық та разы боп қалды. — Бірақ мен үшін жеке кәсіп істеуге әлі ертерек қой. Үядан ұшуға қанат-құйрығым әлі толық жетіле қойған жоқ. Ел танып, жер танып дегендей, сауданың қат-қабат қалтарыстарына әлі де болса қаныға түсуім керек.

— Ол жағын өзің білесің. Ал түбінде көмек керек болса, қысылмай айтатын бол, — деді Демежан.

Бұлар күре жолмен Абдыра өзенінің анғарына дейін жедел жүріп келді де, Қаракабақтың тұсында түстікке қарай кілт бұрылды. Бір бүйірде қалың талы алыстан көз тартып, Бахалдайдың зәйімкесі қалып барады. Алдарында тақтайдай керіліп, Боздақ даласы жатыр. Бетегелі, боз жусанды, кең жазықты кесіп өтсе, ар жағында Көкжайлакта отырған Керімбай ауылдарының да төбесі көрінуге тиіс.

IV

Шежіре бойынша, Найман атаннан тарайтын төрт Төлегетайдың кенжесі — Төртуыл. Он сегізінші ғасырдың ортасында Жоңғар хандығы жойылып, Құлыстай өлкесі босап қалғанда, Үріжар мен Қатынсу бойынан үдере көшіп, күнгейге асып түскен, жаңа коныска бірінші болып мекен тепкен елдің бірі де — осы Төртуылдар Бұл атаудың неден шыққанын көне көздер әр түрлі жориды. Біреулер «төрт ауыл» деген сөзден шығыпты десе, екінші біреулер «төрт ұғұл» деген ағайынды төрт жігіттен тарапты деп өздерінше дәлел келтіреді. Дегенмен, қалай болған күнде де, осы екі болжамның да шындыққа саятын жері бар. Өйткені, Төртуыллың өзі: Ақбарақ,

Акболат, Андабарақ, Қартбарақ болып төрт атаға бөлінеді. Бұл көп барақтың ішінен соңғы екеуі: Андабарақ пен Қартбарақ ежелгі атамекендерінде, Ертіс бойында қалыпты да, Ақбарақ түгелімен, Ақболат жартылай күнгейге көшіп келіпті.

Сол дүниенің кең кезінде ертерек келгенінен болар, қазір Төртуыл рулары Тарбағатайдың күнгей төсінен сонау Барлық тауына дейінгі ұшы-қиырсыз кең өлкені емін-еркін бауырына басып кең жайылып жатыр. Ақбарақтың өзі бұл күнде: Дәулетей, Айтым, Кенжеғұл болып бір жіктелсе, өскен ата Дәулетей: Бұка, Шөтік, Елтізер, Сүйіндік деген әлденеше руларға бөлініп, өзара қыз алысатын дәрежеге жеткен. Қалың Бұка мен Шөтік тау сағалап, Тарбағатайдың төсін жайласа, Сүйіндік пен Елтізер ен өлкенің етек жағында, Еміл мен Барлықты қыстап шығады.

Ал Сүйіндіктің өзі: Байқара, Жауғаш деп бөлінсе, Керімбайдың сүйегі — Жауғаш болатын. Бұлар мал-басы бірдей өрбіген, атқа мінер жігіттері де сай, дәулетті, мықты ата саналады. Қойнау-қойнауында көк киякты қалың шөп өсетін, жасыл шалғынды, балқашты-балдырғанды келген осынау шұрайлы өңір Байқара мен Жауғаш ауылдарының жыл сайын жайлауға шығар алдында бір-екі ай кең көсіліп отыратын жайлы қоныстары еді. Шөбі шүйгін, суаты мол жер. Бастауын сонау Тарбағатайдың қарлы шыңдарынан алып, Емілге барып құятын Қараүнгір, Абдыра өзендерін былай қойғанда, әр тұстан көк иірім болып, жөнкіліп ағатын, сұлудың көзіндей мөлдіреген қарасулары қаншама! Кең жайылым қорықтарды көп мал көктемде қанша тақырлап жеп кетсе де, ел жайлаудан түскенше, жердің түгі қайта жетіліп, желкілдеп тұрады.

Жолаушылар түс ауа Боздақтың кең жазығына ілінген сонақ *әр тұста жайылып жаткан актылы қой, алалы жылқы, суат* бойлап қонған шоғыр-шоғыр ауылдар ұшыраса бастады. Әр ауылдың тұсынан өткен сайын үлкен-кішісі түгел сыртқа шығып, бұл өңірде бұрынды-соңды болмаған қонырауды күймеге таңыркай қарап, біразға дейін көздерімен ұзатып салады.

Керімбайдың өз ауылы жылдағы қонысында, Шилібастаудың түбіндегі кең қолатта отыр екен. Кезеңге шыға келгенде, бір ұя қаздың жұмыртқасындай дөңгелене қонған ақ ауыл Демежанның көзіне оттай басылды. Ауылдың сырт жағындағы көк жасаңға тартылған бие бау маңында қалың жылқы үйездеп тұр. Шананың табанындай қайқайып жаткан каска жол-

мен пар атты фаэтон ауылға таман құлдилағанда, есік алдында жүрген үлкен-кіші үдірейісе қарап сәл тұрды да, бір мезгілде жолаушыларды шырамытқан болар, бір топ бала бері қарай лап қойды. Жамыраған қозыдай аңдыздап, қаптап келеді.

— Ал басталды. Қоржынның аузын шеше бер, — деді Демежан Бибіге бұрылып.

Сол-ақ мұң екен, ауыл шетіне таяп іркілген күйменің үсті шүпірлеген ұсақ балаға толып кетті. Демежанның кенже інісі Әбдірасыл бастатқан немере бауырлары, көрші-қоланның солармен бірге ойнап жүрген қара сиректары. Бибі затында өте балажан болатын. Бірнешеуін алдына отырғызып, алмакезек беттерінен сүйіп жатыр. Бұлар төр жақтағы үлкен ақ орданың қасына таянғанша, қоржынның бір басындағы қант-кәмпит, өрік-мейіз өз иелерін тауып та қалып еді.

Ауылда шеттен келген кісілер бар секілді. Онашалау тігілген конақ үйдің сыртындағы кермеде күміс ер-тұрманды бірнеше жарау аттар байлаулы тұр. Жолаушылар күймеден түсіп жатқанда, үлкен ақ үйдің қасында топтанып тұрған үлкендер де бері қарай аяндады. Ең алда Керімбайдың өзі, одан сәл кейінірек Ажар бәйбіше мен тағы басқа жақын туыстар. Демежан алдымен әкесіне келіп сәлем берген. Бұл күнде елудің мол ішін аралап кеткен Керімбай ұзын бойлы, мол бурыл сақалды, түксиген қалың қабақтың астынан шүңет көзі адамға тесіле қарайтын, түсі суық айбарлы кісі еді. Көптен көрмеген Демежанды жай ғана құшақтап иығынан қақты да, алдына келіп, иіліп сәлем еткен Бибінің маңдайынан иіскеді.

— Қалай, балалар, шаршап-шалдықпай жаксы жеттіңдер ме? — дегеннен басқа көп тіл қаткан жоқ.

Енді бұларды арт жақтағы қалың топ күтіп тұр еді. Әке құшағынан босап, шешелер қауымына қалай жетті солай, Демежан мен Бибі тасып төгілген мейір-шапағаттың мол теңізіне кірді де кетті. Екеуі алдымен мама қаздай мамырлаған Ажар бәйбішенің құшағына бір-бір сүңгіп шыққан. Сонан кейін-ақ кезекте тұрған шешелер мен жеңгелер, аға-бауырлар ортаға алып, қаумаласып әкетті. Көл-көсір ыстық ықылас, сабасынан аскан сағыныш. Бұлар бейне жер түбінен келген адамдар секілді. Жеңгелері жастай қала жағалап кеткен Демежанды «Төре бала» деп атайтын-ды Тәңірім-ау, көптен ұмыт болып кеткен осы бір аяулы сөзді қайтадан естудің өзі қандай қымбат еді?!

— Төре бала-ау, келіншегін мен екеуің қалаға бардыңдар да, күрік болған тауықтай жатып алдыңдар ғой мүлде, — дейді үлкен ағасы Сағымжанның әйелі Қамария

— Қатын алған, бәлем, өзіне жаққан екен. Бір жылдың ішінде сөкталдай бол кетіпсің ғой, — дейді екінші бір жақын жеңгелердің бірі.

— Бибінің отауын білгендей-ақ тігіп қойған екенбіз. Отауларың жасауымен дайын түр, барасыңдар да күмп ете қаласыңдар, — дейді үшінші бір кәрі жеңге.

Алғашқы абыр-сабырдан кейін әйелдер жағы Бибіні ортаға алып, отауға қарай ертіп кетті де, Демежан үй сыртында әлдекіммен сөйлесіп түрған әкесінің қасына қайта оралды.

— Қалада не жаңалықтар бар? Ши-амбы, тағы басқа ұлықтар тегіс саушылықта ма? — деді Керімбай баласының басаяғына бажайлай көз жіберіп

— Бәрі аман-есен... Дұғай-дұғай сәлем жоллады сізге. Ши-амбының сізге арнайы жеткіз деген өз сәлемі тағы бар. Оны-сын жата-жастана айтармын, — деп Демежан қастарында түрған бөтен кісінің көзінше шешіле коймады. Бірақ әкесінің оған шыдамы жетпей:

— Орыс пен Қытай арасына шекара тартылайын деп жатыр дейді ғой Ол не сөз? — деді мәймөңкелеп түруды ұнатпайтын әдетімен

Демежан таң қалды. Тан калғанда әкесінің сөзіне емес, қазақтың «ұзын құлағынын» шапшаңдығына таңыркап түр. Губернатор кеңсесінің өзінде соңғы бір-екі күнде ғана мәлім болған бұл хабардың қыр еліне қалай жетіп үлгергені, шынында да, қайран қаларлық еді.

— Сол естігеніңіз рас, көке. Менің сізге әкелген басты жаналығым да, Ши-амбының айта бар деген сәлемі де осы мәселеге байланысты, — деген амалсыз езу тартып. — Бұл хабарды сіздер қалай естідіңіздер?

— Е, қалай дерін бар ма? Осындағы жұрттың бәрі гулесіп жүр ғой, әйтеуір, — деді Керімбай қабағын ашпаған суық калпы. — Ал енді шешеңе бар. Біраз демалып, сусын басып алған соң конақ үйге келерсін... Жана сен келердің алдында, Сымайыл зәңгі келіп түсті. Сол кісіге кіріп сәлем бер.

Соны айтып, өзі сыйлы кісілер отырған қонақ үйге қарай беттеді. Демежан онсыз да үлкен үйдегі шешелер қасына жетуге асығып тұрған. Ішке кірсе, Бибі де, Бабалық та осында

екен. Бибі сандықтың аузын ашып, үлкендерге базарлық үлестіруге кірісіпті. Ажар анасы мана қаумалаған көпшіліктің арасында баласына деген сағынышын сарқа алмай қалса керек. Ішке кірген бойда Демежанды қайтадан құшақтап, айналып-үйіріле бастады. Өзінен әлдеқайда биік, теректей жігітті қоғадай иіп әкеліп, бетінен, маңдайынан аймалап сүйіп жатыр.

— Құлыным-ау, өзіңді қағаз сорып тастаған ба, биыл бір түрлі жүдеусің ғой? — деп қояды ара-арасында.

— Оны мына Бибіге айтыңыз, апа. Бәйгеге қосатындай, мені шөміштен қысып, жаратып жүрген — осы келініңіз, — дейді Демежан шешесінің сөзін қызық көріп.

Бұл сөзге Бибі кәдімгідей қысылып, қызарақтап қалды. Ол да өзінше дау айтып жатыр:

— Оның сөзін тыңдамаңыз, апа... Өзіңіз қыста жіберген тайлың еті мен тәтті-дәмдіңіздің бәрін осы баланыздың өзіақ жеп тауысқан.

Жастардың жарастықты әзіліне былайғы жұрт мәз болып күлісіп жатыр. Кешікпей үлкен үйге дастарқан жайылып, қымыз құйыла бастаған. Бұл күнде жасы елуден асып, еті ауырлап, толыса түскен Ажар бәйбіше бір ауылдың анасындай, қолы ашық, дастарқаны мол, аса байсалды кісі еді. Керімбайдай ел ағасының қатал мінезінен, ашу-айбарынан ығыскан жұрт, көбінесе, осы Ажардың төңірегіне үйіріле беретінді. Күйеуінің бойынан табыла бермейтін кейбір қасиеттерді осы бәйбішесі толықтырып, жамап-жасқап, бүтіндеп отыратындай еді. Аппақ шатырдай кимешек-шаршысына өмірі қылау түспейтін, қызыл күрең катипа камзолының екі өңірінде капсырмалы күміс түймелер үймелеген, екі қолының салалы саусақтары алтын жүзіктерге толы Ажардың қазіргі сәні де жұрттан өзгеше. Әке-шеше арасындағы қыс пен жаздай осы бір кереғарлықты тағы бір рет есіне алған Демежан анасының әлі де әжім айғыздай қоймаған нұрлы жүзінен көз алмай ұзақ қарап отырды. Өзінің де анасын шын катты сағынғанын енді сезіне бастаған.

Бір кезде даладан самбырлаған әлдебір дауыс естіліп еді, көп кешікпей әлгі адам босағада тұрған бала-шағаны былай ығыстырып, ішке баса-көктеп кіріп келе жатты. Өзінің Майлық ағасы екен. Керімбайдың туған інісі, мал-жанына қарайтын майлығы мен сулығы. . Үстіндегі түйежүн шекпеннің екі

етегі далактап, басындағы көнетоз елтірі тымағының бір құлағын ішіне жымырып алыпты. Манадан бері ат үстінде, мал аралап жүрген бе, қалашылардың хабарын естіп, шауып жеткен беті осы болса керек. Келе-ақ, Демежанды бассалып, маңдайынан сүйді. Орнынан тұрып сәлем еткен Бибіге де «тәңір жарылқасын» айтып жатыр.

Майлық, әсілі, күпілдек мақтаннан да құр жүретін кісі емес еді Алғашқы аман-сәлемнен кейін, ішін жарып әкетіп бара жатқан сол сөздерін түйдек-түйдегімен сыртқа шығара бастады.

— Мана сендер Сәмеке сазынан бері бұрылып, Шилібастауға еңкейгенде, мен Көккайнарда қысырактың үйіріне танба бастырып жатқанмын. Қос ат жеккен қоңыраулы күймені көргенде, жылқышылар «апыр-ай, бұл кім болды екен» десіп аң-таң болып, ауыздарын ашып қалды... Ал мен бірден біле қойдым. «Мына кетіп бара жатқан — дәуде болса, не Шиамбының өзі, не біздің Демежан» дедім. Осы екеуінен басқа бұл өлкеде пәуеске мініп жүретін кім бар? Содан жүрегі құрғыр алып ұшып, шауып жеткен бетім осы.

Майлық ағасының мінезін жақсы білетін Демежан іштей мырс-мырс күліп отыр. Өзінің бұл сапары енді жаз бойы осылай жыр болатынын да іші сезеді. Мақтаншақ туысын сөйлете түскісі келіп, биыл төрт түліктің қыстан қалай шыққанын, көктемгі өріс-қоныс жайын сұрастырған. Майлық мал жөніне келгенде қамшы салдырмайды, бірден желдей есіп жүре берді.

— Е, тәйірі, Барлықтың қалың қатпар қойнауы мен бүкіл Өбісін, Жарсудың қоғасы мен қиянын сұр қазыдай кертіп жеген малдың қылшығы қисаятын ба еді. Алты ай қыс бойында Майлық ағаң бел шешіп ұйықтады ма екен?! «Ел иесі — Керімбай болғанда, мал иесі — Майлық» дегенді осы ел тегін айтып жүр дейсің бе? — деп бір кетті.

— Биыл көктемгі жайылым-өрісті де молынан қамтып, біздің ауылдың төбесін көрмесе адасып кететіндей итіне қонатын біраз ағайынды бұл төңірекке жолатпай отырмын, — деп тағы шалқыды.

Бұрын тек Керімбай зәңгінің буына мас болып, қырып кете жаздап жүретін Майлық енді оған Демежанның буы қосылғанда, тіпті аспандай түсіп, жуық арада жерге қонатын түрі жоқ еді. Соны сезген Ажар бәйбіше осы тұста сөзге араласып:

— Жә, жетер... Шаршап келген баланың миын ашытпай коя тұрсайшы, бар болғыр, — деп қайнысын тыйып тастады. Сонан соң Демежанға бұрылды да: — үлкендер күтіп қалған шығар, енді конак үйге бар, балам. Кәрі зәңгі қамкөңіл ғой, дұрыстап сәлем бер, — деді.

Ажардың «кәрі зәңгі» деп отырғаны — төстегі Қараменде жағынан келген Сымайыл зәңгі еді. Бұл — Төртуыл ішінде Демежаннын аса сыйлайтын адамы. Жас жігітті ол кісіге аса ыстық ететін тағы бір жай бар. Демежан Ши-амбының қолында аманатта болғанда, Сымайылдың өзімен тағдырлас Қайынбай деген баласымен жұп жазбай бірге жүретін. Сол Қайынбай кейін әкесінің қолына барып, әбден азамат болған шағында, осыдан екі жыл бұрын мезгілсіз қайтыс болған-ды. Алдағы жүздесудің ауырлау болатынын сезіп, Демежан орнынан көтеріле берді.

Конак үйде, әке қасында осы елдің әр руынан жиналған он шақты адам бар екен. Төрдің дәл төбесінде аппақ сақалы бауырына түскен, қапсағай ірі денелі, қас-кірпігіне дейін түгел ағарған Сымайыл зәңгі отыр. Бұл күнде «кәрі зәңгі» атанған, исі Төртуылдың ең үлкені, алдынан ешкім кесе өтпейтін қадірменді қәрісі. Оған тақау отырғандар — Шөтіктің аткамінері Қызылбала, Сымайылдың өз інілері Тойшы мен Мішай. Одан төменірек Қараменденің қазір көзге түсіп жүрген жас перілері Көксеген мен Байсерке жайғасыпты. Солардың қатарында осы төңіректегі Байғара мен Жауғаштың Түсіп, Тыныбай секілді елубасы, билерінің де отырғаны байқалады. Демежан есіктен кірген бойда:

— Ассалаумағалайкум! — деп оң қолын көкірегіне қойып, дауыстап сәлем берді де, түп-тура кәрі зәңгіге карай кадам басты.

Карттарға тән ауыр кимылмен жер таянып, Сымайыл да орнынан тұра берген. Демежанды бауырына баса құшактап, екеуі төс түйістірген күйі бір сәт тұрып қалды. Карт құшағын жазған сон. жас жігіттің мандайынан сүйді де, жасты көзбен күйбеңдеп теріс айнала берді. Өз орнына қайта жайғасканнан кейін де, тамағына кептелген түйіншекті жаза алмай, біразға дейін үнсіз отырып калған. Демежан баскаларға да жағалай кол беріп, әкесінің төменгі жағына барып тізе бүккен кезде ғана. Сымайыл өзіне-өзі келіп, көкірегін карс айыра терен күрсінді.

— Қалай, балам, кол-аяғын сау, аман-есен жүрсің бе? — деді үні тарғылдана, Демежанға бұрылып. — Сені көргенде Қайынбайым еске түсіп, кәрі жүректің тағы бір тулап калғаны ғой. Қайынбай екеулерің кандай едіңдер кеше?! Тел козыдай жарасып катар жүруші едіңдер-ау. Тайкия біткен тар мандайға сыймады ғой менің кайран құлыным!

Үй ішіндегі үлкендер карттың күй-жайын іштей ұғынып, әдейі әңгімеге араласпай, сабыр сактап отырған. Тек осы тұста ғана жан-жактан жамырай тіл катысып, жұбату сөздер айтып жатты:

— Болған іске болаттай берік болыңыз, аксакал. Босай беріп кайтесіз...

— Е-е, жылап-сыктағаннан бірдене өнетін болса, жоктау зары аз болып жаткан жок кой.

— Құдай бергенін алса да, берерін алмасын, — десіп жатыр.

Сымайылдың сол жак тізесін баса, әркімнің аузына бір карап, он жастар шамасындағы, екі көзі шоктай жайнаған, басында зерлі такиясы бар, дөңгелек жүзді, коңыркай бала отыр еді. Кәрі зәңгінің көңіліне медеу тұтып, кайда барса да касынан тастамай ертіп жүретін, көп қыздың ішіндегі ендігі ұл баласы — осы ғана. Керімбай сол балаға назар токтатып, сәл бөгелді де:

— Құдайға шүкір, әлі де колыңыз күр емес кой. Ендігі күнде касыңызға карайып еріп жүрген мына бір қара домалақтың кайырын тіленіз. Тіршілік болса, бұл да әлі-ак азамат болып, адам катарына косылып кетеді, — деп өз тарапынан бір басалкы сөз айткан.

Үй иесінің бұл лебізін әр тұстан костаушылар табылды.

— Е-е, адам болды деген осы емес пе.

— Атасының касына еріп, атын ерттеп беруге жарағаны аз олжа ма?

— Бәріміз де осы баладан өскен жоқпыз ба?! — дескен колпаш сөздер естілді.

Сымайыл үй ішін көзбен шолып, басын изектетіп аз отырды да:

— Кайтеміз енді... Ку жан кеуледен шыкпаған соң, осы бір күшіктің тілеуін тілеп, от оттап, су ішіп жүріп жаткан арсыз пендеміз ғой, — деп ауыр күрсінді. — Сыбан Сабырбай акын осындай бір әңгіме үстінде:

Жақсы да болса карағым,
Жаман да болса карағым.
Ұлым жаман дегенде,
Солтабай төре берер ме,
Жақсы туған Барағын. —

деген екен. Сол айткандай, колда барды канағат етпеске амалымыз қайсы?! — деп қасындағы баласын бауырына тартып, төбесінен иіскеп қойды. Сонан соң есіне әлдене түскендей: — Күдері, сен Демежан ағаңды білесің бе? Ол — сенің Қайынбай көкеннің жолдасы ғой... Бар, ағаңа сәлем бер! — деді.

Күдері өткір бала екен. Жүзі балбұл жанып, орнынан атып тұрды да, Демежаннын алдына келіп иіліп сәлем берді. Демежан оны жібермей, бетінен сүйіп, қасына отырғызды.

— Қалай, оқып жүрсің бе? — деді баланың аркасынан құшақтап.

— Мен оқуды әлдекашан тауыскам...

— Тауысканы қалай? Дүниеде сен окитын оқу калмағаны ма сонда?

— Қокымбай молда бізді екі жылдай окытты да, өз оқуы таусылып калған соң, бәрімізді таратып жіберді.

Күдерінің сөзіне үйдегілердің бәрі қыран-топан күлісіп жатыр.

— Әй, баламысың деген!

— Болмаған соң шынын айтты-ау акыры...

— Дегенмен тіл сындырып, кара таныганының өзі каншалық. Бір адамға Қокымбайдың оқуы да жетіп түр, — десіп отырғандар әр тұстан кеу-кеулеп әкетті.

Демежан Күдерінің зеректігіне қызығып, Сымайыл зәнгіге: «баланызды каладағы қытайша оқуға берсеңіз нетті» деп айтуға бір октадды да, бұл жағынан аузы күйіп калған карт жалғыз ұлды колдан шығармасын сезіп, іркіліп калды.

Осыдан екі жыл бұрын Қайынбай қайтыс болғанда, Демежан әкесімен бірге барып, маркұмға топырак салып кайткан-ды. Содан кейін Сымайыл аксакалды көріп отырғаны осы. Баласының қайғысы карт адамға онай тимеген секілді, содан бері кәрі зәнгі күрт төмендеп, шөгіп кетіпті. Қайынбай өлімге киятын жан ба еді, шынында? Он екіде бір гүл ашылмай тұрып, не бәрі жиырма бір жасында қыршынынан киылды.

Демежан мен Қайыңбай Ши-амбының қолында аманатта жүргенде табысқан. Ол кезде Аймақ орталығы Дөрбілжінде. Қайыңбай бұдан бірер жыл бұрын келген екен, екеуі жаңадан ашылған қытай мектебінде бірге оқыды. Көпшілігі қытай, маньчжур, сібе-солаң балалары. Ішінара аманатқа берілген қазақ балалары да ұшырасады. Солардың арасынан жасы өзі құралпы, түр-тұлғасы казіргі Күдеріге келетін, бетінен қан тамған өңді бала Демежанның назарын бірден аударған. Көп ұзамай екеуі дос болып кетті. Қайыңбай ана тілін ұмытынқырап қалған екен. Оның есесіне қалмақша мен қытайшаға судай ағып тұр. Демежан оған қазақша үйретіп, Қайыңбай бұған қытайша үйренуге көмектесіп, жатақханада екеуі қойындасып бірге жататын болды. Қайыңбай өзінің жаугершілік жылдары қалмақ қолына түсіп кеткен қазақ баласы екенін ғана біледі екен. Одан арғысын таратып айта алмайды. Қайыңбайдың қандай өткелектен өтіп келгенін кейін білді ғой екеуі де. Оның Сымайыл зәңгінің баласы екенін, кешікпей әке мен бала табысып, зор қуанышка кенелетінін, Қайыңбай Ши-амбыдан еншіге бір тоған су алып, ел алғысына бөленетінін Демежан ол кезде қайдан білсін.

Қайыңбай әкесімен табысып, аймақ орталығы Дөрбілжіннен Шәуешекке көшкеннен кейін де, екеуі ескі жамбылдың ішінде үш жыл бірге оқыды. Мектепті бітірген соң, Демежан қалада тілмаш болып қалды да, Сымайыл зәңгі өз ұлын үйлендірмек болып, ауылға алып кеткен. Қайыңбайдың ептеп өкпесі ауыратын еді. Қымыз ішіп, денсаулығын түземек болып, екі-үш жылдай ауылда жүріп қалды. Соңғы рет көріскенде рені тым жақсы сияқты еді. Демежанды жайлаудағы өз ауылына қонакка шақырып кеткен. Бірақ қайта көрісуге тағдыр жазбады ғой. Қаладан қайтар жолда Бахалдайдың үйіне түсіп, шай ішіп аттанған екен. Ауылға ауырып барыпты да, үш күн жатып қайтыс болыпты. «Ши-амбыдан бір тоған су алатын казақ сенбісің» деп, халдайлар үзеңгісіне у жағып жіберді ме деген күдік бар...

Демежаннын ой желісін үйдегілердің дабыр-дүбыр әңгімесі бөліп жіберді. Бұл кезде үлкендер жағы алда болатын ас жайын сөз ете бастаған екен. Ертең Төртуылдың басты-басты адамдары төменгі Мәмбет ішіндегі Отыншы бидің асына аттанбақ көрінеді. Сол асқа бірге барайық деп, Керімбай кеше Сымайыл зәңгіге кісі жіберіп, арнайы шақыртып

алғаны мәлім болды. Қымыздан кейін, шай дастарканы үстінде ендігі бір алуан әңгіме сол ас туралы болып еді.

Күні кеше, алпысыншы жылдардың ортасында, жергілікті Маншың өкіметіне қарсы көтерілісте дүнгендерге қосылып, Байжігіт қолын бастаған Мәмбеттің атақты би Отыншы өткен жылы осы уақытта өз ажалынан қайтыс болған-ды. Отыншы өз тұсында осы отырған Сымайылдың да, Керімбайдың да көп араласқан, қарулас, дәмдес болған адамы. Көтерілістің бас кезінде осы Сымайыл бастаған Төртуыл жігіттері де Байжігіт қолымен бір сапқа тұрып, Хэбен-амбы мен Шаған-кегеннің әскеріне қарсы атой салып, бірге шабысқан. Сібеті өзенінің төменгі аңғарындағы қазір «Көпір қашқан» аталатын сары жазықта көтерілісшілер Маншың әскерін алғаш рет ойсырата жеңді. Бұл шайқаста дүнгеннен шыққан Бор батыр мен Байжігіт ішінде Сайболаттан шыққан Қоңыз батыр ерекше көзге түскен. Алғашқы жеңістен кейін, Шаған-кегеннің шабуылы кезінде көп шығынға ұшырап, тоз-тозы шығып босып кеткен Төртуылдар ес жию үшін осы Құлыстайда қалып қойды да, Байжігіт жағы жау әскерінің өкше ізіне түсіп, Еренқабырға бөктеріндегі сонау Манас өзеніне дейін қуып барды.

Байжігіт тайпасын ереуілге көтеруде баяғы Қабанбай батырдың шөбересі Әділбек пен Тоқыр бидің де қосқан үлесі аз болған жоқ. Әділбек «атам Қабанбайдың сандықта жаткан туы еді» деп айбынды ақ ту көтеріп шыққан. Қолдарындағы қаружарақтан гөрі Байжігіт елін катты желіктіріп, жеңіске құлшындырған — осы ту болатын. Байжігіт рулары дүнгендермен бірге, қашқан жаудың қыр соңынан қалмай Манастан ары асырып тастады да, Еренқабырға бөктерінде бес-алты жыл дәурен сүрді. Орталарынан Құлдың Отыншысын хан көтеріп, Тоқырды би, Қоңыз батыр мен Әділбекті бас сардар сайлап, Манас бойында бес-алты жыл бойы Қабанбайдың ақ туы желбіреп тұрды.

. Бірақ, амал не, ол дәуір ұзакка бармады ғой. Көп ұзамай, жетпісінші жылдардың басында көтерілісшілер жеңіліп, Маншың өкіметі қайта келіп орнады да, Байжігіт ауылдары арыптозып, Тарбағатайға қайтып келуге мәжбүр болды. Көтеріліс басшылары: Отыншы, Әділбек, Тоқыр ауылдары өкіметтің жазалаушы әскерінен жасқанып, бұрынғы өз мекендеріне де тұрақтай алмай, орыс жеріне таман ойысқан. Бастарына күн туа қалса, ары қарай көше жөнелуге ыңғайлы болсын деп,

Барлық тауының Алакөл жақ бөктеріне қоныс аударып, әлі күнге дейін әліптің артын бағып отырған жайы бар еді...

Енді, міне, қалың Мәмбет Отыншыдай арысына үлкен ас беріп, өздерінің бұл дүниеде әлі бар екенін бір әйгілемек көрінеді. Отыншының өз ұлдары момындау болғанымен, қазір Шәйі деген немересінің аты дәуірлеп жақсы шығып тұр. Атасының аруағын асырып, артын үлкен аспен таратуға бел буған — сол жас жігіт, намысты немересі деседі. Бұл ас туралы исі Байжігітке, көршілес Төртуыл мен Керейге, іргесіндегі тума-тоқпаққа осыдан үш ай бұрын сауын айтылған-ды. Шақырылған жерге бармай қалу — ел атына намыс. Әсіресе, Керімбай, Сымайылдай ел ағаларына үлкен сын болуы мүмкін. Сондықтан бұл төңіректегі ауылдар соңғы айларда дәмелі деген аттарын жаратып, күреске түсетін палуандарын сайлап, үлкен әбігер, дайындық үстінде болатын.

Үйде отырған үлкендер алдағы ас жайында біраз әңгіме қылып келді де, осы күнге дейін қанша айтса да жыры таусылмайтын баяғы жаугершілік жылдарына қайта ойысты. Сол бір ереуілді күндер еске түскенде, «ой-пой, ол да бір дәурен екен ғой» десіп, желпінісіп қалатын әдеті. Ел санасында өшпес із қалдырған Шаған-кегеннің қанды жорығы, атақты Бор батыр соғысы көп жыл бойы айтылып келе жатса да, мұндай бас қосуларда тағы бір рет сөз болмай қалмайды. Бұл рет әңгіме өрбітіп, сөз бастап отырған — Сымайыл зәңгі. Өйткені, Шаған-кеген жорығы кезінде көп шабылып, катты шығынға ұшыраған — Төртуыл рулары болса, оның ішінде Сымайылдың өз басы тарткан қайғы-қасірет те аз емес-ті. Соны білетін Демежан жанағы бір сәтте әдейі сөзге араласып:

— Зәңгі ата, осы оқиғаларды көзбен көріп, қолмен ұстаған адамдардың бірі — өзіңіз ғой. Сол шапқыншылықтың, әсіресе, Қайынбай тағдырына байланысты жерін өз аузыңызбен бір айтып беріңізші! — деп қолқа салған.

Кәрі зәңгі көп күттірген жоқ, көсіліп сөйлеп кетті. Демежан оның әңгімесін өзі білетін деректермен толықтыра, тереңдете ұғынып отырды. Сымайылдың айтуынша, Тарбағатайда көтеріліс туын тұңғыш көтерген — қазақтар емес, Бор батыр бастаған дүнгендер. Бор батыр сол кезде жасы жиырма бестерге енді келген, бақан бойлы, апай төс, алып азамат болса керек. Бай дүнгендердің есігінде көп жүрген, тесік өкпе, кедей жігіт екен. Жергілікті Маншың өкіметі мен бай кожа-

йындарының қорлығына шыдамай, маңайына өзі секілді тілеулестерді топтап, алғаш бас көтерген — сол Бор көрінеді. Ал, кейін қазақ пен дүнген бірігіп, ереуілдің өрши түсуіне Қобықтағы Шаған-кегеннің қазаққа қарсы жүргізген қанды жорығы себеп болыпты.

Ол кезде Тарбағатайда ішкеріден жер ауып келген дүнгендер қазіргіден әлдекайда көп болатын. Көтеріліс күннен-күнге ұлғайып, Бор батыр көтерген ақ тудың астына қазақтардың да жинала бастағанын көрген аймақтың сол кездегі әміршісі — Хэбен-амбы қолындағы өкімет әскерімен бүлікшілерге төтеп бере алмасын сезеді де, мұсылмандарға қарсы ол да өзінше будда ұранын көтеріп, «крест жорығын» ұйымдастырғысы келеді. Қобықтағы калмақ діншілдерінің қолтығына су бүркіп, Шаған-кегенді қазақтарға қарсы айдап салады. Осы кезге дейін шөре-шөре боп келген қалмақтарды Цин империясының толық хұқықты азаматы деп танып, оларға осындағы сібе-солаң халдайлары сияқты артықшылықтар беруге уәде етеді. Қазақ пен қалмақтың ежелгі ірге жаулығын қайта қоздырып, екі ортадан пайда түсірмек болады.

Айлалы амбының бұл әрекеті нәтижесіз болған жоқ. Найза, қылыш, садақтың сыртында мылтықпен қаруланған калмақ қолы Маншың әскерімен бірлікте бейғам жаткан қазақ ауылдарына тұтқиылдан шабуыл жасады. Қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны тоз-тозы шығып, тау-тастың арасына сіңіп кетті. Сәл ертерек қимылдағаны қопарыла көшіп, Емілдің Алақөлге құятын сағасына дейін, енді бір бөлігі Тарбағатайды бөктерлеп, Ақшоқы, Мұқаншы маңына дейін босып барды. Бірақ көздеріне қан толып, әбден құтырынып алған Хэбен-амбы мен Шаған-кегеннің әскері мұнымен тоқтаған жоқ, үріккен елдің өкше ізіне түсіп, Қатынсу өзенінің бойында сығылысып отырған боскын елді тағы да қырғынға ұшыратты. 1864 жылы, 23 — 24 қазанда екі күнге созылған қанды қасапта бала-шағасымен қоса үш мыңға жуық қазақ қырылғаны белгілі. Бұлар, негізінен, Төртуылдың Бұқа тармағына жататын ауылдар еді. Адам қаны судай төгілген сол ара қазір «Ойран» деп аталады. Шаған-кеген сол жолы көзіне түскен тірі жанды түгел қырып, олжаға түскен көп малды алдына салып айдап қайтты.

Сол күндері Сергиопольдағы орыс бекінісінің бастығы осы оқиға жайында Омбы генерал-губернаторына арнайы хат

жолдап: «Қаратал-Қатынсу бойындағы адам өлігінен қазір аяқ алып жүре алмайсың. Ал адам етін жеп дәндіккен иттер қазір әрі-бері өткен жүргіншіге шабатын болды. Өлекселер сасып-шіріп, індет тарататын қаупі бар. Сол өліктерді жинап көміп, құтырған иттерді атуға қосымша қаржы, оқ-дәрі бөлуіңізді сұраймын» деп өтініш жазғанын Демежанның архивтен тауып оқығаны бар.

Шаған-кегеннің алғаш келіп соқтыққан жері — Тарбағатайдың төскейінде отырған Сымайылдың ауылдары еді. Ел жайлаудан жаңа түскен кез болатын. Көші-коннын әлегімен бейғам отырған жұрт қолма-қол атқа қонып, жасақ жинап, жауға қарсы ұрыс салуға кірісті. Еркектер түгел ат үстінде, ауылда тек қатын-қалаш, бала-шаға ғана қалған-ды. Жау әскері көзіне көрінген еркек кіндіктіні кәрі-жасына қарамай найзаға шаншып келе жатыр дегенді естіген Сымайылдың әйелі Айтолқын үйелмелі-сүйелмелі екі ұлын — Есім мен Қайынбайды қолына түскен бір атқа мінгестіреді де, «тез барып әкелеріне қосылыңдар» деп қоя береді. Сол кезде Есім он жаста, Қайынбай алты-ақ жаста болса керек.

Арада көп айлар өтеді. Жау шабуылына төтеп бере алмай, ел үркіп батысқа қарай ауады. Кейін қазақтар қайтадан күш алып, Шаған-кегеннің әскерін кері қуады. Тарбағатай өңірінде көтерілісшілер жеңіске жетіп, Маншың билеушілері бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Жаугершілік кезінде тозтоз болып, жан-жаққа бытырап кеткен ел өз мекендеріне қайта оралады. Қаза болғандарын арулап көміп, тірі қалғандары тіршілігін істей бастайды. Бірақ басқаның орны толса да, Сымайыл шаңырағына төнген қасірет бұлты сейілмейді. Өйткені, баяғы жайдақ атқа мінгестіріп жіберген Сымайылдың екі ұлы — Есім мен Қайынбай сол бойы ұшты-күйді жоғалған еді. Не өлі екені, не тірі екені белгісіз. Сымайыл жан-жаққа адам шаптырып, сұрау салдырып, екі баласын қанша іздегенімен, көрдім-білдім деген бір пенде шықпайды.

Сол кезде жасы қырықтан асып кеткен Сымайыл бұл қайғыны көтере алмай шөгіп, жатып қалған екен. Төртуыл жігіттерінің сарыаяқтарды өкшелей қуатын Манас жорығына қатыспай, елде қалуының бір себебі — осы болатын... Бірақ өмірден үміт үзіп, күпірлік келтіруге болмайды екен. Бәйбішесі Айтолқын егде тартқан шағында, араға жылдар салып, шекесі торсықтай тағы бір ұл туады. Сымайыл тек осыдан кейін ғана

төңірге тәубе қылып, ел тірлігіне араласа бастаған екен. Қайтадан атқа қонып, Тарбағатайдың екі бетінде бытырап жүрген ағайындарын жинауға кіріседі. Дүниеден күдерімді үзгенде туған бала деп, жас нәрестенің атын Күдері қойған-ды. Сол Күдерісі ғой — қалқайып қасында отырған мына бала

Күдері екі жаска толғанда, Сымайыл отбасы ойда-жокта тағы бір қуанышқа кенеледі. Күндердің бір күнінде ауылға алыс сапардан арып-шаршап, бір қалмақ кемпірі келіп түседі. Бұл — ертеде қалмақтан олжаға түсіп, осы елдің бір жігітіне тиген, күйеуі өлген соң Сымайылды паналап, Есім мен Қайыңбайға күтуші боп жүретін, кәдімгі Бойқа кемпір еді. Ана жылғы Қалмақ шапқыншылығы кезінде осы Бойқа аяқ астынан жоғалып кеткен-ді. Ауылдағылар окта-текте оны да еске алып, «сірә, сонда туыстарына ұшырасып, бірге еріп кеткен болар» десетін. Сол Бойқа аяқ астынан келе қалғанда, тағы бір жоктары табылғандай, ауыл адамдары қуана қарсы алады. Жұрт жапа-тармағай жөн сұрасып жатқанда, төрде отырған Бойқа төбеден жай түскендей етіп:

— Уа, Сымайыл зәңгі, сүйінші! Айтолқын бәйбіше, сүйінші! Мен сендердің өлгендеріңді тірілтіп, өшкендеріңді жандырайын деп келдім! — демесі бар ма.

Мына сөзді тұтқиылдан естігенде Сымайылдың жүрегі жарыла жаздаған. Ал босағада тұрған Айтолқын құстай ұшып келіп, Бойқаның аяғын құшып еді:

— Не деп отырсың, Бойқа-ау?! Сүйіншіге қалағаныңды ал... Әлде Есім мен Қайыңбайдан бір хабар бар ма? Екеуінің қайсысын тауып келіп отырсың? Тек тезірек айтшы, жаркыным, — деген қайран ана сабыр-тағаттан айрылып.

— Есіміңді біле алмадым... Ал Қайыңбай тірі, — дейді Бойқа. — Ол қазір Дөрбілжіндегі үлкен ұлықтың колында тұр. Қаласаң ертең-ақ ертіп апаруыма болады.

— Шын ба айтып отырғаның? Осының анық хабар ма өзі? Бұл деректі сен қайдан естідің? — деп бұрын да есек дәмемен талай жерге барып, әбден аузы күйіп қалған Сымайыл кемпірді сұрақтың астына алады.

— Қайыңбайдың колынан жетелеп апарып, ұлыкка өз қолыммен тапсырсам, бұдан анық хабар бола ма? — дейді Бойқа мардамси күліп. — Балаң үш жылдан бері Дөрбілжіндегі Ши-амбының колында. Кеше ғана өз көзіммен көріп. амандығын біліп келіп отырмын.

— Ал Қайынбай сенің колына калай түсіп жүр?

Қалмақ кемпірінің бұдан арғы әңгімесінен Сымайылдың ұққаны мынау болды. Бойка аласапыран жаугершілік кезінде Қайынбайды өрістегі көп малдың арасында жылап жүрген жерінен тауып алыпты. Бір шерік найзамен шанышқалы жатқанда, баланы танып калып, үстіне түсіп, күткарып алады. Бала да Бойқаны танып, шешесін көргендей бассалады. «Бұл қазақ емес, менің немерем» деп сендіреді Бойка шеріктерді... Қайынбайдан жөн сұрап көрсе, бала шауып бара жаткан ағасының артынан сыпырылып түсіп калғанынан басқа ештене айта алмайды Содан не керек, Бойка баланы алдына мінгізіп алады да, шабындыдан түскен олжа малын айдаған калмак көшімен бірге, туған жері Қобыкка карай тарта береді.

Жылдар өтіп жатады... Кемпірдің тәрбиесінде жүрген Қайынбай он екі жаска толады. Бойка байғұс та картайып, зауал шағына жакындайды. Бала Бойканын өз қаны емес, түбі шикі екенін сезіп калған калмақтар арасында күнкіл-күнкіл сөз шыға бастайды. Содан күндердің күнінде кемпірге мынадай ой түседі ғой: «қой, бүйтіп жүріп байғұс баланың обалына қалармын. Мұны бір сенімді колға тапсырайын» дейді. Сол оймен Қайынбайды ертіп алады да, көтерілис басылған соң Маншын өкімет кайта орнап жаткан Дөрбілжін қаласына келеді. Аймақ әміршісі Ши-амбының алдына кіріп, бар шындыкты жасырмай түгел баяндайды:

— Бұл бір казақтың көсемінің баласы еді. Жаугершілікте ата-анасы басқа жакка ауып кетті де, бала менің колымда калды. Өзім болсам картайдым, енді бұл балаға ие болатын шама жок. Осыны сізге аманат етіп тапсырсам деймін. Ата-анасы аман болса, түбінде бір іздеп келіп табар. Таппаса сізге бала боп кала берер

Ши-амбы баланы қабылдап, әкесінің атын, ұлтын, мекен-жайын түгел жазып алады. Көнілі тынған кемпір еліне қайтады. Бірақ арада екі-үш жыл өткенде Бойқаны тағы бір ой мазалай береді. Баяғы босып кеткен қазақтар өздерінің ата-мекендеріне кайтадан оралыпты деген хабарды естіп жүрген. Енді ол өлер шағында өзінің тәңірінен корка бастайды. «Бір кезде Сымайылдың жақсылығын көп көріп ем. Айтолқынның колынан талай дәм татып ем. Баласының хабарын айтпай кетсем, бұркын алдында мойныма карыз болар» дейді өзіне-өзі. Сол тәуекелмен елінен шыққан Бойка жол-жөне-

кей Дөрбілжінге соғып, Қайынбайдың амандығын біледі де, бөгелмей Сымайылдың ауылына тартады.

Мына әңгімені естіген ауыл адамдары қуаныштан мәресәре болып, арты тойға айналып кетіп еді. Сымайыл Бойқаның жаксы хабары үшін, сүйіншіге: астына ат мінгізіп, үстіне шапан жауып, тіркеуіне түйе жетелеткен. Ал өзі бұдан ары күтуге шыдамы жетпей, ертеңінде-ақ Дөрбілжінге аттанып кетіп еді. Үлкен ұлықтың алдына кіріп, бұнда не жұмыспен келгенін жасырмай ашық айтты.

— Сіз — біздің ханымызсыз, тақсыр. Қазақта: «хан екі сөйлемейді» деген сөз бар. Балам сізде, сіздің қолыңызда тұр, — деді қадалып.

Айғақ куәсын алдына сала, сойдақтаған айқын ізбен келіп тұрған казактан Ши-амбы да бұлтара алмаса керек, тез мойындайды.

— Иә, сондай бір баланың менің қолымда жүргені рас. Айткан деректеріне қарағанда, ол баланың сенікі болуы да ғажап емес. Бірақ менің де бір шартым бар, — дейді ұлық баланы бірден қолынан жетелетіп жібергісі келмей. — Қайынбайды өзімен бірге оқитын қырық баламен бірге сапка тұрғызып қоям. Солардың ішінен дәп басып танысаң — бала сенікі.

Сымайылдың сасқан жері осы болды. «Құдай ұрып баламды танымай қалам ба» деп шошыған. Өз көзіне сенімі жоқ, балаларының күйігінен жылай-жылай соңғы жылдары жанары да бұлдырай бастап еді. Осылай қиналып тұрғанда, оған кенет бір ой түседі.

— Мен болсам картайған адаммын. Мүлт кетуім мүмкін. Қайынбайдың үйде бойжетіп отырған Мөржан деген әпкесі бар. Менің орнына бауырын сол танып алса қайтеді? — дейді ұлыққа.

Ұлық бұған да келіседі. Сымайыл сол күні қос атпен кісі шаптырып, он жакта ұзатылғалы отырған Мөржан сұлуды алдырған екен. Екеуі уәделі күні ұлыққа кіреді. Ши-амбы, шынында да, бір үлкен залға біркелкі киінген қырық баланы тізіп қойған-ды. Сол топтың ішінде осы Демежан да бар еді... Мөржан көп бөгелген жоқ, есіктен кірген бойда балаларға жалт етіп бір карады да, дәл ортада тұрған Қайынбайды шыркырап барып бассалды. Екеуінің ұксастығы адам таң каларлық еді.

«Хан екі айтпайды» деген қағида бар. Ши-амбы да енді Қайыңбайдың Сымайылдың баласы екеніне шәк келтірмейді. Сымайылдай қазақтың беделді адамымен дос-жар болуға өзінің де ықыласты екенін білдіреді.

— Дау жоқ, бала сенікі, — дейді ол Сымайылға. — Бірақ Қайыңбай қазір мектепте оқып жүр. Сол оқуын бітіргенше менің қолымда аманат ретінде қала тұрсын. Баланды ауылға апарып, қуаныш-тойыңды жаса да, маукың басылған соң қалаға қайта әкелетін бол.

Онсыз да қуаныштан есі шығып тұрған Сымайылдың көнбеске амалы қайсы. Ұлық не айтса да мақұлдап бас изей береді. Бұлар Қайыңбайды ертіп елге қайтар алдында, Ши-амбы өзінің ұлықтығын тағы бір көрсетіп қалады.

— Қайыңбай бірнеше жылдан бері маған да бала болып, мүлде бауыр басып кетіп ем. Ал енді еліне қайтарда балама қандай енші берейін? Мал керек пе, әлде алтын-күміс қолайлы ма, керегінді айт! — дейді. Сонда Сымайыл ойланып қалып:

— Таксыр, әділдігіңе көзім жетті. Баламды аман-есен қайтарғаныңның өзіне мың да бір рақмет! Маған малдың керегі жоқ, мал өзімде де бар. Алтын-күміс асылының да керегі шамалы, ол да біздің Тарбағатайдың қойнауынан табылады. Егер Қайыңбайды шын балам деп енші бергің келсе, дәл ірге-мізде ағып жатқан Сібеті өзенінен бір тоған су бер. Біз де егін салып, ел қатарлы күн көрейік, — деген екен.

— Жарайды, айтқаның болсын. Сен, шынында да, өз еліңнің қамын ойлайтын ақылды адам екенсің, — дейді Ши-амбы Сымайылға разы болып.

Соның артынан көп кешікпей Қайыңбайдың атына бір тоған суға мөр басып, қағаз жасап береді. Бұрын Тарбағатай төсінен құлап аққан өзен атаулы тек халдайлардың меншігі саналатын. Сымайыл — бұл Құлыстайда бір тоған суға ие болған бірінші қазақ. Сол жылдан бастап қалың Қараменде мен Жұмықтоғас Сібетінің оң жақ қабағынан тоған қазып, су шығарып, Үштөбе мен Аркарлы жазығына егін салатын болды Қазір, несін айтасың, Бұқа атаның балалары ақ бидай мен қызыл бауырсаққа бүйірлері шығып, жырғап отыр...

Сымайыл әңгімесін айтып бітіргенде, манадан мүлгіп тыңдап отырған үлкендер жан-жақтан жамырай үн қатып, гулеп кетті.

— Қайран Қаныңбай тым ерте, қыршын кетті дегеніміз болмаса, біздің елдің бағына туған бала болды ғой.

— Ойбай-ау, соның аркасында аузымыз ақ нанға тиіп отырған жоқ па. Бұрын халдайлардан бір қап бидайды бір қараға әрең алмайтын ба едік.

— Қасиетіннен айналайын, Қайыңбай — шын әулие ғой. Әулиелігі сол — қазір жұрт маркұмның зиратына ақтық баплап, басына сиынып түнейтін болып жүр, — десіп төрде отырған Мішай, Қызылбала, Тойшы секілді аксақалдар бірін-бірі қостаған шүкірана сөздер айтысып жатты...

Бұл кезде кас қарайып, ымырт үйіріле бастаған-ды. Үлкендер ақшам намазын оқып алғаннан кейін, мана бата жасалған құнан қойдың ет піскенше, тағы біраз әңгімелесіп отырды. Өзі сөз бұйдасын ұстап, серке сөйлеп отырмаса да, сөніп бара жатқан әңгіменің отына май құйып, маздатып жіберуге келгенде Қызылбала өте шебер еді. Сол кісі әлдене есіне түскендей қозғалып қойды да:

— Осы баяғы Бор батырдың соңғы тағдыры не болды? Соның аты кейін естілмей кетті ғой, — деді үйдегілерге жағалай көз тастап.

Бор батыр жайын Керімбай жақсы біледі екен. Сол таратып айтып берді.

— Талай соғыс, небір қан төгістен аман өткен Бордың ажалы өзінің туыстарынан болды ғой, — деді сәл ойланып қалып. — Кейін дүнгендер арасында ала ауыздық туып, Бордың айтқанына көнбей бұра тартатындар көбейе бастайды. Араға жік салушы — Бор бұрын есігінде жалшы боп жүрген бір бай дүнген екен. «Сен кеше күнін көре алмай жүрген малай едің, бүгін қалай көсем бола қалдың?» деп, бір күні әлгі екеуі қатты сөзге келісіп, арада жанжал туады да, жаңағы бай Бордың аркасына пышақ салып жібереді. Ақыры сол жарадан оңала алмай қайтыс болды ғой, бейшара.

— Апыр-ай, байғұстың бағы жанбағаны болмаса, ол да көзсіз ердің өзі еді-ау! — деді Сымайыл басын шайқап қойып. — Алғашқы соғыста талай рет бірге болдық қой. Өзінің оң қағары бар ма, небір шайқаста бойына найза-қылыш дарытпайтын. Сарыаяқтардың тобына араласқанда, қойға тиген қасқырдай, ол жүрген жер есіктей боп ойылып қалатын. Шеріктер білтелі мылтықтарын оқтап үлгергенше, бастары домалап жерде жатар еді... Ал енді Қоңыз батыр екеуі тізе қосқанда, ол кезде Құрман қажыны солай атайтын едік қой, жау әскерінің ту-талақайын шығарушы еді. Кейін сарыаяқ-

тардың жүрегіне майдай тигені сонша, «Бор келе жатыр» дегенде, зәре-құты қалмай тым-тырақай қашатын болған.

Осы кезде манадан әңгімеге араласпай үнсіз отырған Байсерке орнынан көпеңдей көтерілді. Бұл бір батырға біткен тұлғасы бар, басы кіші-гірім қазандай, жауырыны тұтас, көрсе көз тоятын алып жігіт еді. Ертеңгі аска Төртуыл елінен бара жатқан мықты палуандардың бірі — осы Байсерке. Сол алып күш иесі аяқ астынан гүр ете қалды да:

— Манадан бері Бор батырды да, Қоныз батырды да жерсуға сыйғызбай мақтап жатырсыңдар. Бәрі де батыр екен, ер екен... Сонда осылар Еженханнан неге жеңілді? Манасқа дейін барып тұрып, неге қайта қашты? Мен осыны түсінбеймін, — деді аюдай корбаң-корбаң етіп.

Үлкендер жағы: «рас-ау, осы біз неге жеңілдік?» дегендей, біразға дейін ешқайсысы жауап бере алмай, бөгеліп отырып қалған. Сәлден соң Керімбай ғана басын көтеріп:

— Е-е, патшаның аты — патша. Еженханның кәріне кім карсы тұра алады? «Көп қорқытады, терең батырады» деген сол да, — деді онша тереңдемей.

— Неге жеңілдік дейсің бе? Оның себебін мен айтайын, — деді Қызылбала. — Бәрі Әділбектен болыпты ғой. Бор батыр «Қабанбайдың туын маған бер» деп сұрағанда, Әділбек намыстанып, бермей қалыпты. Егер сол жолы туды бергенде, Бор сарыаяқтардың тұқымын тұздай құртып, ішкеріге дейін қуып тастағандай екен.

Мұның бәрі ел аузындағы жай лакап, бос әңгіме ғой, әрине. Бірақ кім не айтса соған сенетін қазекең: «қап, Әділбек балалық жасаған екен» деп, оған да қатты өкініп жатыр.

Демежан жымиып күлді. Жас жігіт ол көтерілісті өз көзімен көрмесе де, оның шығу төркінін де, жеңілу себебін де жақсы білетін еді. Қызылбаладай анғырт ағайынға түзету жасамай қала алмады.

— Мәселе туда түрған жоқ-ау, аксакал. Егер Қабекеннің туы ұрпактарын желеп-жебейтін болса, өзінің немересінің қолында түрып-ақ қолдай бермей ме... Істің төркіні мүлде басқада жатыр, — деп үлкендерді тегіс аузына қаратып алды да, өз ойын жылдам таратып айтып кетті.

Жалпы, Шығыс Түркістанда 1864 жылы басталған дүнгендер дүрбелеңінің шығу тегін түсіну үшін, Маншың империясының сол кездегі ішкі-сырткы жағдайына көз жіберу керек.

Шәуешек маңындағы аз санды келімсек дүнгендерді түртіп ояткан күш не десеңіз, оның түп-төркіні сонау Гансу-Шынхайдағы дүнген көтерілісіне барып жалғасады. Оның арғы жағын каза берсең, Ішкі Қытайда әлденеше өлкелерді камтып, 1850 — 1865 жылға дейін созылған шаруалардың Тайпин көтерілісімен кіндіктесіп жатыр. Өздерін жеке мемлекет деп жариялаған осы «Тайпин тянгонын»[1] дүмпуімен, а дегенде Гансу-Шынхай өлкелеріндегі калың дүнген көтерілді де, оның лаулаған өрт ушкыны келіп, Шығыс Түркістандағы дүнгендер мен ұйғырларды шарпыды. Тасқындаған халық қаһарына өкімет әскері төтеп бере алмай, Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары уакытша көтерілісшілердің колына карап калды. Ұлт-азаттық жолындағы бұл күрес бара-бара бүкіл Кашкарияны камтып, онда Жакыпбек төре басқарған «Жеті шәрі» мемлекеті құрылып жатты. Бір жағынан Еуропа елдерінің шапкыншылығына ұшырап, екінші жағынан өз ішіндегі «Тайпин көтерілісін» басамыз деп әбден титыктаған Цин империясы, енді бір бүйірден Шығыс Түркістандағы ұлттар бүлінгенде, не істерін білмей катты сасканы рас еді. Енді олар уысынан шығып бара жаткан Шынжаңды кандай құрбандыкпен болса да ұстап калуға жанталасты. Өз күшінің жетпейтінін сезіп, амал жок, көрші мемлекеттен көмек сұрауға мәжбүр болған. Құлжа жанжұнының[2] жаны кысылғанда Жетісу генерал-губернаторы А. Г. Колпаковскийге үсті-үстіне хат жолдап, өзінің көмекшісі Сохалдайды елшілікке жіберіп, Ресейден әскери көмек сұрайтын кезі, міне, осы тұс болатын.

Ал бұл кезде Орта Азиядағы аймақтарды әлі де өз карамағына толык каратып үлгермеген Ақ патша Хиуа, Коканмен іргелес Шығыс Түркістанда өрши бастаған өртті оншалык ұната коймай, катты секем алып отырған. Сондыктан Жоңғариядағы дүнген көтерілісін де, Кашкариядағы «Жеті шәрі» мемлекетін де танығысы келмеді. Әлде Жакыпбектің Коканмен колтыктасканы, «ғазауат соғысы» дегенді көп айта беретіні көңіліне жакпады ма, әйтеуір, Ақ патша дәл іргесінде быксыған ұнамсыз өртті тезірек өшіргісі келді. 1871 жылы генерал Колпаковскийдің жаксы каруланған мол жасакпен

---

[1] «Тайпин тянго» — «Аспан астындағы ұжымак елі» дегенді білдіреді.

[2] Жанжун — генерал-губернатор.

Іледегі көтерілісшілерді қуып шығып, Құлжаға келіп орнығуы осындай болашақты болжаған үлкен мақсаттан туып еді.

Осыдан кейін-ақ көтерілісшілердің бел омыртқасы үзіліп, әлсірей берген. Бұл кезде калың бұқараның колдауына ие бола алмай, тек ақсүйектер мен діншілдердің ғана тірегіне айналған Жақыпбектің «Жеті шәрі» мемлекеті де күлдырап, өз ішінен іріп-шіри бастаған-ды. Нәтижеде көп кешікпей «Жеті шәрі» өкіметі құлап, Шыңжаңды Цин империясы қайтадан өз колына алды. Жер-жерге жазалаушы әскер аттанып, аз уақыт ішінде солтүстік аймақтарды да көтерілісшілерден тазартты. Маншың өкіметінің қаһарынан қорыққан Іледегі он мыңдаған тараншы ұйғырлар мен дүнгендердің Ресей қарамағына көшіп өтуі, міне, осы кезде болып еді.

Қашанда патшаның қадірін патша біледі деген сол ғой. Көтеріліс кезінде жандарын қоярға жер таппай, мойны қашық ішкі Қытайға өте алмай, амалсыздан батысқа қарай жөңкілген жергілікті Маншың төрелері мен халдайларды да Ақ патша өз қолтығына паналатты. Олар қашан ап-сап басылғанша бірнеше жыл бойы Саркант төңірегін мекендеп, Цин өкіметі орныққаннан кейін ғана Шыңжаңға қайтып оралды...

Демежан осы жайларды қарапайым тілмен ұғындықты етіп, қысқаша баяндап бергенде, ақсақалдар мәселенің байыбына енді барғандай, бастарын изектесіп отырып қалды.

— Е-е, біз тек бетінен қалқып, бер жақтан қайтып жүр екенбіз ғой. Біздікі әшейін «екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» дегеннің кері десейші, — деді Сымайыл ырғала түсіп. — «Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы». Құрбандыққа байланған қара лақ қанша тыпырласа да, пышаққа ілінбей қоя ма?!

— Бәрінен де мына халдайлардың бағын айтсайшы: өздері ана жылы інге кірген суырдай жоқ болып кетіп, кейін аяқ астынан қайтадан өріп шыға келіп еді. Сөйтсек олар да өздеріне мықты пана тапқан екен ғой. — деп Қызылбала да таңтамаша болып отыр. — Қапылыста қолымызға жалғыз Қара халдай ғана түспеді ме...

Қара халдайды айтқанда, бұл оқиғаға бұрыннан қанық жұрт ду етіп күліп жіберді. Қан төгіс, қырғын соғыс арасында кейде күлкілі жағдайлардың да болып тұратыны ғажап-ау. Қара халдай тағдыр төлкегіне ұшыраған сондай бір жан еді... Керімбай кенет Қызылбалаға қарап:

— Аксақал, сол оқиғаның басы-қасында сіз болды дейді ғой. Қара халдайды сүндетке жығып, сауабын алған өзіңіз емессіз бе? — деді рахаттана күліп отырып.

— Жоға, оны істеп жүрген Салахидден қожа ғой, — деп Қызылбала қызарақтап қалды.

Көтеріліс алғаш бүрк ете қалғанда, халдай біткен бас сауғалап, Шәуешек пен Дөрбілжіндегі бекініске барып тығылды да, желігіп алған қазақтар олардың иесіз қалған мал-мүлкін пышақ үстінен талапайға салып әкетіп жатты. Маткапыда қолға түсіп, не қарсылық көрсетем деп шығынға ұшырап кеткендері де болды. Дүние деген ыстық қой, арттағы оны-мұнысын жинап-терем деп жүріп, қапыда қалғандардың бірі — жаңағы Қара халдай еді. Өзі басқалардай шіріген бай емес, орташа ғана дәулеті бар, момын адам болатын. Көтерілісшілер қоршап келіп қалғанда, басына шын зауал төнгенін бір-ақ түсінген Қара халдай өзін байлап алып, енді атқа сүйретіп өлтірмек боп тұрған қазақтар мен дүнгендерге жалына бастайды.

— Бар байлығым — бір жанымның садағасы. Сендерге сұраусыз-ақ үлестіріп берейін. Тек қасықтай қанымызды қия көріңдер! — деп осы Қызылбаланың аяғын құшып, зар еніреп жалбарынады.

Көп жылдан бері жақсы араласып, тамыр-таныс боп, керек кезінде астық, шөп алып жүрген Қызылбала жеме-жемге келгенде Қара халдайды өлімге қия алмайды. Ал былайша босатып қоя берудің қисыны тағы жоқ. Енді не істеу керек? Сол сәт Қызылбаланың басына бір ой сап ете түседі ғой.

— Бұл иттің баласын тірі қалдырудың бір ғана жолы бар. Бұл лағынет бүгіннен бастап мәжуси дінінен безіп, бұтқа табынуды қойсын. Мұсылман дініне кірсін, — дейді көпшілік атынан билік айтып. Қара халдай бұған да көнеді.

— Дінге де кірейін. Сол үшін тіпті құран ұстап, ант ішейін. Тек шыбындай жанымызды қалдырсаңдар болғаны..

Бұрын мұндайды көрмеген көпшілік ойланып қалады.

— Жоқ — дейді көтерілісшілердің бірі Қара халдайға қарап. — Сенің жай құран ұстай салуың аздық етеді. Кім біледі, көпір неме, ертең тағы айнып кетіп жүресің бе. Мұсылман болу үшін сен қазір сүндетке отыруың керек.

Қара халдай мына үкімді естігенде, өң-түстен айрылып, қу шүберектей ағарып кетеді. Бірақ келіспеске амалы жоқ еді.

— Жарайды, болсын, — дейді көпшілікке қарап. — Қайтейін, бастан құлақ садаға... Тек колы жеңіл, білетін біреулерін отырғызыңдар.

Сол-ақ мүң екен, желігіп алған жұрт сол кезде қырықтың ішін аралап кеткен Қара халдай мен оның ер жетіп қалған екі ұлын сүйреп ала жөнеледі. Сол арада ер адамды қолма-қол мұсылман қып жіберетін пішпеші қожа да табыла кетеді. Содан, не керек, Қара халдайды балаларымен бірлікте өз үйінің төріне каз қатар жатқызып қояды да, ел аралап жүретін Салахидден кожа өтпейтін ұстарамен кидалап отырып, үшеуін зорға мұсылман етеді...

Сібе жұрты айтқан сөзінен қайтпайтын бір беткей, жәйіл болады деуші еді, сол рас екен. Сол күннен бастап Қара халдай уәдесінде тұрып, мұсылмандық жолына түсті. Тіпті, Маншын өкіметі қайтып келгеннен кейін де сол жолдан тайған жок. Қазір жә деген сопының өзі. Ораза ұстайды, намаз оқиды. Жұма күні мешіттен қалмайды... Тек бір ұтылған жері — халдайлық дәрежемен қош айтысуға тура келді. Қазіргі аты — Қарабек. Әйелі, бала-шағасына дейін өздеріне қазақша ат қойып алған. Жалпы, алпысыншы жылдардағы көтерілістен қалған бір белгі болса, ол осы Қарабек шаңырағында қалып еді...

Қонақтар осындай кеу-кеу әңгімемен ет жеп, қымыз ішіп, далаға шыққанда, түн ортасы ауып кеткен еді. Ертең ұзақ жол күтіп тұр. Аска аттанатын жолаушылар суытқан көліктерін отка қойып, ертерек жатудың қамына кірісті.

Өз отауына беттеген Демежанды Керімбай қасына шақырып, үлкен үйге қарай ертіп жүрді. Екеуі оңаша қалған сәтте Демежан Ши-амбының айтқан сәлемін әкесіне түгел жеткізген. Алдағы шекара бөлісі туралы өз ойларын да ірікпей ортаға салған. Керімбай ойланып қалды. Төр алдындағы қара ала сырмакты бүгін көргендей, соның оюларын сызғылап біраз отырды да, түбегейлі жауап беруге асықпай:

— Ертеңгі Отыншының асына бізбен бірге сенің де барып кайтқаның дұрыс шығар, — деді баласына барлай қарап. — Ел көресің, жер көресің. Аска әр ұлыстың игі жақсылары түгел жиналады, солармен танысасың. Бұл астың тағы бір кажет жағы болып тұр. Ел мен ел бөлінгелі жатқанда, бізден басқа жұрттың аукымы калай екен, соны білуіміз керек. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» дейді ғой. Ши-амбыға қайтарар жауапты сонан кейін ақылдасып көрерміз.

Әкесінің сөзі орынды еді. Демежан қарсы болған жоқ. Сонымен ертеңгі аска ол да жүртпен бірге жүретін болды.

V

Ертеңінде ұлы сәске кезінде Төртуылдың әр руынан құралған жиыны елу-алпыс қаралы кісі атқа қонып, Мәмбетке қарай жол тартты. Ас — аттынікі, той — тондынікі. Бұл топқа, әрине, былайғы көп малшы-қосшы, шабан-шардақ, бейнеткор қауым ілесе алған жоқ. Әр ауылдың сүт бетінде қаймағы, серісі мен серкесі саналатындар ғана сұрыпталып шығып еді. Үстеріне бір киер тәуір киімдерін киісіп, астарына ер-тұрманы сайлы сәйгүлік аттар мініскен. Бұлар бірін-бірі тосып алатын межелі жерге сәл аялдап, бас-аяғымыз жиналып болды-ау деген мезгілде, Керімбай мен Сымайылды алға сала, дүрмекті топ болып, дүрк қозғалып жүріп кетті.

Араларында ертеңгі аста ел намысын қорғайтын, үкілеген жүйріктері мен осы елде жауырыны жерге тимей жүрген палуан жігіттері де бар. Желіккен топ енді соларды ортаға ала шоғыр-шоғыр болып, ошарыла жортып келеді. Дәмелі бәйге аттардың ішінде Сымайылдың атақты Наркызылы мен Керімбайдың сүліктей сұлу мүсінді қара каскасы бар еді. Ендігі бір алуан әңгіме сол екі аттың төңірегіне ойысып, әркайсысының қай жарыста қалай озғаны жайында ұзақ сонар сөз болды. Наркызылдың қазір шау тартып қартая бастағаны, бұл жолғы үміттің қара каскада екендігі жөнінде де айтылмай қалған жоқ.

Орта тұстағы бір қызу топтың арасында ертеңгі күреске сайланып шыққан екі дәу — Бөке мен Байсерке келе жатыр. Бөке — бұл күнде қырықтың ішін аралап кеткен, соңғы жылдары ептеп толыса бастаған, бақан бойлы, атан жілік алыптың өзі еді. Түйедей жалдас торының үстінде былайғы жұрттан иығы асып, төбедей болып тіпті окшау көрінеді. Әзірге көршілес отырған Төртуыл мен Жұмық ішінде Бөкенің жаурынын жерге тигізген ешкім жоқ. Тек осыдан екі-үш жыл бұрын Керей ішіндегі бір аста Мамырбек төренің бас палуанымен итжығыс түсіп, оның арты үлкен дауға айналып кете жаздады. Дегенмен бұрынғы атағы бар, алыстан келген сый конақтығы бар, бас бәйге Бөкеге тиген. Содан бері ол: «менің

бағым қайта бастапты, күресті қойдым» деп жүретін. Осы сапарға шығар алдында да Бөке: «Биыл денсаулығым болынқырамай жүр» деп көп тартынып еді, Керімбай онысын тындамай зорлап алып шыққан.

Ал Байсерке одан әлдеқайда кіші, ұзаса отыздарға енді ілінген, әлі беті қайтпаған кейінгі жас перілердің бірі еді. Бұл да ұзын бойлы, жалпақ жауырынды, жуан сіңір, сүйекті жігіт. Астындағы жіңішке жиреннің белін қайыстырып, екі тізесі аттың мойынымен жағаласып, ер үстіне бүктетіліп зорға сыйып отыр. Бұрын ат үсті шайқасында, көкпар мен аударыспақта аты шығып жүргенімен, Байсерке күреске түсіп күш сынаса қоймаған-ды. Өткен жылы құдай абырой беріп, Абдырадағы сібе-соланның атақты палуаны Байбатты алып ұрғаннан бері жас жігіттің даңқы аспанға ұшты да кетті. Ілбат-Байбат аталатын ағайынды екі дәу көп жылдан бері ешкімді бет қаратпай жүреді екен. Әсіресе Байбат туралы алып қашты әңгіме тіпті көп: оның қырмандағы екі шаңтасты екі қолтығына қысып жүре беретіні, астық толы алты пұттық ала қапты тісімен тістеп, көз көрім жерге апаратыны жайында неше түрлі дақпырт тараған. Айтты-айтпады, Байбат — денесі үйеңкінің түбіндей төртпақ, мықыр келген, ата салты бойынша, төбесіне тоқпақтай айдар қойып жүретін, нағыз шойқаранның өзі еді. Сол Байбат осы төңірек түгел қатысқан сібе-соланның «көк шыбық» аталатын мейрамында төбедей болып, ортада тұрып алмасы бар ма. Оның мына түрін көрген жұрттың қарадай зәресі ұшып, белдесетін адам шықпады. Қазақ жағы жасынқырап, онсыз да өздеріне жан теңгермей кеуде қағып жүретін халдайлар тобы тіпті әспенсіп, бел алып бара жатты. Үлкен қара арғымақтың үстінде шіреніп тұрған Бахалдай:

— Иә, шама-шарықтарына да қарағандарың жөн. Араларыннан белдесуге жарайтын жігіт шықпаса, құр намыстанғанда не бітіресіңдер? Одан да уақыт оздырмай бәйгемізді беріңдер, — дегенді ашық айтты.

Осы сәтте Сымайыл зәңгі шыдай алмай кетіп, топ ішінде тұрған Байсеркенің қасына тебініп жетіп келген.

— Бөденедей бүрісіп не қып тұрсыңдар, өңшең ез? Осы тойға еркек болып келіп, қатын боп қайтпаксыңдар ма? Сен туғанда да шешең бір қой қалжа жеген. Қиын қылса қабырғаңды сындырар; кәне, шық майданға! — деген қатал бұйрықпен.

Байсерке де үлкендер жағынан осындай бір намыска тиер әмір-бұйрықты күтіп тұрды ма екен, дереу үстіндегі шекпенін жұлып тастап, ортаға атылып шыға берген.

Келсең-кел деп дайын тұрған Байбат сүзеген бұқадай жер көшіріп, күректей қолымен құмдауыт топырақты көсіп алып, көкке қарай шашып жіберді де, екеуі шаппа-шап ұстаса кетті. Байсеркенің бойы биіктеу көрінгенімен, ананың қасында талдырмаш бала секілді. Дию неме жас жігітті тықсырып әкетіп барады. Ыңғайы келсе оң жамбасқа таман әкелмек тәрізді. Бірақ Байсерке ол әдісіне келтірмей, шаптан тіреп, ананы өзіне жақындатпай жүр. Осылайша қарсыласының арынын басып, титықтатып алмақ секілді... Бір мезетте, Байбаттың қолы белбеуден сусып шығып кеткен бір сәтте, «әуп» деп күш ала айғайлаған катты дауыс естілді. Байсерке көз ілеспес жылдамдықпен жүгіне беріп, Байбаттың ашасынан шап беріп ұстады да, сол күйі ес жиғызбай, басынан асыра тік көтеріп әкетті. Қара құстай қалбаң қақтырып, бір-екі рет айналдырды да, бар салмағымен қара жерге катты ұрып жіберді. Байсерке бақталасының басынан аттап былай шыға бергенде, Байбат сол жерде әлі қозғалмай жатыр еді. Есі ауып қалса керек, қазақтар өз палуанын көтермелеп ала жөнелгенде ғана, бет-аузы шаң-шаң болып орнынан тұрып жатты...

Байсеркенің атын шығарған алғашқы белдесуі, міне, осылай өтіп еді. Ертеңгі аста көрі тарлан Бөке мен жас пері Байсеркенің қайсысының маңдайы жарылып тұр екен? Көпшілік соған жеткенше асығып келеді...

Отыншының ауылы осыдан күншілік жерде, Барлықтың Алакөлге қарай салбыраған тұмсығында, Көкадырда отырған-ды. Төртуыл тобы жол бойы еш жерде аялдамастан суыт жүріп отырып, күн екіндіге таман еңкейе бергенде, аска тігілген қалың ауылдың үстінен шықты. Бұлақ бойындағы көк жасаңды жағалата, әр жерге шоғырландыра, қотандай қондырылған киіз үйлердің саны, әй, жетпіс-сексеннен кем болмас. Өңкей бір жаңа үзік, дөдегелі, жұмыртқадай ақ үйлер. Отыншыдай арыстың ең соңғы мерекесін аз ауыл Туматай емес, исі Мәмбет болып көтеріп алғаны көрініп тұр. Бұл астың ел жайлауға шықпай, ел мен елдің арасы қашықтамай тұрғанда, мынадай кең, жайлы коныста берілуі де алдын ала ойластырылған, берекелі елдің берік байламы тәрізді.

Төртуыл кісілері қалың нөпір боп ауылға тақай бергенде, алдарынан кілең жорға мінген кереші жігіттер шауып шықты. Алда келе жатқан Сымайыл мен Керімбайға сәлем беріп, жөн сұрасқаннан кейін, конақтарды төбе басында оқшау тұрған шағын топқа қарай бастап жүрді. Бұл жерде Мәмбеттің бүгінгі бетке ұстарлары, былайша айтқанда, осы астың иелері тұр еді. Іштерінде Тоқыр би, Әділбек, Жалбағай, Түйеші, Отыншының өз немересі Шәйі, Бапының Жамангөзі, тағы басқа білікті кісілер бар. Сымайыл, Керімбайлар тобы алдымен сол ас иелеріне сәлем беріп, «дұға қабыл болсын» айтты.

Екі жақ көріспегелі біраз жылдар өткен. Бұл күнде Тоқыр би де, Әділбек батыр да қатты қартайып, сирек тісті, селеу сақалды карттарға айналыпты Бұл екеуі де кешегі көтеріліс кезінде Отыншының үзенгі жолдасы, қанды көйлек досы болған адамдар. Тоқыр өз тұрғыласы Сымайылды көргенде сәл босаңсып, оның осыдан бірер жыл бұрын қайтыс болды деп естіген баласына көңіл айтты.

Бұлар ас иелерінен бөлініп, өздеріне арнап тігілген үйлерге қарай беттегенде, Шығыс жақтағы қыркадан тағы бір қалың шоғыр көрінген. Жол бастаушы, кереші жігіттер арасынан: «мынау — Мамырбек төре ғой. Керейлер де келіп қалған екен. Тез алдынан шығыңдар» дескен қарбалас сөздер естіліп, біреулері солай қарай шоқырақтап шаба жөнелісті.

Төртуыл кісілерін аска тігілген ауылдардың орта тұсындағы бір өнкей ақ үйлерге әкеліп түсірді. Бұлар аттан түсіп енді жайғаса бергенде, үстеріне осы Барлықтың сырты мен Еміл бойын мекендейтін Төртуылдың екі тобы Шоқан мен Кенжеғұлдар келіп жетті. Кенжеғұл тобын Ежебай, Шоқан тобын отыздың ішінде ел ағасы атанған Мәжен бастап келіпті. Ойдағы-қырдағы Төртуыл осы арада ұшарласып, мәре-сәре боп, шүркірасып қалды.

Ас беретін ауылға ара қонып әрең жеткен алыс елдің адамдары бұдан кейін де, қашан кас қарайып, ымырт үйірілгенше үзілмей келіп жатты. Ауыл адамдарының айтуынша, бұл аска шақырылған елдің аукымы тіпті мол көрінеді. Исі Байжігіт, көршілес отырған Керей мен Төртуылды былай қойғанда, өрдегі Тума-тоқпақ, Сыбан, Мұрын ішінен де келіп жатқан топ-топ адамдар бар. Күнгейдегі Жұмықты Енсе бастап келсе. Тарбағатайдың терiскейінен Саты, Сайболатты бастап, Құрман қажы мен аға сұлтан Бұтабай келіпті. Соған қараған-

да, Мәмбет осы жолы өзінің елдігін бір көрсетіп қалуға бел байлағаны анық. Соның айғағындай, былтыр Отыншы қайтыс болғанда, Әділбек айтты деген бір сөз де ауыздан-ауызға көшіп, қонақтар түскен үйлерге тез тарап кеткен:

— Мәмбеттің бар қатыны ұл туса да, соның бәрі Отыншы бола бермес. Ол кезінде алты арыска аты жайылып, ел алдындағы борышын өтеп кеткен адам. Ендігі қарыз — тірілер, біздің мойнымызда. Маркұмның бар ауыртпалығын ел болып көтеріп, асын да ел жадында қалатындай етіп, дұрыстап өткізейік, — деген екен.

Сол сөз бүкіл Мәмбет үшін әмір-бұйрықтай, шариғат заңындай қабылданып, ағайын арасындағы кіші-гірім кикілжің, өкпе-араздықты да кейін ысырып тастаған деседі.

Елдің сол берекесі бүгінгі көл-көсір дастарқан байлығынан да анық танылғандай. Дастарқанға төгіліп, желініп жатқан шақпақ қанты аралас қап-қап күрең бауырсақ пен сары май, жент секілді тағамдарда, саба-саба қымыз бен табақ-табақ етте қисап жоқ. Бұл кеште Отыншының ерлігі, тапқыр шешендігі туралы әңгімелер де көп айтылды. Баяғы Еженханға қарсы көтерілісі, сонда бүкіл Байжігітке ұйтқы болып соңына ерте білген Отыншының көреген көсемдігі, Манас бойына барғанда қарадан хан сайланғаны, бәрі-бәрі қайтадан сөз болып, жаңғырығып жатты. Төртуыл кісілерінің арасында ескі әңгімелерді майын тамыза кезек өрбітіп отырғандар — кезінде Отыншымен көп жолдас, дәмдес болған Сымайыл мен жас та болса өткен-кеткенді жақсы білетін, сұңғыла Ежебай еді.

Бір жылы Тарбағатайдың батыс сілеміндегі Қараағаш деген жерде Арғын — Найман арасындағы көп дау-шарды шешетін үлкен сияз болыпты. Арғынның сөзін Тіленшінің Алшынбайы ұстағанда, Найманның сөзін Құлдың Отыншысы ұстап, екі жүйрік тіл мен жаққа ерікті берген екен деседі. Екеуі алғаш жолыққанда, Алшынбай әдейі Найман биін ықтырып алғысы келіп:

— Мына басы бармақтай, құлағы жарғақтайың кім еді? — депті Отыншыны жорта танымағансып. Сонда Отыншы жұлып алғандай:

— Басым бармақтай болса сұңқар шығармын, құлағым жарғақтай болса тұлпар шығармын. Ал мына тұз түйген келсап бастанған жалпақ сары, тазың кім болады? — деген екен.

Осыдан кейін екі би жақсы тіл табысып, Арғын мен Найман арасында көптен ушығып бітпей жүрген талай дауды қапысыз шешкен екен деседі. Алшынбай мен Отыншы арасындағы сыйластық бертінге дейін үзілмей, жақсы жалғасқан көрінеді. Кейін Отыншы біреулердің көрсетуімен Семейге айдалып барғанда, Алшынбай бар беделін салып жүріп, өзінің досын босатып алыпты...

Демежан әкелері түскен үйде, үлкендерден сәл төменірек, Көксеген мен Байсеркенің қатарында отырған. Көксеген — Сымайылдың екі-үш атадан қосылатын немере інісі, көп сөйлемейтін, мінезі ауыр, бұйығы жігіт. Баяғы жаугершілік кезінде әкесі Олжабай батыр оққа ұшып, туыстарынан көз жазып қалған бала бір бай дүнгенге жалшы боп жүрген жерінен Сымайыл зәңгі іздеп тауып алыпты да, үйлендіріп, ел қатарына қосыпты. Қазір Көксегеннің де кәрі зәңгінің тәрбиесінде ел танып, жер танып жүрген кезі болса керек. Өзі аздап қытайша біледі. Түбі Қараменденің сөзін осы жігіт ұстап қалуы да ғажап емес. Ал әке жолын ұстайтын Сымайылдың өз баласы тым жас... Кішкентай Күдері бүгінгі ұзақ жүрісті көтере алмай шаршаған болар, шай ішкеннен кейін маужырап біраз отырды да, мойны бұралып ұйықтап кеткен. Көксеген оны ірге жаққа жайлап жатқызып, басына жастық тастады.

Төрдегі әкелер сөзіне құлақ қоя отырып, Демежанның бір таң қалғаны, кәрі құлақ үлкендердің өткен-кеткен тарихи оқиғаларды сұмдық көп білетіндігі. Және нені айтса да, бұдан жүз жыл, екі жүз жыл бұрынғы ескі шежірені қозғаса да, соның айы-жылына дейін жаңылмай, қатысқан адамдардың аты-жөніне дейін шатастырмай, хатқа жазылғандай етіп, төндіре әңгімелейтіні қызық. Әлдекашан өшуге айналған қоламтаның жылтыраған әлсіз шоғын үрлеп қайта тұтатқандай, есте жоқ ескі оқиғаның өзін лезде маздатып жібереді. Соның бәрін есте ұстап, жіпке тізіп жүретін зейін-зердеге қалай таң қалмассың Қанша оқыдым, білдім дегенмен, мына ақсақалдардың қазақы қисынға келгенде өзінен әлдеқайда жүйрік, білікті екенін танып отыр. Қай жағынан қарасаң да, әкелер өмірі күрес-тартысқа, елдің елдігін сақтап қалу жолындағы шытырман шайқаска толы болыпты. Ал қатал тағдыр ендігі жас ұрпаққа, мына Көксеген мен Күдеріге, мұның өз басына қандай сыбаға дайындап отыр екен? Бұлдыр тұман арасынан болашақты болжау киын еді.

Демежанның сонан кейінгі бір ұққаны — адам баласына, ел-жұртқа жасаған жақсылық өлмейді екен. Өз еңбегіңнің қарымтасы кейде тірі кезінде қайтпаса да, өлгеннен кейін болса да ағайын жұртың алғыспен еске ала жүреді екен. Бүгінгі Отыншының мына асы — соның бір айғағындай... Бірақ сонда Отыншыға орнаткан ел ескерткіші — осы ас қана болғаны ма? Бүгін жүздеген қой сойылды, ондаған жылқы жығылды. Ішті, жеді, тарады — не бітті? Соның бәрі осы қоныста қала бермей ме? Рас, қалың ел көпке дейін еске ала жүрер. Биыл туған баланың жасын, түсірген келіннің жылын осы Отыншы асымен орайластыра есептер. Бірақ одан не шықты? Қолмен ұстап, көзбен көрерлік тұлдыры жоқ күр сөз ғой бәрі де... Әлде бұл халық ең асыл қоймасын, кейінге қалдырар қазынасын да өзінің сұлу сөзіне, жаңылмас жадына сеніп тапсыратын болғаны ма? Бүгінгі аска сойылған малдың өзімен-ақ Отыншының басына алыстан көз тартатын, алтындаған алып күмбез орнатуға болар еді ғой...

Бір мезетте Демежан өзінің сыншыл ойынан сергіп, селт етіп басын көтеріп алды. Үлкендердің әңгімесі бірден-бірге ауысып, ақыры бүгінгі күннің ең негізгі тақырыбы — екі ел арасындағы шекара мәселесіне ойысыпты. Жеке бұл үйде емес, бүгін аска тігілген барлық үйлерде осы туралы сөз болып жатқаны анық. «Шекара сызығы тартылады» деген қауесет дәл қазір көшпелілер үшін «бәлен жерде әлдебір құбыжық, не айдаһар шығыпты» деген сұмдық хабардан кем соғып тұрған жоқ. Бұрын қазақ ортасында біреу орысқа, біреу қытайға қарады деген жай ауызда айтылатын сөз болмаса, бір елді екіге айырып тұрған ондай айқын меже жоқ болатын. Тек алман-салықты әркайсысы әр патшаға төлейтіні бар-ды. Әйтпесе осындай ас пен тойды бірге өткізіп, жер дауы мен жесір дауы сарапқа түскенде, екі жақ бір төбе бидің аузына қарап отырмайтын ба еді... Шекара сызығы деген не пәле тағы да? Қазақтың малының тұяғы жеткен жер — өрісі, түйесінің қомы шешілген жер — қонысы. Осыдан артық қандай шекара керек? Құдайдың жалпақ жатқан кең даласы мен құз-қиясын ұшқан құстан өзге әрі-бері ешкім өте алмайтындай етіп, сызық тартып, қоршап алу дегенді кім ойлап тапты екен? Осында отырған үлкендер қанша ырғасса да, жаңағы сұрақтарға жауап таппай, түйыққа тіреле береді.

Мұндайда Қызылбаланың өзінше бал ашып, болжам айтып отыратыны бар еді. Сол әдетімен:

— Өткенде Ши-амбы мен Шәуешектегі орыс консәлі әлденеге таласып ұрсып қалды деп еді. Сол екеуі ақыры келісе алмай, өзара енші бөліспек болғаны ғой, шамасы? — деген алға таман итіне түсіп.

Бірақ оның сөзіне үйдегілер қанағаттана қоймады. «Кәне, сен не білесің» дегендей әркайсысы бірінің бетіне бірі қарайды. Үлкендер жағы Керімбайға жалтактай береді. Бірақ ол алдымен басқалардың анысын аңдығысы келе ме, әзірге ішін аша қоймай, түйық отыр. Осы отырғандардың көбінен алғыр, зерделісі Кенжеғұлдың биі Ежебай болатын. Сол дәл қазір Керімбайдың қозғала қоймасын іштей сезді де, өзінен төменірек жастардың қатарында отырған Демежанға назар аударды. Қияқтай қара мұртын ширатып, сұлу, дөңгелек жүзін осылай бұрып, жантартып күле қарады да:

— «Ақыл — жастан, асыл — тастан» дейді, Демежан шырақ. Қазір өкімет қызметінде, Ши-амбының оң қолы боп жүрген, көзі ашық жігітіміз — өзіңсің Ендігісін сен айтшы. Шекараның жайын түсіндірші мына қамалған халқына, — деп көптің атынан бір сауал тастады. Сол-ақ мұң екен, оны басқалар да қостап:

— Иә, Демежан айтсын.

— Біз текке қара тер болып жүргенде, ұлықтың өзі отыр екен ғой қасымызда.

— «Балықтың тілін бақа білер» деген. Ши-амбының тыққан қоймасын бір білсе, осы Демежан біледі, — дескен колпаш сөздер естілді.

Демежан аяқ астынан мұндай сұрақ қойылады, жұрт назары бірден өзіме ауады деп ойламаған. Алғашқы сәтте кәдімгідей қысылып қалды.

— Шекара сызығының тартылатыны рас, ағайындар. Жақында Шәуешекке сол межені белгілейтін екі жақтан да арнайы комиссия келмекші, — деп сөзін кібіртіктеп бастап, сәл кідірді де, ар жағын түзеп әкетті. — Мұны, әсілі, бергі Ши-амбы мен консул Балкашин ойлап тапқан орта жолдағы бірдеңе емес, Ақ патша мен Еженханның арасындағы жер бөлісі деп ұғыңыздар. Өздеріңізге мәлім, қазір іргелес отырған екі ұлы мемлекет өздеріне тиесілі аймақтарды түгел қаратып болды. Біреуі батыска, екіншісі шығыска қол созып, жылжи-жылжи келді де, ақыры ілгері басатын жер қалмай, тақасып қалды. Енді бұл мемлекеттер өзімдікі деген өлкеге меже белгілемей, сызық

жүргізіп, қазық қақпай отыра алмайды ғой... Ал Ши-амбы мен Балкашин сол бұйрықты орындаушылар ғана.

— Сонда шекара сызығы қай жерлерді басып өтпекші? Шәуешек қай жағында қалады? — деді Ежебай алға таман ұмсына түсіп.

— Шәуешек, әрине, Қытай жағында қалады ғой. Сонша жылдан бері жау балшық — жамбыл салып жатқан қаланы Еженхан қолдан шығара қоя ма?

— Ал Құлжа ше? Құлжаныз қазір орыска қарап кеткен жоқ па?

— Құлжаның он жылдай орыска бағынғаны рас. Бірақ өткен жылы орыстар ол қаланы да Қытайға қайтып берді. Сірә, оның есесін Алтай жағынан қайтарды-ау деймін... Ал шекараның өтетін жолына келсек, қазіргі мөлшер бойынша, ол Алтай мен Тарбағатай тауларының қыр жотасымен жүріп отырып, Ақшоқының тұсынан түстікке қарай бұрылады да, Бақты қыркасын, Аркарлы жазығын кенерелеп, Барлық тауының батыс тұмсығын кесіп өтіп, Жоңғар Алатауын жоталап, ары қарай созыла бермек... Бұл, әрине, әзірше қағаз бетіне түскені. Ал іс жүзінде талай-талай ауыс-түйіс болатыны сөзсіз.

Мына сөзді естігенде, үйдегілер тіпті дүрлігісіп, аранын ұясындай гуілдеп кетті. Әншейінде үлкеннің аузын бағып, ізет сақтап отыратын жастар жағы да өздерін ұстай алмай қалды.

— Мәссаған, мынау қызық болды ғой!

— Сонда осы екі ортаны жайлаған қазақ ауылдары қайда барып күн көреді? Жайлауы бір жақта, қыстауы екінші жақта қалатын болғаны ма?

— Халық керек болса, Ақ патшасы ма, Еженханы ма, қазақты бөліп-жармай-ақ тұтас неге қаратып алмайды?

— Әй, осылар адам таппай отыр дейсің бе? Екі патшаға да адамнан гөрі алдымен жер керек болғаны ғой, — дескен ызалы, күйініштi сөздер әр тұстан шақпақтай шағылып, зорға дегенде саябыр тапты. Әркайсысы өз тағдырына қатысты үлкен бір сын-сағаттың тақау тұрғанын сезініп, тығырыққа тірелгендей үнсіз отырып қалған.

Шекара сызығы осы өлкені мекендеген қазақ руларының ортасын қақ жарып өтетіні сөзсіз. Олар енді қай елге қараса да, екі жақтың бірін таңдауға тура келеді. Бірақ сол таңдауы құрғыр онайға түсіп тұр ма? Сонда екі елдің қайсысына қараған жөн? Ақ патшаға ма, әлде Еженханға ма? Бұл сұраққа кезінде «бір

басында қырық кісінің ақылы бар» небір хандар мен билер де жауап таппай, шақшадай басы шарадай болғаны тағы белгілі.

Иә, не істемек керек, шынында? Аска жиналған Төртуылдың игі жақсылары біраз дуылдасып келіп, ең соңында «не айтасыңдар?» дегендей Керімбай мен Сымайылдың аузына қарады. Ши-амбыдай ұлықтың арнайы сәлемін естіп, ішгей бір қорытындыға келіп қойған Керімбай бұл жолы да көмей көрсетіп, бірден шешіле қоймады. Не де болса, Төртуылдың ендігі ақсақалы Сымайылды алға салып, соның аужайын түймек.

Сымайыл — көп бұлтарыс-қалтарысы жоқ, ескінің адамы ғой. Кәрі зәңгі басын көтеріп, бурыл қасты қалың қабақтың астынан әлдебір нүктеге тұнжырай қарап отырды да:

— Е-е, «Кеден кеден болды, кедергі неден болды» дейтін емес. О баста тағдырдың жазуы солай болса, одан асып біз қайда барамыз? Қазақтың қонысын малының өрісі билейтін қашан да. Сол малдың соңынан ілесіп көше-көше, темір ноқтаны басымызға қалай киіп алғанымызды өзіміз де білмей қалыппыз ғой. Өз билігіміз өзімізде тұрса, бір сәрі. Біз үшін патшалар билік айтып жатқанда, біз не деуіміз керек? — деп сәл бөгеліп барып: — Барар бағытым, Қағбам сонда ғой деп батыска көшер едім. Ал бірақ Төртуыл келіп жайласын деп, жайлауы мен қыстауын дайындап отырған кім бар? Маған салсандар, Тарбағатайдың күт дарыған күнгейін тастап, ешқайда ауа көшер жайым жоқ, жарандар. Әкем Жабағының, тіпті оның әкесі Табылдының бейіті осында жатыр. Сақалымның ағында, өлерімнің шағында мен қайда барып сыймақпын? Қайтейін... Сол әкемнің басы қалған өлкеде қалдым мен-дағы! — деп бір-ақ кесті.

Сөз тізгінін берерін берсе де, кәрі көкжал қай жерден барып шығар екен деп, Керімбай іштей қыпылдап отыр еді. Жоқ, картың жарады, қалың шытырманнан шашасына шаң жұқтырмай, нысаналы жерге тура алып шықты.

— Айналайын, ағаеке-ай, көңілдегі барды айттың, шынды айттың-ау! Ендеше біз де токтадық осы батагөй сөзіне! — деді ол Сымайылға қарап. — Жарылғанды жау алады, бөлінгенді бөрі жейді. Осы Құлыстай қай патшаға қараса да, түгел Төртуыл осында мекен теуіп қалатын болайық. Ертең елге барған соң, алыс-жуыққа жаушы шаптырып, жар салып айтатын соңғы байлам да осы болсын, — деген.

Осы ой талайының-ақ көкейінде отырса керек. Керімбай сөзін бітірген кезде, әр тұстан:

— Мақұл. Сөз түйіні осы болсын!

— Ағайын-туғанға осыны жеткізейік.

— Тек әркайсымыз әр жаққа тартпай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын болайық, — десіп отырғандар шулап кетті.

Төртуыл кісілері өз бағыттарын белгілеп алған соң, енді күнгейдегі басқа рулардың болашағына сәуегейлік жасай бастаған. Алдымен Дөрбілжінге қарайтын Жұмық жағын әңгіме етісті. Қара Емил мен сары Емілді, Қырықошақ пен Қотанашы-Қожырды, Майқайың мен Шолақарданы тастап, олар да ешқайда кетпейді деген болжам айтылды. Ежелгі мекендері Тарбағатайдың теріскейіне көшер еді, бірақ ол жақта қазір қалың Тәуке мен Саты-Сайболат иін тіресіп зорға сыйып отыр. Оның үстіне, Жұмықты қақ бөліп алған Бұтабай мен Еңсенің басы бір қазанға сыя бермейді. Ендеше бұл елді де Құлыстайда қалды деп есептей бер.

Ал Керей мен Уақ туралы бас қатырып, сөз етпесе де болады. Өйткені бұл екі руды Майлы мен Жәйырдан сойылдап қусан да кетіре алмайсың. Керейдің бір бөлігі Алтайдан ауып, Тарбағатай өңіріне келгеніне жиырма-отыз жылдай ғана уақыт болды. Малына өріс, өздеріне қоныс таппай, Алтайдан тасып төгілген қалың Керейдің бір бөлігі Монғол жеріне — Боғдаға қарай ауса, екінші бір қалың тобы түстікке қарай ішкерілеп, сонау Еренқабырға, Баркөлге дейін барып қалды. Жалпы бұл Шығыс Түркістанда Керейден тамырын тереңге жіберген ру жоқ. Өздерін және Төрелер билейді. Алтайдан Майлыға көшкендер Көгадай тұқымы Мамырбек төрені ала келіп, бар билікті соның қолына жиып бергені тегін дейсің бе. Демек, Мамырбек те бұдан былай сақа айғырдай сақылдап, қарауындағы елді ешқайда шашау шығармасы анық.

Мұнда, басқа руларға қарағанда, кілең шекара бойын жайлаған Мәмбеттің жағдайы қиынға соғуы мүмкін. Өйткені Мәмбет руларының қонысы Шығыста Емілдің сол жағасын бойлап, Шағантоғай, Барлыққа дейін барса, батыста Алакөл, Қатынсу, Қараталға дейін созылып жатыр. Егер шекара сызығы осы өлкені қақ жарып өтетіні рас болса, онда жазда Барлыққа жайлауға шығып, қыста көл бойындағы құмды қыстайтын ауылдарға өте қиын болады. Соған орай, қазір Мәмбеттің ру басылары ауыз бірлікке келе алмай, екіге жарылып тұрса керек. Жалбағай мен Түйеші бастаған бір тобы

Еженханға карай ауытқыса, бір кезде көтеріліске қатысып, Маншынға жаманатты болған Әділбек. Токырлар тобы Ақ патшаға қарағанды қолайлы деп есептейтін көрінеді. Не де болса, осы жайлау үстінде шиеленісіп тұрған талай түйіндер шешілуге тиіс.

Сонымен, көзі тірісінде ел қамқоры атанып, қол бастап жауға шапқан, өз елінің азаттығы үшін күрескен Отыншы бидің бұл асы қалың қазақтың басын қосатын әншейіндегі көп дүрмектің бірі емес, халық тағдыры таразыға түсер тарихи сын-сағатта өзара ақыл-кеңес құрып, болашақ бағыттарын белгілеуге жағдай жасаған, аса бір мәнді жиын болды. Бұл кеште әр рудан келген дуалы ауыздар сөзден босамаса, былайғы қалың көп ауыз ет пен қымыздан толас таппады. Талай саба сарқылып, құнан қойлардың сүбесі мен жамбасы, семіз тайдың жылы-жұмсақ тілшесі мен қартасы ошарылған жұрттың оқпанын толтырумен болды. Ақыры ас беретін ауыл қонақтарын жаткызып, таң алдында біраз тыным алғандай болып еді. Ертенінде күн көтеріле бере кешегі құжынаған тіршілік қайта қызды.

Бүгін астың негізгі күні. Түске карай ас табағы тартылып, одан ары қалың көпшілік әр түрлі ұлт ойындарын тамашалауға тиіс. Ат шабысы, жорға жарысы, жамбы ату, палуан күресі... Бүгін таңда көз іліп кірпік айқастырмаған біреулер болса, олар — бәйге аттарының бапкерлері еді. Бүгінгі жарыста ат өнері ғана емес, оны баптаған адам өнері, ел намысы сынға түспекші. Сондықтан Тойшыдай сырқынды атбегілер кеше кештен бастап әр елден келген атақты бәйгелердің бабын байқасып, аңыстарын аңдысып, тыным таппаған. Сонымен бірге өз аттарын да көзден таса қылмай, беретін жемін, ішетін суын құс қайырғандай өз қолдарымен өлшеп беріп, түні бойы күзетісіп шыққан

Бәйге аттар бұл жолы отыз шақырымдай жердегі Дәкінің кара сазынан қайтатын көрінеді. Жиыны сексенге жуық үкілеген сәйгүліктерді жана, ұлы сәске кезінде он шақты адам бас-көз болып, аян жүріспен ат қайтатын жерге айдап алып та кетті.

Салт бойынша, таңертеңгі шай мен ас табағы тартылатын арадағы әредікте әр елдің басты-басты адамдары Отыншының өз үйіне кіріп, марқұмға соңғы рет құран оқып шығуға тиіс болатын. Төртуыл жағынан Сымайыл, Керімбай, Ежебай бастатқан бір топ атқа мініп солай қарай бет алғанда, Демежан

оларға ілеспей, өзі құралпы жастардың қасында тұрып қалғанды. Керімбай атының басын іркіп, артына бұрылды да:

— Сен неге тұрсың? Жүр бізбен бірге, — деді қысқаша бұйрық етіп. Бұл жалма-жан атына мініп, әлгі топпен қатарласа бергенде, әкесі сөзін қайта жалғады. — Ас пен тойға бару дегенің — ет жеп, қымыз ішіп қайту емес, ел көру, жұрт тану болмақ. Қазір Отыншының қара шаңырағына осы төңіректің сорпа бетіне шығары түгел жиналады... Біз кетеміз өмірден. Ертең сенің алысатын да, аңдысатын да адамдарың солар болады. Осы бастан сөздерін тыңдап, көмейін көріп, таныса бер, — деп аз бөгелді де. — Сонан соң аска өзіннің қайын атаң Күрекең де келіпті дейді. Сол кісіге барып сәлем бермейсін бе? — дегенді қосып қойды.

Демежан үндеген жоқ. атын тебініп үлкендердің соңынан ілесе берді. Әкесінің бұл аска өзін неге ертіп әкелгенін енді ғана пайымдай бастаған. Бар ғұмыры күрес-тартыспен өткен сұңғыла әке көзінің тірісінде баласын ел келесіне араластырып, баулығысы келеді екен. Дос қайсы, жау қайсы, болашақ бақталасы кімдер, біле берсін дейді осы бастан. Сонымен бірге әкенің арғы түкпірінде жат жұртқа өзінің ер жетіп қалған ұлын көрсетіп, Керімбайдың мұнымен бітпейтінін, өзі өлсе артында өсіп келе жатқан жеткіншегі, жас бөлтірігі бар екенін сездіру мақсаты да жоқ емес сияқты. Онайшылықпен ашылмайтын, танылмайтын, кос қыртыс қалтарысы қандай көп бұл үлкендердің?! Демежан соған таңданады... Дегенмен әкесінің жаңағы сөзіне бұл түгелімен ұйып, қосыла қоймады. Егер мұның болашақта алысатын, аңдысатын «жаулары» — бүгін Отыншыны бірге жоқтап, қатар қайғырып отырған өз ағайындары, өз руластары болса, онда бұл тіршілікте не мән қалады? Жаман ұры секілді өз қорана өзің түсетін болсаң, сол үшін көш бастап, азамат атанып керегі не? Күшің тасып бара жатса, күресемін, алысамын десең, жағасын жыртар жау жоқ па айналаңда? Осындай бір бұлдыр, алыс ойлар Демежанның басына бұрын да талай келетін-ді. Қазір сол ойлары тұман қабатынан аршылып, айқындала түскендей болды.

Отыншының өз ауылы аска тігілген үйлердің бас жағында, көрнекі жерде бөлек отыр екен. Кілең бір ақ үйлердің айналасы карбалас қимылға толы. Еркектерден гөрі ақ жаулықты, кимешек-шаршылы әйелдердің қарасы молдау көрінеді. Төртуыл кісілері таяғанда, үлкен ақ орданың сыртындағы кер-

меге екінші жақтан өншең баран ат мінген, ер-тұрманы сайлы, тағы бір сәнді топ келіп түсіп жатты. Ас иелері тегіс осында жүр: Тоқыр, Әділбек, Жалбағай, Шәйілер қонақтарды үй сыртында тұрып қарсы алды. Ат-көлік амандығын, кешеден бергі сый-күтімдерінің қалай болғанын сұрап жатыр.

Жаңа қатарлас келіп түскендер — теріскейдегі Сайболаттан келген Құрман қажылар тобы болып шықты. Жас жігіт кезінде «Қоныз батыр» атанған Құрман қажы — Төртуыл ауылдарымен ежелден сыйлас, әрі Керімбайға қыз беріп отырған құдандалы кісі. Екі жақ жайлау үстінде бір-біріне тақау, аралас отырғанымен, қыс қыстауы шалғай тартып, алыстап кететін-ді. Көптен көріспеген құдалар құшақ айқастырып, төс түйістіріп, шұркырасып қалды. Құрман қажы бұл күнде жасы елуге тақап қалған, еңсегей ірі денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, сүйегі тұтас, ер тұлғалы адам еді. Ана жылғы көтерілісте айрықша көзге түскен қас батырлардың бірі. Білетіндердің айтуынша, тұла бойында найзаның ұшы тимеген, не ок жалап өтпеген сау жері жоқ деседі. Кезінде найза жырып кетіп, қазір сетік боп біткен он жақ танауының тыртығы да — сол сөздің растығын дәлелдегендей. Құрман қажының бұрынғы батырлығының сыртында, ел-жұртқа сыйлы боп көрінетін тағы бір себебі, осыдан бірнеше жыл бұрын исі Сайболатта алғашқылардың бірі болып, Меккеге, қажы сапарына барып қайткан. Бір кезде бетіне жан келтірмес атақты батырдың бұл күнде қой аузынан шөп алмас, біралар сопыға айналуы көп жұртты қайран қалдыратын.

Құрман қажы Керімбай, Сымайылдармен төс түйістіріп, қазақтың алма-кезек айтылатын ұзын-сонар аман-сәлемі аяқталған кезде, өзіне иіліп сәлем берген күйеу баласы Демежанға назар аударды.

— Дені-қарның сау, аман жүрсің бе, балам? — деді мұның бас-аяғына барлай көз тоқтатып. — Менің Бибі деген тентек қызым бар еді... қол-аяғы сау жүріп жатыр ма, әйтеуір?

— Аман-есен... Өзіңіз де сау-саламат жүріп жатырсыз ба, Қажы-еке? — деді Демежан мұндайда үлкен адамға не айтарын білмей. қыска қайырып. Баласының сөзін Керімбай толықтыра түсті.

— Бибі баламыз да өзіңізді сағынып, әрең жүр-ау деймін. Биыл ел жайлауға шыққан соң, төркіндеп барып қайтатын шығар, құдай бұйырса.

Бұлар үйге кіруге асықпай сыртта сөйлесіп тұрғанда, бір жақтан Мамырбек төре бастаған Керейлер тобы мен Еңсені ортаға алған Жұмық кісілері де келіп қалды. Еңсенің де, Мамырбектің де қырыққа енді ілінген жас кездері. Бұлар өздерінен бұрын келген үлкендерге қол қусыра сәлем беріп, кішілік ізет көрсетті.

Күткен адамдары түгел келіп болды-ау деген мезетте, ас иелері қонақтарды үлкен ақ ордаға қарай бастап жүрді. Сегіз қанат үлкен ақ үйдің оң жақ босағасында ұшына қара байлаған ақ ту ілулі тұр. Отыншы қайтыс болғанда, Тоқыр би өз қолымен әкеп қадаған қаралы ту осы. Жыл бойы сол орнынан қозғалмаған, қайғылы қазаның бас белгісі болған қара бүгін ас тараған соң жығылуға тиіс. Кісілер үй сыртына таяғанда, іште топ әйел әсем созып, қосылып айтқан «дауыс» басталды. Өлікке арналған соңғы жоқтау, соңғы жыр.

Қонақтар төр алдына келіп жайғасқаннан кейін де, жоқтау жыры тоқтамай жалғаса берді. Үйдің оң жағында, шымылдық ішінде Отыншының қыз-келіндерінен құралған бес-алты жас әйел отыр. Сол жас өнерпаз, әнші әйелдер бүйірлерін таянып, мұңды сарынмен біркелкі үн қосып, әндете шырқағанда адамның сай-сүйегін сырқыраткан жоқтау жыры алыстарға жетіп, шырқау көкте қалықтап тұрып қалғандай болады. Жыл бойы осы сарынды сан рет қайталаған әншілердің әбден жұптасып, төселіп алғаны байқалып тұр. Дауыстарында бір мүдіріс, іркіліс жоқ, жібек талдай созылған мұңды саз оқта-текте өзекті өртеген күйікпен «аһ» ұрғандай сәл үзіліс жасайды да, іле қайта көтеріліп, шарықтап кетеді.

Отыншыдай ел қамқоры ерді айтады. Қара тілден бал тамызған биді айтады. Туған халқы үшін қабырғасы қайысқан, ел шетіне дау келсе, суырылып сөз ұстаған сұңғыланы айтады. Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде қолына шашақты найза ұстап жауға шапқанын жырға қосады. Арыстанмен алысып, жолбарыспен жұлқысқанын, Еженхандай азулымен тірескенін мактан етеді. Осының бәрін термелей тізіп келген мұңды қыздар:

Тобышақтың құлыны
Торқалы көшке жанаскан.
Түзу жолға салатын,
Талайсыз жүртты адаскан.
Ақылмен айтқан кеңесін

Ақ жамбыға баласқан,
Дүнгендер майдан ашқанда,
Ел қайтқанда Манастан ..
Атакемнен айрылып
Басқа бір төнді-ау қара аспан! —

деп бір тоқтаған.

Бұдан ары «дауыс» айтушылар бүгін келген қонақтарды санамалап, тілге тиек етісті. Көп айтты, көп жылады деп сөкпесін халайық. Отыншыдай есіл ер арамызда енді жоқ, қайтып келмес, белгі бермес алыс сапарға аттанды. Бірақ әкелері өлгенмен, сол әкені көре қалғандардың көзі тірі, қатары бүтін. Кеше жорық жылдарында үзеңгі қағысқан Құрман қажыдай інісі, Сымайылдай сырласы келіп отырғанда, Еңседей ел ағасы, Мамырбектей манабы марқұмның орнына келіп құран оқығанда, мұнда айтпаған зар-мұндарын кімге барып айтады? Тағы кімге шағады? Енді артында қалған жас ұрпақ, қатар-құрбысы, ел-жұрты аман болсын. Көңілге соны медеу тұтып, сабыр сақтамаска амал не?!

Жоқтау жыры осылай аяқталғанда, Құрман қажыдай бірадар сопылар, Сымайылдай үлкендер әлдебір қарттық уайыммен көздеріне жас алып, егіліп жылап отыр еді. Сымайылға сөгіс жоқ, көрілігі жеткен, қазалы, қамкөңіл адам. Ал Құрман қажыны бұрын білетіндер: «мына кісі қажыға барып, құдайдың үйін көріп қайтқалы, катты жұмсарып, құдайшыл, діншіл боп кеткен екен-ау» деп іштей таңданысып қалды.

Көп ұзамай дастаркан жайылып, қымыз құйыла бастаған. Бұл отырыста бір-бірінен бой бақкан әр елдің жуандары көп шешіле қоймай, биылғы көктің шығысы, мал тойынысы жайында ғана өңгіме қозғап отырды. Қақ төрдің басына жас мөлшеріне карай Сымайыл, Құрман қажы, Керімбайлар жайғасып, Мамырбек пен Еңсеге орын төменіректен тиіп еді. Еңсенің жөні солай. Ол — бұл елге күйеу, Әділбектің туған карындасын алып отырған адам. Ал төрден орын тимеген Мамырбек «төре сыйлап көрмеген» калың Найманға іштей жыны келіп, қабақ ашпай, тырсылдап жарылғалы отырған жайы бар.

Мамырбек — баяғы Алтайдағы Абақ Керейдің өздеріне хан-сұлтан ету үшін Абылай ханнан ат-түйедей калап сұрап алатын Әбілпейіс төренің шөбересі. Бұл күнде жасы қырыққа жана келген, ұзын бойлы, кең иықты карасұр жігіт күйкасы-

ның әр жерінде аламыш төбелі болғандықтан, басына үнемі кестелі тақия киіп отырады... Әбілпейістен кейін Керейді ұзақ жыл оның баласы Көгедай төре биледі. Көгедайдан Ажы мен Адеке деген екі ұл туған-ды. Осы ғасырдың ортасына дейін билік басында, көбінше Ажы төренің балалары отырып алды да, Адекеден тараған Мамырбекке шен-шекпен жағы жетіңкіремей, сонан соң бұл, амал жоқ, Тарбағатайға ауған Керей ауылдарының соңынан ілесуге мәжбүр болды.

Мамырбек жасынан барымташы, қолшыл, қарулы жігіт болатын. Осы бертінге дейін қолына жігіт ұстап, ұрлыққа аттанып, үнемі жортуылда ат үстінде жүретін-ді. Керей атаның қайда жүрсе де төресіз отыра алмайтын әдеті. Бұл елдің көп рулары Майлыға келіп орныққан соң, Мамырбекті өздеріне төре сайлап, атақты Қоңыроба сазын меншікті қоныс етіп, алдына көп мал салып берді. Содан кейін-ақ жас төренің бағы жанып, тасы өрге домалап жүре берген. «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» дегендей, ауып келген Керейдің аз ауылын бір өзі жеке билеп, қазір шылқа майдың ішінде қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүрген кезі еді.

Ал қатар отырған қалың Байжігіт пен Төртуылдың дәл ондай төре құмарлығы шамалы-тұғын. Жалпы, наймандар баяғы Барақ сұлтаннан кейін төреге бағынып көрген жоқ. Сондықтан олардың асыл текті артықшылығын да мойындай бермейтін. Айдаладағы ақсүйек төреден гөрі өздерінің ақсақал, би, батырларын көбірек тыңдап, соларды әтуер тұтатынды. Ал Төртуыл мен төрелердің арасында ушығып бітпей келе жатқан ескі жара, ежелгі кек тағы бар. Оған себеп, әйгілі Көгедай төренің құны әлі күнге дейін Төртуылдың мойнында. Бір барымтада Көгедай Қара Ертіс бойында Төртуыл жігіттерінің қолынан қаза болған.

Бір жолы төренің жылқысын түнделетіп барып, Тәукебала бастаған Төртуыл жігіттері айдай жөнеледі. Барымташылардың өкше ізіне түскен басқа қуғыншылар ілесе алмай адасып қалғанда, Көгедай жалғыз өзі жүйрік атпен қуа беріпті. Жігіттер әбден ұзап шығып, Кендірліктің тұсына келгенде, сондарынан қалмай қойған жалғыз қараны бір қалтарыста тосып тұрады да, сойылмен бір-ақ қағып ұшырып түсіреді. Оның Көгедай төре екенін әлгілердің ешқайсысы танымаса керек. Қолдарына түскен қуғыншыны сол манда жайылып жүрген бір өгізге мінгізіп, аяғын астынан шандып таңады да,

төренің ауылына қарай айдап жібереді. Қанғыбас өгіз ауылға бірден бара қоя ма, қалың қопаның арасында Көгедайды маса талап, күп болып ісіп кетеді де, ақыры содан оңала алмай, үйіне жеткен соң ұзамай қайтыс болады... Одан арғысы белгілі, екі ел арасында атыс-шабыс, дау-шар басталады. Осы дауға билік айтқан Тәуке Ұлтарақ би бір төренің басы үшін, Төртуылға жеті кісінің құнын кескен екен. Сол құнды төлеуге шыдамаған, әрі Ұлтарақтың билігіне наразы Төртуылдың біраз ауылдары, амал жоқ, Қара Ертісті тастап, Тарбағатайдың күнгейіне ауа көшуге мәжбүр болыпты...

Әлде мына Мамырбек төре сол баяғы атасының құнын құлғанадай қуып, әлі күнге дейін кешпей жүр ме екен, әйтеуір, Төртуыл кісілерін көргенде қас-қабағы келіспей, кірпідей жиырыла қалатын әдеті. Қазір де қасында қатар отырған Еңсемен ғана тіл қатысып, басқаларға оң шырай бермей, паңдана түседі. Төртуыл жағы да өздерін осалмыз деп ойламайтын. Басқаны былай қойғанда, Құлыстайға бұрынырақ келіп қоныстанған ірге күшіне сенеді. Сондықтан Керімбай мен Сымайыл да Мамырбекке бәлендей жалбақтамады. «Төре болсаң қайтейін» дегендей, бұлар да сызды қабақ танытып, сіресіп қалған.

Қымызға қанып, сыбағаларын жеп алған соң, қонақтар көп бөгелген жоқ. Ас иелеріне: «Бидің арты берекеге айналсын. Енді тойға келейік» десіп, орындарынан тұра бастады.

Бұл кезде ойын-тамашаға асыққан былайғы қалың көпшілік те астың етін жеп болып, түгел дерлік атқа қонып қалған еді. Әлден уақытта қолына ақ жалау ұстаған Тоқыр би атой беріп, ауыл сыртындағы аласа төбенің басына шауып шықты. Бұл әр түрлі ойындардың басталар белгісі еді. Соны көруі мұң екен, аттылы-жаяу қалың жұрт сол төбеге қарай ағылды. Төбенің ар жақ бауырында киіз бетегелі жасыл алаңқай бар екен, ендігі көп қызықтың бәрі осында өтпекші. Алысқа айдалған бәйге аттарды да осы арадан күтіп алмақ. Алғашқы кезде аска жиналғандар әр жерде өтіп жатқан жамбы ілу, жорға жарысы секілді шағын қызықтарды тамашалап тұрды да, біраздан соң жұрт назары түгелімен палуандар күресіне қарай ауып кетті.

Палуандар үшін екі бөлек жүлде тағайындалған екен. Кіші жүлде — тайтұяқ жамбы бастатқан бір тоғызды Байжігіт өз арасына: Жұмық пен Мәмбетке қалдырыпты да, бас жүлде —

атан түйе бастатқан бір тоғызды алыстан келген сый ел: Керей мен Төртуылға лайық гапты. Демек, негізгі бәсеке осы екі ел палуандарының арасында болмақшы. Керейдің намысын қорғайтын — әлі күнге дейін жауырыны жерге тиіп көрмеген, өз елінде «түйе палуан» атанған белгілі дәу — Қараш еді. Бұдан екі-үш жыл бұрын Бөкемен ит жығыс түсіп, екі ел арасында көп дау тудырған атақты Қараш осы. Ол туралы да жігіттің аруағын асыра түсетін алыпқашты талай аңыздар бар. Қараштың сазға батып қалған тайлақты өркешінен тартып суырып алғаны, өзіне қарай ұмтылған сүзеген бұқаны мүйізінен бұрап, мойын омыртқасын үзіп жібергені туралы неше түрлі дақпырт тараған. Сондықтан мына тұрған жұрт оның белдесуі түгіл, жай түрін көрудің өзіне құштар еді.

Қараштың бүгін күрес майданына келуінің өзі елден алабөтен, көрген адамның үрейін алатын жағдайда, тым қорқынышты болды. Бір уақытта шеткі киіз үйлердің бірінен шыққан екі салт атты әлдебір дәуді белбеуінен өткізген екі айрық ұзын шынжырмен жетелеп келе жатты. Жетектегісі адам емес, бейне аса бір қауіпті, жыртқыш аңды ұстап әкеле жатқандай. Осылайша шынжырлап әкелмесе, мына жұртты тегіс таптап, майып қылатындай... Жиналған көпшілік мынаны көргенде тіпті дүрлігіп, шуылдасып кетті. Қараш үстіне анау-мынауға жыртылмайтын жарғақ шалбар, жеңсіз күртеше киіп алыпты. Сол бетінде қалың топты қақ жарып, табанымен тас уататындай алшаң-алшаң басып келді де, Мамырбек тобының алдына төбедей болып, жүгініп отыра кетті. Жүзінде ешкімді менсінбейтін пандық, қолыма түскенді қурайдай сындырамын дейтін тәкаппар менмендік бар.

Керей палуанының мына айдынын көріп, Төртуыл жағы едәуір абыржып қалды. Бас палуанымыз деп әкелген Бөке бұрын да: «белімнің кілт етпесі ұстап жүр. Осы жолы қалай болар екен» деп екі үдайлау болып келіп еді. Қараштың мына кейпін көрген соң, әлде өткен жолы беті қайтып қалған ба, үнжырғасы түсіп кетті.

— Жас қой, менің орнына Байсерке күрессін, — деп тайсақтай берді. Бөкені де түсінуге болады, ол қазір әлдекалай майып болармын деп өз басынан қорқып тұрған жоқ-ау, бүкіл бір елдің намысын ойлап тұр.

Төртуыл кісілері күбір-күбір әңгімеге көшті. Керімбай қатты ширығып, жарыла жаздап жүр.

— Мұны қой. Бөкенің біткен жері осы екен. Сүйреп кос-кан тазы түлкі алушы ма еді?!.. Амал жоқ, енді сен күресесің, — деді ол Байсеркеге бұйырып.

Бұл кезде Төртуыл жағының бөгеліп қалғанын «корықтыға» жорыған Керейдің аткамінерлері катты даурығып:

— Оу, шығармайсыңдар ма палуандарыңды? Күнге қақталып қашанғы отырамыз?

— Жүректерің дауаламаса, бәйгемізді беріп ауылдарына қайта беріңдер, — десіп, намыска тиер сөздер айтып қалған.

Байсерке аттан қарғып түсіп, жалма-жан шешіне бастады. Ішкі кобалжу, толкудың әсері ме, каны қашып, сұрланып алыпты. Қаңтардың аязында қалған адамдай қалш-қалш етіп, аяғындағы сақтиян етігін зорға шешті. Ол да жаланаяқтанып, жарғақ шалбарын тізесіне дейін түріп тастады. Сонан соң алға таман шығып, екі мықынын таянған күйі сонадай жерде отырған Қарашты көзімен ішіп-жеп сәл тұрды да, кенет касындағы Керімбайға бұрылып:

— Аға, қолыңыздағы камшыңызбен арқамнан аямай осып жіберіңізші, құдай үшін! — деді жалынғандай болып. Керімбай үшін біреуге камшы жұмсау деген бұйым ба, тәйірі:

— Неге бөгеліп тұрсың? Атан Баймұрат жаудан қайтып көрген жоқ. Тарт майданға! — деп сегіз өрме камшымен жігітті жондата тартып жіберді.

Сол-ақ мұң екен, қалшылдап әрен тұрған Байсерке атылып ортаға шықты да, ана беттен қарсы ұмтылған Қарашпен ұстаса кетті. Сарт-сұрт тиген қолдардың, сықырлаған сіңірдің дыбысы естілді. Бірақ алғашқы жолы екеуі бірін-бірі ала алмады, кезек үйірісіп, жырткыштай жұлысып біраз жүрді де, қайта ажырасты. Шеңгелдерін жайып жіберіп, бүре түсетін бүркіттей бір-біріне төніп, аңдысып қалды. Жуан, семіз денелі, қияқ мұртты, қиық көз, алып Қараш қазіргі қалпында жонын күдірейтіп, жеміне қарай атылғалы тұрған жолбарысты еске салар еді. Одан гөрі сұңғақ, жіңішке, бірақ сіңірлі келген Байсерке анаған карағанда епті леу, жылдамдау екен. Көкжалға қосылған тазыдай әр жерінен бір шалып, шорши секіріп, теке тіреске көп бармай жүр. Шамасы, қарсыласының осал жерін, өзінің қапысыз ұстайтын онтайлы сәтін күтіп жүрген тәрізді.

Бұл мезетте Керейлер жағы «Шакабайлап», Төртуыл тобы «Баймұраттап», көк жотаның бауыры айғай-сүренге толып

кетіп еді. Оқта-текте иісі Найманның ұраны Қабанбайдың да аруағы еске алынып жатыр. Сол айғай-ұран әсер етті ме, кенет Байсерке көз ілеспес жылдамдықпен оң тізесін бүге қалып, қорбаңдаған Қараштың бауырына еніп кетті де, өзінің үйреншікті әдісіне салып, қарсыласын қалбаң қаққызып, бірден тік көтеріп әкетті. Сол бетінде табанын жерге тигізбей айналдырып апарып, көк жасанға шалқалата ұрып жіберді. Аумаған былтырғы Байбатты жыққан тәсіл. Бұл не бел кететін, не білек кететін, тым аяусыз, қатыгез тәсілдердің бірі еді. Әлдене күрт етіп үзілгендей болған. Бірақ ет қызуда оған қарайтын мұрша қайда. Төртуыл жағы ұрандап келіп Байсеркені көтермелеп әкеткенде, Қараш сол орнында тұра алмай жатып қалды. Әйтеуір бір жеріне зақым келгені анық.

Мамырбек тобының адамдары жан-жақтан жүгірісіп, Қараштың үстіне үймелесіп жатқан-ды. Кешікпей жайсыз хабар жетті: Қараштың екі қабырғасы бірдей сынып кетіпті. Абырой болғанда, аска жиналған жұрттың ішінен сынық салатын оташы табыла кетіп, Қарашты керегеге салып қаумаласып, ауылға қарай көтеріп алып кетті.

Күн еңкейіп, салқын түсе бәйге аттардың да қайтатын мерзімі болып қалған. Көп кешікпей алыстан шаң көрінді. Будақ-будақ қою шаң емес, үздік-создық шүйкеленген боз-ғылт мұнар. Жұрт назары енді солай қарай ауған.

— Аттардың алды Талдыөзектен өтті ғой. Енді бір сүт пісірімде келіп қалады, — десті жер жадысын білетіндер.

Төртуыл тобы гу-гу етеді. Қарашты жыққан Байсерке емес, осындағы мақтан сүйгіш, үркеппе, желғабыз жігіттердің өздері сияқты, екі езулері екі құлағында. Әдейі Керей кісілері естісін дей ме, үзеңгілерін үзіп жіберердей ат үстінде шірене түсіп, шалқалап, даурыға күледі. Мұндай желөкпе жеңілтектікті, арзан дуылдақты ұнатпайтын Сымайыл зәңгі кенет түсін суытып.

— Жә, жетер! «Еркектің коры күлегеш, қатынның қары күлегеш» деп, жыртындап кеткендерің не, түге? Әлде ата-бабаңа өмірі есе тиіп, бәйге алып отырғаның осы ғана ма еді? — деп желіккен жігіттерді тыйып тастады. Карттың есіл-дерті қазір бұл жерде емес, сонау бір қалың шаңның қай жерінде келе жатқаны белгісіз Наркызылға ауып тұрған.

Қалың елдің қоршауында әлі де алқынын баса алмай, бас палуан Байсерке тұр. Осының алдында ғана Отыншының

немересі Шәйі мырза атан түйе бастаткан бір тоғызды айдап әкеліп алдына салған. Атан түйені көрі зәңгі Сымайылға, тайтұяқ жамбыны Керімбайға байлады да, қалған малды өзімен бірге еріп келген інісі Мұқының қолына өткізді. Денесіндегі жана Қараштың қолы баткан жерлері ет суыған соң, енді біліне бастаса керек, қозғалғанда қабағын шытып, киреленделей береді.

— Қалай, бір жерің сынғаннан аман ба? — деді Керімбай оның бетіне үңіле карап.

— Иттің қолының каттысы-ай! Ұстаған жерін қыскаштай қысып, каскырша жұлады екен. Ол да ештеңе емес-ау, маған Сіздің қамшыңыз батып кетті, — деп Байсерке каркылдап күліп жіберді.

— Өзің ғой — ұр деп өтінген.

— Енді қайтейін, өйтпесем аруағым қозатын емес. Сол сіздің қамшыңыздан кейін аянатын жан қалмады ғой менде, — деп Байсерке жиын жұртты тағы күлдірді.

Бұл кезде шүйкедей шұбатылған, іртік-іртік кою шаң козы көш жерге таяп қалған-ды. Алдыңғы үш аттың іркес-тіркес түйдектеліп келе жатканы байқалды. Ең алда баран мен қылаң, сонан кейін торыға ма, жиренге ме келіңкірейтін бір түс бар... Ат коскандар шыдай алмай көтермеге лап қойғысы келіп еді, ойын басқарушылардың «шапқан аттың алдынан ешкім шыкпасын, шылбырдан тартушы болмасын» деген қатаң тәртібі естеріне түсіп, амалсыз күтіп қалды.

Бәйгенің алды мәреге жарты шақырымдай қалғанда, жалғыз кара боп озып келе жаткан кара каска аттың маңдайы жарқ ете түсті. Одан кейін аркан бойы жерде қылаң мен торы мойындарын кезек оздырып, катар келе жатыр. Бастарына шыт тарткан ақ көйлекті балалардың қолында дамыл жоқ, аттан бұрын өздері ұшып кетердей, қамшыны үсті-үстіне басып келеді. Алыстан қылаңдап көрінген — Сымайылдың Наркызылы да, бараны — Мамырбектің тортөбелі еді.

Көп ұзамай бәрі де айқындалды: ақ жалау тігілген мәреден Керімбайдың кара каскасы бірінші болып өтті. Сонан кейінгі екі ат көпке дейін құйрық тістесіп катар келе жатты да, тек иек артпа қайқаңға ілінгенде, торытөбел қамшы салымдай алға түсе берді... Бұлардың соңынан кейінгі аттар да келіп жатыр. Бұл шабыста тоғыз атка дейін бәйге берілетінді. Төртуыл кісілерінің қалған аттарда ісі болған жоқ. Бас бәй-

ге мен үшінші жүлдені жеңіп алған өз жүйріктерін ортаға алып, мәре-сәре болысты. Керімбайдың інісі Майлық аса малжанды, ат құмар, қызық кісі еді. Сол Майлық қара каска аттың мойнынан құшақтап:

— Боғынды жейін, жануарым-ай! Атаның аруағын бір көтеріп тастадың-ау... Енді өлсем де арманым жоқ! — деп еңкілдеп жылап жіберді.

Сымайыл бастаған бір топ Наркызылды қоршап қалғанды. Кәрі тарлан сіңірі созылып, мәреге әрен жеткен сиякты. Өне бойы ақ көбік терге көміліп, жетекке зорға ілесіп жүр. Дегенмен ат бапкері Тойшы өз өнеріне разы екен:

— Е-е, бұл Наркызыл екеуімізге енді не сын бар. Қайта жануардың осы келгені де, келген-ақ! — деді өзін де, тетелес ағасы Сымайылды да жұбаткандай болып.

Төртуыл жағы бұл аста екі бірдей бас бәйгені жеңіп алып, олжалы қайтты. Жол бойы гу-гу әңгіме. Бүгінгі жеңістерінің талай айларға, талай жылдарға азық болары сөзсіз. Бұл аска келгендердің енді жыры таусылмайды, ал өздері қатыса алмай, елден естігендердің аузы көпке дейін ашылып қалады.

Теріскейден келген Құрман қажылар тобы бұлармен біраз жерге дейін бірге жүрді. Осылайша Шұбарағаштың түсына дейін өрлеп барып, одан ары Ақшоқы арқылы Хабарасудың кезеңімен өз елдеріне тура тартпақ. Керімбай құдасын өз ауылына қонаққа шақырып еді, Құрман қажы рақмет айтып, бұл жолы бара алмайтынын білдірді. Екеуі топтың соңын ала оңаша сөйлесіп келе жатқан-ды. Бір сөздің кезегінде Керімбай:

— Құреке, шекара жайындағы жаңалықты естіп жатқан шығарсыз. Тарбағатайдың жонынан таспа тілгендей сызық тартылып, еліміз екіге бөлінейін деп тұр ғой... Сіздің не білген ойыңыз бар? Аттың басын екі патшаның қайсысына бұрасыз? — деді құдасының жүзіне барлай көз салып.

Қажы біразға дейін тіл қатпай, ойланып қалды. Қаптал шапанының қалтасынан күміс шығыралы мүйіз шақшасын алып, көкбүйра насыбайды астыңғы ерінге тастап жіберді де, соның уыты шымырлап бойға жайылған шамада, баяу үн қатты.

— Ана жылғы оқиғаны өзің білесің. Халдайлар қабырғасын қаусаткан ақ найзаның ұшын әлі ұмытты дейсің бе. Құрман қажыны білмесе де, «Қоңыз батырды» ұмытар ма?! Соған қарағанда, Еженхан мен менің басым бір қазанға сыя қоймас. Біз

сол өзіміздің ата-қонысымызда қалатын шығармыз, — деді қыска қайырып. — Бір бес күндік тірлік қой, қайда жүрсек те аман болайық. «Елегім ауса көнегіме мінем» дегендей, бәлкім, осылай екі жаққа бөліне түрғанымыз да жөн шығар.

Осыдан кейін бұлар көп бөгелген жоқ. Керімбай қара қасқа аттың бәйгесіне бір «тоғыздың» басы боп келген таудай қара атанды құдасына жетелетті де, жол айрығына келгенде қош-қош айтысып, әркайсысы өз ауылдарына қарай жүріп кетті.

VI

Демежан астан оралған соң, ауылда тағы екі-үш күндей аялдады да, қалаға қайтуға қамдана бастады. Бұл жолы келіншегін осында қалдырып, өзі жалғыз аттанбақ. Өйткені ұзатылғаннан бері әке-шешесін көрмеген Бибі биыл өз еліне төркіндеп баруға тиіс еді. Қазақ салтында тұңғыш төркіндеген келінге күйеуі ілесіп бармайды. Мұндайда келіншектің қасына қайын, қайын сіңлі, абысын-ажын секілді жол серіктері ғана ілеседі. Жат жұртқа келіп, бір-екі жылдай желек астында қысылып-қымтырылып тіршілік еткен қыз сорлыға берілетін бостандықтың бұл да бір түрі еді.

Дәл жүретін күні Керімбай баласын оңаша шақырып алып, екеуара кеңес құрған.

— Сонымен, не істейміз, балам? Әнеугүнгі өзің жеткізген Ши-амбының сәлеміне нендей жауап қайтарамыз? Анада Сымайыл зәңгі айтқан бәтуалы сөзге тоқтаймыз ба, жоқ әлде басқа да тығырықтан шығар жол бар ма? — деді Демежанның жүзіне барлай қарап.

Осы сұрақтардың бәріне әке жауабы дайын болса да, баласының не ойлайтынын өз аузынан естігісі келетіндей. Енді іркілудің орны жоқ, Демежан өз ойын ашық айтты:

— Әй, сол кәрі зәңгі салған соқпақтан өзге даңғыл жолды мен де көріп отырғам жоқ-ау, — деді сәл ойланып қалып. — Бұл жалғыз Құлыстайдағы аз ауыл Төртуыл ғана емес, Алтай, Еренқабырға, Іле бойын мекендейтін күллі қазақтың басына түсіп тұрған сын ғой. Бүкіл Жоңғарияда жүз мыңдаған қазақ жасайды. «Көппен көрген — ұлы той». Тағдырдың маңдайға жазғанын сол елмен бірге көреміз де...

— Жарайды, ол қазақтар өз бағдарын өзі белгілей жатар. Біз мына өз ағайындарымызды не істейміз? Түгел Төртуыл тағдырын бізге тапсырып, аузымызға карап отыр ғой. Кейін обалына қалып жүрмейміз бе? — деді Керімбай оның сөзін бөліп.

— Ал жылы орнынды суытқанда қайда барасын? — деді Демежан күрсініп. — Теріскейдегі Ертіс, Зайсан бойларында да қазір бос орын қалған жоқ. Ақ патша бекіністер салып, переселендерін әкелгеннен бері қазақ даласы катты тарылып кетті. Ол жақтағы ағайындардың өзі шұрайлы коныстарынан айрылып, мал жаятын жер таппай, жөңкіліп көшіп жүрген көрінеді

— Ендеше ойымыз бір жерден шықты. Мен де әрі ойлап, бері ойлап осыдан басқа шығар жол таппадым, — деді Керімбай. — Олай болса Ши-амбыға сәлем айт: «күнгей Төртуылы ешкайда көшпей, осында қалады» де... Тек, бұдан кейін ұлықтар ала койды бөле қырыкканды койсын. Өне бойы халдайларды корғаштай бермей, казакты да халқым деп танып, жерсуды бірдей қылып бөлетін болсын.

— Мақұл, көке. Осы айтқаныңызды мәртебелі ұлыкка түптүгел жеткіземін, — деді Демежан.

Осыдан кейін ол көп бөгелген жоқ. Үлкен үйге кіріп қымызға канып болған соң, қасына атқосшы ертті де, салт атпен жүріп кетті.

Демежан қалаға қайтып келісімен-ақ, карбаласкан қызу тірліктің үстінен шықты. Көптен сөз болып жүрген шекара комиссиясы Үрімжіден бері шығыпты деп, аймақтың әкімшілігі абыр-сабыр болып жатыр екен. Арада апта өтпей сол айтқан адамдары да келіп қалды. Арғы Пекиннен келгені бар, жолдан қосылғаны бар, жиыны он шақты кісі. Барлығын Сұң фамилиялы бір үлкен чиновник бастап келіпті. Білетіндердің айтуынша, оның қызмет дәрежесі ғана мықты емес, өзі жер шары картасының жыртығын жамаған, атақты географ, ғалым болса керек. Болса болар-ақ, картаны алдына жайып койып сөйлегенде, Алтай мен Тарбағатайдың, Тянь-Шань мен Памир тауларының биік шындарын былай койып, шағын шоқыларына дейін, өзен-көлі, бұлақ-бастауына дейін, нақ бір осы өлкеде табанын тасқа тілдіріп, туып-өскен немедей сайрап біліп тұр

Шекара комиссиясының жұмысына көмектесу үшін, Тарбағатай әкімшілігі де өз тарапынан бірнеше адам қосатын

болды. Оның бірі — Демежан. Екіншісі — Демежанның бір кездегі мұғалімі, қаладағы қытай гимназиясының директоры Ли-шансын. Бұл — қазір жасы елулерге келіп қалған, жергілікті жағдайды өте жақсы білетін, тарих пен географияны көп зерттеген осы аймақтағы бірден-бір оқымысты адам. Қазақ тіліне жүйрік, ептеп орысша да біледі. Айыбы — Маньчжур нәсілінен емес, ұлты қытай болғандықтан ғана, үлкен қызметке ілікпей төмендеп жүрген кісі. Ли-шансынды жас кезінде, баяғы «Тайпин көтерілісі» тұсында Маншын өкіметі саяси сенімсіз адам дел тауып, шалғайдағы Шығыс Түркістанға жер аударған екен. Содан жылжи-жылжи, Тарбағатайдан бір-ақ шығыпты. Тек Шәуешекке Ши-амбы келген соң ғана көзі ашылып, әр түрлі ағарту жұмыстарына араласа бастаған. Демежан өзімен пікірлес, тату ұстазымен сапарлас болатынын естігенде, кәдімгідей қуанып калды.

Бірақ, оның есесіне, шекара комиссиясымен бірге жүретіндердің ішінде Демежанның суканы сүймейтін, тіпті барынша жек көретін адамы — Шихалдай да бар екен. Шихалдай — осындағы көп халдайдың өзінше ең сауаттысы, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы (Ши — фамилиясы да, халдай — Маншын өкіметі тарапынан берілген ақсүйектік дәрежесі). Халдайлар осы өлкенің негізгі тірегі болғандықтан, Шихалдай кейде бұл аймакта Ши-амбыдан кейінгі екінші адам болып саналатын. Халдайлар және өздерін байырғы шекарашылармыз деп біледі. Сондықтан комиссия жұмысына олардан да өкіл катысуға тиіс.

Арада бірнеше күн өткенде, Шәуешектегі орыс консулдығына Батыс Сібір шекара басқармасынан шыккан шекара комиссиясы да келіп жетті. Араларында Петербургтағы сырткы істер министрлігінің Азия департаментінен және Бүкіл ресейлік география қоғамынан келген адамдар да бар көрінеді. Комиссияны генерал Фриде мен статс советник Медыниский басқарып келіпті. Ал бұлардың Тарбағатай мен Алтай өніріндегі бас көмекшісі — Шәуешектегі орыс консулы Балкашин болмак.

Бұл жылдары Батыс Сібір шекара басқармасының қарауында жан-жақты сауатты, ғылымға да икемі бар, қабілетті адамдар көп болатын. Консул Николай Никонорович Балкашин де сондай білікті кісілердің бірі еді. Ол 1858 жылы Мәскеуде Кадет корпусын бітірген соң, сонда он шакты жылдай губернатор кеңсесінде істеді. Осы қызметте ерекше іскер-

лігімен көзге түскендіктен, оны жетпісінші жылдары Батыс Сібірге төтенше тапсырмалар орындайтын чиновник етіп жіберген. Мұнда да беталысы жаман болған жоқ. өзінің алғыр ойымен, патша ағзамға шын берілген адал қызметкер ретінде танылды Ал кейін Шәуешекте Ресей консулдығы ашылғанда, оған зор сенім артып, осы қалаға бас консул етіп тағайындады. Мұнда келгелі ол дипломатиялық қызметпен бірге ептеп ғылыми жұмыстармен де айналысып жүр. «Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда жолдары» деген еңбегі орыс географиялық қоғамы тарапынан жақсы бағаланды. Қазір Ресей қарауындағы қазақтар мен басқа да мұсылман елдері жайында еңбек жазбақ болып, материал жинап жүрген кезі. Демек, бұл күнде қырықтың төртеуіне жаңа келген Николай Никонорович қай жағынан алсаң да нағыз кемелденген, ақыл-ойы толысқан дер шағы еді.

Алғашқы күндері екі жақтан келген шекара комиссиясының адамдары өзара танысу, Ши-амбы мен консул Балкашин берген қонақасыларға қатысып, бой жазу секілді әзірлік жұмыстарынан ары ұзаған жоқ. Екі жақ тек төртінші күн дегенде дөңгелек үстел басына жиналған. Екі елдің де беделді комиссиясы бұл келіссөзге жан-жақты дайындықпен, өздеріне дейінгі бүкіл құжаттармен қаруланып келген-ді. Бұған дейін орыстың да, қытайдың да не бір жиһангез, саяхатшы ғалымдары осынау шекаралық өлкені оңды-солды талай рет аралап шығып, тауы мен даласының ойлы-шұқырына дейін түгел картаға түсіріп әзірлеп қойған. Енді тек сол карталарды өзара салыстырып, бұрын қол жеткен тоқтам-шарттарды жүзеге асыру ғана қалып еді.

Жалпы көршілес екі империя арасындағы шекара мәселесі сонау он жетінші ғасырдан бері сөз болып келеді. Алғаш рет 1689 жылы Нерчинский келісіміне қол қойылып, екі елдің Қиыр шығыстағы шекара бөлісі өз шешімін тапқан-ды. Тек, кейбір тарихи жағдайлардың пісіп жетілмеуіне байланысты, Қытайдың Шынжаң өлкесімен шектесетін шекараны анықтау кешеуілдеп келді. Ол үшін қазақ даласының түстігі мен Орта Азиядағы елді мекендер Ресей қоластына түгел қарап болуы керек еді. Өздерінше жан бергісі келмей, ұзақ қарсыласқан Хиуа мен Қоқан хандықтарының қырсығынан бұл процесс көп кедергіге ұшырап, жетпісінші жылдардың соңында зорға аяқталды.

Соған қарамастан, Орта Азиядағы шекара бөлісінің жайы 1860-жылғы Пекин келісімінде-ақ сөз бола бастаған. Сол келісім бойынша, екі жақтың шекара комиссиясы осы Шәуешекте бас қосып, жер бөлісін бір шеттен жүргізе беруге тиіс болатын. Бірақ 1864 жылы батыс өлкелерде ұйғыр-дүнген көтерілісі бұрқ ете қалды да, бітейін деп тұрған іске кесірін тигізді... Осылайша еріксіз үзіліп қалған шекара туралы келіссөз, араға біраз жылдар салып, тек 1881 жылы Петербургта қайта жалғасты. Бұл жолғы келісімге екі жақ бірдей қол қойды. Петербург келісімі бойынша, уақытша Ресейге қарап қалған Іле аймағының бір бөлігі Цин империясына қайтарылды да, оның есесіне бұрын Қытайға тиесілі деп танылған Зайсан көлі мен Қара Ертіс бойындағы біраз жерлер енді Ресейге берілетін болды.

Қысқасы, бұл жолы Шәуешекте бас қоскан екі ел шекара комиссияларының негізгі міндеті — сол Петербург келісімінде өз шешімін тапқан жайларды жергілікті орында іске асырып, протоколға қол қою еді. Сөйтіп, ең ғажабы, шекараға тақау тұрған шағын қала Шәуешек те Петербург, Пекин сияқты ұлы астаналармен қатар аталып, «1884 жылғы Шәуешек протоколы» деген атпен тарихта қалатын болды.

Бұл жолы шекара комиссияларының арасында бәлендей құрық әкетер асаулық та, алауыздық та туған жоқ. Екі жақ та жылы жүзді, жылмаң дипломатия танытқан. Екі ел чиновниктерінің жүзіндегі бұл жымысқы күлкі мен бір-бірінен асып түсетін жылы лебіздер көктен түсе қалған жоқ, дәл осы мезеттегі Ақ патша мен Еженханның қас-қабағына байланысты еді. Соңғы жиырма жылда екі империя өзара тіл табысқан, тату көршілік қатынаста тұрып келеді. Батыс өлкедегі Маншың билеушілерінің басына күн туғанда, Ақ патша көмекке келіп, дүнгендер мен ұйғырлардың бүлігін басуға қол ұшын берді. Көтеріліс кезінде жансауғалап барған Маншың төрелері мен халдайларды өз қолтығының астына паналатты. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» демекші, Ақ патшадан көрген сол жақсылықтары әзірше Еженханның есінен шыға қоймаған-ды.

Өзара үлес бөлісіп, енші алысуға келгенде, Цин империясы бір кезде өзі қанға бөктіріп, күшпен қаратып алған Жоңғария мен Қашқарияның мұрагері, жоқтаушысы ретінде танылса, патшалық Ресей өз қоластына ерікті-еріксіз түрде әр

кезде қараған қазақ даласы мен Орта Азия халықтарының өкілетті әкесі, қамқор қожасы болып отыр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» дегендей, әрине, екі империяның да көңілдері о баста тым арыда болатын. Біреуі батысқа, екіншісі шығысқа қарай әлі де болса ілгерілей беру ниетінде еді. Бірақ ол ойларын іске асыруға екі жағына да әр түрлі тарихи жағдайлар жар бермеді. Ақ патша шығысқа қарай қаншалық өршелене ұмтылғанымен, Тянь-Шань мен Памир таулары-ның бөктеріне таяу жылдарда ғана қолы әрең жетті. Ал Еженхан бұл ғасырда батысқа таман ілгерілей түсу былай тұрсын, Шыңжаңның өзінен неше мәрте айрылып қала жаздап, есін енді ғана жинап отыр. Бұдан ары екі империяға да ілгері жылжитын бос жер қалмай, текедей тіресіп қалған шағы осы еді. Енді шекара бойында тағы бір өрт шығып кетпей тұрғанда, осы өлкелерді береке-бірлікпен бөліп алуға екі жағы да мүдделі болатын.

Екі елдің шекара комиссиялары Шәуешекте он шақты күн аялдап, жер бөлісінің теориялық жағы аяқталған соң, енді сол сызықты жүргізіп, белгілер қою үшін, Тарбағатайдың жонына қарай аттанатын болды. Ішкеріден міниып келген сәнді күймелері мен пәуескелерін қалада қалдырып, бұдан былаи бәрі де салт атпен жүруге тиіс еді. Жер жадысын жақсы білетін қазақтардан ертіп алған жолбасшы, атқосшылары бар, түйеге, атқа артып алған азық-түлік, киіз үй, шатырлары бар, бәрін қосқанда ұзақ салқар көш түзеді. Орыстар жағы бұрын атпен салт жүруге үйренген, шетінен тіскақты, пысықтар көрінеді. Олар өздерінің ең таяу бекіністері Лепсі мен Сергиопольдан алдырып, күні бұрын әзірлетіп қойған сарыала ер-тұрманды, құйрығын тілерсектен шорт кескен шолақ аттарына міниып, ойнақтатып шыға келді. Салт атпен жүру олардан гөрі ішкеріден келген Маншың төрелеріне қиындау тиді. Дегенмен олар да намысқа тыртысып, өбектеп ердің қасынан ұстап болса да, ел қарасына ілесуге жарады.

Бұлар Шәуешектен шыққан соң араға екі қонып, үшінші күні түсте Күзуінге жеткен. Осы тұста Тарбағатай тауының Шығыс сілемі бірте-бірте аласарып, сүйірленіп барып бітеді де, екі аралықта жайдақ асу пайда болып, одан ары Алтай сілеміне жататын Сауыр-Сайқан таулары басталады. Шекарашылар осы жерде екіге бөлінуге тиіс болатын. Бір тобы ат басын шығысқа бұрып, Алтай сілемдерінің үстінен өтетін

шекара межесін белгілесе, екінші тобы Тарбағатай тауын қыркалап, батыска қарай жол тартуы керек еді. Демежан мен Ли-шансың осы екінші топка қосылған. Орыс консулы Балкашин мен оның тілмашы Әріп те осы топта қалды.

Уақыт шілде айының басы, Хан жайлаудың нағыз қызып жаткан кезі. Тарбағатай жоталарының Сарышокы, Етікші сиякты басынан құс ұшырмас кейбір биік шыңдары болмаса, баска сай-саласының бәрі — жасыл жайлау, көшпелі елдің өріс-конысы. Күнгейден калың Төртуыл, Мәметек пен Қошкарбай, Шотай келсе, теріскейден Жұмыкка карасты Саты, Сайболат, Қараша, Кожаны бар, көп малмен солар келіп ошарылатын. Жаз бойы екі жак мидай былығып, аулы аралас, койы қоралас отыратын-ды. Өз топшылаулары бойынша, иен таудың кыр аркасымен шекара сызығын тартып, әр жерге ала баған орнатып, бөгелмей өте шығамыз деп ойлаған комиссия адамдары шимандай калың елдің үстінен шыққанда, күтпеген жағдайға тап болып, сасынқырап калды.

Тау кыркасы — Табиғаттың өз бөлігі ғой, оның үстінен сызық тарту қиынға түспес деп ойлағанмен, сол таудың жон аркасы да аткан октай түзу болмайды екен. Өркеш-өркеш тау сеңгірі біресе түстікке қарай итініп, біресе терістікке таман салбырап, иір-иір жол басуға тура келді. Бірде түстікке, бірде терістікке қарай аркыраған тау өзендері, шаткал, шың, күзкиялар каншама. Кейде күнгей елінің жайлауы терістікке таман ішкерілеп кетсе, енді бірде соның керісінше болып, бірбірімен қойындасып жатыр. Жерді бөлу ештене емес-ау, бәрінен де бір денені екіге айырғандай, мал-басы араласып жаткан елді бөлу қиынға түсті.

Күзуіннен бері шекара белгілерін қойып, соны қолма-кол картаға түсіріп келе жатқан комиссия мүшелері батыска карай жылжыған сайын, күтпеген қиыншылықтарға кезіге берді. Уақыт сәске түстің шамасы болатын. Екі жақтың шекара тартушылары кешегі түнеп шыққан бұлақ бойынан жүктерін артып, жана қоныска жылжып конуға беттеп келе жатқан. Кенет бір бүйірден сау етіп, бір топ салт аттылар шыға келді. Жиын қарасы кырық-елуден кем болмас. Тақымдарына қыскан сойыл-шоқпарлары, кейбіреулерінің мойындарына асып алған мылтық берденкелері бар. Мынаны көргенде комиссия басшыларының көздері атыздай болып, шарасынан шығып кетті.

Шекарашылар да қарусыз емес-ті. Бірақ аналар қару қолдануға мүршаларын келтірмеді. Бұлар ес жинап, алды-артына қарағанша, атты қазақтар ұрымтал жерден шыға келіп, көш керуенін лезде қоршап қалды. Дәл қазір басшылары белгі берсе болғаны, сойылмен бір-бір салып, таптап өте шығатын түрлері бар.

Топтың алдында есік пен төрдей жалдас торыға мінген, пұшпақ бөрікті, барқыт бешпет сыртынан күміс қапсырмалы кемер белдік буынып, онын үстінен жібек шапан киген, жасы отыздар шамасындағы, зор денелі, қара бұжыр жігіт тұр. Сол жігіт атын омыраулатып, шолақ бесатарын ердің қасына көлденең қойған беті, бері таман шықты да:

— Иә, жол болсын, мырзалар! Не қып жүрген адамсыңдар? — деді түсін суыққа салып.

Бұл сұраққа екі патшалық өкілдерінің қайсысы жауап берерін білмей, біріне-бірі қарасты. Тілмаштар өз бастықтарына орысша, қытайша қолма-қол аударып тұр. Амал жоқ, консул Балкашин қасына Әріп тілмашты ертіп, алға таман шықты.

— Біз ұлы Ресей империясы мен көршілес Цин мемлекетінің екі арасындағы шекараны белгілеуге шыққан адамдармыз, — деді дауысын барынша айбынды шығаруға тырысып. — Ал өзіңіз кім боласыз? Қай мемлекеттің адамысыз?

— Мен ешқандай да мемлекеттің адамы емеспін. Өзіңіз тұрған осы жердің иесімін, — деді торы атты жігіт. — Ныспым — Зілқара... Мен жерімді аркан керіп бөліп бер деп ешкімді шақырғам жоқ.

— Қызық екен! — Балкашин езу тартып күлді. — Дегенмен қарайтын болысыңыз, не зәнгіңіз бар шығар?

— Немене, маған құда түсейін деп келіп пе едің? Құда түссең, сүйегім — Саты, онын ішінде Дәулетбай... Бұтабай болысының адамымын.

— Е, бәсе, солай демейсіз бе. Бұтабай болысының адамы болсаңыз, онда Ресейге қарайсыз. Мен Шәуешектегі орыс консулы Балкашин деген боламын.

— Балкашин дейсін бе? Ондайды естісем құлағым керең болсын... Ал сіздердің шекараларыңыз кай жерден өтпек сонда?

— Көріп тұрған жоқсыз ба, шекара осы біз жүріп келе жатқан қырқаның дәл үстімен өтеді, — деді ананың жанағы сөзіне китығып қалған Балкашин қызарақтай тіл қатып.

— Шекара бұл жерден өтпейді! — деді Зілкара да атын тебіне түсіп. — Себебі, бұл жерге Ақ патшаның да, Еженханның да алты аласы, бес бересісі жоқ. Бұл төңіректің бәрі — әлмисақтан бері менің ата-бабамның құтты қонысы. Арғы атамыз Дәулетбай батыр баяғыда Жоңғарды қуып шығып, өзінің үрім-бұтағын осында әкеліп қоныстандырған. Сенбесеңдер осы елден сұрандар, әне, Дәулетбайдың бейіті сонау төбенің басында тұр. Атамның басы жаткан жерге ешкімді де жібере алмаймын.

Балкашин мұндайды күтпесе керек, не айтарын білмей шарасыздық танытып, басын шайқады. Осыны көрген Маншың төрелері күңкіл-күңкіл сөз шығара бастаған.

— Шамасы, бұл сіздің елге қарайтын қазақ қой. Сонда қалай болғаны, бұларға шекара жайы алдын ала ескертілмеген бе? Консул мырза, сіздің тәртіпке шақырғаныңыз жөн шығар, — деп, Қытай жағынын басшысы Сұң Жун-таң кәдімгідей кейістік білдірді.

Оның кінә арта сөйлеген мына сөзін естігенде, онсыз да жарыла жаздап тұрған Балкашин онан арман ашуланды.

— Сіз маған өйтіп ақыл үйретпеңіз, Сұң мырза. Осындағы уезд бастықтары мен болыстық управительдерге түгел хабарланған. Біз не сонда, мемлекеттік мәселені кез келген қазақпен ақылдасуымыз керек пе? — Консулдың өңі өрттей қызарып, әдемі көгілдір көздері шынылдай шытынап кетті. — Қандай жабайылық... Қандай надандық, ә? Әңгіме бұл арада екі ұлы империяның мемлекеттік шекарасы туралы болып отырса, бұлар келіп қайдағы бір ата-бабасының моласын даулайды.

Зілқара оның соңғы сөзін ұғынбаған болар, екі бүктелген қамшысын оңды-солды сермеп қойып, екілене сөйлеп тұр.

— Мына бір сайдың төменгі аңғарында біздің қыстауымыз бар. Ал жайлауымыз сонау бір жасыл белдің ар жағында. Сендер ғой екеуінің арасынан сым тартып, бөліп тастамаксыңдар. Сонда біз қыста Ақ патшаға, жазда Еженханға қарауымыз керек пе? Малды қайда жаямыз? Ар жақта қалған әкеміздің басына қалай құран оқимыз?

— Тү-у, мынаған дауа болмас! — деп консул жерге бір түкірді. — Оу, көкетайым-ау, бұлайша ешбір патшалыққа бағынбай, аралықта калу деген ақылға сыймайды ғой. Қазір Орталық Азияда бұл екі империяға қарамаған ұлтарактай жер жоқ. Сіз соны білесіз бе?

Балкашин баланың сөзін қызықтағандай, ананың аңғырттығына езу тартып күлді. Қап, мұны білгенде өздерімен бірге қарулы жасақ алып шығуы керек екен. Әскер ала жүру мәселесі сөз болғанда, жоғарыда отырғандар: «Халыққа қару көрсетіп, үркітіп алып жүрмендер. Шекара бойынан бүлік шықса, оның арты жақсылыққа соқпайды» деп мүләйімсіді де қалды. Тым болмаса, осы маңға қарулы күзет қойып, жайлауға шыққан елді тым бері мінбелетпей, шекара бойын иен ұстай тұруға болады ғой. Соны қалай ескермеген?!

— Сіздер өзі қай елге қарайтын ойларыңыз бар? Ақ патшаға ма, әлде Қытай жағына ма? Қайсысына қарасаныздар да таңдау өздеріңіздікі, — деді ол ақыры сабасына түскендей сыпайы сөйлеуге тырысып.

— Бізге соның екеуінің де керегі жоқ. Ақ патша менің құдам, Еженхан менің нағашым дейсің бе? Тек жерімізге, елімізге тимей, тыныш қойса болғаны.

Әріп те орысшаға жүйрік екен. Екі жақтың да аузынан шыққан сөзді қағып алып, қолма-қол аударып тұр. Бірақ Зілқара оның сөзіне айылын да жиятын емес. Одан арман қыңырайып, өз бетінше сөйлей берді.

— Бұлар да халық екен-ау, жер осылардікі екен-ау деп, тым құрыса алдымыздан өтіп, мәнісін түсіндірген бір пенде болсашы, — деді күйіне дауыстап. — Рұқсат сұрау жоқ, санасу жоқ, бұл не деген басынғандық?! Кәне, осы арада қан болайын демесеңдер, аттарыңның басын дереу басқа жаққа бұрыңдар! Әйтпесе, бізде енді аянатын ештеңе қалған жоқ...

Сол сөзді айтуы мұң екен, қасында тұрған қалың топ та сойыл-шоқпарларын білеп, атой салып:

— Иә, аулақ кетіңдер бұл жерден!

— Сендерге шекара керек болса, құдайдың жері құрып қалды ма, басқа жаққа барып жүргізіңдер.

— Бұға-бұға бөденедей бүрісіп болдық емес пе, түге?!

— Жерден айрылғаннан кейінгі тірліктің енесін ұрдым. Одан да осы төбенің басында өлгеніміз артық, — десіп шуылдап кетті.

Демежан манадан бері оншалық алға сұғынбай, екі жақтың сөзіне кезек құлақ қойып, бір халықты зорлықпен екіге бөліп жатқан шекараға ма, әлде мына қазақтардың иіс алмас аңғырттығына ма, әйтеуір әлдекімге қатты ыза болып, намыстан жарыла жаздап тұрған-ды. Осы сәтте Ли-шансың оның қасына жақындап келді де:

— Мына кісілермен сен сөйлесіп көрсең қайтеді? Ұлықтар күшке саламыз деп, бүлдіріп алып жүрмесін, — деді ақырын сыбыр етіп.

Бұдан ары үнсіз қарап тұруға оның өзінің де шыдамы таусыла бастаған. Демежан қасындағы Маншың төресі Сүң мырзаға қытайшалап бірдеңелер айтты да, атын тебініп алға шықты.

— Отағасы, сізбен онаша сөйлесуге бола ма? — деді Зілқараға жылы жүзбен күле қарап. — Алдымен аздап «найманшылап» алсақ қайтеді. Сонан арғысын тағы көре жатармыз.

Зілқара мұның бетіне таңдана қарап аз тұрды да:

— Мейлі, сөйлессек сөйлесейік, — деп атының басын бұра берді. Сол кезде коршап тұрған жанағы қазақтар арасынан:

— Е, мыналардың ішінде мұсылманы да бар екен ғой...

— Мұсылманды қойып, найманды да біліп тұрған жоқ па, — дескен дауыстар естіліп қалды.

Демежан мен Зілқара топтан бөлініп, аркан бойы жерге барып тоқтаған. Олардың қасына, сірә, әр ауылдың ақсақалдары болар, тәуір киінген тағы екі-үш кісі келіп қосылды. Енді тартынатын ештеңе жоқ. Сырт көздің, өзге жұрт өкілдерінің алдында ыңғайсыз, өрескелдеу көрінетін кейбір сөздерді онашада мыналардың шекесіне шеге қаққандай етіп, батыл айтуға болады.

— Жә, ағайындар, аспаннан аяқтарың салбырап бүгін түсе қалғандай, мына қылықтарыңның аты не? Соны айтыңдаршы, — деді Демежан әлгілерді бірден ықтыра сөйлеп. — «Бізге Ақ патша да, Еженхан да керек емес» деп кергисіңдер келіп... Осындай да сөз бола ма екен? Қазақ елінің хандары мен сұлтандары Ақ патшаға ант беріп, өз еркімен бодан болғалы қай заман... Әлде өзгеге жеткен Ақ патшаның құрығы сендерге жетпейді деп жүрсіңдер ме? Тау екеш таудың өзі екіге бөлініп, бір халық ортасынан қақ жарылып, ел басына зобалаң туып жатса, сендер келіп карыс жерде тұрған өрісің мен қонысыңды жоқтайсыңдар. Сендердің қоныстарың кетеді екен деп, жарты жалғанды өздеріне бағындырып отырған екі ұлы мемлекет өз жерінің шегіне белгі соқпай, шегініп кетеді деп ойлайсыңдар ма? Бұларың тіпті ақылға сыймайды ғой, ағайындар-ау!

Манағыдай емес, салт аттылардың аптығы басылып, беті қайтыңқырап қалды. Зілқараның да даусы жұмсара түскендей:

— Інішек, жасың құрбы, тілеуің бір, қазақтың иман жүзді баласы екенсің... Өзің кім боласың? Жөніңді айтшы, — деді өн-шырайынан әлдебір лажсыздық білініп.

— Мен — күнгейдегі Төртуылмын. Керімбай зәңгінің баласы Демежан деген боламын.

Мына сөзді естігенде, кейін келіп қосылған ақсақалдардың бірі қолымен күн салып, жақсылап қарап алды да:

— Ойбай-ау, бұл жігіт өзіміздің Күрекеңнің күйеу баласы емес пе. Бәсе, манадан бері өңін шырамытып, осы баланы қайдан көрдім деймін. Бұрнағы жылы келіншек ала келгенде, тойда көрген екем ғой, — деп атын тебініп жақындай түсті. — Бибіжан — менің туған жиенім ғой... Бибінің дені-қарны сау ма, айналайын? Үй іші, ауыл-аймақ, құда-құдағилар тегіс аман ба?

— Шүкір, бәрі де аманшылық, — деді Демежан да енді бұларға жан тарта сөйлеп. — Ел мен елдің бұлайша бөлінуі бізге де оңай тиіп тұрған жоқ. Керек десеңіздер, өз отымның басы да екіге жарылып, көңілге қаяу түсіп тұр... Бибі қазір қажының ауылында, төркіндеп келгеніне біраз күн болды.

«Қазақ жөн сұраса келе, қойнындағы әйелімен қарын бөле боп шығады» деуші еді. Мына кісілер де Демежанға бөтен болмады. Зілқара да сабасына түсіп, енді бұған ақыл сала сөйледі.

— Ендеше, тіпті жақсы, жат емес, жақынымыз екенсің. Сонда біздің не істегеніміз мақұл? Жайлауымызды жапырып, қыстауымызды қиратып жатса да, үн шығармай, тұяқ серіппей, қол қусырып қарап отыруымыз керек пе? Мыналардың арасында тегін жүрген жоқ шығарсың, бізден гөрі көзің ашық қой, ақылыңды айтшы, — деген.

Демежан да ойындағысын ірікпей, мыналарға шын сөзін айтты:

— Ағайын деп ақыл салғаның рас болса, ендігі қарсылықтан түк пайда жоқ, ағайындар. Қол-аяғың байланып, пышақ қыл мойынға тақалғанда, туладың не, туламадың не? Мұны пешенеге жазған тағдырдың ісі деп ұғыну керек. Тышқандай ғана тірлігің бар, арыстанмен алысқанда не бітіресің. Біздің күнгейдегі ел де алыса-алыса ештеме шықпаған соң, ақыры қалың қазақтан бөлініп, Еженханға бағынатын болды.

— Е-е, қолдан билік кеткен соң көрген күнің сол да... Бала дұрыс айтады, — деді жанағы ақсақалдардың бірі.

— Ал шекарасы түскір тартылды дейік. Сонда сол сызықтан әрі-бері ешкімді өткізбей ме? — деп Зілқара тағы бір күдігін айтты.

— Неге? Дәл олай болмас... Бұл — жалпы мемлекеттік меже ғой. Ал қазақтар бұрынғыдай аралас-құралас жүре беруге тиіс.

Бұл сөзге Зілқаранын аркасы сәл кеніп калғандай болды. Демежанға енді жылы шыраймен карап:

— Өзің әдейі шақырып келтіре алмайтын сыйлы ауылдың баласы екенсің. Бүгін біздің ауылға түсіп қонак бол, — деді жығыла жабысып.

— Мен қызметте жүрген адаммын ғой. Және жалғыз емеспін, касымда серіктерім бар, — деп Демежан артында шоғырланып тұрған топқа қарады.

— Барса касындағы ұлыктарды да ерте жүр. Калған жағдайды жата-жастана сөйлесерміз.

Демежан әлгілерден бөлініп, өз тобына карай аяндады. Орысы, маньчжур-қытайы аралас комиссия мүшелері үрпиісіп, тағатсыздана күтіп тұр екен.

— Иә, не болды? Райларынан қайтатын түрі бар ма? — деді консул Балкашин басқалардан бұрынырақ тіл қатып.

— Бәрі ойдағыдай, консул мырза. Іс оңына айналды ғой, — деп Демежан аксия күлді. — Зілқара енді бізден жер дауламайды. Манағы білместігіне кешірім сұрап, осы тұрған барлықтарыңызды бүгін өз ауылына қонакка шақырып тұр.

Комиссия мүшелері сенер-сенбесін білмей, ан-таң болып, бірінің бетіне бірі карады.

– Міне, ғажап!.. Демежан мырза, сіздің, сірә, кісіні дуалайтын сиқырыңыз бар-ау деймін. Асау казақтарды демнің арасында калай жуасыта койдыңыз? — деп Балкашин мәресәре болып қуанып калды.

– Біздің казақтың сіздер білмейтін, халықаралық дипломатияда жазылмаған өз тілі бар. Мен олармен сол тілде сөйлестім ғой, — деді Демежан әзілдеп.

Бұл жаңалық маньчжур-қытай чиновниктеріне де колмакол аударылып, тез тарап жаткан. Жанағы қаһарлы казак райынан қайтып, енді аяк астынан өз ауылына конакка шақырады дегенді естігенде, Сұң Жұң-таң сақтық жасап:

– Бізді ауылына алдап апарып, тобымызбен қырып тастап жүрмей ме? — деп тартыншақтап еді. Қазағуар Балкашин оның көңіліндегі күдікті тез сейілтті.

– Есінізде болсын, Сұң мырза, казақтар дастарқанынан дәм таткан конағына ешкашан кастық жасамайды. Қазақтың төріне шықтым дегенше, оның еркесі болдым дей беріңіз.

Бұлар сол күні келесі бір кырқанын астына шатырларын тікті де, екі жақтың басты-басты адамдары Зілқаранын ауылы-

на барып қонақ болды. Қой сойылып қалған. Ет пен қымыз ағыл-тегіл... Туғалы мұндай молшылықты көрмеген Сұң Жунтан: «мұндай халықтың біразын колға ұстаған бізге де теріс болмас» деген қорытындыға келіп еді. Бүгін оның Демежанға айрықша ықыласы түсіп, әлсін-әлі арқасынан қағa береді.

Осы кеште үй иесінің арызына байланысты бірталай мәселенің басы ашылып қалды. Әр елдің комиссия басшылары өз жағының үкіметтерімен сөйлесіп, шекара бойында конысынан айрылған адамдарға бұдан былай басқа жақтан өріс-коныс әперетін болды. Сонан соң екі жақ ақылдасып шешкен тағы бір нәрсе — шекара бойына такау отырған қазақтар, өз жағдайларына қарай, екі елдің қайсысына караймын десе де ерікті болсын деген тұжырымға келді. Ол үшін ойланып-толғануға алдағы күзге дейін үш ай уақыт беретін болды.

Осы оқиғадан кейін комиссия мүшелерінің арасында Демежанның беделі катты көтеріліп кетіп еді. Қазақтармен тілдесу керек болса, алдымен осыны жұмсайды. Тәкаппар Маншың төресі Сұң мырза да бұрынғыдай кекірейгенін қойып, Демежанмен ептеп санаса бастаған. Консул Балкашин де оған енді жылы шырай беріп, іш тарта сөйлесетін болды. «Алдағы уақытта Қытайдағы қазақтармен карым-катынас жасауда бұл жігітке кол артуға болады екен», — депті консул өзінің тілмашы Әріпке. Ал Әріп болса, Демежанмен сырлас, естіген-білгенін жасырмай айтып жүреді.

— Балталасаң да жарылмайтын, шөлде өсетін сексеуіл деген ағаш бар. Оны жару үшін, тек біріне-бірін токпақтап ұру керек, — дейді Әріп оқыс тепеу тапқанына өзі де мәз болып. — Біздің қазақ та — сол сексеуіл сиякты. Қазақты алу үшін, осылай біріне-бірін салу керек.

Әріптің Демежаннан үш-төрт жас үлкендігі бар. Өзі әңгімешіл, сөзге шешен, көпті көріп ысылған жігіт. Сүйегі — Сыбан, Аягөз маңындағы Актайлак бидің ауылынан. Осыдан бірнеше жыл бұрын Семейдегі «Штатское училище» деген орыс мектебін бітіріпті. Сонан кейін үш жылдай Сергиопольде орыс ұлықтарына тілмаш боп жүрген екен. Сірә, орысшаға өте жетік болуы керек, консул Балкашинге тілмаш керек болғанда, Семей губерниясынан мұны Шәуешекке әдейі жіберіпті. Балкашин оны ылғи да «Тәнірбергенов» деп фамилиясымен атайды. Қазақтың әкесінің атына «ов» жалғайтынын Демежан бірінші рет осыдан көрді.

Әріптің епте өлең жазатыны бар екен. Қиссаларды жатқа соғады. Өзінің де кисса шығармақ ойы бар ма, қалай... Кейде екеуі шатырда оңаша қалғанда, Әріп ұзақ-ұзақ жыр толғауларын айтып кетеді. Атақты ақын Құнанбайдың Абайы туралы да Демежан алғаш рет осы Әріптің әңгімесінен естіді. Өзі, шамасы келсе, сол Абайға еліктегісі келетін сияқты. «Біздің қазақта бір басына бақ пен өнер қатар қонған адам — осы Абай» деп аузынан тастамайды. Абайдың болыс-билерді шенеген өлеңдерін жатқа оқиды... Демежанның бұл сапарда Ли-шансыннан кейін әңгіме-дүкен құратын бір адамы осы Әріп.

Күн еңкейіп, батыстағы биік қырқаға иегін арта бастаған кезде, консул Балкашин бір жотаның басына көтерілді. Әнегүннен бері шекара межесін белгілеу барысында консулдың бір нәрсеге іші удай ашып, көңілі толмай жүр еді. Тарбағатай тауының картадағы кескініне қараса да, немесе осылай биік тұрғыға шығып, күнгей мен теріскейдің жер бедеріне үңілсе де, консулдың өзегін өртеген бір өкініш кетпейді. Табиғат та қызық қой: бір таудың екі беткейін ала-құла жаратқанын көрмейсің бе?! Жердің қара топырақты құйқалысы да, шөптің шүйгіні мен сай-салада ит тұмсығы өтпей сынсып тұрған жыныс орман да көздің жауын алып, күнгей жақта қалып барады. Осының бәрі суға байланысты, әрине. «Сулы жер — нулы жер» деген рас Әзірге бұлар басып өткен екі жүз шақырымдай аралықта Тарбағатайдың теріскейіне қарай небәрі үш-ақ өзен ағады екен. Ал күнгейге қарай арқырап ағатын асау өзендердің саны он бестен асады. Және өзен болғанда қандай, бәрі де ат құйрығын бұратын, мол сулы, көк иірімді, ағынды арналар.

Осыны көргенде, ішейін деп отырған алдындағы асын біреу тартып әкеткендей, консул катты қынжылады. Терістіктегі тастақ-тақыры мол шөлейт далаға қарап тұрып: «Шіркін, құйқасы, құнары жағынан күнгейдегі Құлыстайға жететін жер қайда-а?!» дейді ішінен. Тек көңіліне бір тоқ санайтыны — сонау солтүстікте шет-шегі көрінбей, Зайсан көлі жатыр мұнартып. Дайын су жолы, әрі балықтың мол қоры. Манайындағы жердің құнарсыздығын осының өзі-ақ өтеп кетуі мүмкін. Сонан кейін шүкірлік ететіні, шекара сызығы Тарбағатайдың піл сауырын таспадай тіліп отырып, үштен екі бөлігіне дейін барады да, Ақшоқы тұсына келгенде түстікке қарай бұрылып кетеді. Демек бұл таудың батыс сілемі бөліске

түспей, түгелімен Ресейге бұйырайын деп тұр. Дәл Құлыстайдай болмағанымен, Тарбағатайдың ол бөктері де жаман жер емес. Несін айтасың, қазір Үрімжар, Мұқаншы маңына келген переселендер егіншілікпен айналысып, ең байлыққа белшесінен батып отыр

Көңіл түкпіріндегі осы бір ішкі есептерді әне күні Алтай тобын бастап кеткен Медынискийге айтып көргенде, ол да мұнымен келіскендей болды. Бірақ Медынискийдің жер құнары, су байлығы жөнінде өз түйгені бар екен, соның шет-жағасын шығарды.

— Тарбағатай тауының гидиозогиялық түзілісі солай ғой. Табиғаттың бұл әділетсіздігіне амалың қайсы, — деген ол консулды жұбата сөйлеп. — Жер жағдайына байланысты кейде аздаған ұтылыстар болуы мүмкін. Бірақ біз мұның есесін Жетісу тұсына барғанда қайтарамыз. Жоңғар Алатауының мұздықтарынан шығатын өзен-бұлақтардың жетпіс-сексен проценті ол тұста бізге қарай ағатын болады...

Дегенмен ұлы таудың қыр аркасы шекара сызығын жүргізуге таптырмайтын, табиғи бөлік екені рас еді. Әнегүнгі Зілқара оқиғасынан кейін, жайлаудағы қазақтардан ондай ашық қарсылық ұшыраса қойған жоқ. Шекара туралы хабар бірден-бірге тарап, халық тегіс құлақтанып, басқа түскен тағдыр ісіне амалсыз көнген тәрізді. Шекара межесін анықтап, белгі қою, оны картаға түсіру бірте-бірте землемерлер мен топографтардың әдеттегі ісіне айналып, жұмыс бір қалыпты жүріп жатты.

VII

Шекара сызығын тартушылар бұл кезде Тарбағатай тауының бел ортасындағы нардың сынар өркешіндей көкке бой созып, дара тұрған Етікші шыңының тұсына да келіп жеткенді. Тау жүлгесінің бітіміне қарай, жер бөлігі Етікшінің теріскей қапталын айналып өтті де, шоқтығына қол апартпайтын табиғаттың тәкаппар биігі бөліп-жаруға көнбей, Қытай жағында қалып қойды.

Демежан Тарбағатайдың бұл тұсын өте жақсы біледі. Осыдан былай түстік бетте Төртуыл жері — Ақтас, Бөкенбай, Жуантөбе, Қайрақты жайлаулары жалғасады. Балалық шақ-

та тайға міліп талай жарысқан, төсінде асыр салып, қыз-қыркынын қызықтаған жерлері... Ал терістікке қарай бірнеше кезең ассаң, Сайболат елінің жайлауы, өзінің қайын жұрты — Құрман қажының ауылдары тиіп тұр. Бибі қазір сол ауылда, қол созым ғана жерде қалып барады... Соны еске алуы мүң екен, жас жігіттің жүрегін сағыныш билеп, алабұрткан бір күй кешті. Осы бір сәтті ол көптен күтіп жүр еді. Дәл іргесіне келіп тұрып, қайын жұртына сәлем бермей кету ыңғайсыз. Олар да естімей отыр дейсің бе, әдейі мұның аңысын аңдып, күйеу баламыз не істер екен деп күтіп отыруы да мүмкін-ау. Бастықтармен сөйлесіп, сол жаққа барып қайтуы керек шығар.

Бірақ бұл ырғалып-жырғалып, ат ізін салғанша, қажының аулынан арнайы жіберген шапқыншы шабарман да келіп қалды. Демежанды қасындағы жора-жолдастарымен бірлікте қонаққа шақыра келіпті. Көп қонаққа арнайы үй тігіп, дайындалып отырған көрінеді. Енді бөгелудің реті жоқ, шақырған жерге қалайда баруы керек.

Бұл жағдайды ол ең алдымен өз тобының басшысы Сүн мырзаға айтып көрген. Маншың төресі басында баратын ыңғай танытты да, артынан бір сағатқа жетпей айнып қалды. «Денсаулығым болмай тұр. Сізбен бірге мына Ли-шансың барып қайтсын» дегенді айтты. Оның неге бұлай қылт ете қалғанын Демежан да түсіне қойды. Сүн Жун-танның денсаулық дегені жай сылтау, оны ұлықтың қасынан екі елі айрылмайтын Шихалдайдың айнытып тастағаны бесенеден белгілі еді. Құрман қажының ана жылы «Қоңыз батыр» деген атпен көтерілістің жуан ортасында болғанын, Бор батырмен бірге Маншың әскерін Құлыстайдан қуып шыққанын халдайлар осы күнге дейін кешірмейді. Сондағы «Қоңыз батырдың» кім екенін Шихалдай комиссия бастығына жеткізбеді дейсің бе? Арғы-бергісін қазып, түгел түсіндірді, әрине. Құрман қажының өз басы түгел, оның қызын алып отырған Демежаннын да түбі шикі екенін ұлықтың құлағына құйып баққан шығар. Осыны сезген Демежан да қитығып қалды. Маншың төрелеріне ерегескен күйі Балкашиннын шатырына барды да, орыс тобын түгелімен қонаққа шақырды.

Орыс консулы бұл ұсыныска қарсы сөз айтпай, тіпті қуанып кеткен сынай танытты. Сөйтсе, Құрман қажыны Балкашин да сырттай жақсы біледі екен. Өзі ана жылғы Байжігіт

көтерілісі жөнінде біраздан бері материал жинап жүрген көрінеді. Бүгін сәті түсіп, сол көтерілістің басты бір адамымен жүздесуге мүмкіндік туғанын үлкен олжадай қабылдап, дереу ат ерттеуге бұйрық берді. Бұдан бұрын да Демежанды әдейі іздеп келіп, қонаққа шақырушылар көп болған. Сол ауылдардың көбіне Балкашин үнемі бірге баратын-ды. Қазір де сол жағдайды еске алып:

— Демежан мырза, сіздің арқаңызда бұл иен таудың ішінде жүріп те аш қалатын түріміз жоқ қой... Бірақ бұл жолғы сапардың жөні бөлек екен. Сізді Бибі ханымға өзім ертіп апарып жолықтырайын, — деп асығыс киіне бастады.

Сөйтіп, Демежан тал түсте Маншың ұлықтарының көзін бақырайтып қойып, көршілес орыс шатырынан бір топ адам ертті де, қайын жұртына қарай аттанып кетті.

Құрман қажының аулы Терісайрықтың бергі басында. Көксалада отыр екен. Бұл Демежаннын талай келген жері. Осыдан екі жыл бұрын Бибіні ұзатып алып қайтқан, естен кетпес, райыс-ыстық мекені. Бұл ел сән-салтанат жағынан басқалардан көп ілгері кеткен, бітімі бөлек, жылы ұядай жақсы ауыллдар. Қажының өз басына да тағар титтей кінәсы жоқ, қайта өзін көп карыздар сезінеді. Бір емес, өрім талдай екі қызын ұстатты ғой мұның қолына. Бұдан артық ер жігіттің басына қандай құрмет көрсетілуі мүмкін? Құрман қажыдан басқа біреу болса, бұрынғы қалыңдығы қайтыс болған соң, «Қайтеміз, тағдырдың жазуы осылай болды» деп құдалықтан қол үзіп, сырт айналып кетері әбден мүмкін еді. Бірақ қажы ондай пендешілікке бармады ғой.

Күні бұрын күтініп дайын отырған салтанатты бай ауыл конақтарды тік тұрып, кошеметпен қарсы алды. Алдарынан *шығып, ат ұстаушылардың арасында қажының үлкен ұлы* Қылырмолда болыс та жүр. Жасы Демежан құралпы, ат жақты, қыр мұрынды келген, сұлу қара торы жігіт. Соңғы сайлауда атка мінген Сайболаттың төкаппар жас болысы конактардың аман-саулықтарын сұрап, жылы шырай танытты. Ауылдың сыртын ала онашалау жерге екі бірдей ақ үй тігіп қойыпты Біреуіне орыс ұлықтары, екіншісіне Маншың төрелері түссін деген болар. Бірақ келген құрметті конактар бір үйге сыйып кетті де, екіншісіне атшы-қосшы жігіттер орналасты.

Бұлар алдымен өздеріне арналған үйге түсіп, қымызға қанып алған соң, жол серіктерін сонда калдырды да, Деме-

жан мен Әріп, Балкашин мен Ли-шансың төртеуі кажыға сәлем беру үшін, ауылдың төріндегі үлкен ак ордаға карай бет алды. Үй сыртына жақындай бергенде, алдарынан ер-әйелі аралас қызылды-жасылды киінген тағы бір топ жастар шықты. Орталарында — бұлыксыған Бибі... Баяғы он жакта жүрген кезіндегідей басына үкілі камшат бөрік киіп, көп жұлдыздың ішінде ай секілді, көзге ерекше шалынады. Қосылғаннан бері бұлай ірге бөліп көрмеген Демежан келіншегін катты сағынғанын осы сәт тіпті айқын сезінді. Жүрегі аткақтай соғып, әйелінің жүзінен көзін зорға тайдырды.

Бибі өз ауылындағы ежелгі еркелігін кайта тауыпты. Ешкімнен корынып жасканатын емес, кала салтымен қонактарға кол беріп амандасып жатыр. Балкашин да, Ли-шансың да Бибіні бұрыннан жаксы танитын-ды. Консул екі бүктеле иіліп, келіншектің қолынан сүйді. Демежаннын да жай жұрт катарлы кол алысып жатканын көргенде, орыс адамы шыдай алмай:

— Қап, мыналарды-ай, ә... Сүйісу керек кой мұндайда. Осы сендердің заңдарың-ак киын. Мынадай сұлуды сүйіп алмау — көпе-көрінеу күнә ғой, Демежан мырза! — деп басын шайкай берді.

Сырттағы дырду басылған соң, конактар ішке кірген. Касына бір-екі ғана ауыл үлкендерін алып, кажының өзі үйде оңаша отыр екен. Орнынан тұрып, келген кісілерге кол беріп амандасты.

— Кәне, төрлетіңіздер, құрметті меймандар!

Демежан төр алдына Балкашин мен Ли-шансынды жіберіп, өзі күйеу салтымен төменірек жайғаскан. Қажы бір ауық бұған назар аударып, арттағы ел-жұрттың, құда-құдағилардың амандығын сұрастырды. Демежан кайын атасына қасындағы серіктерін таныстырды.

— Мына кісіні сырттай естуіңіз бар шығар — Шәуешектегі Ресей консулы Николай Никонорович Балкашин мырза. Ал оның бергі жағында отырған — Ши-амбынын шекара комиссиясына коскан өкілі — Ли-шансың мырза.

Қажы екі жактан шыққан комиссия құрамында кімдердің бар екенін және бүгінгі конакка кім келіп, кімдердің келмей калғанын жете біліп отырған сияқты. Төрдегі кісілерге жағалай көз салып өтті де:

— Іштерінде Еженханнын ішкеріден арнайы жіберген төресі — Сүң ба, сүм ба, біреу бар деп еді, ол неге келмей кал-

ды[1] — деді мұртының астынан жымия күліп қойып — «Қанына тартпағанның қары сынсын» деп, ол да халдайлардың кегін қуып, жоғын жоқтап жүр-ау, шамасы. Қырық жылғы кегін ұмытпайтын, өте катты халық қой бұлар

Демежан Маншың ұлығының денсаулығына байланысты бүгін мұнда келе алмай қалғанын айтып, жуып-шаймақ болып еді, бірақ онысына қажы илана қоймады.

— Ал мына біреуін қалай жіберді екен? Шихалдайдың әдейі қосып отырған жансызы емес пе өзі? — деп күле түсіп, иегімен Ли-шансынды нұскаған.

— Жоқ. Бұл кісінің халдайларға түк қатысы жоқ. Бұл кісі — Шәуешектегі қытай гимназиясының мүдірі. Кезінде өзіме сабақ берген ұстазымды сізге таныстырайын деп әдейі ертіп келдім, — деді Демежан сәл ыңғайсызданып.

Бұл сөздерді қазақша тәп-тәуір білетін Ли-шансыңның өзі де жақсы түсініп отырған. Ол бет-аузы жайылып, ырсыңдап күлып алды да:

— Мені Еженханның төрелерімен шатыстырмаңыз, Қажеке. Менің ұлтым — Мәнжу емес, ханзу[1]. Мен де өздеріңіз сияқты бағынышты, бұратана халықтың өкілімін, — деді өз жағдайын түсіндіріп.

— Әй, мынауыңның төбесі тесік қой, — деп қажы сасып қалды. — Жарайды, артық айтсам кешір, қадірлі қонағым. Қазақ: «Үйіңе келген кісіге үйдей дауыңды айтпа» дейді. Менікі — жай қалжың ғой. Ағартушы мұғалім екенсің, иншалла, жаман адам болмассың.

Құрман қажының бір басында қазір екі кісінің екі түрлі қасиеті қабаттасып жатқандай көрінуші еді Демежанға. Бірі — өзінің туа біткен батырлығы мен мәрттігі де, екіншісі — құдай жолына өзін күштеп көндірген сопылық-бірадарлығы. Бұл кісі осыдан бірнеше жыл бұрын қажы сапарына барып қайтқаннан кейін, дүниенің ісіне араласа беруді қойған. Осы ауылға сыбаға ретінде келген болыстық, старшындық шенді де інілері мен балаларына өткізіп, өз басы бірыңғай дін жолына ауып кеткен жайы бар еді. Оның мәнісін сұрағандарға: «өмірімде көп қан төктім. Жаугершілік жылдары жазықты-жазықсызы бар, талай адам менің найзамның ұшында мерт болды... Ендігі қалған ғұмырымда сол күнәмды жуып кетіріп алсам да, ма-

---

[1] Х а н з у — қытаи ұлты өздерін осылай атайды

ған аз олжа емес» деп жауап беретін. Өзінің «Қоңыз батыр» деген бұрынғы атын тастап, Меккеге барып, қырық жасында қажы атануы да — адамның пәни дүниеден үркіп, ақиретті көп ойлауынан туған жанкешті әрекеттер еді.

Көп ұзамай төр алдына дастаркан жайылып, қымыз құйыла бастады. Шақпақ қанты аралас, аткөпір қызыл бауырсақтың ара-арасына бірнеше жерден жент, сарымай, құрт, ірімшік қойылды. Жұрт қымыз ішіп бола бергенде, бір жігіт құйрығы тегенедей құнан қойды зорға сүйреп әкеліп, қонақтардан бата сұрады.

— Ал, кәне, төр алдында Ақ патша мен Еженханның елшілері иық сүйесіп катар отыр екенсіңдер. Қайсыларың үлкен едіңдер? Малға бата қылыңдар! — деді қажының өзі алдымен қол жайып. — Мен құрметті қонақтарға тай сойыңдар деп едім, балалар: «орыстар жылқы етін жемейді» деп қойды лайық көрді.

Айтылған сөздерді тілмаш аркылы түсініп алған Балкашин бірден қасында отырған Ли-шансынға жармасты.

— Жасыңыз үлкен ғой, сіз бата жасаңыз.

— Жоқ, сіздің шеніңіз үлкен. Сіз жасаңыз батаны...

— Мені уақытша Шәуешекте тұр дегеніңіз болмаса, осы елдің өз адамымын ғой. Біз қазір Ресей азаматының үйінде отырмыз. Сіз болсаңыз шет елден келген қонақсыз. Жол — сіздікі, — деп консул тіпті қояр емес.

Ақыры сөзден ұтылған Ли-шансың үйдегілерді таң қалдырып, қазақша бата істеді:

— Мал-бас аман болсын. Қажыекеннің шаңырағынан құт-береке кетпесін. Жаңа шекара құтты болып, екі ел тату-тәтті өмір сүрсін... Аумин!

— Ой, бәрекелді! Мынауың бір бестілік бата болды ғой, — деп үй иесі разы боп калды.

Қымыздың тоғы басыла берген кезде, үлкен сары самауырмен шай келді. Мана қымызды кілен жігіттер құйып еді, енді шай жасау камымен сырттан жас әйелдер кіре бастаған. Қажының үлкен келіні Күлайым бір тізерлеп отырып, шай құюға кірісті. Батыл басып келіп, әкесінің төменгі жағынан орын алған Бибі қонактардың кесесін өзі әперіп отыр. Андасанда Демежан жакка жалт ете қарап, жеңгесіне әлденені сыбырлап, жымия күліп қояды. Өз еліне келіп, сағыныш сарығын басып, көңілі орныккандікі ме, казір Бибінің өні балбұл

жанып, бұрынғыдан да сұлулана түскен. Жұп-жұмыр алтын білезік салған ақ білегін соза кісілерге шай әпергенде, құлағындағы ай сырғасы ырғала түсіп, нұр жүзіне таң шапағындай қызыл арай теуіп өтеді.

Жалпы, бұл ауылдың бір ерекшелігі — жас әйелдер үлкендердің алдында қысылып-қымтырылмай, өздерін еркін ұстайтын. Құрман қажы пәни жалғанның қызығынан өзін қатты шектегенімен, басқаларға бәлендей қазымыр тақуалығы жоқ, жастарға алды кең адам еді. Қыз-жігіттерді өнер сайысына салып, айтыстырып қойып, қызығына қарап отыратыны тағы бар. Бұл тұста ол дін жолындағы сопы-бірадар емес, баяғы батырлық-мәрттік мінезіне басатын.

Сондай қайын ата алдында өзін еркін ұстап үйренген, шай құйып отырған ажарлы, ашық жеңге Күлайым бір сәт Демежанға *күле карап алды да*:

— Күйеу жігіт, құсынды қолына қондырып алған соң, бұл жаққа енді ат ізін салмайын дедің бе? Екі ауылдың арасына қоршау тұрғызып, шекара тартып жатқаның қалай? Байқа, еркемді ол жаққа жібермей қойсақ, өзің салған қоршаудан өзің өте алмай, екі көзің төрт болып жүрмесін. — деді сыңғырай күліп.

Тапқыр жеңгенің татымды әзіліне үй іші түгел күліп жіберді. Бір қызықтың болғанын сезіп, Балкашин да «ана кісі не айтты» деп Әріпті асықтыра бастаған. Сөз мәнісін түсінгенде, ол да рахаттана күліп алды. Ашық жеңгенің ұтымды әзіліне Демежан қалайда жауап қайтаруы керек еді. Дабырдұбыр басыла берген кезде, ол да қарап қалмай:

— Сол еркеңіз бұдан былай Ақ патшаның қызы, Еженханның келіні болып отырса, бұдан артық құдайдан не тілейсіз, жеңеше-ау?! — деп желігіп отырған жұртты одан арман күлкіге қарық қылды. Ауыл адамдары:

— Рас-ау енді.

— Демежан дұрыс айтады

— Біз бұрын ауыл арасында жүріп, «қыз бала жат жұртқа жаралған» деуші едік. Біздің Бибіжан енді нағыз жат жұрттың адамы болды, — десіп түс-түстан костап жатыр.

Құрман қажы да жастардың әзіліне құлақ қойып, мұртының астынан мырс-мырс күліп отырған. Енді бір кезек байсалды сопылық қалыпқа көшіп, басын изектетіп сәл бөгелді де:

— Иә, бұл сұм заман не сұркылтайына бастап тұрғанын кім білсін. Ақырзаман болғанда, адамзат жерді адымдап

өлшеп, метрлеп бөледі деуші еді. Оны да көрдік, мінеки... Біздің қазақ онсыз да тоқымы кеппей, тоз-тозы шыққан ел еді. Ақыр-аяғы әр патшалықтың қолына қарап, телімге түсіп отырған түріміз мынау. Түбі, жақыным дегенің жат болып, туыстан-туыс түніліп, әкеге баладан топырақ бұйырмай қалып жүрмесе болғаны да, — деп іштен тына күрсінді.

Бұл жеке қажының ғана уайымы емес, осы отырған көбінің көкейіндегі мұң болатын. Үй-ішін біразға дейін үнсіздік билеп алған. Мұндайда не айтуды білетін Балкашин әдейі бұра сөйлеп, жұртты қайта серпілтуге тырысты.

— Ақсақал... қажы мырза, сіз өйтіп уайымдамаңыз. Бибі жат жұртта жалғызсырамайды. Бұл қыздың ол жақтағы ағасы енді мен боламын, — деді қулана тіл қатып.

Бір ауыз сөзге мұнайып, бір ауыз сөзге жұбанатын қайран қазекен қайта көңілденіп, үй-іші дабырласып қалды.

— Рақмет, көнсал шырағым! Менің қызыма көз қырынды салып, рұқсат қағаз керек болса көп зарықтырмай, төркініне жиі-жиі жіберіп тұр, — деді қажы да разы болып.

Балкашин енді әңгімені өз қажетіне қарай бейімдеп, Құрман қажыдан ана жылғы Құлыстайдағы көтеріліске қалай қатысқаны туралы сұрастыра бастаған. Қажы аз ойланып отырды да:

— Ол дүрбелеңге мен әдейі соғыс тілеп, қанға жерік болғаннан, не жаннан күдер үзгендіктен араласыппын ба. Жатқан жыланның құйрығын басқан Хэбен-амбы мен Шағанкегеннің өздері ғой, — деді әлден уақытта. — Дүнгенге жақтастың деп, күнгейдегі қалың Төртуыл мен Мәмбетті қанға бояған да солар болатын. Онымен тоқтамай, жайлауда бейбіт отырған біздің елді тағы келіп шапты. Төрелігін өзіңіз айтыңызшы: мұндайда бойында жаны бар еркек үйінде шыдап отыра ала ма? Содан мен де атқа қонып, ақ найзаның ұшын сары аяқтардың сүбесіне аздап сүңгіткенім бар. Сірә, сондағы менің найзамның ұшы батыңқырап кеткен-ау деймін, ана Шихалдай сияқтылар соны әлі күнге дейін ұмытпай, сыртымнан қыжыртып жүреді, — деп мырс-мырс күліп қойды.

Құрман қажының әкесі Кенже жай шаруа баққан момын адам болған екен. Ал Құрман бала кезінде өте мазасыз, тентек болып өсіпті. Жаны кеудесіне сыймай алып ұшып тұрады екен. Найзагерлікті далада жылқы бағып жүргенде үйренген. Қысырактың үйірін куып жүріп, тай-байталдардың құйрығын найзалағанда қимылына көз ілеспейтін көрінеді. Жыл-

қының құйрығын қан-жоса қылғаны үшін, әкесінен талай рет ұрыс та естіпті, таяқ та жепті... Бірақ сол өнері түптің түбінде кәдеге асқаны ғой. Кейін ел басына күн туып, жаугершілік заман басталғанда, әкесі Кенже ұлына арнайы сауыт соқтырып, бес қаруын сайлап, батасын беріп, жауға қарсы өз қолымен аттандырған екен... Қажы осы жайды баяндай келіп:

— Адам іштен батыр болып тумайды, батырлықты заман, уақыт тудырады, — деді қонағының жүзіне қарап қойып. Адам — намыстың құлы. Сол намыс үшін оққа ұшып өліп кетсең де өкінбейтін кезің болады. «Адамның жаны жас кезінде артында, кәртейгенде көзінің алдында тұрады» дейді ғой, сол — рас сөз. Көтеріліс басталғанда, менің жиырма бестен жаңа асқан кезім болатын. Осы соғыста өлемін-ау, оқыста мерт боламын-ау деген ой каперіме кіріп шықсашы. «Өлсем, мына қыршын кеткендерден жаным артық па» деген бір жанкештілік тұрады көкейімде. Бірақ ажалсыз адамға дауа жоқ екен. Талай рет түтеген оққа қарсы шапқан кезім болды. Оқ жанап өтпеген, найза, қылыш тимеген менің денемде сау тамтық жоқ. Егер мені шешіндіріп көрсеңіз, шошып кетер едіңіз... Манас бойындағы соңғы бір шайқаста қара саннның қалың етінен оқ тесіп өткен кезі болды. Сол жер әлі күнге дейін тесік, үңірейіп тұр. Өзім кемінде жүз рет ажалдан қалған шығармын. Ал менің қолымнан, сөз жоқ, жүздеген адам жан тәсілім етті. Осы күнге дейін кейде солардың кейбіреуі түсіме кіреді. Түсімде ылғи да қырғын соғыстың ішінде жүремін. Кілең бір оқ тиіп шыңғырған, өкпесіне найза қадалып, омақаса құлаған адамдар... Ояна келсем, қара суға түсіп терлеп жатқаным. Сол қан төгіс кім үшін, не үшін керек болды? Қазір ойласам жаным түршігеді. Сірә, адамзаттың оқта-текте қаны тасып, сол қанды ағызғанша тағат таппай тұрады-ау деймін. Енді, міне, не болды? Бәрі айналып орнына келді, көн қатып қалыбына барды. Тағдырдың жазуынан асқан кім бар? Біздің уақытша жеңіс деп жүргеніміз түбегейлі жеңіс емес екен. Жай бір тұяқ серпу, өлім алдындағы бой жасау секілді бірдеңе болып шықты. Нәтижесі көзге көрініп тұрмаған соң, бүгінгі жастарға батырлығынды айтып мақтанудың өзі бір түрлі ыңғайсыз.

Бұл кезде қонақтар шайға қанып, дастарқан жинала бастаған. Балқашин қажыға тағы да басқа сұрақтар қойып, Әріп үшеуі үйде отырып қалды да, Демежан қасына Ли-шансынды ертіп далаға шықты. Күн еңкейіп қалыпты. Сонау бір шыр-

кау аспан төрінде үлпілдеген ұшпа бұлттар қалықтайды. Айнала-төңірек нілге малып алғандай жап-жасыл. Екеуі әрнені әңгіме етіп, ауылдан едәуір ұзап кетті.

— Сенің қайын атаң дүние сырын дұрыс болжай білетін, өте аңғарлы адам екен, — деді Ли-шансын. — Батырлығына мақтанбайды, қайта қорланып еске алатындай ма, қалай?

— Ол кісі соңғы жылдары бұл өмірден түніліп, тәркі-дүниелеу болып жүр, — деді Демежан. — Өзінен күштілерге қарсы алыса-алыса тауы шағылып, тауаны қайтқан адам ғой. «Әлі жетпеген ақыретшіл» дейді. Дінге бой ұрып, құдай жолына кеткені де содан болар...

Екеуі ауыл сыртындағы қырқаның үстіне көтерілген. Лишансын артына бұрылып, төрт түлік малы өрістен оралған, қосақтап қой сауып жатқан бай ауылға біраз қарап тұрды.

— Таң қалам, — деді ол әлден уақытта кешкі ауыл тірлігінен көз алмаған күйі. — Арада аттай екі мың жыл өтсе де, қазақтың өмір салтының еш өзгермегеніне таң қаламын. Сол баяғы киіз үй, сол баяғы мыңғырып жатқан мал, сол баяғы ет пен қымыз... Көшпенділер үшін ай мен жыл ештеңе емес, тіпті тұтас ғасырлар орнынан жылжымай тоқтап тұрып қалған секілді.

— Бұл жақсылық па, әлде жаманшылық па? — деді Демежан қарсы сұрақ қойып.

— Екі жағы да бар. Жақсылық жағы — бұл халықтың өзгермей, бұзылмай, сол бұрынғы пәк күйінде, табиғаттың төл перзенті ретінде таза сақталуында. Қазақтар есігіне құлып салмайтын, қонақ келсе дастарханы дайын тұратын дүние жүзіндегі бірден-бір халық қой қазір... Ал жаманшылық жағы — әлемдік өркениеттен, қоғамдық дамудан қағаберіс, баяғы орта ғасырлық мешеу сатыда қалып қоюында. Бұл мешеулік көпке дейін сезілмей, тарих өз екпінімен біраз жерге алып келді, әрине. Ал өткен он сегізінші ғасырдың екінші жарымынан бастап, көшпенділердің басындағы бақ біржола тайды.

Мұндайда Ли-шансынмен таласу қиын. Ол — көне дүние тарихына аса жетік, Қытайдағы тарих ғылымының атасы Сыма-сяннан бастап, кейінгі оқымысты ғалымдардың еңбегін өте көп оқыған адам. Ал жазу-сызуы ерте дамыған қытай архивіне пара-пар келетін дүние жүзінде бірде-бір архив жоқ. Бұлар үшін екі мың, үш мың жыл бұрынғы оқиғалар күні кешегі нәрсе секілді, бәрі қағазда жазулы, сайрап тұр. Онын үстіне

Ли-шансын ежелгі қытай-түрік қатынасын көп жылдан бері сарыла зерттеп жүрген кісі. Демежаннын бір ден қоятыны — ұстазы тарихи оқиғаларды баяндағанда, ешкімге бүйрегі бұрмай, барынша әділ болуға тырысады.

Бұлар әлгі қырканын ар жақ бауырындағы қызылды-жасылды қына басып кеткен сандық таска келіп отырды. Ли-шансын имек трубкасына темекі толтырып, асықпай тұтатты. Сақал-мұртын жып-жылмағай қырып жүретін қытай адамның жас мөлшерін айыру қиын. Әйтеуір, елудің үстінде екені анық. Бір қызығы, бұл кісінің басында не шаш, не айдар жоқ. Қашан көрсен ұстарамен жаңа ғана алдырғандай жалтырап тұрады. Басына үнемі такия, не берет киіп жүретіні де сондықтан. Өз айтуынша, шашы тым сұйылып кеткен соң, ұстарамен алдырған да, енді қайтып өспейтіндей етіп дәрілеп тастаған. Оңысын өзі кейде әзілге айналдырып:

— Мұның өзі, шынымды айтсам, айдар өсірмеудің амалы ғой. Менің әзірше Цин империясына қарсы жасап жүрген бірден-бір қарсылығым осы ғана, — деп рахаттана күлетіні бар.

Ли-шансыннын бұл сөзінің астары түсінікті. Өйткені 1644 жылы маньчжурлер алғаш рет Қытайды басып алғанда, зорлыкпен енгізген жаңа тәртіптерінің бірі — еркектерге маньчжурше айдар қою болған ғой. Ер адамдар бәлиғатқа толысымен шашының алдыңғы жағын ғана алдырып, арт жағына айдар өсіріп, өріп қоюға тиіс болған. Егер көшеде айдары жоқ адам кезіксе, сотсыз, сұраксыз табанда басы кесіледі деген катал заң шыккан Сол заң осы күнге дейін күшін жоймай келеді. Мұның өзі бағынышты халықты айдарынан алып жүріп сабауға, не жоғары көтеріп тұрып, басын кесіп алуға өте оңтайлы көрінеді... Ли-шансың «айдар салығынан» осылайша оңай құтылыпты.

Ол трубкасын құшырлана сорып, танқы тәнәуынан көк түтінді сыздықтата шығарды да, әлдебір оңға кеткендей:

— Бұл көшпенділердің тарих сахнасынан түсетін уақыты да болды ғой, шынында, — деді әңгімесін жалғастырып. — Көшпенділер екі мың жыл бойы бүкіл орталық Азияны уысына ұстап-ақ тұрды емес пе. Өткенге ой жіберіп, көзінді жұмсаң, құлағыңның түбіне осы күнге дейін ат тұяғының дүбірі жеткендей болады. Гундер, сақтар, Түрік қағанаты, сонан соң Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің жорықтары, ең соңғы сірге жияры ұлы Жоңғар мемлекеті... Осылар шығыстағы Тынық

мұхиттан — батыстағы Орта теңізге дейінгі аралықты ат тұяғының астына қалдырып, талай-талай шаңдатты ғой .. Мәселен, қазір өзіміз көріп жүрген Жоңғар ойпаты бір кезде қырғыздардың Алатаудан — Енесейге, кейде одан керісінше коныс аударатын көш жолы болды дегенге кім сенеді. Қырғыздың Манас батыры осы өзіміздің Манас өзенінің бойында туған... Жүйрік ат, қисық қылыш, ұшқыр садақ, ақ найзаның тұсында көшпенділерге төтеп беретін ешқандай күш болған жоқ. Дүниедегі ең көп халық саналатын Хань династиясының өзі біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын солтүстіктегі Гундердің шабуылынан қорқып, ұлы қорғанды соғуға мәжбүр болған.

Осының алдында ғана қанып ішкен бесті қымыздың әсері ме, Ли-шансың сонау алыс тарих беттерін ой көзімен шолып, көсіле сөйлеп тұр. Демежан оқта-текте сұрақ қойып, ұстазын үнсіз тыңдай берді.

— Бірақ дүние бір қалыпта тұрмайды. Гундер мен сақтарды былай қойып, бергі Түрік қағанаты дәуірлеп тұрған кезінде қазіргі кейбір Еуропа мемлекеттерінің әлі негізі де қаланбаған болатын. Тіпті бертінгі Шыңғысхан дәуірінің өзінде онымен күш салыстыратын ешкайсысы болған жоқ. Сонан кейін екі-үш ғасыр өткенде дүние күрт өзгеріп, таразы басы теңгеріле бастады. Көшпенділердің ең соңғы тұяқ серпуі Алтын Орда мен Жоңғар мемлекеті болды да, сонымен тынды... Неге? Оның себебі жер шарының түкпір-түкпірінде адамзат бұрын-соңды көрмеген жаңа өндіріс, жаңа қару-жарақ туа бастады. Ендігі жортуыл көлігі — құрылықтағы жүйрік аттар ғана емес, біреулер суда жүзетін кеме жасап, көк мұхитты көктей өтіп, алыс елдерге сапар шегетін болды. Қисық қылыш пен ақ найзаның орнын дәрімен атылатын мылтық, зеңбіректер басты. Не істейсің? Қашанда мықты қару кімде болса, күш сонда... Осының нәтижесінде бір кезде бетіне жан қаратпайтын көшпенділер бірте-бірте әлсіреп, тарих сахнасынан ығыса бастады. «Дүние-кезек» дейтін бе еді қазақтар? Сол тегін айтылмаған. Мәселен, осыдан бес жүз жыл бұрын, Алтын Орда дәуірлеп тұрған шақта, сондағы хандар мен бектер түптің түбінде біздің ұрпағымыз осындай мүскін халге түседі, Орданың шағылған сынықтарын шығыс пен батыстан келген әлдебір мемлекеттер жинап теріп, бөлісіп алады деп ойлады дейсің бе? Ойлаған жоқ. Олар дүние осы қалпында мәңгі өзгермей тұрады деп пайымдады

Ли-шансын кейде өз ана тілінде ағып сөйлеп кетеді де, Демежан түсінбей калады-ау деген тұстарда өзінше қазакшалаған болады.

— Мен саған осының бәрін неге айтып тұрмын? — деді Ли-шансың шәкіртінің жүзіндегі әлдебір қобалжуды сезіп калып. — Сен осы бір тарихи дамудың заңдылықтарын жақсы ұғынасың деп тұрмын. Білем, мына шекара бөлісі саған онай тиіп жүрген жоқ. Кейде намыстан жарылардай болып, катты корланатыныңды да бірнеше рет байқап калдым. Сені түгіл, әнеугүнгі Зілкараның ашу-ызасын да, бүгінгі қажының күрсініске толы, мұңды хикаясын да жақсы түсіндім... Бір денені ортасынан қылышпен как жарғандай, бір халықтың екіге бөлінуі онай дейсің бе. Тұтас халық ғана емес, бір оттың басы екіге бөлініп отыр ғой. Мана сенің келіншегің Бибіні көріп, сорлы әйел бұдан кейін ата-анасынан алыстап, бөлек мемлекетте тұратынын ойлағанда, көзімнен жас ыршып кете жаздады. Бір-бірінен мәңгі қол үзіп жаткан туыстардың касіретмұңын, көз жасын көру маған да сондай ауыр. Бірақ қолдан келер не бар? Қатал тағдыр өз үкімін орындамай тынбайды...

— Сонда, сіз қалай ойлайсыз, біздің басымызға түскен осы таукымет мәңгі өзгермей осылай кеткені ме? Әлде түптің түбінде заман өзгеріп, жарылған дүние қайтадан бүтінделе ме? — деді ішкі толқыныстан бір қызарып, бір сұрланып, ұстазының сөзін ширығып зорға тыңдап тұрған Демежан.

— Кім біледі, кесіп айту киын. Әйтеуір тарихтың дөңгелегі кері шегінбей, үнемі алға жылжи беретіні анық. Қазір империялардың ыдырауы емес, үлкен балық кіші балықты жұтып, бірігу, орталықтану процесі жүріп жатыр ғой... Болашақты кім болжай алған. Адамзат тарихы үшін жүз жыл, бес жүз жыл дегенің қас қағым сәттей. Ал жеке адамның ғұмыры... тіпті айтуға тұрмайды. Сіз бен біз ондай үлкен өзгерістерді көре алмай өтуіміз де ғажап емес.

Ли-шансын сөніп калған трубкасының күлін қақты да, имек басына қайтадан темекі толтыра бастады. Сонан соң ұнжырғасы түсіп, қалың ойға кеткен Демежанды сейілткісі келді ме, баска бір көңілдірек бірдене айтатын сынай танытты.

— Айтпақшы, мана қажының үйінде қымыз ішіп отырғанда, менің есіме кім түскенін білесің бе? — деді шәкіртінің бетіне күле карап — Баяғыда Үйсін хандығына ұзатылған қытай ханшасы — Чан-ю деген қыздың өз елін сағынып жаз-

ған өлеңі түсті есіме... Жаңа айттым ғой, біздің заманымыздан үш ғасырдай бұрын солтүстіктегі Гундерге жеке-жеке жем болатын болған соң, Қытайда әр түрлі ұсақ князьдіктер бас құрап, бір орталыққа бағынған түңғыш Хань династиясы құрылды. Алайда атақты Тұман ханның тұсында әбден күшейіп алған Гундер ежелгі әдеті бойынша, жаңа құрылған Хань династиясына маза бермей, үсті-үстіне шабуылдаумен болды. Амал жоқ, Хань императоры Синь-Шихуанди теріс-тіктегі Гундерден қорғану үшін, біздің заманымыздан бұрын 221 жылы ұлы қытай қорғанын тұрғызуға жарлық берді. Бірақ ондай қорған онайлықпен біте қоя ма, жуық арада одан да пана таппайтын болған соң, Хань императорлары мүлде басқа тәсілге көшіп еді.

Ол кезде Түркілердің батыс тобы Гундерден бөлек, Үйсін одағына бірігіп, өз алдына жеке мемлекет болып тұратын-ды. Гундердің ұлы қағаны Тұман хан өліп, оның баласы Моде таққа отырған жылдары бұл ағайындас екі хандықтың арасы катты ушығып, өзара жауласу дәрежесіне дейін жете бастаған. Хань династиясы, міне, осы ала ауыздықты мықтап пайдалануға бел байлады.

Біздің заманымыздан бұрын 140 жылы Хань императоры Уди өзінің түрік тіліне жетік Жянь-цян деген елшісін Үйсін еліне аттандырады. Гундерге қарсы әскери одақ құрып, бірге соғысайық деген тілек білдіреді... Гундерді қалай күйретудің жолын таппай отырған Үйсін хандарына да керегі осы еді. Екі жақ оп-оңай тіл табыса кетеді. Кейін араға жылдар салып, Жянь-цян Үйсін хандығына екінші рет тағы барады. Екі ел арасындағы қатынас жиілей түседі. Одақтасының сеніміне кіру үшін, Хань императоры өзінің қызы Чан-юды Үйсін ханының баласына ұзатады. Сірә, ол кезде Түркілерге ұзатылған қытай ханшалары аз болмаса керек. Көшпенділер оларды үстіндегі белін қынаған, етегі жырық, балық сияқты жылтыр жібек көйлектеріне қарап, «мекіре қатын» деп атайтын болған.

— Үйсін-қытай одағының немен тынғаны белгілі ғой. Мұның ақыры біздің заманымыздан бұрын 80-жылдары екі жақтың біріккен шабуылына төтеп бере алмаған Гундер мемлекетінің тас-талқан болып күйреуімен аяқталды, — деді Ли-шансың әңгімесін түйіндей келіп. — Айтайын дегенім ол емес. Бұл әңгіме неден шықты өзі? Иә, айтпақшы, жаңағы «мекіре қатындардың» бірі, қытай ханшасы Чан-юдың елін сағынып жазған өлеңінен

өрбіген екен ғой... Жаңылмасам, сол өлең менің блокнотымда бар болуға тиіс. Иә, мұнда жүр екен. Тында, оқып берейін.

Демежанға қытайдың қара сөзінен гөрі өленін түсіну киынырақ соғатын. Дегенмен, жобамен алғанда, қытайша үйқасы балғамен ұрғандай күйылып түрған бас-аяғы үш шумақ өленнін ұзын ырғасы мынадай еді.

Қытайдың үзенгілес тең-тұстасы —
Үйсіннің мені айғтырды падишасы.
Төркінім салтанатпен мені ұзатты,
Ханның өзі бас болып, бар ханшасы

Үйсіннің отыратын ұлы ордасы —
Киіз үй деп-дөңгелек айналасы.
Бағлан еті, жал-жая, қазы-қарта.
Сүт пен қымыз, май мен құрт ішкен асы.

Әркімнің өзіне ыстық ата-анасы,
Соны ойлап кейде көзінің ағар жасы.
Құс болсам канат қағып кетер едім,
Болса да канша кашық ел арасы...

— Қалай, бірдеме түсіндің бе? — деді Ли-шансың Демежанның бетіне күле карап.

— Жобалап ұккандай болдым. Расында да, жан тебірентерлік өлең екен.

— Адам санасында жаңғырық туғызып, өткенді қайталап еске түсіретін, кейде сондай ұксас көріністер болады. Жаңа дәл сондағыдай киіз үйде, дәл сондағыдай қымыз ішіп отырып, алыска ұзатылған Бибідей қызды көргенде, баяғы Чан-ю байғұстың зарын еріксіз есіме алғаным... Қашанда әйел сорлының мұңы бір ғой. Бибі екеулеріңді коскан Құрман кажы мен Керімбайдың құдалығында да ру аралық сондай саясат жатты ма, кім білсін?!

Екеуі орындарынан тұрып, ауылға карай аяңдады. Күн екіндіге еңкейіп, батыс жақтағы биік қыркадан асып барады. Ауыл адамдары желдегі биелердің соңғы сауымын өткеріп, қой маңырап, козы жамырап, азан-қазан бір күйге еніпті. Төрт түлік малдың шуы тау-тасты жаңғырықтырып, айнала-төңірек шешен домбырадай күмбірлеп кетті.

— Ғажап емес пе?! — деді ақын жанды Ли-шансын толқи тіл катып. — Осы бір кешкі көріністі немен айырбастауға бо-

лады? Еш нәрсе өзгермеген... Өз күнделіктерінде Жянь-цян жазып қалдырған осыдан екі мың жыл бұрынғы Үйсіндердің ордасы тәрізді.

Манадан үнсіз келе жатқан Демежанның тіліне ойнақы әзіл оралды.

— Иә, онысыз рас: баяғы Жянь-цяннның орнында оның ұрпағы міне, сіз келе жатырсыз. Чан-юдың орнын Бибі басқанда, мен сол Үйсін ханзадасы-ақ бола салайын. Тек бір ғана айырма бар, — деді ұстазына күле қарап. — Ол кезде Үйсін ордасына орыс елшілігі әлі келе қоймаған болуы керек.

Ли-шансың қарқылдап күліп жіберді.

— Иә, дұрыс айтасың, қанша дегенмен өзгеріс бар екен. Балкашин мырза жай елші ғана емес, осы елдің иесімін деп отырған жоқ па... Жүр, соған барайық. Ол да бізді іздеп, алаңдап отырған шығар.

Бұлар сол күні қонақасыларын асықпай жеп, осы ауылда қонып қалды. Кешке қарай Бибі бастаған қыз-келіншектер ауылға келген күйеу құрметіне алтыбақан құрған екен. Түннің бір уағына дейін Демежан мен Әріп соны тамашалады. Інір кезінде алтыбақан басына қазақтың тұрмыс-салтынан дерек жинап жүрген консул Балкашин мен Ли-шансың де келген. Қыздар ол екеуін зорлағандай алтыбаканға отырғызып, орысша, қытайша ән айтқызды. Жиналғандар жат жұрттың тілін түсінбесе де, әуенін қызықтап мәз болысты. Аздан соң үлкендер үйге қайтып кетті де, сонан кейінгі ойын-тамаша қыз-келіншектер мен жігіт-желеңге еркін тиіп еді.

Ауыл жастары биыл, не үшін екен, қазақтың мұңды-шерлі ескі әндерін көп айтатын болыпты. Бір жарым ғасырдан бері тынбай айтылып келе жатқан ежелгі «Елім-ай» қайта тіріліпті. Бұл әнге дәл осы тұста ерекше екпін, тың мағына кіргендей, адамның сай-сүйегін сырқыратып, қай-қайдағы шер-шеменін қозғайды.

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ағайыннан айрылған қиын екен,
Екі көзге мөлдіреп жас келеді. .

Бәрі де әнмен, жырмен айтылып жатыр. Ел мен ел екі айрылып жатқан бұл күндері қазақтың көңіл күйін дәл осы әндей дөп басатын ештене жоқ шығар. Сірә, «Елім-ай» әнінің

әлі күнге дейін ескірмей, ұмытылмай келе жатуы тарихта осындай қоштасатын, жоқтасатын сәттердің аз болмағаны ғой.

Әншейінде өлеңдетіп жүретін Әріп ән шыққан жерде аркасы козып, тіпті екіленіп кетеді екен. Ауылдағы адуын келіншектердің қоршауында алтыбаканға отырып, ұзақ-ұзақ әндер айтты. Көпшілігі бұл елге бейтаныс Тобықты, Сыбан ортасынан шыққан әндер. Әріптің «Абай әндері» деп бөліп айтқан бір оқшау әндерін де жастар жағы үйреніп калуға тырысып, әлденеше рет қайталап айтқызды.

Осында келгелі Бибімен ұшырасатын онтайлы сәт таппай іш құса боп жүрген Демежан келіншегіне қолы жаңа жетіп, екеуі бір шетте оңаша сөйлесіп тұрған-ды. Төркіндеп келгеніне айдан аскан Бибінің жуық арада қайтатын ойы жоқ. Екі елдің арасы күнде келе беретін жер емес. Алда қандай заманлар болады. Сондықтан Демежан шекара қызметінен қайтқанша, Бибі ата-ана, туыс-бауырдың қасында әлі де біраз күн бола тұрғысы келіп, сол жағын күйеуінен киыла өтініп тұрған. Демежан жауап беріп үлгергенше, қастарына қыз жеңгесі Күлайым келе қалды. Бұл мана жұрт алдында Демежанға сөктыға сөйлеген адуын, ашық жеңгенің өзі. Бибі екеуінің арасына алғаш дәнекер болған, қызметі, қайырымы өткен тату жеңге. Сол Күлайым өзінің ашық-жарқын мінезімен ешкімнен тайсалмай, бұларға тиісе келді:

— Біздің қызды әбден сағынып, құлқынын құрып, өліп қапсын ғой, күйеу бала-ау. Өзгемен тіпті ісің жоқ. Байқа, бұл ауылда еркемнің билігі менің қолымда... Жүрші, еркем, екеуіміз алтыбакан теуіп, қосылып ән айтпағалы қай заман. Осындайда бір шер таркатайыкшы, — деп Демежанның сөз айтуға да мұршасын келтірмей, Бибінің қолынан ұстады да, сауыққой дулы топқа карай сүйреп ала жөнелді.

Қос келіншек алтыбаканға отырысымен, бір мұңды ән бастады. Бұл өңірде талайдан айтылып жүрген белгілі әуен болғанымен, сөзі жаңа, қайын сіңлі мен жеңге бірігіп, өз жандарынан шығарған секілді. Бұрын да бірнеше айтып, төселгендері байқалады. Ашық үнді дауыстарында бір іркіліс, мүдіріс жоқ. Жібек талдай, шекер балдай, майда, тәтті үн қатып, еркін әуелеп, көсіле шыркап кетті. Бірде Күлайым бастап, әсем ырғақ ән созса, енді бірде Бибінің сынғыраған ашық даусы қосыла қанат қағып, талмай өрлеп, биіктеп кетеді.

Угай-угай, әй угай,
Өтпін дүние, дариға-ай! —

дейтін әсем сазды қайырмасы да құлаққа сондай жағымды еді. Демежан келіншегі Бибіні дәл мынадай әнші деп ойлаған емес-ті. Төртуыл бәлендей әншіл, сауықшыл ел емес қой. Келін боп түскелі оған ән сал деп қолқалаған да ешкім болған жоқ. Ана жылдан бері қаншама ән мен сауықтан құр қалып жүргенін енді біліп, бар болмысымен ұмсына тыңдап қалды.

Мына бір ән не айтады? Осынау өмірдің баянсыздығын, қамшының сабындай қысқалығын арман етеді. Соның ішінде, әсіресе, оң жақта отырған қыз ғұмыры қандай қыска, қыз жолы қандай жіңішке?! Көктемде күн көзіне бой созып, қаулап шыққан қызғалдақтай, кемді күн көздің жауын алып, үкісі бұлаңдап жүреді де, бір күні амалсыз бейтаныс жат жерге ұзатылып кете барады... Осы бір өткелден өтпейтін қазақ қызы жоқ бұл дүниеде. Қош бол, әлпештеген ата-ана, кош бол, қатар өскен күрбы-құрдас, асыл жеңге. Бұдан кейін көрісер күн бар ма, жоқ па? Шетке кеткен шермендені ұмытпай, естеріңе ала жүріңдер... Төркіндеп келген қыз әні осыны айтады, осылай мұң шағады.

Демежанның қасында тұрған Әріп, ән аяқталғанда көкірегін қарс айыра күрсініп жіберді.

— Осы біз ақынбыз деп жүрміз. Нағыз ақын — қазақтың қыздары екен ғой! Қандай мұң, қандай сезім?! Сөздері қандай орынды, — деп аузының суы құрып, мақтауын жеткізіп тұр.

Үлкендер алтыбақан басынан ертерек кеткен. Таң қылан бере ең соңғы жастар тобы да жан-жаққа тарап жатты. Күлайым осы қарбалас сәтті пайдаланып, Бибі мен Демежанды оңаша үйлердің біріне енгізіп жіберді.

Қонақтар бұл күні кештеу тұрған. Ұлы сәске кезінде қажының үлкен үйіне кіріп, қымызға қанып алды да, рақметтерін айтып, қайтуға қам жасады. Құрман қажы далаға ере шығып қонақтарды өз қолымен аттандырды. Кермеде жылқыдан әкелген бірі жирен, бірі күрең — екі ат байлаулы тұр екен. Қажы Күреннің шылбырын Балқашинге, жиреннің шылбырын Ли-шансыңға ұстатты.

— Екеуін екі халықтың бетке шығар азаматы екенсіңдер. Алғаш есік аша келгенде, аз да болса көптей көріп, бір-бір ат

мініп қайтыңлар, — деді коштасарда. Сонан соң жастардың коршауында атына мініп жаткан Демежанға бұрылды да: — балам, сен бұл жолы күр қайттым деп өкпелеме. Қазақта: «Төркініне бардың ба, төрт кой айдап қайттың ба» деген сөз бар. Саған тиесілі сыбағаны болашақ жиендердің «қырық шұбар тайымен» бірге кейін келіншегің алып қайтар, — деді сөз аяғын әзілге айналдырып.

Бергенді кім жек көрсін, конактар бұл ауыллан разы-хош болып, көңілді аттанды. Ал Демежан қайын атасының көңілінің жүйріктігіне, тапқырлығына разы болып келеді. Сыйлы кісілерге бір-бір ат мінгізіп, қажы бұл жолы тауып кетті. Бір оқпен екі қоянды атып алды деген осы. Әрі конактарын разы қылса, әрі сол арқылы Шихалдай секілді қызыл көз жауының өзегіне өрт кетіріп, мықтап бір қыр көрсетті.

VIII

Алтай мен Тарбағатай тауларының үстімен өтетін шекара негізінен тау қыркасын жүлгелеп, табиғи бөлікті меже тұтты да, өріс-қоныс жағынан адамдарға бәлендей ауырлық келтірген жоқ. Оның есесіне, шекара сызығы Акшоқы тұсынан оңтүстікке қарай ойысып, Бақты, Барлық, Көктұма тұсына келгенде, нағыз қиындық сонда туды. Бұл өнірдің жері жазық әрі жағалай қоныстанған қалың ел болатын Ел іші мияның тамыры секілді, бір ауылды қозғасаң, оның екінші ұшы басқа бір ауылдан барып шығады.

Қазақ қауымында ауыл дегенің жай сырткы көрініс қана, оның ар жағында жігі бөлінбейтін тұтас бір ру жатады. «У ішсең руыңмен» деп, әр ауыл өз тайпасымен бірге болғысы келеді. Көшпелі елдің тұрмыс-салтында жер жеке адамның меншігі емес, ру меншігі. Жаз жайлау, қыс қыстауы да солай ынғайлас бөлінген. Әр казақтың паспорты, тұрақты адресі, біреудің қолынан мерт болса, құнын сұрайтын иесі де — өз руы. Әллекім күнға жығылса да, оны бүкіл руы бөліп төлейді... Көлденең көк атты, не бейтаныс жолаушы қай рудан екенін айтса болғаны, оның қай жерде тұратынын былайғы жұрт сұрамай-ақ біле кояды. Ал өз руынан бөлініп шетте жүрген адам кісі қатарына саналмайды. Жалғыздық көреді. Көрінгенге көз түртқі, кірме атанады. Ал енді, мықты болсаң, осын-

дай мидай былығып кеткен, қым-қиғаш, карға тамырлы қазақтың арасынан мемлекеттің түп-түзу шекарасын жүргізіп көр!

Бұл қиыншылық, әсіресе, ойдағы ел деп аталатын, Байжігіттің үлкен бір бұтағы — Мәмбет ішіне келгенде, тіпті айқынырақ білінді. «Шекара бойындағы ауыллар екі мемлекеттің қайсысына қараймын десе де ерікті» деген кеңшілік, таңдау да өзінен гөрі төрт түлік малының жағдайын көбірек ойлайтын көшпелі елге жеңілдік әкеле қойған жоқ. Мұндайда батыс пен шығыстың қайсысын таңдау керек? Шығысқа тартайын десе, нағашысы батыста қалады. Батысқа тартайын десе, құда-жегжат шығыста қалайын деп тұр. Қалың қазақ бұл өлкеге ішкерілеп енгенде, бір жағы малына өріс іздесе, екінші жағынан сол ағайын-туысқа қара тартып келмеп пе еді... Енді, міне, шекара деген пәле шықты. Құдайдың кең даласын, төрт түлік малдың өрісін шеттен келген қайдағы бір адамдар, тақ бір ата-бабасынан енші алып жатқандай, аркандап өлшейтін, тойтаңдап төрелік айтатын күн туды. Осының бәрі қаншалық көмпіс, көнтерілі болғанмен, шаруа баққан малшы қауымның көңіліне қонбайтын-ақ нәрселер еді.

Бұл күндері не істерін білмей, екі ұдай күйге түсіп, миы басына, басы тымағына сыймай, қиналып жүрген қазақ тіпті көп-ақ. Сондайлардың бірі — Диқанбай ауылы. Осы ғасырдың басында бірнеше үй Бура әлдебір себеппен сонау Қызылсу-Шардың бойынан ауа көшіп, жыла қона жүріп, ақыры осы Ақшоқының бөктерін мекен етіп қалған-ды. Шағын ғана дәулеті бар, аз үйлі бейнеткор қауым Шар бойындағы ата дәстүрімен, Ақшоқының суына егін салып, былайғы іргелі рулардың ешқайсысына қосылмай, өз күндерін өздері көріп жүріп жатқан. Жапсардағы жатақ ауылға басқа жуан ауылдар көз аларта қоймай, талас-тартыста ара ағайын ретінде қаға беріс қала беретін. Алыс жайлауға шығаратын көп малдары болмағандықтан, қысы-жазы қыстауларының маңынан көп ұзамай, артық астығы мен тоқты-торымын төбесі көрініп тұрған жақын қала Шәуешекке апарып сатып, керек-жарағын алып тұратын-ды. «Сойыл да сорлыға бұрын тиеді» деген рас. Қырсық қылғанда, Тарбағатайдың жонынан Ақшоқы тұсына келгенде түстікке бұрылып, Барлыққа қарай құлаған шекара сызығы, карта бойынша, дәл осы ауылдың үстінен өтетін болды. Кеше Бақтының желкесіне келіп шатырларын тіккен шекара тартушылар ауыл ағасы Диқанбаға жолығып:

— Енді бұл аралан көшуге тура келеді. Ертеңге дейін ойланып, екі жақтың біріне шығыныздар, — деп қатан ескертіп кетті.

Ойланғанда не істейді? Көшкенде қайда барады? Арғы тегіміз Бура еді деп, ежелгі Шар бойына тартайын десе, ол елмен қатынастары әллекашан үзіліп қалған. Сырттай естулерінше, ол жаққа да бекініс орнап, тұрғылықты елдің өзі қоныс іздеп көшіп жатқан көрінеді. Түстіктегі Мәмбетке, не шығыстағы Төртуылға кірме боп қосылғанда не маркадам табады? Олардың өздері ию-кию болып, қай жаққа көшерін білмей, бастары қатып жүр. Диқанбай кешеден бері көрші-қолаң, туыстарын жинап қанша ақылдасса да, бір тоқтамға келе алмады. Бәрі де ата қоныс Ақшоқыны қимайды. Жер бетін шарлап жүріп, зорға іздеп тапқан бейіш-мекендері осы еді. Басқаны былай қойғанда, бәрінің де әкелерінің басы осында, қыстаудың сыртындағы сонау бір сұр төбенің бауырында жатыр.

Осылайша бастары әңкі-тәңкі боп, әрі-сәрі күйде отырғанда, кешегі шекарашылар тағы келді. Екі қытай, бір орыс, екі қазақ бар қастарында. Бұлар — көбінше осындай дау-шарды шешетін: Балқашин, Ли-шансың, Демежан бастаған топ еді.

— Иә, ақсақал, сонымен қай жаққа қарай бет алатын болдыныздар? Уақыт болса тығыз, ұлықтар асықтырып жатыр, — деді Демежан алдымен тіл қатып.

Диқанбай бұл күнде жасы елуді орталап қалған, қауға сақалды, зор денелі адам еді. Көзімен жер шұқып, салбырап кеткен басын зорға көтерді. Барар жер, басар тау таппай, шын қиналып отырған адамның калпы бар.

— Шынымды айтсам, соны әлі шеше алмай отырмыз. Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады. Не істерімізді білмей сарсаңға түсіп, сандалып отырған жайымыз бар.

— Ойбай-ау, ақсақал-ау, Сіздерге бола мемлекеттік шекара тоқтап тұрмайды ғой. Қалайда екі жақтың біріне шығуларыңыз керек.

Диқанбай бұл жолы үндемей қалды. Енді қасында отырған шоқша сақалды, шіңкілдек сары шал сөзге араласты.

— Шырақтарым-ай, сендер де өзге жер құрып қалғандай, шекараны тап біздің ауылдың үстінен жүргізгендеріңді қарашы... Әлде де қағаздарына қайта бір қарасандар қайтеді, ә? Осы бізді екі патшалыққа да қоспай-ақ, ортасында қалдырып, айналып өтіп кетуге болмай ма? Патшасыз қалдық деп біз тіпті өкпелемес едік.

Мына сөзді естігенде Балкашин ішек-сілесі қатып, қаркылдап күліп жіберді.

— Болмайды, ақсақал. Екі елдің арасында қалуды заң көтермейді. Міне, қағазда солай жазылған... Сіздің қыстауыңызды мен Ресей қарауына өз еркімізбен қуана-қуана қосып-ақ алар едім. Бірақ шекара сызығын шығысқа қарай бір адым жылжытуға мына кісілер көнбейді ғой, — деп күле түсіп, қасында тұрған қытай адамдарын нұсқады.

— Онда не істейміз? Көшеміз де... Басымыз ауған жаққа кетеміз енді қанғырып, — деді Диқанбай сақалы дір-дір етіп.

Демежан қарап тұруға дәті шыдамай, сырт айнала берген. Тек әлден уақытта, өзіне-өзі келген соң ғана қайта бұрылып, Диқанбайға тіл қатты.

— Дегенмен, сіздерге қай ел тиімдірек? Құда-тамыр, туыс-жегжат дегендей, қай жақпен көбірек араласасыздар? — деді отырғандарға ой түсіре сөйлеп.

— Мына Төртуыл жағымен ептеген ілік-шатысымыз бар. Оның өзі де ет-бауыры елжірескен туыстық емес, жай ит қасынысқандай ғана бірдене, — деді Диқанбай. — Бірақ бізге кім қыстауы мен қонысын дайындап отыр дейсің. Қайда барсаң да қорқыттың көрі...

Осы арада Демежаннын есіне бұл осылай қарай аттанып бара жатқанда айтқан әкесінің бір сөзі түсті: «Егер шекара бойынан адасып жүрген Төртуыл ауылдарын көрсең, тіпті өріс-қоныс таппай киналып отырған басқа біреулерді жолықтырсаң да, беттерін біздің елге қарай бұра бер. Түбі, қарауындағы қарашы халықтың көбейгені теріс болмайды» деген Керімбай... Сол тапсырманы орындаудың сәті енді түскен секілді.

— Онда былай болсын, — деді ол әлдебір тәуекелге бел буып. — Мен жаңа өзіңіз айтқан Төртуылдың зәңгісі Керімбайдың баласымын. Сіздер тура сол ауылға тартыңыздар. Әкеме хат жазып берейін. Шеттен келген ағайынды ренжіте қоймас, жайлы қоныска орналастырар. Ал өзім мына шаруадан оралған соң, сіздерді іздеп тауып аламын.

Қайда беттерін білмей жетімсіреп отырған жатақтар мына сөзді естігенде, аз да болса серпіліп, иықтарынан бір батпан жүк түскендей женілейіп қалды. Диқанбай бастаған ауыл адамдары:

— Е, Керекенді білеміз ғой.

— Қасына көшіп барсақ, жерінің бір пұшпағын кияр.

— Рақмет, шырағым, көп жаса! Бала-шағаңның игілігін көр! — деп Демежанды алқап, алғыс жаудыра бастады.

Ертеңінде Алатақтар ауылы жүктерін буып-түйіп, шығысқа қарай түп қопарыла көшетін болды. Көш орнынан қозғаларда, Диқанбай соңғы рет әкесінің басына құран оқып, аруақтан кешу сұрағандай, ауыл сыртындағы тас бейіттің түбінде ұзақ отырды. Не заманда сүйретіліп орнынан тұрып, амалдың жоқтығынан атына мінді-ау, әйтеуір. Өнкей бір өгізге арқан, ырдуан арбаларға тиеген алашабыр, шоқпыт көш еңіске қарай құлдап барады. Ұлыған иттің, ұлардай шулаған бала-шағаның, сақалдарынан жас сорғалап еңіреген еркектердің үні естіледі. Арт жақта, Ақшоқы сайының аузында есік-терезесі үңірейіп, қаңырап иен қалған ескі қыстау тұр..

Соны көргенде Диқанбай шыдай алмай кетті. Шынымен кеткенім бе деп, атына қамшыны басып жіберіп, ескі қыстауды бір айналып шықты да:

— О, ку құдай, көп көргенің осы Ақшоқы болса, ал кеттім ендеше... кеттім-ау, кеттім! — деп көштің соңынан шаба жөнелді...

Бұл күндері мұндай көріністер таңсық болудан қалып, аттап басқан сайын ұшырасатын болды. Қазақтың баяғы «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі еріксіз босқындыққа ұшыраған бір қайғылы кезеңі осы еді Шекара сызығы бүйірлеріне қанжардай қадалып, ішкерілеп енген сайын, қазақ рулары екі жақтың қайсысына қарарын білмей, сеңдей соғылысып, әрі-бері жөнкілумен болды. Бүгін бір ауылдың шығысқа қарай көшіп бара жатқанын көрсең, арада бір апта өтпей, әлгілердің қайтып келе жатқанын көресің Немесе керісінше. Қай елде мекен теуіп қаларын анық ажыратпай басы қатқан жұрт .. Қазір Ақ патша мен Еженханның қайсысы артық деген мәселе де қазекеннің миын шірітіп болды.

Біреулер: «Ойбай, Ақ патша әділ ғой, бір сөзді ғой! Орыс деген өнерлі халық қой. Осы орыстың қолтығына тығылғанымыз жөн болар... Ақ патша бұдан кейін переселендерін қаптатпай, қазақтың өз жерін өзіне қайтаратын болыпты» деп гу-гу етеді. Екінші біреулері олардың сөзіне күмән келтіріп: «Ақ патша — тебіні тым қатты, тегеуірінді неме ғой. Шеңгеліне бір түссең бүркіттей бүріп, қысып жібермес пе екен? Одан гөрі кең қолтық, иі жұмсақ Еженханның өзі дұрыс болар.

Алман-салығын уағында төлеп тұрсаң, басқала ісі болмайтын. момын қытайыма жетері жоқ» деп өзеурейді. Ал үшінші біреулері: «Е, тәйірі, басына киетін болған соң ноқтадан ноқтаның артығы бар ма. Осылардың қайсысы басымызға ұжымақ орнатар дейсің. Әйтеуір амалсыздың күні де» деп үмітсіздікке салынады...

Қазақта бұрын: қыз таңдау, күйеу таңдау, қоныс таңдау, жүйрік ат, қыран бүркіт таңдау дегендер болушы еді. Ал енді мемлекет таңдау, император, патша таңдау дәрежесіне көтерілгені осы-ақ шығар. Несін айтасың, кімге караймын, қандай патшаға бағынам десе де, қазір шекара бойындағы қазақтың қолы жетіп-ақ тұр.

Кейде қазекеңнің алтыбақан ала ауыздығынан туатын *күлкілі жағдайлар да ұшырасады. Елдің бұлай екіге айрылуы* бұрыннан ат кекілін кесісіп, араздасып жүрген кейбір ағайынға тіпті болып берді. Бастары бір қазанға сыймай, өлсек бір-бірімізден топырақ бұйырмасын деп, қатты кетіскен ел жуандары өздерінің болашақ бағдарын жауларына қарап анықтайтын күйге жетті. Егер біреудің қастас адамы шекараның батыс бетінде қалар болса, екіншісі міндетті түрде шығыска қарай көшуге тиіс еді. Сондай егескендердің бірі — Мәмбет ішіндегі Тоқа мен Қойлыбай ауылдары болатын.

Тоқа шекара сызығы жақындап қалғанда, ары ойлап, бері ойлап көріп, ақыры екі патшалықтың қайсысына қарасам да маған бәрібір деп шешкен-ді. Екеуінің де бұл үшін бір-бірінен артып тұрған ештеңесі жоқ еді. Тоқаның ендігі аңдығаны — тек Қойлыбай ғана. Алдымен сол бір жағына беттесе, бұл ойланбастан қарсы бетке өте салмақ. Бірақ не үшін екен, шекара бойындағы өзге жұрт өз қалауымен олай-бұлай көшіп жатқанда, Қойлыбай аулы кешеуілдей берді. Сөз жоқ, оның да Тоқаның аңысын аңдап отырғаны белгілі. Ақыры шыдамы таусылған Тоқа қызыл көз жауына кісі салды:

— Тірлігімде Қойлыбаймен қонысым жақын болмасын, өлсем көрім жақын болмасын деп, құдайға берген антым бар еді. Таңдауды соған-ақ бердім. Айтсын: екі жақтың қайсысына қарайды екен? Ақ патшаға ма, әлде Еженханға ма? Маған тек Қойлыбайы жоқ жер болса бейіштен кем көрмеймін, — деген-ді.

Қойлыбай да көптен ширығып әрең отыр екен. Қасдұшпанына қолма-қол жауап қайтарды:

— Жоқ, алдымен Тока айтсын қай жаққа көшетінін... Солақ арманда калмасын. Маған тек Токаның төбесін көрмей жүрсем болғаны. Егер ол Ак патшаға қол артам десе, маған Еженхан да жетіп жатыр, — депті.

Бірақ бұдан кейін де екеуі көп ырғасты. Әбден қандарына қарайып, аңдысып калған қасақы жауларға бірін-бірі алға салудың өзі онайға түспеді. Бұлар қалайда бірінің айтқанына бірі көнбеуге тиіс кой. Көніп қалса, онда тіл біріктірген, берекеге келіп, ыракайласкан болып шығады... Ақыры бұлардың өздерінен ештене шыкпай, екі ауыл елдің ең соңында қасарысып отырып алған соң, амалсыз шекара комиссияларының адамдары араласуға тура келді Бұл кезде Еміл бойы мен Барлыктағы елдің дау-шарын бір жайлы ету үшін Шәуешектен Ши-амбы келген-ді. Сол Маншын ұлығы мен консул Балкашин текедей тіресіп қалған Тока мен Қойлыбайдың ауылдарына бөлініп түсті де, екеуін екі жакка көшіріп әкетті.

Барлық пен Алакөл бойын жайлаған қалың Мәмбеттің ортасын как жарып шекара жүргізу оңайға түскен жок. Егер ай-шайға қарамаи бөліп тастайын десе, Барлыкты жайлайтын ел құмдағы қыстауынан айрылып, Алакөл. Еміл бойындағы ел жайлаусыз қалатын қаупі бар еді. Сондықтан Ши-амбы мен консул Балкашин акылдаса келіп, бұл елге кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Барлык тауы түгелге жуық Цин империясына қарап кеткендіктен, Ресей өз қол астындағы қазақтардың көшіп-конып түруы үшін, Барлыктағы кейбір жайлауларды он жыл мерзімге жалдап алуға тура келді. Бұл да халықтың жағдайына карап, әрі мемлекеттік шекараны токтатпау үшін, амалсыз жасалған шаралардың бірі еді. Кейін Барлықтағы қазақ руларының біразы мерзімді уақыты біткен соң, Ресей карауына қайтты да, көпшілік жылы орнын суытпай, сол жақты мекендеп калып койды.

Сол жылдары шекара бойлап, батыска карай шұбырған қазақ көшінің арасынан ер-әйел, кәрі-жас қосылып айтқан мынадай жоқтау, коштасу жырларын жиі естуге болар еді.

Алтай, Сауыр, Майлыны мекен еткен,
Текес Тянь-Шань, бір шеті Күнес кеткен
Тарбағатай — Барлыкта ата-баба,
Кіндік кесіп, кір жуып, терін төккен.

Еске түссе еніреймін, кайран Барлык.
Ку мандай сені ұстауға етп-ау тарлык.

Орыска караған жұрт кайтсын деген,
Шын-машын Еженханнан келді-ау жарлық.

Құлазып кайран мекен қалды бізден,
Бөліндік туған бауыр еліміздеп.
Ел мен жердің кайғысы еске түссе,
Ыстық жас сорғалайды көзімізден

Сонымен, әлденеше айларға созылған Тарбағатай түсындағы шекара бөлісі де қалың қазақты жылатып-еңіретіп жүріп, акыры аяқталды-ау, әйтеуір. Өз аймактарының шегіндегі негізгі жұмыс біткен соң, комиссия құрамында уакытша жүрген Ши-амбы мен консул Балкашин бастаткан топ Шәуешекке қайтатын болды. Екі жақтың ішкеріден келген шекара комиссиясын бұдан ары Ресейдің Жетісу губернаторы мен Маншыңның Іле аймағындағы әкімшілігі қабылдап алды.

Шекара бөлісі дегенің бір айда, не бір жылда біте коятын жұмыс көрінбейді. Жалпы Цин империясы мен Ресей территориясы шектесетін шекараның ұзындығы жеті жарым мың шақырымға жететін болса, соның үш мың шақырымынан астамы Шыңжан өлкесі мен Орта Азияны бөліп жатыр Дегенмен Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары орналасқан ежелгі Жоңғария мен қазак даласының арасындағы шекара бөлісі онша ұзакка созылған жок. Ал Қашқариямен шектесетін, Қырғыз Алатауы және Памир тауларының үстімен өтетін шекара көп кедергі, үзілістерге ұшырап, кейде мемлекеттік деңгейдегі үлкен келіссөзге дейін барысып, токсаныншы жылдардың басында зорға аяқталды...

Шекара бойынан кайткан Ши-амбы да, консул Балкашин де бұл жолы өте көнілді еді. Екеуі де ұзак жылдар шешімін таппай келген осы бір тарихи окиғаның басы-касында болып, өз колдарымен тындырғанына, өз патшалары мен императорларының бұйрығын абыроймен орындап шыккандарына дән риза сиякты. Аркаларынан ауыр жүк түсіп, катты кеңіп қалғандары сырт көзге де байқалып тұр. Балкашин былай шыға бере астындағы атын Әріптің жетегіне беріп, Ши-амбының пәуескесіне барып отырған. Екі үлыктың мәре-сәре болып, бірін-бірі кезек-кезек аркадан қағып, даурыккан күлкілері естіледі.

Демежан пар атты пәуескенің соңын ала, салт аттылардың қатарында келе жаткан. Жаз бойы ат аркасынан түспей, тау асып, тас басып жүріп, катты кажып-шаршағанын енді

анғарып келеді. Бұл ауылдан аттанғанда, ел жайлауға жаңа беттеген шіліңгір шілденің басы еді. Енді, міне, қазан айы туып, салқын сары күз түсіпті. Осы уақыт ішінде мәртебелі ұлықтың жұмсауымен, мойнындағы қызмет-парызын өтеп, бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Қазір сонау солтүстікте мұнартып көрінген Тарбағатайдың жота-жонын, шың-шатқалын коймай шарлап, екі ел арасына шекара сызығын тартысыпты. «Ит сорлысы көш басшысына ереді» деп, сонша сандалғанда елге салған олжасы не? Не таптым, не көрдім деп барады? Үйіне ұры түскенде, өз үйін өзі қоса тонасқан Қожанасырдың қылығын қайталап жүрген жоқ па бұл? Ала жаздай көргені — ел қайғысы. жұрт наласы екен. Әлде бұл сапар танып-білген, тауып қайтқан олжасы осы ма? Ел басына күн туған екі ұдай шақта халқының қасынан табылып, қысылғанға қол ұшын беріп, жылағанын жұбатыпты. Өз елімен бірінші рет сырлас, мұңдас болып, тар кезеңде табысыпты. Көңілге медеу тұтары — сол ғана...

Ауыр ойдың шырмауынан селт еткендей, бір сәт қасында келе жатқан Әріпке назар аударды. Оның да бүгін ажары солғын, иіні түсінкі. Қашанда қаны сыртына теуіп, гүл-гүл жайнап жүретін қызыл сары жігіттің өні құқыл тартып, сұрланып алыпты. «Бұл үлкен ауылда өскен адам ғой. Мына оқиға бұған қалай әсер етті екен?» деп ойлады Демежан ішінен. Әріп соны сезгендей, жетектегі атын шаужайлап, бұған қатарласа берді де:

— Біздің халық не тапса да өзінің мінезінен табады, — деді ол қашан да, мінеп сөйлейтін әдетімен. — Үшы-қиыры жоқ құдайдың кең даласына сыймай, бірін-бірі мүйіздеп, жауласып жүруші еді. Өздеріне де сол керек! Жүрсін енді көрінгеннің қанжығасында телім-телім болып.

Мұндай сыншыл ойлар Әріптің аузынан бұрын да көп айтылатын. Бірақ *мына сөзі тым қатал, аяусыз үкімдей естілді* Демежанға. Жолдасының сөзіне қосыла қоймай, өзінше бір ой айтты.

— Өз халқынды табалағанда не маркадам табасын. Біздің қазақ қазір жетім бала сияқты ғой. Кім қолына нан ұстатса, соның жетегінде жүре береді. Өз отының басы, жеке шаңырағы болмаған соң, жетім сорлы жалтақ көз болмағанда қайтушы еді.

— Бірақ сол жетімдігін мойындап, болашағын ойлап жүрген ел бар ма? Сол анғырттығы — түбіне жеткен. — Әріп әлденеге ширыққандай, ащы жымиды. — Демек. біздің ел өз

атының басын өзі алып жүруге әлі дәрменсіз деген сөз. Оның ноқтасынан біреулер қалайда жетелеп жүруі керек. — Соны айтып, сәл бөгеліп қалды да, сөзін қайта жалғастырды. — Сен ұзаққа шабатын жігітсің, Демежан. Түбі Еженге қараған елдің көш басшысы, көсемі болуың да ғажап емес. Алайда бір нәрсе есіңде болсын: біздің халықты жон арқасынан шықпыртып, шырқ иіріп отыратын мықты қол керек. Әйтпесе, осы ауа жайылғаны — жайылған... Қазақтың мінезінде балтамен шауып тастайтын көп мін бар. Соны аяусыз сылып, шабақтап отырмаса болмайды.

Әріп сол ел мінезінен шығарып, бұдан ары өз басының мұнын айтып кетті. Сөз әлпетіне қарағанда, бұл қызметінде ұзақ тұрақтай алмайтын түрі бар. Осында келердің алдында, екі-үш жыл Сергиопольда тілмаш боп тұрғанда, ел жуандарымен, олармен ауыз жаласқан ұлықтармен біраз ұстасқан жағдайы бар екен. Уезд бастығының елден алған парасын әшкерелегені үшін, Әріпті бірнеше ай абақтыға да жауып тастаған. Содан Семей губерниясына арызданып жүріп, зорға дегенде босанып шығыпты. Енді, міне, бұл Шәуешекте жүргенде де, артындағы сол өрт әлі өшпей, бықсып жанып жатса керек. Ел жуандары мұның үстінен арызды үсті-үстіне тоғытып, жоғарыға жолдап жатқан көрінеді. Төтеннен келген жау жоқ әрине. Соңына түскен — өзінің елдегі ағайындары, қазақтар... Консул Балкашин әзірше ол арыздарға құлақ аспай, мұны қорғап жүрсе керек. Кім біледі, бара-бара оның шамасы келмей қалуы да мүмкін ғой... Әріп осы жағдайды баяндай келіп:

— Біздің хал осылай, бауырым. Бұл қазақтың дау-шарынан шекараның ар жағына өтіп кетсең де құтыла алмайсың, — деп Демежанға қарап күліп қойды. — Аз ба, көп пе, біраз күн дәмдес болдық. Жасың құрбы, тілеуің бір, қазақтың сен де бір азаматысың ғой. Бір күні дәм айырып, Тәнірбергенов Шәуешектен қайтып кетсе, ұмытпай еске ала жүрерсің...

Өз қайғысы өзіне жетіп, онсыз да еңсесі түсіп, езіліп келе жатқанда, оған мына Әріптің мұңы қосылып, Демежанның көңілі мүлде құлазып кетті. «Апыр-ай, бұл не деген сүркей, мазасыз дүние еді?» деп алыс-алыска, жырақ көкжиекке қараған. Бет алдында төрт тарабын биік таулар қоршаған Құлыстай жазығы жатыр. Сонау солтүстікте көгілдір мұнарға оранып, Тарбағатай жоталары қылаң береді. Осы сәт оған мына

Құлыстай өлкесі бұрынғысынан әлдекайда кішірейіп кеткендей, дүние бір түрлі тарыла түскендей әсер қалдырды.

«Шекара» деген бір ауыз сөздің өзінде қандай сиқырлы күш жатқанын бұл енді сезіп келеді. Осы өлкенің айналасына атақты Қытай қорғанынан да биік, бірақ көзге көрінбейтін әлдебір қоршау түскен секілді. Өмірдегі бұрын қалыптасқан үйлесім, тепе-теңдік бұзылып, тағдыр таразысына жаңа тастар салынған тәрізді. Көзге көрінбейтін әлгі сым-қоршау адамдардың алқымынан сығып, тынысын тарылтып тұрғандай.

Көктем тасқыны кезінде жыра-сайларда дариядан бөлініп қалатын шұқанақ сулар болушы еді. Сол таяз суларда желбезегін қағып, тыпырлап жататын балықтар болушы еді. Не үшін екен, Демежанның көз алдынан осы сурет кетпей қойды... Бәрі өзгерген, бәрі басқаша түс алған. Тек жонынан таспа тіліп жатсаң да былқ етпейтін, піл сауырлы Тарбағатай биіктері ғана сол орнында мызғымей мелшиіп тұр.

IX

Шығыс адамдарының қоңыркай, салқын мінезіне бағып, сырттай сыр алдырмағаны болмаса, бұл күндері Ши-амбының қуанышында шек жоқ еді. Батысқа қарай ұмтылған тынымсыз жорық, сан қилы саясат пен жылмаң дипломатия ақыры өз жемісін берді. Маншың әскерінің ат тұяғы келіп жеткен ең шалғай түкпірде империя жалауы енді құламастай орнығып, бас-аяғы жүз отыз жылға созылған ұлы эпопея сәтімен аяқталды. Ши-амбы сол эпопеяның соңғы нүктесін өз қолымен қойғанына бақытты еді. Осымен отан алдындағы міндеті толығымен өтелді. Өз өмірімде мен де бір тарихи іс тындырдым деп, енді кімнің алдында болса да ұялмай айтуға болады.

Шекара!.. Көп жылдардан бері қол жетпей келген, асуы биік арман еді ғой бұл. Және бұл шекараны кіммен бөлісіп отыр дейсің ғой? Оң қанаты батыс Еуропаға, сол қанаты Тынық мұхитқа дейін созылып жатқан екі басты алып самұрық – құдіретті ұлы Ресеймен енші бөлісіп отыр. Ақ патшадай арыстанмен сыбаға бөлісу оңай болып па? Арыстан жылы-жұмсағын өзі жеп, саған шет-пұшпағын, қиқым-сиқымын қалдырса да өкпелей аласың ба? Дегенмен. Ақ патшада ны-

сап бар екен. Егер әлденені сылтауратып, ондай сылтау аз ба еді, батыс жақтан соғыс жариялап, Цин өкіметін Құмылдан ары асырып тастаймын десе, оған төтеп берер кім бар еді? Тіпті орыстардың өзі килікпей-ақ, ана жылғы дүнгендер мен ұйғырлар салған өртке май құйып, айдап салып отырса да, Маншың билеушілерінің Шығыс Түркістанға қайта оралуы екіталай болатын. Бірақ Ресей оған бармады ғой. Қайта, қысылғанда көршісіне қол ұшын беріп, бүлікшілерді жаныштауға көмектесті.

Дегенмен кауіп бұлты кейінгі кезге дейін сейілген жоқ еді. Іленің жанжұны генерал Колпаковскийден әскери көмек сұрап, шақыруын шақырып алғанымен, орыс қолбасшысы қалың қолмен Құлжаға кіріп, он жылға жуық ошарылып отырып алғанда, Маншын билеушілерінің жүрегі тағы да тас төбесіне шыққан. Жергілікті халық та беттерін құбылаға бейімдеп, сырт айналып бара жаткан. Сол кездегі кейбір саясатшылар, тіпті Ши-амбының өзі де· «Қайран Құлжа, енді біздің қолдан кеткен-ақ шығарсың» деп ойлап еді. Бақытқа қарай, түбі қайыр болды, әйтеуір. Екі ел арасындағы шекара бәрін өз орнына қойып, шошыған жүректі орнықтырды.

Қазір Ши-амбынын көңіл күйі — көп киындыкпен ұзак жыл салған ғимараттың құрылысы бітіп, есік-терезесін орнатып, іргесін қымтап, енді тек ішкі әшекейі ғана калған жаңа үйге асығыс кіріп алған пысық қожайынды еске салар еді. Жаңа үйдің ендігі калған ою-өрнегі мен тағы баска ұсак-түйегін жата-жастана, асықпай істеп алуға болады.

Сондай бітпеген жұмыстардың бірі — қаладағы камал құрылысы еді. Бүгін тан аткалы аймак әміршісі тыным таппады. Ұлы сәске кезінде сегіз кісі көтеретін зузасына[1] отырып, сол құрылысты көруге шыққан. Ши-амбынын балдаханасы баска ұлыктардікінен өзгеше, төбесінде шашакты жібек шатыры, төңірегінде сол түстес жасыл жібек пердесі бар, отыратын жеріне мамық төселген, бейне көшпелі күрке тәрізді еді. Әмірші балдахананың пердесін ысырып қойып, көшедегі халықтың калай жарылып жол бергенін, өзіне калай тәжім еткенін, алдындағы екі жасауылдың тәртіп сактамағандарды калай шыкпыртып сабағанына дейін түгел бақылап көріп

[1] З у з а — Маншың төрелерін жаяу көтеріп жүретін шатырлы балдахана.

келеді. Қала тіршілігі сол бұрынғы ағысында, өзгеріссіз өтіп жаткан секілді.

Қайда барса да бас иіп, құлдық ұрып тұрған бағынышты жұртын көріп, мерейі өсіп, шалқып келе жатыр еді. Тек он жылдан бері салынып бітпей жаткан жаңа жамбылдың құрылысын көрген кезде, тасыған көңілі су сепкендей басылып калды. Мұнда көз қуантып, көніл тұшытар ештене жоқ. Құрылыс жұмысы өте сылбыр, баяу жүріп жатыр екен. Жамбылдың екі қабырғасын бітіріп, үшінші қабырғасын енді бастапты. Ал терістік жағы әлі аңғал-саңғал үнірейіп тұр. Мұндағы негізгі жұмыс күші — ішкеріден ауып келген, не әдейі жер аударылған «чампан» қытайлар... Бұрын көп шаруа қыр елінен зорлықпен әкелінген еңбек салығының есебінен аткарылушы еді. Көктемде шекара жөніндегі хабар шығысымен, жергілікті халықты үркітіп алмайық деп, әлдеқалай сақтық жасап, ондай еріксіз еңбекті Ши-амбының өзі токтатып тастаған. Енді шекарасы түскір бекіп болды ғой. Бұдан былай қазақтардан алынатын сол еңбек салығын қайтадан іске қосу керек шығар.

Осынау үйілген жаубалшықтың бүгінгі заманда түкке қажеті жоқ екенін Ши-амбының іші сезбейді емес, сезеді. Алайда ертеден келе жатқан ескі дәстүрге не істей аласын. Қытай салтында, қала болған соң онын бекініс-камалы болу керек. Жоғарғы император кеңсесі бекіткен Шыңжаңдағы бекініс салатын қалалардың тізімінде Шәуешек те бар. Енді не де болса, басталған жұмысты аяқтау керек. Жамбылдың екі қабырғасын қалқайтып, жартысын үнірейтіп тастап кетсе, Ши-амбының өзі күлкіге қалмай ма. Сондықтан ол қасына еріп жүрген қамал құрылысының бастығына қатаң тапсырмалар берді де, тағы да қосымша шаралар белгілеу үшін, асығыс кеңсеге қарай бет алды.

Алда аймақ әміршісін күтіп тұрған жұмыстар тіпті көп еді. Осы күзден қалдырмай қыр қазағының арасында сайлау өткізу керек. Бұл — мемлекеттік шекара бекіп, қазақтың бір бөлігі Еженханға ресми қарағаннан кейінгі алғашқы сайлау. Бұрын Маншың өкіметі қазақтарды халық ретінде санға да, санатқа да қоспай, осы өлкеде уақытша мал жайып жүрген, қаласа көшіп келіп, қаламаса кез келген уақытта көшіп кететін тұрақсыз, кірме жұрт деп есептеген ғой. Сондықтан оларда өкіметке салық жинап беретін әр рудың зәнгілерінен басқа

әкімшілік жағынан нақтылы басқару жүйесі жоқ болатын. Енді жағдай өзгерді. Қазақты да халық деп танып, басқару ісіне кейбір өзгерістер енгізуге тура келеді.

Ши-амбының көңіліне бір тоқ санайтыны, шекара бөлісінің аумалы-төкпелілігіне қарамай, Тарбағатай аймағындағы қазақтар мұрты бүлінбей түгел осында қалып қойды. Кейбір ауыс-күйіс болғанымен, одан Маньшың өкіметі ұтылған жоқ. Шекара бөлісі кезінде, бүкіл Шығыс Түркістан бойынша, қазақтың мың жарым түтіні Ресей қарауына көшіп өтсе, онын есесіне екі мыңнан астам түтін Қытай жағына қоныс аударыпты. Демек қазақтар осы өлкені түбегейлі мекен етуге бел байлады деген сөз. Мұндай халықпен енді мықтап шұғылданбаса болмайды.

Жалпы, қазақтар туралы Маньшың билеушілері әр кезде әр түрлі көзқарас ұстанып келді. «Бұл халыққа баяғы Жоңғарлардың кебін кигізіп, жойып жіберейік, не болмаса батыстағы өздерінің байтақ даласына қарай қуып тастайық» деген солақайлар да болды. Ал Ши-амбы ондай әпербақан, ұрдажықтарға қосылмай: «Қазақтар бізге әлі де қажет» деген пікірді жақтады. Өйткені осы бір көшпелі халықтың төрт түлік малын өсіріп, мемлекетке жүйрік аттар мен семіз ет, жүн, тері дайындап бергеннен басқа титтей залалы жоқ екенін бұл жақсы түсінді... Сонан соң, адда не күтіп тұрғанын кім білсін, Ұлы империя қашан бұл өлкені түбегейлі өзіне қаратып, іргесін бекітіп алғанша, бір байырғы халықтың жер иесі ретінде осында қоныстана тұруы саясат үшін өте қажет еді. Мұның ар жағында Ши-амбының өз мүддесі де бұғып жатқаны белгілі. Кез келген ұлыққа өзінің туған халқынан гөрі бұратана жұртты басқару әлдекайда тиімді. Мұнда сен не істесең де, әй дейтін ажа, кой дейтін қожа жоқ. Анда-санда жоғары жақтың көмейін мол сыйлықпен тығындап қойып, өзің ен байлықтың ортасында қалағаныңша жүзіп жүре бер. Сондықтан жоғарыда әр түрлі пікір таласы жүріп жатқан кезде, Ши-амбы қазақтар жөніндегі өз көзқарасын императордың атына толық жазып жіберген-ді. Көп кешікпей астанадан жауап келді. Онда Жоғарғы император кенесі мұның ұсыныстарын толық қостайтынын білдіріпті...

Аймақ әміршісі кенсеге қайтып келген соң, қол астындағы кіші чиновниктерге қамал құрылысын тездету жайында әр түрлі тапсырмалар беріп, өз қолындағы шексіз биліктің раха-

тын сезініп сәл отырды да, бір мезгілде қабырғада ілулі тұрған Шыңжаң өлкесінің әкімшілік картасына көз жіберді. Оның ішінде Жоңғар даласына, әсіресе, өзіне тікелей бағынышты Тарбағатай аймағының территориясына назар тіктеп, өзімен-өзі кеңескендей, қадалып көп отырды.

Ши-амбы соңғы кезде осы өлкенің өткен тарихына ден қойып жүрген. Бұл өңірде бұрын кімдер жасады? Атақты Жоңғар хандығы қалай құрылып, қалай күйреді? Мұнда қазақтар қашан келіп қоныстанды? Осының бәрі дәл осы тұста оған өте қажет еді. Өз басының тарихқа үңіліп, архив ақтарып отыруға уақыты да, ебі де жоқ-тұғын. Сондықтан ол осыдан бірнеше күн бұрын өз құзырына Ли-шансынды шақырып алған. Оған неше түрлі сұрақтар қойып, бірнеше сағат бойы жалықпай тыңдаған. Ли-шансын өткен тарихтың ұшы-қиырына жете алмайтын болған соң, түстен кейін үйіне барып, өзінің Шығыс Түркістан шежіресі жөніндегі жазбаларын әкеліп берді.

— Осыны бір оқып шығыңызшы, ұлы мәртебелім, — деген қолмен көшіріліп, әдемілеп түптелген, үлкен бір томдықты ұсынып жатып. — Көп жылдан бері көз майымды тауыскан еңбегім еді. Егер сізге ұнай қалса, осы еңбектің орталықтан кітап болып шығуына көмектескендей боласыз ба? Ол жағын соңынан сөйлесерміз...

Ши-амбы кешеден бері сол қолжазбаны оқып жатыр еді. Оқта-текте кітаптан басын көтеріп: «Гимназияның қарапайым мұғалімі осының бәрін қайдан біле береді?» деп басын шайқап тамсанып қояды. Бұл тарих деген де қызық нәрсе екен ғой. Кімдердің табаны тимеген, кімдер шаңдатпаған бұл өлкені?! Ежелгі Гундер мен Түрік қағанаттарын былай қойғанда, Шыңғыс хан заманынан бұрын да, одан кейін де бұл Құлыстайды негізінен Наймандар мекендепті. Ал Наймандарды XVII ғасырдың орта шенінде Ойраттар ығыстырып шығарыпты. Сөйтіп батыс пен шығысты бірдей тітіреткен атақты Жоңғар хандығы осында өзінің гүлдену дәуірін өткізіп, бір ғасырдан астам емін-еркін дәурен сүріпті. Ең соңында өз иелігін кеңейте түсуді көздеген Цин империясы Жоңғар мемлекетін жер бетінен тып-типыл өшіріп, бұл өлкені күшпен қаратып алғанына да, міне, жүз отыз жылдай уақыт өтіпті.

Алыс тарихқа көз жіберсең, бір ғажабы, дүние алма-кезек төңкеріліп, күштілер мен әлсіздер үнемі орын алмастырып отырған екен. Оған мысалды алыстан іздемей-ақ осы Ши-

амбының арғы аталары Маньчжурлерді-ақ, алайықшы. Бір кезде солтүстік шығыс аймақтарда өзара қырқысып жататын таңғұттар мен шүршіттер түптің түбінде бас біріктіріп, бір тұтас Маньчжур ұлысына айналады, сөйтіп ұлан-байтақ Қытай мемлекетін өзіне қаратып алады деп кім ойлаған?! Олар күні кеше монғолдар мен Қытайдың Минь династиясынан кезек соққы көріп, қиыр шығыска барып паналаған көшпелі тайпалар емес пе еді.

Тұңғыш рет Таңғұттар мен Шүршіттердің басын қосып, бір тудың астына жинаған — Нурхашит хан болды. Ол 1616 жылы «Шығыс Алтан ордасы» деп аталатын қуатты Маньчжур мемлекетін құрып, өз иелігін тез кеңейте бастады. 1624 жылы ішкі Монғолия феодалдарын өзіне бағындырды. Маньчжурлерге бағынбай көпке дейін тіресіп келген — ежелгі Шыңғыс-хан Ордасының жұрнағы — Халқа хандығы болатын. Бірақ халқа-монғолдың ер жүрек ханы Лигден өлген соң, олар да ұзақ шыдап тұра алмады. 1636 жылы ішкі Монғолияда құрылтай шақырылып, сол жиында бүкіл монғол тайпалары маньчжур билеушісі Авхайды өздеріне ұлы қаған етіп сайлады.

Сөйтіп көп ұзамай шығыстағы аса күшті мемлекеттің біріне айналған Маньчжурия «Шығыс Алтын ордасы» деген бұрынғы атын өзгертіп, өздерін «Цин[1] мемлекеті» деп жариялады. Оған бүкіл Монғолиямен қоса манайындағы тағы басқа ұсақ тайпалардың бәрі қарады. Маньчжурлердің жатса-тұрса ойынан шықпайтын ендігі арманы — өздерінің ежелден бергі қырғи қабақ көршісі — ұлы Қытай мемлекетін басып алу ғана еді. Ақыры оның да орайы келе кетті.

Бұл тұста мемлекетті үш жүз жылға жуық билеп келген Қытайдың Мин династиясы өз ішінде етек алған шаруалар көтерілісін баса алмай, феодалдар өзара жақ-жақ болып соғысып, әбден титықтап тұрған кезі еді. Дәл сол жылы көтерілісші шаруалар Хуанхадан өтіп келіп, Пекинді қоршап алған. Мин династиясының ең соңғы императоры Чун Чжань бұл қорлыққа шыдамай, өз сарайында асылып өлген-ді... Қытайдың әлсіреуін көптен күтіп отырған маньчжурлер осы қолайлы сәтті пайдаланып қалды. 1644 жылдың жазында шекараға таяу әкеліп, күні бұрын дайындап қойған қалын атты әскерді бірден жауып жіберді де, өзара соғысып жаткан ша-

---

[1] Ц и н — қытайша «қасиетті» деген мағына береді

руалар мен феодалдар тобын оп-оңай талқандап, Пекинді басып алды... Сөйтіп маньчжурлер үстемдік еткен Қытайдың Цин династиясы дүниеге осылай келген еді. Міне, содан бері де арада 240 жылдай уақыт өтіпті. Цин династиясы алғаш тақка отырғанда, қытайлар 300 миллион, ал маньчжурлер небәрі 300 мыңға жетер-жетпес екен. Міне, құдайға шүкір, көк тәңірісінің қолдауымен, асыл текті маньчжур ұрпағы өзінен мың еседей көп халықты ұзақ жылдар бойы шып-шырғасын шығармай билеп келеді.

Бірақ қытайдай көп халықты басып алған елдің де, оған бағынышты болған елдің де шекесі қызбайтыны белгілі. Арада бірер жүз жыл өткенде, әлгі басқыншының аты ғана қалады да, өздері қытайға сіңіп, жұтылып кетеді. Бұл елді күшпен өзіме бағындырдым деген Шынғысхан ұрпағы Құбылай ордасының да келешегі осылай болып тынған. Маньчжурлер тарихтың осы сабағын ескеріп, алғашқы күннен бастап-ақ өздерін сақтап қалудың шараларын қарастырып бақты. Қан бұзылмас үшін маньчжур мен қытай некелесуге тыйым салды. Қалың қытайды түгелімен айдар қоюға мәжбүр етті. Сонан кейінгі маньчжурлердің жанын сақтап тұрған — қолындағы әкімшілік пен шексіз билік. Қазір Қытайда Көктің ұлы императордан бастап, сарайдағы үлкен ұлықтар, өлке бастықтары мен аймақтың губернаторлары — династия тірегі тек маньчжур ұлтынан болуға тиіс... Бірақ соған қарамастан, көп көптігін істемей коятын емес. Маньчжурлер, әйтеуір, ата тегін ұмытпай, ақ сүйекпіз деп шіренгенімен, салт-сана, дін, тіл жөнінен баяғыда-ақ қытайласып болған-ды. Мемлекеттік дін, этикалық заң жүйесі ретінде, бұлар да сол баяғы Конфуций ілімін қабылдаған. Осыдан 2500 жыл бұрын өмір сүрген Конфуцийге жан теңгермей, оған Кунзі[1] деген құрметті атақ берді... «Асыл текті маньчжур ұрпағының бірі — осы аймақтың әміршісі Ши-амбы ғой. Бұл да өзінің ата салттары мен ана тілін ұмыта бастаған» депті Ли-шансын.

Ши-амбы осы тұска келгенде кітаптан басын көтеріп алды. Ли-шансынның айтып отырғаны жалпы шындық болғанымен, маньчжурлердің тегін тым қазбалап кеткені шамына тиіп, ұнамқырамай қалды. «Маньчжур зиялысы болса бұлай жазбас еді, канша дегенмен өз қанына тартады-ау, — деп ойлады

---

[1] К у н з і — данышпан, кеменгер деген мағынада

ішінен. — Мына бетінде бұл кітапты қалай бастырам деп жүр екен? Дәмесін карай гөр өзінің...» Бірақ өзіне қажетті деректер іздеп, амал жоқ, оқуды онан ары жалғастыра берді.

Ал мына қолжазбада Жоңғар мемлекетінің дүниеге келуі — өз алдына жатқан бір хикая. Әсілі, «Жоңғар» деген сөз ешбір ұлттың да, халықтың да атын білдірмейді екен. Кезінде Монғолияға қарайтын тайпалар қоныстанған жер жағдайына қарап: Зунгар (сол қанат), Барунгар (оң қанат) деп екіге бөлініпті ғой. Сол «Зунгарды» көрші халықтар өз тіліне бейімдей өзгертіп, «Жоңғарға» айналдырып алған. Зунгар тобының құрамында Ойраттың төрт тайпасы: Щорстар мен Дүрбіттер, Торғауыттар мен Хошуттар бар еді. 1636 жылы монғолдың оң қанаты — Барунгарлар Цин империясына карап кеткенде, сол қанаттағы жоңғарлар ол қармаққа ілінбей, асаулық көрсетіп, бөлініп шыққан. Олар көп ұзамай монғолдың Қобда аймағында күрылтай ашып, өздерін «Жоңғария мемлекеті» деп жариялады. Щорс тайпасынан қонтайжыны өздеріне хан етіп сайлады.

Жалпы, Ойраттар әр кезенде монғолдың қоластына күшпен бағынғаны болмаса, олармен өмір бойы жауласып өткен қаны қас тайпалар еді. Олар ежелден бері Керей, Найман ұлыстарымен іргелес, Алтай тауларын мекен етіп келген. Шыңғыс хан күшейіп, бас көтере бастағанда, оған қарсы соғысу үшін, наймандармен одақ күрғаны да тарихтан белгілі. Бірақ болашақ ұлы қағанға бұлардың ешкайсысы да төтеп бере алған жоқ. Монғолдың «Құпия шежіресінде» айтылғанындай, Керей мен Найман хандығы жеңілген соң, 1208 жылы Шыңғысханға күшпен бағынатын «орман елі» — осы ойраттар болатын. Монғол империясы ыдырағаннан кейін, ойраттар қайтадан бас көтеріп, Халқа-монғолдарына үнемі шабуылдаумен болды. Әсілі монғол хандығының берекесін кетіріп, олардың Цин империясына тізе бүгуін тездеткен — осы екі ел арасындағы шапқыншылықтың салдары еді.

Батур қонтайжы тақка отырған жылдары Жоңғар хандығы қанатын кеңге жайып, едәуір күшейе бастаған. Бірақ тақ таласы бәсеңдемеді. 1665 жылы Батур қонтайжы өлді де, оның орнына біраз уақыт баласы Сэнге хан болып тұрды. Ол да ұзакка бармады. Оны шешесі бір, әкесі бөлек туысы Зодов деген өлтіріп, хан тағын тартып алды.

Ел ішінде осындай қан төгіс, тақ тартысы жүріп жатқанда, Сэнгенің туған інісі — Халдан Тибеттегі Далай ламаның

қолында шәкірт болатын. Ол арт жақтағы ағасының өлімін естісімен оқуын тастап, елге оралды. Халдан бастабында сыр алдырмай, ханның сеніміне кіріп, аз уақыт ел ішінде лама болып жүрді де, оңтайы келген сәтте Зодовты мүрдем кетіріп, 1671 жылы өзін бүкіл Жоңғарияға хан етіп жариялады.

Халдан билік басына келген соң, тақ таласы кезінде ыдырай бастаған Ойрат тайпаларын қайтадан біріктіріп, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады. Ол көп кешікпей бүкіл Шығыс Түркістанды өзіне қаратып алды. Хан ордасын Құлжаға көшірді. Іле бойында малмен бірге егіншілікті қатар өркендетіп, қарауындағы халықтың тұрмысын едәуір жақсартты. Шығыстағы Халқа-монғолдары мен батысындағы қазақ еліне кезек шабуылдап, соғыстан қыруар олжа түсіріп отырды. Аз жылда Халдан ханның абыройының асқаны сонша, кешікпей оған Далай лама «Халдан Башухты»[1] деген құрметті атақ берді.

Халдан Башухтының бұл кездегі қимыл-әрекеті үш жақты қоршауда қалған көкжал қасқырды еске салатын еді. Ол өз тұсында Цин империясымен де талай шайқасып, онын әскерін Жоңғарияға жолатпады. Ара-арасында Монғолия мен қазақ даласына да олжа түсіруді көздеген жорықтар жасап отырды. Бірақ қанша көкжал болғанымен, тағдырдың құрығынан ол да құтыла алған жоқ. 1697 жылы, 13-наурызда Цин әскерімен болған соңғы бір шайқаста жоңғарлар оңбай жеңілді де, Халдан Башухты ақыры у ішіп өлді. Өйткені оған енді барар жер, басар таудың өзі қалмаған. Ол жорықта жүргенде, немере інісі Цеван Ребдан өзін хан деп жариялап, Жоңғар тағына орнығып отырып алған болатын.

Цеван Ребдан тақка отырғанда, Жоңғарияда жиырма түмен[2] түтін, алпыс түмен адам бар деп есептелген екен. Ол да өз тұсында, баяғы Халдан Башухты сиякты, көрші елдерге үсті-үстіне шабуылдаумен болды. Қазақтың Тәуке ханы тұсында қазақ пен қалмақ талай рет соғысып, екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырған. Ақыры Цеван Ребдан 1715 жылы Қашқария ұйғырларын, содан арада екі жыл өткенде Тибетті басып алды. Мұнысы шығыстағы Цин империясына көрсеткен қыры, тұрысатын жеріңді айт деп, ашық майданға шақырған қокан-лоқысы еді.

---

[1] Башухты — монғолша пайғамбар, кемеңгер деген мағынада

[2] Бір түмен — он мың.

Бұл жағдай, шынында да, Қашқария мен Тибетті сырттай иемденіп жүрген Цин империясының шамына қатты тиді. Дәл іргесінде жоңғарлар жортып жүргенде, өздеріне тыныштық болмасын біліп, ұлы империя осы бір коқандаған немелерді біржола құртып жіберуді ойлаған. Сол мақсатпен 1722 жылы күзде құрамында алпыс мыңдай әскері бар, мұздай қаруланған Цин армиясы Құмылдан өтіп, Үрімжі, Тұрпан бағытына қарай ішкерілеп келе жатты. Жер қайысқан қалың қол осы екпінімен келіп соқтыққанда, жоңғарлардың мұндай күшке төтеп берер-бермесі екіталай еді. Алайда күтпеген жағдай Цеван Ребданды төніп тұрған қатерден көрінеу сақтап қалды. Сол жылы желтоқсан айында Цин императоры Канси ойда жоқта опат болды да, оның орнына таққа отырған жаңа император. бүкіл ел бойынша жыл уағына дейін жарияланған азаға байланысты, Жоңғар жорығын тоқтатып, кезеніп келген жауымен бейбіт бітім жасауға мәжбүр болды.

Тарихта ұшырасатын кездейсоқ қырсық деген осы. Егер сол жылы император Канси өлмесе, Цин армиясы жоңғарға қарсы шабуылын тоқтатпай жалғастыра беретін болса, онда енді үш-төрт айдан кейін қазақ елін қан қақсаткан қырғын соғыс «Ақтабан шұбырынды» да болмас еді. Ақыры Цеван Ребдан 1723 жылдың көктемінде Цин армиясына қарсы дайындап отырған қырық мың әскерін қазақ даласына қарай тұтқиылдан жапты да жіберді. Ал Жоңғар хандығы Цин империясына қарсы соғысады, енді соның қызығын көреміз деп отырған қазақ хандары капыда калды. Бұл жорықтың немен тынғаны белгілі: жоңғарлар қазақ хандығын қатты әлсіретіп, әрі өздерінің де сілікпесі шығып, нәтижеде қазақтарды Ресей колтығын паналауға мәжбүр етті.

1727 жылы Цеван Ребдан өліп, оның орнына таққа баласы Галден Церен отырды. Жоңғарияның бұл ер жүрек ханы өмір бойы қазақтарға қарсы соғысумен өтті. Қазақ хандығы алғашқы соққыдан кейін тез ес жинап, көп ұзамай теке тіреске келіп, бірте-бірте күш тенестіре бастаған. Кейінірек Абылай тұсында өз жерлерін азат етіп, жоңғарларды кейін тықсырып, айдап та тастады Алайда жарты ғасырға созылған үздіксіз соғыс Азиядағы көшпенділердің соңғы саркыты болып есептелетін, ең жауынгер екі хандықты да қатты әлсіретіп еді. Бұл жылдары Ақ патша да, Цин өкіметі де қазақ пен ойраттың бұл шайқасына тікелей араласқан жоқ. Екі жауынгер халық онсыз да бірін-бірі құртып тына-

тынына көздері жетті де, солардың аңыстарын аңдып, орайлы сәтін күтіп, сырттан бақылады да отырды.

Ақыры көп ұзаман сол күткен сәт те келіп жетіп еді. 1745 жылы Жоңғар ордасының ең соңғы атақты ханы Галдан Церен қайтыс болды. Осыдан кейін-ақ Жоңғар тағының берекесі кетті. Тағы да тақ үшін шайқас басталды. Галдан Цереннің орнына аз уақыт ханның заңды мұрагері — жас жігіт Цеван Доржи отырып еді. Көп ұзатпай оны Галдан Цереннің некесіз ұлы Лама Доржи өлтіріп, тағын тартып алды. Билік басында ол да алаңсыз, ұзақ отыра алмады. Өйткені бұл кезде Лама Доржидың да бақталастары аз емес болатын. Енді оның соңына жоңғар тағынан үміткерлер: Дабашы мен Әмірсана түсті. Бұл екеуі де оңай жау емес. Дабашы — баяғы Батур қонтайжыдан тарайтын, бір кезде Тибетке басып кірген ойрат ноян Церен Дондубаның немересі. Ал Әмірсана болса — Галдан Цереннің қарындасынан туған жиені.

Лама Доржидың айбарынан ығыскан Дабашы мен Әмірсана басында қазақ ханы Абылайдың қолтығына барып паналаған. Алысты болжайтын үлкен саясатшы Абылайға керегінің өзі де осы еді. Ол екі қашқынның қолтығына су бүркіп, аздаған әскери көмек берген болып, оларды үнемі Жоңғар ордасына қарсы айдап салумен болды. Ақыры әлгі екеуі қазақ хандығының көмегімен Лама Доржидың түбіне жетіп, бұл жолы хан тағына Дабашы отырды.

Алайда «әттең хан тағына бір отырсам-ау» деп қатты құмарткан адамның бірі Әмірсана еді. Бұл жолы мақсатына жете алмай, алдындағы асын Дабашы тартып әкеткендей бір күйге түскен. Енді бұрынғы одақтастар. Дабашы мен Әмірсананың арасында тақ таласы басталды. Әмірсана Тарбағатайдағы торғауыттар мен дүрбіттерге арқа сүйесе, Дабашы хан ордасына бір табан жақын Шорстар мен Хошуттардың қолдауына ие болды. Бар билікті өз қолына алған Дабашы өзінің бақ күндесі Әмірсананы орда маңына жолатпай былай тұрсын, қолына түссе түтіп жеуге бар еді. Ақыры, 1754 жылы аздаған қолмен Ордаға қарсы шапқан Әмірсана Дабашының отыз мың әскерінен оңбай жеңілді де, бүкіл Жоңғариядан пана таппай, Цин империясының қоластына қашып өтті. Енді бар үміті — империяның қолдауымен, тіпті, соған жартылай бодан болса да, өзінің ежелгі арманы болған жоңғар тағына қалайда бір отыру еді.

Мұндай қолайлы кезенді Цин империясы да күр жібергісі келмеді. Сәт сағаты соқты, Жоңғар хандығын жер бетінен аластап, мүлде құртып жіберетін кез енді келді деп шешкен. 1756 жылы генерал Баньди басқарған тоқсан мың әскер, Әмірсанаға жол бастатып, Жоңғарияға қарай бет түзеді. Дәл осы жылы қас қылғандай жоңғар даласына қара шешек деген індет жайылып, бұқара халықтың аурудан есі шығып жатқан-ды. Дабашының шағын әскері жер қайысқан қалың қолға төтеп бере алмады. Алғашқы шайқастың өзінде-ақ күйрей жеңіліп, өзі жан сауғалап, қашуға мәжбүр болды.

«Дүние кезек» деген сол. Біреуге жасаған қастандығың, опасыздығың түбінде алдыңнан шықпай қоймайды екен. Осыдан отыз үш жыл бұрын жоңғарлар бейбіт жатқан қазақ еліне не істесе, Цин империясы соны екі-үш есе артығымен алдына келтірді. Қалың ойрат қара шешектен бір қырылса, қалғандары маньчжур, шахар, сібе-солаң жасағынан құралған басқыншы әскердің найзасының ұшында кетті. Бұл жолы ешқандай аяушылық, тұтқынға алу деген болмады. Цин армиясы тірі жоңғар көрсе, бала-шаға, кәрі-жас демей қырып, жан сауғалап тығылған жерлерінен тінтіп жүріп өлтірді. Тарихи деректерде бұл қырғын соғыста, ойраты бар, баскасы бар, бір миллионға жуық адамның харап болғаны айтылады... Жоңғар ордасының сірге жияр соңғы ханы Дабашы аздаған қолмен мұзарт асып, Қашқарияға кашкан екен. Оны сонда бас сауғалап тығылып жүрген жерінен Ош әкімі ұстап алып, Цин өкіметіне табыс етеді

Мұндайда күші басым жауға төтеп бере алмай, капылыста қолға түсу де, өз елінің бостандығы үшін жер құшып, каза табу да, немесе қорлыкка шыдамай у ішіп өлу де, бәрі-бәрі де ештене емес екен. Жоңғар нояндарының ішінде соның бәрінен де ауыр жаза шегіп, қасіретті халге ұшыраған — Әмірсана болды. Оның «Жоңғар тағына бір отырсам-ау» деген өмір бойғы арманы көз алдында сағымдай ыдырап, жойылған жоңғар жұртымен бірге келмеске кетті Әмірсана Цин империясынан өзгені күтсе де, дәл мынадай канды қасап каталдықты күтпеген. Ол. өз ойынша, ұлы император менің осы еңбегімді ескереді, Дабашының көзін жойып, оның орнына таққа мені отырғызады деп үміттенген... Енді, міне, дүниеде жоңғар мемлекеті де жок, оны билейтін хан тағы да жок бәрі де жер бетінен жойылып, күлі көкке ұшты. Бір кезде төрт түлік малын сыйлыра алмай мынғырып жататын қалың ойраттың

орнында ойрандалған жұрты, кан сасыған иесіз дала ғана жатыр. Бұл – оның талаи қырғынға катысып жүріп өмірі көрмеген, көрмек түгіл санасына сыймайтын сұмдығы еді. Сол сұмдықты көргенде Әмірсана ауыр кайғыны көтере алмай есі ауып, аттан құлап түсті.

Онын бұдан былайғы әрекетін де дені сау, есі дұрыс адамның қылығы деп айту киын. Есі дұрыс адам мұндайда у ішіп, не өзіне канжар салып өлуі керек еді. Бірақ Әмірсана өйтпеді. Ол енді көзіне кан толып, өлім есірігі билеген, жанкешті, жынды адамның мінезіне басты. Цин өкіметінін кейін жарылкаймыз деген уәдесіне де, итке сүйек тастағандай корлап ұсынған «уан» деген атағына да караған жок. Өзі сиякты әр қуыста бас сауғалап, кашып-пысып жүрген біраз адамды манайына топтап алды да, тауға шығып кетті. Өзінше кек алу жолына түсіп, Цин әскерімен тиіп-кашып соғыскан болды. Бірақ енді бәрі де кеш еді. Әмірсананың аздаған колмен аласұрған шабуылдары бакайшағына дейін каруланған калың әскерге шыбын шаккан құрлы әсер еткен жок. Акыры онысынан ештене өнбейтін болған соң, әлдебір алдамшы үміттің жетегімен Ресейге кашып өтті де, көп ұзамай сол жакта кайтыс болды.

Сөйтіп, Әмірсана өзінің кайталанбас кайғылы тағдырымен, адамзат тарихындағы өз елін саткан, өзімшіл опасыздардың мандай алдынан орын алды. Әмірсана туралы казір ойраттар арасында мынадай аңыз бар. Оны әлдекайда кашып жүріп, өз ажалынан өлді демейді. Калың ойрат Цин әскерінің колынан канға бөгіп, кырылып жаткан кезде, Әмірсана құдайдың карғысына ұшырап, төрт көз қара төбетке айналып кетіпті деседі. Сол төрт көз ит бүгінге дейін Құбынын құмында жападан-жалғыз корлыкпен күн кешіп жүрген көрінеді. Жапан түзде шөлден каталап, тілі салактап, бір жұтым су іздейтін болса керек. Кейде әлдебір алыстан сылдыраған бұлак үні естілгендей болады. Әлгі жакка жан ұшырып жетсе, су дегені сылдыраған су емес, бұлдыраған сағым болып шығады. Сол алдамшы елес мәнгі-баки кайталана береді. Иә, Әмірсана казір де Құбынын құба шөлінде төрт көз ит кейпіне түсіп, жазасын тартып жүрген көрінеді..

Ши-амбы алдында жаткан Ли-шансыннын жазбаларын осы араға дейін окып келді де, басын шайкап отырып калды. Көз алдынан тізілп өтіп жаткан кайғылы окиғалар, төгілген кан мен ашынған жандар оны да әбден шаршаткандай болып

еді. Алдындағы күміс табакшада әлдекашан сөніп калған имек бас, ұзын трубкасына темекі толтырып, оған аздаған апиын ұнтағын сеуіп кайта тұтатты.

Апыр-ай, кандай ауыр көріністер... Бір халық құрып бітерде алдымен ауыз бірліктен айрылып, іштей іріп, тоза бастайды екен ғой. Бұл көшпенділердің түбіне жеткен баккүндестік пен так таласы екен. Адамдардың болашакка деген сенімі азайып, ел ішін өзімшіл опасыздық, саткындық жайлап алатын көрінеді... Дегенмен осы окиғаларды кімнің көзімен, калай бағалау керек? Мәселе сонда. Мына Ли-шансыңның көшпенділерге іштей жаны ашып, бүйрегінің бұрып тұрғаны бесенеден белгілі. Әсіресе, Цин армиясының аямас каталдығын, ойраттардың жазықсыз канға бөгіп кырылған тұсын баяндағанда, баскыншыларға тісін басып, құшырлана, екілене жазатыны байкалады. Демек, мұның да жүрегінің түбінде кыжыл бар деген сөз. Сонша жыл сүргіннен кейін де Цин өкіметіне деген ескі кегін ұмыта алмағаны ғой. Жазасын өтеп жүрген жанкешті адамнан бұдан басқа не күтуге болады. Лишансың саяси сенімсіздігі үшін осынау киян түкпірге жер аударылды. Енді мұны шекара асырып тастамасаң, бұдан ары жіберетін жердің өзі де калмады ғой.

Ши-амбы бұдан былай қолжазбаның өзіне белгілі жерлерін желе-жорта шолып, қажетті тұстарға келгенде ғана кадалып оқи бастады. Бұған дәл қазір өте-мөте керегі — казактардың бұл өлкеге араға ұзақ үзіліс салып, екінші рет калай келіп қоныстану тарихы еді. Өзі соңына түскен, әбден ызасы өткен көкшолақ каскырдың ізін неше түрлі шытырман шиырдан да жаңылмай шығарып әкететін жырынды аңшыдай, бұл да сол жүлгемен адаспай келе жатыр.

Цин империясы Жоңғарияны басып алғаннан кейін қаңырап иен калған өлкеге жорықтағы әскердің шағын тобын ғана күзетке калдырды да, негізгі армияны кайтарып әкетті. Мұнда калғандар — бірен-саран маньчжур командирлері мен шахар, сібе-солан әскерлерінен сұрыпталып алынған, ештеңеден тайынбайтын жанкештілер еді. Олардың ішіндегі Жоңғарға карсы соғыста каталдығымен көзге түскен әскербасыларға халдай, хорылдай деген атак беріп, өзен бойларындағы ең шұрайлы жерлерге орналастырды. Бұрынғы ой-

---

[1] Хорылдай — шекара күзетінің жауапты адамы

раттар мекеніне қамал-бекіністер салып, жанадан әкімшілік аймақтар құрды. Хан ордасы саналатын бұрынғы Щорс тайпасының иелігіне Іле аймағы құрылып, оның орталығы Құлжа қаласына осы өлкенің бас кожасы — Жанжұнның өзі жайғасты. Еренкабырға бөктеріндегі көшпелі хошуттар мекені енді Үрімжі аймағы деп аталатын болды. Ал торғауыттар мен дүрбіттер қоныстанған терістіктік жақта Алтай, Тарбағатай аймақтары қалыптасты. Ең ақырында ежелден Шығыс Түркістан аталатын Жоңғария мен Қашқариянын бұрынғы есімі өшіріліп, бұл өлкеге «Шынжан» деп жанадан ат қойды. Шынжаң — қытайша «жаңа өлке» дегенді білдіреді.

Енді Цин өкіметінің алдында тұрған бір міндет — Жоңғарияда қалған шоғыр-шоғыр әскер мен Құлжадағы әкімшілік мекемелерін үй-жайымен, азық-түлікпен камдау керек еді. Олардың көпшілігі — ет пен сүтті місе тұтпайтын, нан, күріш, көкөніс жеп өскен адамдар. Ал қырғын соғыс кезінде таутаска тығылып аман калған бірен-саран ойрат пен иесіз өлкеге енді-енді көшіп келе бастаған казак ауылдарының егіншілікке ешкандай қыры жоқ еді. Ең таяу жердегі егін салуға ебі бар халық — ұйғырлар, оның өзі Қашқарияда жатыр. Енді не істеу керек? Бірақ колда билік тұрғанда орындалмайтын іс бар ма. Цин өкіметі 1760 жылдардың шамасында Жаркент, Құмыл, Хотан аймактарынан Іле бойына жеті мыңға жуық ұйғыр отбасын көшіріп әкелді. Кейін «тараншылар» (егіншілер) деп аталып кеткен ұйғыр шаруалары Жоңғар даласына алғаш рет осылай келіп коныстанған еді.

Сөйтіп, азық-түлік, нан мәселесі шешілген соң, енді бұрын ойға келмеген тағы бір киындық туды. Тамағы тоқ, жұмысы жоқ, күндіз-түні еріпп бос жатқан бойдак әскерді әйелсіз, некесіз ұстау мүншалық киынға түсер деп кім ойлаған. Елден шыққалы әлденеше жыл болған, содан бері бір шүйке бас көрмеген, кілең бір айғырдай азынаған еркектер. Алды жындануға жақындап, бірін-бірі атып өлтіріп, бастықтарына бағынбай, кейбіреулері ішкеріге кашып, бүлік шығара бастаған. Акыры олардың бұл талабын да канағаттандыруға тура келді. Цин өкіметі ішкі өлкеден зорлағандай етіп, он мыңға жуық бойдак қыздар мен байы жоқ жесір катындар алып келді. Қатындарды әкелуін әкелді-ау, енді оларды береке-бірлікпен бөліп алу кияметке айналды. Әйел жынысын алғаш көргенде, өңкей шыбығы сыздап әрең жүрген сәуірік немелер қыры-

лып кала жаздаған. Әркайсысы әйелдердің әдемісіне, жастауына ұмтылып, әскер арасында кәдімгідей жанжал шығып, көзі қарайғандар бірін-бірі тұрап тастайтын дәрежеге жетті.

Осы арада Іленің жанжұны адам баласының ойына келмейтін аса бір тапқырлық көрсетті. Ұзындығы кісі бойы келетін көп кенеп қаптар әзірлетіп, әйелдерді сол қапқа кіргізіп, аузын буып қойды да, сапқа тізілген әскерді соның үстіне әкелді. Енді таңдауға, таласуға жағдай жоқ. Әркім өз бағын сынап, лотерея билетін суырғандай белгісіз, бұлдыр дүние тұр алдында. Қаптың ішінен қыз шыға ма, сары қарын кексе қатын шыға ма, оны сорлы сарбаз өз пешенесінен көреді. Амалы құрыған әскерлер соған да шүкірлік етіп, өзіне бұйырған әйелді каптың ішінен шығарып алып жатты. Бұл дүние жүзінде бұрын-соңды болмаған, болашақ әйелінің түрі-түсі, төркін тегі қандай деп бас қатырып жатпайтын, үйленудің төтенше бір түрі еді. Бұл күнде Тарбағатай мен Іле аймақтарында ақ сүйек атанып, алшаң басып жүрген маньчжур, шахар, сібе-солан әулетінің көпшілігі сол «каптағы қатындардан» таралған ұрпақ болатын...

Осы түсқа келгенде, Ши-амбы өзінен-өзі отырып, рахаттана күліп алды. Бұл оның бұрын естімеген жаңалығы еді. Осында келіп өзімен қалжыңдаса беретін Бахалдай мен Шихалдайға олардың арғы әжелерінің кім болғанын айтып, бір қатыратын болды... Бір жағынан осыдан жүз жыл бұрын өткен бабаларының көрегендігін ойлап, көнілін мақтаныш кернеді. Жаңағы қапқа салынған қатындар бойдақ әскердің құмарын ғана қандырып қойған жоқ, артына ұрпақ қалдырып, осы өлкеге шыбық боп көктеп, тамыр боп тартылды ғой...

Ал қазір ғой — әйел жағы молшылық. Жергілікті Маншың төрелері өз әйелінен өзге үшке дейін некесіз қанизак ұстауға ерікті. Ши-амбының өзінде де небір сылқымдар болып еді. Шар тарткан соң наксүйер біреуін алып қалды да, калғандарын көзге күйік қылмай таратып жіберді... Ал императордың өз гаремінде есеп жоқ. Әр үш жыл сайын 15-16 жастағы жас қыздармен толығып, жаңарып отырады. Және қыз болғанда қандай! Сарай маңындағы аксүйектер семьясынан таңдап алынған маньчжурдің қыпша бел арулары. Әркайсысының — піштірілген қытай әтектерінен күтушілері бар. Бас әтек императордың ықыласы ауған қанизакты ләззат бөлмесіне кезегімен жібереді де, арнаулы кітапка ай-күні, сағаты-

на дейін жазып отырады. Егер жанағы некесіз әйелден туған ұл бала императордың өз кіндігінен екені анықталса, ол да тақ мұрагері болып саналады.. Ал казір бүкіл Цин династиясын уысында ұстап отырған жесір патшайым Цыси бір кезде император Сяньфаннын некесіз қонизагі емес пе еді. Императорга өз әйелінен бұрын мұрагер ұл тауып берді де, бағы жанып, тасы өрге домалады да кетті. Император Сяньфан өлген соң жас мұрагердің регентша-іс баскарушысы болып сайланды да, міне, жиырма жылдан бері бүкіл империяны жеке билеп отыр...

Осы ойлардың жүлгесімен отырған Ши-амбы кенет тілін тістей қойды. Тым еркінсіп, теренге кетіп калған жоқ па өзі? Ұлы мәртебелі императрица жайында бұлай күпірлік ойлағаны үшін тәңірінің өзі кешірсін... Ол әлденеден қуыстанғандай, жан-жағына карап алды да, сасканынан алдындағы колжазбаға қайта үнілді.

Қазақтар Жоңғар хандығының жойылуын күтпей-ақ, Галден Цереннің өлімінен кейін, ойраттар тақ тартысымен әуреленіп жаткан кезде-ақ, Тарбағатай өніріне шет-пұшпақтан ене бастапты. Ал жоңғарлар жойылып, байтақ өлке құлазып иен калған кезде, қазақ көші тіпті қабындай түсіпті. Бекет-бекіністерге орналасқан Маншынның күзет әскері де карап калмай, олардың жолын тосуға күш салды, әрине. Бірақ ұшы-қиырсыз дала мен аскар-аскар таулардың қай қуысын бақылап отырарсың. Қазақ көшінің тасқыны тұс-тұстан андыздап, күш бермей күйыла берді. Бір күні әлдебір қазақ ауылының мал өрісіне карай шекараға таяу келіп конғанын байқасаң, енді бір карағанда әлгі ауылдың ішкерілеп еніп кеткенін бірақ көресің. Көшпелі жұрттың құйрығын ұстау қиын, бір қоныстан қусаң, ертеңінде одан да шөбі шүйгінірек басқа бір жерге барып конып алады.

Істің арты насырға шауып бара жатқанын сезген халдайлар мен хорылдайлар аттан салып, Іледегі жаңжұңға хабарлады. Ол өзіне сөз келмеу үшін, болып жаткан окиғаны сәл женілдетіп, орталыкка жеткізді. Орталықта бұған кәдімгідей мән беріліп, Жоғарғы император кенесінің шешімі бойынша, қазақ ханы Абылайға нота тапсырғанша, арала айлар өтті. Абылайға келген алғашқы нотада: «Біз Жоңғарияны қазақтар үшін босаткан жоқпыз. Жер таршылығын өзімі з де тартып отырған елміз. Біздің иеліктегі жерімізге баса-көктеп кіріп жат-

кан коластыныздағы халкыныздьі тыйып ұстасаңыз екен» деген талап ашык айтылған.

Бірақ Абылай оны еленкіремей: «Қазақ барса біреудің жеріне емес, өзінің ежелгі атамекеніне барып жатыр. Жоңғарлар келместен бұрын да бұл өлке Найман мен Керейдің коныс болатын. Сонан соң Жоңғарға карсы соғыскан жалғыз сіздер емес қой, біз де ұзақ жыл кан төккенбіз. Ол жерден алатын біздің де үлесіміз бар» дегендей сүйей салды жауап беріпті.

Цин өкіметі тарапынан жазылған екінші нота біріншіден гөрі катаңдау еді: «Егер қазақтар біздің жерімізді өз еркімен босатпайтын болса, онда біз оларға карсы әскер аттандыруға мәжбүр боламыз» дегендей айбар танытқан. Бүйте берсе екі ел арасының ушығып кетерін сезген болар, Абылай бұл жолы мүлде баска тәсілге көшіпті: «Екі империяның арасында жатқан қазақ хандығы түбі кімге карайтыны әлі белгісіз ғой Егер сіздермен осылай аралас-құралас, тату тұрғандай болсақ, келешекте Еженханға карай аунай салғандай боламыз ба» деп түлкі бұлтакка салады.

Соңғы жауаптың көп үміт күттіретіні сонша, бірден Цин өкіметінің буынына түсіп кетеді. Көп ұзамай император сарайынан Іледегі жанжұңға: «Көшіп келген казақты беталды қуа бермендер. Өздеріне жайлы жерден коныс, малына өріс беріңдер» деген бүйрык келіпті. Абылайды саясатшы ретінде өз елінде қалай бағалап жүргенін кім білсін, әйтеуір, осы жолы Цин өкіметін тақырға отырғызып кеткені анық. Осының артынан көп кешікпей, Абылай өзінің ұлы Әділді басшы етіп, Қу дауысты Құттыбай мен Бөгенбай батырды косшы етіп, Еженханға елші жіберді. Пекинде екі жақтың өкілдері бас косып, біраз келісімге кол кояды Екі ел арасында тату көршілік қатынас орнайтын болып, Арқа мен Жетісу казақтары Құлжа, Шәуешек калаларымен сауда-саттық жасауға еркіндік алады. Жоңғарияға өткен қазақтар бұдан кейін ешкімнен қағажу көрмей, Цин өкіметіне жер майы үшін тиісті салық төлеп тұруға келіседі. Салықтың алғашқы мөлшері жүз жылкыға — бір сәйгүлік, жүз койға — бір қой екен. Өкіметке өткізетін аттарға арнайы сары нокта кигізілетіндіктен, казақтар оны кейінірек «сары нокта салығы» деп атап кеткен.

Жоңғар жеріне ең алдымен басып кіргендер — Аягөз, Акшатау маңынан ауған Қызайлар мен Тарбағатайдың күнгейі — Қатынсу бойынан асып түскен Төртуылдар еді. Ал-

ғашқы жылдары Емілдің төменгі сағасы мен Тақта-Барлықты ұлы жүзден тараған Суаннын біраз ауылдары мекендеген екен. Бірақ олар мұнда көп байыркаламай. Бұратола, Іле бойына қарай ауып кетіпті. Кейін Барлықтағы Қызай ауылдарының үстіне Мәмбет руы көшіп келіп, бұл екі ру көп жылдар иық тіресіп қатар жайлаған.

Цин өкіметі Тарбағатайға көшіп келген қазақ руларын қоныстандыру үшін, Еміл өзенін бойлаған Құлыстайды үшке бөліпті. Емілдің жоғарғы саласын «Бас Құлыстай» деп атап, оны бір кездегі жер иесі, Жоңғардан қалған жұрнақ — қалмақтарға береді. Қалмақтар ана жылғы Шаған-кегеннің бүлігіне дейін, өздерін қашан Жұмықтар келіп ығыстырғанша, осында тұрды. Дөрбілжіннен бері Қамыстыға дейінгі «Орта Құлыстай» Төртуылдың иелігіне тиді. Ал одан былайғы Алакөлге дейінгі кең алқапты Қызай мен Мәмбеттің үлесіне қалдырды. Қызайлар жүз жылға жуық осы өлкені мекендеп тұрды да, кейін Майлыға Керейлер көшіп келген соң, Керей мен Мәмбеттін арасында сынадай сығылысып отыра алмай, жер тапшылығынан Іле аймағына қарай қоныс аударуға тура келді.

Бұл жылдары Алтай өңірінде де дәл осындай сапырылыскан орын алмасулар жүріп жатыр еді. Ли-шансыннын жазбаларына қарап отырып, Ши-амбының бір аңғарғаны, қазақ руларының ішінде ең ұзақ көшкен ел — Абақ керейлері екен. Бұлар — баяғы Шыңғысхан заманына дейін шығыс Алтайда тұрып, Уаң хан монғолдардан жеңілгеннен кейін, Аркаға қарай ауып кеткен ел ғой. Керейлер сол бетінде Қаратау өңіріне, Сыр бойына дейін барып, жаңадан шаңырақ көтеріп жатқан қазақ халқының құрамына кіріп, сол жақта ұзақ уақыт көшіп-конып жүрген-ді. Тек арада бес ғасыр өткенде, атақты «Актабан шұбырындының» тұсында. өздерінін ежелгі атамекені Алтай өңіріне қайтып оралыпты. «Керей, қайда барасың?» деп Бұқар атаң алдын ораса да, жыраудың ырқына көнбей, шығыска қарай тартып отырған. Өйткені оларға өздерінің ежелгі атамекені — Цин шабуылынан кейін босап қалған Алтайдағы күба қалмақтың орнын тез арада басып қалу керек еді.

Бірақ арада бір ғасыр өтпей, мал-басы мыңғырып өскен қалың Керейге Алтайдағы Ертіс пен Қыран өзенінің бойлары мүлде тарлық ете бастады. Енді олар да өз өрісін кенейтуге тырысып, ең алдымен Сақсай, Бұлғын өңіріндегі Ұранхайларды ығыстырды. Керейдің енді шығыска, не батыска қарай

канат жаюдан басқа амалы да жоқ тұғын. Теріскен жағы — асу бермес мұзарт тау, түстік жағы — жалаңаш жатқан Құбының құмы. Сондықтан Абақ керейдің бір бөлігі Монғолияның Кобда аймағына қарай асты да, енді бір бөлігі Баркөл, Еренқабырғаға қарай ішкеріледі. Бұл екеуіне де ілеспеген үшінші бір тобы осыдан ширек ғасыр бұрын Тарбағатайға қарай ойысып, Майлы-Жәйір тауларына келіп қоныстанды. Сонымен бір ғасыр бойы тынымсыз сапырылысқан қазақ рулары бірін-бірі ығыстыра жүріп, ақыры тұрақты қоныстарын тауып болған тәрізді.

Ши-амбы қолжазбаның бетін жауып, былайырақ ысырып қойды. «Ішінде пайдаға асатын тарихи деректер мол екен. Бірақ мына бетінде кітап етіп шығаруға болмайды» деп түйді ішінен. Оның есіл-дерті алда өтетін сайлауда болатын. Тағы бір папкада қазақтың руларын тарататын шежіре-карта жатушы еді, бір сәт соған үңілді.

Сонымен Тарбағатай мен Алтай аймағында қазақтың орта жүзіне жататын екі үлкен ру бірлестігі бар екен. Оның бірі — Наймандар да, екіншісі — Керейлер. Бұлардан басқа алты арыстың бірі — аз ауыл Уақ бар. Бірақ олар Кереймен қанаттасып, көбінше соның қолтығында жүретін көрінеді. Мұндағы Найманның өзі үлкен үш тайпаға бөлінеді: Төртуыл және Байжігітке жататын Жұмық пен Мәмбет. Бұлардың әркайсысы өз ішінен тағы тармақтанып кетеді. Осылайша кіші руларға қарай жіктегенде: Жұмық сегіз зәңгі, Төртуыл жеті зәңгі, Мәмбет алты зәңгі ел екен. Бұларға күн сайын көбейіп, үстемеленіп жатқан төрт зәңгі Керей мен бір зәңгі уақты қоссақ, Тарбағатайдағы қазақтың өзі әжептәуір елге айналады.

Ши-амбының бір аңғарғаны, қазақ қауымында баяғы патриархалдық-рулық қатынас қаймағы бұзылмай, сол күйінде сақталып қалған. Рулар бір-біріне бастары қосылмай, әркайсысы өзіне тиесілі жайлау-қоныстарда бөлек көшіп жүреді. Егер рулар арасында жер дауы, жесір дауы, өлген кісілерге күн төлеу сияқты қайшылықтар туса, әр рудың сөзін өз ішінен шыққан ақсақал, билері ұстап, түпкі билікті ара ағайыннан сайланған төбе би айтады. Бұл елде кісі өлтіру ілуде бір болмаса өте сирек кездеседі. Ал ұрлық жағы бар... Ұрлық болғанда бұлар ұсақ-түйек, кіші-гірім зат ұрламайды. Сондықтан қысы-жазы есіктері ашық жатады. Қазақтар, көбінше, алыстан із тастап, жылқы айдап әкеледі, не әдейі барып ба-

рымта алады. Мұны өздері ұрлық демейді, ерлікке санайды... Міне, Ши-амбының бұдан кейін істес болатын жұрты — конакжайлық жағынан алларына жан салмайтын, бір басына ақ көңіл момындығы да, ер жүрек батырлығы да жетіп жаткан, бірақ ауыз бірлігі шамалы, ру-руға жіктеліп, бірін-бірі мұқатып, жауласып жүретін, осындай бір қызық халық еді.

«Демек, қазақтар өз руынан тыс өмір сүре алмайды екен, ендеше олардың ежелден қалыптасқан осы тәртібін өзгертудің түкке қажеті жоқ» деп шешті Ши-амбы. Басқару жүйесі сол баяғыдай ру-тайпа күйінде кала берсін. Мейлі, баққұндес рулар бір-бірімен таласар, қыркысар, одан өкіметке келетін бәлендей зиян жоқ. Қайта, сонысының өзі жақсы, өздері жақ-жақ болып жауласып, бірінің жағасын бірі жыртып, бітісе алмай жүреді де, ақыры келіп ұлықтың қолтығына тығылады... Жақында Ши-амбы Ақ патшаға қарайтын қазақтардың басқару жүйесін білгісі келіп, консул Балкашиннен осы жайды әдейі сұрастырып көрген. Ол жақта да қазақтар сол ежелгі ру-тайпа жігін қатты сақтап отырған көрінеді. Өкімет тарапынан ол жікті ыдыратуға ешқандай шара қолданылмаған.

Ши-амбының ішкі есебі бойынша, бұл аймақтағы қазақты төрт үкірдайға топтастырған дұрыс сияқты. Бір үкірдайдың қол астына ең кемі үш мың түтін қарауы керек. Қазір өз алдарына жеке үкірдай саналуға болатын қазақтың төрт тайпасы бар: Төртуыл, Мәмбет, Жұмық, Керей. Ал болашақ үкірдайлар кімдер? Ол жағын әлі ойластыру керек. Ши-амбы әзірше Төртуыл жағына ғана табан тірей алады. Ары ойлап, бері ойлап келіп, тоқтағаны — Керімбай. Естуінше Керімбай мен Сымайыл қазірдің өзінде-ақ түс-түсқа жаушы аттандырып, шашау шығып бытырап жүрген руластарын өз манайына топтап жаткан көрінеді.

Айтпақшы, бір бүйірде қалмақ қалып бара жатыр екен ғой. Оларды не істемек? Қалмақтың жарасы жеңіл. Олар: торғауыты бар, дүрбіті бар, бәрін қосқанда ұзаса бір үкірдай ел болады. Ал маньчжур, шахар, сібе-соланды бұларға араластырудың керегі жоқ. Олар сол бұрынғысынша өздерінің халдайларына бағынып, Цин өкіметінің осындағы тірегі, төтенше құқықты жер иесі болып кала береді.

X

Ел жайлаудан түсіп, күзекке келіп конғалы, казактын «ұзын құлағы» аркылы төрт тарапка бірдей желмен жарыса тарап жаткан бір ғана әңгіме бар. Ол — жакын уакытта Шәуешекте өтетін үкірдайлар сайлауы.

— Жаңадан үкірдай деген мансап шығыпты...

— Үкірдайыңыз зәңгілердің енесін ұрып жіберетін көрінеді.

— Бірнеше зәнгі бірігіп, бір үкірдайдың коластына карайды екен, — десіп, бұл күнде күзекте отырған қалың ел гу-гу етеді.

Көрші мемлекеттер арасына шекара жүргізіліп, ел екіге айрылғаннан бері асау бастарына нокта киіп, ендігі күндері тек Еженханға карап калған казактар, амал жок, алдағы тіршіліктің камын ойластыра бастаған! Маншын әкімдерін бірде мәнсінсе, бірде мәнсінбей, Ак патша мен Еженханның құзырына кезек ауыткып, екі ортада бұлғактап жүретін баяғы заман өтті. «Тас түскен жеріне ауыр». Бұдан былай Ши-амбыны шырғаламаса, жергілікті ұлыктардың тілін таппаса тағы болмайды. Алдағы сайлау, міне осындай, казак руларының ұлык алдында бедел салыстырып калатын, мол сыбаға, үлкен үлес кармауға тырысатын, аса маңызды окиға болғалы тұр.

«Өз алдына жеке бір үкірдай ел болу үшін, карауындағы түтін саны үш мыннан асуы керек» деген хабарды да ру басшылары елеусіз калдыра алмады. Әркайсысы жер-жерге адам аттандырып, шашау шыккан руластарын канатының астына алып, төнірегіне ел жинай бастаған. Аймак орталығы Шәуешек каласына такау орналаскан Төртуылдарға түтін санын молайту оншалык киынға түскен жок. Бұрын бытырап жүрген өз руларынан баска, шекара бойынан коныс аударып келген Диканбай ауылы сиякты каймана казактың талайы Төртуыл тобына косылып кетті... Барлык тауы мен Емел бойындағы Мәмбет руының басшылары да шекара сыртында әлі де болса екі ойлы болып, толкып жүрген талай ауылдарға арнайы адам жіберіп, өз ішінен өріс-коныс беруге уәде етіп, бері көшіріп әкелді деген сөз бар. Керейлер де тыныш жатпаған көрінеді. Мамырбек төре түс-түска жігіт аттандырып, Алтайдан ауа көшкен, Еренкабырға бөктеріне, Манас бойына карай бет алған біраз Керей ауылдарының бетін бері бұрғызып, Майлы-жәйір тауларына әкелш коныстандырған.

Осындай бір қарбалас тірлік шығыстағы Жұмық ішінде де жүріп жатыр еді. Жұмықтың қазіргі басшысы Енсе өзі бас болып, Тарбағатайдың терiскейінен әлденеше Кошкарбай, Шотай, Әлмәмбет, Саты, Караша ауылдарын көшіріп әкелiпті. Оларға күні кеше қалмақтардан босаған Қыркошақ, Дүрім. Сарыеміл байларынан жайлы қоныс-өріс беріпті. Өзінің ежелден бергі бақталасы Бұтабай болыстың иегінің астынан осыншама елді аударып алуы Енсенің үлкен ерлігі, ептілігі ретінде айтылып, ел ішінде гу-гу сөз тарай бастаған. Бұлардың арасында Караша руының күнгейге қалай ауғаны жайында айтылатын бір күлкілі әңгіме тағы бар.

Қу бастан қуырдақтық ет алатын, тілінің қотыры бар әзілқойлардың айтуынша, бір күні ел жайлаудан түсе, Қарашаның бір топ адамы Зайсанның базарына мал айдап барған көрінеді. Базарда сол күні сары ала қылыш тағынған бірнеше стражник, пристап орыстар жүрсе керек. Онда қыр қазағының кару асынған төре көрсе үрейі ұшып, қалтырап тұратын кезі. Өзара сөйлескенде әлгі стражниктердің аузынан «хорошо-хорошо» деген сөздер жиі айтылып жатады Не керек, осыны естігенде жаңағы карашалардың зәре-құты қалмай, жүректері тас төбесіне шығады ғой. «Қой, мыналар бүгін Қарашаны тегін іздеп жүрген жоқ. Түбі, Қарашаға бір тықыр бар» деп базар аралауға да мұршалары келмей. асығыс ауылдарына қайтады. Сол беттерінде әлгілер тыныш жаткан елді үркітеді. «Каладан өз құлағымызбен естіп келіп отырмыз. Орыстардың екі сөзінің бірі — Караша. Сірә, біздің елге тістерін басып жүрген сиякты» дейді. Мұны естіген бүкіл Караша ауылдары ертеңіне түп қопарыла көшіп, қытай жеріне ауып кеткен екен деседі.

Өстіп жүргенде сайлаудың да мерзімі жақындап қалған. Бастапқы кезде: «Ши-амбы нөкерімен ел аралап жүріп, үкірдайлар мен зәңгілерді ел ортасына келіп сайлайды екен» деген бір дақпырт шыққан. Кейін іле-шала сайлау бір-ақ жерде, Шәуешектің өзінде өтеді екен деген хабар тарады. Бұл алғашқы шешімді өзгерткен — Ши-амбының өзі болатын. Бастабында ел аралап, халықтың күй-жайымен таныссам деген бір ойы болғанымен, соңынан алыс аудандарға сапар шегу машақатынан бой тартып қалды. Онын үстіне баска да ішкі есептері бар еді. Қазақтар кең жерде, өз сахарасында жүргенде асаулық танытып, сөз тыңдамай, тізгін бермей кетуі де

мүмкін ғой. Ал қалаға, өкімет кармағына келгенде, олардан момын, олардан тәртіпті халық жоқ. Сондықтан күздің қара суығында ел аралап, уақыт оздырып жүргеннен гөрі, сайланатындар мен сайлаушыларды қалаға шақырып алып, жылы жерде отырып басқарғанды дұрыс көрген.

Қазанның аяқ шенінде әр рудың атқамінерлері қалаға қарай ағыла бастады. Бұлардың арасында үкірдайлық, зәңгілік, елубасылық шеннен үміткерлер де, сайлаудың қызығын *өз көздерімен көргісі келген былайғы қызыл ауыз қыздыр*малар да көп еді. Дауыска түсетін кандидаттардың Шиамбыға әкеле жатқан сый-сыяпаты, тарту-таралғысы да аз емес. Алды атан түйе бастатқан, күміс жамбы, сәйгүлік аттар қостатқан сан «тоғыз» сыйлықтар әкеліп жатты. Әсілі, Маншын өкіметінің салтында, ұлықтардың қарауындағы халықтан сый-сыяпат алуы — пара алған болып есептелмейтін. Ол тек бағынышты жұрттың Еженханға каншалық берілгендігін, ұлықтарды каншалық құрмет тұтатынын әйгілейтін, заңды нәрсе деп қаралатын-ды. Сондықтан жергілікті Маншын төрелері ешкімнен жасырып жатпай-ақ тападай тал түсте түйені түгімен, төрт түлік малды үйір-үйірімен, көпе-көрінеу асап, қылғып жұта беретін. Тамағымызға тұрып қалар-ау деп ойлайтын біреуі болсашы.

Әлде өз ауылдары Шәуешекке тиіп тұрған соң аркасын кеңге салды ма, жұрттың бәрінен кейін козғалған Керімбай болды. Оның бұл сапар баскалар сиякты бакталасы жок. Төртуылдан үкірдайлық орынға бірден-бір кандидат өзі ғана. Жақында түгел Төртуылдың ру басылары, ақсақалдары бас қосып, сол жиында бір ауыздан осылай деп шешкен-ді. Керімбай қадірлі ақсақалдың алдынан өтпек болып, Сымайылға мезіреті жасап көріп еді, кәрі зәңгі жаңа лауазымнан үзілді-кесілді бас тартты.

— Менің заманым өтті. Алжыған карт бурадай күлге шөгетін күн туды. Өлерімнің шағында енді мені қайтадан атқа мінгізіп қайтесіндер. Жауатаң баласы, бұл реткі жол сенікі, — деп Керімбайға табан тіреген.

Сонан соң бұл елден сайланатын зәңгілер мен елубасылар жайы сөз болғанда. Сымайыл тағы бір батагөйлік кесім айтты.

— Үлкен ұлық алдында, жат-жаланың көзінше, қалаға барған соң билікке таласып, бірінің етегінді бірің ашып жүрмен-

дер. Мұндайда ер намысы ғана емес, ел намысы сынға түседі. Осы бүгін бәтуаға келіп, әр рудан зәнгі, елубасылыққа ынғайы бар, халық қамын ойлайтын бір-бір адамды атап-атап беріндер. «Атасыздың ауызы зор, енесіздің емшегі зор» дегізбей, басбасына би болып, құрық әкетуді қойыңдар, түге! — деп келіп, Байғара-Жауғаш, Баймұрат-Құтымбет, Шөтік, Кенжеғұл, Шоқан кісілеріне өз адамдарын күшпен ататтырған... Басқалар бөгелінкіреп қалғанда, кәрі зәнгі әдейі көш бастап, өзі бұл жолы орнынан түсетінін айтып, Қараменденің ендігі зәнгілігіне бертінде атқа мініп, көзге түсіп жүрген жас жігіт Көксегенді ұсынған. Осыдан кейін өзге рұ басылары да күлкіл, күмілжуді қойып, өз адамдарын атап-атап берген-ді. Сонымен Төртуыл жағы ағайын арасындағы сөздерін күні бұрын бітіріп, алдағы сайлауға сақадай сай отыр еді.

Осылайша Төртуылдың өз жиыны тарап, Керімбай бастаткан біраз адам ертеңдер қалаға жүреміз деп отырғанда, ауылға Демежан келіп қалды. Көктемде Бибіні әкеп салғаннан кейін, жаз бойы шекара жұмысында жүріп, елге келіп отырған беті осы. Биі де ел жайлаудан қайтар шамада төркінінен оралған-ды. Келіншегі олжалы қайтыпты. Құрман қажы төрт түліктің әркайсысынан атап-атап, қызына енші берген көрінеді. Сол еншінің басы етіп, дәл аттанарда:

— Қызым, сенен тарайтын жұрағат бұл ауылға жиен атаналы. Жиеннің нағашысынан алатын «қырық шұбар тайы» деген болады. Екі ел арасындағы шекара киындап, жиендердің келіп-кетіп таиларын мінуге мұршасы болмай жүре ме... Мынау — менің сол болашақ жиендеріме мінгізгеним болсын, — деп, құрамында меңсіз қырық қара байталы бар қысырақтың үиірін қызының алдына салыпты.

«Күлшелі бала сүйменді». Сөйтіп, сән-салтанатпен артынып-тартынып, екінші рет ұзатылып келген Бибіні Керімбай ауылы хан көтере қарсы алып еді. Келіншектің өзі де мәз, қағанағы қарық, сағанағы сарық. Тек, ата-ененің де, Демежанның көнілінде бір ғана қаяу бар Үй болып, отау тіккендеріне үшінші жылға айналса да, жанағы нағашы атасы берген қырық сәйгүлікті мінетін жиендердің төбесі әзірше көрінбей келеді.

Демежан келген күні Керімбай оны оңаша шақырып алып, бір мәселе жөнінде ақыл салды

— Қаладан өзің де көріп-біліп келген шығарсың. Басқа елдер Ши-амбыға тоғыз-тоғыздан сый-сыяпат апарып жат-

кан көрінеді. Біз не істейміз? Жеп үйренген ауыз, тойымы жоқ түпсіз көмей бізден де бірдеңе дәметпейді дейсің бе. Не апарғанымыз мақұл? Мал айдатамыз ба, әлде күміс жамбы, асыл тастар сіңімді ме? — деді салалы саусақтарымен ендіенді бурыл шала бастаған шоқша сақалын сауып отырып.

Демежан ойланып қалды. Сұңғыла әке қазақ жөніне жүйрік болғанымен, қаладағы ұлық жайын баласынан ұққысы келетін сияқты.

— Дәл қазір Ши-амбыны тарту-таралғымен таңырқата алмайсыз, көке. Қазірдің өзінде оның қала сыртындағы зәйімкесі төрт түлік малға толып кетті деп естідім, — деді Демежан қабағын кірбең шалып.

— Әй, балам-ай, тамағы тесік жан иесінің жемге қызықпайтынын көрмедім-ау. «Бүркіт аңды өзі үшін алады, тазы иесі үшін алады» дейді. Бірақ екеуінің де ойлағаны — ку күлкынның қамы, — деп Керімбай терең тыныс тартты. — Ши-амбының қара каска атқа көптен көзі түсіп жүр еді. Соны бас етіп, бір үйір жылқы атасам, азырқанып жүрмей ме?

— Басқа не апарсаңыз да өз ықтиярыңыз, бірақ қара каска атқа тимеңіз, — деді Демежан. — Қара каска көрер көзге тым бадырайып көрініп тұрады ғой. Және ол ас пен тойда ел намысын қорғап жүрген ат емес пе. Ұлыққа малыңызды қисаныз да, намысыңызды қолдан бермеңіз.

«Менің осы балам бұрын тым қарабайырлау сияқты еді... Биыл қазақ жөніне қатты жетіліп, есейіп қалыпты-ау» деп Керімбай баласына сүйсіне қарады.

Осының ертеңінде сайлауға қатысатын Төртуыл кісілері де қалаға қарай бет түзеді. Бұл күндері Шәуешектегі татар, өзбек, ұйғыр байларының қора-жайлары түс-түстан ошарылған қыр қазағына толып кеткен. Әркайсысының өз еліне келіп сауда істеп, ырғын пайда тауып қайтатын таныс саудагерлері бар. Соларды біраз шығындатып, қарымта қайтаратын кез осы. Бай саудагерлер қазақтың өз малын өзіне сойып беріп, түшпара, мәнті, палауларын жасап дегендей, тәтті-дәмдісін ауыздарына тосып, біраз күн әуреге түседі. Төртуыл кісілері атköліктерін шеткері Қарасу бойындағы Түсіп-ажы дейтін ұйғыр байының қорасына қалдырды да, өздері жаңағылай таныстарының үйіне бес-оннан бөлініп түсті.

Аймақ әміршісі Ши-амбы да түс-түстан шұбырып, қала көшелерін кеpіп бара жатқан қыр қазағын ұзақ сарылтып, қа-

мап отырғысы келмеді. Сайлау өтердің алдында әркайсысына уақыт белгілеп, төрт үкірдай елдің ру басыларын қабылдады. Қасына тілмаштыққа Демежанды ғана алып, төр алдында, хан тағы секілді күлгін сары пүлішпен капталған биік тақтада Ши-амбының өзі отыр. Оң жақ бұрыштағы дөңгелек үстелдің басында хатшылық міндет атқаратын көзілдірікті кәрі қытай жайғасыпты. Одан төмен залдың екі бүйірінде қаз-қатар тізілген орындықтар.

Ең алғашқы кезекті іргелес отырған жақын ел — Төртуылға беріп еді. Бұлар болашақ үкірдай, зәңгі, елубасылары бар жиыны отыздай адам екен. Бұл ел үкірдайлыққа ұсынатын кандидаты біреу ғана болғандықтан, бөлініп-жарылмай топырлап бір-ақ кірген. Ішке енген беттерінде тымақтарын қолына алып, үлкен ұлыққа сәл бүгіліп тәжім етіп де, ошарылып тұрып қалды. Төртуыл ішінде Ши-амбының жақсы танитын адамдары Сымайыл мен Керімбай ғана болатын. Сымайыл бұл топтың арасынан көрінбейді. Ал Керімбай басқалардан бір адым озыңқырап, мандайы қасқайып, ең алдында тұр. Маншың өкіметінің салтында, аймақ әміршісінің алдына кірген қарашы халық намаз оқығандан тізерлеп отырып, мандайын жерге үш рет тигізіп, бас ұруы керек еді. Мыналарға ондай тәртіпті ешкім үйретпеген бе, тізелері бүгілмей, жай бас иіп, тәжім етумен ғана шектелді.

«Қазақтар ұлық түгіл, құдайға құлшылық етіп те жарытпайды деуші еді, сол рас екен, — деп ойлады Ши-амбы, — ештене етпес. Үйренеді ғой. . Әзірше асаусып тұрғаны шығар. Өз күні үшін ұлыққа бас ұрмай қайда барады?»

Осы сәтте алда тұрған Керімбайдың саңқ еткен даусы естілді.

— Уа, ұлы мәртебелі Ши-амбы! Сау-сәлемет барсың ба? Сайлауға қатысатын Төртуыл елінің иғі жақсылары саған сәлем беру үшін, құзырына келіп тұр, — деді оның бетіне тура қарап.

Салт бойынша, аймақ әміршісі өз орнында тапжылмай отыруы керек еді. Бірақ жанағы сөздердің балғамен ұрғандай айбынды естілгені соншалық. Ши-амбы орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де аңғармай қалды. «Қой, қазақпен қазақша көріспесе болмас, — деді ішінен. — Әйтпесе, мүлде тіл табыса алмай қалармыз».

Орнынан тұрып кеп, Керімбайға қол берді де, қасындағы адамдарға:

— Кәне, отырыңыздар, мырзалар! — деп бүйірдегі орындықтарды нұсқады.

Бұлармен арадағы әңгіме ұзаққа созылған жоқ. Өйткені Төртуыл кісілерінің арасында сайлауға байланысты ешқандай талас-тартыс жоқ екен. Әр рудың басшыларына сөз бергенде, болашақ үкірдай мен зәңгілерін, елубасыларын да бір ауыздан атап-атап берісті. Хатшы аталған адамдардың аты-жөнін, руын, қай жерде тұратынын тәптіштеп жазып жатыр. Үлкен ұлықтың қасында Демежандай ұлдарының отырғанын арқа тұта ма, әлде Ши-амбы мен Керімбай арасындағы көптен жалғасып келе жатқан сыйластықты бел көре ме, Төртуыл кісілері қысылып-қымтырылмай, өздерін еркін ұстап отыр. Алдымен сөз бастап, көсем сөйлеп отырған — Керімбайдың өзі.

— Мәртебелі Ши-амбы, мен сенің құзырыңда бұрын да талай рет болғанмын. Бірақ екі ел арасына шекара жүріп, Еженханға біржола бодан болғалы, алдыңа келіп отырғаным осы, — деді ұлықтың жүзіне барлай көз салып. — Патшамыз Еженханның осы жердегі өкілі, біздің қарап отырған ханымыз — өзің ғой. Астыңдағы тағыңның көрімдігі деп, өз басым бір үйір жылқы айдап әкелдім. Алдымен сол сыйымды қабыл ет. Менің қасымдағы болашақ зәңгі, елубасылардың да қолдары құр емес, әкелген сыйлықтары бар. Аз да болса көптей көріп, осыған разы бол.

Алғанды кім жек көрсін, Демежан осы сөздерді аударып болған кезде, Ши-амбы орнынан қозғалақтап, езуі жайылып, ырсыңдап күле берді.

— Рақмет, Керімбай зәңгі... Айтпақшы, бұдан былай сізді Керімбай үкірдай десем де болатын шығар. Жаңағы атаған сыйлықтарыңызды мен патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженханға көрсетілген зор құрмет деп білемін, — деді әр сөзін мақамдай сөйлеп, ынырана сөйлейтін әдетімен. — Ал енді маған айтар қандай тілектеріңіз бар?

Керімбай айтар сөзін күні бұрын дайындап, ойланып келген болуы керек. Біркелкі төселген коңыр үнмен, жедел сөйлеп кетті.

— Қаза берсе қазақтың мұң-мұқтажы таусылған ба. Оның бәрін жіпке тізе бермей тек екеуін ғана айтайын, — деді, осы сөзімді толық жеткізші дегендей, Демежанға мәністі көз тастап. — Оның біріншісі, қазір Еженге қарайтын күнгей Төртуылы бұрынғысынан екі есе көбейіп кетті. Сіз бір үкірдайға

үш мың түтін қарасын деген екенсіз, қазір біздің ел бес мың түтіндей болды-ау деймін... Демек, бұрын бөлінген қыстаулық, жайлаулық жерлер енді бізге тарлық етеді деген сөз. Тарбағатайдың төсінен жаңа жайлау, Барлық тауынан қосымша қыстаулар алуға жәрдемдесіңіз. Қағаз жазып, мөр басып берсеңіз болғаны, ар жағын өзіміз реттейміз. Бұл бір. Екінші айтарым, «Соқырдың сұрағаны — екі көзі». Еженханға қараған басқа халықтар секілді біздің де жер емшегін еміп, кәсіп қылғымыз келеді. Сондықтан елімізге тау өзендерінен тоған алып, егін салуға рұқсат беріңіз.

Ши-амбы біразға дейін үндемей, трубкасына темекі толтырып, күйбеңдеп отырып қалды.

— Айтпақшы, Сымайыл зәңгі көрінбейді ғой. Ол кісі қайда? — деді әлден уақытта басын көтеріп.

— Кәрі зәңгі соңғы кезде карттыққа мойын сұнып, жүріс-тұрысты азайткан. Бұл жолы өз орнына мына інісін жіберіп отыр, — деп Керімбай сол жағында тақау отырған Көксегенді нұсқады.

— Менен зәңгіге сәлем айта барыңыз, — деді Ши-амбы Көксегеннің жүзіне барлай қарап. — Сол Сымайыл зәңгінің атына Сібеті өзенінен берілген бір тоған су бар ғой. Оны неге пайдаланбайсыздар?

— Ол қамқорлығыңызды біз өмір бойы ұмытпаймыз, ұлы мәртебелім. Бірақ ол тоғанның суы ұзаса екі зәңгі елден артылмай, Аркарлы мен Үштөбені суландыруға зорға жетіп жатқан жоқ па, — деді Көксеген сөзге араласып.

— Төртуылдың былайғы көп рулары Абдыра мен Қара үңгірдің анғарын жайлайды ғой. Бізге тоғанды сол өзендерден алған қолайлы болар еді, — деп Керімбай үстемелей түсті.

Ши-амбы сәл шытынып, ұнатпай қалған түр байқатты. «Қарай гөр өздерін... Есіктен кірмей жатып төрге ұмтылады. Ең біртоға, момын ел деген Төртуылдың істеп тұрғаны мынау. Басқалары не жанды қояды» деп ойлаған ішінен. Бірақ ол сайлау алдында ешкіммен түс жыртысып жатқысы келмеді.

— Қазір иен-тегін бос ағып жатқан су жоқ қой. Тау өзендерінің бәрі халдайлардың меншігінде. Олардың қолында императордың өзі мөр басқан құжат бар. Мен ол заңды бұза алмаймын ғой, — деді лажсыз адамдай екі алақанын жайып. — Ал Барлық пен Тарбағатайдың төсінен канша қоныс, қыстау керек болса, оны алып беруге болады.

Бұдан ары ұлықпен тіктесе беруге Төртуыл кісілері де бой тартып қалған. Әңгіме осымен аяқталып, Керімбай тобы қоштасып шығып кетті. Ендігі кезек — Керейлердікі еді. Тарбағатай өңіріне сонғы жылдары келіп қоныстанып жатқан бұл ел туралы сырттай естігені болмаса, Ши-амбы әлі қоян-қолтық араласа қоймаған. Кезінде бүкіл Алтай аймағынан Маншын әскерін аластап қуып шыққан, маңайындағы торғауыттар мен ұранхайларды ығыстырып, шұрайлы қоныстарды үсті-үстіне басып алып жатқан бұл жауынгер тайпа туралы алыпқашты әңгімелер көп еді. Қазақ руларының ішіндегі ең асауы да, алған бетінен қайтпайтын қайсар, қажырлысы да — осы Керейлер деп еститін. Ұлықтың енді соларды көргісі келді.

Бір кезде есік айқара ашылып, кілең бір қаптал шапан, саптама етік киген, бастарында жаба салма, биік төбелі шошақ тымақтары бар, үлкен бір топ кіріп келе жатты. Айтса айтқандай, бәрі де қапсағай ірі денелі, сом тұлғалы, қандары бетінен тепкен, бөлек бітімді адамдар екен... Ши-амбы «орнымда отыра берсем бе, әлде жаңағыдай алдарынан шығып амандасқаным жөн бе» деп абыржып, қозғалақтай бастаған. Бірақ дәл осы кезде бұл күтпеген жағдай болды. Әлгі кісілер табалдырықтан аттап, кең залдың орта тұсына таман келді де, сәждеге бас қойғандай, кілемнің үстіне төрт тағандап жата-жата кетісті. Тек бір шетте жасы отыздың жуан ішін аралап кеткен, ұзын бойлы, қарасұр кісі ғана оң қолын кеудесіне қойып сәл иілді де, өз орнында тік тұрып қалды.

Әлденеден жүрексініп, қобалжып отырған Ши-амбының арқасы кеңіп сала берген. «Е, мыналар жөн-жосықты білетін жұрт екен ғой» деп разы боп қалды. Тек мына бір адамның тізесі бүгілмей, тік тұрып қалғанына таңырқап, ендігі бар назарын соған аударып еді.

— Мәртебелі тақсыр, қоластыңызға қарайтын Абақ Керейдің игі жақсылары сіздің мархабатты құзырыңызға келіп тұр, — деді әлгі адам ұлықтың бетіне қаймықпай тура қарап.

Демежан оның сөзін қолма-қол қытайшаға аударды. Ол сонау бір күндері Отыншының асында көрген Мамырбекті жазбай танып, оның мынадай кесек мінезіне іштей сүйсініп отыр еді.

— Білем. Өз күттыхана құзырымда Керейдің ру басыларынан қошемет көргеніме мен де қуаныштымын, — деді Ши-

амбы болар-болмас езу тартып — Ал өзіңіз кім боласыз? Сіз неге серіктеріңізден бөлініп, ілмей тұрсыз?

— Мен — Мамырбек төремін, мәртебелі таксыр. Мен де өзіңіз сияқты асыл текті хан тұқымынанмын... Төренің сәл иілгені — карашы казактын жерге бас коюымен бірдей, — деді Мамырбек те байсалды калпын бұзбай.

Бұл кезде бүк түсіп жаткан баска казактар да бастарын көтеріп, әлдебір момакан, мүрит кейіпке түсіп, бейне намазға ұйығандай колдарын кусырып тұрған-ды. Ши-амбы «отырыңыздар» дегендей иегімен бүйірде тұрған орындықтарды нұскады. Барлығы жайғасып болған кезде, кайтадан Мамырбекке бұрылған.

— Сіз сонда Абылай әулетінен тарайсыз ба? Әлде баска хан-сұлтандардың бірінен бе? — деді оған жылы шырай білдіріп.

— Дұрыс айтасыз, мәртебелі таксыр. Мен Абылай ханға алты атадан косыламын...

— Абылай мекені — Аркада ғой. Сіз Алтайға калай барып калғансыз?

— Алтайдағы Абак Керейі біздің арғы атамыз Әбілпейісті хан көтеру үшін, Абылайдан әдейі сұрап алған. Әбілпейістен — Көгедай төре, Көгедайдан — Ажы төре мен Адеке туады. Мен — Адекенің ұлы Жанымханның баласымын.

— Солай деңіз.. Демек, сіз де хан тұқымы екенсіз ғой, — Ши-амбы трубкасын сора түсіп, Мамырбекке енді шындап назар аударғандай болды. — Жана сіздердің алдарыңызда осында Төртуылдар келіп кетті. Олар да ұлық алдында тізесін бүкпей, тік тұрып калысты. Олардың да төрелерге жакындығы бар ғой, шамасы?

Бұл ұлықтың өтірік анкаусырағаны, әдейі сөз шыксын дегені еді. Мамырбек мырс етіп күліп жіберді.

— Төртуылдың хан тұқымына үш кайнаса сорпасы косылмайды, мәртебелі таксыр. Олар — өмірі төре алдын көрмей, бейбастак кеткен ел ғой. Біздің Керей — олардай емес, төре сыйлап өскен ел... Өзіңіздей ұлықтың алдында өздерін калай ұстауды біледі.

«Ым-м... Түсінікті болды. Түбінде ши шыкса, осы екі рудың арасынан шығатын болар. Несі бар, Керімбай да осал жау емес... Екеуінің калай жұлкысканын да байкап көрерміз» деп койды Ши-амбы ішінен. Сонан соң әлденеден қуыстанған-

дай, касында отырған Демежанға қараған. Жас жігіттің түгі сыртына шығып, түтігіп отыр екен...

Бұдан арғы әңгіме ұзакка созылған жок. Мамырбек осындағы Абак керейдің: Меркіт, Жастабан, Шеруші, Жантекей руларынан және бір зәнгі ел Уақтан келген Шөкібай, Көбен, Отаршы, Өтеген, Әбіштай секілді зәнгі, елубасыларын таныстырды. Олардың әркайсысы ұлыққа әкелген сыйлықтарын атады. Тарту-таралғының алды айғыр үйір жылкы, атан түйе, бесік жамбы бастаткан тоғыз-тоғыздан кем түсіп жаткан жок. Үкірдайлық орынға келгенде әзірше Мамырбек төремен таласатыны жок екен. Бәрі бір ауыздан соны ұсынды. Ал зәңгілік, елубасылық орынға дәмелілер көп көрінеді. Олардың ішінен ұлық кімдерді таңдап алатыны ертең сайлауда белгілі болады.

Ал, «жоғарғы ұлыққа қоятын қандай тілектеріңіз бар» дегенде, Мамырбектің де сұрайтыны — баяғы жер, өріс-коныс жайы еді. Майлы-жәйірге үстемелеп келіп жаткан Керей көші әлі токтаған жок. Қазірдің өзінде-ақ мал баккан қауым жер тапшылығын көре бастады. Сондықтан Керей ауылдарына Барлықтағы Төртуыл мен Мәмбеттің есебінен, Жәйірдағы қалмақтың есебінен қосымша жер кесіп беруін өтінеді.

«Бәрінің сұрайтыны — жер. Жерге, коныска тоймайтын бұл не деген халық?!» деп Ши-амбы іштей таңданып отыр. Алайда аймақ әміршісі бұлардың да меселін қайтарғысы келмеді. Сайлау өткен соң жер-жерге арнаулы адам шығып, коныс-қыстауларды қайталап ретке салатынын айтты. Сол кезде Керейлердің де мүң-мұқтажы ескерілетін болады... Мейлі, бұлар да разы болып кетсін. Ши-амбының алды кең екен. Аузын алдық, бетін бері караттық деп, өздерінше мәз болып жүрсін. Тәйірі, казақтың бір руының жерін екіншісіне тартып алып беру де сөз болып па? Қиын қылса араларында дау ұлғаяр, жанжал шығар. Осындағы ұлықтар сондай дау-шарға билік айтпағанда не бітіреді?!

Үшінші болып енген Жұмық жуандарының да әңгімесі біразға созылды. Сый-сыяпат жағы бұларда да жеткілікті екен. Мансаптан, мөрден үміткер бай-шонжарлар бірінен-бірі асып түсіп, әкелген тартуларын атап, хатшыға тізімдетіп жатты. Үкірдайлық орын сарапка түскенде, кейінгі кезде бытырап жүрген Жұмықтың басын құрап, ерекше көзге түскен Енсенің алдына ешкім шыға қоймады. Ал зәңгілік орынды бөлісуге

келгенде нағыз қырық пышақ, қырғын талас осы елде болатын түрі бар. Жұмыкка кіретін Мәметек, Қошкарбай, Шотай, Саты, Қараша рулары әркайсысы екіден-үштен адам ұсынып, әркім өз лағын теке койғысы келетіні байқалып қалды.

Ши-амбы іштей күліп отыр. Мына казақтардын мансап-билік үшін неге сонша жанын салатынына қайран қалады. Адам баласы өзінде жокка құштар ғой. Әлде бұлар өмір бойы билікке, өкіметке жарымай келді ме екен? Әркайсысы өзінше атка мініп, ең кішкентай болса да мансапка ілініп, баскаларға үкім жүргізгісі келіп тұрады... Ал, шынтуайтка келгенде, Маншын төрелеріне мына отырған сырт тұлғасы бір-бірінен айнымайтын, өңкей шошақ тымақты, жуан конышты қазақтардың кайсысы зәнгі болса да, келер-кетері жок, бәрібір еді. Барып кел, шауып келге осылардын қай-кайсысы да жарап тұр. Қазақтың мансап таласы Ши-амбыға кейде баланын ойыны сияқты болып көрінеді. Ертеңгі сайлауда қай орынға кімді апарып коям десе де, ұлықтын өзі біледі ғой Соған бола ат арытып, тон тоздырып, дүниесін шығындап, неменеге шапкылайды екен?!

Билік таласынан туған ала ауыздык Мәмбет елінің ішінен де катты білінді. Бұлар үкірдайлық орыннын өзіне екі кандидат ұсынып отыр. Соған байланысты кабылдауға да екі жарылып, бөлек-бөлек топ болып енді. Бір тобын Жалбағай бастаса, екінші тобын Отыншы бидің немересі, жас жігіт Шәйі бастап келген. Бұл тартыс негізінен Барлық тауын бұрыннан мекендеген байырғы ел мен кейін көшіп келген рулар арасында секілді. Ру арасындағы жік шекара бөлісі кезінде жер, коныс дауынан басталып, сайлау қарсанында тіпті аскынып кетіпті. Мәмбеттің байырғы ауылдары Жалбағайды жактаса, кейін көшіп келгендер Шәйінің етегінен ұстап жүрген көрінеді. Екі жақтың егес дауы қандай комақты болса, ұлыкка әкелген сый-сыяпаттары одан да комақтырақ еді... Демежан олардың әркайсысының Ши-амбыға айткан арыз-шағымдарын аудара отырып, бір нәрсеге катты кайран калды. Күні кеше, Отыншының асы кезінде бір төбенің басынан табылған ағайындардың арала жыл өтпей жатып, бұлайша жік-жікке бөлінуін қанша ойласа да ақылына сыйдыра алмады.

Ши-амбы, әрине, бүгін ешкімге сыр алдырған жок. Бірақ оның іштей Жалбағайдың кандидатурасын жактайтыны белгілі еді. Әлі ізі суып үлгермеген кешегі Байжігіт көтері-

лісінде қол бастаған Отыншы әулетінен гөрі үкірдайлыкка Жалбағайды қолай көретіні айтпаса да түсінікті. Мына сайлау науқанының бір пайдасы, қазақтың осындағы төрт табының іші-сыртын айнаға салғандай айқын көрсетіп берді. Кім кімдермен әмпей, кім кімдерге қырбай? Болашақ дау-шардың көзі қайдан басталады? Осы тұста бәрі де белгілі боп қалған.

Арада екі күн өткенде, ескі жамбылдың ішіндегі кең алаңда жұрт зарыға күткен сайлаудың өзі де өтті-ау акыры. Алаңның дәл төрінде қызылды-жасылды бұлмен көмкеріп, әшекейлеп жасаған биік мінбе. Қарсы жакта каздай тізіліп катар тұрған халық. Тәртіп бойынша әр ел өз үкірдай, зәңгілерін өздері сайлауға тиіс еді. Дауыс беруге сол елдің бұрынғы зәңгі, елубасылары, әр рудың ақсақалдары, билері катысады. Ол үшін сайлаушылардың әркайсысы кезекпен оңаша бөлмеге кіріп, кандидаттардың аты жазылған кардон қағазды урнаға тастауы керек. Былай қарасаң бәрі де кәдімгідей, бәрі де заңды. Тек бір айырмашылығы, дауыска түскен шарды санап, нәтижесін соңынан жариялайтын — Ши-амбының өзі еді. Әсілі, Цин империясында сайлау деген жок кой, мұнда бәрі де тағайындау жолымен, бұйрықпен шешіледі. Қазақтың дауынан құтылу үшін, бұл әдісті ойлап тауып жүрген осындағы ұлыктардың өзі болатын

Дауыс беру салтанаты мана, танертең басталып еді. Енді, міне, түс ауа Еженханға карайтын казактың алғашкы үкірдай, зәңгілері де белгілі боп калды. Ши-амбының өзі мінбеге көтеріліп, колындағы тізімді бір-бірден оқи бастаған. Төртуылдың үкірдайы — Керімбай, Жұмыктың үкірдайы — Енсе, Керейдің үкірдайы — Мамырбек төре талассыз бір ауыздан сайланыпты. Ал Мәмбетке келгенде аймак әміршісі сәл бөгеліп калды. Шәйінің екі дауысы артык еді. Бірак Ши-амбы оның орнына Жалбағайды атады. Дегенмен Шәйінің де көнілін жыкпай, оны үкірдайға орынбасар — ілгідей етіп сайлады да:

— Сен әлі жассың ғой. Амандык болса, келесі сайлауда Мәмбеттің үкірдайы сен боласың, — деп аркасынан какты.

Жаңадан сайланған төрт үкірдайдың басына Ши-амбы өз колымен Маншың өкіметінің төтенше құқықты өкілі дегенді білдіретін, төбесінде козалы көк тасы, мандайында алтын жіппен кестелеген бөдене бейнесі бар, сәукеле порымдас, айыр калпак кигізді. Қолдарына піл сүйегінен жасалып, аты-

жөндері жазылған аппақ мөр үстатты... Алаңда теңіздей толқыған халық. Әр түстан ұран шақырылып, ескі жамбылдың ішін азан-қазан етті.

Енді алдын ала дайындап қойған зәңгі, елубасылардың тізімі жарияланды. Жаңадан сайланған отыздай зәңгі, жүзге жуық елубасының аты аталып, олардың колына да, жаңағы үкірдайдың мөрінен гөрі кішірек, одан гөрі карапайым мөр таратылды. Бар күш — осы мөрде. Жалпы, Маншын өкіметінде мөр, танба дегендер айрықша бағаланады. Мөр кімнің колында болса, билік сонда. Мөрден айрылу — мансаптан да жұрдай болу деген сөз.

Күн еңкейе сайлау аяқталып, қызық үшін жиналған былайғы жұрт тарап, тек мансапқа ілінген үкірдай, зәңгі, елубасылар ғана кеңсеге кіріп жатқан-ды. Бүгін кеш Ши-амбы оларға конакасы бермек болатын. Дәл осы сәтте есік алдында әлдекіммен сөйлесіп, бөгеліңкіреп калған Ши-амбының касына түлкі тымакты, каптал шапанының сыртынан оқшантай, дәндекуі мол күміс кісе буынған картан казак кимелеп жакындай берді. Бұл Жұмық ішіндегі Шотай руының атакты байы Құлбай деген кісі еді. Өз руына қайтсем зәңгі боламын деп, осы жолы Ши-амбыға ішінде үлкен көк айғыры бар, отыздай жылқыны бір-ақ айдап әкелип өткізген-ді. Ши-амбы кара басып тізімнен шатасты ма, әлде басқалардың бергені одан да асып түсті ме, әйтеуір сайланғандардың ішінен Құлбайдың аты-жөні атаусыз калды. Енді, міне, ұлықпен ауызба-ауыз сөйлесіп, өзінің кандай мансапқа ілінгенін естіп калмак еді.

— Таксыр.. таксыр! Мен — көк айғырдың иесі Құлбаймын ғой... Сонымен, маған тигені не болды? Елге кім болдым деп барайын? — деді ұлықтың аузынан шыккан сөзді қағып алғысы келгендей құлағын тосып.

Ши-амбы оны ұмытып калған секілді. Касындағы сібе тілмашы Дабынтай оның сөзін қытайшаға аударғанда ғана, «апыр-ай, осы казактар-ай» дегендей кабағын кіржитті де:

— Та бұ шын![1] — деп орнынан козғала берді.

— Не айтты? Не деді мына кісі? — деп Құлбай ентелей түскен. Тілмаш ыңғайсызданып, иығын көтерді де:

— Өзіңіз де естідіңіз ғой, «Та бұ шын» деп тұрған жок па... — деген-ді.

---

[1] Та бұ шын — қытайша «ол болмайды» деген сөз.

Осыны естуі мұң екен, Құлбай тілмаштың сөзін түгел айтқызбай, Ши-амбының соңынан тұра жүгірді. Сірә, жаңағы «Та бұ шың» деген сөзді де көп мансаптың бірі деп ойласа керек, ұлықты қуып жетіп:

— Рақмет, тақсыр! Маған сол «Табышың» да жетеді. Бұл жақсылығыңызды өмірі ұмытпаспын-ау... Енді Жұмықтың жуандары менімен санаспай көрсін! — деп Ши-амбының тартынғанына қарамай, қолын алып сілкілей берді.

Сол бетінде ол бүкіл елді дүрліктірген. Ауылына барған соң мал айтып сойып, біраз ел шақырып, кіші-гірім той жасады. Маңайдағы жұрт та: «ойбай, Құлбай табышың боп келіпті» десіп одан арман даурықтырып әкеткен. Ағайындары одан, шынында да, біразға дейін ығысып жүрді. Дүниеде ондай мансап жоқ екені кейін мәлім болды ғой... Келе-келе бұл оқиға ел аузында күлкіге айналып, әлгі байғұстың «Құлбай табышың» деген атағы өле-өлгенше қалмай кетті.

Сөйтіп, қазақ халқын екі айрық жолға салып, шекара бойындағы елді катты дүрліктірген 1884 жылдың аласапыран, алқын жазы осылай аяқталды. Алғашқы сайлау талай шонжардың қолын мансапқа жеткізіп, Маншың төрелерінің қорасын малға, қалтасын пұлға толтырды. Бірақ тағдыр таукыметі мұнымен тоқтаған жоқ. Бұл тек алыс та, азапты сапардың басы, тоғыз жолдың торабы ғана болатын. Өмірдің құз-қиясы да, ердің ері ғана шыдайтын тар жол, тайғақ кешуі де әлі алда жатыр еді.

Екінші бөлім

ТАҒДЫР ТАЛҚЫСЫ

I

Арада біраз жылдар өткен. Тарихтың дөңгелегі күн шығыс елдерінде тым жер табандап, канша баяу айналғанымен, бір орында тұрып та қалмай, өзінің шабан-шардақ жүрісімен алға қарай жылжып келе жатыр еді. Адамзатты баладай алдарқатып, соңынан сүмендетіп ертуге келгенде уақыттан шебер, уақыттан жымысқы не бар екен бұл дүниеде?! Осынау жарық жалғанға бұдан бұрын да талай ұрпақтың соғып өткенін, бұдан кейін де талайлардың келіп-кететінін, ал бүгінгі тіршілік сол ұзақ салқар адамзат көшінің бір үзігі ғана екенін ойлап жатуға бұл жұрттың тіпті мұршасы жоқ. Қуанышы мен қайғысы кезектескен қарбалас тіршілік тек өздерінен басталып, өздерімен ғана аяқталатындай жанталасып жүрген бір адамдар.

Қазір Шәуешек көшелерін жаяу аралап келе жатқан Демежанның басында күнделікті тірлік қамымен бірге жаңағыдай оқшау ойлар қабаттасады. Мына бір көз алдында қайшыласып, тез ауысып, сапырылысып жатқан адамдар теңізі де осы өмірдің өтпелілігін тіпті айқын сездіргендей. Қара нөпір қалың көпшіліктің ішінде жеке адам бейне толқын шайған жаңқа тәрізді. Жол бермей иығымен қағып, жағалауға қарай ығыстырып тастағысы келеді... Бірақ адамның да адамы болады екен. Кейде өмірде бір адамның басына канша нәрсе тіреліп тұрады десейші.

Кісінің шын қадірі тірі жүргенде емес, өлгеннен кейін білінетіні несі? Демежан қазір орны толмас екі адамды қатты жоқтайды. Осыдан үш-төрт жыл бұрын Шәуешектегі орыс консулы Балкашин қайтыс болды. Күлжаға кетіп бара жатқан сапарында түйнек ауруына тап болып, небәрі қырық жеті жасында кенеттен дүние салды. Адам өмірі қандай қысқа?! Жат жұрттық болса да, Тарбағатай халқына көп жақсылық істеген

кісінің бірі сол еді. Содан бері бұл қала консулға жарыған жоқ. Үш жылдай Шишмеров деген қартаң кісі отырды да, ол да ұзақ байыркаламай, жақында арғы тегі орыс, не неміс екені белгісіз, Борнеман деген біреу келді. Бірақ Балкашиннің орны әлі үңірейіп тұр. Жаңадан келгендер оның үстеліне ие болғанмен, үлкен адамның орнын толтыра алған жоқ.

Өлгеннен кейін қадірі қатты білінген екінші адам — Төртуылдың ақсақалы, қәрі зәңгі Сымайыл. Осыдан төрт-бес жыл бұрын ол кісі де дүниеден өткен. Сымайыл барда ағайын арасындағы таразының басы тең тартып тұрғандай, жоқтан өзгеден ілік іздеп, ауа жайылатындар тым аз еді. Қәрі зәңгі ондайларды беделімен басып, өз үйірін шашау шығармайтын сақа айғырдай, ел ішіне ұйтқы болып жүретін. Сымайыл қалай *өлді солай, Төртуыл іші бұрынғы береке-бірлігінен айрылып*, сиырдың бүйрегіндей пышырады да кетті. Қазір әр рудан Керімбайға дұм көрсететіндер, аяқтан шалып, арыз жазатындар шыға бастаған. Ши-амбы тірі тұрғанда, Керімбайды алатын жау жоқ, әрине. Дегенмен, үй ішінен үй тігілгендей, іргеңнен іріткі шығуы жақсылықтың нышаны емес.

Мұндай жағдайда Керімбайға да өз күшін маңайына топтап, тас түйін сақ отыруы керек еді. Сондықтан Ши-амбының соңынан қалмай қолқалап жүріп, осыдан үш-төрт жыл бұрын Демежанды қаладағы қызметінен босатып алған-ды. Керімбайдың өзі қағаз-қаламға шорқақ. Ал үкірдайдың мөріне ие болып, қағаз жағын реттеп отыратын сауатты хатшы керек. Мұндай күпия қалтарысы көп жауапты жұмысты екі тілге бірдей жетік, оқымысты өз ұлы тұрғанда, кімге сеніп тапсыруға болады? Сонымен, қазір Демежан әкесінің оң қолы, ала ауыз ағайынға көрсетер күш-қайраты, тірек-сүйеніші болып, қыр елінде жүріп жаткан жайы бар.

Балаға мықты әкенің ығында жүру қиын емес, өз бетіңмен жол салып, тыңнан тірлік бастау қиын екен. Қазіргі заң мен заманға баға бергенде, кейде әке мен баланың ойы бір жерден шықпай, кереғар тартатын кезі де болып тұрады. Қазір заман басқа, зан басқа. Ұшы-қиырсыз кең сахарада төрт түлік малдың соңынан бұлттай жөңкіліп көшіп жүретін қазақтың баяғы дәуірені өтті. Жер танабы тартылды, айнала төңірекке шекара-шенбер түсті. Енді бұдан былай зеңгір аспан төсінде емін-еркін шарықтайтын кез адыра қалып, шыжыммен ұшып, шырғамен қонатын күн туды. Ендігі күнде адамы тығыз аядай

өлкеде қысыла-қымтырыла өмір сүруге тура келеді. Ол үшін бұл ел көші-қонды азайтып, отырықшылыққа айналуы керек. Ендігі тіршілік мәні кендікте емес, терендікте. Кім тамырын теренге жіберіп, аз жерден көп өнім алса, сол озады. Қарным ток, тұрмысым тұрлаулы болсын десең, малдан басқа да әр түрлі кәсіп істе, егін сал, қора-жай, қыстау тұрғыз. Осы бір шындыққа Демежанның өз көзі жеткенімен, былайғы ағайын жұртты иландыра алмай-ақ қойды. Басшысы өз әкесі Керімбай болып, мұның сөзін жап-жақсы тыңдап отырады да, былай шыға бере ұмытып кетеді.

Осыдан кейін Демежан өзінше бір оқшау тірлік бастап еді. Өз ойларын енді сөзбен емес, іспен дәлелдеуге бел байлаған. Екі-үш жылдан бері маңайына әр жақтан көшіп келген жарлы-жақыбай, бейнеткор жұртты жинап алып, Боздақ даласына егін салуды бастады. Әзірше тау өзенінен тоған тарта алмаса да, бастау-көзін бергі жазықтан алатын карасуларды пайдаланбақ. Биыл көктем шыққалы сол егіс басына тақау жерден өзіне арнап қора-жай салдырып жатыр. Қазір Керімбай ауылдары әлдекашан жайлауға шығып кетсе де, Демежанның өзі егіс басында сондай шаруалармен бөгеліп жүрген. Жаңа үй құрылысына көп ақша, қаражат керек болып, осы жолы қалаға біраз мал айдатып әкелген-ді. Бүгін қасына Бабалықты ертіп, сол малдың сатылу жайын білуге шыққан беті еді.

Бабалық бұл күнде Шәнішевтердің қарамағынан босап, өз алдына жеке кәсіп қыла бастаған. Қазір үйлі-баранды, осында сатып алған қора-жайы, ат-арбасы бар. Әзірше қаладағы бай саудагерлерден бұл, шай, тағы басқа ұсақ-түйек бұйым алып шығады да, оны қыр еліне апарып сатып, ортасынан қыруар пайда түсіріп жүр. Қаланың да, даланың тіршілігін жетік білетін, еті тірі жас жігіт енді өз алдына дүкен ашып, сауданы ұлғайта түсетін ойы бар... Демежанның қалаға келгенін естіп, от жаққан жерін көрсетуге қонаққа шақыра келген екен. Базардағы малды сатуға көмектес деп, оны да қасына ертіп алды.

Бұлар жолдың екі капталында ине шанышар жер қалдырмай, иін тіресіп тұрған жайма базарынан өтіп, қаланың орта тұсындағы мал базарына таман жақындады. Көшеде шөп артқан, отын тиеген арбалар, оны-мұны сүйреген көтермеші саудагерлер қайшыласады. Неше түрлі ұлт, неше түрлі кәсіп иелері. Демежанның бүгін бір тан қалғаны — Шәуешектің үйғыры мен татары, қытайы мен дүнгені тіпті сібе-солақ, қалма-

ғына дейін бір-бірімен қазақша сөйлеседі екен. Бұлар үшін ең ұғымды, жеңіл тіл — қазақ тілі болғаны ма сонда? Жоқ, олай емес шығар. Қазақ бұл аймақтағы ең көп халық қой. Қалаға мал айдап әкелетіндер, жүн, тері, отын-шөп әкеліп, сауда-саттық жасайтындар да — қазақтар. Өне бойы солармен қатынас жасаған соң, қала жұрты қазақша сөйлемегенде қайтеді.

Орталықтағы үлкен алаңның бір жағы астық базары да, екінші жағы мал базары болатын. Бұл манда жүрген халықта тіпті кисап жоқ. Босағаларына бордақы койдың ұшасын тұтас іліп қойып, мәнті, палау, кәуап жасап сататын ашпұзылдардың маңайы тіпті ығы-жығы. Анда-санда тай қазандарының буын бұрқ еткізіп, мәнті пісіретін қасқандарының қақпағын жұлып алған аспаздардың ащы айқайы естіледі.

— Уа, келіңдер, ағайындар! Май жейсің, яғ жейсің... Бір мәнті, екі мәнті... отыз мәнті, — деп сарнаған үндері күн ұзақ бір сембейді. Бұған неше түрлі тілде, неше алуан үнде сөйлеген былайғы көп дауыстар қосылып, айнала-төңірек ештеңе ұғуға болмайтын тұтас бір гүілге айналып кетеді.

Бүгін мал базарында да адам көп екен. Сатушысы қайсы, алушысы қайсы, — айырып алудың өзі оңай емес. Тек сатылатын жылқылардың ноктасына, сиырлардың мүйізіне жентектелген шөп қыстырып қойыпты. Демежандар өздері айдатқан малдың қай бұрышта тұрғанын таппай, бір жағы мал саудасын қызықтап, едәуір жүріп қалды. Мұндайда бедекші, делдал дейтіндер болады. Сатушы мен алушының арасын жарастыратындар — солар. Алдымен мал иесінен малдың түсер бағасын сұрап алады да, алушымен солар саудаласады. Кейде мал алушының да өз бедекшісі болады. Мұндайда сауда келісімі енді екі бедекшінің арасында жүре бастайды. Сөйтіп әлгілер сатушы мен алушының міндетін жеңілдетіп, ортасынан «сіріңке» түсіреді. «Сіріңке» дегені — екі жақтан берілетін сыйлық ақша.

Демежандар әлден уақытта бір құлынды биені орталарына алған екі бедекшінің үстінен шығып, солардың әрекетіне көз салып біраз тұрды. Мал иесі де, алушы да жайына қалған. Ендігі әңгіме осы екеуінің арасында жүріп жатыр. Бұлардың айтысатын сөздері, өзара ым-ишара, белгілері де қызық. Біреуі шапанының бір жеңін түсіріңкіреп жіберіп, екіншісімен жен ішінде саусақпен «сөйлесіп» тұр. Жұрт айта беретін «жең ұшынан жалғасу», немесе «жең саудасы» дегеніңіз осы.

— Мынау қалай? — дейді біріншісі анаған екі саусағын тұтас, бір саусағын бүгіңкірей ұстатып. Мұнысы — биеге екі жүз елу сом берем дегені.

— Әй, мынауын кем болады, тым обал ғой, — дейді екіншісі мынаның алақанына үш саусағын бірдей тықпалап. — Алсаң осы, одан бір тиын кемі жоқ...

Не керек, мұндайда бедекшілер екі жақты келістірмей қоймайды. Олардың кереметі сол — соңынан мал иесі малымды қымбатқа бұллап саттым деп қуанса, алушы су тегін арзанға түсірдім деп мәз болады. Базарға мал сата келген, сауда жөнін білмейтін қазақтар бедекшісіз аттап баса алмайды... Қайтсін, оларға да бала-шаға бағу керек. Бұл қалада осындай деллал бедекшілікпен, алыпсатарлықпен қанша қауым күн көріп отыр. Таңертең қалтасы қағылып құр қол шыққан алыпсатар күні бойы бірді-бірге соғып жүріп, кешке қарай үйіне қалайда шай-шаланын, көже-қатығын айыратын бірдене тауып қайтады. Имам ағзамның жолы, әйтеуір сауда істеген адам напақасыз қалмайды. Бұл күнде Шәуешекте сауданың етек алғаны сонша, «алыпсатар атын шықсын, алтыға алып, беске сат» деген мәтел де тарай бастаған.

Демежан өз базаршылары — Диқанбай мен оның інісі Қараманды қалың нөпірдің арасынан зорға тауып алды. Бұл — баяғы ауылдарының үстінен шекара сызығы тартылғанда, Ақшоқыдан көшіп келетін Диқанбайдың дәл өзі еді. Кейін сондағы уәде бойынша Керімбайдың аулын қара тартып келген жерінен, Демежан іздеп тауып алып, таяу маңнан өздеріне қолайлы қоныс бергізген болатын. Былтырдан бері Диқанбай — Демежанның бас егіншісі болып жүр. Қазір Боздақтағы бар жұмысты өз қолдарына алып, сол маңнан үлкен зәйімке салуға қолғабысын тигізіп жатқандар да — сондағы жатақ аулының адамдары.

Қысқаша аман-саулық сұрасқаннан кейін, Диқанбай Демежанға шағына бастады.

— Не істейміз, мырза? Базарды мал керіп кетіпті. Саудагерлердің кекірігі азғаны сонша, семіз малды көргенде төніп келеді де, айныған бүркіттей тайқып кетеді. Кешеден бері екі атан өгіз бен бір атты бедекшілерді салып жүріп, орташа бағасына зорға өткіздік, — деді ыстықтан тершіп кеткен маңдайын белиндегі мата белбеуінің бір ұшымен сүртіп жатып.

— Қайтеміз, бір бүйырғаны болар Сәл арзандау кетсе де, осы әкелген малды қалайда базарлап қайтуымыз керек, — дегеннен басқа Демежан да ештене ала алмады.

Демежанның да жай мал иесі ретінде төбе көрсеткені болмаса, саудаға қыры жоқ. Базардың бірде олай, бірде бұлай құбылып тұратын өз заңы бар, оған не айла жасарсың. Бұлар тығырыққа тірелгендей, бір сәт торығып тұрып қалды. Бұл әңгімені Бабалық та тыңдап тұрған. Кенет ол есіне бірдене түскендей Диканбайға жалт бұрылды да:

— Енді қанша малыңыз қалды? — деді керме ағашта байлаулы тұрған ірі қаралар шоғырын көзбен шолып.

— Әлі де бес-алты жылқы, төрт-бес өгіз бар.

— Қап, әнеугүннен бері маған айтқанда, мен бұл жануарларды күнге борсытпай, әлдеқашан орналастырып беретін едім — деп Бабалық жанағы ат, өгіздерді бір айналып шықты. — Әлде де кеш емес, бір амалын табармыз.

— Құдай тілеуінді берсін. Сөйтіп бір азаматтық көрсетші, айналып кетейін. Сен бізден гөрі қаланың жыртық-тесігін жақсы білесің ғой, — деп Диканбай да жабысып жатыр.

— Ендеше бағымызды сынап көрейік. Осы қазір малыңызды айдап, менің сонымнан ерініз.

— Қайда? Қайда апарамыз? Жақын жер ме өзі? — Диканбай дегбір таппай қалбалақтап қалды. Демежан да жас жігіттің не ойы барын түсінбей, оның бетіне сұраулы жүзбен қарай берген.

— Жел тиірмен жақта Қоянды жәрменкесінен келген Сорокин деген орыс көпесі жақыннан бері осындағы жұрттан мал алып жатыр, — деді Бабалық бұларға мән жайды ұғындырып. — Мен білсем, соның оқпаны әлі тола қоймаған шығар. Мынадай түсті, ірі малды ол, сөз жоқ, қағып әкетеді.

— Ой, рақмет, бауырым. Мал сатыла қалса, «сірінкең» мойнымызда, — деп Диканбай байлауда тұрған жылқылары мен өгіздерін босатып, інісі екеуі атқа мінуге қам жасады.

Демежан бұдан ары не істерін білмей, өзін мүлде артық адам сезініп, сол орнында тұрып қалған-ды.

— Демежан аға, сіз ол жаққа барып әуреленбей ақ қойыңыз. Ендігісін мына ағай екеуіміз реттейміз ғой, — деді Бабалық оған енді ғана назар аударып. — Тек манағы айтқан менің өтінішімді ұмытпаныз. Ертең кешке таман үйімізді көріп, келініңіздің қолынан дәм татыңыз.

— Оған қам жеме. Біздің колдан басқа келмесе де, ас ішіп, аяқ босату келеді, — деп Демежан жас жігітті аркасынан қағып шығарып салды.

Аркасы босап, тынысы кеніп калғандай. Демежан өзіменөзі оңаша калған соң, базар алаңынан шықты да, ұлықтарға жолығатын бір шаруалары есіне түсіп, ескі жамбылға қарай аяндады. Жол бойы жанағы Бабалық туралы ойлап келеді. Осы бір жас жігітті бұрын да іштей жан тартып, жақсы көріп жүруші еді, бүгін оған деген ықыласы тіпті арта түскендей. Былай карасаң, Бабалықтың артында тіреп түр дейтін елжұрты, не ағайын-туысы жок, жал-құйрыксыз жалкы жігіт. Бірақ соған карамастан, өзін кандай батыл, кандай еркін сезінеді?! Мына сапырылысып жаткан қым-қуыт дүние онын бейне өз үйі секілді. Жеке қазак кана емес, осындағы татар, өзбек, ұйғыр, калмакка бірдей сыйлы. Бәрінен де тіршілікке бейімділігін, дүниенің көзін танитын іскерлігін айтсайшы. Міне, бүгін келді де, Диканбай екеуінін неше күннен бері сарсанға түсіп жүрген шаруасын бір демнін ішінде тындырды да тастады... Әлде халықтың жана легі, ерекше окшау бітімді жас буыны осы Бабалыктардан басталар ма екен? Ал халық дегеніміздің өзі кім? Ол тек жік-жікке бөлініп, жөнкіле көшіп жүретін рулардан ғана құралуы керек пе? Руға, атаға бөлмей, адам — тек адам ретінде өмір сүруге неге болмаска?! Мәселен, бұл біреуді жан тартып, жаксы көруі үшін, онын міндетті түрде Төртуыл болуы шарт па екен? Адам тегінде өзінің қай руға жататындығымен емес, бойындағы касиетіне, колынан келетін өнеріне, алдына қойған максатына карай бағалануға тиіс кой. Мұнын ағайындары осыны неге түсінбейді? Маңайына Диканбай секілді кірмені, қырық темірдің қылауындай кайлағы-жайдағыны жинап алдын деп, көзіне айтуға батпаса да, сыртынан үнемі қыжыртып жүретіні несі?

Қазактың мінезін өзгерту үшін, алдымен онын кәсібін өзгерту керек деген ой келді Демежанға. Бұрын көшпенділерге жат болып келген әрбір жаңа өнер, жаңа кәсіп адам бойына жана касиеттер дарытуы мүмкін. Мәселен, жанағы Диканбаи да былайғы мал сонында жүрген көп казакка ұксамайды. Как-сокпен жұмысы жок. Жер тырмалап егін ексе, еңбегінің жанатынын біледі... Ал Бабалыктын жөні тіпті бөлек. Мына заманда егін екпей, сауда істеп, тиынның көзін танымай тұрып, тіршілік ету киын. Ли-шансын дұрыс айта-

ды; Көшпенділердің басынан бақ тайып, дәурені өткелі кашан?! Төрт түлік малдың соңына ілесіп көшуден мүйіз шығатын болса, ендігі казақтың мүйізі карағайдай болып тұратын еді ғой... Жоқ, енді бұлай кете беруге болмайды. Жаңа кәсіптерді игеру керек. Тегінде халықтың канын жүргізіп, бойын шырататын осы сауда болуы да ғажап емес. Түбі, бәрімізден жанағы Бабалық озып жүрмесін.

Демежан осындай ойлардың жетегінде келе жатып, ескі жамбылдың какласына қалай кіргенін өзі де анғармай қалыпты. Ши-амбы кеңседе жоқ екен. Үш-төрт күннен бері қызметке келмей, үйінде ауырып жатыр деген хабар алды. Бұрын бірге қызмет істеген таныс жігіттермен амандасып, енді шығуға бет алғанда, ала көленке дәлізде Шихалдаймен сөктығысып кала жаздады. Ол мұны көріп куанып кеткен түр байқатты.

— О, Демежан мырза, жаңа ғана өзіңді еске алып, катты іздеп отыр едім, жақсы келдің ғой. Сөйлесетін сөз бар, уақытың болса маған кіріп шық, — деді кабинетіне карай бейімдеп.

Кабинет деп отырғаны — осындағы «халдайлар кеңесі» деп аталатын ерсілі-карсылы екі бөлме. Шихалдай қазір осындағы Бас халдай саналады. Былайша, шені үкірдай дәрежелес болғанымен, қоластындағы маньчжур, сібе-солан ғана емес, кейде казакка да үкімі жүре береді. Өкіметтің оң көзі, билік иесі ретінде, казакка түсетін алман-салықты, тағы баска жоғарының әмір-пәрманын осы халдайлар жүргізіп отырады. Шынтуайтқа келгенде, бұл аймақтағы Ши-амбыдан кейінгі екінші адам — осы Шихалдай. Әйтеуір, «үйреніскен жау атысарға жақсы» деп, Керімбай сиякты беделді үкірдайлар кейде Шихалдайды бойларына тоғытпай, Ши-амбымен тіке байланыс жасап жүргені болмаса, өзге көп үкірдай-зәңгілер оның алдында құрдай жорғалайды.

Арық, тарамыс денелі, тал-тал сақалы иегінің астына жарылып біткен, мысық мұрт Шихалдай қазақшаға судай ағып түр. Демежанға орындық ұсынып жатып:

— Ал, ханзада, төрлет... Сенің бұлай бас сұғуыңның өзі біз үшін үлкен мәртебе ғой, — деп сирек тістерін көрсете шикылдап біраз күліп алды. Бірақ жылтыраған қысық көздерінде түк жылу жоқ. Мұны өзінше ажуалап, кекетіп отырғаны белгілі.

— Ал қойғаның суып бара жатса келдік, мінеки, — деп Демежан да салкын кабақ танытты. — «Ханзадаң» не айтып отырған?

— Ойбай-ау, Керімбай — казақтың қаладан шыққан ханы болғанда, сені ханзада демей не дейміз? — деп Шихалдай селдір сақалын тулата, тырқылдап күліп алды.

— Мені табалағаның ба бұл? Амал не, казактың колы хандыкка жетпей калды ғой. Егер мен шын ханзада болсам, сен бүйтіп мына жерде суырдың айғырындай шақылдап отырмаған болар едің, — деді Демежан да есесін жібермей. — Одан да шақырған шаруаңды айт. Асығыспын.

— Жә-жә... Ренжіп калдың ба соған да? Менікі жай әзіл ғой, — деп Шихалдай жуып-шайған болды. Сонан соң: — мына бір құжаттармен таныса отыр, — деп қызыл жиекті, жылтыр қағазға басылған әлдебір заң-жарлықтарды ұсынды.

Демежан қағазды қолына алып, көз жүгіртіп карап шыккан. Кенет кара сиямен баттитып жазылған иероглифтер жыбыр-жыбыр козғалып, өрмекшідей өріп бара жаткан сияқтанды. Қыр еліне түсетін алман-салық екі есе көбейіпті. Бұрынғы «сары нокта» салығы мен шөп бажының үстіне енді тағы «кан бажы», «кара шығын» дегендер шығыпты. Жақында осы салықтарды жинау үшін ел-елге адам аттанатын көрінеді...

— Бұл не? Бұл тек казакка келген зауал ма, әлде аймақтағы баска халықтарды да камти ма? — деді Демежан сұрлана түсіп. Шихалдай әлденеден қуыстанғандай күмілжіп калды.

— Малға түскен салық қазакка каратылады ғой, әрине. Өзің білесің, мәнжу, сібе-солан, калмак кауымына Еженханның ежелден жасап келе жаткан женілдігі бар. Олар мұндай салықтардан азат етілгелі қашан, — деді жай келді-кеттісі жок, сүйей салды әңгімедей.

— Еженханның сетерлеп ұстайтын сенімді құлы сендер болғанда, шетке қағып, шөміштен қысатыны — біз бе сонда? Казак та казір осы елдің тең хұқықты бұқарасы болған жок па?

— Ол жағы енді... Калыптасып кеткен нәрсе ғой Өкіметке сендер мал беріп құтылсандар, біз жанымызды қиямыз? Осы жүрген мәнжу, сібе-солан, шахар дегендер — Еженханның тұракты әскері саналады... Мал жаннан артық емес шығар.

Демежан лыксып келген ашуын зорға басып, мырс етіп күліп жіберді.

— Осы сендердің де жан беріп, кан төгіп жаткандарынды көрмедік кой. Еженханды кімнен корғап калып едіңдер соншама?

Шихалдайдың да енді беті ашылып, өз үстемдігін айкын сезінгендей сыздана түсті.

— Қорғамасақ енді қорғаймыз. Баяғы ата-бабаларымыз қорғап келген.... Біреулер іштен бүлік шығарып, не ел шетіне жау келсінші, алдымен барып кеудесін оққа төсейтіндер — мына біз боламыз.

«Әттең, дүние-ай, осы сендермен бір шайқасып, кеуделерінді оққа қалай төсейтіндеріңді бір көрер ме еді!» деп ойлады Демежан ішінен. Не істеу керек? Соры қайнап, сорпасы төгілген қазаққа тағы бір зауал келіпті. Қазақ — бүл елге кірме. «Қоспа қонақ айырады» дегендей, қашан да кірменің көрген күні осы. Шихалдайдың айтып отырғаны рас: осындағы сібе-солаң, мәнжу-шахарлар — осы жердің иесі, Еженханның сенімді гвардиясы саналады. Бұлардың ер-азаматы жылына екі ай казармаға жиналып, әскери дайындықтан өтіп қайтады. Олар салық төлеу былай тұрсын, сібе-солаң семьясында ер бала туса, өкімет оны айрықша қамқорлыққа алып, қашан ер жеткенше сауға беріп тұрады... Ана жылғы көтерілісті жаныштауда ерекше көзге түскені үшін, бертінде мұндай артықшылыққа калмақтар да ие болды. Күнкөріс не істетпейді? Азған-тозған ұрпақ нендей сатқындыққа бармайды? Бір кезде дүниені тітіреткен, аты шулы Ойраттар әулеті бұл күнде баяғы өз елін канға бояп, жермен-жексен еткен ата жауына малай болып, Маншың өкіметінің ештеңеден тайынбайтын жалаң қылышына айналып отыр.

Демежан бұл арада Шихалдаймен тәжікелесіп отырғысы келмеді. Қағазды өзіне қайтарып берді де:

— Бұл мәселені әлі де анықтау керек. Бәлкім, бұл жоғарғы ұлықтан келген пәрмен емес, халдайлардың ойлап тауып жүрген қитұркысы ма, кім білсін Алдымен Ши-амбының алдынан өтпей тұрып, салық жинап шабылатын жайымыз жоқ, — деп орнынан тұрды да жүре берді.

Көшеге шыкканда бетін әлдене шалып кеткендей болды. Қазір шілденің ортасы ғой, әуе айналып жерге түскендей күн қатты ысып тұр екен. Талма түс кезінде күн көзі аспан төріне шығып алып, төңіректі төстіктей қактап, шыжғырып тұр. Демежан көшенің көлеңке жағына шығып алып, өзі түскен үйғыр досы Әсенажының үйіне қарай ақырын аяңдап келеді. Күннің ыстығына іштегі қызыл косылып, пысынап терлей бастаған. Әншейінде көшеде қайшыласып жүретін бержабай да кезіге қоймады. Бір ауық өзінің осы жүрісіне ызасы келді.

«Салқын жайлауда бағланның етін жеп, қымызға бөртіп, Бибінің қасында шалқалап жататын адаммын ғой Ит байласа тұрғысыз қаланың мына капырығына мені қай құдай айдап келді екен? Елден ала бөтен егін салып, үй тұрғызып, басыма артық бейнет тауып не азабым бар еді? Осы қазақты ұшпаққа шығаратын мен бе сонда? Кім біліп, кім бағалап жатыр сенің осы жанталасып жүргеніңді?».

Көз алдынан Шихалдайдың сығырайған бітік көзі, мысық мұрты, шиқылдаған сүйкімсіз күлкісі кетпей, канша ұмытайын десе де әлсін-әлі ойына орала берді. Солар ел үстінен карайтын аксүйек, төтенше хұқықты өкімет өкілі саналған соң, бұл тағдырға не шара?! Бір елге кірме, екінші сортты адам болудан ауыр не бар екен бұл жалғанда.

Кенет оның ойын таяу маңнан шыққан әлдебір дауыс бөліп жіберді. Біреу мұның атын атап шақырғандай болған. Бұрылып караса, көшенің арғы бетінде Ли-шансың тұр екен. Басында шиден токылған данғарадай шляпасы бар... Демежан қуанып кетіп, солай карай аяңдады. Бұл күнде жасы алпыска таяп қалған Ли-шансын әлі сол бұрынғы калпы: сакал-мұртсыз, шаш-айдарсыз, тап-тақыр, жып-жылмағай. Тек әдейілеп жіті көз салған адам ғана бетіндегі әжім іздерінің тереңдей бастағанын, бұрынғысынан сәл жүдеу тартқанын байқар еді. Екеуінің көктемнен бері көрісіп тұрғаны осы болатын. Шұркырасып қалды.

— Иә, қашан келдің? — деді Ли-шансың мұның бас-аяғына көз жіберіп. — Ауыл саған жағыпты, толыса бастапсың.

— Қалаға келгеніме екі-үш күн болды. Сатуға біраз мал айдатып едім, соның шаруасымен жүрмін.

— Қалай, үй бітейін деді ме?

Ли-шансың Демежаннын Боздақта үй салдырып жатқанын білетін-ді. Көктемде жаңа үйдің жобасын сызып, іргетасын қойғанда, басы-қасында болып қайткан.

— Сол үйдің әуресі де баяғы. Қабырғасы қаланып болды. Енді асты-үстін жабатын тақтай, тағы басқа жабдықтар керек. Қыска дейін бітсе тәуір болар еді, — деді Демежан жабыркау үн қатып.

— Өзіннің қабағын пәс қой. Бірдемеге ренжіп жүрген жоқсын ба?

— Жай, үйреншікті нәрсе ғой. Жаңа Шихалдаймен ұшырасып қалып едім. Сол ит тұныгымды лайлап кеткені.

— Бәсе, өзім де солай болар деп ойлап едім. Халлайлардың жүрген жері сол ғой кашан да. — Ли-шансың Демежанды қолтықтап алды. — Қазір қолың бос па? Жүр, ендеше екеуіміз менің лашығыма барып, асықпай отырып бір әңгімелесейік.

Демежан қарсы болған жоқ, қайта мұндасарлық кісі табылғанына қуанғандай ұстазының соңынан ілесе берді. Екеуі әрнені әңгіме етіп, көше жағалап келе жаткан. Кенет таяу маңнан баж еткен дауыс шықты да, іле-шала Ли-шансын да:

— Қап, өлді-ау ана пақыр! — деп қалды.

Демежан да солай қарай жалт бұрылған. Жаңағы бір әлеттe көшенің оң жақ қапталында екі қолына бірдене ұстап, қалтаңдаған бір шиаяқ[1] кетіп бара жатқан сиякты еді. Соны арт жағынан өте берген бір арба абайсызда қағып кетіпті. Әр түрлі көкөніс салған себеті төңкеріліп, әйелдің өзі баж-баж етіп орнынан тұра алмай жатыр. Ли-шансың ұмтылып жеткенше, қасынан өткен біреулер қолтығынан демеп тұрғызып жіберді. Өзі егде тарткан, жардай семіз әйел екен. Анадай денені анадай аяқтың қалай көтеріп жүргені белгісіз.

Әр халықтың басқа жұрт алдында өрескел көрінетін кейбір сорақылықтары болады ғой. Мына шиаяқтар да соның бірі еді. Сондықтан Демежан өзі сыйлайтын қытай адамының алдында бұл көрініске мән бермеген, елемеген сынай танытты. Бірақ Ли-шансың қатты назаланып келеді екен:

— Әлемге әйгілі үлкен халық бола тұра, осы бір маскаралықтан арыла алмай-ақ қойды-ау! — деді өзіне-өзі тіл қатқандай. — Біздегі аксүйектер әулетінің артына қалдырған бір қайғылы мұрасы осы.

Енді Демежанға да бірдене айту керек еді.

— Сіздің елде әйелдердің аяғын танып, қолдан кішірейту кашан шықты екен? Бұл өзі қай дәуірден келе жаткан үрдіс? — деді жай сөз сырағысы ретінде.

Ли-шансың сәл ойланып қалды да:

— Мұның тарихы тым әріде жатыр. Жаңылмасам, сонау Таң дәуірінде басталған болуы керек, — деп бастап, шиаяқ бикештердің арғы шығу төркінін таратып кетті.

Иә, сол Таң дәуірінде бір императордың жұрттан аскан керемет сұлу әйелі болады. Ол сұлудың өзге сұлулардан бір

---

[1] Ш и а я қ — аяғын қолдан танып кішірейткен қытай әйелін қазақтар осылай атайды.

артықшылығы, дүние жүзіндегі ең сүйкімді, кішкене аяқ жанағы әйелге біткен екен. Аяғы — небәрі жеті жасар баланың аяғындай, өзі сәл жел тұрса құлап қалатындай аса нәзік, нәзік болыпты. Даңқы шыққан осы әйелден кейін-ақ императорлар үйленгенде, канизактар гаремге сұлулар жинағанда, ең алдымен қыздардың аяғына қарап, соның ең кішкентайын таңдайтын болған. Императордың назарына ілігеміз бе деп үміттенген сарай маңындағы ақсүйектер содан былай қыздардың аяғын таңып, қолдан кішірейтуге көшеді. Бұл дәстүр бірте-бірте бүкіл елге жайылып, шиаяқ қыздардың бағасы катты көтеріледі. Өзін ақсүйек санайтын ауқатты адамдар, шамасы келсе, шиаяқ әйелге үйленгісі келеді... Міне, сол дағды ғой, осы күнге дейін қалмай келе жаткан.

— Ал қыздардың аяғын қолдан кішірейту — тұрған бойы азап, — деді Ли-шансың әңгімесін жалғастырып. — Ол үшін бес-алты жаска толған қыздың аяғын мактамен, шүберекпен орап, ағаш не сірі қалыпка салады да, тас қылып таңып тастайды. Аяктың сыздап ауырғанына, баланың шыркырап жылағанына ешкім құлақ аспайды. Акыры қан айналысы нашарлап, аяктың еті өліп, ауырғанын қояды... Онын есесіне шиаяк қыздар өтімді. Оларға қолы жеткендер күні бұрын құда түсіп, қырылысып қала жаздайды.

— Неткен қаталдық! — Демежан қарадай тітіркеніп кетті — Бұл енді сап-сау адамды жарымжан етіп, көпе-көрінеу мүгедекке айналдыру ғой. Мұндай әйелдер катты қайырым жұмыска жарамайды емес пе?

— Қайдағы қараған?! Бірдемені екі қолына тең ұстамаса, олар оп-онай жығылып қалады. Мұның өзі әу баста әйел ауыр жұмыс істемесін, жұмыс істеуді былай қойып, адымын керіп катты жүгірмесін, тек еркек ләззатының құрбандығы ғана болып қалсын деген нәпсі құмарлықтан туған нәрсе ғой, — деп Ли-шансың терең тыныс тартты. — Екі қолын алдына сыйдыра алмай іші пысып отырған император мен токшылықтан кекірігі азған сарай маңындағы алпауыттарға не керек? Оларға ең алдымен тән құмарын қандыратын осындай қуыршақ әйелдер керек. Сонан соң ешбір карсылық көрсетпей, айтканына көніп, айдағанына жүретін момын, мәңгүрт жұрт керек. Әйелдің жастай аяғын таңып тастаса, халықтың санасына саңылау енгізбей, акыл-ойын буып ұстайды... Енді түсініктімі?

Демежан «түсіндім» дегендей басын изеді. Бұлар жайма базарынан бір-екі орам төмен түсіп, «Қытай базары» деп аталатын көлденең көшеге қарай бұрылған. Аранын ұясындай нағыз таршылық қаланың осы жағында болатын. Көшенің екі капталы бірдей каз-қатар тізілген жайма-дүкендер, күжынаған құжыралар Бұл көше негізінен, ішкергі өлкелерден ауып келген қытайлар мекені. Есігі бірден көшеге шығатын ауыз үйлерін дүкен-жаймаға айналдырып, суырдың ініндей түпкі үйлерінде бала-шағасымен өздері тұрады. Бұлардың арасында: ішкеріде әлдебір бүлікке қатысқаны үшін Цин өкіметі тарапынан жер аударылған саяси сенімсіз «чампандар» да, жай кәсіп іздеп өз аяғымен ауып келгендер де аз емес. Олардың көпшілігі осындай бакалшы, ұсақ саудамен айналысса, екінші бір бөлігі қаланың шет-шетінен жер үй қазып алып, әр түрлі көкөніс-сәй егіп күн көреді. Бұлардың сыртында етікшілік, ағашшылық, шыны-шәйнек шегелейтін түрліше кол өнермен шұғылданатындар да бар.

Ал ішкі өлкелерден күшпен жер аударылған қытайлардың түрмысы тым ауыр еді. Олар өздерінің еңбеккорлығымен, үнемшіл төзімділігімен ғана қиыншылыққа шыдап келеді. Әлі орын, кәсіп таппаған панасыздары каншама. Ауып келгендердің ішінде қыстың күні Тарбағатайдың сақылдаған сары аязына шыдамай, көшеде серейіп қатып қалғандарды Демежан өз көзімен талай көрген. Сол шақта: «байғұс, өз жерінен ауған елдің күні осы ғой қашанда» деп, әлгілерге жаны ашып, көкірегін мұң торлайтын-ды.

Ли-шансынның пәтері жаңағы көп жайма-дүкендердің қатарында, ішке елеусіз тар есіктен кіретін, екі бөлмелі шағын ғана үй болатын. Бұлар сол тұсқа таман келгенде, тағы бір көріністің куәсы болды. Қолдарына найзалы мылтық ұстаған екі шерік алба-жұлба киінген он шақты қытайды алдарына салып айдап барады екен. Кейбіреулері жалаң аяқ, енді біреулерінің сүйретіп киіп алған шүберек шокайлары бар. Сәл ілесе алмай кейіндеп қалғандарын шеріктер мылтықтың дүмімен түйгіштеп, кейде аяқтарымен теуіп тықсыра түседі.

— Мыналарды, сірә, жаңа қамалдың құрылысына айдап бара жатыр-ау, — деді Ли-шансын әлгілердің соңынан қарап тұрып. — Қой, құрысын, үйге кірейік. Көшеге шыксаң болды, қалайда бір қайғылы көріністе тап боласың. Айналаң толы азап пен тозақ, тіпті кашып құтылатын жер жоқ.

Алдында кішкентай верандасы бар, тап-түйнақтай екі бөлмелі үйде Ли-шансын жалғыз тұрады. Әйелі ертеректе қайтыс болған. Ауыз жағындағысы — ас ішетін, жататын бөлме де, түп жағындағысы — кішілеу кітапхана. Үй иесі кішкентай ошаққа шай қойып, шөп-шалам турап әлекке түсіп жатқанда, Демежан түпкі үйге кіріп, қаз-қатар тізіліп тұрған кітаптарды тамашалады. Әр дәуір, әр ғасырда шыққан түрлі-түрлі басылымдар. Көпшілігі көрінгеннің тісі бата бермейтін қытайдың көне жазуымен шыққан дүниелер. Ара-арасында ағылшын, орыс тілінде басылған кітаптар да ұшырасады. Төменгі бір сөрелерде ішкеріде шығатын газет-журнал тігінділері орын алыпты. Демежан басқаларына таныркаған жоқ, Омбыдан қазақ тілінде, араб әрпімен шығатын «Дала уалаяты» деген газеттің тігіндісін көргенде аузын ашып қалды.

— Ли-шансың, сіз мынадай да газет алып тұрады екенсіз-ау, — деді түпкі үйден таңыркай дауыстап.

— Нені айтасың?

Демежан жаңағы газеттің бір данасын алып, бері беттеп келе жатқан. Үй иесі қарсы жолықты да:

— Ә, мынаны айтасың ба? Мен бұл газетті оқи бастағаныма бес-алты жылдай болып қалды, — деді күле тіл қатып. — Бұдан бұрын ол жақта «Түркістан уалаяты» деген газет шығушы еді. Кейін ол тоқтап қалды да, осы «Дала уалаяты» шыға бастады... Осыған жазылуға кезінде консул Балкашин көмектесіп еді. Жаны жайсаң, жақсы адам еді ғой марқұм.

— Ал бұған енді жазылуға бола ма?

— Неге болмасын, болатын шығар... Ол үшін Борнеманға кіруің керек. Жаңа консулмен қалай едің? Таныстың ба?

— Бір-екі рет көргенім бар Бірақ баяғы Николай Никоноровичтай қайдан болсын. Мынау бір немістің бароны дей ме... Пенснесі жалтылдап, шеніне келтірер емес тіпті.

— Дегенмен, биыл күзде мына газетке жазылып қал, — деді Ли-шансын қазан-аяқ жаққа қайта оралып. — Жақсы газет: Ресей мен Қазақ даласындағы жаңалықтарды үзбей жариялап тұрады. Тегінде, қазақтың «Қара шаңырағы» сонда ғой. Сендерге ол елдің өмірінен көз жазуға болмайды.

Ли-шансын ауыз үйдегі дөңгелек үстелдің үстіне жұмсақ қалаш турап, әдемілеп кесілген әр түрлі сәй қойып, шай құя бастады. Сонан соң қаралдысы ойнақтан аз-ақ қалқынқы екі рюмка әкелип, күм шөлмектен сығдықтатып арақ құйды.

— Өзің білесің, мен апиын тартпаймын, — деді Демежанға қарап. — Бірақ жаңағыдай жүйкеге тиер жайларды көргенде, осыдан аздап ұрттайтыным бар. Көп емес, анда-санда ғана. Бүгін сенің де қабағың келіспей тұр екен... Түк етпейді, мынадан ептеп алып қой.

Екеулерінің де ыстық шайға маңдайлары жіпсіп, шөлдері қанып, жадырай бастады. Көбінше әңгіме бастап отырған Ли-шансыңның өзі.

— Мінеки, өзің көрген сол баяғы үйде тұрып жатырмыз, — деді қолындағы кос шырпымен шаштай жіңішке туралған лобының бірнеше талын іліп алып. — Ши-амбыға айтып, бұдан гөрі кеңірек үйге шығуға болушы еді. Бірақ не көрсем де өз отандастарыммен бірге көрейін деп, осы көшеден кеткім келмеді. Қолымда үлкен билік болмаса да, олар мені кәдімгідей ес көреді. Қысылғанда ақыл сұрап, мұңдарын шағып, келіп-кетіп тұрады.

— Сіз білмедіңіз бе, Ши-амбынікі не наукас екен? Бірталайдан бері кеңсеге келмей, үйінде ауырып жаткан көрінеді ғой, — деді Демежан есіне өзінің бір шаруалары түсіп.

— Білмеймін, сол лаухан[1] кейінгі кезде маған ұнамай жүр, — деп үй иесі жымиып күліп қойды. — Бәлендей алып-жұлып бара жаткан ештеңе жоқ, өзінің үйреншікті дерті-ау деймін... Кезінде апиынды көп тартты ғой, содан жүрегі нашарлаған болуы керек.

Ли-шансыңның түр әлпетінен, езуінде үйып қалған күлкіден ар жағында айтылмай жаткан ой ұшығы білінген. Кеседегі шайды жаңартып қайта құйды да, әңгімесін әрі қарай жалғап әкетті.

— Білем, сен Ши-амбыны жаксы көресің. Ол да саған жаман карамайды. Бірақ жалпы билеушілерден жақсылық күту киын ғой. Рас, Ши-амбы баскалармен салыстырғанда, шамасы келсе әділ болуға тырысатын, ептеген демократтығы бар, табиғатынан жұмсақ адам. Былайша айтқанда, көп кара карғаның арасындағы ақ карға сиякты. Бірақ түсі бөлек демесең, ол да — карға. Бүкіл қоғамдық құрылыстан, отаршылдық тәртіптен ол да алыска ұзап кете алмайды. Түсін бояған ондай әрі-сәрі адамнан гөрі, қайта Шихалдай сиякты ашық жаудың өзі жаксы.

---

[1] Л а у х а н — қытайша карт, аксакал дегенді білдіреді.

Демежан Ли-шансын пікірінің дұрыстығын жалпы мойындағанымен, өзіне бала кезінен көп жақсылық еткендей боп көрінетін Ши-амбыны көңіл түкпірінен сызып тастай алмай отырған. Әсіресе, оны Шихалдайдан да соракы деген тұжырымына мүлде қосыла алмады.

— Дегенмен Ши-амбының тұсы жеке маған ғана емес, карапайым халыкка да онша жайсыз болған жоқ қой. Қолынан іс келетін қабілетті адамдарды шетке қақпай, бағалайтын қасиеті тағы бар. Осы өзіңізді де қызметке тартып, қатарға қосқан — сол Ши-амбы емес пе? — деді ұстазының жүзіне сынай көз жіберіп.

Ли-шансын бұған да бөгелген жоқ. Бұдан бұрын да талай толғанған жайы болуға керек, айтар ойын түйдек-түйдегімен тастап, қызулана сөйлеп кетті.

— Оның бәрі — саясат, қымбатты Демежан. Өз үстемдігін ұзарта түсуді көздеген әдіс-айла ғана. Қазір Цин империясының тозығы жетіп, мемлекеттік аппаратты басқарудан қалғаны соншалық, халықтың наразылығын басу үшін, қытай ұлтынан шыққан бірлі-жарым адамдарға жоғары шен, қызмет беруге мәжбүр болып отыр. Мәселен, қазіргі астаналық Чжили өлкесінің бастығы Ли Хунчжан мен бұрын Кореяны билеп тұрған генерал Юнь шикай — қытай ұлтынан шыққан чиновниктер... Бірақ дүниенің кең-тарлығын, жақсы-жамандығын әркім өз басымен ғана өлшемеу керек. Бұл қателікке ұрындыруы мүмкін. Адастырмайтын бір ғана жол бар. Ол — халық мүддесі. Нені де болсын, сол халықтың мүддесімен өлшеу қажет!

«Иә, бұл айтқаны қисынға келеді, — деді Демежан іштей мойындап. — Егер осы жолы халықтан жиналтын алман-салық туралы бұйрыққа Ши-амбының өзі қол қойғаны рас болса, онда ол шаңдың да әуселесі белгілі болды».

— Сіз сонда империя қазір құлдырау, ыдырау сатысында тұр деп ойлайсыз ба? — деді ол негізгі әңгіме желісіне қайта оралып.

— Оған титтей де күмәнын болмасын. Не нәрсе ақылға сыймысыз болса, оның өмірі ұзакка бармайды... Қазір елдің ішкі ахуалы оңып тұрған жоқ. Ал сырткы халықаралық жағдайы одан да соракы. Империяның тоз-тозы шығып, қол астындағы бодан мемлекеттер бірінен соң бірі уыстан шығып кетіп жатыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын француздармен соғыста оңбай жеңіліп, айыпқа Вьетнам мен Лаосты, Кам-

боджаны беріп құтылып еді. Өткен жылы күзде қытай-жапон соғысында Цин армиясының күл-талқаны шығып, нәтижеде Кореяны қолдан берудің сыртында, миллиондаған лян айып төледі. Ал сонда сарайда отырғандар не істеген дейсіз ғой? Осыдан бірнеше жыл бұрын соғыс-теңіз флотын құруға қыруар қаржы бөлінген екен, ол соманы жесір патшайым Цыси өзіне жаздық сарай салуға жұмсап жіберіпті... Осы маскараны көре тұрып, бойында қаны бар адам төзіп отырады деп ойлайсың ба?

— Ал Цин империясы күні жетіп, құлады дейік. Сонда оның орнына қандай өкімет орнауы мүмкін?

— Егер маньчжур үстемдігі құласа, батыстағы дамыған елдер сияқты біздің елде де буржуазия келеді өкімет басына.

— Әй, бірақ, жығыла кеткелі тұрған Цин өкіметін көрмедім-ау! — деп күлді Демежан. — Қайта, бұратана халықтарға тырнағын бұрынғыдан ары батыра түсіп отырған жоқ па? Мана Шихалдайдың айтуына қарағанда, қазақтан алынатын алмансалық бірнеше есе көбейе түскен көрінеді.

— Енді не істейді? Аяз мүйізді қысса, мүйіз тұқылды қысады. Өкімет шетелге төлеп жатқан айып ақшаның есесін қарауындағы халықтан қайырмағанда кімнен алады? Мұны жан тапсыру алдындағы соңғы түяқ серпу, ышқыну деп ұғынуымыз керек.

Ли-шансың соны айтып, біраз үндемей отырды да, өз ойын онан ары сабақтай түсті.

— Жалпы халықтың, мемлекеттің қамын ойлап отырған Цин өкіметі жоқ қой, — деді имек трубкасына темекі толтырып жатып. — Цин династиясы өкімет басына келгелі, міне, екі жарым ғасырдай уақыт өтіпті. Қазір тақта отырған Гуансюй — тоғызыншы император екен. Табиғатынан жетесіздеу жаралған жиырмадағы жас жігіттің император деген аты ғана. Бар билік жесір патшайым Цысидың қолында. «Кемпір араласқан ертегі оңбайды» деуші ме еді қазақтар? Міне, соңғы отыз жылдан бері біздің елімізді сол жесір әйел басқарып келеді. Цыси — бір кездегі император Сяньфанның некесіз әйелі, наксүйер қәнизәгі болатын. Императорға мұрагер ұл туып берді де, сарайда біржола орнығып қалып қойды. 1862 жылы император Сяньфан өлген соң, алты жасар Тунжи тақ мұрагері атанды да, оның шешесі Цыси жас императорға регентша — бас уәзір болып тағайындалды. Тунжи балиғатқа толар-толмастан апиынмен әуестенген, Пекиндегі жезөкше-

лер үйінен шықпайтын, серімастау жігіт еді. Ол ақыры таққа ресми отырар-отырмастан, небәрі он тоғыз жасында өліп тынды. Оның орнына Цыси 1875 жылы өзінің сіңлісінен туған жиені — төрт жасар Гуансюйді тақ мұрагері етті. Бұл жолы сарай маңындағылардың наразылығына қарамай, тізеге салып отырып, өз ойын зорлықпен орындаткан. Ал өзі тағы да тақ мұрагерінің бас уәзірі — регентша болып қала берді... Бұл әйелдің не істеп отырғанын жоғарыда айттым: бүкіл бір мемлекеттің соғыс-теңіз флотына бөлінген қаржыны өзіне сарай салдыруға жұмсап жіберген адамнан не үміт, не қайыр күтуге болады?

«Е-е, бұл дүние жоғарғы жақта, хан сарайының өзінде былығып жатыр екен ғой, — деп ойлады Демежан. — Өзі жарымағанның саркытын ішкендей, мұндай елге бодан болған казақтың шекесіне кайбір шор-шор алтын бітер дейсің. Иткорлықпен өтетін өмір болды ғой мұның өзі...»

— Әй, біздің халықтың да мандайының соры калын-ау! — деді Ли-шансың әлден уақытта. Осыны айтқанда әншейіндегі салқын сабырлылығынан айрылып, орнынан тұрып кетті. Қызулана, алқына сөйлеп тұр. — Өзің ойлашы, ежелгі ерте заманда біздің Хань ұлты кімнен кем еді? Қазір Еуропадағы ең дамыды деген мемлекеттер әлі тарих сахнасына шықпай тұрған кезде, біз дүние жүзіне әйгілі өркениетті ел болатынбыз. Суда жүзетін ең алғашқы кемені, компасты, жібек пен қағазды, шай мен мылтық дәрісін ойлап тапқан кім? Біздің халқымыз еді ғой... Ақыры не болды? Соның бәрі де жалғасын таппай, сабынның көбігінше ыдырады да кетті. Он жетінші ғасырда Еуропада қайта өрлеу дәуірі басталғанда, біздің ел керісінше Цин династиясының құлдығына түсті. Өкімет басына келген маньчжур аксүйектері халықтың қамын, мемлекеттің болашағын ойлап бас қатырып жатпады. Олардың жатса-тұрса ойлағаны — өздерінен жүз есе, мың есе көп хань ұлтын бас көтертпей тұншықтырып, қалайда басып отыру ғана болды... Халықтың алға басар ақыл-ойына тұсау салды. Сөйтіп, бүкіл Еуропаға шарапатын тигізген қайта өрлеу дәуірі Қытайға соқпай өтті де, біз дүние жүзілік бәсекеде батыс елдерінің шаңына да ілесе алмай, баяғы орта ғасырлық деңгейде қала бердік. Ал артықшылық бар жерде кіріптарлық болмай тұра ма. Бір елдің қоғамдық құрылысы алға кеткен екен, ол сені қанжығасына бөктермей қоймайды. Біз, басқа-

ны былай койғанда, кеше ғана өзімізден өсіп-өнген жапондардан да артта калып койдык кой... Ең алдымен теніз флоты сай португалдар мен испандар келіп, кейін оған ағылшындар мен французлар косылып, Қытайды Тынык мұхит аймағынан ығыстырып шығарды. Енді, міне еліміздін калаларына ішкерілей еніп, өзімізді апиынға еліттіріп койды да, бар байлығымызды танауымыздын астынан тонап әкетіп жатыр... Масқара емес пе?! Енді біздің халықтың алдында екі ғана жол бар: не осы бетінде құлдыкка көндігіп, шет мемлекеттердің отарына айналады да, не болмаса Цин династиясын құлатып, бұғаудағы прометейдей бәрін тас-талкан етіп бұзып шығады.

Манадан бері Ли-шансыннын әңгімесін калт жібермей тыңдап отырған Демежан көп жайға қанықкандай болды. Айтып отырса, бұл кісінін де өз кайғысы өзіне жетіп жатыр екен. Ол бүкіл хань ұлтының жоғын жоктап, соның азғысына түсіп отыр. Тауда бұғы мөңіресе, ойдағы өгіздің мүйізі сырқырайды. Катын мен катын көріссе, әркайсысы өз касіретін айтып жылайтыны секілді, екеуінде бір ортак күй бар. Цин өкіметінің тұсында бүкіл елдің токсан бес процентін ұстап отырған хань ұлтының жағдайы әлгіндей болғанда, коралы қойдың бір шетінде жусаған бір шөкім ешкі-лактай көрінетін казакка не сорым?! Демежан осы ойын Ли-шансыннан да бүгіп кала алмады.

— Өз халқыңыздың артта калғаны жанға батады демесеніз, хань ұлты дәл казір құрып кетейін деп тұрған жок кой. Мұндай көп халық ешкімнің кеңірдегінен өте коймас... Ал біздің жайымыз не болады? Цин династиясы құлап, өкімет өзгергендей болса, біздің казакка тиетін жеңілдік бар ма? — деді ұстазының жүзіне жымия карап отырып.

— Казакка кай өкімет тұсында да жеңіл емес, әрине. Халык неғұрлым кіші болған сайын, онын уайымы соғұрлым үлкен болады, — деді Ли-шансын. — Цин өкіметі құласа, казак, ең бастысы, халдайлардын үстемлігінен құтылады. Бұл аз олжа ма? Демек, сіз бен біздің карсы күресетін жауымыз ортак. Ол — Цин династиясы.

Демежан іштен тына күрсінді.

— Император сарайына біздің колымыз жете коймас. Бірак Шихалдай мен Бахалдайлык болармыз... Шіркін, солардын кекірейген сасық кеудесіне мініп отырып, басындағы айларын тұтамдап түрып кесіп алсам, бұл жалғанда арманым болмас еді...

Осы мезетте сырткы есік ашылып, дәлізге біреу енгендей болған. Көп кешікпей бұлар отырған ауыз бөлмеге қолында себетке салып көтеріп алған бірденесі бар, бір қартаң қытай кірді. Басында қолдан тоқыған камыс калпақ, үстінде етегін сыртына салған көнетоз көйлек, аяғында шүберек шоқай... Шиден тоқыған желпуіші мен темекі дорбасын беліне байлап алыпты. Бүкіл түр әлпетінен-ақ өне бойы күн астында жүріп, мейіздей қатып қалған қытай шаруасы екені бірден анғарылып тұр. Қолындағы екі себетті босағаға қойды да, үй иесіне тәжім етіп:

— Шансың, сізде қонақ бар екен ғой. Мен бір айналып келейін, — деп қайтадан шығып кетуге ыңғайланған.

Бірақ Ли-шансың оны жібермеді. Орнынан тұрып барып, зорлағандай үстелге әкеліп отырғызды. Өзі әркімнен жәбір көріп, әбден зәтте болған адам секілді. Осында баса-көктеп келгеніне ыңғайсызданғандай, төрде отырған Демежанға әлсін-әлі иіле береді. Соны сезген Ли-шансын:

— Сіз бұл кісіден қысылмаңыз. Бұл осындағы қазақ жұртының мырзасы, менің досым, әрі шәкіртім Демежан деген жігіт... Ал мына кісі — Жан Шули, менің аньхойлық жерлесім, — деп екеуін таныстыра бастады.

Жан енді қысылғанын қойып, қытай тілін жақсы білетін жігітті іш тартқандай, Демежанмен шүйіркелесіп кетті. Ішкі өлкеден келгеніне төрт-бес-ақ жыл болыпты. Аньхойлық шаруалардың кезекті бір толқуына қатысты деген желеумен осы жаққа тобымен жер аударған... Қасында әйелі, інісі және ер жеткен ұлы бар. Қала сыртындағы қарасулардың бірінде екі-үш жылдан бері әр түрлі көкөніс өсіріп, өнімін сатып, жан бағып жүреді екен. Биыл сол маңай әлдебір ұйғыр помещигіне қарап кетіпті де, ол жерден енді көш деп жатқан көрінеді. Өзінің сол жағдайын Ли-шансынға хабарлап, ақылдаса келген беті екен.

Шаруа осы жайларды асықпай баяндап отырды да, кенет әлдене есіне түскендей орнынан ұшып түрегелді.

— Кешіріңіздер... Ұмытып кетіппін ғой. Шансың, менің сізге әкелген азын-аулақ саукатым бар. Биылғы жылдың жаңа өнімі ғой, ауыз тиіңіздер, — деп мана босаға жаққа қойып кеткен екі себетті бері таман алып келді де, әлгілердің ішінен помидор, қияр, бейсай мен жусай, тағы бірнеше әнгелек қауындарды шығара бастады.

— Жан, достым-ау, сен мені мүлде байытып тастадың ғой. Мұның бәрін маған қалдырмай-ақ жарым-жартысын базарға апарып сатсаң болмай ма? — деп үй иесі қалбалақтап қалды.

— Биыл өнім жаман емес. Шетінен жабылып сатып та жатырмыз... Мынау сізге әкелген дәм ғой, — деген Жаңның өзі де мәз-мейрам.

— Міне, көрдің бе, біздің шаруалар кандай, ә? — деді Ли-шансың енді Демежанға бұрылып. — Бүкіл империяны асырап отырған — осы шаруалар ғой. Біз кейде соның да қадірін білмейміз-ау... Ал кәне, мына қауыннан жемейміз бе? — деп жаңағы әнгелектердің бірін пышақпен тіле бастады.

Әнгелегі балдай тәтті, әрі сап-салқын екен. Аузына салсаң тіліңді үйіреді. Иісі де керемет. жұпардай анқып бүкіл бөлмені алып кетті.

— Бұл өлкенің топырағы тамаша ғой. Неексең сол шығады, — деді Жаң мына оқымысты адамдардың өз қауынын түшіркене соғып жатқанына баладай қуанып

— Ол жерден көшсеңіз, енді қайда баратын ойыңыз бар? — деді Демежан қауыннын тағы бір тіліміне қол созып жатып.

— Білмей тұрмын. Бұл жакта жер көп қой... Бірақ бәрінің де иесі бар. Әлде қала төңірегіндегі помещиктердің біріне жалданамыз ба... Басымыз катып тұр...

Осы сәтте Демежанның басына бір ой келе қалды да, Жаңға мынадай ұсыныс айтты:

— Мына Ли-шансың біледі. мен былтырдан бері қырдан жаңа зәйімке салдырып жатырмын. Жер жағы жетеді, су да тапшылық етпейді... Егер алыссынбасаңыз, сол жерге барып, бау-бакша өсіруге қалайсыз? Күш-көлік, жер-су, бәрі менен. Тек шыққан өнімнен бізді де құр тастамасаңыз болғаны.

Күтпеген ұсыныска Жаң не айтарын білмей, жаутаңдап Ли-шансынға қарай берген.

— Міне, табылған акыл .. Жаң, сені бүгін бұл жакка құдай оң бастап келген екен, — деді Ли-шансың оны бірден қостап.

— Ол қай жерде? Қаладан тым қашық емес пе?

— Оншалық қашық емес. Қаладан ұзаса отыз шақырымдай болар, — деді Демежан — Өздеріне үй салып алуға көмектесемін. Ал алған өнімдерінді базарға әкеліп сатам десеңдер, ат-арба тауып берейін... Әйтпесе, көкөніс, қауын-қарбыз дегенің қазақ үшін жеңсік ас, оларынды егіс басынан-ақ талап әкетуі мүмкін.

— Ойланайын. Әйеліммен, ініммен ақылдасайын...

— Ойланатын ештене жоқ, келісімінді бере бер, — деді Лишансың әңгімеге араласып. — Демежан сенің бақшаның өніміне қарап отырған кісі емес. Тек күздің күні бала-шағасын қауын-қарбызға тойдырып, қазақ ағайындарды көкөніске дәніктірсең жетіп жатыр, — деп рахаттана күліп алды.

Жан желкесін қасып, аз ойланып отырды да:

— Егер Шансың да солай ұйғарып тұрса, не істейміз, барамыз да, — деді ақыры көнген рай танытып, — Бірақ биылғы өнімді саудалап, жиып-теріп алғанша, мұрсат бересіз.

— Жарайды. Тек әбден дайын болған кезінізде мына Лишансыңға құлаққағыс етсеніз, өзім көлік жіберіп, көшіріп алам, — деді Демежан — Көкөністен басқа, тал-терек, бау өсіруге қалайсыз.

— Ол қолдан келеді...

— Онда тіпті жақсы. Мен болашақ зәйімкемнің төңірегіне күндік жерден көрініп тұратын зәулім теректер, әр алуан жеміс ағашын өсірсем деген ойым бар.

Сонымен екі жақ уәде байласып, қол алысты. Демежан қарапайым қытай адамдарымен қош айтысып далаға шыққанда, күн кіші бесінге таман еңкейіп қалған еді.

II

Сауданың өз заңы бар. Ол ешкімнің де бет-беделіне қарамайды. Сондықтан да болар, қалалы жерде ақшасыз аттап баса алмайсың. «Талтандасаң талтанда, ақшаң болса қалтанда» дегенді бұл жұрт тегін айтып жүрген жоқ. Қалаға келгелі Демежанның мал сатылып, қалтасына ақша түскеннен кейін ғана көп шаруасы біртіндеп біте бастады.

Кеше Бабалық пен Диканбай олжалы оралған. Айдап апарған малдарын орыс көпесіне жақсы бағамен бұлдап өткізіпті. Содан кейін-ақ іс онына айнала бастады Бүгін Бабалықтың көмегімен қаладан тағы бірнеше ағашшы-ұста жалдады. Шәнішевтердің қоймасынан толып жатқан есік, терезе сатып алды. Үйдің төбесін жабатын, еденге төсейтін әлденеше бөрене-мәтшалар, тілінген дайын тақтайлар керек еді. Оны да бір бай саудагердің қоймасынан тауып, сұрағанын беріп, сатып алысты. Сол алынған дүниелерді бүгін

бірнеше арбаға тиеп, оған Диқанбайды бас етіп, Боздаққа жөнелтіп жібергеннен кейін ғана. Демежан уһ деп тыныс алғандай болып еді.

Күн екіндіге еңкейе бергенде, кешегі уәде бойынша, Бабалықтың үйіне келген. Жас жігіт қойын сойып, қолын кусырып, күтіп отыр екен. Бұлай адам санатына қосылып, ел қатарлы шаңырақ көтеріп, кісі түсетін үй болғанына өзі де разы сиякты. Демежанды құрақ ұшып, қуана қарсы алды. Сұңғақ бойлы, талдырмаштау келген, кісі көрсе бет моншағы төгілерлей ұялып тұратын, ақ сарының әдемісі деуге болатын, жапжас келіншегі бар екен. Бабалық қазақ салтына бағынбай, әйелін бірден таныстыра бастады.

– Ал, Демежан аға, сүр бойдақ атана жаздап, қыздан қыз таңдап жүріп, ақыры қолымызға қондырған келініңіз осы кісі. Аты — Шәкет... Бір тәуіптің ертеректе маған бал ашып бергенін өзінізге бұрын айтып едім ғой. Соның айтқаны рас болса, бұл келініңіз осы оттың басын шүпірлеген қара домалақтарға толтыруға тиіс.

Онсыз да үлбіреп әрең тұрған жас келін бетін басып, есіктен зыта жөнелді. Екеуі біраз қалжың айтысып, күлісіп алған соң, Бабалық өзінің Шәкетке қалай үйленгенін әңгімелеп берді. Шәкет — мына төменгі Еміл бойын қыстайтын Қаракүрсақ ішіндегі Итемер деген аукатты кісінің қарындасы екен. Бабалық жеке кәсіпке көшкелі сол ауылдарға саудамен жиі барып жүреді де, ақыры осы қызбен көңіл жарастырады. Оң жақта отырған бай қызына кезінде құда түсушілер де аз болмаса керек, бірақ Шәкеттің өз басы Бабалықты қалаған. Бастабында қыздың өзге туыстары: «жалғыз атты саудагерге қарындасымызды бермейміз» деп біраз өрекпіген екен. Ауыл ағасы Итемер алды-артын ойлайтын анғарлы кісі болса керек, баскаларына басу айтып:

— Әй, мен бірдеңе білсем, бай-манаптың мырзасынан осы жалғыз атты саудагерім озып жүрмесін. Бұл заманда өзіне-өзі сенген кісі ғана жалғыз жүреді... Өзі бір басқа бір көз, еті тірі жігіт екен. Оның үстіне баланың өз көңілі де осыған ауып тұрса, екі жасты жылатып, обалына қалып қайтеміз. Сүйгеніне қосайық, — деп кәдімгідей той жасап, қарындасын былтыр күзде жасау-жабдығымен ұзатыпты...

«Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген рас. Онсыз да еті тірі Бабалық былтырдан бері өзіне қайын жұрт — сүйе-

ніш тауып, арка-басы кеңіп қалған көрінеді. Жаңадан бас құрады дейтін емес, жас жігіт үй ішінің жиһаз-мүлкін де кордаландырып, жинап тастапты. Қырдың оюлы сырмақ, түс киіз, текеметіне, қаланың кілем-кілшесі, бик айна, үстел-орындығы қосылып, айрықша бір жарастық танытады.

Екеуі қымыз ішіп, шөл басып, біраз әңгімелесіп отырған соң, бой жазу үшін далаға беттеді.

— Сізбен сұхбаттас болсын деп, қаланың екі-үш саудагерін қоса шақырып едім. Олар да келіп қалар, — деп, үй иесі төс қалтасынан күміс баулы сағатын алып қарады.

Бабалықтың қазіргі отырған үйі жұпынылау көрінгенімен, ауласы ат шаптырым, қора-қопсы, бау-бақшасы тіпті мол екен. Тұрған жері де көтеріңкі, «дөң көше» деп аталатын үстіртке орналаскан. Жаңа байып келе жаткан жас жігіттің көңілі тіпті арыда жатыр: болашакта ауланың төрінен жаңадан үй салдырмақ. Тал-терек, жеміс ағаштарын отырғызып, айналасын түгелдей бауға айналдырмақ. Мал корасы, сауда бұйымдары сақталатын қойма-склад дегендерің мына оң жақ капталға түсуге тиіс. Және сонын бәрін орындалмас армандай, бұлдыр киял түрінде айтпайды, күні ертең солай болатынына көзі жетіп, төндіре, сендіре сөйлейді. Оның сөзіне Демежан да титтей шәк келтірген жоқ. Кеше ғана Шәнішевтің делбесін ұстап жүрген атшы баланын аз уақыт ішінде мынадай дәрежеге көтерілуі көп сырды аңғарткандай Ол Бабалықтың әңгімесін зейін қоиып тындап тұрып: «шіркін, біздің казактың әрбір жасы тіршілікке осындай бейім болса, мұртымызды балта кеспес еді-ау!» деп іштей сүйсініп қалды.

Осы сәтте сыртқы қақпадан үш-төрт кісінің дабырласып кіріп келе жатканы байқалды. Алдындағысы — Шәуешектің атақты байы Рамазан Шәнішевтің өзі. Қасында сәнді киінген тағы бір жап-жас татар мырзасы бар. Ал жасы қырықтар шамасындағы, басына сәлде ораған, ұзын бойлы, бөгде кісіні екеуі де тани алмады. Рамазан бай өзіне жараскан еркіндікпен сонадайдан самбырлап сөйлеп келеді.

— Уа, Бабалық бай, қайдасын? Қонақтарды қабылда... Мына жаңа қонысың, қора-жайың құтты болсын!

— Рақмет, байеке, айтқаныңыз келсін. Айтқан сөзіңіз періштенің құлағына шалынсын. Сіз сиякты бай болуға жазсын құдай тағала, — деп Бабалық та қонақтарының алдынан шығып, қошемет көрсетіп жатыр.

Шәнішев бай мана таңертең Демежанмен көріскен-ді. Дегенмен тағы да қол беріп амандасты.

— Демежан мырза, сіз келіп те қалғансыз ба? Қыр қазағы жайбасарлау болушы еді. Біздің алдымызды орап кеткеніңіз қызық болды-ау.

— Біз сіздер сияқты сағат-минутқа қарап отырмаймыз. Қонаққа шақырған жер болса, «шабан үйрек бұрын ұшар» деп, күн еңкейген сон-ақ солай қарай тарта береміз, — деп күлді Демежан.

Шәнішев Демежан мен Бабалыққа енді қасында тұрған серіктерін таныстыра бастады. Алдымен жас татар мырзасын көрсетіп:

— Бұл — Ыбырай деген азамат. Ыбырай Ғабдулжаппаров... Семейден келіп осында дүкен ашып жатқан атақты Ысқақ байды білесіздер ғой? Соның туған інісі. Атымтайдай жомарт, серілігіне қарап, жұрт бұл жігітті Ыбырай байбатша деп те атайды... Ал мына кісі, — деді қасындағы биік қабақ, күс тұмсықтау келген, сәлделі адамды нұсқап. — Қаламызға таяуда келген, исламияттың адал құлы, әрі насихатшысы, бір сөзбен айтқанда, біздің жаңа піріміз — Ешен-Сейіт дамолла.

Рамазан бай сол үрдіспен Демежан мен Бабалықтың да кім екенін серіктеріне айтып шықты. Және бұл екі кісінің де Демежанды сырттай білетінін, тіпті бір көруге құмар болып жүргенін, бүгін онтайлы сәтті пайдаланып, әдейі ертіп келгенін де сөз арасына қыстырып жіберді.

Бабалық қала салтымен оң қолын кеудесіне қойып:

— Ал, құрметті қонақтар, үйге кіріңіздер! — деп жатқанда, қақпадан тағы екі адам көрінді.

Бұл келген — Шәуешектегі саудагерлер қауымының бағынатын басшысы Хасен ақсақал деген кісі еді. Ақсақал деген атақ бұл арада оның қарттығына қарап қойылмаған. Бұл кісінің лауазымы солай. Әйтпесе жасы тым үлкен емес, үзаса елудің ішінде ғана. Ресейден келген татар, өзбек, орыс саудагерлерін осы ақсақалдар басқарады да, сол арқылы орыс консулына бағынады. Бұрын бұл қызметті Таужан Жұртбайұлы деген кісі жеке атқарып келген еді. Кейін ол орнынан түсті де, жыл сайын молая бастаған саудагерлер жұртшылығын Таскожа Ишан мен осы Хасен ақсақал бөліп басқаратын болды... Хасен шарға бойлы, көзі шүңірейген, шикіл сары кісі екен. Кешіккеніне қайта-қайта кешірім сұрап, тұрғандарға жағалай қол беріп жатты.

Қонақтар үйге кіріп, төр алдына төселген көпшік-көрпелерге жайғасты. Кешікпей ортаға дөңгелек үстел қойылып, қымыз құйыла бастаған. Бұл жердегі әңгіме негізінен сауда төңірегінде, базардың арзан-қымбаты, мал бағасы жөнінде айтылып жатыр. Күміс қорының азаюына байланысты, жақында күміс ақшаның орнына мысқал деген жаңа ақша (жиырма тиын — бір мысқал) шығады екен. Сол туралы да біраз сөз болды.

Бұл отырыста сөз тізгінін ұстап, әңгімені өрбітіп отырған — Рамазан Шәнішев. Бұл күнде қырықтың жуан ішін аралап, ақбөртеленіп, семіріп алған бай саудагер бүкіл түр-тұлға, сөйлеу мәнерінің өзімен-ақ шаруасы шалқып, тасы өрге домалап тұрған адамның қалпын танытады. Осыдан екі жыл бұрын орыс саудасын шет елде қанат жайдырғаны үшін, осындағы бірнеше татар, өзбек көпестеріне «Ресейдің құрметті азаматы» деген атақ берілген. Соның бірі — осы Рамазан бай. Аздаған татар акцентімен бұл да қазақша таза сөйлейді. Көршілес екі патшалық — Ресей мен Қытайда нендей жаңалықтар болып жатқанын көзбен көріп, қолмен ұстағандай сайрап біліп тұр. Әсіресе сауда жөніне келгенде үстінен су төгілмес жорғадай тайпалып кетеді. Ол үшін тіршіліктің тірегі — сауда. Одан басқа дүние асты-үстіне келіп аударылып түссе де бәрібір сияқты.

Рамазан енді бір ауық Орта Азия қалаларының Ресей иелігіне біржола өтуіне байланысты, соңғы жылдары Шығыс Түркістанға Қоқан, Хиуа, Самарқант, Марғұланнан келетін сауда керуенінің азайғанын, мұның өзі жергілікті кәсіп иелерінің емін-еркін көсілуіне кең жол ашқанын қыбы қана отырып әңгімеледі. Қазір қазақ даласында үлкен сауда орталығына айналып отырған Қоянды жәрменкесі де сөз болмай қалған жоқ. Тек екі ел арасына жүріп тұратын саудагерлерге Маншың өкіметі кеден салығын тым ауырлатып жіберіпті. Отырғандар соны біраз тілге тиек етісті.

Окта-текте жас мырза Ыбырай да сөзге араласып қояды. Өзі өте қазағуар, қыр елінің салт-санасын жақсы білетін жігіт сияқты. Дәл мына Шәнішевтердей болмағанымен, оның да Омбы, Семей, Шәуешек, Құлжа арасын қосып жатқан ірі саудагер әулетінен екені көрініп тұр. Екеуі оңаша қалған бір әредікте Демежан оның арғы тегін, Шәуешекке қашан және қалай келіп орналасқанын сұрастырған. Сондағы Ыбырайдың жауабынан қысқаша ұққаны мынау болды.

Әрине, бұлардың да түп-төркіні Қазанда жатыр. Арғы атасы Ғабдулжаппар да орташа дәулетті бар, саудамен көзі шыққан адам екен. Татарлар орысқа ерте қараған, Ақ патшаның пәрменіндағы ел ғой. Осыдан қырық жылдай бұрын орыс-түрік соғысы кезінде Ғабдулжаппардың жалғыз ұлы Мұзаппарды солдатқа алу қаупі туады. Көзі ашық, сұңғыла әке жалғыз баласын көпе-көрінеу өлімге айдағысы келмейді де, қалтасын қаржыға толтырып, қазақ даласына жылыстатып жібереді... Солан, не керек, Мұзаппар жай сауда жасаған боп, ел ішімен жылжи-жылжи, Семей қаласынан бір-ақ шығады ғой. Мұнда келген соң да қарап жатпайды, бірден кәсіп істеуге кіріседі. Ата кәсібі — сауда. Ол барлық жерде керек. Жер шарының қай түкпіріне барсаң да саудасыз өмір жоқ. Сауда ұлты да, жерді де таңдамайды. Сауданың көзін танитын Мұзаппар айналасы бірнеше жылдың ішінде-ақ қатарға қосылып кетеді. Сөйтіп жүргенде айы оңынан туып, атақты орыс капиталисі Савва Морозовтың саудасын жүргізетін адамдармен ұшырасып қалады. Арада көп уақыт өтпей, бұл да сол компанияға кіреді. Орталығы Омбыдан басталатын сауда капиталының бүйдасын ұстап, бүкіл қазақ даласын шарлайды. Келе-келе Савва Морозовтың капиталына қазақ даласы да тарлық етіп, енді оның бір ұшы Шығыс Түркістанға өтеді. Алтай, Үрімжі, Құлжа қалаларын қамтиды... Бұл жылдар ішінде Мұзаппардың өзі де әбден қоттанып, байып алған-ды. Берітінде Морозов капиталынан бөлініп шығып, өз саудасын дербес жүргізетін күйге жетеді.

Мұзаппар осыдан үш-төрт жыл бұрын Семейде қайтыс болыпты. Артында төрт бірдей ұл қалған. Ең үлкені Ысқақ екен. Қазір Ысқақ бай атанып жүрген жігіттің жасы отызға жана ілінген. Әкеден қалған мол дәулеттің тізгіні сол Ысқақтың қолында. Бұл да — жанағы «Ресейдің күрметті азаматы» деген жоғары атақты алғандардың бірі. Сауданың бір ұшы Семей — Зайсанда, екінші ұшы Үрімжі — Құлжада жатыр... Ал Ыбырайға қарайтыны — тек Шәуешектегі бір ғана тармағы екен. Соның өзі ұшы-қиыры жоқ қыруар дүние көрінеді. Өзінен кейінгі үйелмелі-сүйелмелі екі інісі Семейде шешелерінің қолында. Ыбырайдың өзі жиырмаға жана шыққан бозбала дейтін емес, сауданың қыры-сырына судай ағып түр. Шәуешектен жаңа қора-жай салдырып, бірнеше жерден сауда дүкендерін ашқыза бастаған. Түбі Тарбағатаи өлкесіне

біржола орын тебетін ойы бар. Қазақ ортасынан зәйімке салдырып, төрт түлік мал үстап, бір жағы егіншілікпен айналысудан да кет әрі емес секілді. Қыр елімен қоян-қолтық араласу үшін, қалаға таяу қоныстанған Төртуыл ішін қолайлы көріп, Демежанмен жүздесіп, танысқысы келетін себебі сол екен. Қазір қыр қазағының ішінде ұлыққа да, халыққа да беделді, ең абыройлы азамат — Демежан дегенді сыртынан көп естіпті. Жас жігіт осы жайларды таратып айтып келді де, Демежанға бұрылып:

— Дүниеде қанға тартпайтын ешкім жоқ. Мен мына Рамазан абзи секілді таза татар емеспін. Бойымда аздаған қазақтың да қаны араласып жүр Арғы әжелеріміздің бірі — қазақ қызы, — деді күле тіл қатып. — Сондықтан да болар, көк жайлауды, жүйрік аттарды көрсем, делебем қозып тұрады. Егер қарсы болмасаңыздар, нағашы жұртқа жанаса жүрсем деген ойым бар.

Демежан оның бұл сөзін ұнатып қалды. Ыбырай былайғы көп саудагерге ұқсамайтын, ер көңілді, адамға жұғысып тұратын, жайсаң жігіт болатын түрі бар. Ол да әзілдей жауап қайтарды.

— Келіңіз, құшағымыз ашық. Біздің елде жиендерге жол бос қой, — деп сәл ойланып қалды да: — Біздің қазақта: «жиен ел болмас, желке ас болмас» деген де сөз бар. Бірақ жиен неге ел болмасын малы болса, желке неге ас болмасын жалы болса... Дәл сіздей калталы жиеннің ортамызға келуінен зиян тарта коймаспыз. — деп отырғандарды ду күлдірген.

Бұл әңгімеге Рамазан бай да көңіл аударып, өз тарапынан қошемет-қоштау сөз қыстырып жатыр.

— Ыбырай, мен саған айтпадым ба... «Демежан мырзаның етегінен үстасаң қор болмайсың» дегенім қайда. Демежан да — қазір өз елін отырықшылыққа үйретем деп, егін егіп, зәйімке салдырып жатқан кісі. Енді оған сен келіп қосылсаң, екеулерің екі жақтап Төртуылды біраз қырға асырасыңдар.

Бұл әзілдің астарында ептеп қағыткан әжуа да жоқ емес еді. Бірақ оны Демежан бұл жолы елемеген болды. Ыбырайға деген жаңағы ілтипатын бұзбай:

— Егер қыр елінің тұрмысымен жақынырақ танысқыңыз келсе, біздің ауылға қонаққа келіңіз. Қазір жайлаудың нағыз қызып тұрған кезі. Атқа мініп, қымыз ішіп дегендей, біраз күн бой жазып қайтасыз. Қаладағы шаруаларым бітсе, мен де бөгелмей қайтқалы отырмын, — деді.

Ыбырай бұл ұсыныска тіпті күлап түсті:

— Рақмет, Демежан әпенді. Бұл қалада менің таныстарым аз ғой. Ішім пысып, бек қапаланып жүр едім. Құдай қосса, сіздің артыңыздан іле-шала мен де жайлауға барып қалармын, — деді күлшына бел байлап.

Әлден уақытта қонақтардың алдына үйеме табақ ет келді. Бабалық табақтың үстіндегі қойдың басын кімге қаратсам екен дегендей сәл кідіріп қалды да, мыналардың ішінде қалтасы қалыңы осы-ау деп, тұмсық жағын Рамазан байға қарай бағыттаған. Ол бас ұстаудың машақатынан қашты ма, Демежанға таман сырғытты.

— Мал өсірген ауылдың баласысыз ғой, сіз алыңыз.

— Жоқ, бір атаның ұлы, әрі құрметті қонақсыз. Сіз ұстаңыз басты.

— Онда мына Хасен ақсақал ұстасын.

— Жоқ, сіз ашаңыз...

Қонақтардың ешкайсысы қол соза қоймай, сыпайылық салты тым ұзаққа созылып бара жатқан соң, Демежан басты бөлек тарелкаға салды да, манадан бері сөзге араласпай үнсіз мүлгіп отырған сәлделі кісінің алдына қойды:

— Менінше, бас ұстайтын жол — осы кісінікі. Бәлкім, басқалардан жасы кіші болар. Бірақ жолы үлкен, оқуы үлкен... Басты Ешен-Сейіт дамолла ұстасын.

Оны өзге қонақтар да қостап кетті.

— Иә, айтпақшы солай екен-ау.

— Сіз тауып кеттіңіз, — десіп жатыр.

Ешен-Сейіт көп бәлденген жоқ. Қолын жайып қысқаша дұға қайырды да, талай басты кершеулеп төселген адамның қалпымен, білегін сыбанып, іске кірісіп кетті.

Ас үстінде Рамазан бай үй иесі Бабалыққа өзінің ризашылығын айтып отырды. Бес-алты жылдай қолында жұмыс істегенін, сол уақыт ішінде қылдай қиянат көрмегенін, өз ісіне адал, тыңғылықты екенін еске алды.

— Мен бұл жігітті туған інімдей жақсы көріп кеттім, -- деді ағынан жарылып. — Өзі адал болған соң, мен де бұдан ештенені бүгіп қалғам жоқ. Өзім білетін сауданың жай-жапсарын біраз үйреттім-ау деймін. Міне, сол еңбегім жанды, Бабалық өз алдына отау тігіп, кәсіп қыла бастады. Түбі, қазақтан шыққан тұңғыш саудагер осы Бабалық болатынына менің тіптей күмәным жоқ.

— Илайым, солай болсын.

— «Жақсыдан — шарапат» деген осы. Сіздің білгеніңіздің оннан бірі жұқса да, бұл жігіт жерде қалмайды, — десті отырғандар.

Алдына бас келіп, жұрт назары өзіне ауғандікі ме, кеш бойы жым-жырт отырған Ешен-Сейіт дамолладан да тіл шыға бастады.

— Дін-қарындас қашанда бір-біріне жәрдем қолын созып, қайырым етерге керек. Ол — сенің мұсылмандық борышың... Мұндай ғадалаттік, әсіресе, сіздер секілді жат жұрттың қолына қарап отырған жамағатқа өте-мөте қажет, — деді үйдегілерге жағалай көз салып.

Сөзінің арасына кітаби лұғаттарды көп кірістіріп, аздап шағатай, татар тілдерін араластырғаны болмаса, бұл кісі де қазақша жатық сөйлейді екен. Сөз сынайына қарағанда, Ешен-Сейіт қазаққа жақын, сүйегі — қожа, өзіміздің Түркістан төңірегінде өскен көрінеді. Жас кезінде бұл да әлдебір себеппен Аягөз маңайына келіпті де, біраз жыл сонда моллалық құрып, бала оқытыпты. Содан патша өкіметі тарапынан қудалауға ұшырай ма, ол жағын таратып айтпады, осы бетке қоныс аударуға тура келген. «Ғылымды Бұхара-шарифте тамамдадым» деуіне қарағанда, өзінің оқу-тоқуы да аз болмауға тиіс. Алайда мұнда келгелі оның қадірін біліп, хан көтеріп жаткан да ешкім жоқ көрінеді. Бұл күнде Шәуешектегі бірлі-жар мешіттің тізгіні көбінесе ұйғыр, өзбек хариларының қолында болатын. Олар шеттен келген мұны қақпайлап, орталарына енгізбей жүргені байқалады. Содан Шәнішевтей аукатты адамдарға арка сүйеп, қаланың тек татарлар қоныстанған махаллаларында ғана өз ықпалын өткізіп, бейтаныс ел ішіне енді-енді сіңе бастаған жайы бар тәрізді. Өз өмір жолын түгел қазып айтпаса да, отырғандарға шет-жағасын сездіргендей болды да, келесі бір сәтте бетін Демежанға бұрды.

— Демежан мырза, сіз қазір жас болсаңыз да, бір елдің үміт күткен азаматысыз. Сізді халыққа ғадалатті, дін мұсылманға жаны ашитын, көкірегі ояу, көзі ашық жігіт деп, сыртыңыздан көп естимін... Менің де сізге айтатын өз илтимасым бар, — деп өзінің бүгін әдейі келген шаруасына көшті.

Айтып отырғаны Ешен-Сейіттің өз мұңындай көрінгенімен, оның түп-төркінінде жалпы халыққа қатысты жайлардың да жатқаны анық еді. Дін арбабының пайымдауынша, Орта Азиядағы мұсылман қауымының басым көпшілігі Ақ

патшаға бағынса, үлкен бір бөлігі Еженханның қол астына қарап отыр. Мұндағы халық та аз емес. Шығыс Түркістанды ежелден мекендейтін ұйғырлар мен қазақтардан басқа, сауданы кәсіп еткен татар, өзбек бауырлар да жыл сайын көбейіп келеді. Демек өз тізгінінді біреуге беріп, бөтен бір патшалыққа бодан болған екенсің, ендігі күнде әркім өзінің елдігін сақтап, азып-тозып кетпеудің қамын ойлауы керек. Ол үшін әр халықтың ұстанған діні, ілім-білімі, соны үйретететін мешіт-медресесі болуы шарт. Бұларсыз әркандай қауым қараңғылық құрсауынан шыға алмай, дінсіз жабайы тобырға айналмақ... Әрине, күнкөріс қамы үшін шаруа бағып, мал өсірген де жаксы. Имам-ағзам жолымен сауда істеп, кәсіп қылған да жаман емес. Бірақ халықтың ар-иманы, ұждан-сенімі жөнінде еш қарекет жасамай, қол қусырып қарап отыру жол ма екен? Бұл туралы қаладағы кәсіпкой қауымның, ел ағасы үкірдайлардың не ойлағаны бар? Ал болашақ ел мүддесін, көпшіліктің тілегін өз халқына жаны ашитын Демежандай азаматтар ойламаса, біреулер сырттан келіп бірдене жасап бере ме?!

Бұл, шынында да, Демежанның бұрын ойына келмеген тосын нәрсе еді. Қапелімде не жауап қайтарарын білмей бөгеліп қалды. Жер-су, өріс-қоныс іздеп, халдайлармен алысып жүргенде, халықтың сауатын ашып, сөждеге жығу дегенді кім ойлап көріпті. Өзі жасынан қалада өсіп, қытайша оқып кеткендікі ме, бұл жағына тіпті мән берген емес-ті. Енді ойлап отырса, әр халықтың тілін сындырып, сауатын ашу да керек екен... Мына Ешен-Сейіттің кейбір сөздері көңілге қонады. Шынында да, дінсіз, ар-иансыз жұрттың жабайылардан не айырмашылығы бар? Адамдардың көкірек қуысы бос жатпай, қалайда бір наным-сеніммен толып тұруы керек қой. Ел *қатарлы мешіт-медіресе ашып, халықты ілім-білімге үйрету* дегені де құлаққа кіреді. Сонда не істеу керек? Неден бастау керек? Демежан ашық жауаптан жалтарып, Ешен-Сейіттің өзіне салмақ салды.

— Айтып отырғаныңыздың бәрі дұрыс, дамолла. Мен алғашында басыңыздағы сәлдеңізге қарап, сізді осындағы шүметей кесетін көп кожаның бірі ме деп қалып едім, — деп бастап келе жатыр еді, Ешен-Сейіт оның сөзін бөліп жіберді.

— Мен — кожа да, молда да емеспін, Демежан мырза. Мен құдай жолын қуып, халық қамын ойлаған жай ғана пендемін, — деді кәдімгідей шамырқанып.

— Кешіріңіз... Соны енді байқап отырмын. Қарындас халқыныздың болашағын ойлап, бас қатырып жүрген ізгі жан екенсіз... Сонда бізге не істеуді бұйырасыз? Ашып түсіндіріңізші.

— Менің сіздерден сұрап отырғаным — қолдан келмес, аса бір қиын шаруа емес, егер дұрыстап түсіндірсеңіздер, халықтың өзі-ақ аткарып тастайтын тіпті онай нәрселер, — деді Ешен-Сейіт. — Ең алдымен әр үкірдай елдің ортасына кемінде бір-екіден мешіт салдыру керек. Мешіт — өзіңіз ойлап жүрген отырықшылықтың басы, бытырап жүрген халықты бір жерге топтап, жұма сайын басын косып тұратын рухани үйткысы болмақ... Сол мешіттердің қасынан медресе-мектеп ашу да қиынға түспейді. Естуімше, сіздерде осы күнге дейін халықтан ғұшыр-зекет жинайтын арнаулы орын да жоқ көрінеді. Егер ұқыптап ұйымдастыратын кісі табылса, жанағы мешіт-медреселерді халықтан түсетін ғұшыр-зекетпен-ақ қамдап кетуге болар еді.

Бұдан кейін Ешен-Сейіт мұсылманшылықтың тағы бір парызы — шамасы келетін ауқатты адамдардың Меккеге барып тауап етуі, қажы атануы қажет екенін де еске салып өтті. Бұл жөнінде Арқадағы Тобықты елінен шыққан Құнанбай қажыны үлгі қып тарткан. Құнанбай кезінде қарадан хан сайланған, аға сұлтан болған, аса білікті адам екен. Сол кісі де егде тарткан шағында Қаркаралы қаласында мешіт салдырыпты. Сонан соң қажы сапарына барып, Меккедегі қағбатоллаға таяу жерден өз қаржысына қонақ үй тұрғызған. Мұндай елге мұрындық, басшы болып жүрген кісілер қазақ даласында аз емес көрінеді. Меккеге барып қайткан сондай қадірлі адамдар қатарында Сайболат елінен Құрман қажыны атады...

— Сонымен бұл мәселе жөнінде сіздің қандай ойыңыз бар, Демежан мырза? Мен сізден жауап күтіп отырмын, — деді Ешен-Сейіт манағы әңгімесіне қайта оралып.

Демежан санасы сан сакка жүгіріп, қалың ойдың қамауында отыр еді. Әсіресе Ешен-Сейіттің: «мешіт — отырықшылықтың басы, халықтың рухани ұйткысы болады» деген сөзі мұның өз максатымен үйлесім тапқандай, көкейіне қона кеткен. Ру-руға бөлініп, басы бірікпей жүрген алты бакан, ала ауыз көшпелі жұртқа шынында да осындай бір орталық керек сияқты. Бұл ел шеттен келген осындай бір қазіретке ұйымаса, бірін-бірі тындауды қойды ғой. Акикөз ағайындар адамнан айбынбаса да, тым құрыса құдайдан қорқып жүрсін... Олар надандық құрсауында сөждеге басы тимей осылай жүре бер-

се, бара-бара нағыз керең құлақ, тас маңдайға айналуы мүмкін ғой. Ендеше, Ешен-Сейітті бұл іске пайдалану керек. Осы байламға берік бекіген Демежан:

— Сіздің талабыңызды түгел болмағанмен, жарым-жартылап болса да орындауға тура келетін шығар, — деді дамоллаға бұрылып. — Несін жасырайын, біздің ел — дін жолы, шариғат заңынан тыс жатқан, керек десеңіз, бес уақыт намазын да дұрыстап оқымайтын тым қараңғы. Соларды сәждеге жығып, шариғат жолына салып берсеңіз, мен тіпті қуанар едім, — деп сәл кідірді де, есіне бірдеңе түскендей жымиып күлді. — Біздің бір ағамыз үйінде намаз оқып жатса, кемпірі ұнатпай ұрсып отыр дейді: «Аллауакбар деп жүріп, аз ғана қойды құрттың. Дәрет алам деп жүріп, дамбалдың ауын жыртты. Қияғалассала деп жүріп жалғыз түйені киядан құлаттың. Енді екі жағыңа кезек карап, қылғынғанды тауып алған екенсің. Бала-шағадан аулақ, өз басына көрінсін!» депті... Көріп отырсыз ғой, біздегі жағдайдың қандай екенін?

Мына әңгімені естігенде, жұрт қыран-топан күлкіге қарық болды. Әсіресе, Ыбырай күлегеш жігіт екен, бүйірін басып жатып қалыпты. Көпшілік жапа-тармағай оқыранып бара жаткан соң, амалсыз Ешен-Сейіттің өзі де күліп еді.

— Әне, көрдіңіз бе, адамдар қандай міскін күйге түскен? Әлгі кемпір байғұс намаздың не екенін білмей өтті ғой дүниеден... Қандай күнә! Қандай надандық?! — дей берді.

— Сондықтан халықты бұл бетінде қоя беруге болмас. Таяу жылдардың ішінде Төртуыл ортасынан бірнеше мешіт салдыруды мен өз мойныма алайын, — деді Демежан үй ішіндегі дабыр-дұбыр басылған мезетте. — Мешіт салу қиын емес, оған кәміл сене беруіңізге болады. Ал медресе-мектеп дегеніңіз біз үшін сәл ертерек шығар. Өйткені біздің қазақ медресе түгіл, өз басына үй тұрғызуға құнты жетпей жүрген халық қой, — деп аз ойланып қалды да, сөзін қайта жалғады. — Былай етсек қайтеді? Сізге арнап бір мешіт пен медресені алдымен осы қаланың өзіне салсақ болмас па? Сол медресеге мен қыр елінен бала жинап берсем, оқытар ма едіңіз?

— Неге оқытпаймын, әлбетте, оқытамын, — дегенде Ешен-Сейіттің өңі жылына түсті. — Мен хадимша ғана емес, жәдитше білім беруді де жақтайтын адаммын. Медреседе оқыған балалар мұхтасар мен қалам-шарипті ғана тамамдап қоймас, жаңаша хат танып, жазу-сызуды һәм меңгеріп шығады.

— Онда осы бәтуаға тоқтайық: сізге алдымен осында мешіт салып береміз, медресе сол мешіттің қасында болады. — Демежан соны айтып, қасындағы татар байларына бұрылды. — Сіздер қарсы емессіздер ғой? Ортамыздан салынатын мешіт құрылысына сіздер де үлес қосады деп ойлаймын.

— Оған сөз бар ма?

— Бұл ортақ ниетке жеке біз емес, мына Хасен ақсақалдың қарауындағы бүкіл саудагерлер қауымы тегіс қосылады, — десті отырғандар.

Ендігі мәселе — орталықтан мешіт салуға ыңғайлы жер табыла ма? Осы жөнінде біраз әңгіме болды. Бабалық манадан бері үлкендердің сөзін зейін қоя тыңдап, бар ықыласымен беріліп отырған-ды. Бір кезде есік жақтан қопандай көтерілді де:

— Айналайын, ағалар, осы бір игілікті істің басқа жерде емес, менің мына шағын шаңырағымда сөз болғаны қандай жақсы еді. Өз басым соны үлкен жақсылыққа жорып отырмын. Егер мешіт салуға орын қажет болса, менің осы ауламда жер жетеді. Соның қақ жарымын сол құтты мешіт құдай үйіне атағаным. — деп салды.

Бұл сөзге отырғандар тегіс елең етіп:

— Ой, бәрекелді!

— Міне, болашақ мешіттің орны да белгілі боп қалды.

— Иншалла, бұл іс сәтімен аяқталады екен, — десіп дуылдасып жатыр

— Егер осыған тоқтасаңыздар, мен де бір жал-құйрықсыз, жалқы жігіт едім, сауабы тиер ме екен, бәтиханызды беріңіз. Қазірет! — деп Бабалық қолын жайған.

Ешен-Сейіт те бөгелген жоқ:

— Саған Алланың рақметі жаусын, шырағым. Дәл іргеннен мешіт үйі бой көтерсе, оның шарапатынан сен де құр қалмассың. Жаңа жалғызбын дедің ғой. Илайым, осы шаңырақтың асты үбірлі-шүбірлі ұл-қызға толатын болсын. Аллауакбар! — деп бетін сипады.

Ары тарт, бері тарты жоқ, іскер адамдар арасында шаруа да тез бітеді екен. Осы кеш Бабалықтың шағын дастарқанында бұдан кейін ел өмірінде елеулі із қалдырған біраз мәселенің басы қайрылып қалып еді.

III

Құлыстай өнірін мекен еткен Төртуыл елінің көші-коны көктем мен күзде алыс сапар шегетін жыл құстарының жолымен орайлас келуші еді. Коныр күз аяқталып, караша туған мезгілде қалың ел күзектен дүрк көтеріліп, түстіктегі Барлық тауына қарай бет түзейді. Аспанда қайткан қаздар тізбектеліп, көк тұңғиығына үш бұрыштана, сынадай қағылған тырналар тырауласа, жерде сол құс керуенінің астында кора-кора мал шұбырып, үздік-создық түйелі көштер түстікке карай бұйда созады. Барлық — күнгейінде қар жатпайтын, бұл елдің құт мекені атанған жылы тау. Қалың ел бара салысымен көктемнен бері мал тұяғы тимей, сонысы жапырылмай, желкілдеп тұрған қалың қауға тұмсық тығып, қыс бойы сайсаланы сүр жамбастай кертіп жейді.

Содан наурыз айында қар көбесі сөгіліп, көктемнің шеті жылт етісімен, көшпелі ел қыстаудан қайта көтеріліп, жыл құсымен бірге енді терістікке қарай бағыт алады. Сол бетінде буаз малдың бұйығы-мимырт жүрісімен баяу жылжып отырып, дариянын мүзы бұзылмай тұрғанда, Емілдің бергі бетіне өтіп алады да, Саржиектің сары даласына, Өбісін. Жарсуға келіп қой қоздатады. Бұл төңіректе төл аяктанғанша аз күн аял жасайды да, одан Боздақ, Шәша, Аркарлы жазығындағы өз көктеу-қоныстарына келіп жайғасады. Былтыр күзден бергі осы айтылған жеті-сегіз ай, шаруа бакқан малшы қауым үшін бейнет-машақаты мол, жан алып, жан беретін карбалас тірлікпен өтеді. Көшпенділердің аркасын кеңге салып, уһ деп тыныс алатын бір шағы — жаздын үш айы, көк жайлаудың үсті ғана. Қазақ атаулы сол үш айда ауыр бейнеттің зорығын, сүйекті кармаған қыс ызғарын бойдан қуып, жыл бойы қатал табиғатқа кеткен есесін осы мезгілде бір кайтарып қалады.

Биыл да сол үрдіс айна-катесіз қайталанды. Маусым айының орта шенінде уәделесіп қойғандай көктеу коныстарынан айналасы бір аптанын ішінде дүрк көтерілген малшы қауым катпарлы қалың тау Тарбағатайдың сай-саласын қуалап, арғы жонға тартып берген. Әр рудың өз жайлауы, өзінің көш жолы бар. Кедей демей. бай демей, бейне ана омырауына жармаскан нәрестедей, тау төсіне қарай өрмелейді. Бұл мезгілде адам түгіл, мал екеш малды да ойда ұстап тұру киын. Тұмсықтарын тау койнауынан ескен салқын самалға тосып, өздерінің үйреншікті жолымен айдау тілемей-ақ заулап береді.

Демежан соңдарынан қуып жеткенде, Керімбай ауылдары бөктерден жылжи көшіп, жүрт жаңалай отырып, арғы алыс жайлауларға барып қалған кезі еді. Қалың Байғара-Жауғаш Ойжайлау мен Балажайлауды алып жатса, қалған Қаракүрсақ пен Ақболат, Шөтік жағы Жуантөбе мен Қайрақтыға ошарылыпты. Одан шығысқа қарай Төртуылдың тағы бір жуан табы Қараменде мен Жұмықтоғас, Баймұрат пен Құтымбет бауыр басқан қоныстар: Ақирек, Бөкенбай, Қаражал, Ақтас жайлаулары жалғасып жатыр.

Бұдан біраз жыл бұрын тартылған шекара сызығын дәл қазір ешкім күзетіп тұрмаса да, суық айбары аналайдан айқын білініп тұр. Өкіметтің бірденесін көрсе пәлесі тиер деп аулақ жүретін қазекең ала бағандарға оншалық жақындамай, берірек серпіле конғаны байқалады. Бұрынғыдай емес, арғы бет пен бергі беттің жаз бойы мидай былығып, қоян-қолтық араласып жататыны да азайыпты. Етекбасты Еженханға қарағанда, Ақ патша адуын, ширақтығын танытып, өзіне қараған жұртты бері қарай көп жақындатпай, өз үйірін шақар айғырдай қайырып әкеткен секілді. Құйрығын тілерсектен шорт кескен шолақ аттарына мінген орыс солдаттары окта-текте шекара бойлап жүріп өтетін көрінеді...

Үй салудың әлегімен біраз уақыт ыстыққа ұрынып, қажыңқырап келген Демежан бірнеше күн бойы ауылдан ұзамай, Бибінің отауында, ағайын-туыстың қасында болды. Келген күннің ертеңінде іргелес отырған үлкен ауылға барып, әкешешесіне сәлемдесіп шыққан. Керімбайдың өңі сұсты, қабағы қатулы көрінді. Баласынан қаланың жаңалығын, ұлықтардың қалай жүріп жатқанын тиіп-қашып сұрастырды да, одан өзге шаруа жайын қазбаламады. Демежанның жаз бойы ойда қалып, Боздақта үй салдырып жатқанын біле тұра, оған мән бермеген, елемеген сынай танытты. Былайша түс жыртып ештеңе айтпағанымен, баласының қыруар мал сатып, айдалаға зәйімке салмақ болған оғаш тірлігін онша ұната қоймаған-ды. Онысын артық әуре, қазаққа жараспайтын жат қылық деп біледі. Өткен қыста әкесінін алдынан өтіп, өзіне тұрақты мекен салу жайын ақылдасканда, Керімбай костамайтынын анық сездіріп:

— «Қазақ байыса қатын алады, сарт байыса там салады» деуші еді. Осы сенде сарттан жұққан бірдене бар-ау деймін, балам, — деп мұртының астынан күлген де қойған. Содан

кайтып екеуінің арасында бұл туралы әңгіме болған емес. Демежан өз төтелі әрекет етіп, ойына алған ниетін орындай берген.

Бүгін де әке қабағы ашыла қоймады. Тілімді алмай өз бетіңмен кеттің, қасымда жүріп сүйеніш, қалқан болудың орнына өзіңше бір машақаты көп, өнбейтін шаруа тауып, қарандылы көрсетпей койдың деп, қыжыртып отырғаны белгілі. Оның есесіне Ажар бәйбішенің жаны қалмай, баласының үстіне түсіп, бәйек болып жүр. Қымыз ішіп отырғанда, Демежанның жүзіне әлсін-әлі көз салып, бір аналық уайыммен карап қалды да:

— Балам-ау, өзің биыл шаруа басты боп, күнге қақталып, әбден жүдеп кетіпсің ғой. Өзіне ыстық өтіп кеткен жок па, күнім? Әлгі салып жаткан үйің не болды? Жуық арада бітетін түрі бар ма? — деп жөн сұраған сол кісі болды.

Демежан да анасын өз шаруасынан мол хабардар етіп, байыппен жауап қайырған:

— Жоқ, апа, ондай ауру-сырқаудан аманмын. Жай шаруада жүріп, шаршағандікі ғой, — деп езу тартып күлді де, әдейі әкесі естісін дегендей, қызып жаткан жұмыс жайын төндіре, құлшына әңгімеледі. — Ол үй биыл бітеді, апа. Және үй болғанда қандай! Жай қатардағы үй емес, тұтас бір зәйімке болайын деп тұр. Қабырғалары әлдекашан қаланып, төбесі жабылып болған. Енді тек іші-сыртының сылағы мен есік-терезесін орнатуы ғана қалып тұр. Осы жолы қаладан тағы бір топ ұсталар әкеліп, мал қоралары мен қосымша қоймаскладтар салдырып жатырмын. Құрылысқа қажетті ағаш-тактай, терезе-көсектеріне дейін түгел түсіртіп беріп кеттім, — деді өзі де көнілдене түсіп.

— Е, онын дұрыс болған екен. Үйіңнің іші құтты болсын, жарығым. Енді картайғанда көк жұлын боп көше бермей, сондай бір тұрақты, жылы мекен-жай тұрғызып алсақ бәрімізге де теріс болмас еді, — деп Ажар бәйбіше өзінің аналық ақ тілеуін айтып жатты.

Керімбай бұл жолы да жіби қоймады. Бәйбішесіне ажырая бір карады да:

— Жылы орын керек болса, балаң коржа[1] салдырып жаткан жок па. Сонда барып саялап жатарсың, — деді, қостағаны әлде кекеткені белгісіз. Мұндайда «е, несі бар, жатсам барып

---

[1] К о р ж а — қытайша зәнімке, қыстақ деген мағына береді.

жатам» деп шап ете қалатын әйел — Ажар емес қой. Күйеуінің жүзіне салқын раймен қарап, іштен тына күрсінді де, өз шаруасымен айналысып кетті.

Жасы жетіп қажығандікі ме, әлде ағайын арасының алты бақан, ала ауыз болып, дінкеге тигендігінен бе, әйтеуір соңғы жылдары әке мінезінде көп өзгеріс бар. Басына тау құласа да былк етпейтін баяғы қалың пұшпақ, сыр бермес, сырбаз Керімбай жоқ қазір. Жоқтан өзгені көңіліне дық алатын, күйгелек, қазымыр шалға айналып бара жатыр. Сақал-шашының қырауы барған сайын молайып, әжім айғыздаған өңшырайы кукыл тартып, шүнеттеу келген қос жанары кісіге қарағанда салқын ызғар танытады. Айналасындағы ағайынға да, туыс-бауырға да тым қатал. Ырықтан шығып, құрық әкететін содыр-сойқанға ғана емес, көңілінен шықпаған жай кісілерге де айып-анжыны мол кесіп, кейде дүреге жаткызудан да тайынбайтын болып жүр. Осының бәрі жетіскендіктен емес, әрине. Өзекті өртеген ішкі қыжылдын, соңына ермей, жетекке жүрмей кор еткен бәтуасыз елге деген кекті ашудын сыртқа шыққан бұлқынысы.

Демежанның кейде әкесіне жаны ашиды. Кеше кәрі зәңгі Сымайылдың барында, тоз-тозы шығып бытырап жүрген осы Төртуылды бір жерге жинап, бастарын қосып ел еткен — сол екеуі еді. Тарбағатайдың күн шалған төскейі мен Барлықтың қалың қатпарынан таңдап жүріп қоныс әперген де осылар болатын. Бірақ соның кадірін біліп, алғыс айтар ағайын бар ма бұл күнде? «Ағайынға кадірім жоқ — күнде көрер бетімді, қатынға кадірім жоқ — күнде көрер етімді» деген осы... Енді, міне, коластындағы Төртуылдың әр зәңгісі әр жаққа тартып, сайда саны жоқ саяқтын үйіріндей бытырап бара жатқан түрі мынау. Керімбайға қарасты екі зәңгі ел: Кенжеғұл мен Шокан сонау Барлықты мекендеуші еді. Олар да қанына тартып, қара көбейтіп, бері кисаюдың орнына, жер шалғайлығын желеу етіп, іргелес отырған Мәмбетке қарай ойысып барады. Олардың да көмейі белгілі: Төртуыл үкірдайына қараймыз деп, не Мәмбетке бағынбай, жеріміз шалғай деп, не Керімбайға шылбырынын ұшын бермей, екі аралықта шөре-шөремен күн кешпек.

Жарайды, алыстағы мойны қашық елді былай қойғанда, күнде бет көрісіп жүрген осы төстегі Төртуылдың іші оңып түр ма? Кәрі зәңгі Сымайылдың көзі жұмылғалы, осындағы

Дәулетей әулетінің басы бірікпей, пышырап кетті. Жуан ата Бұқадан тарайтын Карамендe мен Жұмықтоғастың қазіргі зәңгісі — Олжабайдың Көксегені еді. Кейінгі кезде ол да өзінің жуандығына басып, Керімбайдың сөзін бірде тыңдаса, бірде тыңдамайтын болып жүр. Карамендемен ыңғайлас жүретін Баймұрат пен Құтымбет жағынан да Керімбайға деген керенаулық байқалады. Акболат пен Шөтік жуандарының да айтқанға көніп, айрандай ұйып отырғаны шамалы. Керімбайдың қасында ең соңына дейін қалса, аз ауыл Байғара мен Жауғаш қана қалатын түрі бар. Осындай бас-басына би болған берекесіз елмен қалай ғана қыр асарсың, қайда барып оңарсың? Дәл төбеңнен төніп, үйелменіңмен ұйпаймын деп ұлық отырса, бір бүйіріңде қанжардай қадалып халдайлар жүр. Шіркіндер, өзгені ойламаса да, соны неге ескермейді екен? Аткамінер ел пысықтарының жатса-тұрса ойлайтыны — халықтың қамы емес, қапысын тауып Керімбайды құлату, мұның орнына үкірдай болу. Кейінгі кезде олардың тым қалашыл, ұлық жағалағыш болып кеткені де содан. Кейбіреулері аймақ әміршісі Ши-амбыға бата алмағанымен, қулығына құрық бойламайтын әккі зымиян Шихалдайды төніректеп жүрген көрінеді. Төртуыл жуандарына шырға тартып, қолтықтарына су бүркіп жүрген — сол сұмның өзі ме, кім білсін...

Әрине, мұндай жағдайда төңірегі сұйылып қалған сұңғыла әкенің Демежаннан күтері көп. Керімбайдың кіндігінен тараған өзге балалары Сағымжан, Сүйежан, Әбдірасылдар бір төбе де, Демежан бір төбе. Күні ертең өзі олай-бұлай болып кетсе, орнын осы Демежан басатынына сенеді. Бірақ бұл баласы құлашты тым кеңге тастап жүр. Ағайын арасының ала ауыздығына мән бермей, исі қазақтың жарғысына түсіп, жоғын жоқтағысы келеді. Шамасына қарамай, азуы алты қарыс халдайлармен тіресетін ойы бар. «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегенді ескермейді. Әйтпесе, халдайлар кім? Бұл кім? Халдайлар — Еженханның сүйген құлы, осы өлкеге өз қолымен әкеліп отырғызған сенімді тірегі. Ал Демежан болса — әзірше тағдырдың бұйрығымен бас сауғалап жүрген осындағы көп қазақтың бірі ғана. «Арыстан айға шауып мерт болыпты» дегенің осы емес пе? Керімбай өз баласының үй салып, егін егіп, отырықшы ел болам дегеніне қарсы емес-ау. Оның ағайын арасындағы айтыс-тартысқа бел шешіп кіріспей, қайдағы бір ұсақ-түйекпен айналысып кеткені ішіне сыймай-

ды. Қалың казактың көшін бастау үшін. алдымен өз табанын берік болуы керек қой. Бүкіл ел сенің көсемдігіңді мойындап, еңіреген ерім, аскар белім деп. екі тізгін, бір шылбырын колына сеніп тапсыруы керек. Ал айналаңда аш қасқырдай анталап, сенің өліміңді күтіп жүрген тойымсыз тобырға жақсылық жасадың не, жасамадың не?! Қазір олар Керімбай әулетіне ұлықтың көзі түзу болған соң, ашық алысуға бата алмай жүр. Ал егер, жаман айтпай жақсы жоқ, кәрі Ши-амбы бір күні апиынға уланып, қылжиып қалса, бұл жұрттың нендей мінез шығаратынын бір құдайдың өзі білсін.

Дәл қазір іргедегі биік сүйек төсекке аркасын сүйеп, ақ терісінің үстінде үнсіз мүлгіп отырған Керімбайдың басындағы ой осы еді. Оны Демежан да жазбай таныды. Жас кезінен әкесінің кас-қабағын бағып өскен жігіт, көбінше оның ішіне үңілуге, кейде тіпті онымен жарысып ойлауға дағдыланған. Әкесінің көп түжырымын мақұлдай тұра, оған айтар дауы да жоқ емес-ті. Түбінде сондай бір киын әңгіменің де боларын іші сезеді. Алайда дәл бүгін әкесімен түс жыртысып, қойма ақтарысып жаткысы келмеді.

Оның есесіне, әкесіне ұнайтын баска бір жаңалық айтып, көңілін аулағысы келген. Сонысы дұрыс болып шықты. Демежан осы жолы Шәуешекте Ешен-Сейіт деген дамоллаға жолыққанын, сол кісінің қыр елімен байланыс жасағысы келетінін, калада қазақ балалары оқитын медресе ашып, қыр елінде мешіт салдыруға үндеп жүргенін баяндаған. Бұл бастаманы қаладағы өзбек, татар байларының да катты қуаттап отырғанын айта келіп, алдағы күзден бастап сол істі колға алуға өзінің уәде беріп шыққанын да жасырған жоқ.

Мына әңгімені естігенде, соңғы жылдары құдасы Құрман қажының әсерімен дінге бой ұрып, бірадарлау болып жүрген Керімбайдың өңі жылынайын деді.

— Е, мына сөзің құлаққа кіреді, — деді әкесі тез жадырап. — Осындай бір ой менің де басыма келіп жүруші еді... Ата жолын, адамшылық жолын ұмытсақ та, құдай жолын ұмытуға қақымыз жоқ. Бұл жұрт енді құдайдан қорықпаса, адамнан именуді қойды ғой, түге. Ел етекке түскен соң менің есіме салшы: әр зәңгі ел өз ортасында бір-бір мешіт салатын етіп, міндеттеп қоялық.

Бірақ бұл да бір сәттік кана босансу екен. Сәлден соң Керімбай қайтадан мысасына мініп, катайып алды. Өзі біреулерді күтіп

отырған сиякты. Ел ішінің бір дауын бітіру үшін, танертен Тыныбай зәңгіге кісі жіберген екен. Көп кешікпей үй сыртынан ат дүбірі естіліп, біреулердің түсіп жатқаны байқалды.

Аздан соң соза-соза сәлем берісіп, үйге камшыларын сүйреткен екі адам келіп кірді. Алдынғысы — қырықтың ішіне жана ілінген, кесек, сұлу жүзді, түр-тұлғасы, киім реті де ажарлы Тыныбай зәңгі болатын. Жауғаштың Керімбайдан кейінгі бетке үстар бір азаматы осы... Оның қасындағы көнетоз түйе жүн шекпені бар, москалдау еркекті де Демежан таниды. Бұларға алыс атадан қосылатын, Байғара ішіндегі Құрамыс деген момын шаруа. Бірақ өзі әлдебір қылмысы бар адамдай өң-түстен айрылып, үкірдай жакка жапақтап қарай береді.

Тыныбай үкірдайдың денсаулығын, үй ішінің амандығын сұрап, аз-кем отырған соң, Демежанға бұрылған. Қаладан қашан келгенін, ол жақтағы жаңалықтарды, тақ бір сол үшін қатты алаңдап жүргендей, салынып жатқан үйдің жағдайын сұрап, біраз өңгіме қылды. Онікі де дәтке қуат, суға кеткен тал қармайдының кері сиякты. Керімбайға бата алмай, қаһарын жұмсарту үшін, әңгімені әдейі ұзаққа созып отырғаны белгілі. Бірақ онысына Керімбай жібермеді. Шүнеттеу, өткір көзімен Құрамыска жалт етіп қарады да:

— Ал енді сен сөйлеші. Ел-жұрттың аманында не бүлдіріп жүрсің? Айт кәне жаныннын барында! — деп ақырып қалды

Құрамыстын дәл осы сәттегі бет-әлпетіне қарау кімге де болса ауыр еді. Бет құбылысы не күлгенге, не жылағанға ұксамайтын бір кейіпке еніп, шокша сақалы дір-дір етіп, сөйлей алмай қылғынып сәл отырды да, бір мезгілде:

— Не дейін... Менен бір оқыс нәрсе өтті, Үкірдай. Құдай қара бастырып... Көші-қон кезінде жағдайымыз болмай... Олардың сізге бүйтіп шағым айтатынын кім білген, — деді үні жер астынан шыққандай күмығып.

«Апыр-ай, бұл байғұс не бүлдіріп қойды екен?» Демежанның ойын әкесінін катқыл даусы бөліп жіберді.

— Ау, сен сонда атам казактың салтын ұмытканың ба? Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол қайда? — деп алып, Керімбай бұдан ары Тәуке ханның жеті жарғысын таратып кетті. — Қазақтың бірден-бір касиеті — конакжайлылығы. Қазақ үйге кірген жыланның басына да ақ күйып шығарады. Ол — халықтың шашпалығы емес, адамгершілігі, көңілінің кеңдігі. Бұл салтты қазақтың көшпелі түрмысы,

қатал табиғат, бекетсіз, қаласыз, үшы-қиырсыз кең даласы тудырған. Сондықтан да қазақ қауымының бір табақ ет мен бір шәугім шайының еншісі бөлінбеген. Қонақтың өзі түгіл, астындағы аты аш қалса, үй иесі айып төлеуге тиіс. Егер қыстың қақаған аязында қасқыр ішік киген адамның қасында әлдекім үсіп өлсе, ішік иесі оның жарты құнына жығылады... Жаугершілік заманда кез келген кісі жасының үлкендігіне қарамай, жарақты жауынгерге сәлем беруі керек!.. Сен осыны білесің бе?

— Біз енді қараңғы адамбыз ғой, Кереке... Оның бәрін қайдан біле берейік. Бір иттік өтті. Кінәлымын. Бір жолға кешірім...

— Жоқ, кешірім деген болмайды. Егер менің қорама түсіп, қойымды ұрласаң кешірер едім. Ал мұндайда аяушылық жоқ! — деп Керімбай бір-ақ кесті. — Қазақтың ата салтын бұзып, қонақ қуғаның үшін, және әнеугүннен бері шақырғанға келе қоймай қашып жүргенің үшін, осы қазір ат-шапан айып төлейсің, не қырық қамшы дүре... Қалауыңды ал!

Демежан істің мәнісіне енді түсіне бастады. Сөйтсе, мәселе былай болған екен. Осыдан жарты ай шамасы бұрын басқа бай ауылдар арғы алыс жайлауларға асып кеткенде, қашанда аукатты ағайыннан көлік алып көшетін Құрамыс бергі орта қоныстардың бірінде кейіндеп қалып қойыпты. Дәл сондай күндердің бірінде, апақ-сапақта мұның ауылына Жұмықтың жоқ қарап жүрген екі-үш адамы қоналқы сұрап келген көрінеді. Күн сілбіреп жауып тұрған мазасыз кештердің бірі болса керек. Алдағы елге көлікке жіберген адамы келмей, шекесі тырысып отырған Құрамыс әлгілерді қондырмай жібереді. Иен тау ішінде басқа қонатын жер таппаған жолаушылар қалың жаңбырдың астында қалып, көп сандалады. Үсті-бастары малмандай су болып, ақыры таң атқанша бір тастың қуысын паналап шығады. Жоқ қарап жүргендер — көршілес Мәметектің беделді аксақалдарының бірі екен. Ертеңінде суық тиіп ауырып қалғанына қарамастан. Керімбайды іздеп тауып, түнімен көрген қорлығын айтып, Құрамыстың үстінен шағым етеді. Мұндай сұмдықты аяқсыз қалдырмай жазалауын сұрап, өз үкірдайы Еңсеге де айта баратынын мәлімдейді...

Сол күннен бері-ақ Керімбайдың Құрамыска тісі басулы болатын. Ертең ел келесінде осы мәселенің алдынан шығарын ойлағанда, одан ары зығырданы қайнай түскен. Ертеңінде

шабарманын жіберіп шақыртқанда, Құрамыс көші-конды сылтауратып, үкірдайдың алдына кашкалактап келмей жүрген. Өзінше, ұмыттырып жібергісі келіп еді. Бірақ ондайды ұмыта коятын Керімбай ма: бүгін осы елдің зәнгісі Тыныбаймен косып, алдына әдейі алдыртып отырған беті еді.

Айтылар үкім айтылды, енді оны қайтарып алу қиын. Үкірдайлар қылмыскерге тек өлім жазасын ғана кесе алмайды. Одан басқа қандай жаза бұйырамын десе де ерікті. Алынатын айып-анжы өз алдына, кейде қаладағы Маншын ұлыктарының үрдісі бойынша, дүре соғып тастайтын да кезі болады... Құрамыстың да қазір басы қатып отыр. Не істеу керек? Егер жұрт көзінен таса, оңаша жер болса, ол екі күйрықты құдайға тапсырып, ат-шапанды олжа қып кетуге пейіл еді. Бірақ мына шимандай елдің ішінде, бала-шаға, келін-кепшіктің көзінше бөксесін жаланаштап, дүреге қалай жатпақ? Ол ары ойлап, бері ойлап, ақыры айып төлеуге келісім берді.

Тыныбай зәнгі мінезі жұмсақ, майысқақтау кісі еді. Сол шырық бұзбайтын момындығына қарап, жеңгелері оған «майға өтпес» деп ат қойған. Ол қазір де Құрамыска жаны ашып, өзінше ара түскісі келді.

— Үкірдай аға, ағаш та ұстаған жерден сынбайды Құрамыстың шама-шарқын білесіз ғой, бір жолға кешірім етсеңіз қайтеді? — деп майдалап келе жатыр еді, Керімбай онын сөзін аяқтатпай. шорт кетті:

— Әй, жауырға қонған ала канат сауысканша сен неге шықылықтап отырсың? Ендеше қарауындағы жұртты бетімен коя бергенің үшін сен де құр қалма. Саған да бір атан түйе айып кесіледі! — деді бет қаратпас суық ажармен.

Тыныбайдың сасқаны болар, аға ашуын бойға дарытпай, сылқ-сылқ күлген болды.

— Әй, ку Құрамыс-ай, құрттың-ау! Осыған ара түсіп нем бар еді. Өзіме де сол керек! — деп мойнын бір жағына бұрып әкетті.

Осымен сөз бітті дегендей Керімбай орнынан тұра берген. Үлкендер далаға шығып кеткенде, Құрамыс іште қалып қойып, Ажар бәйбішеге бар мұнын шағып, жалынып жатқаны байқалды.

— Женеше-ау, енді не істеймін? Құрамыстың құрыған жері осы болды ғой... Үкірдайдың көңілінен шығатын атты қайдан табам? Шапанды қайдан алам?

— Не істеуші ең, бар болғыр? Еркек емессің бе, бір амалын тап, — деді Ажар оның бетіне күле қарап. — Сорлы, өзіңде де бар ғой: шәбеленген жаман қатыныңнан аса алмай, конақ қуды деген не сұмдық ол? Үкірдай сенің ат-шапаныңды алып қабырғасын жаппас, елге сабақ болсын деген шығар.

— Жалғыз шолақты белдеуіне байласам да, атты бірдеме қып табармын-ау, ал шапанды не істеймін? Сенсеңіз, біздің үйде шапан түгіл, бір жапырақ жаңа шүберек жоқ...

Ажар іштен тына күрсінді де, төрдегі сандыққа қарай бет алды. Үлкен сары ала сандықтың кілтін қоңыраулата бұрап, қақпағын ашты да, ішінен мәуті жағалы, су жаңа баркыт шапан алып берді.

— Мә, мынау шапаның болсын... Сорлы-ау, жалғыз шолағыңды айыпқа бергенде, өзің қалай күн көресің? Одан да біздің жылқышыларға мен жіберді деп бар да, жылқыдан бір жарамды ат ұстап әкел. Бар, жөнел! — деді Құрамысты бұдан ары ұстап тұрғысы келмей.

— Ой, рақмет, жеңешетай... Бала-шағаңның игілігін көр! Осы жақсылығыңды өле-өлгенше ұмытпаспын-ау! — деп Құрамыс есіктен шыққанша алқап бара жатты.

Бұл — Ажар бәйбішенің сан рет қайталанған, басына іс түскен осы Құрамыс сияқты талай жарлы-жақыбайды күткарып жүрген, былайғы ел Керімбайға сездірмей іштей біліп қана қоятын, көп жақсылықтарының бірі еді. Бір қызық нәрсе, өзі көбінше ат үстінде жүріп, мал-жанның есебін бәйбішесі Ажар мен інісі Майлықтан ғана сұрайтын Керімбай әлі күнге дейін өз малын өзі түстеп танымайтын-ды. Айыпқа жығылған қолы қыска ағайын осы Ажардың ақылымен Керімбайдың өрістегі түйесін, сәйгүлік аттарын өзіне жетелеп әкеп берсе, үкірдай оның түрі-түсіне қарамай-ақ, көп малға қайтадан қостыра салатын... Соның нәтижесінде, ағайын арасында Ажар бәйбішенің беделі Керімбайдан асып түспесе, кем соқпайтын Күйеуінің артық-кем кеткен жерін білдірмей жамап-жасқап, үкірдайдың қаһарынан ығысқан елді маңайына қайта жинап отыратын да — осы «Ажар апаң» еді.

Керімбай биыл ел жайлауға көшерде, Демежанның еншісін бөліп, бөлек ауыл етіп шығарған-ды. Мұның үлесіне бір қора қой, екі айғыр үйір жылқы тиді. Оның сыртында бір ауылдың көшіне жететін түйе, атан өгіз, сауын сиырлар бөлінген. Демежанға табиғы малшы-қосшы, көрші-қолаң да

өздігінен іріктеліп қалып еді. Олардың көбі Керімбайдың қолтығын паналап, сырттан көшіп келген кірме ағайындар... Ел жайлауға қарай беттегенде, Демежан қалада қалып қойды да, көш тізгінін Бибі өз қолына алған-ды. Әйеліне разы болатыны, Бибі алғашқы жылы Керімбайдың өз ауылынан тым қара үзіп кетпей, үлкен ауылға қанаттас, төбесін көріп отыратындай жақын жерге қондырыпты.

Сонымен, әзірше «Демежанның ауылы» дейтін атағы жер жарып кетпесе де, биылғы жылы бұл өңірде жаңа бір ауыл пайда болған. Ақ үйлері, ақ боз, қоңыр үйлері, абылайша, күркелері аралас он шақты үйдің сорабы. Қазақта отау көтеру, жеке үй болу қиын емес. Ал жеке ауыл дегеніңіз күнде туа бермейді. Ауыл болу үшін бес-алты үйдің жай бас құрауы жеткіліксіз, ауылдың жұрт таныған басшысы, өздеріне тиесілі өріс-қонысы болу керек. Қазірше мына үйлер шоғыры Керімбай ауылдарының бір бұтағы саналып жүреді де, бара-бара «Демежан ауылы» дейтін дербес атаққа ие болады.

Демежан алғашқы бірнеше күнде өзінің кішкентай ауылын қызықтаумен болды. Қотанда үлкен бір қора қой жатыр. Ауыл сыртындағы тепсенде он-он бес бие байлаулы тұр. Сол малды бағып-қағып, ауылдың бар тірлігін тындыратын малшы-қосшы, сауыншы, жалшы бар... Демежан бұрын көп жайды ескермейді екен. Әлгі адамдардың бүкіл күнкөрісі, аштық-тоқтығы өзіне қарап тұрғанын ол енді ғана пайымдағандай болды. Әркайсысының үйіне кіріп, күй-жайын, мұң-мұқтажын сұрастырған. Көршілерінің бәрі де тепсе темір үзетін жас адамдар екен. Кейбіреулерінің ғана қолында бағып отырған көрі-құртаң, кемпір-шалы бар. Алатын ақы жайын сұрастырып еді, осы төңіректе жалпыласқан ел бағасы болып шықты. *Одан арғыны тіпті дәметпейді де...* Демежан Бибіге айтып, көрші-қолаңға бөлінген сауын санын молайттырды. Қыстық көже қатығын деп, әр екі үйге бір қарадан соғым атады. Күнкөріс үшін қолтығын паналаған адамының беделді, қайырымды, кең болғанын кім жек көрсін, Демежан келгелі малшы-қосшының да иығы көтеріліп, арқаланып қалып еді.

Бұған дейін кішкентай ауылдың кожасы — Бибі екен. Малшы-жалшы атаулы жас әйелдің айтқанын екі етпей, аяқтарының ұшымен басатыны қызық. Демежанның бір таң қалғаны, Бибі бар шаруаны дөңгелек айналдырып, меңгеріп алыпты. Қанша дегенмен көргені бар емес пе, ол да өз әлінше Ажар

енесіне ұқсағысы келеді. Көршілердің тілін тауып, сыйлай да, сыйлата да білетіні көрініп тұр. Ең бастысы, ауылда ұрыс-керіс, айғай-сүрең, ақыру-жекіру жоқ. Демежанға өз ауылы бір бейбіт, жылы ұядай жаксы әсер қалдырды.

Бұл күнде жасы отызға таяп қалған Бибінің сырт мүсіні де ерттеулі аттай жұмырланып, ажарлана түскен. Басына қыр елінің салтымен, оқалы жағы бар, аппақ шатырдай кимешек-шаршы тартатын болыпты. Тобығына түсетін кос етек көйлек, қатипа камзол кип шыққанда, қыпша белі солқылдап, қызыл күрең жүзінде токшылық, жастық нұры ойнап, еріксіз көз тартады... Алайда қатал тағдырдың адамға кейде басқаның бәрін үйіп-төгіп берсе де, әйтеуір, бір нәрседен қысып қоятын әдеті ғой. Демежан екеуінің отасқандарына он шақты жылдай өткенімен, Бибі әлі күнге дейін бала көтермей келеді. Бәлкім, акжолтай болар, соңынан бір қарайған ерер деп, ана жылы көп балалы Сүйежанның бір баласын бұлар туа салып бауырына сап алған. Қазір сол кішкентай Олжабайдың өзі беске келіп қалды. Бірақ оның соңынан ерген ешкім бола қойған жоқ. Былай қарағанда төрт түлігі сай көрінетін ерлі-зайыптылардың оңаша қалған кездегі бір уайымы осы еді.

Бұрын үлкен ауылдың бір отауы болып отырғанда, ырду-дырдумен білінбейді екен. Ал қазір өздері бір ауылдың бас шаңырағына айналған кезде, от басында үш-ақ адамның шошайып отыруы көңілді құлазытып, әлдебір каяу түсіргендей болады. Демежан байқап жүр: Бибі көбінше осы олқылықты сездірмеуге тырысады. Күн сайын қазанға асты молырақ салдырып, түннің бір уағына дейін көрші-қолаңды таратпай, дуылдасып отырғанды ұнатады.

Бүгін әлдекалай көршілер ертерек тарап, інірде өздері оңаша қалған-ды. Ерлі-зайыптылар біразға дейін қуыршақ ойнағандай кішкентай Олжабайдың тілін қызықтап, өздерінше мәре-сәре болысты. Қаны сыртына тепкен, топ-толық, қара домалақ бала бір ауылдың басынан құс ұшырмас еркесі атанып, жақсы өсіп келеді. Биыл жазға салым сүндет парызын өтеп, тұңғыш рет ашамайға мінуі дүрілдеген той болып өтті. Бешпетінің екі иығына, бас киміне қадалған сондағы үкілер әлі алынған жоқ. Кейде әдейі шолжыңдап, «р» дыбысын дұрыс айтпайтыны болмаса, Олжабайдың тілі пысық, сайрап тұр.

— Олжабай, сен осы кімнің баласысың?

— Демежанның баласымын.

— Кімнен тудың?
— Бибіден тудым.
— Нағашың кім сенің?
— Нағашым — Күйман қажы. Ойыс жейінде...

Күніне әркімнің аузынан сан рет қайталанатын бұл сұрақтарға бала мүдірмей жауап қайтаратын болған. Екеуі шай ішіп отырғанда кінәсыз сәбидің тәтті тілін тағы бір рет тыңдап, мәз болысты. Бұларға керегінің өзі сол. Олжабай «мен — Демежанның баласымын» деп жүрсе болғаны.

— О, құлыным сол! Балдай болған тіліңнен айналдым сенің! — деп Бибі баланың екі бетінен шөп-шөп сүйіп, өліп қала жаздайды.

Не үшін екен, Демежан балаға салқын, өйтіп өліп-өшіп тұрмайды. Олжабайды өгейсіткені емес, құдайдың жараткан мінезі. Тек Бибінің көңілі үшін ғана, кейде баланы алдына алып, айналып-үйірілген болады. Бибі осы Олжабайды бауырымызға салып алайық дегенде де, бұл онша құлап түскен жоқ-ты. Құдайдың бермесіне жармасқандай, әлдебір көрсекызарлықтай көрінген. Бірақ әйелінің көңілін қимады. Мейлі, жақсы ниетпен ырым етіп отыр екен, осының-ақ тілегі болсын деген де қойған.

Ата-ананың ортасында әрнені былдырақтап сөйлеп отырған Олжабай әлден уақытта манаурап қалғы бастаған. Бибі оны көтеріп апарып, төсегіне жатқызды. Үй-ішін тағы да марғау тыныштық басты. Қотанда күйіс қайырған қойлардың баяу ыңыранып тыныстағаны, әлдекайдан тұсаулы аттың пысқырғаны, бел астындағы үлкен ауылдан маң төбеттердің әупілдеп үргені естіледі. Оқта-текте қой күзеткен жігіттердің «Шәйт-шәйт!.. Бұл кім, ей?» деген оқыс айқайы шалынады.

Бибі далаға шығып, түндік жауып келді де, үндемей жүріп төсек сала бастады. Оң жаққа биік кереует тұсына ұсталатын бір кездегі қызыл-күрең, үкілі шымылдықты ауыстырып, оның орнына шаршаулы, қызғылт сары түсті басқа шымылдық құрылыпты. Бұл ерлі-зайыптылардың тым үлбіреген жас емес, ересек тартып қалғанын білдіреді... Бибі өзін қанша көңілді ұстағысы келгенмен, қабағында сейілмей жүрген бір мұңды көленке бар. Кейде өзі де аңғармай, көкірегінен ыстық жалын атып, күрсініп қалады. Шамасы, күйеуіне айтайын деп, көмейіне іркіп жүрген бір сыр бар ма, қалай? Сол сырды қалай сыртқа шығарудың ретін таппай киналған, ша-

расыз жанның қалпы байқалады. Бүгін төсекке жатқаннан кейін де, шырмауықтай оратыла кететін күндегі қызу құштарлықтан бой тартып, салқын сабыр танытты.

— Демежан, осы сен нешеге келдің? — деді бір заматта баяу тіл қатып Демежан жымиып күлді.

— Сен не, Олжабайдың орнына енді мені сөйлетейін дедің бе?

— Жоқ, шын айтам. Сұрағыма жауап бер.

— Ал жарайды, отыз екіге шықтым... Қартайып қалды деп ойлап па едің мені?

— Қартайсаң мен саған мұндай сұрақты қояр ма едім. Сен әлі жассың ғой, — деді Бибі тақ бір мұның жастығына өкінген адамдай.

— Иә, не боп қалды? Айтсайшы, кісіні күпті қылмай.

Бибі біразға дейін үндемей қалды. Қырынан аунап түсіп, шалқасынан жатқан Демежанның кеудесіне қолын артты.

— Мен саған бір сөзді көптен айта алмай іркілiп жүрмін... Сен мені дұрыс түсін, Демежан. Ашуланба... Саған енді уақыт оздырмай тоқал алу керек.

— Тоқал? Мәссаған! — Мұндайды күтпеген Демежан сасып қалды. Аузына қапелімде сөз түспей: — Сен не, түсіңнен шошыдың ба? — деді жастықтан басын көтере беріп. — Байына тоқал ал деп жалынған қатынды сенен көрдім.

— Жоқ, сен өйтіп қалжыңға айналдырмашы. Осы бір ой мені көптен бері мазалап жүр. Мен сенің бақытыңды жандыра алмадым ғой... Артыңнан еретін түяқтың қамын ойла, — дегенде Бибінің үні қалтырап кетті.

Әйелінің көзінен қат-қат тамған жасты Демежан қараңғыда көре алған жоқ.

— А-а, сенің ойың арыда жатыр екен ғой, — деп жастыққа қайтадан бас қойды. — Өзің білесің, мен онша балажан адам емеспін ғой. Менің басқа уайымым да жетіп жатыр... Кейде осы жүрген жұрттың бәрі менің балам сияқты болып көрінеді.

— Ол айтқанын дұрыс қой. Бірақ баласыз үйдің күні құрсын да... Бала керек адамға. Бала болғанда, ешкім аузына салып үйретпей-ақ, «Мен — Демежанның баласымын» деп өздігінен айтатын, сенің өз қаныңнан жаралған бала керек. Кім біледі, құдайдың рақымы түссе... Егер екінші әйелің бір «шикі өкпе» тауып берсе, мені күндестік жасайды деп ойлама. Мен оны өмір бойы төбеме көтеріп жүруге бармын.

«Апыр-ай, мынау тіпті шындап барады ғой, — деп ойлады Демежан, — әлде абысын-ажын арасында мұны табалап, ширықтырған біреу бар ма екен? Немесе әйел затының өз назын өткізгісі келген көп еркелігінің бірі ме? Не болмаса, осынын не ойлағаны бар деп, мені өзінше сынаған түрі ме?» Осы соңғы ойдың әуенімен:

— Әлгі «жан қимақ болса дағы, жар қимақ жоқ» дейтіні қайда? Сен мені, шынымен-ақ, біреудің құшағына қия саласың ба? — деп әйелін бауырына тартып құшақтамақ болып еді, Бибі ыркына көнбеді.

— Қойшы, жаным... Егер мені жәй нәпсінің құлы, жар төсегін қорыған көп ақ жаулықтың бірі деп ойласаң, ренжимін, — деп Демежанның қызу аптығын тез басып тастады. — Жастық шақ басымызда қанша тұрар дейсің. Ол да көрген түстей өтер де кетер бір күні. Ажарыңнан, базарыңнан айырып, көріліктің де ауыл-үй қонатын кезі болар... Ұрпақ, тұяқ деген, міне, сол кезде керек адамға. Сол шақта сенің өзегіңді өкініш жайлап, ah ұрып қапалануың мүмкін ғой. Бірақ ол кезде тым кеш болады ғой, жаным... Дұшпаның да аз емес. Күндердің күнінде солардың бірі болмаса біреуі баласыздығыңды бетіңе салық етіп, табаламас дейсің бе. Шындықтың жүзі кашанда өткір, киып түсер қылыштай. Өзгеге дес бермесен де, осы бір мініңді айтқанда, сен лажсыз тоқтарсың...

— Бибі, құдай тілеуіңді берсін, қойшы енді! — деп жалынды Демежан бұдан ары тыңдай беруге дәті шыдамай.

— Жарайды, сөзімді бөлмеші, ағатай. Ар жағын тыңдашы... Сен тумысыңнан үстем жаралған жансың. Өмірде де жүзің жарық, ештеңеден кемдік көрмей, үстем болып өтуге тиіссің. Мен сенің тауың шағылып, меселіңнің қайтқанын, дұшпанының табасына ұшырап, жертезек болғанынды көргім келмейді, жаным... Егер екі дүниеде мен разы болсын десең, осы тілегімді орында. Айтшы: орындаймын деші!

Демежан тіл қатқан жоқ. Арыстай кеудесін көріктей керіп, терең тыныс тартты. Бұл дүниенің шер-шемен, кайғы-мұңынан қалай құтылуға болар екен? Әй, бұл тірлікте құтылу жоқ шығар. Жетекке жүрмей жер табандап, білек талдырған берекесіз елдің гөй-гөйі анау: соларды бір сәт болса да ұмытып, өзіңнің кішкентай куысында жан шақырайын десең, от басының тірлігі мынау... Қайда барып паналауға болады?

— Неге үндемейсің? Бірдеңе айтсайшы, — деді Бибі оны кеуде тұсынан баяу сілкілеп.

— Не айтайын? Құдайдың бермесіне адамның амалы қайсы? — дегенде Демежанның даусы қаттырақ шығып кетті. — Ал тоқал алдым дейін, онын етегінен жарылқай коярын қайдан білдің? Егер қатыгез тағдыр тағы да шөміштен қысканын коймаса, кілең қысырақ баккандай, нағыз маскара сонда болмаймын ба? Осыны ойладың ба сен?

— Ол жағын уайымдама. Не бопты, құдай бірдене берер, — деді Бибі ыстық демі бет шарпығандай болып. — Кінә менен болып жүр ғой, жаным... Жасымда ұлша киініп, ашық-шашық жүрген, еркек-шора сорлы емеспін бе мен. Сол бетімде еркек болып неге кетпедім екен?! Бір шүйкебас алшы: тіпті көзі соқыр, аяғы ақсақ болса да бірдене тапсын... Жақында осы ауылға келген дуанаға бал аштырғанмын. Сол бәрін колмен койғандай айтып отыр: «Күиеуің екі некелі болады екен. Екінші әйелінен ай мен күндей бір ұл, бір қыз сүйеді екен» дейді.

Демежан еріксіз күліп жіберді.

— Әй, Бибі-ай, кейде бала сияқтысың-ау. Дуана мен тәуіптің сөзіне сеніп жүрген... Жарайды, ұйықтайық. Қажет болса қатынды да алармыз. Кос қатын алған қазақтың алды-арты мен емеспін ғой. Тек өмір болсын де... Кейде мен жасыма жетпей, ерте өлетін сияқты бір сезімде жүрем. Осынау аядай дүниеде мен сыятын орын жоқ сияқты көріне береді.

— Құрысын, айтпашы ондайды, — деп Бибі бәйек болды. — Ал менің жанағы айтқанымды қалжың деп ойлама. Ол — менің бейуақта түн жамылып айтқан имандай зар тілегім...

Осыдан кейін ешқайсысы үн қатқан жоқ. Бірақ екеуі де бірден ұйықтап кете алмай, түннің бір уағына дейін дөнбекшумен болды. Айнала-төңірек құлаққа ұрған танадай жымжырт. Анда-санда ауыл сыртындағы тоғайдан жылқышы құс ыскырып, сонымен жарыса окта-текте тау көкегі сұңқылдайды. Өздерінше, тіршілікті мадақтап жырлағаны ма, немесе осынау өмірдің қысқалығын сезіп, шер төгіп зарлағаны ма, кім білсін. Соның бәрін де жайлау түні қаранғылық құшағына алып, қымтана түседі.

IV

Осылайша, жайлау тірлігі қыза түсіп, қайғы мен қуаныш кезек алмасып жаткан бір күндері Демежан ауылына жан-жақтан қонақтар келе бастады. Қазақта «Үлкен үйдікі — ортақ, кіші үйдікі — бұлтақ» деген сөз бар. Әлде сол сөзге жүгінгені ме, немесе бұл ауылды біреу мойындаса, біреулер әлі мойындамаи жүр ме. әйтеуір алыстан келген сый кісілер де, ауыл арасының қымыз аңдыған қыдырмашылары да көбінесе Керімбайлың өз аулына ошарылып, бұл жаққа бұрын ат басын бұра бермейтінді. Бибінің әдейілеп тіккен конақ үйі ілуде бір болмаса, көбінше-ақ бос тұратын. Енді, міне, сонын есесін қайырғысы келгендей, тұс-тұстан жас қонақтар күйыла бастады.

Осыдан бірер күн бұрын, әнеугүнгі уәде бойынша, қасына екі-үш жолдасын ертіп, Шәуешектегі татар мырзасы Ыбырай келіп түскен. Бұлар қоржындарына салып, мойындарына асып алған гармонь, скрипка, мондалин сиякты асай-мүсейі мол, өздерінше бір қызық топ еді. Бұл өлкеде бұрын естілмеген татар жырын шыркап, әндете, гулете келді. Мұның сыртында жайлаудағы елге базарлық деп, бір атқа бөлек артып алған қант-кәмпит, өрік-мейізі тағы бар. Ыбырай келе салысымен ауылдың қатын-қалашы мен бала-шағасына сол базарлығын үлестіріп, алғашқы күні-ақ осындағы кәрі-жастың сүйіктісіне айналып кетті.

Бүгін солардың үстіне төстегі Төртуылдың бір топ жігіт-желенін ертіп, Сымайылдың Күдерісі келіп қосылды. Демежан ауылға оралды дегенді естіп, әдейі сәлем бере келіпті. Өздерінше баяғы заманның сал-серісіне еліктеп, әлем-жәлем киінген, шетінен әнші-күйші өнерлі топ. Бұлар Қаражалдан шыққан беті жол-жөнекей Қайрақтыны басып, Шөтік ішін аралай келген екен, сол елден Қызылбаланың Ысқағы ілесіпті... Сөйтіп, біркелкі марғау тірліктен іштері пысып, тойдуман аңсап жүрген Демежан мен Бибі аяқ астынан өнерпаз, жас қонақтарға жарыды да қалды.

Күдерінің жасы бұл күнде он сегізге толып, ел аузына ілініп қалған кезі еді. Кеше бүкіл ел ардақтаған қара шаңырақта, көрі зәңгі Сымайылдың орнын жоқтатпай, өз қатарына сыйлы, жақсы азамат болып өсіп келеді. Бірақ әзірше аркасына ер батып, ауыр жүк аркалай қойған жоқ. Әлі де болса **бозбалалық**, жастық дәуренмен қоштаса алмай, қайда той-думан. өлең-жыр болса сол жерден табылып, серілік құрып

жүрген жайы бар. Өзінің домбыраға қосылып, бебеулеп тұрған бір сыдырғы даусы, жанынан өлең шығаратын бір қақпай ақындығы да бар екен. Қала мырзасы Ыбырай мен дала серісі Күдері бір-біріне бап қосылып, бұл ауылда жақсы табысты. Үлкен ақ үйде, мол дастарқан бастарында қазақ әні мен татар жыры кезек шырқалып, жайлаудың тынық аспанында тынбай қалықтады да тұрды.

Демежан мен Бибі өнерпаз жастарды бірнеше күн бойы жібермей, жақсы қонақ етті. Өз алдарына жеке ауыл болғалы күтіп алған алғашқы қонақтары болғандықтан, өздерінше ырым етіп, бірінші күні қысырдың тайына бата жасатқан. Содан ары жалғасқан мол дастарқан күндіз-түні бір жиылған жоқ... Демежан осы топтың ішінен тек бір адамды ғана ұнатыңқырамай қалған. Ол — Қызылбаланың Ысқағы. Қанша бауырына тартайын десе де, жүрегі құрғыр иімей, әлдебір бөтендікті сезінеді.

Ысқақ — қазір жиырма бестерге келген, үйлі-баранды, ересек жігіт. Бұл да әкесі секілді орта бойлы, қызыл шырайлы, жанары шатынап тұратын, алакөздеу азамат болып өсіпті. Соған орай, мінезі де тым шадыр, әпербақан, жанжалға жуықтау ма, қалай? Кейінгі кезде қытайша тіл үйреніп, қаладағы ұлықтарды жағалап жүреді. Қалада Шихалдайдың қасынан бір-екі рет көргені бар. Ондайда Демежанға жоламай қашқалақтап, із жасырған болады. Соңғы бірер жылда зәңгінің шабарманы болып, аз ауыл Шөтікті «қырып» кете жаздап, шулатып жүреді екен деп те естіген. Ал оның мына жастар тобына қалай қосылып қалғаны белгісіз.

Демежан Ысқақты іштей ұнатпаса да, ауылына келген қонақ болған соң, сыртқы сыр алдырған жоқ. Бар зейінді татар мырзасы Ыбырай мен өзінің жақсы көретін інісі Күдеріге ауды да, біраздан кейін оны мүлде ұмытып кетті. Ыбырайдың қасында гармоньшы, жыршы жігіт Зәки мен Рифхат деген скрипкашы бар. Зәки шарға бойлы, қаршығадай ғана шымыр жігіт екен. Оның кіп-кішкентай кеудесіне соншалық зор дауыстың қалай сыйып тұрғаны тан қаларлық еді. Кейде бір қымызға бөртіп алған тұстарда, гармоньды құлашын кере күйқылжытқанда, қос тілді қара гармоньның карталары үзіліп, екі басы екі қолында кететін шығар деп ойлайсың. Сол гармонь үнімен мінсіз жымдасып, кейде шырқап, кейде үздігіп шығатын әсем сазды дауыс қандай! Жайлаудың тынық

кештерінде «Ғалия бану», «Бала мискин», «Сандуғаш», «Сарман» тәрізді татардың халық әндері тау-тасқа жаңғырығып, дүние бірнеше күн бойы күйсандықтай күмбірледі де тұрды.

Татар әуені бұл елге бұрын көп тарай қоймаған, таңсық нәрсе. Бірақ ешкім жатырқаған жоқ. Қайта Зәкидей жез таңдай жыршының айтуында бітімі бөлек, бөгде өнерді жұрт тез ұғып, тез бауырласып кетті. Әлде кең сахарада етек-жеңі жиналмай тым алыстан, шырқау биіктен қайрылатын, көбінесе кам-қайғысыз салқар-сал тірлікті жырға қосатын қазақтың төл әндеріне қарағанда, шер-мұңға, шемен-сырға тұнып тұрған татар өлеңі халықтың дәл осы тұстағы көңіл ауанына дөп келді ме екен, әйтеуір тыңдаушысын бірден баурап әкетті. Кеш батса-ақ төңіректегі ауылдардың қыз-қыркын, жігіт-желеңі осылай қарай ағылып, сауық-сайран түннің бір уағына дейін толастамайтын болды.

Бұл күндері ауыл сыртына алтыбақан құрылып, жарық айлы түндерде қазақтың өз әндері де аз айтылған жоқ. Әсілі, Төртуыл ортасы өнер оздырып, ән түзеген, бәлендей сауықшыл ел саналмайтын. Күдері сиякты ән мен жырдың соңына түскен бірен-саран өнерпаз жастар осы бертінде бой көрсетіп жүр. Бұлардың да айтып жүргені — көбінесе Аркадан ауысып келген әндер. Небір жаксы әндерді Қоянды жәрменкесіне мал айдап, сауда істей барған жүргіншілер үйреніп қайтады. Сондай жолдармен бұл өлкеге соңғы жылдары атақты Біржан сал мен Акан серінің, Үкілі Ыбырай мен жаяу Мұсаның әндері де жете бастаған... Биыл солардың қатарына жаңа бір жас өнерпаз қосылып тұр.

Мына іргедегі шекараның ар жақ босағасынан, Мұқаншы, Көктұма бойынан тағы бір жас пері шыккан көрінеді. Руы — Арғын, Найманға жиен деседі. Аты-жөні — Әсет Найманбайұлы... Қазір жасы жиырма беске толып, нағыз жалындап тұрған шағы дейді. Өткен жылы Барлықтағы Мәмбет ішіне келіп қайтқан екен, жайлаудағы қалын елді әнмен «қырып», естерінен тандырып кетіпті. Сол Әсет:

«Арғынмын, атым Әсет арындаған,
Акын боп ән сала ма дарымаған?» —

деп, өзінің ата жұртын, бойындағы тасып-төгілген өнерін айтып, бір шалқыса;

«Тауықлын тары терген Найман шалдан.
Найман ел, айың туды маңдаишадан...» —

деп, өзінің нағашы жұртының да аруағын асырып, жасырмай жариялап жүретін көрінеді. Биылғы жайлау үстіндегі елдің гу-гу еткен әңгімесінің бірі сол Әсет туралы еді. Бұл маңайда оның өзін көрген әлі ешкім болмаса да, ақынның атағы бұл елге өзінен бұрын жетіп жаткан. Ғашықтық, жастық сырын жария ететін «Макпал», «Ардақ», «Қаракөз» әндерімен бірге бұл төңірекке ақынның атын әсіресе катты шығарған дүниесі — «Әсет пен Ырысжанның айтысы». Бұл айтысты Күдері жақында біреуден жазып алып, домбыраға қосып жатқа айтып жүр екен. Жастар жиналған отырыстарда сол сөз сайысы сан рет қайталанып, ауыздан-ауызға көшіп жатты.

Демежан өз ауылында басталған ойын-тамашаны тежемей, жарты ай бойы сауық құрды. Өнерпаз жастар ортасында Бибінің де көңілін көтеріп, өзі де дүниенің кір-қоқысынан тазарғандай бір серпіліп қалып еді. Бұл күндері Демежан қасындағы өнерлі жастарды маңайдағы дәмелі қыз-жігіттер өз ауылдарына шақырып, жайлау қызығын одан ары жалғастыра түскен. Бұрын мұндай дыр-думанға бой ұра бермейтін Керімбайдың өзі де жас конактарды үлкен ауылға шақыртып, бірер күн солардың өнерін қызықтады... Сонымен биылғы жайлау үстін жас дауыска, ән мен жырға бөлеген қалірлі конақтардың қош-қош айтып, тарайтын мезгілі де жақындап еді.

Қызылбаланың Ысқағы желіккен жастармен бірге әуліпп жүре бергісі келмеді ме, әлде Демежанға көрсеткен қыры ма, осыдан бір апта бұрын рұқсат сұрап, өз аулына қайтып кеткен. Онын әлдебір тығыз шаруамен жүргені рас болды. Аттанар алдында Демежанды онаша шығарып, өзінін әдейі келген бұйымтайын айтты Ысқақ мансап сұрай келіпті: Аз ауыл Шөтіктін қазіргі зәңгісі Желдібай деген біртоға, момын кісі еді. Соны орнынан түсіріп, зәңгілікті маған алып беріңіз деп, катты қалалып отыр. Бірдемеге шұғыл кіріскенде шырайы сұрланып, екі көзі шоктай жанып кетеді екен Осы жолы сұрағанымды бересің, не ағайындыктан кетісеміз деп, салмағын сала, аманатын арта келген адамның сиқы.

Демежан таңданып калды. «Осылар бесіктен бөлі шыкпай жатып, шен-шекпенге неге сонша құмартады екен? — деп ойлады ішінен. — Сонда не істемек? Халқына қандай өнер шашпақ?» Сол ойын акыры сыртка шығарды.

— Ал, Ысқақ, сен ертең зәңгі болдың делік. Сонда не істемек ойың бар? — деді оның шеке тамыры білеуленген, шұғыныктай күрең жүзіне карап отырып. — Сол елге ала-бөтен істейтін жақсылығың, мазалап жүрген мақсатың бар ма?

Ысқақ сөз төркінін түсінбеді ме, таңданғандай мұның бетіне ажырая қарады:

— Не істеуші ем? Сол Желдібайдың атқарып жүрген шаруасы менің де қолымнан келеді. Қайта оған қарағанда, менің білімім, хат сауатым бар.

— Білім, сауатың да, пысықтығың да жетіп түр, оған дауым жоқ. Алып кел, шауып келге жарайтын жігіт толып жатыр қазір.. Бірақ біздің халыққа қазір не керек? Соны білесің бе? Осы елдің жыртығына жамау, талған өзегіне талғажау бола аласың ба?

— Алдымен қолыма билік беріп көрсенізші. Сонан кейін сынап байқарсыз, — деді Ысқақ сызданынқырап. — Шихалдай қарсы емес... Тек үкірдай мен сіздің келісіміңіз болса жетіп жатыр.

Бұлар үй сыртындағы көгалда малдастарын құрып, оңаша отырған-ды.

— Халдайға жағу — халыққа жағу емес қой, шырағым, — деп Демежан етегін қағып тұрып кетті. — Билік екі жүзді қылыш сияқты, оны ұстай білетін адам болмаса: не өзі арандайды, не елді арандатады.

— Бәсе, осылай деріңізді біліп ем... Біліп ем! — деп Ысқақ та қанын ішіне тартып, орнынан тұра берді. — Кісі кейде ағайыннан береді деп сұрамайды, бетін ашып алу үшін әдейі сұрайды. Міне, бетіміз ашылды .. Сенгеніңіз — Ши-амбы ғой. Ол да мәңгі тұрмас. Мың асканға бір тоскан табылар.

— Дүниені мүйізімен тіреп тұрған көк өгіз сен болсаң, қайтейін, менің үстіме тастап жіберерсің, — деді Демежан да райынан қайтпай. — Шихалдайына айта бар: ши арасынан су жүгіртіп, ел ішіне бүлік салғанын қойсын. Бұл елге қандай зәңгі керек екенін Шихалдай шешпейді, халық шешеді.

Арадағы әңгіме осымен бітті де, Ысқақ сол күні қош айтпастан аттанып кетті. Ішіне кара қазандай кек жинап, жауласып кеткені белгілі. Сонымен тағы бір бүлік басы, айықпас араздық жон көрсетті Таразының халдайлар жақ басына тағы бір тастың түскені анық...

«Демежан менен тәуір қызметті қызғанады. Зәңгілікке қолы жетсе, кейін үкірдайлық орынға таласады деп қорқады, —

деп ойлады Ысқақ былай шыға бере. — Біздің қазақты көктетпей жүрген — осы қызғаныш, осы іштарлық қой... Өзінше, артына қарамай, Шихалдаймен тіреспек. Қарай гөр... «Ажалы жеткен тышқан мысықтың құйрығын шұқып ойнайды» дегеннің кері де мұнықі. Осы бетім дұрыс. Мен мұның артына Шихалдайды салып көрейін. Халдайлардың бетін бері каратып алсам, қара қазақ қайда барады?»

Ал өзі осы сәтте Демежанды атарға ок таппай, керемет жек көріп кетті. Ысқақ оны бұрын да жек көретін. Тіпті Демежанның әлі беті-жүзін көрмей тұрғанда, оған бала кезінен-ак жауығып алған. Олай болуына осы жүрген ел кінәлы, өз әкесі Қызылбала кінәлы... Бәрінің де аузының суы құрып, мактайтыны — Демежан. Екі сөздерінің бірінде «шіркін, Керімбайдың каладағы ұлы-ай! — деседі. — Ұлықтың оң колы, Шиамбының оң тізесін басып отырған ен беделді көмекшісі екен, — деседі. — Тусаң солай ту, ұл боп ту... Ел үшін еніреп туған азаматым, асыл затым — сол Демежан! — деседі. — Ертең ел түткасын ұстап, бүкіл қазақты билейтін де сол Демежан болады» деседі... Аяғың қылдан тайып кетсе, сол Керімбай баласын үлгі етеді. Әкесі Қызылбала кит етсе Демежанды айтып, мұның миын шұқиды. Демежанның қасында басқалар бейне адам емес, жай бір жем теріп жүрген жәндік сиякты...

Ысқақ мұндай сөзді осыдан көп жыл бұрын тіпті бала күнінен естіп келеді. Демежан туралы көп айтылатыны сонша, бұл оған басында сырттай жауығып жүрді. Оның қандай адам екенін көрмей-білмей тұрып-ақ қаны қатып қалған. Демежанға зығырданы қайнап, ыза буған кезде: «Әй, сол немені бір көрсем-ау» дейтін. Көрді. Алғаш рет осыдан жеті-сегіз жыл бұрын, түңғыш үкірдайлар сайлауы кезінде көрген... Бірақ іштегі мұзы бәрібір жібімеді. Демежанның білім-беделін былай қойып, сырт тұлғасы өзінен әлдекайда биік, екі иығына екі кісі мінгендей, нар жігіт екенін көргенде, қаны басына шауып, ішінде алай-дүлей боран соғып өткендей болған. «Иә, жұрттың айтқаны рас екен, бұл барда бізге күн жоқ екен» деп ойлаған ішінен... Сол күннен бастап оны бұрынғыдан арман жек көріп кетті. Жек көру деген аз, қырсық жауым, қызыл көз пәлем осы деп, мүлде өшігіп алды. Сол іштей арбасу, іштей өшігу күні бүгінге дейін созылып келеді.

«Қой, мен бұл бетімде ауылға бармайын, — деп ойлады Ысқақ бір-екі қырканы асып түскен кезде. — Үйдің іші мені

қазір Демежаннын аулында жүр деп ойлайды. Осы пүрсатты пайдаланып, мен неге қалаға тартып кетпеймін? Демежаннын әнеугүннен бергі айтқан сөзін, істеген қылығын Шихалдайға неге жеткізбеймін?»

Ол, шынында да, солай істеді. Атынын басын кері бұрып алды да, Қараүнгір аңғарын бойлап, Шәуешекке карай шоқырактап шаба жөнелді...

Ал Ысқақтың ішінде осындай «ит өліп» жатканын Демежан да ішкі бір түйсікпен аңғарғандай болушы еді. Арадағы осы әңгімеден кейін өзін бір түрлі жайсыз сезініп жүрді. Бүйрегінде тас байланған адамдай кабағын кірбең шалып, шытына береді. Дүниеде өзінді шын жаксы көретін бір адамның барын сезіну кандай рахат болса, өзінді өлердей жек көретін біреудің жер басып жүргенін мойындау да сондай ауыр еді... Ал маңайында өзін корғап-коршайтын, жағаттас адамдардың мүлде аз екенін ойлағанда, көңілі тіпті құлазып кетті. Рас, қазір аюдай ақырған әкесі бар касында. Сол кісінің ығында жүріп, көп нәрсенің байыбына бара бермепті ғой бұл. Ертең әкелер дәурені өтіп, өз басы жаңағы Ысқактармен алысатын күн туғанда, ең ақырына дейін табаны таймай, касында калатын кім бар?

Жастар тобы ертең кайтамыз деген күні, Демежан Күдеріні оңаша шақырып алып, әңгімеге тартты. Ел ішінің бүгінгі жағдайына, ағайын арасының ала ауыздығына токтала келіп, сөз аяғын мұндайда ер-азаматтың алдында қандай максат болуы керек дегенге тіреген.

— Сенің казіргі әнің де, сәнің де жақсы-ау, жігітім. Өз еліңе өнермен үлгі шашамын, көзін ашамын дегенінді де құптаймын. Шіркін, ел ыргесі бүтін болып, уайым-қайғы жок болып, басында қой үстіне бозторғай жұмырткалаған мамыржай заман түрса, сән түзеп, сауық құрғанға не жетсін, — деп аз бөгеліс жасады. — Бірақ дәл казір сен маған салған әніңнен гөрі бір елдің бас көтерер азаматы, соңымыздан ерген іні-серік ретінде көбірек кажетсің... Өзің болсаң күні кеше бүкіл ел ардактаған касиетті кара шаңырақта отырсың. Осының өзіақ ер жігітке кандай міндет жүктейтінін білесің бе?

— Толық біліп кетпесем де, сезетін сияктымын, — деді Күдері сәл езу тартып.

— Сезсең тіпті жақсы. Мен саған азамат бол дегенде, білек сыбанып билікке талас, ана Ысқак сияқты шер құмарын шеншекпен болсын деп отырғам жок. Жігіттің басы сыйлы бол-

са, атақ-дәреже өзі келіп табады. Ер-азамат ең алдымен адамгершілік, ізгілік жолын қуса жарасады. Шаман келсе, өз еліне зәредей болса да жақсылық жасаудың қамын ойла Сенің әкең Сымайыл зәңгі, міне, осындай адам болатын. Ол кісінің баяғыда Қайыңбайдың еншісіне мал алуға да, алтын-күміс алуға да қызықпай, Ши-амбыдан бір тоған су сұрап алғаны қандай көрегендік десейші! Қалай, қазір зәңгі әперген сол суға егін салып, игілігін көріп жүрген ешкім бар ма?

— О не дегеніңіз, Демежан аға. Біздің ел жер тырмалауға әбден төселіп алды, — деді Күдері барынша байсалды сөйлеуге тырысып. — Жыл сайын Аркарлы мен Үштөбенің кең жазығына қырық-елу қос егін салынады. Мен өзім де биыл екі қос жерге дән септіріп тастағанмын. Қазір егіннің алды екі рет су ішіп, қар суымен ерте салынғаны бас жарып, мойын соза бастады.

Демежан разы боп қалды. Жас жігіт ештеңені ойламай, есерлікпен ел қыдырып кетті ме деп еді. Жоқ, олай емес, шаруашылық жайын да бес саусақтай біліп тұр. Күдерінің жүріс-тұрысы, сөз сөйлеуі өте орнықты, жақсы туыс белгісін танытады.

— Оларын жақсы екен, — деді Демежан өз ойын сабақтай түсіп. — Сол кәсіптен енді айрылмаңдар. Мал сауғаннан жер сауған озатын заман келді ғой қазір. Естіген шығарсың: Боздаққа мен де зәйімке салдырып, егін ектіріп жатырмын.

— Естідім. Қалың ел бұл күнде тек сізді әңгіме қылады, — деді Күдері. — Мен де ел ішіне Ыбырай ноғайды әдейі шақырып отырмын. Ел-жұрт көрсін, озық халықтан өнеге алсын... Оның да түбі біздің жаққа зәйімке салатын ойы бар.

— Мейлі, сала берсін... осы елді отырықшылыққа бастайтын әрекеттің бәрін де құптау керек. Биылдан бастап әр зәңгі елдің ортасына бірден мешіт салдырсақ па деп отырмыз. Сібетеге салынатын мешітті сен өз міндетіңе алсаң қайтеді.

— Жарайды. Ыбырай маған шет жағасын айтқан, — деді Күдері. — Ол тіпті «мешіт салсаң, имам жағын уайымдама. Татар молдасының бірін қолынан жетектеп әкеліп беремін», — деп отыр.

— Ендеше, осы шаруаға өзің мұрындық бол. Бәрі де кейінгі ұрпақтың қамы ғой... Бәрі өтеді, бәрі тозады. Егер күндердің күнінде «Күдері мешіті» деген белгі қалса, ең үлкен ескерткіш сол болады, — деп Демежан жас жігіттің арқасынан қағып, көтер-

мелеп қойды. — Беу, айтпақшы, сенің осы келіншек алатын ойың бар ма? Әлде осылай салдық құрып жүре бермексің бе?

Күлері әлденеден қысылғандай, көзін төмен салып, қызарып кетті.

– Соның реті келмей түр-ау, Демежан аға.

— Неге? Саған лайық қыз жоқ па бұл маңайда?

— Қыз көп қой... Бірақ менің аяғым шырмаулы болып, діңкені құртып тұрған жоқ па. Әкеміз ертеректе біреуге құда түсіп, қалың малын төлеп қойған екен. Көзінің тірісінде ол келінін түсіре алмай кетті ғой.

— Онда не бөгеліс бар? Қалың малы төленсе, қалыңдығын он жақта бойжетіп отырса, ондай келінді зарықтырмай, алып келмейсің бе?

— Бірақ сол қалындығы түскір бүркіттің ұясындай қол жетпес киын жерде қалып тұр ғой, Демежан аға...

— «Қол жетпегені» қалай? Бермейміз дей ме?

— Береді ғой... Қайын жұртымыз шекараның ар жағында еді, кейін қоныс аударып, Зайсан төңірегіне көшіп кетіпті.

— Сол да сөз бе екен? Ауыл арасы алыстап кетті деп, жетіп отырған жесірімізді қоя беруіміз керек пе? — деді Демежан қызуланып. — Төртуылдың мырзасына қыз бермейтін ол кім екен соншалық? Қай ру еді өздері?

— Жұмық қой. Жұмық ішінде Сайболат. Ол жаққа бару үшін консулдан қағаз алу керек дей ме, әйтеуір машақаты көп. Сол қызды құдайға тапсырып, осы жақтан бірдене қарастырайық десем, апам көнбейді.

— Жоқ, бұл болмайды екен. Апаңдікі дұрыс... Жесірімізді жіберсек, ертең сүйекке таңба түсетінін біліп отыр ол кісі, — деп Демежан енді әлденеге бел байлағандай істі жеделдетіп жіберді. — Айтолқын апама, ауылдағы баска үлкендерге менен сәлем айт: амандық болса осы күзде құдаларға барып, келінді алып қайтамыз. «Әкесі болса өлді, жетім бала жесірін іздей коймас» деп құдалар жағы әдейі созып жүрген болды ғой, шамасы. Ерегескенде, бас құда боп соларға өзім барамын.

— Әлгі рұқсат қағазды қайтеміз?

— Оған қам жеме. Консулмен сөйлесіп, қағаз әперуді менак мойныма алайын.

— Ракмет, Демежан аға! — жас жігіттің өні кіріп, иығы көтеріліп қалды.

— «Рақметті» қоя тұр. Оны кейін келіншек алған соң айтасың ғой, — деп Демежан көңілдене күлді.

Сол күні Бибінің отауында соңғы рет отырыс жасап, қоштасу кешін өткізген жастар ертенінде жан-жаққа тарайтын болды. Ыбырай қасына ерген жолдастарымен Шәуешекке қайтса, Күдері өз нөкерімен тау қыркалап, Қаражалға қарай тіке тартпақ. Күдері мен Ыбырай осында келгелі бір-біріне қатты бауыр басып, достасып кетіп еді. Күдерінің еркіне салса, Ыбырайды осы жолы өз еліне ертіп кетпек болатын. Бірақ татар мырзасы қалада тығыз жұмыстарының барын айтып, зорға рұқсат алды.

Демежан дәл жүрер алдында бұл екі жігіттің әркайсысына бір-бір ат мінгізген.

— Сен де бір атаның баласы едің. Сөге жамандамай, нағашы жұртыңа разы боп қайт, — деп Ыбырайды қолтығынан алып өзі аттандырды.

— Рақмет, Демежан әпенді. Бибі жеңгей мен сіздің алдыңызда бек қарыздармын. Қандай құрмет, қандай сый көрдік сіздерден... Енді шаһарға келсеңіз, басқа жаққа бұрылмай, тура біздің қораға түсесіз, — деп Ыбырай да ризашылығын айтып тауыса алмай жатыр.

Бұл кезде Күдеріні қоршаған жастар ортасында Бибі жүр еді. Аттанарда жас жігіттің шылбырын өзі ұстап, күміс ертоқымды күрең жорғаны көлденең тарта берді.

— Асыл қайным-ай, жанымыз жабыркап, жүдеу тартып жүрген кезімізде, әніңмен, сәніңмен келіп, ағаң екеумізді бір сергітіп кеттің-ау... Қайда жүрсең аман бол, айналайын, жолдасың қызыр болсын! — деп қолтығынан демеп атқа қондырды.

Күдері де осынау аға-женге, дос-жаранмен қоштасар қимас сәтте томағасын алған бүкіттей дүр сілкініп, шын шабыт үстінде тұр еді. Ат үстіне қона бере, бөгелместен бір ауыз өлең айтты:

Қуаныш — құйып өткен ол бір нөсер,
Бұл дәурен баста тұрмас әлі-ақ көшер.
Бибідей асыл женге ақ тілеуі —
Болса екен қайнысына тұсау кесер!

Күдері осыны айтқан сон көп кідірген жоқ. Күрең бестісін тайпалтып, топ алдына түсті де, ауыл сыртындағы көк жотаны бауырлап, шығысқа қарай тартып бара жатты. Былай шыға

тін-ді. Кейбіреулерімен қызметтес, табақтас болғаны да бар. Бір кезде солардың қай-қайсысы да тастары өрге домалап тұрған, беттеріне жан қаратпайтын, шетінен көкжал төрелер болатын. Сол аксүйек бекзадалардың басына бұлт үйіріліп. өз жандарын қорғай алмауы — демек империяның да басынан бақ тайып, құрып бітуге айналғаны ғой. Егер мұның жұлдызы оңынан туған шын бақытты жан екені рас болса, империяның күйреп, шаңырағы ортасына түскен сол бір қаралы күнді көрмей-ақ, ертерек жолға түскені жөн...

«Демек, шалқайдағы Тарбағатай аймағы — менің жай қызмет орным ғана емес, тұтас тағдырым екен-ау? — деп түйді Әмірші өзінің кабинетінде оңаша отырып. — Дүниеде Ши-амбы деген біреу барын орталықта отырғандар әлдекашан ұмыткан шығар. Енді мені жақсылайтын да, жамандайтын да, өлгеннен кейін жылы көңілмен еске алатын да — осы аймақтың адамдары болмақ. Сондықтан өз өмірімде бір той өткеріп, әл-қуатымның барында осы елмен жақсылап бір қоштасқаным дұрыс болар».

Ұзақ жыл көшпенділер ортасында өмір кешкендіктен, Ши-амбының бойында казактан жүккан да көп мінездер бар еді. Онын ағыл-тегіл той жасап, бір шашылғысы келуі де — сол казақы мінездің нышаны. Осы елдің өз байлығын өзінен аясын ба, жұрт калағанынша ішіп-жеп, сауық-сайран құрып, кейін айта жүретіндей бір көңілді жиын болсын деген.

Бүгін ол алдағы салтанатка шақырылатын адамдардың тізімін қарап отыр еді. Қырдағы төрт үкірдай ел казак пен бір үкірдай ел қалмақтың игі жақсыларына түгел сауын айтылмақ. Олардан басқа осы маңайдағы маньчжур мен сібе-соланның басты адамдары — халдайлар, қаладағы орыс консулы бастаткан ресейлік ірі саудагерлер катысады. Дастарканға отыратындардың жиын саны мыңнан кем түспес... Мерекенің өту тәртібі қазақтың ас пен тойына ұқсап кетіп жүрмей ме? Мейлі, солай-ак болсын. Тойды басқаруды үкірдайлардың өздеріне тапсырады. Ал бас асабалыкка Демежаннан ыңғайлы ешкім болмас. Төртуылдың бұл үкірдайы казір өте көнілді жүр... Бет-бедел жағынан бұл аймақта оның алдына түсетін кім бар, шынында?!

Тізімнің аяк шенінде жана байып, қоттанып келе жаткан бірнеше кытай саудагерлері тіркеліпті. Ши-амбы солардың тұсына келгенде сәл ойланып қалды да: «Мейлі, түптің түбінде

ел иесі осылар ғой. Бұлардың да қатысқаны жөн» деп шешті ақыры. Ешкімнің де бұған өкпе-наласы болмасын... Сөйтіп отырғанда есіне әлдекалай Ли-шансың орала кетті. «Ой-я, бұл байғұсты мүлде ұмытып кете жаздаппын-ау! Қазір соның күйі не болып жүр екен өзі?» деп ойлады ішінен. Тізімнің ең соңына үш иероглифтан тұратын Ли-шансыңның атын бадырайтып жазды да, қағаздың аяғына өзі қол қойды

II

Жердің көгі жетіліп, ел жайлауға шығар алдында, Шәуешек қаласы жасыл нұға оранып, жас арудай жасанып тұрған бір шақта, жұрт аузында көптен сөз болып жүрген сол тойдың да өтетін мерзімі жетіп еді.

Той негізінен жаңа жамбылдың ішінде өтуге тиіс. Әр қабырғасының ұзындығы бір шақырымнан асатын, үстінен жүкті арба еркін жүре беретіндей, қалың дуалды, мықты бекініс қазір саңғырап дайын тұр. Батысы мен шығыс кіре берісінде қарулы күзет тұратын ауыр шойын қақпалары, бұрыш-бұрышында қарауыл мұнаралары мен айнала дөңгесінде атыс ұялары бар, айналасы ат шаптырым алып қорғанның дәл ортасын жанағы қақпалардан кіретін күре жол жарып өтеді. Сол жолдың теріскей жақ жартысына үкімет кеңселері, ұлықтар тұратын үйлер түскен-ді. Жақында Ши-амбы бастаткан аймақ әкімдері жаңа конысқа көшіп те алған. Солардың қауіпсіздігін сақтайтын қала гарнизоны мен қорған ішіндегі қорған сияқты, коршауы бөлек, темір қақпалы түрме де бекіністің осы жақ капталында.

Ал қорғанның түстік жағы әзірше ештеңе салына коймай, теп-тегіс жасыл алаң күйінде бос жатыр еді. Той қарсаңында сол алаңға қаз-қатар көше тәріздендіріп, қырық-елу үй тігілді. Бұлардың бәрі де әр үкірдай елден таңдап әкелінген оюөрнекті, әлі қылау шалмаған аппақ отаулар. Қала мен далалардан шақырылған құрметті конақтарын аймақ әміршісі, міне, осы арада күтіп алмақ.

Жұмсалып жаткан қаржы, төгіліп жаткан дәулетте есеп жоқ. Қазір мемлекет қазынасы қайсы, Ши-амбының өз меншігі қайсы, ажырату қиын боп, ара-жігі косылып кеткен. Соңша жылдан бері түс-түстан науалап құйылған ең байлықты

аясын ба: осында әнеугүннен бері әлденеше ту бие, ту сиыр, көп-көп қойлар сойылып, соны пісіріп-түсіруге қала мен қырдың бармағынан бал тамған небір шебер аспаздары келіп орнағанына да едәуір уақыт болған.

Белгіленген мерзімде тойға шақырылғандар қалаға топ-тобымен ошарылып келіп жатты. Төрт үкірдай ел қазақ пен бір үкірдай ел қалмақтың зәңгі, елубасы, старшын-билері тайлы-таяғы қалмай түгел келіпті. Ши-амбыдай ұлықтың тойына барудың өзі бір үлкен дәреже секілді. Және солардың бәрі де құр қол емес, жана жамбылдың көрімдігі, әміршінің қуанышына қосқанымыз деп, тоғыз-тоғыздан сый-сыяпат, тарту-таралғы әкеліп жатыр. Айғыр үйірімен жылқы, тайтұяқ жамбы, сәйгүлік ат әкелгендер қаншама. Кіріс-шығысты шағып есептесең, сырттан құйылып жаткан тойлық-сыйлықтар той шығынын он есе орап алатыны даусыз еді. Той дегені жай сылтау, мұның өзі жеп қалудың, асап қалудың амалы десе де болғандай. Халықтың сүт бетінде қаймағын, қолындағы жылтырағын сыпырып алғысы келгенде, хан-төрелердің осылай той өткізе қоятын әдеті емес пе.

Қазіргі үкірдайлардың дені кейінгі буыннан шыққан жас жігіттер. Жас буыннан билікке алдымен келген Демежан еді. Соның артынан көп кешікпей, Жұмықтың үкірдайы Еңсе көзінің тірісінде-ақ өз орнын баласы Танғытқа түсіп берген. Бұл күнде үкірдайлардың ең жасы да — жиырма беске жана келген сол Танғыт болатын. Мәмбеттің тұңғыш үкірдайы Жалбағай өлген соң, оның орнына екі-үш жылдай Түйеші отырып еді. Өткен сайлауда билік басына баяғы Отыншы бидің немересі Шәйі келіп орнықты. Ал Тарбағатай өніріндегі он сүм ойраттың тізгіні соңғы жылдары қағылез жас жігіт Маданның қолына өткен. Бұл жас үкірдайлар да ұлыққа жағып қалатын, көрініп қалатын тұсым осы деп, мол-мол сыйлықтармен келген.

Бұлардың арасында ауыспай ескіден келе жатқаны — Керейдің үкірдайы Мамырбек қана. Бүл күнде жасы алпысқа таяп қалған Мамырбек төре кілең жастардың арасында бір түрлі одағайланып, оқшау көрінеді. Оның да билікті басқа біреулер тартып алмай тұрғанда, өз орнын үлкен ұлы Түрысбекке өткізетін ойы бар секілді. Бірақ олай етуге әзірше ел ішіндегі қырқыскан билік таласы мүмкіндік бермей жүр. Қазір төре десе күлдық ұрып тұратын баяғы момын Керей жоқ.

Жуан ата Жантекей, Шеруші, Меркіттен шыққан: Көбен, Отаршы, Шөкібай сияқты азулы аткамінерлер үкірдайлық мансап Мамырбектің тақымынан сәл босаса болғаны, қапысын тауып, жұлып әкетуге дайын тұр.

Дегенмен, арыдан ойлайтын әккі төре осы жолы ұлықтың пейілі түсіп тұрған көңілді шағын пайдаланып, өзінің көптен ойында жүрген сол шаруасын тындырып қайтуға бел байлаған. Әр қадамын аңдыған Керейдің бақталас жуандарын секем алдырмау үшін, осы тойға келгенде көзге түсетін ештеңе әкелмей, ұлыққа деген сыйлығын жасырын жолмен жіңішкелеп өткізіпті. Бодауына кейін жүз елу жылқы беретін болып, қаладағы Ыбырай байбатшаның қоймасынан елу күміс жамбыны санап алыпты да, Ши-амбыға өз қолымен тарту етіпті. Жамбыны арбаға тиеп, астыртын әкелісіп берген адам — Бабалық екен. Сол кеше той басталар алдында Демежанға жолығып, осының бәрін сыр қылып айтып еді.

Қазір Мамырбекте сондай бір астыртын әрекет бары рас секілді. Бұрын үнемі салқын қабақ танытып, сырттай сызданып жүретін төренің бұл жолы Демежанға деген шырайы да түзеліп қапты. Жасы, жолы үлкен болса да, кеше бұған жалбарақтап, өзі келіп амандасты.

Өткен қыста Демежан салбурынмен Барлыққа бүркіт сала барғанда, Мамырбектің «Көкбалақ» аталатын атақты қыранына көзі түсіп, сол бүркітін сұрап кісі салған-ды. Онда да құсбегілердің қыздырмасымен, бүркітті берсе берер, бермесе арамыз күлбілтеленбей ашық жүрсін деген оймен, жәй немкетті сәлем жолдаған. Бірақ Мамырбек қыранын қимай, «баламның бәсіре құсы еді» деп, жіберген адамын құр қайтарыпты. Демежан сол үшін көп күйінді болмай, оны әлдекашан ұмытып та кеткен. Енді, міне, сол қылығына кешірім сұрағандай, бүркіттің жайын Мамырбектің өзі еске салып тұр.

— Биыл «Көкбалақтың» бабы ойдағыдай. Амандық болса күзге дейін түлектен өткізіп, зар күйіне келтіремін де, өз қолыңа табыс етемін. Ол қыраннын ендігі қызығын өзің көресің, — дейді арада ештеңе болмағандай.

Демежан бұл арада көп шешіліп сөйлеген жоқ, төреге жай алғыс айтты да қойды. Мамырбектің де арғы ойы белгілі: ұлықтын көмейін канша тығындағанымен, өз ұлының үкірдайлық орынға Демежансыз өтпейтінін біледі. Ши-амбы өз жұмысын жеңілдету үшін, соңғы жылдары қазақ арасының

көп білігін Демежанға беріп қойған-ды. Сайланатын үкірдай, зәңгі, елубасылар алдымен осының мақұлдауынан өтуі керек. Сондықтан қазір жалғыз Төртуыл ғана емес, былайғы Мәмбет, Жұмық, Керей жуандары да Демежанмен санаспай тұра алмайды. Ши-амбының бүкіл қазақ, қалмақ, сарт-ноғай, сібе-солан қатыскан мына тойдың тізгінін баска емес, Демежанға ұстатуы да жұрт алдында оның атак-абыройын асыра түскен.

Бірақ дәл қазір Демежанның рухын үстем етіп, мерейін, тасытып тұрған — шексіз билік те, шен-шекпен де емес, мүлде баска қуаныш. Осы жақында ғана көптен жанын жегідей жеп, маза бермей жүрген бір арманы орындалды. Ши-амбынын өзіне деген ерекше ықыласын, биылғы мереке қарсаңындағы шадыман шағын пайдаланып, Абдыра мен Қараүңгір өзендерінен тартылатын екі тоған суға қағаз жасатып, оны Іле жаңжұнына бекіттіріп алды. Көп қиындықпен, ұзақ жылғы айтыс-тартыспен қолға түскен сол құжат қазір мұның омырау калтасында тұр. Осы сәтте Демежанның көкірегін ду-ду қыздырып, көңілін көкке ұшырған сом олжасы, үлкен қуаныш-жеңісі де сол құжат-қағаздар болатын.

Той мерекесі кешелер басталған Кеше қыр елінен келген сый кісілер осында өздеріне бөлінген үйлерге түсіп, конақасыларын жеп, дуылдасып жатты да, бүгін таңертеннен бастап, қаланың батыс жағындағы Бәйге-төбеге барып, ат шабысы, палуан күресі, жамбы ату, теңге ілу секілді әр түрлі ойындарды тамашалады. Ішкеріден аспалы арканның үстінен жорғалайтын, маймыл ойнатып, жылан билететін сикыршылар келген екен, көпшілік қауым солардың өнерін көріп есі кетті Енді, міне, түс ауа қонақтар жаңа жамбылдың ішіне қайта жиналып жатыр. Осы арада ұлықтың салтанатты дастарканынан соңғы рет дәм татып, тойтаркар отырыс жасамақ.

Демежан қазір қасына Шәйі, Таңғыт, Мадан сиякты жас үкірдайлар мен сібе-соланның басшысы Шихалдайды алып, тойға келген әр рудың адамдарын қарсылап тұрған-ды. Осындағы көмекші-даяшы жігіттерге қыска-қыска бұйрық айтып, ел-елден келген қонақтарды өздеріне бөлінген үйлерге жекежеке түсіртіп жатыр. Бұлардын сыртында қаланың бай саудагерлері, орыс елшілігінен шақырылған кісілер, халдайларын алдына сала келген сібе-солан әулеті де бар. Оларды да отыратын орны, ішіп-жейтін ас суына қарай бөлек-бөлек жайғастыруға тура келеді... Ши-амбыға қолы жетпегендер ал-

дымен Демежан бастаған осы топка сәлем беріп, тойға «құтты болсын» айтып, сонан кейін ғана үй-үйлерге беттеп барады.

Мәмбеттің үкірдайы Шәйі Демежанмен құрдас, екеуі катты калжыңдаса беруші еді. Сол Шәйі тілін шайнанқырап, баппен сөйлейтін әдетімен осы арада тұрып, бір окшау әзіл айтты.

— Кешеден бергі ұлы жиын өзінше бір ас сиякты болды-ау. Бұл Құлыстайда исі қазақ қана емес, өзге де ұлт-ұлыстардың басын коскан бұрынды-соңды дәл мұндай дүбірлі той болды ма екен?.. Ши-амбы саған екі дүниеде разы шығар, Демежан. Осы сен өкіл әкеңнің асын көзі тірісінде-ак өткеріп жіберейін деп тұрған жоксың ба?! — деп өзі де күліп, басқаларды да ду күлдірген.

Бұл сөздің төркінінде: «Ши-амбыға бізден гөрі сен жакынсың. Сонын тәрбие-тәлімін сен көп көргенсін» деген астарлы ажуа да жатыр еді. Демежан сөз уытын бойына дарытпай, іле жауап катты.

— Ши-амбы маған өкіл әке болғанда, сенін де бөтенің емес-ау, Шәйі. Бөтенің болса Мәмбеттің калың көкала жылкысын айдап, дәл бұлай шабылар ма едің? — деп бір күліп алды да, Шәйінің қызарып кеткенін сезіп, сөз аяғын әзілге сүйеп, жуып-шайған болды. — Бірак, не десең де, осы шалдың кадірін өлгеннен кейін бір-ак біліп жүрмейік. «Қайран, кең колтык атам-ау» деп нағыз жылайтын кезің әлі алда, — деген-ді.

Оны касында тұрған калмак үкірдайы Мадан іле костады.

— Рас айтасыз. Осы шалдың қадамы әзірше қазақ-калмакка құт болып тұр-ау. Мұның орнында әпербакан, ұрда-жық біреу отырса қайтер едік, — деп түрі калмактан гөрі казакка келіңкірейтін, шарға бойлы, ак құба жігіт өзінше бір ой тастады.

Осы кезде бұлардың касына каптал шапанды, шошак тымақты бір топ адам жакындап келе жатты. Төртуылдың ру басы зәнгілері. Араларында Ежебай, Көксеген, Тыныбай, Мәжендерден басқа, Ыскак, Байсерке сиякты жас аткамінерлер де бар. Бұл келгендер өзге үкірдайларға кол беріп, амандасты да, Демежанды өзімсініп онашалай берді. Өздері жеке бір топ болып, өзге жұртка бір жон көрсетіп калу үшін әдейі келген сиякты. Карт Ежебай басқалар естісін дегендей, санқылдай сөйлеп:

— Ал той құтты болсын, Демежан шырағым! Ши-амбыға біздің колымыз жете бермес. Бірак бұл тойдың бас иесі де, ұлыктың оң көзі де өзін боп тұрсын ғой қазір. Қайырлы бол-

сынды саған айтсақ та жетер... Бұл да атаның аруағына, біздің Төртекене қонған бір бақ шығар. Иләйім, құдай-тағала осы абыройдан айырмасын! — деп өзінше бір шүкірана сөз айтып, бата бергендей болды.

— Аумин, айтқаныңыз келсін. Бірақ бұл менің қуанышым емес, ұлықтың тойы ғой, Ежеке-ау, — деп Демежан жымиып күлді. — Біздікі жай тік тұрып қызмет көрсету ғана...

— Е, тәйірі, бәрібір емес пе. Бұл күнде Ши-амбы екеуінді бөлетін кім бар? — деп Ежебай өз тобын бастап киіз үйлерге қарай бет алды

Соңғы жылдары Төртуыл іші өзара ымыра-бітімге келгендей бір дүмбілез күйде еді. Демежанның қарғыс жетпес, тым биікке көтеріліп кеткенін сезген ел жуандары оның артынан жұдырық түйіп, күңкіл-күбір өсек таратуды азайтып, амал жоқ, оның қанатының астына қайта жинала бастаған. Ана жылы Керімбай өлімі үстінде Ысқақ аузынан айтылған ғайбат сөз кейін біраз әңгіме болып, оның ақыры Ысқақты әкеліп мұнын аяғына жығумен тынды да, бұдан ары Демежан да артық-ауысты жіпке тізіп, кек қуалап жатпады.

Оның есесіне, Демежан енді шындыққа кетіп еді. «Адам баласы дүниеге келгенде өз руының, ата-анасының кім болатынын таңдап алмайды ғой. Бұл да менің, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай, елден ерек бір болмысым шығар» деп өз тағдырына біржола мойын сұнған-ды. Жалған намысты былай жиып қойып, өзінің бұл елге жиен екенін, Төртуылдың қызынан туғанын жұрт алдында қасақана айтып жүретін болды. Осыдан көп жыл бұрын, бұл ес білмей тұрғанда қаза тапқан бақытсыз анасы Гүлдерайымның қабірін тауып, басына әшекейлеп тұрып күмбез орнаттырды. Қазір Қараүнгір өзенінің аңғарында тұрған сол биік күмбез «Қыз бейіті» аталады.

Демежан тіпті онымен де тоқтамай, өзінің дүниеге келуіне себепкер болған баяғы белгісіз Меркіт жігітіне де сұрау салып, көп іздестірген. Бірақ ол тірі қалмаған екен. Алтайға қайтып барған соң, алпысыншы жылдардағы дүрбелеңде жау қолынан қаза тапқаны анықталды... Ақиқатты тыққыштамай ашық айтқан жерде, сыпсың сөз, өсек-аяң да жайына қалады екен ғой. Қазір Демежанның ата-тегі, руы жөнінде неше алуан лақап тарататын ең желім ауыз өсекшінің сөзі де жаңалық болудан қалып, ешкім тыңдамайтын болып еді.

Бұл ағайындар да қызық қой. Төртуыл жуандары мұны Керейсің, кірмесін деп кемсітіп, шеткақпай, қысым көрсетіп жатқан сол бір тұста, Майлыдағы Керей ішінен Демежанға арнайы елші келіпті: «нағашы жұрты сыйдырмаса, өзімізге келсін. Қандас туысымызды далаға тастар жайымыз жоқ. Төртуылдың ішінде көзтүрткі болып жүргенше, өзіміздің Керейге келіп үкірдай болсын. Бізді тек мына Мамырбек төренің тепкісінен құткарса болғаны...» деп Керейдің иғі жақсылары сәлем айтыпты.

Бірақ Демежан бұған да еліге қоймады. Алыстан ізделіп келген туыстарына: «мен тіпті Төртуыл да, Керей де емеспін. Мен — бар болғаны адам баласымын. Ұлтым — қазақ, соны ғана білемін. Қолымнан келсе ісі қазаққа жақсылық жасағым келеді. Менде қазір одан басқа ұран да, ұғым да жоқ» деп сыпайы жауап қайтарған. Содан бері ол жақтағы ел де Керей ұранын шақырып, мазалағанын қойды...

Енді біраздан соң, қонақтар киіз үйлерге тегіс орналасып болған кезде, алдарына той сыбағасы — әр түрлі тағамдар тартыла бастаған. Не жоқ дейсің бұл дастарқан басында: қытайдың неше алуан қуырдағы мен сәйі, қазақтың қазы-қартасы, ұйғыр-өзбектің мәнтісі мен палауы қатар түзеп, бас түйістіргендей болып еді. Ақтарылып ішіліп жатқан саба-саба қымызда есеп жоқ. Қаланың қара таяғы мен бай саудагерлер, маньчжур, сібе-солаң түскен үйлерде арақ-шарап шөлмектері де сапқа тұрып, бір шетінен босап қайтып жатыр.

Өзге үйлерден оқшауырақ тігілген, сән-салтанаты ерекше, айналдыра биік үстел қойылған, сегіз қанат ақ үйде осы аймақтың басты адамдары отыр еді. Қақ төрдің төбесінде — той иесі Ши-амбының өзі. Оң жағында — орыс консулы Борнеман, сол жағында — Шихалдай. Солардың тізесін баса, екі жақ бүйірден Мамырбек, Демежан, Шәйі, Танғыт, Мадан үкірдайлар жайғасса, осыларға қарама-қарсы Бахалдай, Дохалдай, Кехалдай сиякты айдарлы алпауыттар орын алған. Рамазан Шәнішев, Мұрауыт бай, Хасен ақсақал. Ыбырай байбатша секілді қаланың ірі бай саудагерлері де осы ұлықтар қасында болатын. Жаңағы аталған ас-судың ең жылы-жұмсағы мен тәтті-дәмдісі алдымен осы үйдегілердің алдына тартылып, басқа үйлерге сонан кейін ғана кезек тиіп жатыр.

Ши-амбы соңғы жылдары сақал-шашы түгелге жуық ағарып, қатты толып, семіріп кеткен-ді. Іркіллеген төртпақ

денесі ашыған камырдай қабарып, оған бұғақты қыска мойын тұтасып, шар тәрізді домаланып қалған. Бүгін ол үстіне салтанат кезіндегідей екі өңірі мен етек-жеңіне қырғауыл бейнесі зерленген, көлкілдеген қызыл, сары жібек желен киіп, басына қызыл жақұт тасы бар. алтын зерлі, шошақ төбелі, айыр қалпақ қондырып алған екен. Мына қалпында қолдан үйіп, балшықтан соғып алған осы елдің пұт-құдайын еске салады. Ол қазір май баскан бітік көзін ашып-жұмып, алдындағы тамакка да бой салып кіріспей, конақтардың кошеметколпаш сөздеріне үнсіз құлақ қойған кейіпте, бір тәкаппар күйде отыр.

Ал Ши-амбының қасындағы сыптай денесіне ақ көйлек, кара фрак киген, биік жал тұмсығының үстіне алтын жиекті пенснесін қондырып, оқтау жұткандай сіресіп отырған консул Борнеман қазір мына топтың арасында мүлде бөлек, бейне басқа планеталан келген адам тәрізді. Окта-текте той иесіне жылы шыраймен жымия түсіп, жай тіл катканы болмаса, ол да сүйекке біткен сырбаздықпен пандана керіліп, әйелдің колындай салалы, аппақ саусақтарын алдындағы тағамға сирек созады.

Әсем өрнекті қытай хрусталынан жасалған әдемі ыдыстарға шарап толтырылып, конақтардың алдына түгел тарап болған кезде, Ши-амбы орнынан тұрды да, дастарқанның беташары ретінде, қыскаша сөз сөйледі. Ол екі империяның шекарасында тұрған осынау шалғайдағы Шәуешек шаһарының жыл өткен сайын көркейіп, өсіп келе жатканын баяндап келді де:

— Бірак, өздеріңіз білесіздер. біздің салтымызда бекініссіз кала — сауытсыз сарбаз секілді немесе әшекей тағынбаған әйел сиякты ма, әйтеуір, бірденесі жетпей тұрады. Міне, құрылысы ұзакка созылып, көп күттірген бекініс те салынып бітті. Енді Шәуешекті де нағыз қытай каласы деп ұялмай айтуға болады. Мен сол қамалдың алғашқы іргетасын өз колыммен қойып, сонғы кірпішін өз колыммен калағанымды мактаныш етемін. Және өзімнің жана ғасыр табалдырығына аман-есен жетіп, осынау той мерекесін сіздермен бірге тойлап отырғаныма өте бақыттымын! — дей келіп, осы бір түкпірдегі шағын калаға айрыкша көңіл бөліп, көз қырын салып отырған Еженхан мен Ак патшанын денсаулығына тост көтертті.

Сонан кейінгі сөз кезегі консул Борнеманға тиіп еді. Ол да екі ел арасындағы достықты, тату көршілік катынастың күн

санап дамып келе жатканын, күдіретті Ресей қашанда өз достарына қол ұшын беруге әзір екенін тәптіштей келіп, соның бір айғағы ретінде, былтыр ішкі өлкелердегі ихэтуаншылар бүлігін басуға орыс әскерінің де белсене атсалысқанын еске салып өтті. Сонан соң қасында отырған той иесіне қарап сәл иілді де:

— Қәнеки, мына тосты Еженханның осындағы төтенше өкілі, Тарбағатай және Алтай аймақтарының әміршісі, ширек ғасырдан бері қол астындағы барша халықтың қамқор әкесі боп келе жатқан біздің аяулы досымыз, ұлы мәртебелі Ши-амбы мырзаның денсаулығы үшін көтерейік, — деді сөзінің соңында.

Соны айтып, әлі де бұл елдің салтына ене қоймаған бір тәртіппен, қолындағы бокалды жұртпен жағалай сыңғыр-сыңғыр соғыстырды да, өзі тамшысын қалдырмай тартып жіберді. Басқалар да жапа-тармағай орындарынан тұрып, әркім алдындағы шараптан қалағанынша ауыз тиіп жатты

Бұдан кейін де той иесі Ши-амбыны мадақтаған, жаңа жамбылдың бітуімен құттықтаған қошемет сөздер көп айтылды. Халдайлар әулетінен Шихалдай, қазақтар атынан Мамырбек, қалмақ жұртынан Мадан, қала байларының арасынан Рамазан Шәнішев сөз ұстаған. Дастарқан басқарып отырған Демежан осыдан кейін ресми сөздерді доғарса да болар деген ойға келіп еді. Бірақ дәл қарсысына күбілей боп конжиып алған Дохалдай қайта-қайта сөз сұрап, қылқылдап қоймады. Ол қазір өзіне арнайы сөз бермеген той иесі Ши-амбыға да, асаба Демежанға да иттей жыны келіп отырған. Сол іштегі қыжылмен алдындағы ақырған қытай арағын бірнеше рет түбіне дейін тартып жіберген-ді. Дохалдай өзіне кезек келгенде әжептәуір қызу болатын. Төбе шашын тоқпақтай қып өріп тастаған, еңгезердей шойын қара өз сөзін маньчжурше бастап, одан қытайшаға ауысып, оның да иінін келтіре алмаған соң, ақыры қазақтың жалпақ тіліне көшіп еді. Бұл өз буына өзі піскен, қырыс надан, әрі тым жанжалкой, ұрыншақ адам болатын. Сол мінезіне қарай, қазақтар оны «тентек халдай» атандырып жіберген. Ол бүгін бір кезде халдайлардың үстіне батып кіре алмайтын қазақ, қалмақ сияқты бұратана жұрт өкілдерінің дастарқан басында өзінен жоғары отырып, бұдан бұрын сөйлеп кеткеніне қатты ызалы еді. Сол ыза шарап қызуымен еріксіз сыртқа шыққан

Дохалдай, өзінше жаңалық ашқандай, қытайды екі жүз елу жеті жылдан бері маньчжурлердің билеп келе жатқанын айтты. Сол ерекше жаралған аксүйектер әулетінің бір өкілі ретінде Ши-амбыға көпшік тастаған болды. Жуық арада тоқтайтын түрі жоқ, сол ежелгі әуен, ескі сарын. Осынау Шығыс Түркістанды ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қаратып алған да, содан бері бір жарым ғасыр бойы осы жерге ие болып, қорғап келген де — халдайлар дегенді айтады. Ендеше, олармен терезе теңестіріп, хұқық-билік бөлісуге ешкімнің қақысы жоқ, әркім өз жолын, шама-шарқын білуі керек. Бірақ осында Еженханның қамқорлығын, Ши-амбы мырзаның кең пейілін пайдаланып, құдайын ұмытып жүргендер бар дей келіп:

— Мен мына тосты біздің ер жүрек бабаларымыз үшін, Еженханның сенімді сарбаздары халдайлар әулеті үшін ішкім келеді, — деп бір-ақ тоқтады.

Бірақ оның сөзін қолпаштап қолдаған ешкім бола қоймады. Той иесі Ши-амбының өзі де мұндай бас қосуда көңіл жарастығын, тыныштықты сүйетін адам. Дохалдайдың жұрт шамына тиетін, әсіре қызыл, көпірме сөзін ұнатпай тыжырынып қалды: «Апыр-ай, сол баяғы ескі әуенді жырлай беруден бұлар да жалықпайды екен, — деп түңіліп отыр ішінен. — Уақыт өтіп, заман өзгергенін андамай ма екен бұл иттер? Халдайлар түгіл, Еженханның өзі тағында қалт-құлт етіп әрең отырғанда, бұл қайдағы бір сүйегі құрап қалған ата-бабасын айтады ғой...»

Сол оймен алдындағы бокалды аузына таман апара беріп, қайтадан орнына қоя салған. Басқалар да соның ыңғайына бағып, Дохалдайдың сөзін елеусіз қалдырды. Ал Демежан алдындағы ыдыска қолын да созбастан, сірескен күйі отырып қалып еді. Соны байқап қалған тентек халдай кімге соқтығарын білмей булығып біраз отырды да, дәл қарсысындағы Демежанға дүрсе қоя берді.

— Сен не, битті қазақ, біз берген шенге мастанып, шекпенді көтере алмай отырсың ба? Халдайларға арналған тосты неге ішпейсің? — деді оның бетіне ажырая қарап. — Есіктегі басың төрге жетіп, бізбен қатар отырғанына қуанбайсың ба қайта?!

Үй ішін бір сәт өлденені күткен үнсіздік биледі. Қазақша айтылса да сөз астарын жақсы аңғарып қалған Ши-амбы да қатты ыңғайсызданып, өз тарапынан Дохалдайға тоқтау-

тыйым салып, ұрсып тастауға октала берген. Бірақ дәл осы сәтте бұл күтпеген жағдай болды. Демежан жанағы сөзді бойына дарытпай, жұртты таң қалдырып, қарқылдап күліп жіберді. Енді ол жерде жұрт назары соған қарай ауып еді. Ол күлкісін тыя бере, тамағын кенеп алды да.

— Атың — Дохалдай, атағын дардай. Бірақ кейде саудың асын ішіп, ақымақтың сөзін сөйлейтінің бар-ау! Алпамсадай бойың бар, ішің неге сонша тар жаратылды екен осы сенің? Аксүйекпін, алпауытпын деп, баяғыда жермен-жексен боп кеткен атаңды айта бергенше, өзің де бір кендік, бекзаттық көрсетпейсің бе?!. Бір заманда жанағы аталарың қу тізесін құшақтап, ұрпаксыз қалатын болған соң, байғұс әжелеріңді осы өлкеге қапқа салып әкелді деуші еді. Әлде сол жатырыңа тартып кеттің бе екенсің?! — деп үйде отырған жұртты ду күлдірді.

Бір кезде шекара күзетуге қалдырған осы Дохалдайдың сұр бойдақ аталары ішкеріден әкелген жесір әйелдердің тәуіріне таласып, бірін-бірі қан қылатын болған соң, «қалыңдықты» амалсыз қапқа салып үлестіргенін осында отырғандардың көбі білетін-ді. Бұл жайға Ши-амбы да қанық еді. Ұлықтың өзі бастап, рахаттана ұзақ күлді.

— Әй, Дохалдай, тым шошандап кетіп едің. Өзіңе де сол керек! Демежанға соқтығып нең бар еді... Қарап отырмай бүкіл тегіңді қазбалаттың-ау! — деп орамалын алып көзінің жасын сүртті.

Тек консул Борнеман ғана бұл күлкінің мәнісін түсіне алмай, тілмаш арқылы сұрастырып жатқан. Ақыры сөз төркінін пайымдағанда, ол да қосылып кетті. Абыр-дабыр басыла берген бір әредікте, Ши-амбы:

— Сонда мына Шихалдайдың әжесі де қаптың түбінде жатты-ау көзі жылтырап! — деп жұртты қайта күлдірді.

Ішінде ит өліп жатса да сездірмейтін әккі Шихалдай. Демежанның сөзі шымбайына батып кетсе де, ұлықтың ыңғайына бағып:

— Қайтеміз енді... Сондай бір оқиғаның болғаны рас. Дохалдай екеуіміздің жер басып жүргеніміз сол қап түбіндегі әжелердің аркасы ғой, — деп ол да қосыла күлді.

Ал тоң мойын, долы Дохалдай өзінің бірбеткей нойыстығына басып, шабына от түскендей одан әрмен тулады. Ырық бермес ызалы ашу үстінде ол енді Ши-амбының өзіне ауыз салған.

— Не айтып кеттіңіз, ұлы мәртебелім? Осы сіз-ақ күлкүтанды басқа шығарып болдыңыз ғой... Көрермін осы қарақшылармен ұшпаққа жеткенінізді! — деп өзінше дон айбат көрсетіп, есіктен шыға жөнелді...

Осыдан кейін басқалар да көп отырмай, далаға бой жазуға шықты. Жаңа үлкен ұлық пен халдайлардың көзінше сыр бермей, сабыр сақтаған көпшілік енді Демежанды ортаға алып, кеу-кеулеп күттықтап жатыр. Алдымен келіп аркасынан қаққан Шәйі мен Мадан еді.

— Жарайсың, Демежан!.. Ауыздықсыз кеткен асау халдайды оңдырмай омақастырып, тура алдымызға әкеп, бір жығып бердің-ау. Мұндай жауапты сен ғана айта аласың... Сенің үлкен ұлық алдындағы беделің айтқызып тұр-ау! — деді Шәйі сүйінішін жасырмай. Іштей қызығып та, қызғанып та қалып еді.

Ал ешкінің асығындай қағылез Мадан казакша мүдіріссіз сөйлеп:

— Қанша дегенмен, қазақ-қалмақ — ағаш уықты, киіз туырлықты, бір елміз ғой. Ақ алмастай тіліп түскен өткір сөзіңе іштей катты сүйсініп отырдым, — деп шын тілектестігін білдірді. Бұл кезде бұлардың қасына Таңғыт та келіп тұр еді.

— Сендер бақыттысындар ғой, — деді Демежан алдындағы үш үкірдайға кезек қарап. — Елдерің бір ыңғай... Дәл қастарында қастығын сайлап халдай отырған жоқ қой, әйтеуір. Ал мен бұлармен алысқалы қай заман. Құдай маған, сорын арылмасын деп, бұл қызыл көз пәлелерді ірге жау етіп берген жоқ па. Өстіп анда-санда сасық кеуделерін басып қоймасаң, тойтандап төбеге шығып кетуден тайынбайды.

Бұлар далада бой жазып, жаңа жамбылдың ішкі құрылысын тамашалап біраз жүрді де, арада жарым сағаттай өткенде жаңағы үйлеріне қайта кірді. Алғашқы отырыста ар жактарына ел қонып қалған қонақтар бұл жолы дастарканға көп сұғынбай, қымыз іше отырып, бір сәт ойын-сауыққа кезек берген Қазақ әншілері, татар жыршылары домбыраға, гармонға қосыла алма-кезек ән шырқап, той-думанын қыздыра түсті. Мамырбек пен Шәйі үкірдайлардың Керей, Мәмбеттен ерте келген суырып салма, зар жақ ақындары бар екен. Солар жарыска түскендей Ши-амбыны мадақтап, біраз көсілді. Табан астында суырып салып, жанынан шығарғандай көрінгенімен, айтатын өлеңдерін іштей жұптап, алдын ала

дайындап әкелгендері көрініп тұр. Бәрі де сыпыра мақтау, көтере дәріптеуге құрылған көпірме сөздер еді. Дегенмен өз атына айтылған жылы сөзді, әсіресе ақындардың аузына іліккенді, кай ұлық жек көрсін. Ши-амбы сонын өзіне де катты разы болып, масайрап калды.

Демежан бұл жағын ескермеген екен. Мұндайда ел катарынан калмай, Ши-амбы шалға көп атынан бір-екі ауыз жылы сөз айта салса теріс болмас еді. Төртуыл кісілері түскен үйден Күдеріні тауып алып, соған бірдене айтасың ба дегендей емеурін жасаған. Бірақ жас жігіт топ алдына шығудан азар-да-безер бас тартты.

— Құдай берген жел сөздің арқасында бес-алты ауыз өленді қиыстыру қиын емес-ау. Бірақ сенсеңіз, сол ұлықтарды мактауға менің құлқым жоқ, — деді ол шынын айтып.

Сонымен «тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, дакпырты бүкіл аймаққа жайылып, қатыса алмай калған талай жұртты арманды етіп, аузының суын құрткан Ши-амбының тойы да күн еңкейе тарай бастап еді. Қыр қазағы аттарына мініп, қаладағы жұрт жеңіл тірәшпенке арбаларына отырып, жан-жаққа бытырап кетіп жатыр. Демежан той иесі Ши-амбымен қош айтысып, енді қасындағы серіктерімен бірге аттанғалы жаткан. Ол кешкі коналқыға Ыбырайдың үйіне баруға тиіс болатын. Шабарманы жетектеп әкеліп, алдына көлденең тарткан торы төбелдің үзеңгісіне аяғын сала бергенде, кенет топ кісінің арасынан Ли-шансынды көзі шалып калды. Ол да мұны көріп, осылай карай беттеп келеді екен

— Сіз кашан келгенсіз? Мен күні бойы сізді көрмедім ғой, —деді Демежан аман-саулық сұрасканнан кейін.

— Ши-амбыға тәнірім таупық берген шығар. Тойға шакырылғандардың тізіміне ұмытып кетпей мені де косыпты, — деп Ли-шансын жымиып күлді. — Менімен біраз жерге дейін бірге жүруге калайсын? Мынадай молшылықтан кейін ток басып, жаяу кыдырған теріс болманды.

Демежан сөзге келген жок, атын Ыбырайдың корасына апара бер деп шабарманына ұстатты да, өзі карт ұстазымен әңгімелесіп, жаяулап жүріп кетті.

Бұл күнде алпыстың ішін мол аралап кеткен Ли-шансын да ептеп еңкіш тартып, картая бастапты. Өткен жылдары айлауда жүрген адамдарды жауапты қызметке коймау туралы жоғарыдан нұскау болған ба, казір ол гимназиянын

мүдірлігінен[1] түсіп, жай қатардағы мұғалім ретінде тарихтан сабақ беріп жүрген. Үстіндегі киімі де тым жұпыны: көк шиямпудан тігілген тік жағалы бешпет-шалбар, аяғына сырма табан, шүберек шақай киіп алыпты. Сонысын өзі де сезгендей:

— Сен қазір үлкен ұлық боп кеттің ғой. Көшеде мен сияқты жай адаммен бірге жүруге арланбайсың ба? — деді Демежанның бетіне күле қарап.

Қатарында келе жатқан Демежан, әлдебір кедергіге жолыққандай, қалт тұра қалды.

— «Адамды байлығына, мансабына қарай емес, алдына қойған мақсатына, ақыл-парасатына қарап бағалау керек» деп үйреткен өзіңіз емес пе едіңіз?

— Жай айтқаным ғой. Ренжіп қалдың ба?

Бұлар жамбылдың батыс қақпасына жақындағанда, күтпеген көріністің үстінен шықты. Бүгін мұнда күшейтілген күзет қойылыпты. Соған қарамастан, қақпаның алды иін тіресіп, құжынаған халық. Той өтіп жатқан биік қамалдың ішіне кіре алмай, ауыздарының суы құрып, телміріп тұрған қала мен даланың кедей-кепшігі, ішкі өлкеден ауып келген босқындар. Осы жақтан көңірсіген түтіннің, мол тамақтың иісін сезіп, айналсоқтап кете алмай тұрған аш-арықтар. Араларында шоқпыт киімді, буыншақ-түйіншек дорба асынған қайыршылар да ұшырасады. Солардың бірі бұлардың жолын бөгеп, алақанын жайып еді, Демежан қалтасынан ұсақ күмістер алып ұстатты.

— Дүние мұндай да кереғар жаратылар ма?! — деді Ли-шансын қамалаған жұрттың арасынан сытылып шыға берген кезде. — Біреулер анда той тойлап, кекіріп азып, думандатып жатыр. Ал мұнда ішер ас, киер киімге зар болып, жоқ-жітік, қалың қауымның қамалап тұрғаны мынау. Шіркін, жанағы мол тамаққа мыналарды бір жіберіп алар ма еді!..

— Ол жағы әлмисақтан бері солай ғой Оған енді не шара? — деп Демежан иығын көтерді.

— Теңсіздіктің төркіні тым арыда жатқаны рас. Бірақ онын да шет-шегі болуы керек қой, — деді Ли-шансын өзінің діттеген ойын айтпай тынбайтын әдетімен. — Мәселен, осы қамалдың өзін ұзақ жыл бойы қанын, терін төгіп жүріп,

---

[1] М ү д і р — парсыша басқарушы, директор деген мағына береді.

еңбекші қауым салды ғой. Бірақ бүгінгі тойға солардың бірде-бір өкілі қатысып, дастарқан шетіне отыра алды ма? Қайта, керісінше, той қызығын осы камалға бір күрек топырақ салмағандар көріп шыққан жоқпыз ба... Өзің ойлап көрші: Осы да әділет пе?

Демежан тіл қатқан жоқ. Ұстазының сөзіне үнсіз құлақ қойып, екеуі адам аяғы сирек, көлденең көшелердің бірімен аяңдап жүре берді.

— Қазір Ресейде, тағы басқа Еуропа елдерінде адамдар арасындағы теңсіздікті жою жөнінде түрлі идеялар етек алуда, — деді Ли-шансың. — Олар байлар мен кедейлерді тапқа бөледі, таптық күресті уағыздайды. Кім біледі, ондай өміршең идеялар түбінде өз жемісін беруі де мүмкін... Ал біздің еліміз әлі ұйқыда жатыр ғой. Ондай әлеуметтік, таптық мәселені көтеру былай тұрсын, қаусаған Цин династиясын тақтан тайдырудың өзіне кол жетпей отыр.

Осы арада Демежаннын есіне мана дастарқан басында айтылған сөздер оралып, соның мәнісін сұрады.

— Айтпақшы, ихэтуаншылар деген кім? Соларды жаныштауда Ақ патша әскерінің де көмегі көп болды деп, мана консул Борнеман Ши-амбыға міндет арта сөйлеп тұрды ғой. Соның жайын түсіндірінізші, — деген.

Ли-шансың оған аз сөзбен жауап берді. «Ихэтуаншылар» деген шетел монополиясына қарсы күреске аттанған отаншыл зиялылар мен жас шаруаларға қойылған жалпы ат екенін, олардың соңғы екі жылда ішкі өлкелерде үлкен дүрбелең тудырғанын, ақыры шетелдік одақтас армияның тегеуірініне шыдай алмай қанға боялып, жеңілгенін айтып өтті.

— Ыза мен кекке суарылған бір жанкешті күресті сол ихэтуаншылар бастап еді. Сарай маңындағы саткындар мен шет мемлекеттердің біріккен жазалаушы армиясы оның да дымын шығармай, жөргегінде құртып жіберді ғой, — делі Ли-шансын сөзінің соңында.

— Сонда бұл елде жылт етер жарық сәуленің калмағаны ма? Жаңа жырмасыншы ғасыр өзімен бірге біз үміт етер еш жаңалық әкелмегені ме? — деді Демежан ұстазының бетіне қарап.

Ли-шансың көзін сығырайтып, қулана күлді.

— Ши-амбы екеуіміз сүлдемізді сүйретіп, жаңа ғасырдың табалдырығына жетуін жеттік-ау. Бірақ күлді мешеулік пен

кереғарлықтың бастау көзі болып отырған Цин сарайының құлағанын көре алмай өтетін шығармыз, — деп баяу күрсінді. — Бір ғана үміт бар. Түбі содан бірдене шығуы мүмкін. Оңтүстік өлкелерде зиялы жастардың «Туңмэнхой[1]» атты жаңа астыртын ұйымы құрылыпты. Сунь Ятсен деген табанды, алғыр басшысы бар дейді. Мамандығы дәрігер екен. Мұнда қолға түсіп қалу қаупі туған соң, осыдан төрт-бес жыл бұрын Жапонияға өтіп кетіп, ұйымға сол жақтан басшылық ететін көрінеді... Сунь Ятсеннің Жапонияға барысымен не істегенін білесің бе? — деді Ли-шансың мұнын бетіне күле қарап. — Жапон портына жетіп, кемеден түсе салысымен, өзінің айдарын кесіп алып, теңізге атып ұрыпты. Мұнысы жай Цин әкімшілігіне көрсеткен қарсылығы ғана емес, түбінде монархияны құлатпай қоймаймын деген анты да болса керек.

Бұлар әр түрлі әңгімемен тағы бірнеше көшеден өтіп, орталыққа таман жақындады. Бұл кезде күн екіндіге таман еңкейіп, қарасу бойларынан салқын самал есе бастаған. Демежан әлдене есіне түскендей қалт тұра қалып, қалтасынан етектей таңбалы қағаз суырып алды. Бұл — тау өзендерінен алатын екі тоған судың құжат-қағазы еді.

— Алыстағы Цин сарайына біздің қолымыз жете бермес. Әзірше менің жеңісім осы! — деді ұстазының алдында бойын мақтаныш билеп.

Ли-шансын қағазды қолына алып, жылдам көз жүгіртіп қарап шықты.

— О, мынауың, шынында да, тамаша болған екен Үлкен жеңіс... Құттықтаймын! — деп шын қуанышын білдірді. — «Жыланнан түк тартсаң да олжа» дейтін бе еді? Демек, бұл империяның әлсіреп, халықпен амалсыз санаса бастағаны. Бәлкім, реформаның да әсері болар. Ұлықтың рұқсатын алыпсың. Енді тек халдайлар бөгет болып жүрмесе...

— Халдайлар — үйреніскен жау ғой. Олардың бір амалын табармыз, — деп күлді Демежан.

Екеуі Ойбазардағы төрт көшенің түйілісіне келіп қоштаса бастады.

— Қазір мектеп тарады ғой. Жазда не істейтін ойыңыз бар? — деді Демежан.

---

[1] Туңмэнхой — «Біріккен одақ» деген мағынада.

— Соны өзім де білмей тұрмын. Әлде сенің зәйімкене барып, Жанның бау-бақшасына қолғабыс етем бе, — деп Ли-шансың бөгеліп қалды. — Жаң Шули жақында келіп, қонаққа шақырып кетіп еді. Өздерінің тұрмыстары түзеліп, қатарға қосылып қалыпты. Сол үшін де саған көп рақмет!

Демежан өзінің бағбандарын еске алып, аз бөгелді де, қайтадан Ли-шансыңға бұрылды:

— Жаңға да барарсыз... Бірақ далалы жер тым ыстық қой. Жақында ел жайлауға көшеді. Одан да біздің ауылға келіп, біраз күн қымыз ішіп, бой жазып қайтпайсыз ба, — деген карттың жүдеу жүзіне қарап тұрып.

— Иә, солай етуге де болады екен-ау... Айтты-айтпады, мына өмірден қажығанда көне тарихтың куәсындай әлі қылпы құрамай тұрған қазақ аулына барып, неге саяхат жасап қайтпаска?! — деп Ли-шансың күле қоштасып, тік көшемен төмен түсіп бара жатты.

Демежан сол орнынан қозғалмай, өз өміріне өшпес із қалдырып, әлде бағына, әлде сорына кездескен осынау қытай адамының карасы үзілгенше, ұзақ карап тұрды.

III

Күні бойы құрттай құжынап, сапырылысып жаткан қала тірлігі кешке карай сабасына түсіп, адам аяғы сиреп қалған кез еді. Ұзақты күн ін аузынан ұзамай бастарын қылтитып отыратын саршұнақ суырдай, күні бойы дүкендерінің алдынан кетпейтін, сартап саудагерлер де жаймаларын жауып, үйлеріне қайта бастапты. Таяу маңдағы мешіт мұнарасынан ақшам намазына шақырған азан үні естіледі.

Демежан, көптен жаяу жүрмегендіктен ме, Ли-шансыңмен қоштасканнан кейін екі балтырының сыздап, сыр алдыра бастағанын аңдады. Күні бойы тойдың әлегімен жүріп, дел-сал боп шаршағанын да енді сезіп келеді. Көккөпірдегі Ыбырай қорасына дейін әлі бір қауым жер бар Сондықтан көшеде кетіп бара жаткан бержебайлардың бірін тоқтатты да, ары карай арбамен тартты.

Ол кападан кіре бере әлденеден секем алғандай анырып тұрып калған. Кең ауланың іші ию-кию, қайшыласып жүрген адамдар. Аттары доғарылмай, иін тіресіп тұрған жеңіл тірәш-

пенке, фаэтондар... Мана тойдан тараған Рамазан Шәнішев, Хасен аксакал, Мұрауыт сиякты ірі байлардың да біразы осында жүр. Бәрінің бет әлпетінде әлденеге өрекпіген қызыл танау карбаластық бар. Демежан бастабында: «әлде Ыбырай бірдемеге ұшырады ма» деп катты үркіп қалып еді. Келесі сәтте көпшіліктің абыр-сабыр сөзіне, көнілді, жаркын күлкілеріне карап, ондай коркынышты ештеңе жок екенін аңғарды.

Кешікпей бәрі де мәлім болды. Алдынан жүгіріп шыккан Күдері мен Ыбырайдың інісі Ғарып мұндағы жаналыкты кезектеле, аптыға тұрып баяндады.

— Сіз кайда кеттініз, Демежан аға? Ши-амбының тойы ештеңе емес, жаңалыктың көкесі мұнда болайын деп жатыр, — деді Күдері кан ойнап тұратын қызыл күрең жүзінен әлдебір абыржу білініп.

— Иә, не боп калды?

— Ыбырайды токтатсаныз кайтеді. Менің абиым елде жок ырымды бастап, акшамен шай кайнаткалы жатыр, — деп түр әлпеті ағасына келетін жиырмадағы жас жігіт Ғарып та катты камығып тұр.

— «Шай кайнатканы» калай? — Демежан түкке түсінбей карсы сұрак қойды.

— Осындағы орыс көпесі Сорокинді білесіз ғой. Сол біздің байбатшамен бәстесіпті. Екеуі казір акшамен самауыр кайнатып, жарыска түспек.

— Не дейді? Мыналар жынданған шығар... Ыбырайдың өзі кайда?

— Әне тұр. — Күдері ауланың он жағындағы топ адамды нұскады.

Демежан енді көп бөгелмей, солай карай бет алған. Іс мәнісін әлі толық түсінбесе де, әйтеуір, акылға сыймайтын бір окшау окиғаның болғалы тұрғаны анық. Бұл кезде акшам үйіріліп, көз байлана бастап еді. Ауланың бірнеше жеріне самалдай жарык фонарьлар ілініп койыпты. Ыбырай бір шетте өзі күралпы татар-өзбек саудагерлерінің коршауында тұр екен. Балбұл жанған бет ажарынан кызу бәсеке алдындағы алабұрткан тағатсыздык байкалады. Бұл күнде жасы әлі отызға іліне коймаған сері жігіт бәйгеге шабатын бесті аттай тыкыршып, әлсін-әлі какпа жакка карай береді... Демежан солардың касына жакындады да:

— Ау, халайық, бұл не жиын? Ненің күрметіне топтанып тұрсыңдар? — деді қабағын аша коймай.

Оның бұл сұрағына көпшілік атынан Рамазан Шәнішев жауап берді:

— Төрлетіңіз, Демежан әпенді. Жаксы келдіңіз... Осы қазір ғасырда бір болатын тамашаны көресіз. Орыс көпесі Сорокин мырза мен біздің Ыбырай байбатша «самауыр жарысына» түскелі жатыр.

Мыналардың айтып тұрғаны қалжынсыз, рас сиякты. Сол маңға каз-қатар орындыктар тізіліп, аузы ашылған кішілеу сандық шығарып қойыпты. Сандық толы акша. Кәдімгі «сәрі» деп аталатын, Маншынның бума-бума бопыр ақшасы... Енді тек жөпелдемеде үлкендігі бір келкі, бір зауыттан шыккан, су жаңа самауыр табылмай, біреулер Шәнішевтің дүкеніне шауып кеткен екен. Бәрі тыкыршып, солардың келуін күтіп тұрған көрінеді.

Жанағы Ли-шансыннын әңгімесінен кейін, өзіне әр түрлі ой түсіп, уыттанып қайткан Демежан еріккен байлардың мына қылығын костай қоймады. Ол жактырмаған қатулы қабакпен Ыбырайға бұрылып:

— Байбатша, мынауың барып тұрған ессіздік кой. О заманда, бұ заман ақшаны отка жакты деген не сұмдык?! Қой, қызбалықты таста... Әлі де болса ақылға келейік, — деген өзінше токтау салғысы келіп.

Бірақ дәл қазір Ыбырайдың райдан қайтар түрі жок. Өзінің осы қылығына сүйсінген адамдай сақ-сақ күлді де:

— Ештене етпейді, үкірдай. Айтылар сөз айтылып кетті, енді одан қайтуға болмайды ғой. Бұл ақшаны отка жағып құмардан шыкпасақ, баска қызығы қалмай барады-ау! — деді сындардай сұлу денесін кере, мыкынын таянып.

Жас мырзаның шашпауын көтеріп, жел беріп қостаушылар да аз емес екен. Солар түс-түстан кеу-кеулеп:

— Е, тәйірі, ақша деген колдың кірі емес пе.

— Бәрінен де атағын айтсайшы!

— Мұндайды Атымтай жомарт та істемеген шығар. .

— Ақша табылар, намысты колдан бермесін!

— Біздің Ыбырай ақшамен шай қайнатып, байбатша деген атакты біржола жеңіп алғалы тұрған жок па, — десіп, қасындағы жас жігіттер отка май құйғандай, одан ары қыздыра түседі.

Демежан татар мырзасы Ыбырайдан өзгені күтсе де, дәл мынадай сұрқылтайды күткен жоқ еді. Әсілі, Ыбырай — табиғатынан өткір сезімнің, күшті құмарлықтың адамы. Жас жігіттің қолы ашық жомарттығын, кейде артықтау кететін шашпалығын да бұл жұрт жақсы білетін-ді. Маңайына кілең гармоньшы, жыршы жігіттерді жинап, сауық-сайран құратын серілігі, ат құмарлылығы да көптен белгілі еді. Кейде бір қыздың қалыңмалын төлеп, жорға-жүйрік аттар сатып алатыны, іші пысса ат бәйгесінен бастап, палуан күрестіру, кошкар сүзістіру, кораз таластыру секілді түрлі ойындар ұйымдастырып, сол үшін қыруар қаржы шығаратыны, кейде көшедегі қайыршыларға конакасы беріп, өзі солардың ортасында мәз болып отыратыны да ел ішінде аңыз боп айтылып жүретін... Ал ақшамен шай қайнату — бұл өлкеде бұрынды-соңды болмаған нәрсе. Демежан мына желіккен топтың қызық бәсекені аяқтамай тынбайтынын сезді де, не де болса істің ақырын күтті.

Ол енді Рамазан Шәнішевпен әңгімелесе жүріп, ауланың екінші жағындағы тағы бір дүрмек топқа карай аяңдады. Мұнда бір сандық ақшаның үстінде орыс көпесі Сорокин отыр. Бұрын сырттай атын естігені болмаса, Демежаннын оны көріп тұрғаны осы еді. Бұл да іргелес екі мемлекетті кабат жайлап жүрген, Омбыда, Семейде, Шәуешекте сауда дүкендері бар, жыл сайын Қоянды жәрменкесіне кора-кора мал айдайтын, калталы, ірі байлардың бірі десетін. Жасы елудің ішін аралаған, қаба сақалды, еңгезердей зор адам екен. Өзі бүгін Ши-амбының тойынан қызынқырап шыққан ба, қалай, қызғылт сары жүзі мен қонқақ танауы күйген кірпіштей күреңітіп, бұғыдай жуан мойны жағасына сыймай талаурап тұр. Ол да алдағы сайысты тағатсыздана күтіп отырған сиякты. Ортан қолдай қып орап алған темекісін үсті-үстіне комағайлана сорып, әлсін-әлсін төс калтасындағы күміс баулы сағатына карағыштай береді.

Шәнішев бай сөз арасында күле түсіп. Демежанға бұл бәсеке егестің қалай, неден басталғанын айтып берді. Сорокин мен Ыбырай және онын ағасы Ысқақ та бірін-бірі бұрыннан білетін, сауда жолында талай үшырасып қалып жүрген, ежелгі бакталастар екен. Семей, Омбы, Ірбіт арасын қосып жаткан сауда бәсекесінде кейде тепе-тең түсіп, кейде бірінің жолын бірі кесіп, сан соқтырып кететін калта күндестігі ерте басталыпты. Соңғы жылдары ежелден егеске түскен екі бай

саудагер шалғайдағы Шәуешекте тағы да бетпе-бет келіп, тар көпірдің үстінде кездескендей тіресіп қалады. Тағы да бірінің несібесін бірі қағып кететін сауда «ойыны» басталады. Ыбырай өткен жылы осында картадан ұтылып, шонқиып қалған бір үйғыр байының кора-жайын сатып алмақ болғанда, Сорокин әлгіге үстеме баға қосып, танауының астынан тартып әкетіпті... Бірақ Ыбырай да көп кешікпей қарымта қайтарып үлгерген. Сорокин Қоянды жәрменкесіне мал айдатып, Хиуаның бір атақты саудагеріне бес жүздей өгіз өткізбек болған екен. Ыбырай соны біліп қалыпты да, мал бағасын қасақана арзандатып, әлгі саудагердің алдына өз өгіздерін салып жіберіпті. Ал Сорокин апарған малын өткізе алмай, сол жолы көп зиян тартса керек.

Осылайша, аралары аскынып, көптен теке тіресте жүрген сауданың екі көкжалы бүгін Ши-амбының тойында бір дастаркан басында түмсық түйістіріп қалмасы бар ма. Екеуі шарап қызуымен сол арада ауыр-ауыр сөзге келісіп, ақыр-аяғында байлық, сома салыстыруға дейін барып еді.

— Мен бұл өлкеге пайда табу үшін келгем жоқ. Шүкір, бір басыма акша да, алтын да жетеді. Мен осында әдейі Ыбырайдың алымын ашырмай, саудадан жығу үшін жүрмін, — дейді Сорокин.

— Ендеше, екеуіміздің біріміз ғана қалармыз бұл қалада. Сені Шәуешектен ұлыған иттей қып, көк тиынсыз қуып тастамасам, мен де әкем Мұзаппардан тумай кетейін, — дейді егескенде екеу болып кететін Ыбырай.

Сонымен, сөз ұлғая түсіп, оның ақыры бүгінгі бәске келіп тіреліп еді. Бәстің шарты тым ауыр: екеуі бүгін қатар отырып, ақшамен самауыр қайнатады. Кім самауырды бұрын қайнатса, қарсыласынан екі жүз жылқының пұлын алады да, жеңілген жақ осыдан кейін бұл өлкедегі сауданы тастап, Шәуешектен біржола кететін болады... Осы келісім шарты қағазға түсіп, екі жақ қол қойып, мөрлерін басыпты. Рамазан Шәнішев, Хасен ақсақал және Ботвиник деген орыстың тағы бір бай саудагері бас төреші болып белгіленген. Сол үшеуі қазір самауырлар келісімен іске кіріспек.

Бәстің шарты, шынында да, тым қатал екен. Көптен араласып, осы елдің бір адамындай болып кеткен Ыбырайға қазір Демежаннын жаны ашып тұр: «өзі бір ер мінезді, аңқылдаған, мәрт жігіт еді. Өз өмірін осыншама қатерге байлайтын-

дай не басына күн туды екен. Бүгін, қара басқанда, бәстен ұтылып қалып, бәрімізбен қош айтысып жүрмесе жарады» деп іштей абыржи бастаған.

— Бір есептен осының өзі дұрыс болды. Бұлар бәрібір түбінде бір шайқаспай қоймайтын еді, — деді Рамазан оның ойын бөліп. — Естуіңіз бар шығар, Еуропа елдерінде дуэль дейтін болады. Олар көбінше өштескен адамымен жекпе-жекке шығып атысады, не семсерлеседі... Мыналардікі де — сол дуэльдің бір түрі. Бірақ бұл — қылыш, мылтық сайысы емес, ақша сайысы.

Көп ұзамай дүкенге самауырға кеткендер де келіп қалды. Түрі-түсі, көлемі, бұрандалы шүмегі, шілтерлі оттығына дейін бірдей, бір зауыттан шыққан, абажадай екі үлкен жез самауыр әкеліпті. Төрешілер екі самауырды да аударып-төңкеріп көрді де, иығына келтіріп бір мөлшерде су құйды. Сонан соң су толы самауырларды көтеріп апарып, жарыска түскен екі байдың алдына қойды.

Осыдан кейін төрешілер екі жақтың сандықтағы ақшаларын да тексеріп шықты. Ондағысы — ақшаның арасына тыққан қағаз, не ағаш жаңқасы болмасын дегені еді. Қатталған ақшаның сомасы біркелкі. Екі жағы да бір теңгелік, не үш теңгелік ұсақ ақшалар әкелуге тырысыпты. Әзірлік жұмысы әбден бітті-ау деген мезгілде, бас төреші Шәнішев бай ортаға таман шықты да:

— Ал бастаңдар! — деп жоғары көтерілген қолын сермеп қалды.

Жалғыз Демежан емес, басқа да көп кісілер Ыбырайға тілектес болып, соның қимылын бақылап тұр. Ыбырай алғашқы бір түйдек ақшаны шиыршықтап алып, бір ұшын қасында тұрған көресінге матырды да, сіріңкемен тұтатып, самауырдың оттығына тастап та жіберді. Көресінді пайдалану, пайдаланбау әркімнің өз еркіне берілген Сорокин көресінге тиген ақша тез жанып кетеді деп, одан бас тартты да, Ыбырай тамызыққа пайдаланатын болды.

Бұл кезде інір қараңғылығы қоюланып, көз байлана бастағанымен, бірнеше жерге самсатып ілінген фонарьлар аула ішін самаладай жарық етіп тұр. Әлгінде ғана ауыз жаппай дуылдасып тұрған жұрт бір сәт тым-тырыс тына қалды. Тек сытырлап жанған ақшаның ғана дыбысы естіледі. Адамдар сол отқа жанған ақшадан көзін алмай, сілейіп қатып қалып-

ты. Өмірі көз көріп, құлақ естімеген сұмдық көріністен естері шығып, мәңгіріп тұрғандары белгілі. Қалай дегенмен, басқа емес, ақша ғой — жанып жатқан... Окта-текте іштен тына күрсінген, түншыға тыныстаған ауыр дыбыстар білінеді. Бұрын ақша деген итті отқа жағып кім көрген?! Отқа тисе ол дағы кәдімгідей лапылдап тұрып жанады екен. Банкіден шыққалы мың сан адамның қолынан өтіп, біреулерді қуанышқа бөлеп, енді біреулерді қайғыртып қапаландырған қайран ақша отқа тигенде шырпыдай лап ете қалады да, қызыл жалыны суман-суман етіп, лезде карауытып күлге айналады... Ыбырай енді неде болса ештеңеден тайынар емес, ақшаның түтінін үзбей, бірінің артынан бірін үстемелеп, самауырдың көмейіне тоғытып жатыр. Түр әлпетінен бәлендей жүрексінген, не қобалжыған ештеңе байқалмайды. Оның мына отырысы әлдебір қызық ойынға кіріскен шалдуар баланы еске салар еді.

Демежан енді бір ауық Сорокиннің қасына барып, соның кимылына көз жіберді. Ыбырайдай емес, орыс көпесі ақшаны үнемдеп жағатындай көрінді. «Малды тапқанға бақтыр, отынды шапқанға жақтыр» дегендей, қайтсін байғұс, өмір бойы жанын жалдап, тентіреп жүріп жиған қазынасы ғой. Ақшаны самауыр оттығына саларда жұп-жуан саусақтарының сәл-пәл дірілдегені байқалады... Сонан кейінгі бір байқағаны, бұл кісі ақшаны шиыршықтамай, қыры сынбаған бүтін күйінде, қаттауымен салып жатыр. Кейде алдыңғы шектің жанып бітуін күтем деп, бірер мәрте отын өшіріп алып, қайта тұтатуға тура келді.

«Дегенмен, мынаған қарағанда, Ыбырай отының жалыны молырақ, — деп ойлады Демежан. — Ол ақшаны көбірек жағуы мүмкін. Бірақ шайды бұрын қайнатарында күмән жоқ».

Демежан қайта оралғанда, Ыбырайдың самауырынынан болар-болмас ызыңдаған бір әлсіз дыбыс білініп қалған екен. Байбатшаға тілектес қазақ жігіттері кәдімгідей көңілденіп:

— Иә, аруақ!

— Біздің сары аттың колтығы терлей бастады...

— Енді бір ышқынса, көмбеге жетіп жығылады — десіп дуылдасып тұр.

Әр тұстан қыстыға шыққан күлкі, әзіл-қалжыңдар естіледі. Әр нәрсе өз орнында бағалы деген осы. Бір сандық ақшаның дәл қазір екі-үш кесек ағаш жаңқасы құрлы қаукары жоқ. Жігіттер соны әңгіме қылады.

— Бұл ақша деген итің тек қалтада жүргенде ғана мықты екен ғой!

— Шіркін, мына шайдан ішкен де арманда, ішпеген де арманда!

— Осы шайдың әр кесесі бір-бір жылқыдан айналады-ау деймін, — дескен күбір-күбір сөздер естіліп қалады.

Әркайсысы сағатқа бергісіз ауыр минуттар өтіп болар емес. Ақша иелерінің өздері қалай шыдап отыр екен, табандап жатып алған тасбақа уақыт жай қызықтаушылардың төзімін тауысып, жүйкесін жұқарта бастаған. Бірақ бүйірлі келген жез самауыр әзірше жай ызыңдағаны болмаса, жуыр манда қайнай қоятын түрі жоқ. Уақыт өткен сайын сандық түбіндегі ақшаның қабаты азайып, ойсырап бара жатқан тәрізденеді.

Дәл осы мезетте, қайдан шыға келгені белгісіз, көшеде ит жетектеп жүретін Молдақ деген қайыршы болушы еді, Ыбырайдың қасына сол пайда бола кетіпті. Өзінің жас мөлшері, қай ұлт екені мәлім емес. Буыншақ-түйіншектерін аркалап, әр көшенің бұрышында далиып отыратын-ды. Ыбырайға үйірлігі бар, жауын-шашында осы қораға келіп түнеп кетіп жүретін. . Қазір сол Молдақ отқа жылынғысы келгендей самауырға төне түсіп, сытырлап жанып жатқан ақшадан көз айырмай қарап отыр. Бұл дүниенің кереғарлығына не дауа Сандық толы ақша мен баспанасыз қайыршы таразының екі басын теңестіріп тұрғандай...

Бір мезгілде Молдақ ышқырын ағытып, шалбарының қайдағы бір қалтасына қолын сұғып жіберді де, жұлым-жұлымы шығып илектеніп қалған бір уыс ақша алып шықты.

— Қорықпа, байбатша. Егер ақшаң аздық етсе, мына біреулерді де қоса жағып жібер, — деді әлгісін Ыбырайдың алдына таман жақындатып. Мұнысы — өзі жақсы көретін мырзаға қиыншылықта қол ұшын беріп, көмектескен түрі еді.

Ыбырай мырс етіп күліп жіберді.

— Рақмет, Молдақ!.. Сен екеуміз екі жақтап мына самауырды қалайда қайнатуымыз керек, — деді қайыршының бетіне үңіле қарап. — Сірә, сенің ұтыска жарналас болғың келеді-ау деймін. Егер осыдан ұтып шықсам, саған бір аттың пұлын беремін. Ұтылсам, ертең сенің қатарыңа қосыламын.

— Маған ақшаның да, аттың да керегі жоқ, — деді Молдақ басын шайқап.

— Дегенмен, сен маған көмектес. Ана сандықтағы ақшаның бумасын ағытып, мына сияқты шиыршықтап, тездетіп беріп тұр.

Молдақ Ыбырайдың сөзін екі етпей, сандықтағы ақшаны біртіндеп шиыршықтауға кірісті. Байғұстың өні қашып, тонған адамдай ақшаға жанасқан қолдары дір-дір етеді. Бірақ сөзі мірдің оғындай:

— Жақ, өрте. . Аяма атана нәлетті! Менің де өмірде жек көретін нәрсем — осы ақша. Сенің орнында болсам, мен де осыны істер едім, — деп қояды.

Дүниеде кереғарлықтың екі басы қашанда бір-біріне жақын тұрады ғой. Осы топтың ішінде Ыбырайды тек Молдақ қана түсінетін сияқты.

Бірақ байбатшаның дәл қазір Молдақты тыңдап отыруға мұршасы жоқ. Умаждап шиыршықталған ақшаның бір ұшын кәресінге матырып алады да, жалын тілі жаландаған оттыққа үстемелеп тастай береді. Ақша жағу жанын жай таптыратын бір сүйікті ісі сияқты. Анда-санда мойнын созып, Сорокин жаққа қарап қояды... Бұл кезде самауырдың сырылы бірте-бірте күшейіп, гүжілдеп әндеткендей бір жағымды үн шығара бастаған. Ыбырайдың үстінен бір батпан жүк түскендей терең тыныс тартты. Өмірі ән тыңдап, жыр тыңдап жүріп, дәл мынадай әсем сазды естімеген шығар-ау. Аркасы кеңіп, жадырай түсіп, қолындағы шыбықпен самауырдың оттығына толып кеткен күлді көсеп-көсеп жіберді де, ақшаны жеңтек-жеңтегімен тоғыта берді.

Жиналған жұрт екі самауырдың ызындаған әніне алмакезек құлақ тосып, екі ортада тынымсыз сенделіп жүр. Басында бәрі қызық көрінгенімен, қазір Дәмежан өзінен-өзі ыңғайсызданып, ойда-жоқта осы бір оспадарлыққа тап болғанына іштей өкініп тұр еді. Ол да екі аралықта мағынасыз сенделіп, енді қарсы жаққа қарай бет алды. Сорокиннің самауыры да екі иінінен дем алып, ақшаға толғаткандай бебеулеп, гүжілдей бастаған екен. Көпестің өзі сабыр тағаттан айрылып, үйелмендей денесімен самауырға төне түсіп, ақшаны ол да аямай өртеп жатыр.

«Ыбырайдың жөні басқа. Жастығы, албырттығы, атаққұмарлығы бар, қызба мінезді, ұрыншақ жігіт... Ал мына жасы егде тартқан, өзі киыр жайлап, шет конып жүрген, түріне қарасаң бап-байсалды орыс адамы мынадай жанкештілікке қалай барды екен? — деп ойлады Дәмежан самауырдың жалын су-

мандаған оттығынан жүзіне қызғылт сәуле түсіп тұрған сақалды кісіге қарап қойып. — Бұлардікі не сонда? Егес пе, бақкұмарлық па? Сірә, мұның да құмар ойыны секілді біз түсінбейтін бірденесі болу керек. Демек, шектен тыс байлық та адамға тыным-рахат таптырмағаны ғой...»

Арада қанша уақыт өткені белгісіз, кенет арт жағынан кешкі тымық ауаны дар-дар айырған қалың шу көтерілді.

— Самауыр қайнады...

— Бәйге — Ыбырайдікі!

— Ыбырайдың самауырыны тасып жатыр, — дескен көтеріңкі дауыстар естілді.

Сол шу шыққан мезетте Сорокин селт етіп басын көтеріп алған. Колына енді ала берген бір буда акшаны сандыққа қайтадан атып ұрды да, орыстың қағаз көтермейтін мықты боктықтарының бірін әлдекімге бағыштап, орнынан атып тұрды. Сонан соң жолындағы адамдарды киіп-жарып, қарсы жаққа карай тұра ұмтылды. Ол келгенде сары самауыр иығындағы тесіктерінен бу аткылап, саркылдап қайнап жатыр еді. Қасында екі бүйірін таянып, мерейі тасыған Ыбырай тұр... Сорокин ок тиген адамдай сенделіп сәл тұрды да, арт жағындағы орындыктардың біріне сылк етіп отыра кетті.

Аулада айғай-шу, көнілді күлкі. Көпшілік аттары бәйгеден келгендей Ыбырайды ортаға алып, дуылдасып жатыр. Осы сәттен бастап оның акшамен самауыр қайнатқан атағы бүкіл өлкеге жайылатыны сөзсіз. Атак-абырой адам басына әр түрлі жолмен келіп қонады ғой. Ал Ыбырай байбатша бұл атакка өзінің байлығымен жетті. Бірақ бұл арада мәселе тек байлықта ғана тұр ма екен? Мұндай дәулетті кісілердің қайсысы акшамен шай қайнатыпты. Оның ар жағында адамның ерлік тәуекелі, мәрттігі, кесек мінезі жатқаны даусыз. Дәл қазір байлық жағынан Ыбырайды он орап алатын Рамазан Шәнішевтің өзі оның бұл атағына қызыға қарап тұр.

Топтың арасынан біреу, әлде жағынғаны, әлде шын білгісі келгені, Ыбырайға мынадай сұрақ қойды.

— Байбатша, айтыңызшы бір самауыр шайды қайнатуға мөлшермен қанша акша кетеді екен?

— Білмеймін, санағам жок... Ертең бухгалтерлер анықтайды ғой, — деді Ыбырай. — Бірақ мен оған өкініп тұрғам жок. Сірә, менің өмірімде орнымен жұмсалған бір акша осы болды-ау деймін.

Бұл кезде Сорокин де орнынан тұрып, Ыбырайдың қасына келген. Байғұстың иіні түсіп, алпамсадай денесі шөгіп, кішірейіп кеткендей көрінді.

— Ал енді ризасың ба, Байбатша? Тағдырға не шара?! Сен жеңдің. Бұл жолы бақыт құсы сенің жағында болды, — деді бақталасына қолын ұсынып. — Қош бол! Менің орныма егін егетін болсаңдар, мен енді бұл қарғыс аткан қаладан кетемін. Екі жүз жылқының ақшасын ертең мына Шәнішевтің қолынан аласың.

Сорокин соны айтты да, көп бөгелген жоқ, аулада тұрған арбасына отырып, алды-артына карамай тұра жөнелді.

— Дегенмен бұл да ер екен, қайыспады ғой! — деді әлдекім сүйсінгендей, орыс көпесі қақпадан шығып бара жатканда.

Жиналғандар үйлеріне қайтуға асықпай, аулада топ-тобымен әңгіме соғып, жанағы төтенше оқиғаның әсерінен әлі де арыла алмай тұр. Шәнішев бай қасында тұрған Демежанға бұрылып:

— Сорокиннің қателігі: ақшаны оттыкка саларда шиыршықтамай, не тамыздыкка матырмай, бүтін күйінде төпей берді, — деді әлде күйингені, әлде Ыбырайдың тапқырлығына сүйсінгені белгісіз. — Ақшаға сінген көресіннің өз қызуы бар ғой. Ана байғұс соны ескермеді.

— Енді соны әңгіме қып қайтеміз, — деді Демежан күле тіл катып. — Бізге қайта Ыбырайдың жеңгені дұрыс болмады ма. Мен, шынымды айтсам, қашан самауырдан бу шыққанша, ақ көңіл досымыздан айрылып қаламыз ба деп қыпылдап тұрдым.

Дәл қастарынан дуылдаған күлкі естілді. Көп кісінің ортасында Молдақ тұр екен. Ыбырай оған манағы уәде бойынша бір буда ақша ұсынған көрінеді. Бірақ қайыршы азардабезер болып, ақшаны алмай тұр.

— Алмаймын. Керегі жоқ. . Мен бұл ақшаны алсам, біреулердің қызғанышын оятуым мүмкін. Одан да осылай тыныш жүргенім жақсы. — дейді кері шегіншектеп. — Бүгін ақшаның отка қалай жанатынын көріп, құмардан бір шықтым ғой. Сол да жетеді.

Ыбырай да қазір өз өмірінің ең биік сатысында тұр еді. Бір мезгілде оның саңқылдаған даусы естілді:

— Кәне, құрметті мейманлар, үйге кіріңіздер. Бәріміз бірге отырып, жанағы қымбатка түскен самауырдан шай ішейік!

Жұрт топырлап үйге кіре бастады. Бұлар сол күні Ыбырайдың жеңісін тойлап, бүгін көрген қызықтарын айтып тауыса алмай, түннің бір уағына дейін дуылдасып отырды.

IV

Абдырадан алынатын тоғанның іс қағаздарына, одан кейін Ши-амбының тойына қарайлап, қалада он шақты күндей бөгеліп қалған Демежан Шәуешек сапарынан бүгін ғана қайтып еді. Астындағы торы төбелдің тайпалған жорғасымен топ алдына түсіп, жол-жөнекей еш жерге кідірмей, Көкжайдақта отырған өз аулына тура тартып келеді. Сырттай сыр алдырмағанымен, аз күн ішінде үй ішін, кішкентай бүлдіршін балаларын қатты сағынған-ды.

Бұл күнде Демежанның жарым көңілі бүтінделген. Ырысқаннан туған Назарбек деген ұлы, Назым деген қызы бар. Әсіресе бес жасар Назарбектің тілі шығып, тәтті қылықтар көрсете бастаған кезі. Әкесіне тарткан сұңғақ бойлы, балпанақтай ұл бала қазір Бибінің бауырында, бір ауылдың үкілеген еркесі, ермек-қызығы болып, күн санап өсіп келеді.

Түңғыш баланы Ырысқан да үй ішін, жақын-жуықты әлдекандай уайымға салып, көңілдерін күпті етіп, екі-үш жыл кешігіңкіреп барып көтерген. Жас келіншек ауыр аяқты болған кезде ауыл-аймақ, көрші-көлем соның үстіне түсіп, тілеуін тіледі. Ал бұл кездегі Бибінің қуанышын сөзбен айтып жеткізу киын еді. Қашан Ырысқан қол-аяғын бауырына алғанша, қатты-қайырымға араластырмай, мәпелеп күтумен болды Баланы табуын Ырысқан тапқанымен, толғатуын Биби толғатты десе де болғандай. Кішкентай нәресте шыр етіп жерге түскенде, Бибі «аксарбасын» айтып, етегіне орап алған. Сол сәттен бастап жас босанған анаға салмақ түсірген жоқ. Тек емізетін кезде ғана, онда да уызға жарымай қалмасын деп, нәрестені Ырысқанның бауырына салады да, қалған уақытта баланың бар күтімін өз мойнына алды.

Сөйтіп, күндесінен байды қызғанбаған Бибі баланы қызғанатын әдет тапқан. Ырысқанның әлдекалай Назарбекті құшақтап, иіскеп жатқанын көрсе, онысын ұнатпай:

— Сен, келіншек, менің құдайдан тілеп алған балама бұдан кейін өйтіп мекірене бергеніңді қой. Бала керек болса, жас-

сын ғой, тағы біреуін тауып ал, — деп зілсіз зекіп ұрсып тастайды.

Дегенмен «құдай екен» Бибінің ол тілегін де орындады. Ырысқан емшек сүтімен көтеріп, арада екі жыл өткенде тағы бір қыз тауып алды. Сонымен бала жөніндегі талас бітіп, ақыры екі ананың да көңілі жай тапқандай болып еді...

Бір топ салт атты ауылға таяп қалғанда, үлкен ақ үйдің сыртына көп адамдар шығып қарап тұрған. Кенет ер-әйелі аралас жаңағы топ кісінің арасынан бір кішкентай нұқат бөлінді де, бері қарай құлдыраңдай жөнелді. Бұл — әкесін танып, көш жерден жүгіріп келе жатқан Назарбек еді. Демежанның жан-жүйесі босап, кеңсірігі ашып қоя берген . Шыбын-шіркей болып, ентігіп жеткен баласын ат үстінен ұлып алды да, көкірегіне басты. Тершіген бетінен, көзінен сүйіп, аймалап жатыр. Әттең, дүние-ай! Бұрын осы балалар тумай, көрінбей тұрған кезде қалай өмір сүріп келгені белгісіз. Бұрын ол өзін балаға қаталмын, тас бауырмын деп ойлаушы еді. Онысы бекер, бала бітпей, басына түспей тұрғанда жай айтыла салған сөз екен. Енді, міне бойында өз қаны, өз нәсілі соғып тұрған кішкентай ұл мен қызын қолына алса болғаны, тамыр-тамыры иіп, майдай еріп сала береді.

Қазір ат үстінде, әкесінің алдында отырған Назарбек әрнені бір айтып, топ адамды күлдіріп келеді. Баланың тілін қызықтап, әр түрлі сұрақ қойып, сөйлетіп келе жатқан Жауғаштың зәңгісі Тыныбай болатын.

— Назарбек, осы сен кімнің баласысың?

— Демежан үкірдайдың баласымын.

— Кімнен тудың?

— Бибі апамнан тудым...

— Е, жөн-жөн... Айтпақшы, Ырысқан деген тағы біреу бар ғой. Ол сенің кімің болады?

— Ол менің тәтем емес пе. Назымның шешесі...

— Бибі апаң жақсы ма, әлде Ырысқан тәтең жақсы ма?

— Бибі апам жақсы. Құрт-май, қант-кәмпиттің бәрі Бибі апамның қолында.

Ат үстіндегілер қыран-топан күлісіп жатыр. Әсіресе Тыныбай зор даусымен маңайды басына көтеріп.

— Әй, мынаның іші ку екен. Майлы-жайлы кісіні бұл да біледі. Шешесінің басынан құс ұшырмай келе жатқанын көрдің бе?! — деп ат байлайтын кермеге жақындағанша рахаттана күліп келді.

Үй сыртында ер-әйелі аралас көп адам бұларды сырттай тамашалап тұрған-ды. Бұл кезде жасы отыз бестерге келіп, нұрлана толықсыған кербез Бибі күйеуінің атын өзі ұстап, әкесінің алдындағы Назарбекті түсіріп алды.

— Иә, ат-көлік аман, есен-сау жеттіңіздер ме? Кешіктіңіздер ғой. . Бәрінен бұрын «көкем қашан келеді?» деп, мына балаң-ақ мазамды алып бітті, — деді ол үй ішінің сағынышын аз сөзбен сездіріп.

Бәрі аттан түсіп, үйге қарай беттегенде, топ адамның ішінен жарқ етіп, екі жасар Назымды көтерген Ырыскан сұлу да көрініс берді. Түр-әлпеті шешесінен айнымайтын ақ үрпек, кішкентай қыз екі қолын жайып жіберіп, сонадайдан талпынып келеді. Демежан әлі сүт иісі арылмаған сәбиді қолына алып, құшырлана иіскеді... Қазақтың еркегі жұрт көзінше әйелін құшақтап, өліп-өшіп жатпайды ғой. Бірақ баласын құшақтап, еміреніп бетінен сүюі — оның шешесіне деген сағынышын да білдіріп жатады. Соны Ырыскан да жақсы сезіп, бір аналық мақтанышпен масайрай күліп тұр. Жасы жиырма бестен жаңа асқан, қылықты жас келіншек осы тұрған болмысымен-ақ: «мен туралы ойламай көр, сағынбай көр!» дейтіндей.

Демежан алыс жолдан келгенде, қашанда Бибі отырған үлкен шаңыраққа түсетін-ді. Сол әдетімен серіктерін бастап, ортадағы сөнселі ақ үйге қарай бұрылды. Көрші-қолаң, қоңсылары мол, мыңғырып жатқан бұл ауыл әлдекашан «үкірдай ауылы» атанып, Керімбайдың басқа балаларынан бөлек қонатын болған. Үйге кіріп жайғасқан соң, Демежан маңайдағы өзге ауылдардың амандығын, қара шаңырақтағы Ажар анасының күй-жайын сұрастырды. Оған көп атынан жауап беріп, есе сөйлеп отырған — осы ауылдың ендігі үлкені Майлық ағасы.

— Бәрі де өзің көргендей аман-есен. Осы жақында ғана өзімізге қарасты ауылдарды тағы бір рет сүзіп шықтым. Жұрт көлігін қамдап, аркан-жібін есіп, жайлауға көшуге дайын отыр. Жайбасарлау үйлердің жындарын қағып, ширатып кеттім, — деді ол шоқша сақалын саумалай түсіп.

Майлық — Керімбайдың туған інісі, Демежанға бір жағы әке іспетті. Ауылдың бүкіл мал-жанына, көші-қон, шаруашылығына, көбінше осы кісі бас-көз болып жүреді. Бұрын ол Керімбайдың тұсында әлі бөлінбеген мол дәулеттің бас иесі саналушы еді. Кейін Керімбай өлген соң, аға балаларымен сыйыспай, Демежанның қарауына көшіп алған. Мінезі әпенді

шалыс, өте бір қызық адам. Ептеген еспе, мақтаншақтығы тағы бар. Майлықтың: «Түгел Төртуыл Керімбайға бағынса. Керімбай маған бағынады. Сонда бұл елдің шын үкірдайы кім?» деген сөзі кезінде дүйім елге жайылып кеткен... Қазір де Демежанды аркаланып, ауыл-аймақты шашау шығармай уысында ұстайды. Әр ауылға осындай бір айғайшы, бақырауық байбай шал керек қой деп, Демежан да бұл ағасын көп тежемей еркіне қоя берген. Айыбында, ептеген күйгелек боқтампаздығы болмаса, ар жағында зілі жоқ, көптің бір қормал карты еді.

Көңіліне келген сөзді кімге де болса ірікпей айтып салатындықтан, бала-шаға, келін-кепшік, малшы-қосшы Майлықтан сырттай ығып жүреді. Ерте тұрып түндік аша қоймаған, малды уағында саумаған келіндер қатал қайнағадан сөз естіп, жаза тартып қалатыны бар. Қырсық шал көңіліне жақпаса Бибі мен Ырысканды да аямайды... Ана жылы осы Ырысканның тұңғыш баласына екі қабат болып, ел-жұрт бетіне қарап, алаканға салып отырған кезі ғой. Бір күні сол Ырыскан ерте тұрып түндік ашпай, күн көтерілгенше отауда ұйықтап жата берсе керек. Соны бие бау жақта жүріп байқап қалған Майлық ауылға атпен шауып келіпті де:

— Шырағым келінжан-ау! Түске дейін түндік ашпай шалжиып жатып алған бұл не сұмдық?! Осы жұртқа жай бала емес, тіпті Мәді[1] тауып берсең де, төсектен тұратын кезің болды емес пе? — деп үй сыртынан айғай салыпты.

Қорыққанынан орнынан атып тұрған Ырыскан әлгі сөзді көңіліне ауыр алып, біразға дейін жылап-сықтап, қатты бүлінген-ді. Тек ауыл-аймақ жабылып жүріп, бақырауық атасының бұдан да өткен сорақы қылықтарын айтып, қожанасыр мінезін түсіндірген соң ғана өкпесі тарап, сабасына түскен...

Сол Майлық ағасы қазір де аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермей, есіп сөйлеп отыр. Бірақ, обалы нешік, бұл өнірде төрт түлік малдың, көші-қон, өріс-қоныстың жағдайын дәл Майлықтай білетін адам жоқ. Дүниеде малдан өзге тіршілік, кәсіп бар, қызық бар деп ойламайтын кісі. Мыңғырған көп малды жаз жайлауға көшіріп, қыста Барлыққа отарлатып, тышқақ

---

[1] М ә д і — діни аңыздарда тірідей жер астына түсіп кеткен Әзірет Әлінің баласы.

лақ шығын бермей бағып қайту да — осы Майлық ағасының мойнында. Енді, міне, ел жайлауға шығарда жабағы жүнді қырыққызып, тай-құнанды таңбалатып, көш көлігіне дейін әзірлетіп қойыпты. Малсақ ағасы осының бәрін тәптіштеп айта келіп:

— Айтпақшы, мына жабағы жүн дегенің тау-тау боп үйіліп қалды ғой. Оны не істеуші едің? Қыстағы соғымның терілері мен көп-көп елтірі де каттаулы күйінде жатыр, — деді ол сауда-саттық жағына шоркактығын сездіріп.

— Ол жағын уайымдамаңыз, Мәке. Ертеңдер осында Бабалықтың арбалары келеді. Қолдағы жүн-терінің бәрін соған артып жіберіңдер, — деді Демежан.

— Ендеше, осындағы бойдақ мал мен жылқыны, кейбір қой отарларын ертеннен бастап жайлауға қарай беттете беремін. Енді мұнда ыстыққа қақталып отырудың түк орны жоқ, — деп қашанда шаруабасты боп жүретін Майлық жұртпен бірге екі-үш кесе қымыз ішті де, асығыс шығып кетті.

Кешікпей Демежанның қаладан келгенін естіп, маңайдағы әр ауылдың үлкендері, ағайын-туыс жинала бастаған. Келгендер қала жаңалығын, Ши-амбы тойының қалай өткенін білгісі келіп, түс-түстан сұрақ жаудырып жатыр. Әңгімені қыздырып отырғандар — осы төңіректегі қалың Байғара-Жауғаштың ірі байлары, Демежанның аталас ағайындары. Соңғы жылдары бұл адамдарда баска руларды бойларына теңгермейтін үр-кеппе мактаншактық, кеуделеріне нан піскен астамшылық байқалатын-ды. Өз бастарына билік конбаса да, соның шоғына жылынып, буына пісіп жүргендер... Керімбай мен Демежан дәурен сүрген соңғы он бес-жиырма жылда үкірдайлық мансаптың Жауғаш ортасынан кетпеуі бұл рудың талай атқамінер. пысығын катты тасытып, желіктіріп жіберген. Типті кейбіреулері іштерінен: «осы біз, шынында да, жұрттан ерек, айрықша асып туған ел болармыз. Төртуылдың сүт бетінде каймағы, үкілеген тайлағы біз шығармыз» дегенді кәдімгідей ойлай бастаған.

«Бір кісі таққа мінсе, жүз туысы атқа мінеді» деген рас екен. Демежан өз ағайындарының қолына әдейілеп құрық бермесе де, осылар шетке шықса болды, мұның атын сатып, ұпайларын түгендеп жүреді. Кейінгі кезде бұл елдің кейбір жуандары баска руларды оп-оңай ығыстырып, мол сулы, кең өрісті жайлаулар мен шұрайлы жайлы қыстауларды өз-

діктерінен немденіп алатынды шығарған. Осыдан кейін өзге рулар Жауғашқа жауықпай, өшікпей қайтушы еді. Мұндайда таяқтың бір ұшы Демежанға да тиіп жатады. Төртуылдың өзге бұтағынан шыққан көп бақталас аткамінерді бұған қарсы қойып, қырбай ететін де — осындай ел арасын ушықтыратын пәле басы, аққөз ағайындар. Демежан бұл жайды берітінге дейін ескермей келіпті. Алдымен өз маңайындағы телі мен тентекті, зорлықшы, жуан жұдырықты тізгіндеп, тыйып ұстамайынша, бұл елде береке-бірлік болмайтынына көзі енді жетіп жүр.

«Ши-амбының тойын Демежан өз қолымен өткеріпті. Қазақ-қалмақ, сарт-ноғай, сібе-солан бас қосқанда, таңдау соған түсіпті» деген алыпқашты хабар ел ішіне дүпілдеп бұрын жеткен көрінеді. Қазір қалын Байғара-Жауғаш сол тойдың аруағын асыра, көпірте сөз қылып жүр екен. Ши-амбы бейне бұлардың сарсүйек құдасы, не нағашысы секілді, үлкен ұлықты бел көріп, өзімсіне, дабырайта ауызға алысады. Керімбай аулына аталас, туыс боп келетін Қокыш деген көке мылжың жамағайын болушы еді. Қазір ешбір жөнге келмейтін, оспадар, сорақы әңгіменің бір алуанын сол көйітіп отыр.

— Садағаң кетейін, Ши-амбы біздің Жау-атаңа мейірімі түсіп, оң көзімен жақсы-ақ карап тұр ғой. Құдай сол ұлықтардың жанына жамандық бермесін! — деп салды бір сөздің кезегінде.

Оны төр алдында тізелес отырған Жауғаштың тағы бір үлкені Тезекбай іліп әкетті.

— Ши-амбының өзі — Еженханның туған бөлесі көрінеді ғой. Оны мұнда жарым патша қылып, қолына шексіз билік беріп қойғаны сол екен... Несін айтасың, құдай-тағала төрт құбыласын сай етіп-ақ жараткан жан ғой.

Демежан осы түста шыдай алмай, мырс етіп күліп жіберді.

— Сол Ши-амбы біздің Жауғаштың бірденесі емес пе екен? Ол жағын білген жоқсыздар ма? — деген ағайындарын ажуалай күліп.

Бірақ оны сезетін Тезекбай мен Қокыш па. Сөз астарын түсінбей шын дәмеленіп калды. Қокыш:

— Сол ұлықтың өзі тым қазағуар дейді. Әй, соның бізге бір шатасы бар, — десе, Тезекбай оны қостап:

— Иә, бұл айтқаның қисынға келеді. Ертеде шабынды жылдары ішкеріден келген ғаскерлер біздің елден қыз ол-

жалап әкетіпті десіп жүретін... Не деп болады? Ши-амбы сол қыздардың бірінен туып қалды ма?! — деп тіпті төндіріп келеді.

Жұрт кеу-кеулеп, қысыр әңгімені қыздыра бастағандай еді, Демежан суық қабақ танытып, туыстарын тыйып тастады.

— Жә, жетер!.. Осындай бос сөздің керегі не? Қасындағы қандас бауырынды жарылқап тастағандай, айдаладағы мәнжу ұлығының тілеуін тілеп, өзіне үш қайнатса сорпасы қосылмайтын Ши-амбының құлағын шулатқандарың не, түге?! — деген зілді қабақпен зеки тіл қатып. — Сендерге шын олжа, табыс керек болса, мен осы жолы Қараүңгір мен Абдыра өзендерінен бұрып алатын екі тоған суға қағаз жасатып әкелдім. Әне, соны қуаныш етіңдер! Келер жылдан бастап осындағы қалың қазақ ел қатарлы егін салып. жаңа бір белге шығайын деп тұр.

Отырғандар бұл жаңалықтың тереңіне бойламаса да, бірден елең етіп, дуылдасып қалды. Енді Демежанның ығына жығылып. қошемет-қолпаш сөздер айта бастаған.

— Иә, мынауың бір үлкен абырой болған екен!

— Ата ұлына келген бұл да бір мол сыбаға десейші...

— Талауға түспей тұрғанда жер шұрайын, су тұнығын алдымен ойып біз алуымыз керек қой.

— Е. қазір Жау-атаңмен таласатын кім бар дейсің?

— Төстегі Бұқа әулеті Сымайыл зәңгінің арқасында ақ нанға ауыздары бұрын тиіп, танауларын көтере беруші еді. Олардың әуселесін енді көреміз, — десіп бірі атып, бірі қағады.

Бұлардың қуанышы да өзгешерек. Байғара мен Жауғаш бұл екі тоған суды Сүйіндік ортасына келген төтенше сыйсыбаға деп қабылдап отыр. Басқаларды ішке кіргізбей, мол жер-суды өздері ғана үлеске салып, бауырларына басып қалмақ. Соны сезген Демежан осы бастан мәселенің басын ашып алғанды жөн көрді.

— Әрине, алдағы жер-су бөлісінен осы отырған сіздерге де сыбағалы үлес тиеді. Бірақ. естеріңде болсын, бұл тек Сүйіндік баласы: Байғара мен Жауғашқа ғана тиетін енші екен деп ойлап қалмаңыздар. — деді рулас ағайындарына жағалай көз жіберіп. — Егістік жер мен су ешкімнің руына, ата тегіне қарамай, кім ерінбей еңбек етсе, соған беріледі. Оның ішінде көшке ілесе алмай жатақта қалып жүрген жарлы-жақыбай, кедей-кембағал бірінші кезекте үлес алады. Осыны жақсы ұғынып алыңдар.

Жұрт бұл сөзді естуін естісе де, манағыдай емес, қоңырайысып, үндемей қалды. Демежанның соңғы сөзін ұнатпай, іштерінен қыжыртып отырғандары белгілі. Қокыш, Елеусіз, Тезекбай сияқты жуандар жасы үлкендігін пайдаланып, шын наразы екендіктерін жасырмай, айтып та қалды.

— Е, тәйір-ай, елге келген енші ме десем, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететін берекесіз бірдене десейші.

— Ағайын келесінен аттап, тал түсте талапайға түскен дүниеде не қасиет болушы еді?

— Келімсек, кірме, есіктегі құл-құтанның сыбағасы болды ғой... Солардың арасына кіріп, егін егіп, етек жаппай-ақ қойдым, — десіп, біреулері теріс айналып, енді біреулері камшысын сүйретіп үйден шығып кетті.

Демежан бұл кеткендердің ешқайсысын тоқтаткан жоқ. «Ойбай, әке, жер ал, егін сал» деп ешқайсысына жалынғысы да келмеді. Аталас ағайын деп, сүйеніш, ес көріп, бауырға тартсаң, қашанда істейтіндері осы. Жуандық көрсетеді. «Ит ұяласынан қорықпайды» деп, бұған туыстығын, Жауғаштығын, Байғаралығын бұлдайды. Солар болмаса мына дүние қараң қалатын секілді. Олардың ойынша, Төртуылдың үкірдайы Жауғаштан сайланған екен, демек, ол ең алдымен осы рудың сойылын соғуы керек. Жіліктің майлы басы тек осылардың алдында жатсын. Сонда ғана сені өз қаным, азаматым деп танымақ. Әйтпесе, бұлт беріп теріс айналады, көпке дейін, қырына алып жүреді.

Өрекпіген асқақ көңілі су сепкендей басылып қалған Демежан, ақшыл өңі сұрлана түсіп, ішten тына күрсінді. Бір сәт өзіне жаны ашып кетіп еді. Шетке шықса, бетіне жан келтірмес ұлықты аузына қаратып, төрт үкірдан елді өзіне табындырып, бел алып қайтатын Демежан, Төртуылдың өз ішіне келсе болғаны, осылайша алтын басы кішіреиіп, көп Жауғаштың біріне айналып кетеді ..

Қазақтың осы бір алтыбақан, ала ауыздығын қалай жоюға болар екен? Осы қалпында ру-руға бөлініп, тарылай шашылып, басы бірікпей өтер ме екен дүниеден? Әттең, мұның қолында құдіретті күш, шексіз билік жоқ қой. Әйтпесе, осында жүрген небір теріс азу тентекті, қыныр мен қисықты тезге салып, жіптіктей етіп шығарар еді. Өсекшіл, жікшіл содырсойқанның жонынан таспа тіліп, тілін кесер еді. Сонда ырыққа

көнбей құрық әкетіп жүрген талай тонмойын томырықтар ит қанған қайыстай есіліп шығар еді-ау! Бірақ ондай құдырет жоқ қой мұның қолында. Ру тартысына тыйым салып, халықты береке-бірлікке шақыратын өкіметтің сиқы мынау. Қайта әрекенін отына май құйып, жікшілдікті қоздыра түсіп, ортасынан пайда тапқысы келеді... Әйтсе де, Демежан өзге дүниені өзгерте алмағанымен, ақ көз ағайынның шылауына ілесіп, жетегінде кете алмас. Билігі, мүмкіндігі жеткен жерге дейін өзі таңдап түскен әділет жолында қалар. Басқаға күші жетпесе де, егістік жер мен су мұның еркінде ғой. Сол үшін өкіметке жаманатты, халдайларға қас болып жүріп, екі тоған суға қағаз алған өзі. Ендеше ол жерді қалай бөліп, кімдерге берем десе де, ықтияры өзінде емес пе?

Бір мезетте басын көтеріп қараса, басқалардың бәрі тарап, үй ішінде Биби екеуі ғана қалған екен. Әйелінің қабағында әлдебір кірбең бары байқалады. Әрдайым арайланып шалынатын сұлу, нұрлы жүзі солғын тартып, ұялы, нәркес көздеріне мұң көленкесі түсіп тұр. Демежан оған еңсеріле бұрылып, үрке қарап қалып еді.

— Биби, сен ауру-сырқаудан амансың ба? Шырайың бір түрлі пәс қой... Әлде біреу ренжітті ме? Жөнінді айтшы, — деген әлленеден секем алғандай.

Бибі бірден жауап қата қойған жоқ. Биыл жайлауға көшкенде Назарбекті ашамайға мінгізбек болып, соған тепкішек тігіп отырған. Сонысын қолынан тастамаған күйі, қалтырай күрсінді де:

— Ауруы несі?.. Шүкір, ондайдан аманбыз, — деді күйеуінің жүйрік көніліне разы болғандай, жадырай жалт етіп, — саған солай көрінген шығар.

— Бүкпелеме... Мен жоқта бір сұрқылтай болған ғой. Өзің жасырғанмен, көзің айтып тұр.

— Соны сұрамашы, жаным. Қатын сорлының көзінен жас, көңілінен мұң кетуші ме еді. Сол көп гөй-гөйдің бірі де — сыр беріп қалған...

— Сол күндестік пе баяғы? Сұғын қадап, сұмдығын таяп, от басына ол да жеткен екен ғой... Айт кәне, не жетпей барады екеуіңе? — деген қатты ызамен түйіліп отырып.

Бибінің көзінен боталап шыққан екі моншақ жас ақша жүзінен жарыса сырғанап келді де, қолындағы кестелі тепкішекке тамды.

— Күйінбеші, сабыр етші, жаным! Осы бір ішгегі шершеменді саған сездірмейін деп, тісімді-тісіме қойып, шыдап-ақ келіп ем. Сенің жаныңа да жара салдым-ау ақыры... Арадағы қызыл тіл адам пендесін айнытпай, аздырмай қоя ма?! Ырысқанды күндестіктің дертіне шалдықтырмаспын деуші едім. Ол қолымнан келмеді. Сақтай алмадым... Семіздікті қой ғана көтереді. Әзәзілдің тіліне еріп, бұзылды ғой байғұс бала, — дей келіп, Бибі бұл жоқта екі әйелдің арасында болған бір ұнамсыз жайды айтып берді.

Соңғы жылдары, әсіресе балалы болғаннан бері, Ырысқан мінезіне бір асқақтық, менмендік ене бастаған. Көп жағдайда Бибіні елең қылмай, өз бетінше әрекет етуге бейім тұрушы еді. Жас келіншекті азғырып, күндестік отына май құйып жүрген абысын-ажын да аз емес-ті. Солар: «Ұлды қатын — бұлды. Осы үйдің от басын балаға толтырып, шырағын жандырып отырған сенсің. Ендеше, байдың да, байлықтың да билігі сенде болуы керек. Күндесіңді басына шығармай, осы бастан қысып ұста. Ол қатын өз жөнін біліп, сенің отыңмен кіріп, күлінмен шығатын болсын» десіп, Ырысқанды үнемі Бибіге қарсы айдап салатын-ды... Тамшылаған су тасты теседі. Адамның тіліне аспандағы бұлт айналады. Әлгіндей уәсуәлі, азғырынды сөз қайталана берген соң, Ырысқан да тілге еріп, әр түрлі жат мінездер көрсете бастаған.

Бибі осының бәріне көніп, көпке дейін сыр бермей, шыдап келген-ді. Осыдан бірер жұма бұрынғы бір оқиға мұның да тілін шығарып, ақыры екі әйел ұрсып тынған көрінеді. Ұрыстың шығу себебі былай болыпты. Қой қырқымы жүріп жатқан кезде. Бибі киіз үйлері тозынқырап кеткен осындағы кейбір көршілерге: «осыдан киіз басып, үйлеріңді бүтіндеп алыңдар» деп, өз қолымен біраз жүн таратыпты. Малшы-қосшының шалкемпір, қатын-қалашы Бибінің бұл қайырымдылығына қатты разы болысып, шын алғыс, ақметтерін жаудыралы.

— Жаның жамандық көрмесін. Қосағыңмен қоса ағар, айналайын келінжан!

— Бала-шағаңның игілігін көр!

— Сенің осы пейіліңе берген ғой -- осынау құт-береке, мол дәулетті, — деген сөздер жыртық қос, шоқпыт үйлер маңында көп айтылып жатады.

Осы сөздерді естіп қалуы мұң екен. Ырысқан талағы тарс айрылып, аяқ астынан бүлініпті. Жұрттың бар алғыс, ақ бата-

ларын Бибіге арнағанына шыдай алмай кетсе керек, сол арада білегін сыбанып, бүйірін таянып қотанның ортасына шығады да, жанағы көршілердің көтеріп бара жатқан жүндерін түгел тартып алады. Бұрын үлгіріп, үйлеріне кіріп кеткендерге де қызметші, малай жігіттерді жұмсап, апарғандарын қайта алғызады. Көршілерге ұрсып жерлегенімен қоймай, ара түскен Бибіге де тілі тиіп, ащы, ауыр сөздер айтып тастайды.

— Судың да сұрауы бар. Тал түсте қолдағы байлықты көрінгенге тарата алмаймын. Талатпаймын. Дүние саған керек болмаса, маған керек, менің балаларыма керек... Сенің нен кетіп барады, жұртқа жаксы аттанып, бата алып, байға жаксан болғаны. Осы сенің батамен көгергенін белгілі еді ғой. . Бүгін несіне жәркеленделп, жарамсақтана калдың? — деп жер-жебіріне жетеді.

Акыры Бибі «пәледен машаиық қашыпты» деп, үйге кіріп кетіпті де, үндемей құтылыпты. Бұрын ондайын кім көрген, Ырыскан катты долыланып ұрыскан кезде саз беттеніп, көгеріп кетеді екен. Ауыл адамдары бір ауыз сөз айта алмай, үйді-үйлерінде бұғып, бүрісіп қалыпты...

Бибі осының бәрін көзінің жасын төге отырып, аз сөзбен баяндап келді де:

— Міне, сен жоқта, құдай қара бастырып, екі катын ел алдында осындай абыройсыздыкка тап болдық. Қайтейін, бұл менің саған айтатын сөзім бе еді. Сенің бір басыңды қорғай алмай, сергелденге салғанша, өлгенім артық еді ғой... Не кінәм бар еді? Сол Ырысканды бойжеткен кызымдай, туған сіңлімдей әлпештеп күткеннен баска жаза баскан жерім бар ма? Тек, осы қылығымызды құдай күпірлікке жазып, түбі таудай бір пәлеге ұшыраймыз ба деп қорқам... Біздің қырсығымыз саған тимесе болғаны. Ендігі бар тілегім, зар тілегім осы ғана! — деп егіліп барып тоқтаған.

Демежан торыққандай болып, үнсіз мелшиіп отырып калды Дүниенің дау-шарынан, үскірік-ызғарынан каға беріс, жалғыз ғана жылы ұясы бар еді. Сүйекті капкан күздің суық, мазасыз желіндей салкын ызғар бұл оттың басын да шалған екен ғой. Мұнда да тыным-рахат таптырмағаны да. Қайда барып күн көреді?.. Ол Бибі сөзінің адалдығына еш күмән келтірген жоқ. Сорлы әйел шын сырын, зар иманын айтып отыр. Ырысканда сондай бір қаттылық, дүниеге жақын тұратын штарлық бары рас. Жүрегінде ешкімге алдырмайтын,

түкпірге тыққан бір катты беріш бар. Демежан сол үшін бар дәулетін, бар пейіл-ықыласын үйіп-төксе де, сылқым сұлу жібімеді ғой. Тас қиынына тығылған қыркар қызыл түлкідей алдырмаған, берілмеген күйі келе жатыр. Үйленгеннен кейінгі жар қызуы басылмаған алғашқы екі-үш жыл жылдам сырғып өте шықты да, оның орнын кілең бір арбаса аңдыскан, салқын тірлік басты. Бала тапқан әйелдің дүниенің кең-тарлығымен ісі болмай, балбырап бір иіитін кезі болушы еді. Не үшін екен, Ырыскан олай болмады. Қайта ауыл-аймақ әлпештеп, алаканға салған сайын, суық тартып, катая түскен.

Демежан бұл арада кос катынға төрелік айтып, бірін актап, бірін кіналап жаткысы келмеді. Ұзын қара мұртының шалғысын қайыра тістелеп, үнсіз түйіліп отырды да, Бибіге көз токтата карап:

— Мен не істейін? Қос қатын алам деп, қолқа салған мен бе едім? «Сұрап алған аурудың емі жоқ». Осы іске мені бастаған өзің едің ғой... Енді соның сазайын тартасың! — деп аз бөгелді де. — Байға, байлыкка кенде боп, ішер ас, киер киімге жарымай отырсаңдар, мен өзімді кінәлы санар ем. Бар байлық қолында отырған байбалам бәйбіше мен тойып секірген токалға енді қандай ем істейін? Аз ауыл Төртуылдың басын қоса алмай жүргенде, маған ендігі қалғаны — екі катыннын арасына бітімге жүру еді?! — деп томырылған ашу үстінде теріс бұрылып, артындағы қос жастыкка жантая берген.

Бибі бұдан ары күйеуін мазалаған жок. Өз дерті өзінде, іштен тына күрсінді де, акырын басып далаға шығып кетті. Осы сәт үй сыртынан ат тұяғының дүбірі естіліп, біреулердің түсіп жатқаны байкалды. «Үкірдай үйде ме?» деген әлдебір дауыс та шығып еді. Кім де болса алыстан суыт жүріп келген кісілер. Көп ұзамай соза-соза сәлем берісіп, ішке жұпыны шекпен, жұлма тымақ киген бес-алты адам кірді. Топ бастап келе жатқан капсағай, ірі денелі Бөкені үй иесі бірден танып, басын көтеріп алған. Қасындағылары — сол Бөкемен бірге тау бөктерінде егін салып, еңбекпен күн көріп жүрген әр рудын колы қыска, жұпыны-жуас адамдары.

Демежан осыдан бірер күн бұрын калада сол жатак ауылдын бір жігітіне жолығып, Бөкеге арнайы сәлем айтып, екі тоған суға қағаз алғаны туралы қуанышты хабар жолдаған-ды. Сол хабарды естісімен, үйлерінде шыдап отыра алмай, шапкылап жеткен беттері болса керек. Бұл күнде алпыстын

жуан ішін аралап, сақал-шашы бұрыл тарта бастаған Бөке төр алдына жайғасып, аман-саулық сұрасып болған соң, бірден шешіліп сөйлеп кетті.

— Қаладан қайтыпсың, Демежан шырағым. Және бұл жолы жай қайтпай, бас бәйгенді алып, мол олжамен оралыпсың. Баяғыда бір кісіні жығып, басынан күш алып кететін бізді де бұл жұрт палуан атандырған. Ендігінің күрес тәсілі білекте емес, білімде қалды ғой. Сол жаңа заманның ұлығын үйпап, халдайын қапы кетірген нағыз палуан, міне, өзіңсің. Әмісе осылай абыройың асып, мәртебең өсе берсін, асыл азаматым! — деп тілек-батадай бір оқшау сөз айтып еді.

Манадан бері өз ағайындарының керенау-керден мінезін көріп, оған үй-ішінің көңілсіз, күйкі тірлігі қабаттасып, іштей жабырқап, жасынқырап отырған Демежан бірден серпілып сала берді. Көңілін аспандатқан — қарапайым қара шаруа Бөкенің аузынан шыққан бір ауыз сөзі еді: «Міне, келді ғой — жер-судың нағыз иелері. Соған шын қуанып, қадірін біліп, өзі іздеп келіп тапты ғой» деп толғанды ішінен. Сол көтеріңкі көңілмен жадырай түсті де:

— Ракмет, Бөке аға. Көп жылдан бері сіздердің алдарыңызда ұятты болып жүр едім. Ақыры сол арманды еткен Абдыра мен Қараүңгірден екі тоған суға қағаз алып қайтқан жайым бар. Әзірше сендерге әкелген базарлық-сыйым да, қолдағы барым да осы! — деген-ді.

Бұл сөзге отырғандар тегіс мерейленіп, дуылдасып қалды. Бөкенің қасындағы Қараман, Күркебай, Есбол сияқты картаң адамдар жамырай үн қатып:

— Шырағым-ау, біз үшін бұдан үлкен сый бола ма?!

— «Соқырдың тілегені — екі көзі» деп, сол суға қолымыз жетпей, бұл күнде бұлдырық болып отырған жоқпыз ба?!

— Осының бәрі бір сенің арқаң ғой, Демежан-ау! Сол жер мен суды арыстанның аузынан, түрікпеннің түбінен күшпен тартып алғанынды көрмей-білмей отырмыз ба?! — десіп, шын ризашылық сөздерін айтып жатыр.

Серіктерінің дабыры басыла бергенде, олардың сөзін Бөке жалғастырып әкетті.

— Ана жылғы өзіңнің ақыл-кеңесіңмен тау бөктеріндегі бұлақ бастауды сағалап, жылға-жылғаға дән сеуіп, күн көріп отырған бір қауым ел бармыз ғой. Осы хабарды естігелі, сол қара шаруа халқың үлкен қуаныш үстінде. Бүгін барып көр-

сең, әр ауыл «ақсарбастарын» айтып сойып, кіші-гірім той жасап жатыр. Көп жырлап қайтейін, қазір еңбекқыл еліңнің тілеуі бір сенің үстіңде, Демежан шырағым, – дей келіп, төстегі елдің кейінгі кездегі шаруа-күйін әңгімелеп кетті.

Осыдан бес-алты жыл бұрын, Демежанның қырманынан кеусен алып қайтқан соң-ақ, осы Бөке бастаған аз үйлі кедей ауыл Ашылының аңғарына қыстау салып, жаңа бір тірлік бастаған-ды. Дәл іргесінде арқырап ағып жатқан Абдыра өзенінен халдайлар нәр татырмайтын болған соң, жылға-сайлардан ағатын кіші-гірім бастау-бұлақтарға тоспа жасап, соның суымен шұқанақ, шағын егіндерін суарып, күзде балашағаның ене көкірек несібесін жинап алатын. Көп кешікпей біреуден-біреу өнеге алып, тұрақты кәсіпке ден қоюшылар көбейе бастайды. Бұрын байлардың көшіне ілескеніне мәз болып, сіңірін боска созып жүрген ет тірі талай кедейге ой түсіп, жер тырмалап, егін салуға кірісіп еді. Жалғыз Ашылы емес, енді іргелес жатқан Абдыра, Қызбейіті, Күжібай өңірінде де осындай егінші, жатақ ауылдар пайда бола бастаған. Қазір сол бөктердегі қаз-қатар қоныстанған жеті-сегіз ауылда диқаншылықтың дәмін татып, соқаның сабын ұстауға төселіп қалған жүзден аса түтін бар көрінеді. Енді солардың қолына құнарлы жер, нәрлі су тисе, кәдімгідей іргелі ел болып кететін түрі бар... Бөке осы жайларды байыппен баяндай келіп, Демежанға мол денесімен еңсеріле бұрылды да:

— Осының бәрі — өзіңнің ақыл-кеңесің, көрсеткен үлгі-өнегең ғой, Демежан шырағым. Қалың қазақ қауымына түбінде тұрақты кәсіп керек екенін сөзбен айтып та түсіндірдің, өзің бастап егін салып, іспен де дәлелдедің. Тақ бір көр кеуде, керең құлақ біреу болмаса, ұғатын уақыттары болды ғой. Енді, міне, қолымызды есеге жеткізіп, ортадан ойып жер-су әперіп отырсың. Бұдан артық не істейсің бұл етекбасты, шабан-шардақ жұртына?! Жасаған жақсылығың бізден қайтпаса құдайдан, келер нәсіл, ұрпақтан қайтар. «Ел бағына туған азаматым, асыл бегім, аман бол» дегеннен басқа не бар біздің қолымызда? — деп аз сөзбен ел алғысын жеткізді.

Демежан да қазір ақшыл, кесек жүзі нұрлана түсіп, карт сөзіне мерейленіп отырған.

— Рақмет, барды айттың, Бөке. Байқап отырмын, еткен еңбек, төккен тер текке кетпеген екен, — деді толқи тіл қатып —

Бірақ бұл әлі қағаздағы дүние ғой. Енді соны тездетіп іске асыруымыз керек. Сіздерді шақырған себебім де сол еді.

— Не бұйырсаң, біз дайын.

— Тек жол бастап берші, арғы жағын өзімізге қоя бер, — десті отырғандар.

— Ендеше, соз бүйдаға сала бермей, Абдырадан алынатын тоғанға жақын арада кірісіп кетейік. Осы жұмыска дәл қазір қанша адам шығара аласыздар?

Бұл сұракка Ақболаттан шыққан намысты, ер кедей Күркебай жауап берді.

— Осы жана ғана сай-сайда шашылып отырған жүз үйлі жатак бармыз дедік қой. Солардың көбі-ақ балалы-шағалы, ер-азаматы сай адамдар. Тіпті шаңырақ басы бірден дегенде, жүз жігітті колма-қол жинап беруге болады.

— Онда тіпті жақсы. Сіздерге үш күн нәубет беремін. Жігіттерің кетпен-күрегін, тесесі мен қайласын алып, сақадай сай түрсын. Алдағы сәрсенбінің сәтіне Абдыра өзенінің аңғарынан табысайық.

Осы сөз байлау болды. Бөкелер осыдан кейін көп бөгелген жок, қымыз ішіп, конакасыға сойылған малдың етінен ауыз тиді де, асығыс атка қонды. Куаныштары қойнына сыймай, бұл жаңалықты төстегі қалын елге тегіс жеткізбек болып, кешкі салқынмен жүріп кеткен.

V

Уәделі күн жеткенде, қасына бір топ адам ертіп, Демежан да ертелетіп атқа конған. Бұлардың ішінде осы елдің зәңгілері Тыныбай мен Түсіптен баска, егіншіліктің, тоған казудың жайын білетін Диканбай бастаткан өз аулының біраз жігіттері де бар. Ойдағы елдің жаппай жайлауға көшіп жатқан кезі еді. Бұл күндері бүкіл Сарыөлең, Көкжайдақ, Боздақ, Қырыққұдық, Өбісін өңірі түгел козғалыска келіпті. Қай жағына қарасаң да, тауға карай бет алған үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, баяу ырғалған түйелі көштер ұшырасады. Танертенгі ерте салқынмен атқа конған салт аттылар сондай көштердің талайын басып озып, сәскe түс шамасында Ашылыға жетті.

Демежандар келгенде, Абдыра өзенінің тау шатқалына таяу он жақ қабағында жүз каралы кісі шоғырланып күтіп

түр еді. Атқа мінгені, өгізге мінгескені, жаяуы бар, ала-шобыр қызық топ. Тақымдарына қыскан, иықтарына салып бос ұстаған кетпен-күректері күнге шағыла жарқ-жұрқ етіп, бұл өлкеде бұрын болмаған өзгеше көріністен дерек бергендей. Той-думанға, желік-тамашаға жиналған қызық құмар қыр қазағы емес, қалың қайрат танытып, іске жұмылған еңбек тобы. Бәрінің алдында, сол ұжымдаскан қауымның колбасы сардарындай болып, биік қоңыр аттың үстінде Бөкенің өзі түр.

Сөзі мен ісі бір жерден шыға бермейтін, етекбасты жұртының енжар мінезінен әбден запы болған Демежан, қашан тау бөктеріне жеткенше, көңілін жайлаған бір күдіктен арыла алмай келе жатқан. Кенет карсы алдынан қауымдаскан елді, неге де болса дайын, тас-түйін топты көргенде, арқасы кеңіп сала берді. Астындағы тортөбелді тайпалта жорғалатып, өз тобынан озыңқырап келді де, күтіп түрған көпшілікке такай бере:

— Уа, орта толсын, халайық. Іске сәт! — деді жарқын жүзбен саңқылдай үн қатып

— Кемдігі өзінмен толып, тақия төбе болсын, Демежан шырағым! Серкесіз судан өтпейтін коралы койдай ұйлығып тұрған халқың бар. Екі тізгін, бір шылбыр өз колында. Бастай бер! — деді Бөке де күркіреген зор дауыспен.

— Онда не тұрыс бар? Тарт аттың басын — алынбас қамалдай боп келген Абдыранын суына!

Сол сөздің ауыздан шығуы мұн екен, топтанып түрған қалың қара шаруа шуылдап, қостап кетті.

— Күткеніміз — өзін ғой.

— Баста!

— Ердік соңыннан...

— Су алатын көмейді көзімізге бір көрсетші! — десіп, жақпар тасты жаңғырықтыра, ен даланы бастарына көтерді.

Бұл маңайдың жер жадысы Демежанға жақсы таныс болатын. Түбінде тоған алып, су шығарғандай күн туса, өзен аңғарының қай тұсы колайлы болар екен деп, бұрын да бірнеше рет келіп қайтканы бар-ды. Қасына Бөке, Тыныбай, Диканбайды ертіп, топ алдына түсе берді.

Төменде, биік жарқабақ астында, тастан-таска соғылып, күркірей арындап, Абдыра өзені ағып жатыр. Қарсы бетте, арнаның шығыс қапталында, тал-теректері көгеріп, Бахалдай мен Дохалдайдың зәйімкелері көрінеді. Олардың ендеп кет-

кен егіс алқабы, егінге су алатын тоғаны да сол қарсы жақта. Ал өзеннің батыс бетп әлі игерілмеген тың дала, түгін тартсан майы шығатын, қара топырақты, боз жусанды кең жазық болатын. Тау етегіне жақындаған сайын шалғын шөбі, қараған-тобылғысы молайып, жер құйқасы қалыңдай түседі. Жатақ ауылдар биыл көктемде осы бөктерге сокамен тырмалап, біраз егін салған екен. Қазір сол егіндері тақта бетін жасырып, қаулап өсіп қалыпты. Алынатын тоған алдымен осы егіндікті басып өтуге тиіс. Бірақ өзен аңғары тым терен, биік қабақтың астында жатыр. Тоған көмейін едәуір жоғарыдан алып, қабырғалатып әкелмесең, дәл тұспа-тұстан су шығара алмайсың. Сондықтан олар әлі де төрт-бес шақырым жоғары өрлеп, тау шатқалына ішкерілеп ене түсті.

Бұлардың ішінде егіншіліктен хабары мол, көзі қарақтысы Диканбай еді. Сол өзен арнасын көзбен шолып, жіті карап шықты да, қасындағы Демежан мен Бөкеге бұрылып:

— Әсілі, бас тоғанның көмейіне өзен ағысының тебіндеп келіп, жақсы серпінмен сокканы дұрыс болады Сондықтан арнаның кең жайылмай, қысылып аққан және осы жағаға мол аунаған ұрымтал тұсын таңдап алайық, — деген ақыл айтты.

Басқалар да соның сөзін құп көріп, әлі де біраз өрлей түскен. Тіпті карсы беттегі халдайлар тоғанының көмейінен де жарты шақырымдай өтіңкіреп барып бір-ақ тоқтады. Бұл өзен ағысының лықсып келіп, бергі жағаны жуып жатқан қысаң тұсы болатын. Әрине, жаңа тоған тау беткейін керлеп, кең жазыққа көтерілгенше, едәуір жер қазуды, көп еңбекті керек қылады. Бірақ, оның есесіне, су баратын егіс алқабы ұлғая түспек.

Осы араға келгенде бәрі аттан түсіп, жағалауға қарай бет алды. Жұрт көңілді. Жігіттер кетпен-күрегін оңтайлап, жұмысты бастап кетуге құлшынып дайын тұр. Әр тұстан қысылмай шыққан емен-жарқын күлкі, әзіл-оспақ, сүйіністі лебіздер естіледі.

— Көкте құдай, жерде халдай билеуші еді. Абдыраның мөлдір тұнығына біздің де колымыз жетті-ау ақыры!

— Халдайлар арықтағы суынан ат суарсаң ашуланып, құты кеткендей болушы еді. Енді не істер екен?

— Өзгесін не қылайын, бір пұт бидайын бір койға бұлданып әрең беруші еді-ау. Енді біздің де аузымыз ақ нанға тиетін шығар, — дескен уытты сөздер ұшқын атады.

— Ал, бастаймыз ба? — деді Бөке әлі де өз көзіне өзі сенбегендей, Демежанға қарап.

— Бастайық! — деді Демежан. Сонан соң көпшілікке бұрылды да: — Ал, жарайық, біз бүгін ата-бабамыз істеп көрмеген жаңа бір тірлікке кіріскелі тұрмыз. Осы тоғанды бітірсек, асау өзен Абдыраны ауыздықтап, алты құлақ су аламыз. Ол су Ашылы мен Нұранын кең алқабын қалай көгертем десең де жетеді. Қалай ойлайсыңдар, осыны орындау біздің қолымыздан келе ме, — деген дауыстай үн қатып.

Жиналғандар тағы да тау жаңғыртып, шуласып кетті.

— Келгенде қандай!

— Халдайлардың да аяғы аспаннан салбырап түспеген шығар. Олар да өзіміз сияқты пенде...

— Тек жер-судың қожасы демесең, белін ауыртып, бұта басын сындырған халдай бар ма? Соларға малайлыққа жалданып, бар шаруасын аткарып жүрген — тағы өзіміздің сорлы қазақ, — десіп шиыршық атқан намысты үндер естілді.

Демежан жұрттың гүілдеген дабыр-шуының басылуын күтіп аз кідірді де:

— Ендеше осы жұмыс аяқталғанша, сіздерге тоғанбасы — шаңия етіп, Бөке ағамызды тағайындаймын Бұған не айтасыңдар? — деген. Көпшілік оны да қостап:

— Жөн-ақ!

— Бөке болсын.

— Бізге Бөкеден басқа шаңияның тіпті қажеті жоқ, — десіп жатты.

— Олай болса, бүгіннен бастап шаңия-мұраптарың — осы Бөке. Тоғанға адам шығару, кезегімен ауыстырып отыру осы кісінің қолында болады... Ал, кәне, іске кірісейік!

Бірнеше адам қанжығада байлаулы жүрген арқандарын шешіп әкеліп, болашақ тоғанның тас табанын белгілей бастады. Бұларда жер деңгейін өлшейтін арнаулы аспап жоқ, көз мөлшері ғана. Бірақ жер жадысын жақсы білетін Диканбай, Бөке сияқты көкірегі данғыл үлкендер мен сахарада мал көздеп, ан аулап өскен қырағы, мерген жігіттер мүлт кетер емес. Тоғаннын бас көмейін су екпіндеп еркін соғатындай сәл еңістеу жерден алып, содан ары арқан керіп, әр жерге белгі соғып, қазық қағып бара жатыр.

— Ал қалғандарымыз қарап тұрмай, бастай бермейміз бе? — десті тықыршып түрған жігіттер алакандарына түкіріп.

Бұл кезде Бөке қол астындағы адамдарды он-оннан топтап, әрқайсысына қазықтардың арасын бөліп беріп жатқанды. Жігіттердің күш-қайратына, құрал-сайманына қарай араластыра іріктеп жүр. Әлден уақытта Демежанның қасына келді де, таңдап алған жақсы күректің бірін қолына ұстатты.

— Ал, Демежан, халқыңның қамын ойлап, осы бір жаңа көшті бастап жүрген өзің едің ғой. Ырым болсын, алғашқы күректі сен салшы, өзің басташы, — деді шын ықылас білдіріп.

Демежан сөзге келген жоқ, үстіндегі шапанын шешіп лақтырып тастады да, іске кірісіп кетті.

— Ау, пірім, диқан бабаның аруағы, өзің қолдай гөр! — деп күректі табанымен басып, жерге ұңғысына дейін енгізді де, алғашқы топырақты атып жіберді.

Осыны күткендей, манадан бері қолдары қышып әрен тұрған жігіттер де қауырт жұмыска араласып кетті. Қиыршық құмға, шағыл таска тиген сүйменнің, кетпен-күректің жүзі шақыр-шұқыр етіп, Абдыра аңғарын лезде еңбек дүбіріне толтырып жіберді. Жүз қаралы кісі кемінде жарты шақырымдай жерге шеп жайып, қолтығын жаза, құлаштай сермеп жатыр. Тоғаннын көмейге жақын тіремесіне Бөке өзінің: Қадырбек, Садырбек, Жұмабек дейтін үш ұлын қатар салған екен. Әкесіне тарткан өңшең ірі денелі, атпал азаматтар қолы тиген жерін ойып түсіп еңсеріп барады.

Демежан сүймен ұстаған сол үш жігіттің қимылына біразға дейін қарап тұрды. Әсіресе Садырбек пен Жұмабек көйлектерін шешіп, белуарына дейін жалаңаштанып алған екен. Ауыр сүйменді көтере сокқанда, саптыаяқтай қар еттері бұлтбұлт ойнап, тиген жерін опырып, ойып жібереді. Жеке олар емес, жас өспірім баладан еңкейген кәріге дейін шама-шарқынша күш салып, қимылдап-ақ жатыр. Демежан бірнешеуімен тілдесіп те көрді. Осылардың көпшілігі бұрын байлардың есігінде, халдайлардың жалшылығында күн көріп, балашаға бағып жүрген жандар екен. Соңғы жылдар жатақ аулындағы жаңа кәсіпке ден қойып, әр жақтан бас құрай бастапты. Ата тегі, ру жөні де әр түрлі: Байғара-Жауғаш та, Қараменде мен Баймұрат та, Ақболат, Шөтік те араласып жүр. Тіпті бұл Төртуылға жатпайтын Қаракүрсақ, Мәмбет, Жұмық та, қиырдағы Тума-тоқпақ, Мұрын да ұшырасып қалады. Алайда ру сұрасып, салмақ салыстырып, жікке бөлініп жүрген ешкім жоқ. Бұларды біріктірген кандастық, руластық емес, ортақ

тағдыры, күнкөріс кәсібі табыстырған, тұрмысы туыстырған жандар. Ру-ру боп жөнкіле көшіп жүрген былайғы көп қазақтан бөлініп қалған аралдай. Әр рудың арасынан сығылып шыққан нәр-сөліндей.

«Бытырап жүрген қазақтың басын қосатын — айдағаннын алдында кететін өрістегі малы емес, осындай тілеуі бір тұрақты кәсіп қосатын екен-ау! — деп ойлады Демежан, иық сүйесе қатар қимылдаған көп қауымға қарап тұрып — Әлде біздің халықтың үйткы-мәйегі осылардан басталар ма? Сірә, солай шығар... Мынау — бұрын байқалмаған жаңа нышан, өзгеше бірлік белгісі ғой».

Бөке мен Диқанбай екеуі жер қазып жатқан әр жігіттің қасына барып.

— Сызықтан ауытқымай тура қазыңыздар. Тоғанның ені екі кез. Биіктігі бір кезден артпасын. Топырағын алысқа шашпай, еніс жағына қоянжондап үйіп қойыңдар! — деп қадағалап жүрген-ді.

Әлден уақытта Бөке Демежаннын жанына келіп, көк шөптің үстіне жамбастап отыра кетті. Шаршаған сиякты, мата белбеуінің бір ұшымен маңдайынын терін сүртті.

— Осы қарқынмен тынбай қимылдаса, тоғанның қазылуы қаншаға созылуы мүмкін? — деді Демежан да онын қатарынан орын алып.

— Кім білсін, бұрын кім тоған қазып көріпті? — деп Бөке езу тартып күлді. — Бүгін алғашқы күн болған соң, жұрт дүрмекпен көп жиналды ғой. Үнемі бұлай бола берер деймісің. Дегенмен жұмыс басынан қырық-отыз адамды үзбейтін шығармыз.

— Иә, аяқ жағы қожырап, сиыр күймұшактанып кетіп жүрмесін. Жұрт шөпке, егін-тегінге араласып кетпей тұрғанда, бітіріп алғандарыңыз жөн ғой.

— Өзім де соған белді буып отырмын. Жан ұяда болса, жаз ортасына дейін бітіріп қалармыз. Тіпті осы тоғанды ертерек іске қосып, бөктердегі егінді бірер мәрте суарып қаламыз ба деген де ойымыз бар, — деді Бөке нық сеніммен — Ал бұл елге егістік жерді қашан бөліп бересін?

— Ол жағына алаң болмай-ақ қойыңыз, — деді Демежан да Бөкенің көңілін орнықтыра сөйлеп. — Жер ең алдымен осы тоғанды қазуға қатысқан еңбеккор қалын бұқараға тиеді. Тоған қазылып бітсін. Амандық болса күзге таман осылай бас қосамыз да, жерді адам санына қарай аркандап бөліп аламыз.

— Иләйім, соған жеткізсін. Құдай бұйырса, келер жылғы егіске капысыз дайындаламыз ғой. Сока-саймапды, тұкымдық астықты да ерте камдап, сакадай сай отырамыз.

Демежан тоған жүлгесін бойлай жер казып жаткан жігіттерді көзбен шолып біраз отырды да:

— Онда мен қайтайын, Бөке аға. Ертең біздің ауылдар жаилауға көшуге тиіс еді. Мұндағы шаруа өзіңізге аманат, — деп етегін қағып түрегелді.

Тыныбай, Түсіптер бұрынырақ атқа конып, үкірдайды күтіп тұрған. Демежан аттанар алдында, әлдене есіне түскендей, Бөкеге қайта бұрылды:

— Сіздерде сойыс, сауын жағы калай? Ауыр еңбек үстінде азық-түліктен қысылып қалмайсындар ма? — деді оның бетіне барлай карап. Бөке күмілжіп қалды.

— Жұрттың ене көкірек айран-шалабы бар ғой. Бірдеме қып күн көрер...

Демежан оның сөзін аяқтатпады:

— Өзіңе жаздай сауып ішуге екі құлынды бие, топ ортаға сойыска деп бір-екі ірі кара мен он шақты қой бөлемін. Жайлауға мал айдағанда, осы маңнан күтіп тұрып, жолдан алып калыңдар.

— Апыр-ай, шырағым Демежан-ай, бізге осы істеген жақсылығың да аз емес. «Түйенің таныганы жапырақ» деп, бір сені қарактай бергеніміз қалай болар екен? — деп Бөке желкесін касып, шын ұялып тұр.

— Ештеңе етпес. «Мың сіз-бізден бір шыж-мыж артық» деген бар ғой. Бұл менің тоғанға коскан үлесім болсын, — деді Демежан атына мініп жатып.

Соны аитып, орнынан козғала берген-ді. Кенет өзеннің арғы кабағынан бері құлдилап келе жаткан төрт-бес салт аттыға көзі түсті. Өңшең токжарау, семіз ат мінген, қара киімді, ыздиған біреулер. Оларды Бөке де байқап калған екен.

— Үкірдай, сәл күте тұрасың ба, қайтесің. Мыналар тегін кісілер емес. Сырт пошымдарына қарағанда, осылар бізге әдейі келе жатқан сібелер болып жүрмесін, — деді арт жақтан кобалжи дауыстап.

— Иә, солай болды... Ана бір кара атқа мінген, дөңгелек калпакты жуаны, дәуде болса, Дохалдай мен Бахалдайдың бірі. Осылар шұркан шығармаса жарады, — деп Тыныбай да секем ала сөйлеп түр.

Демежан үндеген жоқ. Түп сыртына шығып, күренітіп кетті де, қасындағы шағын топпен тоған қазып жатқандардан аулағырақ барып тұрды. Не де болса жұртты алаң етпей, онашада күтіп алмақ.

Кешегі жаңбырдан кейін Абдыра өзенінің түсі бұзылып, тасыңқырап жатқан-ды. Әлгілер ат құйрығын бұратын мол судың жайылмалау тұсына аттарын қамшылап қойып-қойып кетті де, бергі жағаға кешіп өте шықты. Алдыңғы қара атқа мініп, қара қалпақ киген — шынында да, Дохалдай екен. Әнеугүні Ши-амбының тойында Демежанмен шәлкем-шалыс кеп қалатын қиямпұрыс, тентек халдайдың өзі. Айдынын сыртына салып, астындағы қара аттың ақпа жорғасымен тебіндеп келді де, топ кісінің арасына сұғына кіріп тоқтады. Халдайлардың өздігінен ешкімге сәлем бермейтін әдеті. Демежан да үнсіз сазарып қалды.

— Үкірдай, бұл не қылған адамдар? Бұл жұрт мұнда не істеп жатыр? — деді Дохалдан аң-таң болған пішінде. Білмегенсіп, жорта сұрап тұрғаны белгілі.

— Көрмей тұрсың ба? Қазақтар өз егініне су апару үшін, тоған қазып жатыр.

— «Тоған қазғаны» қалай? Осы маңда қара-күра көбейгенге көшкен ел ме десек... Әй, мыналар, расында да, бірденені шұқылап қазып жатыр, — деді ол ат үстінен қопандай мойнын созып. — Сонда суды қайдан алмақсыңдар?

— Абдырадан! Жаңа ғана өзің кешіп өткен Абдырадан аламыз, — деді Демежан қамшысымен өзен жақты нұсқап.

— Ол судың иесі бар емес пе. Абдыра өзені түгелімен халдайларға қарайтынын білмейтін бе едіңдер? — Дохалдайдың жүзінен кекесін күлкі жүгіріп өтті.

— Халдайлардың бір жақтан ағызып әкелген суы жоқ шығар. Абдыра өзені жер жаралғалы осылай арқырап ағып жатқан жоқ па.

— Бірақ менің қолымда Еженханның өзі бекітіп берген таңбалы қағазы бар ғой. Сонда бұл өзеннің қожасы кім екені ап-анық айтылған.

— Сен Еженханның ұлы болғанда, біз құлы ғой деп пе едің? Дүние қағазға қарап тұрса, ондай таңбалы құжат бізде де бар.

Дохалдай бұл жаңалықты әлі білмейтін болса керек. Езуі жайылып, мардамси күлді.

— Қағаз дейсің бе? Оны кім беріп жүр сендерге?

— Сенбей тұрсың ба? Мә, жақсылап көріп ал ендеше! — Демежан бешпетінің ішкі қалтасынан қызыл ала таңба басылған етектей бір парақ қағазды суырып алды да, халдайдың танауының алдына тосты. — Қалай, көзің енді жетті ме?

— Мүмкін емес, — деді Дохалдай өз көзіне өзі сенбегендей. — Қазакка кор болған бұл қайдағы қағаз?

— Дұрыстап оқысайшы. Хат танитын шығарсың... Сонан соң астындағы таңбаға қара!

Тентек халдайдың тау құлатардай боп келген алғашқы арыны басылып қалды.

— Бұл заңды құжат емес. Алжыған Ши-амбының істеп жүргені ғой... Сендер мұны параға сатып алғансыңдар, — деді иегі дір-дір етіп.

Демежан қағазды бүктеп. қалтасына қайта салып қойды да, халдайды ашық ажуалап, қарқылдап күліп жіберді.

— Әй, сен өзің халдаймын, ақ сүйекпін деп шіренгенің болмаса, басында тауықтың миындай да ми жоқ екен ғой, — деді ат үстінде еңсесін көтере түсіп. — Біліп қой: халдайлардың баяғы заманы өткен. Қазақ кеше өзінің ата-коныс жерін бір алса, бүгін ортадан ойып суға ие болды. Қара халықтың осы жеңгені — жеңген. Ана тұрған жұрт енді саған есе береді деп тұрсың ба? — деп арт жағында тоған қазып жатқан қалың көпшілікті нұскады.

Дохалдайдың қара қошқыл жүзі бір ағарып, бір сұрланды. Ызадан жарыла жаздап. бірақ дәл қазір көпке топырақ шаша алмасын сезіп, дінкесі құрып тұрғаны белгілі.

— Жарайды, тоғанды каза беріңдер. Бірақ, кашан айттың деме. еңбектерің зая кетеді, — деді өзін зорға тежеп. — Мен өзім де осы бетке тоған шығарғалы жүр едім... Дайындап бергендерің кайта жақсы болды.

— Оны уағында көрерміз!

— Көрсек көрерміз!

— Бар. Сенгенің ұлық болса, арызыңды айта бер.

— Осы Абдырадан қазакка бір тамшы су татырсам, халдай атым өшсін!

— Сенің атың өшер. Бірақ ана жүрген қалың ел осы бетінен қайтпас.

— Отпен ойнама, Демежан!.. Басың кетеді, — деп Дохалдай атының басын бұра берді.

— Қай қазақтың басы канжығанда жүр еді?! Өзін де айдарына сақ бол! — деп дауыстап қалды Демежан, сырт айнала

берген Дохалдайдың жон аркасында шұбатылып бара жатқан жуан өріміне көзі түсіп.

Халдайлар тобы жаңағы келген ізімен өзеннен өтіп, өздерінің зәйімкесіне карай бет алды.

— Мына кәпірдің беті жаман ғой. Бұл ит енді маза берер деймісің, — деді Бөке шын қобалжыған түр байқатып. — Тоғанды каздырмай, шыркымызды бұзып жүрмесе жарады.

Демежан да халдайлардың онайшылықпен есе-тендік бермесіне көзі жетіп, іштей кауіп ойлап калып еді. Бірақ сыртгай сыр бермеді.

— Бұлармен сөйлесетін де, алысатын да — мен ғой. Сендер жұмысты токтатпай жүргізе беріңдер. — деді Бөкеге карап. — Бірақ тым бейқам да болмаңдар. Азаматтар ат-көлігін сайлап, сойыл-шоқларын такымында ұстайтын болсын.

— Бұлар бізге не істей кояр дейсің. Қайта, өзің сақ бол, Демежан шырағым. Жаңағылар әркандай кастықтан тайынбайды. — деді Бөке.

Демежандар аз байыркалып тұрды да, халдайлардың карасы батты-ау деген мезгілде, орындарынан козғалып кетті. Алда киян-кескі киын тартыс күтіп тұрғаны белгілі еді. Демежанның басына айықпас дау ілінгені, жеме-жемге келгенде шын теперішті сол көретіні казір кімге де болса анық болатын.

VI

Дохалдай өзі-өз болғалы, дәл бүгінгідей корланып, намыстанбаған шығар. Тентек халдай катты долырып, ашуланған кезде түгі сыртына шығып, китар көзі шатынап, шабынған бурадай екі езуінен көбік ағып кететіні болушы еді. Бүгін де сондай күйге түсті.

Бұлай болар деп кім ойлаған?! Қанша елемейін десе де, жаңағы Демежанның мұны ажуалап, аскактай күлгені, сонша лық бір тәкаппарлықпен таңбалы қағазды танауының алдына әкеліп тосканы көз алдынан кетпей койды. Мұның өзі адам акылына сыймайтын заңсыз зорлық, сұмдық киянаттай көрінген. Сенбейін десе, казақтарға Абдыра мен Қарауңгір өзендерінен екі тоған су берілгені туралы өкімет бұйрығы маньчжур және қытай тілдерінде мөрдей басырайып жазулы тұр. Аяк жағына Іле жаңжұнының өзі кол койып, таңба бас-

кан... Бұл не? Өкімет осындағы халдайларға берген артықшылықтарын қайтып алғаны ма сонда? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Көктің ұлы Еженхан өз сертінен таймауға тиіс. Мұнда бір гәп бар. Түбі шикі, әйтеуір... Осының бәрі — бергі жақтағы Ши-амбының істеп жүрген қитұркысы. Ол қазақтардан көп пара алып, жаңағы екі өзенді біздің сыртымыздан сатып жіберуі де мүмкін ғой. Әй, солай шығар. Соңғы жылдары Демежанмен тым әмпей боп кетуі жаман еді... Жоқ, бұл қорлыққа өзге көнсе де, Дохалдай көне алмас. Сол үшін Іле жаңжұңына, тіпті сонау Бежіндегі императордың өз құзырына барса да, бұл мәселенің анық-танығына жетпей тынбас.

Бұрын осындағы халдайлар қазақ үкірдайы Демежаннын Боздақта қора-жай салдырып, Қарасу бойларына егін еге бастағанын көргенде. «е, мейлі, бір адам не бүлдірер дейсің» деп бәлендей мән бере қоймаған-ды. Кейін өз үкірдайларына еліктеп, қазақ кедейлері тау бөктеріндегі Ашылы, Күжібай сияқты кіші-гірім өзен-бұлақтарды пайдаланып, жер тырмалап, егін сала бастағанда да, халдайлар айылын жиған жоқ. Әлгілердің таздың басындай ойдым-ойдым егінін көріп, сыртарынан сылтың қып, күліп жүретін... Ал саған күлкі керек болса! Енді, міне, «елемеген ауру жаман, ескермеген дау жаман» деп қазақтардың өздері айткандай, бұратана жұртын бірте-бірте баска шығып бара жатыр. Бүгін Абдыраға келіп ауыз салған көшпенділер ертең қолындағы мал-мүлкінді, қатын-баланды талап алудан тайына ма?!

Осы ойлар басына келгенде, Дохаллай жын буғандай одан арман құтырына түсті. Астындағы қара жорғаны бауырлата тартып жіберіп, егін арасындағы суыртпақ жолмен зәйімкесіне карай ағыза жөнелген. Сол бетінде еш жерге тоқтамай, бау-бакшалы, салқын-саялы өз қақпасына келіп, ат басын бір-ақ тіреді. Аттан қарғып түсіп, шылбырын қасында сөлкектеп шауып жүрген малайына ұстата салды да, ауланың төріндегі имек шатырлы, кіре берісіне әр түрлі аң бейнелері салынған үйіне карай ұмтылды.

Дохалдайдың бұрынғы әйелі қайтыс болып, осы былтыр ғана Кехалдайдың жетіп отырған сұлу қызына үйленген-ді. Әлі төсек қызуы басылмаған сол жас иіс есіне түскенде, кейде уақсыз уақытта окыранып, осылай асығыс үйге келетіні болушы еді. Ерке токал күйеуінің бұл карбалас жүрісін де сондай жақсылыққа жорыса керек, құлын мүшесі көзге ұрып

тұратын қынама бел, тар көйлектің ұзын, жырық етегінен аппақ санын жаркылдатып, бұрала майысып, алдынан шыға берген... Бірақ Дохалдайдың дәл қазір оған қарауға мұршасы жоқ еді. Бұрандап жолын бөгеген жас тоқалдың жұмсақ жерінен камшымен шып еткізіп бір тартты да, ләм-мим тіл қатпастан, төрт бөлмеге қарай өте шықты. Алқынған күйі бұрыштағы үлкен қара сандықтың қасына келген. Өз жанынан тастамайтын кілтімен дереу әлгі сандықты ашып, әр түрлі қорапқа салынған асыл тастар мен каттаулы ақша бумаларының арасынан өзіне таныс таңбалы қағазды алып шықты. Сол қағазды көргенде ғана, аткактап ойнакшыған жүрегі орнына түскендей болды.

Бұл — осыдан жүз жиырма жылдай бұрын, император Цяньлунның тұсында, мұның бесінші атасына берілген грамота еді. Міне, осында Абдыра мен Қарауңгірдің суы Дохалдай мен тағы басқа халдайлар әулетіне баласының баласына дейін мұра боп қалатыны туралы тайға таңба баскандай жазулы тұр. Цяньлун — алпыс жыл бойы (1736 — 1796) билік құрған, Цин династиясының төртінші императоры. Содан бері арада бес бірдей император ауысса да, бұл грамота күшін жойған жоқ. Дохалдай әулеті осындағы жер-судың қожасы атанып өркен жайып келеді... Тек баяғы алпысыншы жылдардағы қазақ-дүнген көтерілісі кезінде, онда бұл он үш жасар бала еді ғой, мұның марқұм әкесі Ресей жеріне бас сауғалап барып, Саркантта бес-алты жыл тұрып қайтқаны болмаса, басқа уақытта осы өлкеден табан аударған емес. Ал арада сонша заман өткенде, неше атаннан бері бауырына басқан меншігіне тал түсте біреулер келіп қол сұғып отырса, оған қалай төзуге болады?

Көрші бөлмеден жазықсыз жәбір көрген ерке тоқалдың қынсылап жылағаны естілді. Күйеуінің келіп жұбатуын, аймалап бауырға басуын күтіп жатқаны түсінікті. Іші күрғыр қонқылдап-ақ тұрса да, Дохалдай оған бұрыла алмады. Бүйірдегі шағын бөлмеде ғибадат құжырасы бар-тұғын. Мұнда ата-баба тізімі жазылған аруақтар тақтасы, будда мүсіні және әр түрлі андар кейіпіндегі пірлер бейнесі тұрады. Ол құдайларға жағалай құлшылық етіп келді де, түлкі пірінің алдына жүгініп отыра кетті. Маньчжур, сібе салтында, Түлкі — жебеуші әулие, бақ-дәулет, лауазым пірі болып есептеледі. Сібелер түлкіні өлтірмейді. Тіпті түлкі қуып келе жатқан аңшыларға кезіксе,

сол түлкінің неше есе күнын төлеп, аман алып қалатыны бар. Қазір Дохалдай сол түлкі пірінің алдында каттаулы алаканын маңдайына тигізіп, сиына күбірлейді.

— Уа, тәнірім, өзің жар бола гөр! Аталарыма сыйлаған атақтан, бақ-дәулеттен мені де мақрұм қалдырма... Дінің жат жабайылардың қаскөй пиғылынан өзің қорғап-қоршай жүр!

Ол мана ашу үстінде таңбалы қағазын алып, бірден Шиамбыға тартып кетермін деп ойлаған. Қазір құлшылық кезінде көңіліне таупих кірді ме, онысы тым ұшқалақтық сиякты көрінді. Бұл тек Дохалдайға ғана келген зауал емес, бүкіл халдай атаулыға төнген қатер ғой. Сондықтан алдымен сол ағайындарымен ақылдасып, бір түйінге келіп алған соң, Шиамбыға сонан кейін, халдайлар тізе қоса отырып, сес көрсеткен дұрыс болар... Осы байламға бекіген Дохалдай сыртқа шығып, шабарманын тауып алды да, тез тізгін ұшымен барып, Бахалдай мен Кехалдайды, Тохалдай мен Техалдайды, тағы басқа солардан тараған әулетті түгел шақырып келуге бұйырды. Ал бәрінің басшысы Шихалдай болса — Шәуешекте, үлкен ұлықтың қасында отыр. Оны қалаға барған соң да қосып алуға болады.

Басқа халдайлардың мекен-жайлары да бәлендей қашық емес-ті. Бәрі де осыдан жиырма-отыз шақырым төңіректегі Ашылы, Қаракабак, Абдыра өңіріне шоғырланған. Кешке қарай солардың әркайсысы өрен-жаранымен өз алдына бір жуан топ болып, Дохалдайдың үйіне келіп түсіп жатты.

Жалпы бұл аймақтағы сібе-солаң жұрты сан жағынан онша көп болмайтын. Осындағы төрт-бес халдайдың төңірегіне топталған, ұзаса үш жүз түтін шамасында. Бірақ оның есесіне қолдарында мол байлық, шексіз билік бар. Маншың өкіметі тарапынан берілген көп артықшылық, жеңілдіктер бар. Сібе-солаң жұрты алым-салық төлемейді. Әйелі ұл тапса, он сегізге толғанша өкіметтен сауға алып тұрады. Өздерінің шен-шекпені де көп. Екінің бірі халдай, шекара күзетуші хорылдайлар... Жер-су молшылығы солардың қолында. Әрине, сібе-солаң атаулы ол байлықтың игілігін бірдей көре бермейді. Олар да тапқа бөлініп, ірілері ұсақтарын жұтып, бай, кедей, орташаға жіктеле бастаған. Өз алдына дербес кәсіп істеуге шамалары келмей, алпауыт халдайларға жалданып жүргендері қаншама. Алайда, соған қарамастан, бұлардың бәрінің басын біріктіретін бір ортақ мүдде бар. Ол — өкімет

берген артықшылықтарды сақтап қалу мүддесі. Өз ішінде кайшылықтары болғанымен, сыртқа келгенде сыр алдырмай, бөріше бірігіп кететіні де сондықтан. Өйткені халдайлардың қатардағы атарман-шабарманы, тіпті есіктегі малайының өзі басқа жұрттан әлдекайда үстем екенін жақсы біледі.

Сонымен бірге баяғы атам заманында өз туған топырағынан қол үзіп, өмір бойы шекара күзетіп, шетте жүрген бұл қауымның өз салт-санасынан, тілінен, дінінен айрылып, бірте-бірте жай құранды тобырға айналып бара жатқаны да көзге ұрып тұрушы еді. Бұлардың қазіргі мекен-жайлары да — қалың қазақтың ортасындағы шағын арал іспетті. Сыртқы қысым күшейген сайын бұлар да өзінен-өзі тұйықталып, тар шеңберге сығыла түсетін. Басқа халықтармен қан араластыруға қатаң тыйым салғандықтан, алыс-жуық демей бірінің қызына бірі үйлене береді. Жас жігіттері жылына бір ай казармаға жиналып, оқ атып, қылыш шабуға жаттыққаны болмаса, одан өзге оқуы, хат-сауаты тым шамалы еді. Тіпті халдаймыз, ақсүйекпіз деп шіренетін алпауыт байларының өзі дүниеде болып жатқан өзгерістердің көбінен хабарсыз, меңіреу, топас жандар болатын. Тек өкімет берген шексіз хұқық-билік пен қолдарындағы қару-жарақ қана бұларды құрып кетуден сақтап келе жатқандай.

Ал топастық пен надандық ұя салған жерде күр кеуде мен қара күш қоса жүретін әдеті. Халдайлар сол күні Дохалдайдың үйінде отырып, ұзақ дуылдасты. Бәрі де Абдыра өзеніне қол сұққан қазақтардың бүгінгі әрекетін адам төзгісіз сұмдық ретінде қабылдаған. Бахалдай, Кехалдандар тарапынан әр түрлі ұсыныстар айтылды. Кер ауыз Кехалдай ежелгі омыраумен күшке кетіп, тоған қазып жатқандарды бықпырт тигендей етіп, сойылдап қуып тастайық деп өзеуреді. Бірақ оған Бахалдай қосыла қоймады. Ол сан жағынан сібе-соланды он есе орап кететін қазақты қара күшпен жеңу қиынға түсетінін айтып, өзінше сақтық жасаған. Ал бұл жолы өкімет қол ұшын береді, әскер шығарады деп сенім артуға тағы болмайды. Демежанның қолына таңбалы қағаз ұстатып, күшейтіп отырған аймақ әміршісінің өзі емес пе? Сонда Ши-амбының бұл қылығын қалай түсіну керек? Аймақ әміршісі параға сатылды дейін десе, қағазға қол қойып, таңба басқан Іле жанжұңының өзі... Аймақ, өлке әкімдері жең ұшынан жалғасып, ымыраласып кетті деуге ауыздары тағы бармайды.

Бәрі айналып келіп, қазақ үкірдайының қолындағы таңбалы қағазға тіреле берген. Соны қайтпек керек? Қолдарында өкімет қағазы түрғанда, көшпенділердің күш бермейтіні белгілі. Бұған келгенде халдайлардың кейінгі жас мырзалары тіпті қызулық танытты.

— Егер бар мәселе Демежан үкірдайға тіреліп тұрса, оған жалғыз ок жалынсын. Оны жайратуды мен-ақ мойныма алайын, — деді Дохалдайдың немере інісі Бужынха.

Ол әншейінде ұрынарға қара таппай жүретін нағыз содырдың өзі болатын. Осы қазір бар десең тайынатын түрі жоқ. Оны мұндай қатерлі жолдан үлкендердің өзі зорға тоқтатты. Жиналғандар олай-бұлай ырғасып көріп, ақыры ертең қалаға жүретін боп келісті. Сол жерде Шихалдаймен ақылдасып, бәрі бірлікте Ши-амбыға кірмек. Алдымен аймақ әміршісінің аужайын түйіп, не істеу керектігін сонан кейін біржола шешпек болды.

Ертенінде олар уәделі жерде бас қосып, шалкар түс шамасында Шәуешекке келген. Түстері суық, қабақтары катулы. Сібелердің маньчжур-қытайдан бір ерекшелігі, шетінен шомбал, ірі келетін-ді. Бүгін бәрі де мереке күндеріндей астарына сәйгүлік аттарын мініп, үстеріне жібек шапан, төбесіне кауырсын қадаған, көк тысты, қара қалпақтарын киіп, жасанып шығыпты. Қазір кілең қара киінген, айдары тоқпақтай асау топ мына қалпында жемтікке үймелеген қалың қарақұс, күшігендерді еске салады.

Бұлар жана жамбылдың ішін как жарып өтіп, өздерінің атамандары Шихалдайдың қақпасына ат басын бір-ақ тіреді. Шихалдай үйінде, түскі тамағын ішіп отыр екен, жерлестерінің топтанған мына жүрісін көріп, таңыркап қалды.

— Иә, жол болсын. Сендерді қандай жел айдап келді? — деді ол халдайларға жағалай көз жіберіп. — Кәне, үйге кіріңдер.

Бірақ олар үйге кірмеді. Жүрістерінің асығыс екенін айтып, биік лапас астындағы көленкесіне саялады. Осылардың ішінде жасы да, жолы да үлкені Бахалдай болатын. Ол ашулы қабакпен түйіле отырып, соңғы күндері Абдыра аңғарында болып жаткан окиғаны аз сөзбен баяндап келді де:

— Абдырадан тоған алуға қазақтардың қолы қалай жетті? Қазақ үкірдайы Демежанға таңбалы қағазды кім алып берді? Танауымыздың астында істеліп жатқан астыртын әрекетті

біздің білмеуімізқалай? Сен болсаң ұлықтың оң тізесін басып, дәл қасында отырсың. Осының бәрін сезіп-біле жүріп, бізден жасырғаның қалай? Осы да адалдық па? — деп атаманның өзіне шүйілікті.

Шихалдай бұл істің басы-қасында өзінің болмағанын айтып, ант-су ішті. Аймақ әміршісі бұл жолы өз ойын қасында отырған бұған да сездірмей, бар шаруаны астыртын ұйымдастырған көрінеді. Қазаққа егістік жер-су беру туралы таңбалы қағаздың Іледен бекітіліп келгенін бір-ақ біліпті. Ол осы жайларды айта келіп:

— Болар іс болды. Жоғарының бұйрығына бойсұнбаска амалын қайсы? Дөйдалаға ағып жатқан Абдыранын мол суын аяйсың ба? Қазақтар да бір шетінен пайдалансын, — дегендей сынай танытқан.

Бірақ өрекпіген ашулы топтың бұл мәмілеге тоқтайтын түрі жоқ. Дохалдай мен Бахалдай екеуі екі жақтан:

— Ендеше бізді Ши-амбының алдына бастап бар. Мұның қандай заңға сиятынын үлкен ұлықтың өзі түсіндірсін!

— Иә, ендігі әңгімені сол жакта жалғастырайық. Қазақтың қолына қағаз ұстатып, күш-күштеп айдап салып отырған сол Ши-амбының өзі екен ғой. Ендеше сонын алдынан бірақ қайтайық, — деп өкірештеп болмады

— Жарайды, келіп қалған екенсіңдер, барып көрейік, — деді Шихалдай онша құлшына қоймай. — Бірақ содан бірдеме шыға қояр ма екен? Мен де осы мәселе жайында әміршімен бір рет сөйлескенмін. Ұлықтың беталысы маған ұнамады...

Түстен кейін бәрі бас құрап, ұлықтың кеңсесіне келген. Әншейінде тау құлатардай болып жүретін халдайлар, бұл рет бастарына іс түсіп келгендікі ме, Ши-амбының қабылдау бөлмесіне жақындағанда екпіндері басылып, жуасып қалды. Қастарындағы сойыл соғар серіктерін Шихалдайдың бөлмесінде қалдырып, үлкен ұлыкка төрт халдайдың өздері ғана кірмек болды. Бірақ, кас қылғандай, Ши-амбы да бүгін бұларды бірден қабылдай қоймады. Осынын алдында ішке орыс консулы Борнеман кіріп кеткен екен. Сол шыққанша сарылып ұзақ отырды.

Не заманда бұлардың да кезегі келді-ау ақыры. Бүгін Ши-амбының ажары келіспей, қабағы қатыңқырап отыр екен. Халдайларды сол түйілген қалпында, салқын қабылдады. Бұлар кең залдың орта тұсына келіп, екі қолдарын маңдайла-

рына қойып, иіліп тәжім еткен кезде де орнынан тұра қоймай, «отырыңдар» деген ишараны иегімен ғана нұсқады.

— Иә, төртеулерің қаздай тізіліп не қып жүрсіңдер? — деген бұлар бүйірдегі орындықтарға жайғасып болған мезетте.

Ыңыранған, сызды дауысынан онша хош ала қоймағаны білініп тұр. Бірақ «шешінген судан тайынбас» дегендей, халдайлар да енді шегінбеске бел байлаған. Бұл жолы да Бахалдай алға түсіп, маньчжур, қытай тілдерін араластыра, бөгелмей сөйлеп кетті. Халдайлар әулетінің Цин империясына сіңірген еңбегін, оларға берілген хұқық-праволарды, өкіметпен арадағы келісім-шарттарды таратып айтып келді де:

— Соңғы кезде дүниеде не болып жатқанын біз түсінуден қалдық, ұлы мәртебелім. Империяның сүйікті сарбаздары халдай қайсы, осындағы мал бағып жүрген қаймана қазақ қайсы, ара-жігі жойылып барады. Абдыра мен Қарауңгір — кос өзен осы отырған халдайлар мен жалпы сібе-солаң жұртының меншігі екенін өзіңіз жақсы білесіз. Енді, міне, сол өзендерге қазақтар да жарналас болып, жармасып жатқан көрінеді. Рас-өтірігін кім білсін, Төртұылдың үкірдайы Демежаннын қолында екі тоған судың рұқсат қағазы бар дегенді айтады... Мұны қалай түсінеміз, ұлы мәртебелім? Күні кешеге дейін кірме саналып келген бұратана жұрт халдайлармен терезе теңестіріп, тал түсте төбемізге ойнап, тонауға кіріссе, сонан кейінгі тіршілікте не қызық қалды? Мұны заманның азғаны, заңның тозғаны дейміз бе? Осы сұмдықты көзіміз көрсе де, көңіліміз сенбей, соны өз аузыңыздан ұғынайық деп келдік, — деген-ді.

Оны Дохалдай да іле қостап, көмейіндегі ашулы сөзін ірікпей айтып қалды.

— Иә, соны түсіндіріңізші, ұлы мәртебелім. Қазақтар Абдырадан тоған алмақ болып, кешеден бері қорыс-қопасын шығарып қопарып жатыр. Өздерін қызыл ала қан қылып, айдап тастайық деп бір оқталдық та, алдымен сіздің алдыңыздан өтейік деп келдік.

Ши-амбы ұрты салбырап, май басқан бітік көзін ашып-жұмып, енжар тыңдап отырған-ды. Дохалдай сөзінің түсында баланың сөзін қызықтағандай, танауының астынан мырс етіп күлді.

— «Бұратана, кірме жұрт» деп отырғандарын кім сендердің? — деді Бахалдайға қарап. — Көктің ұлы Еженханнын құ-

зырында бұратана жұрт деген болмайды... Ол — жер жүзіндегі барша халықтардың қамқор әкесі.

Бұл — көпке белгілі, Конфуций іліміндегі императорға берілген анықтама болатын. Бірақ қазір Ши-амбының қолдануында әдейі мазақ үшін айтылған кекесін сияқты болып естілді. Бахалдай қипақтап:

— Ол жағы солай ғой... Дегенмен асыл текті мәнжу ұлтымен салыстырғанда, қазақты енді кім деп айтуға болады? — деп әлдебір қисын айтып келе жатыр еді, Ши-амбы оның сөзін бөліп жіберді.

— Салыстырып көр! . Тарбағатайда сібе-солан жұртынан қанша адам бар?

— Үш жүз түтіннің шамасында...

— «Үш жүз түтін...» Ал бұл аймақтағы қазақтардың саны қазір он бес мың түтіннен асып кетті. Ендеше аймақтың негізгі халқы қазақтар деп білуіміз керек... Байқайсыңдар ма, кімнің кірме, кімнің байырғы жұрт екенін әлі анықтауға тура келеді.

Мына сөзді естігенде долы Дохалдай жынданып кете жаздады. Безгегі ұстағандай калш-қалш етіп, аузынан көбігі бұрқырап, орнынан атып тұрды.

— Түсінбедім, ұлы мәртебелім! Онда аймақ әміршісі амбаньды да қазақтан коятын шығармыз?! — дегенде екі көзі жаска толып кетті. Енді аз болса еңкілдеп жылап жіберуге шақ тұр.

— Иә, күндердің күнінде солай болуы да ғажап емес, — деді Ши-амбы ештеңе болмағандай халдайдың кескініне сүлесапа көз жіберіп. — Дүниеде бір орында тұратын ештеңе жоқ, бәрі өзгереді... Бұдан былай қазақтар мал өсіріп қана қоймай, егін салып, мемлекетке астық өндіруі керек.

Халдайлар: «мына ұлықты бірдеңе шалып кеткен шығар» дегендей, бірінің бетіне бірі үрейлене көз салып өтті. Дохалдай енді шыдай алмай, ең соңғы дәлелге жүгініп, қалтасынан баяғы атасына берілген көлдей қызыл ала қағазды суырып алды.

— Ал, мынаған не айтасыз, ұлы мәртебелім? Осында Абдыра мен Қарауңгір өзендерінің кімге қарайтыны ап-анық жазылған ғой, — деп орнынан тұрып барып, таңбалы құжатты Ши-амбының алдына тастады.

Қалған хандайлар да соның ісін қайталап, қалталарынан дәл сондай қағаз шығарып, ұлықтың алдына жайды. Ши-амбы

асыққан жоқ. Алтын жиекті көзілдірігін баппен киіп, әлгі қағаздарды бірінен соң бірін бажайлап қарап шықты да, былайырақ алып қойды.

— Мұнда тұрған не қайшылық бар? Бұл құжаттарда Абдыра мен Қараүңгір өзендері халдайларға біржола, басы бүтін берілсін деген сөз жоқ қой. «Осы өзендерден пайдалануға ерікті» делінген... Мархамат, сол суларды бұрынғыдай кажетке жаратып, егін салуларына кім қарсы болып отыр? — деді екі алақанын бірдей жайып. — Естеріңде болсын, бір кезде сендерге мол жер-су сыйлаған империя кажет кезінде оны қайтарып алып, бөліске салуға да ерікті.

Бұл мәселеде, әйтеуір, бұлар түсінбейтін бірдеңе бар, не халдайлар әбден жабайыланып, түк сезбейтін көр соқырға айналған да, не болмаса біреулер мына отырған ұлықтың басын айналдырып, дуалап кеткен.

— Түкті түсінсем бұйырмасын. Апыр-ау, бұл дүние не боп барады, ұлы мәртебелім? — деп Бахалдай торығып отырып қалды.

— Дұрыс айтасын. Сендер дүниені түсінуден қалғансыңдар, — деді Ши-амбы жанағы таңбалы қағаздардың бірін қолына қайта алып. — Мінеки, бұл құжатты сендердің бабаларына табыс еткеннен бері арада бір ғасырдан астам уақыт өтіпті. Осы ұзақ мерзім ішінде ештеңе өзгермеді деп ойлайсыңдар ма? Ол кезде қасиетті Цин империясы оң қолын Тынық мұхитқа, сол қолын шығыс Түркістанға артып, дәуірлеп тұрған шағы болатын... Ал империяның қазіргі жағдайы қалай? Осы туралы бас қатырып, ойланған біреу бар ма сендердің араларында? Әй, білмеймін, ондай ешкімді көре алмадым-ау! Бәрің де баяғы аталарыңның еңбегін сатып, өмір бойы жатып ішкілерің келеді. Қалталарыңды қалыңдатып, баюдан басқа бір түйір ой жоқ бастарында. Сендердің ұлы империяға сүйеніштірек болып, адал қызмет еткендерің осы ма?

Халдайлардың аптығы басылып, жым-жырт отырып қалған. Ешқайсысы бір ауыз уәж айтуға батылы бармай, не де болса ұлық сөзінің ақырын күтті.

— Ал сендер — халдайсыңдар ғой. Бар құдырет қолдарыңда тұр екен. Барлық ескі тәртіпті қаз қалпында сақтағыларың келеді екен... Мықты болсаңдар, империяның бұрынғы иеліктерін өзіне қайтарып беріңдерші! — деді Ши-амбы отырғандарға жағалай көз салып. — Осыдан он бес жыл бұрын

француздар тартып алған Үндікытайды, небәрі бес-алты-ақ жыл бұрын Жапонияның карауына өтіп кеткен Кореяны қайтарып алыңдар. Өткен жылғы ихэтуан көтерілісі кезінде шет елдіктермен қақтығысып қалғанымыз үшін төрт жүз елу миллион лян айып төлегелі отырмыз. Оны да болдыртпай тастандар... Шет мемлекеттер бүкіл сырткы сауданы, маңызды теңіз порттарын өз шенгеліне алудың сыртында, Германия Циндау қаласын, Англия Гуаңжоуды (Гонконгті) тоқсан тоғыз жылға арендаға алып отыр. Оны азыркансаң, жаңа осында орыс консулы Борнеман келіп айтып кетті. — Ши-амбы кекете езу тартты. — Сонын айтуынша, киыр шығыстағы Люйшань (Порт-Артур) мен Далянь порттары да ұзақ мерзімге Россия карауына беріліпті. Соңғы бітімде орыс саудасынан алынатын кеден салығы екі есе азайтылыпты... Біз өз елімізде телеграф болмағандықтан, орталықтан келетін осындай хабарларды орыс елшілігі аркылы еститін болғанбыз. Оны білуші ме едіңдер?.. Ал бар құдырет сендердің колдарында тұрса, осы өзгерістердің бәрін болдырмай, баяғы заманды кайтадан орната қойыңдаршы!

Халдаиларда үн жоқ. Мойындарынан су кеткендей бастары салбырап, мелшиіп отырып калды. Тек осы түста Дохалдай ғана басын көтеруге жарап:

— Ал біздің өкімет қайда? Әскеріміз қайда? Ұлы император осының бәріне жол беріп қойып, калай шыдап отыр? — деді даусы жер астынан шыққандай карлығып.

Ши-амбы бұл кезде аз бөгеліс жасап, алдындағы имек трубкасына темекі толтырып жатқан-ды. Күлгені, әлде күйінгені белгісіз, еріндері салбырап, бет-пішіні қисайып кетті.

— А-а, сендер императорға сеніп отыр екенсіңдер ғой? Император Гуансюйдің колынан билік кеткелі қашан. Ол қазір Наньхай көлінін ортасындағы шағын аралда жартылай тұткында отыр. Батыр көрінесіңдер ғой, барып босатып алыңдар! — деді трубкасын комағайлана сорып. — Қазір бар билік жесір патшайым Цысидын колында. Императорға бүйрегі бұрған, реформашылар мен ихэтуаншыларды жактаған әкімдердің көбі жазаға тартылып жатыр. Император әулеті, ұлы князь Дуань Шығыс Түркістанға жер аударылып, қазір Құлжада отыр... Сендер осыны білесіңдер ме? Білмейсіңдер. Ештеңені сезбей-білмей жүресіңдер де, біз халдаймыз деп

шіренесіңдер. Императордың оң қолы князь Дуаньнын қасында кімсіңдер сендер?.. Шама-шарыққа да қарау керек қой. Қазір Шығыс Түркістандағы жергілікті халықтармен санаспаса болмайды. Қолымызға ұстап қалған ендігі өрісіміз — Шыңжаң өлкесі мен Монғолия ғана. Егер осындай аумалы-төкпелі, аласапыран заманда Шығыс Түркістанның жергілікті жұрты бас көтерсе, дәл қазір ол бүлікті кім баса алар еді? Сендер ме?.. Солай, құрметті халдайлар. Абдыраның суына таласамыз деп жүріп, бұл күндеріне зар боп калып жүрмендер.

Бұл айтылғандардың көбін халдайлар бірінші рет естіп отыр еді. Ел ахуалын ұғынған сайын, өздерін әлдебір үрей билеп, сүрепеттері ұшып кетті. Әншейінде жалы доғадай болып, айдарынан жел есіп тұратын алкеуде алпауыттардың қыры сынып, лезде жуасып калған. Осылардың бәрін қоздырып, бастап келген доңайбатты Дохалдайдың да бұрынғы арыны жок еді... Ал манадан бері әңгімеге араласпай, бой бағып калған әккі Шихалдайға осы кезде ғана тіл бітіп, «мен бұлардың ішінде жоқпын» дегенді сездіре, Ши-амбыға бұрылды да:

— Осы жайды сіздің алдыңызда мен де ескертіп едім. Бірақ бұлар мені тыңдағысы келмеді, — деді шын киналған түр байқатып. — Сонда бұл кісілерге не бұйырасыз, ұлы мәртебелім? Бұлар енді Абдырадан тоған алып жаткан қазақтарға таршылық жасамауы керек қой?

— Әлбәтта. Қазақтың колына рұксат қағазы сол үшін беріліп отырған жок па? — деді Ши-амбы. — Демежан үкірдаймен ойнамандар: ол осы отырған қай-қайсыларыннан әлдекайда сауатты. Заманның ағымын да, заңды да жақсы біледі. Демежан мұндай жеңіске менің аркамда жетті деп ойласандар, қателесесіңдер. Ол ұзақ жыл күресіп жүріп, жер-суға деген правоны өз күшімен жеңіп алды, — деп аз бөгелді. — Қазақтардың отырықшылыққа айналып, егін салуына қазір мемлекет те мүдделі болып отыр. Әйтеуір, кімнің колымен болса да осы өлкеде мол астық өндірілуі керек! Түсініктi ме?

Сөз осымен аяқталып, халдайлар қош айтысып, шығып бара жатты Ұлықтың сөзіне амалсыз мойындап, сырттай көнген рай танытқанымен, іштей көп нәрсеге келіспей, көңілдеріне қызыл жинап кеткені белгілі. Анық ұғынған бір жайлары: империяның басынан бақ тайып, күш-қуатынан айрыла бастаған екен. Демек халдайлардың да колынан билік кетіп, заманы тарыла түседі деген сөз. Өздері оңаша шығып

ақыл қосқанда, осыны ашық мойындады. Ендеше жағдайға қарай бейімделіп, ендігі күрес тәсілін де өзгертуге тура келеді.

Соңғы бір байламды Шихалдай айтып еді. Бұл аймақта қазақтың көп екені рас. Бірақ басы бірікпейтін берекесіздігі тағы бар. Ендігі жерде халдайлар ұстанатын бір амал — қазақ руларын іштей іріту, атқа мінер ел жуандарының арасына от жағып, бір-біріне айдап салу. Сонан соң, реті келсе, пәле басы боп жүрген ең қауіпті жау — Демежанның көзін құрту керек. Оны да ашық істемей, өз ағайындарының қолымен от көсеуді ойластырған жөн. Бәрі бір ауыздан осы бәтуаға тоқтады....

Осыдан бір апта өткенде, Абдыра анғарын қабақтап, үбап-шұбаған бір түйдек көш кетіп бара жатты. Бұл — Шағыждағы қонысынан кешеулей қозғалып, жайлауға қарай бет алған Ысқақтың көші еді. Олар жылдағы әдеті бойынша таудың тірмесінде көліктерінің белін суытып, итарқа-жаппаларын тігіп, бірер күн еру болды.

Дәл осы маңайда қалың жатақ ауылдары жабылып тоған қазып жатқан-ды. Күтпеген көріністен Ысқақтың көзі алақандай болып, жүрегі тоқтап қала жаздаған. Бұрын иен жататын бөктердегі шұрайлы алқапты онан-мұнан құралған белгісіз бір адамдар иемденіп алыпты. Бір өңкей қолдарына сойыл-шоқпар ұстаған сойдауылдай жігіттер көшкен елдің жолынан егіндерін қорып, маңайына барған малды жолатпай қуып тастайтын болыпты. Ысқақка да солай істеді. Мұның ендеп жайылған көп жылқысы көк егіннің шетін басып кеткен екен, үш жігіт қорасына тыркырата қуып келіп, ауыр-ауыр сөздер айтып тастады. Екі сөздерінің бірі — Демежан. Мұндағы қалың жатақ соны қатты бу көріп, арқа тұтатын көрінеді. Аузындағы ұраны, сиынатын құраны — сол Демежанның ұлықтан әперген таңбалы қағазы.

Ысқақтың өзегіне өрт кетіп, ызадан жарыла жаздап отырғанда, тағы бір пәлеге ұшырады. Осында келе салысымен қалай тез тіл табыса қойғанын кім білсін, мұның малын бағып, отын жағып жүрген кедей-кепшік жалшыларының бірнешеуі сол күні кешке таман қара қостарын жығып, жатақ ауылға көшіп кетті. «Қыршаңқы мен жауыр қасынысып табысады» деген осы екен. Ысқақ өмірінде мұндай қорланып, аяқасты болмаған шығар. Ақыры осынау пәлелі жерге жақын келіп қонғанына өкіне бастаған. Бұл дүние не боп бара-

ды, япыр-ау?! Аттап басса алдынан Демежан шығады. Ел де сонікі, жер де сонікі, су да сонікі. Елге шашқан үлгі-өнеге, атақ-абырой да сонікі... Сонда Ысқақ қайда барып күн көреді? Осы бір індеттен құтылатын күн бар ма, жоқ па?!

Осылайша, өз сақалын өзі жұлып, жалшы-қосшыларын сабап, олардан қалған өшін екі қатынынан алып, күйіп-пысып отырған күннің ертеңінде мұның ауылына Дохалдай келе қалды. Жай келмеген. Іргесіне келіп қонған Ысқақты үй ішімен ерулікке шақыра келіпті.

Бұл мүлде күтпеген жағдай еді. Әншейінде бүйтіп қонаққа шақырмақ түгіл, берген сәлемінді дұрыстап алмайтын Дохалдайдың өзі құрмет көрсете келгенде, Ысқақ кешеден бергі барлық ашу-ызасын ұмытып, төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалды. Түс мезгілінде қасына әйелдерін, өрен-жаранын ертіп, қозы көш жерде көрініп тұрған халдайдың зәйімкесіне қарай бет алды.

Дохалдай бақшасының ішіне арнайы үй тіктіріп қойған екен. Бұларды аса сыйлы қонақ ретінде әспеттеп, хан көтере қарсы алды. Қой сойылып жатыр, қымыз құйылып жатыр. Жасынан қала жағалаған Ысқақтың арақ-шараппен де, апиынмен де әуестігі бар болатын. Осы жолы Дохалдай екеуі оңаша үйде кәйіп боп отырып, талай-талай әңгімеге барысты.

Ысқақ та іш пікірін жасырған жоқ, Дохалдай досына ішегінің қырындысына дейін ақтарып салды. Көбінше, Демежаннан көрген қорлық-зорлығын айтқан. Өзінің мұсылманша хат сауаты бар, қытайша да тәп-тәуір тіл біледі. Бірақ, соған қарамастан, жолы болмай, тым құрыса өлі күнге дейін зәңгілікке қолы жетпей жүр... Оның үлық алдында бет-бедел алуына мүмкіндік бермей, жүрер жолына шөккен нардай болып көлденең жатып алған — Демежан екен. Ысқақтан мансапты да, абырой-атақты да қызғанатын көрінеді. Төртуыл ішінде үкірдайлыққа жармасатын бірден-бір бақталасым осы деп қорқады. Ал Ысқақтың үлыққа, халдайларға деген ықылас-құрметі ерекше. Демежан мұны сол халдайларға жақындығы үшін ұнатпайды, ел ішінде сүтке тиген күшіктей етіп, үнемі шетке қағып жүреді.

Үй иесінің де күткені осы болатын. Екеуі бірінің қышыған жерін бірі қасып, тез тіл табысып кетті. Дохалдай да ештеңесін жасырмай, өзінше ағыл-тегіл «сыр» ақтарды. Өзі қазақты керемет жақсы көреді екен. Оның ішінде бала жастан бірге өскен

Төртуыл кісілеріне деген сый-құрметі тіпті басқаша Осы күнге дейін ешқайсысымен іщәй десіп, тілге келген жері жоқ. Тек сондай тамаша жүртты, өздерінен бір ұл тумағандай, Демежан сияқты каны бөтен, қайдағы бір кірменің билеп отырғанына бұл да катты қорланатын көрінеді. Халдайлар үшін казақты кім билесе де бәрібір ғой. Бұл тек Төртуыл жігіттерін аяғандықтан, жаны ашығандықтан айтып отыр... Рас, Демежанды аймақтың әміршісі Ши-амбы сүйейді. Әркандай ұлықтың жергілікті жүрттан шыккан сондай бір адамға сүйенетін әдеті ғой. Бірақ олар да канша тұрар дейсің. Ши-амбы казір ауру, төрінен көрі жуық десе де болады... Демек үкірдайлық мансап Төртуылдың өз азаматтарына тиетін кезі де алыс емес. Сонда болашақ үкірдай кім болмақ? Бұл туралы халдайлар өзара акылдасып, осы Ыскақ мырзаға тоқтапты. Бұдан баска лайық кім бар, шынында? Тыныбай болса — жалтақ, Көксеген болса — бір беткей, нойыс... Сонда үкірдайлыкка Ыскактан артық адамды кайдан іздеп таппақсың?!

Демек, казақтың игі жақсыларының да, халдайлардың да ортақ жауы — Демежан. Содан неғұрлым тезірек құтылса, небір талапты азаматка жол ашылмақ. Демежанның ойлап жүргені — бұл елдің қамы емес, өз мүддесі. Өзі кірме болған соң, Төртуыл үшін бас катырып кайтеді?.. Әне, маңайына кілең өзі сияқты жоқ-жітік, кірмені жинап алып, Абдырадан тоған қаздырып жатыр. Ондағы ойы — кедей-кепшіктің карнын тойдырып, қолтыктарына дым бүркіп, осы елдің ер-азаматына, ру басыларына карсы айдап салмақ. Төртуылды көпекөрінеу ыдыратып, кайдағы бір көлденең көк аттыларға жем етпек... Демежанның кәрі Ши-амбыны жай алдап жүргені болмаса, Маншың өкіметіне деген адалдығы да тым күмәнды. Оған дәлел — ішкеріден жер ауып келген сенімсіз кытайлармен әмпей көрінеді. Қаладағы Ли-шансың деген саяси кылмыскермен көп жылдан бері үйірлігі бар. Оны азыркансаң, осында айдауда жүрген екі кытайды өз зәйімкесінде жасырын ұстап отыр. Бұл жайды жоғарғы ұлықтар білмейді ғой. Білсе, Демежаннын маңдайынан сипамайды.

Осы сөздердің бәрі де Ыскактың құлағына майдай жағып еді. Апиынға елтіген екі дос қайта-қайта төс түйістіріп, бұдан кейін мәңгі ажырамаска серт байласты. Қонактар кайтарда үй иелері Ыскактың бала-шағасына бір-бір киімдік жібек үлестіріп, мол сый-сыяпат көрсетті. Тарту-таралғының ең

үлкені аттанар кезде мәлім болды. Дохалдай осы елге аты шыққан, үстінен су төгілмейтін, әйгілі қара жорғаны жетектеп әкеліп, көлденен тартқанда, Ысқақтың мүлде есі ауып қала жаздады.

— Дохалдай досым-ау! Мынауың тіпті бұл өлкеде жоқ сый болды-ау... Мұның қолқасын қалай қайырам? — деген қуанғанынан жылап жібере жаздап.

— Екеуіміз төс қағыскан дос-тамыр болдық қой. Жақын достар арасында нелер ауыспайды дейсің. Ер мойнында қыл арқан шірімес. Тірі жүрсең бір қайтарарсың, — деді Дохалдай да қатты толқыған адамның кейпіне түсіп.

Бірақ халдайдың қолқасы көп күттіретін, тым алыстағы нәрсе емес екен. Басқалар атқа мініп жатқанда, екеуі қара жорғанын «құйрығын майлау» үшін ішке қайта кірген. Бұлар төргі үйде бір-бір тостаған қытай шарабын тартып жіберген соң, Дохалдай бұрыштағы темір сандықтан су жаңа алтыатар наған алып, Ысқақтың қолына ұстатты.

— Бұл заманда қарусыз жүруге болмайды. Дос бар, дұшпан бар... Осы қарумен досыңды қорғап, жауыңды жайрататын бол!.. Ата білмесең иенге барып, ан атып жаттығарсың, — деп наганға қоса бір қорап оқ ұсынды.

Ысқақ наганды алды да, шапанының ішкі қалтасына сүңгітіп жіберді. Көп сөз айтып шашылған жоқ:

— Түсіндім, тамыр... Ар жағын өзіме қоя бер! — деді бар болғаны.

Дүниеде жақсылық атаулы асыл тас сияқты сирек ұшырасканмен, жамандықтың қашанда үйірімен жүретін әдеті ғой. Олар бірін-бірі иісінен сезіп, күншілік жерден іздеп келіп табысады. Қара ниетті халдай мен ындыны жаман Ысқақ та бір-бірімен бейуақта осылай табысып еді.

VII

Жылдағы дағдысы бойынша жайлауға қарай үдере көшкен ел өздерінің байырғы мекен-қоныстарына келіп орныққанына да бірнеше күндер болған. Бетегелі беттер мен қау боп өскен қалың қияқтың, бүргенді, тоғайлы сай-саланың сонысы әлі басыла қойған жоқ. Өзен бойларындағы кейбір шүйгін қоныстарда баракы, биік каудың арасынан күлін мен тор-

пактың жоны зорға қылтылдаса, жүгіріп өткен иттің, қозылақтың қылпы көрінбей, сусылдаған сыбысы ғана білінеді. Ойдың қара отынан жеріп, балбыраған балаусаны ансап келген көп жылқы қалың укорғасынды ашыркана асап, ауыздарынан ақ көбік аққанша мелдектеп бір тоятын шақ. Ал укорғасынға жайылған жылқының уыз қымызын ішіп көрсең ғой! Жұпар иісі кеңсірік жарып, шал-шауқанды шалқасынан түсіргендей, көбігі сынып, шамырқанып тұрады.

Биыл иығынан бір батпан жүк түскендей болып, Абдырадан алынатын жаңа тоғанның жұмысын бастап беріп келген Демежаннын да бір көнілді шағы еді. Биылғы жаз бел шешіп бір демалатын, берекелі, бейбіт жазым болар деп, жайлауға да жақсы ниетпен келген. Жылдағыға қарағанда биыл биені де мол байлатып, жаңа жұртқа бір өнкей ою-өрнекті, ақ шанқан үйлер тіккізіп, елге де, өзіне де қызық бір салтанатты жаз өткізбек болатын. Бибі бес жаска толған Назарбектің тайға мінген тойын да осы жайлау үстінде жасамақ болып, ауылдың жігіт-желең, қыз-қатыны қазір сол алдағы мерекенің дайындығында жүрген.

Осындай мәре-сәре бейбіт кештердің бірінде ауылға аткөлігі де, сырт пошымы да бөтен, бір топ қонақ келіп түсті. Күлең күміс ер-тұрманды, қаба жалды, жатаған аттар мінген, қызылды-жасылды, жырық етек сырма шапандары тобығына түсіп, бастарына шошақ төбелі айыр қалпақ киген еңгезердей ірі кісілер. Әлгілердің жанағы елден ерек киім үлгісімен бірге, аяқтарындағы қалын ұлтанды, бітеу бас, оюлы етіктері де ауыл адамдарына бір түрлі қызық көрініп, қонақтар аттан түсіп үйге кіргенше бала-шаға үдірейісіп, үлкендер ауыздарын ашып қарап қалған-ды... Алыстан ат терлетіп, өдейі келген бұл бес кісі — Дөрбілжінге қарайтын Оркашардың қалмақтары еді.

Демежан бұл хабарды ауыл сыртындағы төбе басында отырып естіген. Бір киырдағы қалмақтардың жай жүрмегені белгілі. Жүрегі бір жамандықты сезгендей, тыжырынып қалды. Дегенмен қонақ үйге түскен жат жұрттық жолаушыларды көп күттірмей, өзі келіп амандасты.

Айтқандай-ақ, төр алдында бедірейіп бес қалмақ отыр. Бесеудің бірі — өз үлгісінде сәнді киінген, отыздар шамасындағы жас жігіт те, қалғандары — жасы ұлғайған егде кісілер. Өздері шетінен қазақшаға судай екен. Көшпенділердің сал-

тымен, ауыл-аймақтың амандығын, үй иесінің сау-саламаттығын жездей қақтап сұрастырып жатыр... Бәрінің басшысы — ортада отырған жанағы жас жігіт болса керек. Демежан оның өңін шырамыткандай болып, «осыны қайдан көрдім» деп ойланып қалып еді. Жігіттің өзі еске салды: көктемде Шиамбының тойында Мадан үкірдайдың қасынан көрген екен. Бұл — Тарбағатайдағы қалмақтың Маданнан кейінгі тағы бір бетке ұстар белгілі адамы — Колка зәңгі еді.

Демежан кеш батпай тұрғанда бір малға бата жасатып, алыстан сусап келген жолаушыларға тез қымыз әкелуге бұйырды. Конақтар әзірше көп шешіле қоймай, сұраққа ғана жауап беріп, бұйығы отыр. Қазақ салтында үйге түскен қонақтың өзі бастап айтпаса, келе салып бұйымтай сұрау әдепсіздік болады. Ол жағы кейін жата-жастана, не аттанарда сөз болуға тиіс. Сондықтан «осынау бес бірдей ойрат әулетін біздің жаққа қандай жел айдап келді екен?»... деген сұрақ Демежанның көкейінде тұрса да, сыртқа шығаруға асықпады.

Колка тілінің аздап білінетін мүкістігі болмаса, қазақша ағылып шешен сөйлейтін, қазақ-қалмақ үрдісіне аса жүйрік жігіт екен. Демежанды сырттай жақсы білетінін, оның ел ішіндегі беделі қалмақ жұртына да кенінен мәлім екенін жорға тілмен әдемі жеткізіп отыр.

— Қазақ деген іргелі, үлкен халық қой. Біз сіздерді өзімізге үлгі тұтамыз, — деді ол бір сөзінде. — Қазақ-Қалмақ — бір атадан тараған, киіз туырлықты бір елміз. Ежелгі ерте заманда, Гун деген ұлы қағанат тұсында бұл ағайынды екі халық үнемі бірге көшіп жүрген екен. Бір тілде сөйлепті, бірдей тұрмыс кешіріпті... Содан күндердің бір күнінде әлгі халықтың бір бөлігі: «Біз енді кең далаға барамыз. Сол ұлан-байтақ далада емін-еркін көшіп жүретін қазақ боламыз» деп, Алтай тауларынан асып, батысқа қарай көшіпті де, екінші бөлігі: «Біз ешқайда көшпейміз. Осында мәңгі қалмақпыз» депті. Сөйтіп жанағы ауа көшкендер «Қазақ» атаныпты да, көшпей қалғандар «Қалмақ» атаныпты... Бірақ екеуі де төрт түлік малдың сүмесін ішіп, етін жеп, бұрынғыдай көшпенділікпен өмір сүріпті. Егер біздің арғы аталарымыз сол жолы тартпақтамай бірге көшіп кеткенде, біз де қазір қазақ болып жүреді екенбіз, — деп Колка рахаттана күлді.

Демежан бір сөздің кезегінде қалмақтардың бұл Шығыс Түркістанда тағы қай жерлерде қоныс теуіп отырғанын сұра-

ған. Қолка бұл жағынан да мол хабардар екен. Қалмақтың бұл аймақтағы негізгі мекені Орқашар мен Кобық болса, Ұранхай аталатын тағы бір бөлігі Алтай өңірінде көрінеді. Сонан соң сан жағынан молырақ орналаскан бір жері — Бұратола, Іледегі Монғолкүре ауданы... Естуінше, Қашқариядағы алты шәрі жақты мекендеп қалғандары да бар дсседі.

— Бірақ жанағылардың бәрін жинағанда, сан жағынан осындағы қазақтың ширегіне де жетпейді, — деді Қолка. — Солардың бәрі баяғы өзіңіз білетін Жоңғар хандығы талқандалып, шаңырағы ортасына түскенде, әр жерде шашылып қалған орданың сыныгы, ойрандалған ойрат үрпағы ғой бытырап жүрген. Сайда саны, күмда ізі жоқ... Сірә, басымыз бір жерге қосылмай, осылай өтетін шығармыз дүниеден.

Алайда бұл жұмбақ жолаушылар шаруа жайын ертеңге қалдырмады. Шай дастарқаны жиналып, ет піскенге дейінгі оңаша қалған бір әредікте, Қолка түсін суыкка сала отырып, әдейі келген бұйымтайларын жеткізді. Сөзінің арты зілді, салмакты жатыр. Бұлар осы жақында ғана бір үйір жылқы жоғалтып, соның ізіне түсе келген жоқшылар екен. Алдырғандары аз емес, ат-айғыры, ту биесі аралас қырық-отыз жылқының сорабы. Сол жылқы бергі Қорымсу бойынан Орқашарға көшеміз деп отырғанда, бір түнде жоқ болып шыккан. Ұрылар күні бұрын торуылдап, ұрымтал мезетті күтіп жүрсе керек. Басқа жылқышылар ауылға ас ішуге кеткенде, өрісте қалған екі күзетшіні сойылмен бірбір қағып, оп-оңай түсіріпті де, топ жылқыны бөліп алып, дүркірете қуып әкеткен.

Ертеңінде қалмақтар із кесіп жүріп, қолды болған жылқының күнгейдегі Төртуыл жағына кеткенін шамалайды. Сол маңда бір атақты жауырыншы бар екен, ол да жауырынға қарап жіберіп, ұзап бара жаткан жылқының бағытын дәл нұсқап беріпті... Содан іле-шала бір топ қуғыншы шығады. Олар суыт жүріс, қуғын үстіндегі жылқының жас тезегінен, сойдақталып жатқан із сорабынан жаңылмай, Сібеті өзенінен өтіп, бергі бетте отырған Төртуыл ауылдарының шетіне дейін келеді. Бірақ бұл жұрт жаппай жайлауға көшіп жаткан қарбалас кез болғандыктан, ел ішіне ілінген соң жылқының ізі шиырға қосылып, адастырып кетеді... Осыдан кейін амалы құрыған қуғыншылар еліне қайтып барып, енді өздерінің даугер жоқшыларын атка мінгізіпті.

Қолқа осы жайларды баяндай келіп, қасындағы серіктерін таныстырды. Манадан бері сөзге араласпай түсін суыққа салып, түйілып отырған егделеу екі қалмақ — жоғалған жылқының иелері екен. Ал олардан төменірек жайғасқан ұзын бойлы, көсе қара — жаңағы ішіл, жауырыншының нақ өзі — Бодуха әулие. Сонан кейінгі жастау жігіт жай аткосшы, шабарман көрінеді.

Жорға тілді Қолқадан сөз артылар емес. Демежанның алды-артын орап, түйыққа қамағандай, жығатын жеріне жақындап келеді.

— Алдырған — албырт. Мал ашуы үстінде бұл қалмақтар көрінгенге күйе жағып отыр деп ойламаңыз, үкірдай. Қолды болған жылқы сіздің елдің қалың ортасына келіп сіңіп отыр. Кірген із бар да, шыққан із жоқ. Демек, ұры — басқа жақтан келіп, із тастаған біреу емес, осы елдің өз адамы. Ал атын атап, түсін түстеп бер десеңіз, ұрымыз — Байсерке. Дәл жылқы жоғалар алдында Байсеркенің біздің жаққа келгенін көрген адамдар бар. Айғақ-куәмыз дайын... Соққыға жығылған екі жылқышының бірі қазір әл үстінде жатыр. «Бас жарылса бөрік ішінде» деп, енді соның аман қалуын тілеп отырмыз. Егер ол олай-бұлай боп кетсе, Байсерке ұры ғана емес, қанды мойын құныкерім болып шығады. Осы істі әділ тексеріп, жоғалған малымызды алдымызға салып берер деген үмітпен өзіңізге жүгіне келген жайымыз бар, — деп ауыр салмақ сала, зіл тастай сөйлеп отыр.

Осыдан кейін Қолқа өз үкірдайлары Маданның Демежанға жолдаған сәлем хатын ұсынды. Хат мазмұны да жаңағы айтылған жайларды баяндайды. Ең соңында Мадан: «іргелес отырған қазақ-қалмақ бұдан кейін де тату-тәтті тұрғанымыз жақсы ғой. Ел арасы ушығып, егерге айналып кетпесін» дей келіп, мына барған адамдарды көп сандалтпай, шаруасын тезірек тындырып беруді өтініпті.

Демежанның қабағы түсіп, науқасы жанына батқан адамдай шытына ойланып қалды. «Қап, тағы бір айықпас даудың басталғаны ма? Тыным-тағат таптырар күні болар ма екен бұл елдің. Түзден қашып, үйге тығылсаң, апанда жаткан аюдай сүңгілеп тұрғызатыны бар-ау... Онаша от басында өткізетін аз күнгі жайлау қызығын да көп көргені ме?» деп біреулер тұнығына тас атып лайлағандай, іштей қатты күйінді.

Қазақтың бойында балтамен шауып тастайтын мін-мерез көп қой Солардың ішінде Демежанның өте-мөте жек көретін

ні — осы барымта мен ұрлық... Ұрлықты тыйям деп канша алысса да, көп жылдан бері осы бір Байсерке деген пәлеге шамасы жетпей-ақ койды. Демежан оны ұры деп айыптаса, басқа ел жуандары «батырым, барымташым» деп араға түседі. Көшпелі қауым әлі батырлық пен ұрлықтың ара-жігін ажырата алмай жүр. Заманы өткен соң, батыр деген адамыңыз барымташыға, одан ұсақтап барып, ақыры ұрыға айналып кетеді екен ғой... Ал соны түсініп жүрген кісі бар ма? Осындағы Төртуылдың көп аткамінері Байсеркені ел қорғайтын батырымыз, арысқа салар айбарымыз деп қолпаштайды. Олар өзге жұрттан есе қайтару үшін, басқа елдің ұрылары басынып кетпеуі үшін, осындай бір баукеспе ұрыны, жалантөс жанкештіні қолдарында үкілеп ұстап отырғанды ұнатады. Байсерке әлдекалай ұрлықтан ұсталып қалса, сол үшін жығынды болып, айып төлеуден жалықпайды. Және соның ауыр салмағы, көп шығыны қарапайым халыққа түседі.

Байсерке осыдан үш-төрт жыл бұрын Керейден көп жылқы алып, оның ауыртпалығы тағы да жұрт үстіне түсетін болған соң, Демежан ол шығынды төлетпей, ұрыны абақтыға жаптырып тастаған. Соған осы елдің жуандары көнді ме? «Ойбай, арысымызды қапасқа қаматпаймыз» деп, Төртуылдың ақсақал, қарасақалы түгел жиналып келіп, салмақ салып отырып алды. Оларды тыңдамаса, Демежанның қаны бөлек бөтендігі, ағайынға жаны ашымас, жатбауырлығы саналатын болды. Сонан соң, амал жоқ, мол шығынды қалың Қарамендің мойнына салды да, Байсеркені абақтыдан босатып жіберді... Өзінің сондағы көңіл жықпас солқылдақтығына енді өкініп отыр.

Обалы кәнеки, ұрлықты Маншың ұлықтары да катты жек көріп, оны қылмыс атаулының сорақысы деп біледі. Бәлкім, маньчжур-қытай жұртының да өзіндік кемістіктері көп болар, бірақ аштан өліп бара жатса да ұрлық жасамайды. Олар ұрлықты адам санасынан мүлдем жойып жіберген десе де болады. Ежелгі ерте заманда бір қатал император ұрлық қылған адамның бір колын шауып тастау туралы заң шығарған екен. Содан бері қылмыстың бұл түрі тас тыйылған. Қазақ ортасында ұрлық бар және жылқыны ұрлағанда бірлеп-екілеп емес, жүздеп-елулеп бір-ақ айдайды дегенді естігенде, қытай адамдары жағасын ұстайды. Бұл алғаш үкірдай сайланғанда, Ши-амбының Демежанға айтқан үлкен өтініші де осы жөнінде болып еді.

— Басқасын көре жатармыз. Алдымен осы ұрлықты тыйшы. Ұрлық істеген адамға еш рақым болмасын — деп қатты тапсырған-ды.

Енді, міне, «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендей, бір Байсеркенің өзі-ақ бүкіл ел атына кір келтіріп бітті. Демежан қазір де ештемеге көзі жетпесе де, мына жылқыдан Байсеркенің қолы таза емес екенін ішкі бір түйсікпен аңғарғандай болып еді. Мына қалмақтар жай жүрген жоқ, бірдеңенің иісін анық сезіп келіп отыр. Әйтсе де, Демежан бірден жығыла кеткісі келмей, екі ұштылау жауап қайырды.

— Біздің қазақ та малы жоғалса, алдымен құмалақ салып, бал ашады. Бірақ құмалақтың сөзі оншалық дәл шыға бермейді, — деді қонақтарының жүзіне күле қарап отырып. — Сіздер жауырынға қарап болжаған екенсіздер. Кім білсін, оған қаншалық сенуге болатынын. Анықтап көрейік: егер болжамдарыңыз дұрыс шықса, малдарыңызды айдап қайтарсыздар. Ал балша шықса, онда бәрімізді әуреге салған жалақор жауырынды отқа жағуға тура келер.

Қалмақтар бірінің бетіне бірі қарап, әлгі сөзді көңілдеріне ауыр алып қалғаны байқалды.

— Ұрыны ұстап бермесеңіз, өзіңіз біліңіз. Бірақ біздің Бодуха әулиеге күмән келтіруші болманыз, — деді төрде отырған мал иелерінің бірі. — Бодуха — жай жауырыншы емес, әрі құрметті ламалардың бірі Ол ешқашан өтірік айтпайды.

Бет-аузында бір тал қылтанақ жоқ, ілмиген, арық Бодуха бірдене айтқысы келгендей тамағын кенеді де, қалмақша түсініксіз әлдебір сөзді күңк етіп, үнсіз қалды. Демежан бір жағы ермек болсын деген оймен, әрі қалмақ балгерін сынағысы келіп:

— Иә, айтпақшы, атақты жауырыншының өзі ортамызда отыр екен ғой. Зәумен келіп қалған екенсіз, маған да бір бал ашып беріңізші, — деген әзіл-шыны аралас.

— Иә, сөйтіңіз... Үкірдайға бал ашып беріңіз — деп оны Қолка да қостай түскен.

Бодуха қиық көзін төңкеріп, Демежанға жалт етіп бір қарады да, қызыл-күрең каптал шапанының қойын қалтасынан шүберекке оралған өлденені алып шықты Әлгінің қаттауын жазғанда, арасынан сарғыш тарткан кішкентай ғана жауырын көрінді. Нобайына қарағанда тоқтының, не ешкінін жауырыны. Өзі өте акырын сөйлейтін адам екен.

— Бұған енді от керек қой. Азырақ қоламта, шоқ болса да жарайды, — деді баяу тіл қатып.

Демежан жерошақ басынан от әкелуге бұйырған. Күтуші жігіттердің бірі бір таба шоқты қышқашпен қысып көтеріп келді де, киіз үйдің ортасына қойды. Бодуха құйрығымен жылжып, оттың қасына жақындаған. Тоңған адамдай жаңағы жауырынды шоққа қақтап біраз отырды. Сонан соң дөңгелек үстел үстіндегі ондық шамды өзіне таман тартып, айнаға үңілген кербез келіншектей, әлгі жауырынды аударып-төңкеріп, көп сығалады.

— Біз енді балға не түссе соны айтамыз, үкірдай. Айыпқа бұйырмайсың, — деді әлден уақытта басын кегжең еткізіп.

— Әлбәтта. Біз сізден тек шынды, барды болжа деп отырған жоқпыз ба. Ақ сөйле! — деді Демежан езу тартып.

Кенет Бодуханың қиық көзі үлкейе түсіп, жауырынға қадалып қатып қалды. Соның бетінен, шынында да, бірденені көріп отырған тәрізді. Жынымен сөйлескендей ерні жыбырлап, түсініксіз сөздер айтып қалады. Анда-санда шалқайып шаңыраққа қарап алады да, ку жауырында құты қалғандай қайта төнеді.

— Апыр-ай, ә... Бұл не болғаны сонда? — деп құйрығымен жорғалап, Демежанның қасына жақындады. — Кәне, оң қолыңызды беріңізші.

Демежан қолын ұсынған. Бодуха алақанға үңіле түсіп, басын шайқап қойып, кейін шегініп кетті. Әлденеден абыржығандай түсі бұзылып, өз тілінде серіктеріне бірдене айтты.

— Балгерім, сенің қыбыр-жыбырың көбейіп кетті-ау. Балына не түссе де қорғанбай айта бер. — деді Демежан мына әуре-сарсаңның тезірек бітуін қалап.

Бодуха сол сөзге шамырканды ма, жауырынға қадалып қараған күйі сөйлеп кетті.

— Сен, үкірдай, қазақтың қарадан шыққан ханысың ғой. Бас кеспек болса дағы тіл кеспек жоқ. Маған кейін қаһарыңды тігіп жүрме. Мен әулиенің берген аянын, тәңірінің көзіме көрсеткен сәуесін айтамын, — деп аз бөгелді. — Жауырын қуанарлық ештене айтпайды. Кілең дау-дамай, атыс-шабыс көріп отырмын. Биыл жасын қырыққа толған екен, сол аз өмірінде тыныш өткен бір жылың жоқ. Досын аз, жауың тіпті көп-ақ. Бүгінге дейін жалмап жұтып қоймай қалай аман қойғанына таңым бар. Дәл қазір басына қиын қатер төніп тұр.

Жеті күн, жеті ай, жеті жыл... Нақ кесіп айта алмаймын. Әйтеуір бір зауалдың бары анық. Жауларыңның саған арнаған уы, не ататын оғы қалтасында жүр... Сақ болғайсың. Садақана сенбе, сақтығына сен! Басқа не айтайын, менің балыма түскен нәрсе осы, — деді Бодуха.

Мына сөзді естігенде, Демежанның тұла бойы шымыр-шымыр етіп, арқасы мұздап кеткен. Бірақ сыр берген жоқ, қарқылдап күліп жіберді.

— Апыр-ай, басыма мың бір пәлені бір-ақ үйдің-ау. Жарайды, ақыл-кеңесің есте болар.. Садақам емес, сыйлығым. Келген жолыңа менен бір ат мініп қайт! — деді қалмақ балгері ырза боп кетсін деген оймен.

Осы тұста Қолқа сөзге араласып:

— Кейде балға әр түрлі нәрсе түсе береді ғой. Әйтпесе аймақтағы ең беделді үкірдайдың басына осыншама қауіп төніп тұр дегенге кім сенеді?! — деп Бодуханың айтқандарын жуып-шайған болды...

Алыстан келген жолаушыларды ұзақ күттіріп қоюдың орны жоқ. Ертенінде Демежан қасына Тыныбай, Түсіп бастаткан төрт-бес кісі ертті де, қалмақ жоқшыларын бастап, Қаражал, Бөкенбай жайлауларында отырған Қараменде ауылдарына қарай бет түзеді. Сол елдің үстінде топ құрып, қалмақтың дауын біржола бітіріп қайтпақ.

Бұлар сол күні Қайрақтыны жайлаған Шөтіктің шеткі ауылдарының біріне қонды да, жол-жөнекей Бөлекбай мен Ысқақты, Берікболды ертіп алып, ертенінде кешке таман Қаражалдағы Көксеген аулына келіп түсті. Келесі күні-ақ бұлар іске кіріскен. Ең алдымен шабарман жіберіп, Сартеректі жайлайтын Байсеркені шақыртып алды. Қараменденің қазірп биі Күдері мен Жұмабай, Сұлтанай. Мақып сиякты басты-басты адамдарына түгел хабар бергізді. Сол жерде сойыс қамдатып, үй тіктірді. Көксеген аулының үсті үлкен жиынға айналды. Қалмақтарды бөлек үйге түсірді де, алдымен істің анық-танығына көз жеткізіп алу үшін, Байсеркені оңаша ортаға алып, өздері тергеу жүргізе бастаған.

Бұл күнде жасы қырықтың ішін аралап кеткен палуан Байсерке кейінгі жылдары күресті мүлде қойып, үнемі ат үстінде, жортуылда жүретін-ді. Өзі де әбден толысып, енсегей ірі денесі бұрынғыдан ары мелжемдене түсіп, ат үсті шайқасында бірнеше кісіге алдырмайтын нағыз көкжалға айна-

лып еді. Байсерке — Бұқаның кедей табы, аз ауыл Бөріден шыққан жігіт. Бөрі десе — бөрі, үй басы өре түрегелетін шетінен қолшыл, қара сойыл азаматтары көп. Әсіресе, Майшыбай, Қойшыбай дейтін ағайынды жігіттер Байсеркемен тізе қоса кимылдағанда, соңдарына түскен канша қуғыншыға да алдырмайды десетін.

Осы Бөрінің жігіттері көптен ұрлықпен айналысып, қыс күндері Жандыбай бұлағын қыстайтын кедей ауылдардың қазаны үнемі майланып жататынын осы елдің бәрі-ақ білуші еді. Бірақ олар өз маңайына соқтықпай, жылқыны ту-ту алыс жақтардан әкелетін болған соң, ағайын арасы көрмеген-білмегенге салынатын. Білетіндердің айтуынша, Байсеркенің шығыстағы Керей, Уақ, Жұмық арасында, теріскейдегі Мұрын, Тоғас ішінде өзі сияқты сыбайлас ұрылары бар. Әрқайсысы өздері алған жылқыны қолға сақтамай, жаңағы сыбайластары арқылы алыска асырып, айырбас жасап, тез жытырып отырады. Ұсталмаған — ұры емес, айғақ-куәсы, не малының көзі болмаған соң, көп ретте жоқшылардың сөзін өрге бастырмай, қамшыларының ұшын да берместен құтылып кетуші еді.

Демежанның ұрыларға тісін басқаны соншалық, егер осы жолы қалмақ жылқысы Байсеркеден шықса, аямаска бекіген. Өзіне ниеттес серік іздеп, осы жайды Күдеріге айтқанда, ол да мұның сөзін айнымай қостады. Байсеркенің лаңы Күдерінің де жүрегіне майдай тиіп болған-ды. Қайда барса да бетіне шіркеу болып, алдынан шығады екен. Ол, Демежан, Көксеген үшеуі оңаша қалған бір сәтте өзінің басынан өткен бір жағдайды әңгімелеп берді.

Өткен күзде ол Қошқарбай ішіне екі ел арасындағы бір даумен барып, ойда-жоқта бір тойға қатысады. Күдерінің ақындығын жақсы білетін жұрт оны кеу-кеулеп ортаға алып, сол төңіректі тыйған Дәмелі деген ақын келіншекпен айтыстырмақ болады. Күдерінің айтысатын ойы жоқ екен, бірақ Дәмелі өленмен өзі соқтығып, бастырмалатып бара жатқан соң, амалсыз жауап қайыруға тура келеді. Алғашында жай сөз қағысудан басталған айтыс қыза келе ел мен елдің арасын салыстыруға, бірін-бірі мұқатып, жамандауға дейін барады. Онда да алдымен тиіскен келіншектің өзі екен. Бір сөздің кезегінде жырынды Дәмелі мұның алдына Байсеркені көлденен тартыпты.

Байсерке— сенің ағаң залым еді,
Зарлатып момын елдің малын жеді.
Сонда да Төртуылға шыр бітпейді,
Арамдық жүртқа қашан жағып еді? —

дегенде, мұндайды күтпеген Күдері төбеден ұрғандай отырып қалыпты. Әлгі сөздің шымбайына батқаны сонша, маңдайынан сүп-суық тер шығып, қасындағы серігінен насыбай сұрап атқан боп, аз-кем аял жасайды.

Сол сәтте есіне бір сөз түсе қалады. Осы айтыс болады дегенді естігенде, сол елге ертеректе ұзатылып барған Төртуылдың бір қызы бұған жаны ашып: «әй, ол көкбет саған жеңдірер деймісің. Дәмелінің өлеңі неше таңға таусылмайды. Оны сүріндіретін бір ұятты жерінен ұстамасаң күш бере қоймас. Қайын атасы шайқы-пәнилеу кісі еді, бір күні ұйқысырап жүріп, келінінің көрпесін ашыпты деген сөз бар. Сол есіңде болсын» деп ескерткені бар-ды. Күдері амал жоқ, жаны қысылғанда, келіншектің сол осал жеріне жармасып еді.

Дәмелі-ау, жақсы менен жаман тең бе,
Жамандап жалпақ елді мұның жөн бе?
Бір өшің кеткендей-ақ шүйлігесің,
Атана қол салдырған саған мен бе?

Осы сөзді естігенде, манадан бері өлеңі өрге домалап, бет қаратпай отырған Дәмелі:

— Япыр-ай, қай дүшпаным жеткізді екен, — деп еңіреп жіберіп, үйден шыға жөнеліпті.

Күдері осы әңгімені әлдебір тұтанған намыспен жанғырта баяндай келіп, Демежанға:

— Бұл Байсерке күйелі ағаштай бәрімізді былғап бітті ғой. Бір жерге бара қалғанда, әсіресе, ел келесіне жүріп, тартысқа түскенде, соны қашан бетімізге басар екен деп, қыпылдаумен күніміз өтетін болды, — деп өзінше бір мұң шаққандай болып еді.

— Ендеше, Байсерке десе бауырларың езіліп, қорғаштай беруді қойыңдар. Ұрлық кімге абырой әперуші еді. Ұрылардың ұясын талқандамай тұрып, бұл елге тыныштық жоқ! — деп Демежан одан ары ширыға түскен.

Бірақ бұл жолы да онайшылықпен алдыра қоятын Байсерке көрінбеді. Үкірдайы, зәңгісі, биі болып, үш жақтан ұты-

лап қуса да, ол қалмақ малынан ақпын да саумын деп, екі колын төбесіне қойып, бет бақтырмады. Өзін актайтын карсы дәлелі де жеткілікті. Қалмақ жылқысы ұрланатын түста Байсеркенің Орқашар бөктеріне барғаны рас екен. Бірақ ол бұл жолы ұрлықты ойына да алмай, таза ниетпен, көптен қатынай алмай жүрген Шотай ішіндегі қайын жұртына барыпты. Және жалғыз да емес, ер-әйелі, бала-шағасы аралас, бокташақ бір қауым адам боп барған. Қайын жұртында он шақты күн аялдап, талай ауылдарда қонақта болғанын сол елдің бәрі растайды. Ал әйелінің төркінінен ондай үйірлі жылқы емес, сынық өркеш сары атан мен құла төбел бесті жетелеп қайтқанын осындағы ағайындар түгел көрген.

— «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» дейсіңдер ғой. Әйтпесе, осы жолы, құдай куә, қалмақ жылқысынан колым таза, — деп Байсерке ант-су ішіп отырып алды.

Оның бұл соңғы жауабын қалмақ қуғыншылары да естіп отыр еді. Бірақ олардың да түпке сақтаған өз дәлелдері бар сиякты, Байсеркенің сөзіне илана қоймады.

— Қайын жұртына жай бардың ба, әлде жылқы торып, жортуылмен бардың ба, онда біздің жұмысымыз жоқ. Жылқыны өзің алмасаң, сыбайластарына шығарып бердің. Әйтеуір, түнде жылқыға тиген де, күзетшіні ұрып жыққан да — сенсің. Егер күзетшінің екеуі бірдей сол соққыдан өліп кетпесе, қылмысыңды мойныңа қойып берері хақ! — десіп олар да райынан қайтар емес.

Балгер Бодуха да оқтын-оқтын жауырынға карап қойып:

— Жылқы алыска кеткен жоқ, осы елдің ішінде. Алды-арты түйық бір қиын жерде тығулы тұр, — дегеннен бір танбайды.

Осылайша алғашқы күнгі тергеу еш нәтиже бермеді. Қалмақтар айғақ-куәларын алдырмақ болып, өз еліне кісі шаптырды да, Төртуыл кісілері Бөрі ауылларына, Шотай ішіне астыртын адамдар жіберіп, қосымша деректер жинауға кірісті.

Бірақ бұл даудың жуық арада бітетін түрі жоқ, тіпті одан арман аскына түсті. Арада үш күн өткенде, еліне кеткен калмақ жокшысы қасына көп кісі ертіп, айбынды топ болып оралды. Өздерімен бірге сұмдық хабар ала келген. Жылқыға жау шапқан күні сойылға жығылған екі күзетшінің бірі басына катты тиген соққыдан оңала алмай, өліп кетіпті. Екіншісінің беті сәл бері караған екен, оны атқа мінгізіп ала келіпті.

Мына жағдайдан кейін қалмақ жоқшылары мысасына мініп, мүлде күшейіп сала берді. Төртуыл жағы енді ұрлық жылқының сыртында кісі құнына қоса жығылмақ. Куәға тартылған күзетшінің сөзі де бұлтартпастай анық еді. Ол өзі жортуылда көп жүрген, мосқалдау қалмақ екен. Байсеркені бұрыннан білетін болып шықты. Жылқыға ұры тигенде, «кайт-кайт» деп қарсы шапқан екі күзетшінің бірі осы. Ай жарығында өзімен бетпе-бет келіп, сойыл сілтескен Байсеркені апанық танығанын айтады. Бірақ екеуі беттескенде, Байсерке оның сөзін де өрге бастырмады.

— Қой, жарқыным, кісіге өйтіп пәленді жаппа. «Қорыққанға қос көрінеді» деп, мені басқа біреумен шатастырып отырған шығарсың. Саған тиген менің сойылым болмас. Менімен бетпе-бет келсең, сен бүйтіп сайрап отырмаған болар едің, — деп әлгі байғұстың өзін ажуаға айналдырды.

Алайда қалмақ даугерлері де қадалған жерінен қан алатын, қайтпас қайсардың өздері еді. Олар енді Байсеркемен тәжікелесіп жатпай, ауызды Демежан мен Көксегеннің өзіне салды.

— Өз басын арашалау үшін айыпкер адам не айтпайды. Ұрының сөзіне ұйып отыратын жайымыз жоқ. Ақ малымызды алған ұры деп те, қанды мойын құныкер деп те енді өздерінді ұстаймыз. Ұрланған отыз жылқы басына қосар, құйрығына тіркеу айыбымен енді алпыс болады. Кісінің құны — қырық бесті. Сөйтіп дөңгелек жүз жылқыны алдымызға саласыңдар. Әйтпесе, тұрысатын жеріңді айт! Ерегеске барсақ біздің қалмақ ішінде де сойыл сүйреткен содырлар аз емес, — десіп, тақ бір құда түсе келген немелердей, Қараменденің зәнгісі Көксегеннің төрінде шалжиып жатып алды.

Нағыз қиын кезең енді туып еді. Бүйте берсе екі ел арасында барымта, жарғы басталып, оның ақыры айықпас араздыққа, атыс-шабысқа айналатын түрі бар. Демежан, Көксеген, Күдері үшеуі Байсеркені орталарына алып, соңғы рет қысып сұраған.

— Мейлі, жазған құлда шаршау жоқ. Осы жолғы пәленді тағы да мойнымызға көтеріп алайық, не де болса шынынды айт! — деп сыр тартып та көрді.

— Шынынды айтпасаң, өз обалын өзіңе, ұлыққа ұстап береміз де, бар жауапкершілікті өзіңе артамыз, — деп қоқанлоқы да жасады.

Бірақ нендей қырға салса да, Байсерке айтқанынан қайтпай, мізбақпай отырып алды. Дәл қазір онын кесек пішілген, батыр бітімдес, сазарған суық жүзінен, от шашып, қаймықпай қарайтын үлкен өткір көздерінен сыр ұшығын аңғару қиын еді. Не бұл жолы, өзі айтқандай, қалмақ жылқысынан қолы таза, не болмаса із жасырып, құтылып кететініне өте сенімді. Екеуінің қайсысына табан тіреп отыр екен? Ажырату мүмкін емес... Ақыры Төртуыл кісілері амалдары таусылып, қалмақ жоқшыларына ең соңғы тоқ етер жауаптарын айтты.

— Өздерің көріп отырсындар, біз қанша тергеп-тексерсек те ештененің анығына жете алмадық. Сендер ұрланған жылқыны Байсеркеден көресіңдер. Ал ол болса ақпын да саумын деген бір сөзінен танбайды. Не жоғалған малдың көзі, не ұры-ны ұстап алған айғақ-куә жоқ. Бірақ сол үшін екі елдің арасын егер қылып, атыспайық та шабыспайық. Қалада екі жаққа ортақ ұлық бар, соған жүгінейік. Біз енді Байсеркеге ара түспей-ақ қойдық. Ендігі арыздарынды ұлыққа айтындар, — деген-ді.

Бірақ қалмақтардың қаладағы ұлыққа жүгініп, дауды ұзартуға құлқы жоқ сияқты. Әлде қалаға барса, заңшыл жырынды қазақтар тақымға салып, күш бермей кетеді деп ойлады ма, өздері жеке шығып ұзақ кеңесті де, тіпті бұл елдің ойына келмеген қайдағы бір сұмдықты ойлап тапты.

— Жылқының ізі сойдақталып, аулына келіп түрса да, ірге күш көрсетіп, мойындамай отырсындар ғой, ендеше былай болсын, — деді Қолка бәрінің атынан сөз ұстап — Тіліміз, дініміз бөлек болғанмен, жараткан тәңір біреу ғой. Ұлыққа барып ұйлыққанша, қазақ-қалмаққа ортақ, ата-бабаның ескі жолына бағынайық. Байсерке «Қара күмәннан» өтсін. «Ұрлық жылқыдан да, кісі өлімінен де ақпын, адалмын» деп қолына құран ұстап, жанын берсін де, құтылып жүре берсін. Жылқы — сенікі, жан иманың — біздікі. Біз де елімізге мал алып қайтпасақ та, тым құрыса бір қазақтың жанын алып қайтайық! — деген түсін суыққа салып.

Мұнысы жалғыз Байсерке емес, түгел Төртуылға сын еді. «Қара күмән» дегенді естігендері болмаса, бұл отырғандардың ішінде ондай сұмдықты көрген ешкім жоқ екен. Алғаш естігенде қатты шошынып үдірейісіп қалды. Қалмақтардың да әдейі осындай қиын жерден ұстағаны енді мәлім болды.

Демежан кара күмәнның калай өту тәртібін сұрағанда, Бодуха лама оның мәнісін былай түсіндірді.

Бұл — адамның ар-иманына, дін-сеніміне сын болғандай аса қиын шарт. Көшпенділер арасында көнеден келе жатқан, қазақ-қалмаққа ортақ бір төтенше жосын екен. Осындай ауыр қылмыс үстінде, кісі өлімі кезінде, айғақ куәсыз күдікті жағдайда айыпкер кара күмән ұстайды. Әрине, мұны орындауда қазақ пен қалмақ салтының өз ерекшелігі бар. Айтып отырса қалмақтардікі тіпті сұмдық. Айыпкер құдай алдында өзінің ақтығын дәлелдеу үшін, будда бейнесі алдына жағып қойған «Бурхан шырағын» дәрет сындырып өшіру керек. Мұндай адам халық алдында карабет болудың сыртында, құдайдың жүзін енді көрмейді деген сөз.

Ал қазақтардікі одан гөрі сыпайырақ. Бірақ ол да оңай емес. Жан беретін адам үстіне кебін киіп, қазулы тұрған көрден аттауы керек. Және сонын алдында қолына құран ұстап тұрып: «Егер менің осы қылмыска титтей араласым болса, құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті болмай кетейін. Екі дүниеде имансыз, кәпір кауымында өтейін» деп касам ішуі керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл да құдайдан безген, кауымнан қуылған сұмпайының өзі болып шығады.

Мына сөзді естігенде, қазақтар карадай шошып, катты тіксініп калды. Тірідей жан беріп, иманын сатты деген не сұмдық?! Бірақ көнбеске тағы амалың жоқ. Жан беруден тайсақтасаң, қылмыска жығынды болғаның. Осы шешімді естіртпек болып, екі жақ өздері отырған оңаша үйге Байсеркені шақырды. Ендігі мәселе соның жауабына байланысты.

Байсерке өзіне қойылған шартты алғаш естігенде, өнінде бір тамшы қан калмай, күлбеттеніп, бозарып кетті де, есін тез жинап ала қойды. Өзінің таудан-тастан қайтпаған өр мінезіне басып:

— Жарайды, сендерге керегі жан екен ғой... Жан алғыш әзірейілім сендер болсандар, соны алып тынындар? — деді даусы біртүрлі карлығынқырап.

Демежан калмақтардың малдан безіп, неге жанға жармасканын түсіне алмай, калың ойда отыр еді. Байсерке әлгі сөзді айтканда, селт етіп басын көтеріп алды. Жүйрік көңілі оның сөзінен емес, үнінен бір сенімсіздікті шалып калғандай болды.

— Бұл сенің соңғы сөзің бе, Байсерке? Әлі де ойлансаң кайтеді?.. Қазақ: «малым — жанымның садағасы, жаным — арым-

ның садағасы» деуші еді. Сен жаныңды ар үшін қидың ба, әлде мал үшін қидың ба? Тек шыныңды айт! — деп ақырып қалды.

Байсеркенің жауабы да қысқа болды.

— «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» деп, бәрін жиылып қалмақпен қоса шауып отырған жоқсыңдар ма. Қалқан болар халқың, ақтап алар ағайының болмаса, жалғыз жанды жалдамағанда не істеймін? Болсын. Тәуекел! — деді ол да қасарысып.

Енді бөгелудің орны жоқ. Сол күні түске таман барлығы атқа қонып, ойға қарай бет алды. Өйткені «жан беру» рәсімі дін орталығы мешітте өтуге тиіс болатын. Аркарлыдағы Күдері мешіті ара қонып баратын жер. Бұлар бүгін жолға шығып кетіп, ертеңгі жұма намазына үлгеруі керек.

Бұл хабар сол күні-ақ жайлаудағы бүкіл елге тараған. Қара күмән, жан беру дегендері кімге де болса тосын, бұрын бұл өлкеде болмаған оқиға. Сондықтан далаға қарай ағылған топ-топ адамның ішінде осындай қызық үшін келе жаткан көлденең көк аттылар да аз емес-ті.

Сондай бір бөлек топ құраған Бөрі жігіттерінің ортасында Байсеркенің өзі келе жатыр. Қазір ол үлкен семіз торы аттың үстінде төбедей болып, көзге оқшау шалынады. Көптен ұрлықты кәсіп етіп, жаман аты шығып қалғаны болмаса, нағыз батырға біткен тұлға. Біреу байлығымен, біреу мансабымен көзге түссе, мұның еншісіне тигені ұрлық болды Батырлықтың күні өткен соң, басында барымташы атанып жүрді де, ақыры бардың бермесін тартып алатын ұрлықты кәсіпке айналдырған. Сол жортуылмен жүріп-ақ бір рулы елді асырап келеді. Соған орай ел ішінде беделі де бар, жұрт еріксіз санасатын елеулі адамдардың бірі.

Қазір Байсеркенің қасында жүп жазбай бірге келе жаткандардың ішінде Ысқақ та бар еді. Бірталайдан бері екеуінің ымы-жымы бір. Жырынды Ысқақ анғал батыр Байсеркенің көзсіз ерлігі мен бойындағы мол қайратын көп пайдаланады. Өзі өштескен адамдарға оны әдейі айдап салып, түнделетіп жылқы алдырып, алыска асырып жіберетін кездері де аз болмайтын... Байсерке осы жолы да ел-жұрттан тыккан күпиясын сол Ысқақпен ғана бөлісіп еді.

Әнеугүннен бері қанша бетбақтыкка салынғанымен калмақ жылқысынан Байсеркенің қолы таза емес-ті. Оның әу баста бір топ адаммен Шотай ішіндегі қайын жұртына барғаны да рас. Ол

жағынан ешқандай күдік тудырмайды. Бұл сәтсіз жорық сол Шотайда жүрген күндердің бір әредігінде болып еді.

Шотайлар мен Орқашардағы қалмақтың шеткі ауылдары іргелес отыратын-ды. Бұл қайын жұртына бара жатып, жолжөнекей өрісте жайылып жатқан қалмақтың қалың жылқысын жиі ұшыратады. Емін-еркін өрістеген кілең бір құр аттарды, туырылған ту биелерді көргенде, ұрының көзі тұнып кетеді. Сол арада шұғыл шешімге келіп, қасына ере шыққан інілерінің бірін әлдебір сылтаумен кері қайтарады да, елде қалған жігіттерге тез жетсін деп хабар жібереді. Мұнда кездесетін жер, уақыт мөлшері де дәл айтылған-ды... Ал өзі олар келгенше қайын жұртына барып, аунап-қунап жата тұрады. Бір уақ атқа мініп, ел қыдырған болып, жер жадысын, жылқы өрісін көңіліне түйіп, бақылаумен болады.

Уәделі уақытта арттағы Бөрі жігіттері де келіп жеткен-ді. Олар ел көзіне түспей түнделетіп келіп, сол маңдағы ұры сайлардың біріне бекінген. Бұл туралы қайын жұрт та, құдалар аулында жатқан Байсеркенің басқа серіктері де ештене сезбейді. Бұған дейін жігіттерімен астыртын тілдесіп жүрген Байсерке бір күні ел ұйқыға кеткен соң атына мініп, өз тобына қосылады да, бейқам жатқан қалмақтың жылқысына тиіп береді. Сол жолы «қайт-қайт!» деп қарсы ұмтылған екі күзетшіні сойылмен бір-бір ұрып, түсіріп кеткені де рас болатын. Қаранғыда қара сойылдың қате тиерін кім білген. Күзетшінің бірі өкіріп барып, аттан ұшып түсіп еді. Сірә, мерт болып кетсе, кеткен-ақ... Байсеркенің олармен ісі болған жоқ. Жөпелдемеде қолға түскен қырық-отыз жылқыны серіктерінің алдына салып беріп, біраз жерге дейін ұзатып келді де, соңдарында қуғыншы жоғын білген соң, өзі таң алдында Шотай аулына барып, бүркеніп жатып қалған-ды. Оның бұл суық жүрісін қасында жатқан әйелі ғана сезген. Бірақ әйел күмәны басқада еді. Ол күйеуін осы ауылдағы бойжеткен балдыздарының бірін оятуға барды ма деп, өзінше тон пішіп, біразға дейін бұртиып жүрді.

Байсерке бұл жолғы ісінің капысыздығына қатты сенімді болатын. Өмірі талай ұрлық істеп жүріп, дәл мұндай із жасырып көрген емес-ті. Қайын жұртына қыдырып барған адамнан біреулер күдіктенеді-ау, ит аркасы кияннан іле-шала қуғыншы келеді-ау деп, тіпті көперіне де алмаған. Қиыннан қиыстырылған өз жоспарының ешқандай күдік тудырмайты-

нына шүбәсыз сенгені соншалық, бұл жолы қолды болған жылқыны алыс бір жаққа асырып жіберуге де асықпай, көшіқон қарбаласы кезінде Мыңбай шатындағы бір киын қуыска қамай тұрып, ап-сап басылған соң, үй басы екі-үштен сініріп кетерміз деп ойлаған... Бірақ оған жеткізбеді ғой. Іле-шала арттарынан қуғыншы келіп, адымдарын аштырмады.

Байсерке әнеугүні өзін Демежан мен Көксеген ортаға алып, қатты қысып сұраған кезде, «осылардан сыр жасырмай не де болса шындыққа келейін» деп бір октaлған. Бірақ сол ойын Ысқаққа айтқанда, ол мұны қолма-қол айнытып тастады

— Демежаннан жақсылық күтпе. Ол саған бар шынынды айтқызып алады да, ұлыққа ұстап беріп, көзінді абақтыда жылтыратады. Ізінді жақсы жасырған екенсің, осы бетінде тас бекіп тұрып қал! — деп ақыл берген.

Өстіп жүргенде дау ұлғая түсіп, оған енді өлген күзетшінің құны қосылды да, жабулы қазан сол жабулы күйінде қала берген. Енді, міне, қара күмән деген пәле шықты. Жан беру, қасам ішу қанша қиын болса да, бұлтаруға мұршасын келтірмеді ғой. Онсыз да былғанып болған күнәкар жанды беріп құтылудан басқа амалы жоқ. Әзірше ешкім барып келмеген о дүниенің азабын уағында көре жатар, алдымен оған мына дүниенің теперішінен құтылу керек еді...

Бұлар араға бір қонып, ертенінде түс әлетінде Аркарлыдағы Күдері мешітіне жетті. Бұл мешітті осыдан төрт-бес жыл бұрын Күдері өз қаражатына салдырған-ды. Өз ортасына үлгі шашып, ку далаға «құдай үйін» әкеліп орнатуы жас жігіттің атағын осы атырапқа тез жайып жіберген. Қазір Мұқырдың биік қабағындағы көрнекті жерге салынған ақ мешіт сонадайдан көз тартады. Дәл іргесінде Сібеті өзенінен су тартатын Қайынбай тоғаны ағып жатыр. Әрі-бері өткен адамдар ат басын бұрмай кетпейтін Сымайыл зәңгінің зираты да осында. Соңғы жылдары Бұқадан тарайтын Қараменде мен Жұмықтоғастың көп ауылдары осы Қайынбай тоғанын бойлай егін егіп, қыстау салып, отырықшылыққа бой ұра бастаған. Әр жұма сайын манайдағы қалың ел намазға жиналып, осы мешітте бас қосып тұрады. Мешіттің имамы — жұрт «ноғай молда» атап кеткен Пахридден қазірет қаладан алғаш көшіп келгенде, жағына пышақ жанығандай, ілмиген арық кісі сиякты еді. Айналасы үш-төрт жылдың ішінде кәдімгідей қоңданып, бұғағы салбырап, семіріп алыпты.

Қасам ішіп, жан беру рәсіміне Пахридден имам жетік болып шықты. Неше күннен бері осы елдің аткамінер игі жақсылары бітіре алмаған даудың мешітке келіп, шариғат жолымен шешім табатын болғанына тіпті куанып қалған сынай танытты.

— Міне, бұларыңыз бик сауаблы, абзал іс болған. Адам пендесінің ақылы жетпейтін ақ пен қара, күнә мен нахақ арасы құдай-тағала уатабараканың құзырында бітім тапқаны жөн-ақ, — деп өз ісіне құлшына кірісіп кетті.

Ендігі жерде үкірдай, зәңгі, елубасы сиякты ел басшылары былай қалып, бар билік Пахридден имам мен Бодуха ламаның қолына өтті. Бүгінгі жұма намазына жиналғаны бар, осы оқиғаны әдейі көруге келген әуеской жұрт бар, халық ерепайсыз көп еді. Мешітке адам сыймайтын болғандықтан, жан беру ресмиеті сырт аланда, зират маңындағы көк жасанда өтетін болды.

«Жан беру» дегеніңіз жай құран ұстап, ант-суын іше салу емес. Оның да үлкенді-кішілі машахаты көп болып шықты. Мұнда да өлікті жерлеу кезіндегідей тірі адамға кәдімгідей жаназа шығарылады. Күні бұрын қабір қазылып қойылады... Қысқасы, жан берген адам бұл тірлікке қош-қошын айтып, о дүниенің табалдырығына барып қайтады. Бұл іске қалмақ жағынан араласқан Бодуха лама Қара күмәнның ұсақ-түйегіне дейін түгендеп, соның мүлтіксіз орындалуын катты қадағалап жүр.

Пахридден имам ең алдымен Байсеркеге дәрет алып келуді бұйырды. Сонан соң онын сырт киімдерін шештіріп, бір қабат кебін кигізді де, үлкен ақ киіздің үстіне көлденең жатқызып, жаназа оқудың камына кірісті. Кәдімгі жаназа! «Ассалата жаназа!» деп дауыстай жар салып, жиналған жұртты сапқа тұрғызып жатыр. Осы көріністің өзі-ақ адамды жаннан түңілдіріп, бүкіл тіршіліктен бездіріп жібергендей еді.

Намазға кірісер алдында, Пахридден қасам ішіп, жан берудің мәнісін түсіндірді. Онын айтуынша, қазір намаз оқылысымен, жаназасы шығарылған күнәкар пенденің жаны өзінен қырық кез алыстап кетеді. Сонан соң ол қолына құран ұстап, ант суын ішеді де, казулы тұрған қабірден аттап өтеді. Егер ол шын күнәкар болса, сол жерде жан үзіп, қабірге құлап түсуі де мүмкін. Тіпті аман қалғанның өзінде, ар-иманнан ада, құдай алдында қара жүз, жын-шайтандар қауымына қосылып, о дүниеде көр ғазабын тартып, тозақ отына күймек...

— Соңғы рет ескертемін: күнәлы пенде Байсерке, сен осыған ризасың ба? — деді имам сөзінің соңында.

— Ризамын! — деген Байсеркенің үні саңқ етіп тіпті айдынданып естілді.

— Онда намазға кіріселік. Ассалата жаназа! Кәне, мұсылман қауым, тегіс сапқа тұрыңыздар.

Жалғыз ракағат жаназа намазы артқы қатардың бірінде тұрған Демежанға жылдай ұзақ көрінді. Жан дүниесін бір ауыр сезімдер билеп, іштей Байсеркені аяп кетіп еді: «осыншама қорлыққа, ар-ұждан азабына көнуіне қарағанда, осы байғұстың қолы, расында да, қалмақ жылқысынан таза болып жүрмесін. Азаматқа ара түсудің орнына текке күйдіріп, обал жасап отырған жоқпыз ба» деген бір өкінішті ой жүгірып өткен. Намаз оқылып болып, Пахридден мен Бодуха Байсеркенің екі колтығынан сүйеп, қабір басына қарай алып жүргенде де, Демежанның төбе құйқасы шымырлап, өзін өте жайсыз сезінді.

Айналаны бір сұсты тыныштық билеп алған. Өлікті жерлеген кезде де абыр-сабыр тіл қатулар болушы еді. Қазір ондай да ештеңе естілмейді. Байсеркенің иіні түсіп, нардай тұлғасы шөгіп кеткендей. Үстіне аппақ кебіндей шұбаландаған бөз көйлек кип алғандікі ме, өзінде өң-түс қалмай, қу шүберектей бозарып кеткен... Ол қазір қазулы қабірдің жиегінде беті ашылған құранды қолына ұстап, Пахридденнің аузынан шыққан ант сөздерін қайталап тұр.

— Мен — құдайдың құлы, Мұхамметтің үмбеті Байсерке — Алланың атымен ант етемін! Жоғалған қалмақ жылқысынан да, өлген адамынан да арым таза, қолым пәк... Сол үшін жанымды беремін. Егер осы істе қылдай киянатым болса, құдайдың құлы, пайғамбардың үмбетінен шығып, дінсіздер қауымында кетейін... Осы арада қыршынымнан киылып, жан тапсыруға әзірмін!

Байсерке ант сөзін айтып болып, Пахридден ұсынған қасам суын да ішіп салған. Енді тек бетіне ақ мата керілген қабірдің үстінен аттап өтуі ғана қалып еді. Нағыз киын кезең енді туғандай. Қияметтің қыл көпірі де мұндай болмас. Жұрт демдерін ішіне алып, сілтідей тынып қалыпты... Байсерке, не үшін екен, ордан аттауға жүрексінгендей бөгеліп тұр. Біресе көр аузындағы ақ матаға, біресе басын көтеріп, көгілдір аспанға қарайды. Мына қалпында қараңғы көрден аттап өтуі екіталай, күмп беріп ішіне түсіп кететін сиякты... Ол енді не де болса тәуекелге бел байлап, ордан аттауға бейімделе берген.

Бірақ аттап үлгермеді. Осы сәт арткы катардан ышкына айғайлаған бір жат дауыс естілді. Ашы айғайы құлакты жарып, өлі тыныштыкты дар еткізіп айырып жібергендей болған бір адам:

— Ағатай-ай, біз үшін өз жаныңды қинамашы! Сенің орныңа казылған көрге мен-ақ түсейін... Бермеші жаныңды!.. Уа, тоқтатындар, халайык! Жылқы — менде. Ұрлаған — менмін... Малыңның көзі түгел, осы казір алдына салайын! — деп жан ұшыра дауыстап сөйлеген күйі жүртты кимелеп алға шыкты.

Жиналғандар аң-таң болып, енді сол дауыс шыккан жакка караған. Бұл — Байсеркенің немере інісі, сырыктай ұзын бойлы, батыр тұлғалы жас жігіт Қойшыбай болатын. Ол келген бойда ағасының мойнына асылып, еңкілдеп жылап жіберді де, оны кабір басынан аулакка әкеткенше асығып, колтығынан ұстап сүйрелей жөнелді.

Байсерке әлі де есін жия алмай, өлі мен тірінің арасында сенделіп тұрған-ды. Інісінің жетегінде кетіп бара жатып:

— Әй, Қойшыбай-ай, бекер істедің-ау! Қуғыннан құтылуға енді бір-ақ аттам жер калып еді ғой, — деді бармағын тістеп.

Сол-ақ мұң екен, манадан бері байлаулы тұрған тіл мен көмейдің тиегі ағытылып, көпшілік араның ұясындай гулеп коя берді. Енді әуеской топ Байсерке мен Қойшыбайды коршап, неше алуан сұрақ жаудырып жатыр.

Оқиғаның бұлайша аяқ астынан кілт бұрылуы Төртуыл кісілерін де катты абыржытып тастаған. Байсеркенің әнеугүннен бері мойындамай, канша жүртты сарсаңға салып, енді келіп ойламаған жерден омакаса жығылуы сүйекке таңба түсірердей үлкен намыс болып еді. Оның есесіне, қалмақ жокшылары айы оңынан туғандай айдарынан жел есіп шыға келді. Бодуха лама тілті ашық табалауға дейін барып еді. Ол бір шетте оңаша тұрған Көксеген мен Демежанның қасына келіп:

— Үкірдай, калай екен? Менің сәуегейлігіме енді күмән келтіре коймассың. Айтканым айна-катесіз дәл келген жок па?! — деп әжім айғыздаған көсе жүзі быт-шыт болып, оқырана күлді.

Демежан онсыз да бойын кернеген ашудан жарыла жаздап тұр еді. Ламаның бетіне ажырая карады да:

— Бодауы жок бос сөзді кайтесің, Бодуха. Одан да малыңның табылғанына шүкірлік етіп, аманында ауылына кайтсайшы, — деді зілді үн катып. — Бізді енді сөге жамандамассың.

«Қазақтың ұрысының да иманы бар екен» деп қайт еліне.. Жаңа Байсерке бәрінді жер соқтырып, жер-ошақтай шұқырдан аттап кетсе қайтер ең?!

— Иә-иә... Сөзіңнің жаны бар, үкірдай. Адамдар бір құдайдан қорықпаса, бұл дүниені өртеп жібермес пе еді, — деп Бодуха өз сөзін жуып-шайған болды.

Демежан бұдан ары сөзді ұзаққа созғысы келмеді. Анадай жерде кинініп жатқан Байсеркенің күйбеңін күтіп аз бөгелді де, Бөрі жігіттерін қасына шақырып алды. Ұрылардың жүні жығылып, жасыңқырап қалыпты. Кісіге тура қарай алмай, төменшіктей береді.

— Иә, сонымен жылқы қайда? — деді Демежан Қойшыбайға бұрылып.

— Жылқы жайлауда... Мыңбай шатында бекітулі тұр. Алсаң, міне, бас! Бізден бір қателік өтті, үкірдай.

— Жә, онынды қоя тұр .. Малының көзі түгел ғой, әйтеуір?

— Түп-түгел. Отыз бес жылқы. Бір тайына қол тигізгеніміз жоқ.

— Ендеше, мына кісілерді осы қазір ертіп барасыңдар да, малын түгендеп алдына саласыңдар. Айып-анжыға тағы он жылқы кесемін. Оны ешкімге алақан жаймай, жылу жинамай, өз малдарыңнан төлейсіңдер. Ұқтыңдар ма?

— Ұқтық, үкірдай. Айтқаныңызды қалт етпей орындаймыз, — десті жігіттер құрақ ұшып.

— Ұқсаңдар, жоғалыңдар көзіме көрінбей!

— Апыр-ай, Демежан мырза-ау, кісі құны қалып барады ғой... Оған қандай билік айтасың? — деген Бодуха осы тұста сөзге араласып.

Демежан ендігі сөзін қалмақ даугерлерінің басшысы Қолқаға қарап сөйледі.

— Кісі құнын мен бітірмеймін. Оны қаладағы ұлық шешеді. Байсерке сол істеген қылмысы үшін, бүгін абақтыға айдалады. Ендігі дауды сол қала ұлығынан қуасыңдар! — деді кесімді сөзін қыска қайырып.

Қалмақ жоқшылары бұдан ары саудаласпады. Олар уыстан шығып, үміт үздірген жылқының табылғанына қуанып тұр еді. Өз малының сыртында айыпқа кесілген он бестіге разы болды да, атқа қонды.

Бірақ, оның есесіне, Демежан билігіне наразы күңкіл сөздер Төртуыл кісілерінің өз ішінен шыға бастаған. Көксе-

ген, Ысқақ, Тыныбайлар Байсеркені абақтыға айдатам дегенін ұнатпай, қырын қабақ танытты. Көксеген ашық қарсылыкка бармаса да:

— Ит те болса ұяласымыз еді ғой. Арыстай азаматты абақтыға қаматқанымыз ел атына намыс болып жүрмес пе екен? — деп мәймөңкелеп бастап еді. Ысқақ оның сөзін іле қостап:

— Бұл — барып түрған аямастық қой... Байсерке — ел шетінде қорғанымыз, сойыл соғар айбарымыз емес пе еді. Сүйеніш-тірегі жоқтай, ел азаматын ұлыққа ұстап берді деген не сұмдық?! Кісі құны қаншаға түссе де, ел-жұрт болып көтермес пе едік? — деп Байсеркеге бауыры езілгенсіп, ағайын арасына от тастағандай болған.

Демежан шыдай алмай кетіп:

— Әй, шырағым, жауырға қонған ала қанат сауысқанша беймезгіл шықылықтағанынды қойшы. Осы сенен ақыл сұраған кім бар? — деп оны тыйып тастады. — Қара бұқараның онсыз да арқалаған алым-салығы аздай-ақ, енді оған «Байсерке шығыны» дегенді қоспақсың ба? Азамат дегенің — қазан бұзар, үй тентек, ұры ма? Ұяласым, ұрпағым деп, ұры мен қарыны әуектетіп болдық емес пе. Ұрлаған жылқысының айыбы мен өлген кісінің құнын үнемі біреу төлеп отырса, Байсерке басқа шыклағанда қайтеді? Қолымен істеген екен, мойнымен көтерсін. «Арсыз қолым істеді, арлы бетім ұялды» деп, телі мен тентектің шығынын ел байғұс қашанғы көтереді? Естеріңде болсын, бұдан кейін кім қылмыс жасаса, өкімет заңы алдында өзі жауап береді. Содыр мен сойқанға, сойыл сүйреткен ұрыға сонда ғана тыйым болады, — дей түсіп, катты ширыққан ашу үстінде шымбайға батар сөздер айтып еді.

Осы сөзден кейін оған ашық жон көрсетіп, қарсы келген ешкім болмады Не ойласа да іштерінде. Демежан енді бөгелген жоқ. Ұлықтың атына хат жазып, қасына өз шабарманы Рақым бастатқан бес кісі қосып, сол күні-ақ Байсеркені қалаға жөнелтіп жіберген. Сонан соң қалмақтың малын түгендеп, жолға салуды Көксегенге тапсырды да, өзі Тыныбай, Түсіптерді ертіп, ауылына қарай тартып кетті.

VIII

Күн кіші бесіннен ауып, екіндіге қарай еңкейген мезгілде, өрістен мал қайтып, айнала-төңірек төрт түліктің шуына толған шақта ауыл сыртындағы төбенің басына көтерілып, өмірбойлмысқа биіктен көз жіберу — Демежанның көптен бергі әдеті еді.

Әсілі, көшпенділер тірлігі шағын шаңырақ астындағы тар аяға сия бермеген ғой. Баяғы Тәуке ханның тұсындағыдай «Күлтөбенің басында күнде жиын» болмағанымен, әлі күнге дейін ел ағасының сияз ашып, топ тарататын, жарлық шашып, билік айтатын «кабинеті» — осы төбенің басы. Қазақтың «ұзын құлағы» аркылы жететін неше алуан жаңалықтар алдымен осы төбе басында айтылып, содан ары ауыздан-ауызға көшеді. Ел ішінің арыз-шағымы, тағы басқа ұсақ-түйек жұмыстары да осында бітіп жатады.

Бүгін Демежан төңірегі ондай опыр-топырдан оңаша еді. Қазір қасында карт ұстазы Ли-шансың ғана бар. Оның мұнда келгеніне бір аптадан асып кетсе де, Демежанның өзі үйде болмай, біраз күн Байсеркенін дауында жүріп, ауылға кеше ғана оралған-ды. Содан бері де ауыл үсті кісіден арылмай, енді ғана екеуінің оңаша қалған кезі болатын. Әлде қаладан келген сый қонақпен алансыз әңгімелессін деді ме, мұндайда төбе басына үкірдайдың соңынан ере шығатын ауылдың ересек адамдары да күндегі әдеттерінен бой тартып, бұларды бүгін жеке жіберіп еді... Қазір Ли-шансыңның реңі жақсы. Көптен ешқайда ұзамай, қалада қамалып жүрген дімкәс адам мына кең дүниеге келгелі, ес жинап, қунап қалғаны байқалады.

Қаладан Ли-шансың ала келген бір үлкен жаңалық — аймақ әміршісі Ши-амбы осыдан біраз күн бұрын Іле жаңжұнының шақыртуымен Құлжаға жүріп кетіпті. Тез жетсін деген тығыз бұйрықпен асығыс аттанса керек. Соңынан тарап жүрген қауесетке қарағанда, Ши-амбы үстінен түскен арыз-шағымға байланысты орнынан алына ма, әлде басқа аймаққа ауыса ма, әйтеуір Тарбағатайға оралуы екіталай деседі. Кешеден бері Демежанды қатты алаң еткен бір жай осы еді.

Екеуі қазір көк беттегі киіздей ұйыскан мамық бетегенің үстіне жамбастай жайғасып, сол жайында әңгімелесіп отыр. Егер Ши-амбы бұл аймақтан ауысатын болса, оның орнына кім келуі мүмкін деген сұраққа Ли-шансың екі ұштылау жауап қайырды:

— Кім білсін. Қазір орталықта жүзеге асып жатқан реформа мен сарай маңындағы тартысқа байланысты, басшы бекзадалар арасында ауыс-күйіс өзгерістер көп болып жатыр. Сондайлардың талайы шенінен төмендетіліп, Шығыс Түркістанға жіберілді. Оларға да жайлы орын, жақсы қызмет керек. Тарбағатай сиякты шалғай түкпірге сондай «жазықтылардың» бірін әкелуі де ғажап емес. Немесе Іле жаңжұңы өз айналасындағы ұлықтардың бірін жібере ме, нақты кесіп айту киын, — деген.

Сонан кейін Ли-шансыннның бір айтқаны: Маншың өкіметі орталықта ғана емес, шеткері аймақтарда да өзінің темір құрсауын тарылта түсіп отыр. Айдауда жүрген адамдарға күдік күшейіп, қысым көрсетіле бастауы соның бір дәлелі. Бірақ мұны Цин сарайының әлденеден бел алып, ныгаюы емес, соңғы жанталас, тұяқ серпуі, өз өмірін ұзартудың амалы деп ұғу керек. Өйткені азаттық жолында алысып жүрген төңкерісші, зиялы қауым ғана емес, ел ішіндегі ірі өндіріс иелері, тіпті шетелде тұратын білікті, бай мұғаджырлар да[1] династияның билік басынан кетуін талап етіп жатқан көрінеді. Ал ел тізгініне сырттан қол сұғып отырған шет мемлекеттердің де монархияның құлауына мүдделі екені белгілі. Қазір жесір патшайым Цыси Бежіндегі Еуропалық елшілерге күн сайын конакасы беріп, қанша жағынғанымен, киюы кашқан дүниені ұзақ ұстап тұра алмасы анық... Ли-шансын осы жайларды айта келіп:

— Дегенмен әмірші ұлықтардың ауысуы бұл аймаққа да кейбір ұнамсыз өзгерістер әкелуі мүмкін, — деді жүдеу жүзінен әлдебір уайым табы білініп. — Өйткені, Ши-амбынын үстінен үздіксіз арыз жазып, оның кетуін талап етіп отырған — халдайлар ғой... Жаңа келген адам Цин сарайының ежелгі тірегі — халдайлардың колтығына дым бүркіп, қайтадан құтырта ма деп коркамын.

Демежан тіл катқан жок. Кенет өз жүрегінің әлденеден шымыр-шымыр етіп, сыздап ауырғанын сезді. Ши-амбынын бұлайша ешкімге жөн айтпастан тым асығыс аттануы — оған да бір тыкырдын таянғаны ғой. Иә, Ли-шансын дұрыс айтады: аймакта әміршінін ауысуы ел өміріне де, мұның өз басы-

---

[1] Мұғаджыр — эмигрант

на да көп қиындықтар әкелуі мүмкін. Дүниені теңгеріп тұрған таразының басына өзгеріс еніп, оған жаңа тастар салынады деген сөз. Бұрын Ши-амбыдан жасқанып, бұғып жүрген талайлардың енді батыл бас көтеріп, ашық айқаска шығатыны айтпаса да түсінікті.

Ол бір сәт төменде, сай табанында алқа-қотан отырған ақ үйлерге көз жіберді. Осы арадан ауыл сыртындағы бие бауға шоғырланған көп жылқы, малдың кешкі сауымына кіріскен адамдардың қарбалас тірлігі, көш жолымен әрі-бері өткен жүргіншілер де алақанға салғандай айқын көрінеді.

Бір мезет оның ойын қотан ортасындағы даңғаза шу бөліп жіберді. Ауыл иттері әлденеге қыркысып, ұмар-жұмар таласып жатыр екен. Сол иттердің маңында үлкенді-кішілі бір топ бала жүр. Төбеттердің ортасына сойған малдың қан-жынын, өкпесін тастап, әдейі қыркыстырып жүрген — Олжабай тентек сияқты. Жасы он төртке толғанша ақыл кірмей-ақ қойды-ау, осы балаға... Демежан ер жетіп қалған асыранды ұлы Олжабайдың мына ісіне іштей қынжылып отырғанда, көп иттің қоршауында жан ұшыра шайқасып жүрген өзінің сүйікті тазысы Көктұйғынды көріп қалды. Текті тазы бұлайша бақалақ иттермен таласпаса керек еді. Оны да қисынын тауып, төбелеске араластырған — Олжабай, әрине. Қап, жүні жұқа, кірпияз неме оқыста бір жерін жаракаттап алып жүрер ме екен?

Соны ойлап үлгіргенше болған жоқ, таласып жатқан көп ит құйын соққандай ұйқы-тұйқы бір күйге ұшырады. Көктұйғын, сірә, ызасы келген болар, көз ілеспес жылдамдықпен қайқы бел қаншық, бұралқы, шардақ төбеттерді тұс-тұска лақтырып жіберді де, қалың топырдың арасынан сытылып шыға берді. Сол беті бүлкілдей желіп, төбе басында отырған иесіне қарай тартып еді. Басқа иттер соңынан бой салып қууға бата алмай қынсылап қала берген.

Көктұйғын жүні тықыр болғанымен, аяқтары сом, әлді келген, сүйекті, ірі тазы болатын. Кеудесі апайтөс, белі қабысып жатыр. Қашан көрсең де қаншырдай қатып, бауырынан жараған осы бір қалпынан жазбайды. Қолдан құйылған өлшеулі асты ғана ішіп, Ырысқанның отауында жеке төсекте жатады. Тұрған бойы суреттей сұлу, жан-жануардың ішіндегі бір көріктісі еді. Демежан оның осы әдемілігіне, әрі алғыр құмайлығына қызығып, өткен жылы бір бестіге сатып алған-

ды. Бірақ өз күнын әлдекашан өтеді. Қыс бойы түлкі мен коянды қынадай қырып, иесін ырғын қызыкка батырған.

Көктүйғын Демежанның қасына келіп, шағынғандай бірекі рет қынсылады да, жақсылап керіліп алып, ұшында шашағы бар жұп-жұқа құлақтарын жалбырата, мойнындағы шытыралы қарғысын сылдырлатып, дүр-дүр сілкінді. Сонан соң ауыл жаққа бұрылып карап алды да, иесінің аяғына басын сүйеп жата кетті.

Ли-шансын бұл тұқымдас аншы итін бұрын тіпті көрмесе керек, таңыркай сұктанып қалды.

— Иттің де мұндай әдемісі болады екен-ау! Өзі және қандай есті?! Жанағы көп иттен көрген жапасын саған шағынып жатқанын көрдің бе, — деді басын шайкап.

Демежан да казір Көктүйғыннның құндыздай жылтыраған жонынан сипап, иттердің тісі батып кеткен жері жок па деп, өне бойын анықтап карап жаткан-ды. Кенет ол тазының көзінен іркілген жасты байкады.

— Байғұсым-ай, сені аналар әбден жалғыздаған екен-ау! «Көп ит бір жақ, көк ит бір жақ» деген осы екен ғой, — деді ол баяу күрсініп, — Бұл бейшараға да өзінің нәсілдестері түптүгел өш. Олардан артық жаралғаны үшін, өздеріне ұқсамағандығы үшін жек көреді... Жақсылардың көрген күні осы ғой қашанда!

Демежан соңғы жылдары қыс айларында ит жүгіртіп, құс салумен әуестеніп жүрген. Ли-шансынға сол аңшылық жайын әңгімелеп кетті. Бұл көріп жүрген тіршілікте саятшылыкка жететін ештене жок. Дүниенің кам-қайғысын ойлатпайтын, пендешіліктің кір-кокысынан аулақ, адамды табиғатпен туыстыратын жалғыз қызык сол ғана. Өзінің ел келесінен, ағайын арпалысынан әбден кажығанын, реті келсе басындағы бар билік-мансапты сол қызығып жүргендерге-ак беріп, калған өмірін тыныш өткізгісі келетінін айтып еді... Келесі бір сәтте арғы беттеп өзінің қайын атасы Құрман кажыны еске алып:

— Сіз ол кісіні жақсы білесіз ғой. Баяғыда шекара бөліп жүргенде, аулында болғансыз... Батырлықты да, бак-дәулетін де бір басына үйіп-төгіп берген кісі сол Күрекендей-ак болар. Сол кісі соның бәрінен уаз кешіп, дүниеден неге ерте суынды деп, қайран калушы ем. Сөйтсем, бұл жалғанның тұраксыздығын, байлық та, мансап та ешкімге опа бермейтінін кажы жарыктык ерте ұғынған екен ғой... Мен ол кісі секілді

қажыға барып, құдай жолын қуып кетпеспін. Бірақ қызыл түлкідей бұландаған қу дүниенің соңына түсуден тыйылармын. Дәл қазір, шынымды айтсам, менде бала-шағамның қасында тыныш жатудан басқа арман да, тілек те жоқ, — деп еді.

Ли-шансың оның сөзін зейін қоя, ойлана тыңдап отырған. Демежан ойын аяқтаған кезде, сыпайылап қана дау айтты:

— Биліктен де, байлықтан да безінуге болар, бірақ өмірден, күрестен шегіне алмассың, — деді баяу үн қатып. — Өйткені өмір деп жүргеніміздің өзі — күрес. Сенің қолыңдағы билік кейде сол күрес үшін қажет болады. Өзің ойлап көрші: егер сен бір елдің үкірдайы болмасаң, ұлықтар сенімен санасар ма еді? Қолыңда билік, күш болмаса, халдайлармен тіресе алар ма едің? Бұл күнде жай кісінің сөзін кім тыңдайды? Осы жағын ойладың ба? — соны айтып аз бөгелді де. — Мәселен, мені қазір Ши-амбының орнына Тарбағатайға губернатор қоямыз десе, ешқашан бас тартпас едім. — деп езуі жайылып күлді.

— Ол жағы солай ғой... Дегенмен жетекке жүрмейтін жетесіз жұртың билек талдырады екен. Екі тізгін, бір шылбырың өз қолыңда болмаған соң, жалтақтаған жарты билік те қажытып бітті... Шаршадым. Бір Байсеркенің биылғы салған лаңы талай шашымды ағартты білем, — дей келіп, жақында болып өткен «Қара күмәннің» жайын айтып кетті.

Бұл Ли-шансың үшін де бұрын естімеген, тосын жаңалық еді. Демежанның әңгімесін ықылас қоя тыңдап, оның қалай болғанын егжей-тегжейіне дейін сұрап, ұғынып отырды да:

— Егер Байсерке сол арада «жанын беріп», қабірден аттап кетсе, қалмақтар соған иланып, еліне қайтатын ба еді? — деді бұған таңырқай қарап.

— Қайтпағанда не істейді. Байсеркенің құтылуына бір-ақ қадам жер қалған. Бірақ жеме-жемге келгенде, сол қазылған ордан аттай алмады ғой.

— Қызық екен... Бұл енді көшпенділер қауымында ғана болатын жай. Ештеңеден тайынбайтын, қара жүрек ұрының да жан түкпірінде бір ұшқынының қалғаны ғой. Ал өркениетке жеткен еуропалықтар мұндай жан беру, қасам ішу дегенге күлген болар еді.

— Алалдық па, әлде надандық па, әйтеуір, біздің халық балалық дәуірден әлі ұзап кете алған жоқ.

— Сен оған асықпа, — деді Ли-шансың.

— Неге?

— Жылдар өтеді... Сенің халқың да балалық дәуірмен қош айтысады. Бірақ ол кездегі адамдар қабірді қанша терең қазып қойсаң да, қымсынбай аттап кететін болады...

Осы сәтте бұлардың назары түстік жақтағы тұмсықтан қылт етіп шыға келген екі салт аттыға ауды. Кешкі салқынмен суыт жүріп келе жаткан, бөктеріншегі ток, ықшам киімді екі жас жігіт ауылға таман ойысыңқырап барды да, төбе басында отырғандарға көзі түсіп, осылай қарай бет алды. Күміс ер-тұрманды, күлте жал құла бестіге мінген өз інісі Әбдірасылды Демежан сонадайдан танып отырған. Керімбайдың кенжесі, жиырмаға жаңа келген жас жігіт қазір Ажардың қолында, үлкен шаңырақтың иесі саналады. Осыдан екі жылдай бұрын қаладағы Ешен-Сейіттің медресесін бітіріп шыққан. Әзірше осы төңіректің балаларын оқытып, тілін сындырып жүр. Жақында қалаға осы елдің зекетке жиналған малын айдасып кетіп еді. Содан оралып келе жаткан беті болса керек.

Екі жігіт арқан бойы қалғанда аттан түсіп, үкірдайдың қасына жаяулап келді де, дауыстарын соза-соза сәлем берісті.

— Иә, жол болсын. Сен өзің қалада жүріңкіреп қалдың ғой? — деді Демежан інісіне жылы шырай білдіріп.

— Солай болды. Ұсақ-түйек шаруамен казіреттің қасында бөгеліп қалдым, — деді түр-әлпеті Керімбайдан гөрі Ажарға келіңкірейтін келбетті жас жігіт. — Зекет малының басаяғы жиналғанша едәуір уақыт өтті. Онын үстіне, казіретті білесіз ғой, жақында мешітте оқылатын тарауыққа қатысасын деп, жібермей ұстап қалғаны.

— Жөн-жөн... Қаланда не жаналық бар?

— Ештене жоқ, сол өзіңіз көргендей. Ши-амбы Іле жақта біраз бөгеледі-ау деймін... Мұндағы бар билікті уақытша Шихалдайға қалдырыпты деген сөз бар.

Демежан мен Ли-шансың бірінің бетіне бірі мәністі көз тастап өтті. Шынымен-ақ, халдайлардың қайтадан атка міне бастағаны ма бұл? Шихалдайдың аяқ астынан таққа отыра қалуы, сөз жоқ, соның нышаны.

Бірақ Әбдірасыл осы түста бұлардың ойын бөліп, тағы бір тосын хабар жеткізді.

— Айтпақшы, сонан кейінгі бір үлкен жаңалық. казір Шәуешекке Әсет ақын келіп жатыр. Ыбырай байбатшанын

үйіне түскен екен.. Несін айтасыз, бұл күнде ойын-тамашаның бәрі сол төңіректе.

Бұл хабарға Демежан да бірден елең етіп, қозғалақтап қалды.

— Иә, не дейді-ау... Мынауың бір қуанышты нәрсе екен. Әсетті сен өзің анық көрдің бе?

— Е, көрмей... Тіпті бір-екі күн қасында жүрдім. Тарауық оқылған күні ол кісі де мешітке келді. Әсеттің өзі әнші ғана емес, медресе бітірген оқымысты адам екен ғой.

— Иә, оны қайдан білдің?

— Басында Әсет Ешен-Сейітке қыңырлау сұрақ қойып, екеуі шариғатқа таласып қалып еді. Артынан ыракайға келіп, достасып кетті-ау деймін. Әсет сол арада домбырасын ала салып, адам атадан бергі пайғамбарлар шежіресін өлеңмен қолма-қол жырлап берді.

— Солай де... Ал әншінің беталысы қалай екен? Ол жағын сұрамадың ба?

— Әсет бір сөзінде: «Мамырбек төре шақырып еді. Керей жаққа жүремін» деп отырды. Бірақ елге апармай қоймаймын деп, біздің Күдері де қасынан қалмай жүрген.

— Күдері қалада ма еді?

— Ол да жақында келген. Мешіт салдырған адамдарды түгел шақырды ғой осы жолы.

Демежан ойланып қалды. Бірдемеге қазыла ой жіберген кезінде қиғаш біткен кою қасының арасында қос сызық пайда болушы еді. Сол сызықтары тереңдей түсті де:

— Қап, Әсет Керейге өтіп кетпей тұрғанда, осы елге бір әкелуіміз керек еді. Күдеріге көне қойса жақсы болды-ау! — деді әлден уақытта.

— Көнетін шығар... Күдерінің де ескі жыны қайта қозып, Әсет келгелі өлеңдетіп жүр.

— Былай етсек қайтеді? — деді Демежан шұғыл шешімге келіп. — Үлкен әнші іргемізге келгенде үнсіз қалғанымыз ұят болар. Сен ертең қалаға қайта жүріп кет. Мен Әсетке хат жазып берейін. Соны апарып, ақынды осы елге қонаққа шақырып кел.

— Барайын, — деді Әбдірасыл сөзге келместен. — Хатыңызды дайындап қойыңыз. Ертең салқында жүріп кетейін.

Осыдан кейін жігіттер рұқсат сұрап, жүруге ыңғайланған.

— Өздерің ауылға түсіп, қымыз ішпейсіңдер ме?

Әбдірасыл әлденеден ыңғайсызданғандай, қызарақтай күлді.

— Қазір ораза ғой, аға... Күн батып, ауыз ашқанша біз де үлкен ауылға жетіп қалармыз.

— Ә, солай екен ғой. Біздің Бибі екеулерің-ақ сопысыңдар, әйтеуір. Кейін сауаптарыңнан бізге де қарасасыңдар ғой, — деп Демежан әзілдей күлді. — Ал ендеше жолдарың болсын!

Жігіттер аттарына мініп, бір-екі белдің астында отырған Керімбайдың үлкен ауылына қарай жүріп кетті. Демежан інісіне осы ауылға қона сал деп айтуға бір оқталды да, таяуда ғана үйленіп, шымылдығы желпілдеп тұрған жігітті жолынан қалдырғысы келмеді. Әбдірасыл биыл жайлауға шығар алдында, баяғы өзі қауіптеніп жүретін қара тәмпіш қызға үйленіп тынған-ды.

Демежан қалашы жігіттермен әңгімелесіп түрғанда, Ли-шансың белден асып, ары таман ұзап кетіпті. Бұл да көк тазысын ертіп, солай қарай аяңдады. Бұлар шыққан төбенің батыс жағындағы тау баурайында қайың, терек, мойыл аралас өскен жыныс тоғай бар-түғын Сол тоғайға дейінгі екі аралық—жарты шақырымдай ашық алаң. Осы тепсеңдегі қалың балаусанын арасында қып-қызыл шұғынық гүлдер өсуші еді. Ли-шансың гүл терудің қызығына түсіп, тау етегіндегі тоғайдың шетіне дейін барып қалыпты. Соңынан келе жатқан Демежанды көріп, ол да бері беттеді.

— Міне, көрдің бе, қаладағы жүрттың егіп өсіре алмай жүрген гүлдері мұнда өзінен-өзі жайқалып өсіп түр, — деді қолындағы гүл шоғын бұландата, сонадайдан дауыстап.

— Ал біздің адамдар осы гүлдерге көз қырын да салмайды, — деді Демежан.

— Әрине. Өне бойы гүлдің арасында жүрген соң, оны теріп, әуреге түсіп қайтсін.

Демежан әлі де жанағы Әсет туралы ойдан арыла алмай келе жатқан. Қасына жақындаған қонағына сол жаңалықты хабарлады.

— Қуана берініз, Ли-шансың. Біздің ауылға жақында Әсет келеді.

— Ол кім еді? — деді ол бұған таңырқай қарап.

— Әсет — қазақтың атақты ақыны, әрі асқақ әншісі. Мекені — шекараның ар жақ бетінде. Қазір Шәуешекте жүр екен. Ертең арнайы кісі жіберіп, осы елге шақырайын деп отырмын.

— Оһо, бұл жақсы болған екен. Ондай өнерпаз адам келсе, жайлау өмірі тіпті қыза түседі десейші

— Айтпаңыз. Сол әншіні бір көруге көптен құштар едім. Зәумен келіп қалған екен, онын бұл сапарын үлкен той-думанға айналдырып, сый-сыяпатымен аттандырсам деген ойым бар.

— Дұрыс болған, — деді Ли-шансын гүл шоғын құшырлана иіскеп тұрып. — Адам өмірі тым қысқа ғой. Бір уақыт сөйтіп көңіл көтермесе бола ма. Өзін айналаңа қарашы: мына жасыл жайлау, жақпар тас, жыныс тоғай сондай бір әнді күтіп, қоса жаңғыруға дайын тұрған жоқ па?!

Бұл кезде күн еңкейіп, батыс жақтағы биік жалдан асып бара жатқан-ды. Жаңа ғана күн шұғыласы ойнаған сай-сала, теріскей беттерге қоңыр көленке тола бастапты. Қазір тасада қалған ауыл бұл арадан көрінбейді. Бірақ сол жақтан қойқозының жамырағаи үні, желідегі жылқыны өріске айдаған жігіттердің қиқуы естіледі.

Кенет Көктүйғын әлденеден секем алғандай, тоғай жаққа қарап бір-екі рет үрді де, иесінің аяғына оралып, қынсылап дыбыс бергендей болды. Оны Демежан да бірден байқап: «мына байғұс әлдебір аңның иісін сезіп, соған шыдамсызданып тұр-ау, — деп ойлады ішінен. — Және мына аласұруына қарағанда, жай аң емес, мұның жүрегі дауаламайтын қасқыр, не аю секілді ірі аң болуы да мүмкін».

Бірақ бұл жайды лезде ұмытып кеткен. Оның ойын Лишансын бөліп жіберіп еді.

— Адамды қажытатын — карттық та, ауыр жұмыс та емес, ешқандай өзгеріс, жаңалығы жоқ, біркелкі мимырт тірлік, — деді ол жаңағы бір ойын сабақтай түсіп. — Өне бойы ғылымның, не саясаттың соңында жүрген кісінің аңқасы кеуіп, миы құрғап кете ме деймін. Өзгені білмеймін, мен қазір өзімнен сондай бір рухани аштықты сезініп жүрмін... Сен де жаңа «өмірден қажыдым, шаршадым» дегендей бір сөз айттың ғой. Бұл да сондай уақыттық торығу... тірліктен суынушылық. Ал жаңағы өзің айтқан Әсет сияқты өнерпаз адамдар жан жарасын жазып, сынған көңілді бүтіндейді.

Бұлар әр түрлі әңгімемен тоғайдың шетіне дейін барып, одан кері бұрылды. Сол маңнан алақанат сауысқандар шықылықтап, әлдебір жат дыбыстан белгі бергендей болады. Көктүйғын да Демежанның аяғына оралып, мазасыз қынсылауын қоймай келе жатқан... «Апыр-ай, мына байғұска не

болды?» дегені сол еді. Кенет арт жақтарынан әлдекім қатқан тулақты сабаумен салып қалғандай, тарс еткен бір дыбыс естілді. Екеуі де селт етіп артына бұрылған.

— Біреу мылтық атты ғой. Тіпті таяудан шықты өзі, — деді Ли-шансың әлгі дыбысты тез ажыратып. — Шекара жақын ба бұл жерден?

— Кемінде бес шақырымдай болар...

— Онда осы маңның бірінен атылды. Әлдебіреу аң атып жүр ме екен?

Дәл осы мезетте жаңағы тоғай жақтан тарс еткен мылтық даусы едел-жедел екі рет шықты да, иесінің қасында келе жатқан Көктұйғын қаңқ ете қалып, ұршықтай үйірілген беті құлап түсті. Демежан түкке түсінбей, сілейіп тұрып қалған.

— Жат... жату керек! — Ли-шансың ышқына айғайлап, Демежанды жұлқа тартып жықты да, оны денесімен жаба, өзі де құлай берді.

— Не? Не болды? — деді Демежан әлі де ештеңенің байыбына бара алмай.

— Кім де болса бізді көздеп атты. Тоғайда жасырынған біреулер бар...

— Өзіңіз жараланып қалған жоқсыз ба? — Демежан қатты алқынып, бозарып кеткен Ли-шансыңға қарағаң.

— Мен аманмын... Олар мені емес, сені көздеп атып тұр ғой, Демежан-ау!

Осы сәт ат тұяғының дүбірі естілін, біреулер қастарына шауып келгендей болған. Сауын биелерді өріске беттеткен жылқышылар екен. Дереу аттарынан қарғып түсіп, екеуін сүйемелдеп орындарынан тұрғызды. Мылтық даусын олар да естісе керек, бірақ ештемеге түсініп тұрған жоқ.

— Не болды, Демежан аға?

— Мылтық қай тұстан атылды? — деп алақтап айналаға қарай береді.

Дәл қастарында әлсіз ғана бүйірін соғып, сұлап жатқан Көктұйғынға бұлар енді ғана назар аударып еді. Демежанның тұла бойы шіміркеніп кетті. Ажал оғының өзін сүйемдей жерден сүйкеп өткенін ол енді ғана айқын сезінгендей болды

— Көрмей тұрсың ба? Мына тоғайдың ішінде жасырынып жатқан жау бар. Тез ауылға хабарла. Бірнеше кісі атқа қонып, осы маңайды түгел сүзіп шықсын! — деді жылқышыларға жарлық беріп.

Екі жігіттің бірі дереу ауыл жакка карай тура шапты да, екіншісі аттың басын тоғай жакка бурды. Демежан әлі де Көктуйғыннан көз ала алмай тұрған. Байғус тазының ет жаны шыкпай, біразға дейін денесінен діріл кетпей жатты да, артқы аяғын соңғы рет болар-болмас серпіп, тыныштальп калды. Ок оң жак колтығынан тиіп, сол жак жауырынынан шығып кетіпті. Кызыл жоса кан шөп басын бояп, кара жерге сіңіп жатыр. Айнала шашылып жатқан кып-кызыл шұғынык гүлдер...

— Иттер-ай! Есіл жануардың обалына калды-ау! — Демежан өксік аткандай зор тұлғасын сілкіндіре күрсінді

— Ештеңе етпес. Кайта өзіннің аман калғанына куансайшы, — деді Ли-шансын оны жұбатып. — Саған кезелген ок кой бұл. . Иесі үшін мерт болған, ит те болса киелі жануар екен.

— Бұл — сұмдык кой!.. Кім болды екен? Айтыңызшы: осыдан кейін калай өмір сүруге болады?

Демежан әлі де есін жия алмай сенделіп тұр. Ол өзіне кастык ойлайтын жауларының көп екенін білетін. Бірак дәл мынадай өлімге кияр деп ойламаушы еді. Үрейден гөрі танырқауы басым, түсініксіз бір күйге түсті.

— Алыстан келген жау емес. Бұл, сөз жок, халдайлардың ісі, — деді Ли-шансын. — Ашык жаулыкка көшкенін осыданак біле бер. Ши-амбы кетісімен құтырынып шыға келгенін көрмейсің бе?!

Осы кезде айнала-төнірек айғай-сүренге толып, ауыл жактан «кайда-кайда» дескен салт атты жігіттер шауып шыкты. Олардың соңынан жаяу-жалпы шұбырған ер-әйел. бала-шаға көрінеді. Жанағы жылкышылар «үкірдайға біреулер ок атыпты» дегеннен өзге жарытып ештеңе айтпаса керек, есі шыккан жұрт өрге карай өкпесі өшіп, жапа-тармағай тырмысып келеді.

— Кап, әлгілер бүкіл елді дүрліктірген екен-ау! Жүріңіз, алдарынан шығып көрініс берейік, — деді Демежан.

Аттылар мылтык даусы шыккан жакты бетке алып, тоғайға карай шауып кетті де, Демежан мен Ли-шансын алкынып жеткен ауыл адамдарының коршауында калды Басындағы жаулығын колына ұстаған күйі құстай ұшып, алдымен жеткен — Бибі еді. Ол жана «Демежанға біреулер ок атыпты» дегенді ести салысымен, сөз аяғын күтпей осылай карай тура жүгірген-ді, содан кашан төбе басына жеткенше жан ұшы-

рып, тырбына берген. Ауыр шолпы таққан қос бұрымы беліне оралып, жүргізбей қойған соң, жаулығымен қоса қолына жинап алыпты. Демежан алдынан шыға келгенде, өз көзіне өзі сенбегендей, ессіз аңырып сәл тұрды да, өкпесі өшіп, сенделектеген күйі күйеуінің иығына асыла кетті.

— Арыстаным-ай! Тірі екенсің ғой... Сені біреу атып кетті дегенде, сорлаған жерім осы шығар деп, зәре-иманым қалмап еді. А құдай, ақсарбас! Бір жолға періштең қаққан екен ғой! — деп тас қып құшақтап, айрылар емес. Бибінің қолын Демежанның өзі зорға ажыратты.

— Қой енді, жұрттан ұят болады... Әне, қайнағаларын қарап түр!

Расында да, бұл кезде ауыл адамдары түгел жетіп, бұларды қоршап алған-ды. Біреулері Көктүйғынның қасына барып, аударып-төңкеріп қарап жатыр. Бірақ әлі түкке түсінбей, тұстұстан сұрақ жаудырып, оған және өздері жауап беріп, тыныс кешті бастарына көтерді.

— Мылтық қайдан атылды өзі?

— Тоғайда жасырынып, бұғып жатқан біреулер болған ғой, шамасы.

— Ел аман, жұрт тыныштa бұл не деген масқара?!

— Апыр-ай десейші... Көзі қиып қалай атты екен?

— Көктүйғынның ажалына көрінген ғой.

— Бір келген қатер ғой. Бәрінен де үкірдайдың аман қалғанын айтсайшы, — десіп араның ұясындай гу-гу етеді.

Бұл кезде күн ұясына кіріп, сай-салаға кеугім түсе бастаған-ды. Демежан жиналған жұртқа жағалай көз салып, кіші әйелі Ырысқанды іздеген. Бірақ, не үшін екен, сұлу тоқал еш жерден көрінбеді. «Жас неме қорыққанынан жүрегі қозғалып, бірдемеге ұшырамаса жарады» деген бір үрей де бас көтергендей болып еді. Бұл ойын сыртқа шығарып, Ырысқанды сұрауға ыңғайсызданды да, жиналған көпшілікке қарап:

— Ау, халайық, бейуақытта бұл не тұрыс? Қатер деңіз, ұшық деңіз, әйтеуір бір ажалдан қалғанымыз анық қой. Мына Бибінің жаңа осында атаған ақсарбасы бар. Одан да үйге барып, соның басын мүжімейміз бе? — деп өзі де күліп, жұртты да ду күлдірді.

Жігіттер кетпен-күрек әкеліп, өлген тазыны көмуге кіріскенде, басқалар ауылға қарай бет алды. Қазір Демежан көнілінде, бір қатерден аман қалған адамдарда болатын,

қуаныш пен үрей аралас бір сезімдер алабұртады. Кенет есіне әнеугүнгі Бодуха ламаның сөзі түсті. Калмак балгері бұған бал ашып отырып, жеті күн, жеті ай, не жеті жылды катерге санап, шарт еткен жок па еді? Иә, дәл осылай деген... Іштей есептеп көрып еді, жеті емес, бүгін сегізінші күн екен. Бұл не сонда? Тағдыр ма? Жауырыншының айтканы келмесе де, сандырағының дәл шыкканы калай? Сол калмакта бір касиет бар-ау не дегенмен. Егер оның айтканы шын болса, ол катерден бұл өтті ғой. Иләйім, солай болсын. Баска төнген пәле-жала осымен тынса болғаны.

Бұлар ауылдың төріндегі үлкен ак үйдің касына келгенде, алдарынан сыландай басып Ырыскан көрінді. Өнінде ешкандай үрей-корқыныштан белгі жок. Ештене болмағандай, өзінің әдемілігін бір сәт естен шығармайтын әдетімен наздана күліп келеді.

— Иә, не боп калды? Амансыздар ма, әйтеуір? — дейді сыңғырлай үн катып.

Демежан канша сабыр сактағанымен, көмейінде түрған сөзді ірке алмай калды.

— Сені мұндай дәті берік деп кім ойлаған... Біз мұнда қырылып кала жаздадык. Ал сенің тіпті бакайыңнан келетін емес кой? — деді даусынан өкпе сызы анғарылып.

Бірак Ырысканның оған бәлендей қысыла коятын түрі жок. Сәл-пәл қызарып, соның өзі ак құба өніне әдемі рең қосып, сыныкси күлді де:

— Назымды ұйыктатайын деп, төсекке кисайғаным сол еді. Амандык хабарынды естіген соң, сабыр сактап отырмыз, — деді акталғандай болып. — Не болды өзі? Көктұйғынды біреулер атып кеткен дей ме?

Демежан езу тартып, мұңая күрсінді.

— Иә, солай болды... Кім білген, Көктұйғынға өшігіп жүргендер көп екен ғой. Иттер жасырынып келіп, есіл тазыны атып кетті, — деді Ырысканнан бетін бұра беріп.

Бұл кезде Бибі бастаткан әйелдер абыр-сабыр күйге түсіп, карбаласып жаткан. Майлық ағасы корадағы қойдың шетінен бір аксарбас ісекті ұстап әкеліп, жігіттердің біріне жәукемдетіп жатыр екен. Бибі Демежанның карсыласканына қарамай, күннің қызыл шапағы тарамай түрғанда, осы ауылдағы сексенге келген кәрі әже Сәндібаланы ертіп келіп, жаңа сойылған қойдың өкпесімен қактырып, ұшыктатып жіберді.

Ымырт үйіріліп, кас қарайған мезгілде, мана атқа қонып, түс-түскa шауып кеткен жігіттер де қайтып оралды. Олар ауыл сыртындағы мойылды сай мен одан арғы қалың жынысты канша шарласа да, ештеңе таппай қайтыпты. Біреулері көш жолымен бірнеше кезең асып, биік тұрғыдан қарауылдап та байқаған екен, таяу маңнан ондай сөдегей-солпы қара-құра көздеріне түсе қоймапты.

Ал Демежан осы бір үрейлі оқиғаны бұдан ары дабырайтпай, тезірек басып тастауға тырысты. Бала-шаға, бауыр-туғанды уайымға салып, қорқытпау үшін, өзін сырттай көнілді ұстап отырды. Көп кешікпей ауыл адамдары осыдан бірер сағат бұрынғы дүрбелеңді ұмытып, басқа әңгімеге айналып кетті. Үй иесінен жақында осы ауылға Әсет ақынның келетінін естіп, соны бір алуан сөз қылды.

Бірақ Демежанның өз ішінде алай-дүлей ұйтқи соққан қара боран әлі басылған жоқ еді. Басында оған ертең дереу қалаға жүріп кетіп, болған оқиғаны ұлыққа мәлімдесем қайтеді деген бір ой келген. Бірақ ол ойынан тез қайтып қалды. Мұны түсінетін, мұндай бассыздыққа тыйым салып, тізгіндеп отыратын Ши-амбы болса жоқ. Оның орнында қалған Шихалдайдың алдына мұң шағып, мүсәпірсіп барғысы келмеді. Өзінің жалғыздығын, шын қорғансыз екенін енді сезгендей. Күздің қара суығында ықтасын, камсауы жоқ қара лашықта отырғандай, тіршіліктің жылуы кетіп, бір түрлі сүреңсіз тартты. Әншейінде жарасып тұратын балаларының еркелігі, ойқастап кіріп-шығып жүрген Ырысқанның әсем сыңғыр күлкісі де бүгін шаншудай қадалып, соның бәрі әлдебір дарақылық, беймазалық сияқты көріне берген.

Өз басынан өткен қатердің тым жеңіл емес екенін ол қазір бір-ақ адамның жүзінен оқығандай болады. Ол — аинымас жары Бибі ғана. Тек соның ғана боталаған көзінен үрей таңбасы өшкен жоқ. Қайран Бибі, ерекше жаратылған әулие адамсың ғой сен... Бибінің жаны мөлдір айна тәрізді, бәрін жасырмай көрсетіп тұрады. Бұл күнде бүкіл ауылдың қамқор анасына айналған Бибі мол ықылас-пейілімен қонақтарын да риза етіп, оқта-текте күйеуіне қара көзін түндыра қарап қоюды да ұмытпайды.

«Егер мен олай-бұлай болып кетсем, басқаларға ештеңе емес, осы сорлыға қиын тиеді-ау!» деп толғанды Демежан ішінен. Мұндайда өзін жан-тәнімен түсінетін, бұл үшін жанын қиюға әзір, осындай бір адамның болғанына да шүкіршілік етіп

еді. Бүгінгі түн кезегі тоқалдікі болса да, ол Ырысканның отауына бармай, Бибінің қасында қалып қойды...

Ал бұл кезде Ойжайлаудың терең шатқал, ұры сайларының біріне бекінген екі салт атты ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныстың арасынан баспалап шығып, Қараүңгір аңғарындағы көш жолына келіп түсіп еді. Екеуі де қара атқа мініп, қара киім кигендіктен, бетке жұғатындай қою түн қараңғылығында бірінің сұлбасын бірі зорға ажыратып келеді. Олар артық дыбыс шығармай, аттарын баяу бастырып, тың тыңдағандай ұрлана аяңдап келді де, бір-екі тұмсық айналған соң, қатты жүріспен төмен қарай жарысып кетті.

Қара түнді жамылып, қаралы жолға шыққан бұл екі жанкешті — Дохалдайдың інісі Бужынха мен Ысқақ болатын. Бұлар аң қарауды желеу етіп, тау ішіне осыдан екі күн бұрын шыққан-ды. Содан бері ешкімнің көзіне түспей, жыныс тоғай, ұры сайларды паналап, бүгін таң ата, жүрт шырт ұйқыда жатқанда, Демежан аулының тұсына келіп еді. Астындағы аттарын бір-екі кезең астындағы қалың талдың ішіне матастырып қойып, өздері ұрымтал жерге бүкпалап, жаяу жақындаған. Ысқақтың қалтасында алтыатар наған, Бужынханың қойнында іштен асынған шолақ мылтық бар. Екеуі үйден ала шыққан азықтарын қажалап, қалың жыныстың ішінде күн еңкейгенше сарылып ұзақ отырды. Демежанның қазір ауылда екені, оның күнде кешке таман төбенің басына көтерліп, осы тоғайдың шетіне дейін серуендеп қайтатыны күні бұрын зерттеліп, әбден анықталған-ды.

Бұл екеуін мұндай қиын іске айдап салған — Дохалдай болатын. Ол аймақ әміршісі Ши-амбының Ілеге аттанғанын және бұл сапардан қайтар-қайтпасы неғайбыл екенін есті салысымен, Демежанға деген октаулы мылтықты басып қалатын кезім осы деп шешкен. Әккі халдай таяуда Байсерке оқиғасына байланысты Төртуыл жуандарының арасына тағы да іріткі түсіп, ала ауыздыққа ұшыраған жақтаиын да естіп-біліп отыр еді. Сол жиыннан қатты ширығып қайтқан Ысқақ Байсеркені абақтыдан құткарып бер деп, Дохалдайды өзі іздеп келген-ді. Құланның қасынуына мылтық басуы дәл келген осы қолайлы сәтті Дохалдай қолдан шығарғысы келмеді. Ол тіпті құпиялықты қатаң сақтау үшін, бұл жолы басқа сыбайластарымен де ақылдаспай, бірден іске кіріскен

Дохалдай басында бұл қатерлі шаруаға Ысқақты жалғыз жіберуді ойластырған. Бірақ жеме-жемге келгенде, онын өз

басына тағы сеніп кете алмады. Ұрыншақ, ожар неме бірденені бүлдіріп, капылыста колға түсіп қалғандай болса, мұның бар күпиясын әшкерелеп, сатып кетуі де мүмкін ғой... Сондықтан осындай қара ниетке көптен қолы қышып, құлшынып жүрген бұзақы інісі Бужыңханы Ыскақтың қасына әдейі косып еді. Бужыңханың да ішкі есебі өзінде. Егер Ыскақ әлденеден ши шығарып, істі бүлдіргендей болса, онда бұл сапардан ол тірі қайтпауға тиіс болатын.

Бәрі де алдын ала ойластырғандай оңына айналып келе жатқан. Бүгін үкірдай аулында артық конақ жоқ, ол өзінің күндегі дағдысынан жаңылмауға тиіс... Иә, дәл солай болды. Демежан күн еңкейе бере төбе басына көтерілді, қасында көп адам жоқ, сырт каралдысы шағын, тәштиген біреу еріп жүр. Сол екеуі төбе басында шошайып едәуір отырды. Одан төменгі ой жақтан келе жаткан екі салт аттымен әңгімелесіп, тағы біраз бөгелді... Сонан соң қасындағы калаша киінген, сидалау серігін ертіп, осылай қарай аяндады. Тіпті бері жақындап, мойылды тоғайдың шетіне дейін келді. Екеуінің алды-артын орап, бір көкала тазы жүйткіп жүр. Бастабында бұлар әлгі сүмірейген арық адамның кім екенін біле алмай дал болып еді, жақындағанда Бужыңха оны жазбай танып, мырс етіп күліп жіберді. Баларақ кезінде мұның да Шәуешектегі қытай гимназиясында екі-үш жыл оқығаны бар-тұғын. Бірақ оқуға мойны жар бермей, мектепті бітірмей кеткен. Сонда өзіне сабақ берген, гимназия мүдірі Ли-шансың ғой мынау... Араларында талай қызық окиға болып еді. Ол туралы әңгіме айтып жатуға қазір мұрша жоқ.

Әлгілердің таяп келгені сонша, түрі-түсі анық танылып, тіпті сөйлескен сөздеріне дейін естіліп түрды. Ыскак пен Бужыңха кия бетте, үй орнындай қалың аршаның түбінде жаткан-ды. Екеуі де каруларын ыңғайлап, не де болса ту сыртынан көздемек болып, аналардың ауылға карай бұрылуын күтті... Көк тазы бұлар жаткан түска карап, бір-екі рет үріп дыбыс бергенде, жандары шығып кете жаздап, аршаның арасына бұға түскен. Қайтадан бас көтергенде, Демежандар орнынан козғалып бара жатыр екен. Енді аз бөгелсе ұзап кететін түрі бар.

— Ат! — деді Бужыңха Ыскақты бүйірінен түртіп.

Дохалдайдың астыртын тапсыруы бойынша, окты алдымен Ыскак шығаруға тиіс еді. Бужыңха тек анау мүлт кеткен

жағдайда ғана қимылдауы керек. Ысқақ көп қадалып көздегенімен, дәл атуға келгенде көзі жасаурап, қолы қалтырап, берекесі қашты. Бұрын иен далада екеуі талай нысана атып, жаттыққан болатын. Енді не құдай ұрып тұрғаны белгісіз.

— Атсайшы, иттің баласы, не қып отырсың? — деп Бужыңха бұл жолы оның бүйірінен қаттырақ түйіп жіберді. Өзі де шолақ берданкесін иығына тіреп, оңтайлай берген.

Ысқақ бір емес, екі рет атты. Бірақ екі жолда да аткан оғы далаға кетті. Сол кезде Демежан мен Ли-шансың қалт тұра қалып, артына бұрылған. Дәл осы сәтте қақ жүректің басы деп, көздеп тұрып Бужыңханың өзі шүріппені басып қалып еді... Одан арғысы бұлыңғыр. Әйтеуір, оқтың біреуге тигенін біледі. Көк тазының шоршып түскенін, сонан соң ана екеуінің де үйме-жүйме құлағанын көзі шалып қалды. Бұдан ары күтіп тұруға мүршалары болған жоқ. Өйткені дәл осы мезгілде сол маңнан жылқышылар көрініп, жаңағы жығылып жатқандарға қарай тұра шапқан. Бұл арада енді бөгелуге жүректері дауаламай, орындарынан атып тұрып, қалың бүргеннің арасымен бүкшеңдей жөнелген. Едәуір ұзап барып, арттарына бұрылып қарағанда, жаңағы жерге біраз адамның жиналып қалғанын көрді. Арттарынан қуғын шығатыны айтпаса да белгілі. Осы беттерінде бұлар тоғай ішіне бекітіп қойған аттарының қасына келіп, қашан қаранғы түсіп, көз байланғанша, сол жерде тырп етпей жатып алды.

Атылған оқтың Демежанға дарымай, қасындағы көк тазыға тигенін бұлар кейін, қуғыншы жігіттердің сөзінен аңғарды. Екі қашқын бір қаранғы қалтарыста, беймезгіл кісінеп белгі бермеу үшін тұмылдырық кигізіп қойған аттарының шаужайынан ұстап, тың тыңдап отырған-ды. Ақшам үйірілген шамада бір-екі салт атты бұлар жасырынған ұры сайдың қабағына таман келді де, өзара самбырлап сөйлесіп кетті.

— Қой, көз байланып барады, қайтайық, — деді біреуі. — Окыста бір жерден шыға келіп, өзімізді жазым етіп жүрмесін.

— Мейлі, қайтсақ қайтайық. Әйтеуір, үкірдай аман қалды ғой, соған да шүкіршілік, — деді екіншісі.

— Қайта, ажалы жоқ десейші. Адамға атылған оқтың адасып барып, итке тигенін көрмейсің бе?!

Осыдан кейін қуғыншылар аттарының басын кері бұрып, дүбірлері бірте-бірте ұзап бара жатты. Неше күннен бергі

еңбектерінің зая кеткенін Ысқақ пен Бужынха осы арада бірақ біліп еді. Сол қуыста тағы бір сағаттай отырып, жер-дүниені кою қараңғылық тұмшалаған кезде ғана орындарынан қозғалды. Бұл дәрменсіздіктері үшін, Дохалдай екеуінің де мандайларынан сипамайтыны белгілі. Қазір бұлар өзара ақылдасып, алдын ала әзірлеп алған сөздерін іштей қайталап, жаттап келеді.

IX

Қараңғы түн артынан арайлап таң келетіні секілді, қытымыр қыс артынан жадырап жаз келетіні секілді, бұл дүниеде жақсылық пен жамандықтың, қуаныш пен қайғының үнемі орын алмасып, кезектесіп отыратыны ғажап-ау. Осы сүреңсіз оқиғадан кейін арада бір апта өткенде, Демежан ауылына Әсет келіп түсті. Адамдарды қайғы-мұңнан сейілтемін, көңілдерде қатып жаткан шер-шеменді жібітемін деп, әнімен, сәнімен думандата келіп еді.

Ұзақ сарғайып, төсек тартып жаткан наукас өзін күткаратын тәуіпті қалай күтсе, немесе қапыда колға түскен қас батыр соңынан іздеп келер елшіні қалай күтсе, Демежан да Әсетті дәл солай тағатсыздана күтіп еді. Ол әнеугүнгі оқиғадан кейін ағайын арасының өнімсіз дауына, қау-көрік сөзіне де араласпай, арыз айта келгендерді өз зәңгі, елубасыларына жіберіп, үйден шықпай құсаланып жатып алған-ды... Кіші бесін кезінде ауылдың түстік жағындағы қоңыр белден бір топ кісі бері қарай құлағанда, Демежан әшейіндегі пандық, ірілігінен айрылып, үйде отырған жұртты бастап, далаға өзі шықты. Даяшы жігіттер келген қонақтарды керме басында қарсы алып, аттарын байлап жатқанда, ол біраз адаммен үй сыртында күтіп тұр еді.

Басқалардан киім сәні бөлек, көп адамның қолпаш қоршауында келе жатқан әншіні мұндағылар соналайдан шырамытып тұрған-ды. Сол құрметті қонақ жігіттердің көшеметтеп қолтығынан алуын күтпей-ақ, аттан лып етіп өзі түсті де, шылбырын біреуге ұстата салып, тосып тұрған топқа қарай аяңдады. Басында жасыл төбелі құндыз бөрік, үстінде сол түстес, мол пішілген, жеңіл жібек шапаны бар, орта бойлы, кең иықты, қара торы жігіт Демежанды тура бетке алып, ап-

пақ қаладай маржан тістерін көрсете, ақсия күліп келеді екен. Екеуі ескі таныстарша, үш қайтара төс түйістіріп, құшақтасып көрісті.

Өңінде тосыркау, не жатсыну жоқ, қайда жүрсе де өзін еркін сезінетін Әсет бірінші боп тіл қатты. Сәл кейін шегініп, өзінен әлдеқайда биік Демежанның зор тұлғасына сүктана қарап алды да:

— Бәсе деймін-ау, мен ойлаған, менің қиялымдағы Демежан осындай болса керек еді! Ақын қиялы алдамаған екен... Арыстан сынды ағамызға құшағым толып, бір жасап қалдым-ау! — деп алғашқы әсерін ірікпей айтып салды.

— Құдай берген бойымызбен құшақ толтыра жатармыз-ау. Ал көңіл толтыра аламыз ба? Гәп осында ғой, Әсет, — деген Демежан да күле тіл қатып — Хош келдің елімізге! Ақындық даңқың мен асқақ әнің бұл Құлыстайды шарлап кеткелі қашан. Тек дидарынды бір көруге зар едік. Оның да сәті түстіау ақыры.

Әсеттің қасындағы адамдарға кезек енді тиіп еді. Бұл топтың ішінде Ыбырай байбатша, Күдері, Бабалық бар екен. Олар да тұс-тұстан жамырасып, бұрыннан білетін ауыл адамдарымен амандасып жатыр. Бұлардан басқа ақынның қасына еріп жүрген әнші-жыршы жігіттер бар. Барлығы дуылдасып, Әсетті ортаға ала, күні бұрын дайындап қойған конақ үйге қарай бет алды.

Қонактар сегіз қанат, әсем ақ үйге кіріп, төр алдындағы кос-кабат кілем, көрпе үстіне жайғасқан соң, аман саулық, жаңалық сұрасу одан ары жалғасып кетті. Қазір Әсеттің қатарында отырған Ыбырай байбатша өзінің орып сөйлейтін әдетімен Демежанға күле қарады да:

— Қалай, ауру-сыркау, дерт-дербезе, пәле-жаладан амансыздар ғой? Көлденең ұшық, қауіп-қатер әмсе солай айналып өтсін! — деді аз сөзге көп мағына сыйдырып.

Оның сөз ләмінен бұлардың жақында Демежан басына төнген қатерлі оқиғаны естігені, бұл жолы Әсетке жай ілеспей, бір жағы дос пейілін танытып, көңіл аулай келгені мәлім боп қалды. Бірақ Ыбырай көңілсіз жайды одан ары қазбалаған жоқ. Әңгімені бүгінгі құрметті конактың ынғайына қарай бұрып әкетті.

— Қалаға Әсаған келгелі, мына Бабалық екеуіміз сауданы да, одан түсетін пайданы да былай жинап қойып, әншінің

шашпауын көтеріп жүрміз... Бір бес күндік алдамшы дүние ғой. Соның бәрін жинасақ, Әсеттің бір әніне тати ма?! — деп өзінің серілік мінезіне басып, үй ішін желпіндіре түсті.

Әсет те алғашқы қауышу әсерімен, көңілдес, дос жігіттер ортасында нұрлана толқып отырған-ды. Ол да іле жауап қатып:

— Иә, Ыбырайдың айтқаны рас. «Бір аймақтың ақшамен шай қайнатқан байбатшасын өзіңе қосшы етіп алған сенде де арман жоқ, Найманбай баласы» деп кешеден бері мен де күніне үш уақ тәубе етіп келе жатырмын, — деп көпшілікті ду күлдірді.

Сөз әлпеттеріне қарағанда, бұлардың қалада әлденеше күн бірге болып, әзіл-қалжыңдары жарасып, тату дос адамдар боп кеткені көрініп тұр. Осы отырғандардың ішінде Демежаннан жасы үлкені жоқ екен. Жөн сұраса келгенде, Әсеттің өзі бұдан алты-жеті жас кіші болып шықты. Сүйегі — Арғын, ежелгі ата жұрты Қаркаралы маңында көрінеді. Бірақ өзі Семей өңірінде туған. Әкесі Найманбай біраз жыл сол қалада жұмыс істеп, одан Мәмбет ішіндегі қайын жұртын сағалап, Бақтыға көшіп келгенде, Әсет небәрі бес жасар бала екен. Бақтыда хат сауатын ашып, кейін Семейде медреседе оқыпты. Әкесі оны молла болып шығады деп үміттенсе керек. Бірақ ол әкесінің ол үмітін ақтамай, ер жете келе қолына домбыра алып, біржола ақындық жолға түсіпті. Атақты Ырысжанмен айтысқанда, бұл әлі жиырмаға тола қоймаған бота тірсек бозбала екен.

Әсет ашық-жарқын мінезбен көсіле сөйлеп, үй иесіне өз жайын осылайша баян етіп келді де:

— Ер жігіттің бір елі — нағашы жұрты дейді ғой. Сонымен үйренген жерді мекен қып тұрып жатырмыз, — деді жадырай түсіп. — Мекен дегенде, жай түтін түтетіп, от жаққан жерімізді айтып отырмын. Әйтпесе, сол Көктұма, Бақтыда анық бір ай тұрақтаған кезім болды ма екен? Арка мен Алатау, Алтай мен Тарбағатай — осы ұлан өлке ғой — менің мекен-жайым... Ақ патша мен Еженханның тартып қойған сызығы да маған бөгет бола алған жоқ. Сол сызықтың біресе оң жағына, біресе сол жағына өтіп, екі елді кезек жайлап жүріп жатқан жайым бар.

Демежан қонағының әңгімесін зейін қоя тыңдай отырып, бір сөздің кезегінде бұрын оның сонша жерді шарлай жүріп, Төртуыл ішіне ат басын бұра қоймағанын еске салып өткен. Шамырқанып қалған Әсет үй иесіне жалт етіп бір қарады да, тез жұмсарды.

— Ол кінә екі жақтан бірдей болар, үкірдай, — деді езу тартып. — Мен өз аяғымен ел қыдырып, сыпыра сауып жүрген ақын емеспін. «Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» деген атам қазақтың қағидасын берік ұстанған адаммын.

— Онда кінә бізден болған екен... Соның есесін осы жолы айып-анжысымен қайтарармыз. Біздің елді әлі із түспеген, сонысы басылмаған өрісім деп білерсің. Өз үніңді бір естуге құштар боп, шөлдеп отырған халқың бар. Ән ансаған жүртыңды дүниенің кір-кокысынан тазартып, желдетіп бір өтерсің! — деді Демежан да өзінің алғашқы сөзін жуып-шайғандай болып.

Бұл кезде төр алдына мол дастаркан жайылып, қымыз құйыла бастаған. Мұндай құрметті қонақтарға қой сою қорлағандық болар еді. Әрқайсысы бір-бір қойдың басын жеуге лайық сый кісілер бас қосқанда, қазақтың тай соятын әдеті... Қонақтар қымыз ішіп отырғанда, екі жігіт қысырдың бір жүнттай семіз, асау тайын есік алдына зорға сүйреп әкеліп, акыннан бата сұрады. Әсет кол жайып, бата жасауға ыңғайлана бергенде, қасында отырған Ыбырай байбатша:

– Әсаға, осы жолы өленмен бата беріңізші. Осы арада колма-кол туған жаңа сөз болсыншы! – деп калды.

Әсет көп бөгелген жок. Сәл ырғалып, козғалактап алды да, жайған колын түсірмеген калпы, такпактап шұбырта жөнелді:

Алыска кеткен данкың бар,
Ағайын берген наркың бар,
Демежан қойып атынды,
Демесін күткен халкың бар.
Азамат-ердің белгісі —
Киын-кыстау күндерде
Ак алмастай жаркылдар.
Жаксы сөз тауып айтпасам,
Жабыдан кандай паркым бар?
Кадірлеп мені жатырсын,
Казак пен ноғай, сартың бар,
Достарым коршап тұрғанда,
Ак көңіл едім анкылдар.
Айғайға бүгін басармын,
Өленмен інжу шашармын,
Көңілдеріңді бүгін таппасам,
Көк каска тайдың обалын
Сол кезде маған артындар!

— Аумин, аллауакбар! — деп бетін сипады.

Отырғандар бірден дуылдасып кетті. Әр тұстан акын өнеріне сүйінген жұрттың:

— Ой, бәрекелді!

— Міне, қолма-қол суырып салған өлең деп осыны айт!

— Мына батаның өзі бір бестілік болды-ау! — дескен көтерме-қолпаш сөздері естіледі.

Осылайша желікті көңілмен жақсы басталған бұл мәслихат түн жарымы ауғанша бір толастаған жоқ. Отырыстың бас кезінде Күдері ғана шешілмей, кірбең тарта берген. Қызыл шырайлы дөңгелек жүзінен уайым табы кетпей, бір шытырман ой үстінде отыр еді. Шайдан кейін далаға шыққан бір әредікте Демежанды оңашалап, қалада Әбдірасылдан естіген оқиғаның жай-жапсарын сұрастырды.

— Бұл сұмдық қой, Демежан аға. Мен сол жайды естігелі мына дүниеден түңілып, өзімді қоярға жер таппадым, — деді ашумен тұтанғандай қызулана сөйлеп.

Демежан жас досына мұң шаққандай күрсіне тіл қатты.

— Иә, ойда жоқта сондай бір іс болды. Соған осы күнге дейін өзім де қайранмын. Сірә, менің жер басып жүргенім біреулерге ұнамайтын болуы керек.

— Кімдер соны істеп жүрген? Өзіңіз кімнен күдіктенесіз?

— Бір жақтан жау келді дейсің бе. Халдайлардың ұйымдастырып жүрген қастандығы да баяғы. Әлде олар Ысқақтың, не өшіккен Бөрі жігіттерінің қолымен от көсеп отыр ма, кім білсін.

— Бөрі жігіттері дегенде, Байсеркенің өзі абақтыда жатыр. Басқаларының қолынан ондай іс келе қояр ма екен?

— Сол Байсерке үшін өш алуы мүмкін ғой.

— Олардың беті қайтып қалды ғой. Мұндай іске батылы бара қоймас, – деді Күдері. — Ал Ысқақ дегеніңіздің жаны бар. Бұл күнде Дохалдайдың қара жорғасы Ысқақтың тақымында жүр. Екеуі төс қағысып, тамыр болған деседі.

— Солай де. Ендеше, сол Ысқақтан-ақ келген екен. Дохалдай қара жорғаны өлсе қолынан шығарар ма. Оның қолқасы да осал болмағаны да, — деп Демежан да ойланып қалды.

— Олай болса тентекке тыйым керек. Ысқақты ағайын келесіне салайық, – деген Күдері ширыға түсіп.

Алайда Демежанның дәл қазір ескі жараның аузын тырнап, сол бір көңілсіз оқиғаны жаңғырта бергісі жоқ сияқты.

— Олай етуге қолымызда нақты дәлел жоқ қой. Әзірше асықпай қоя тұр, — деді Күдеріге өзі тоқтау салып. — Жүр, одан да қонақтарға барайық. Мына Әсет аттанып кеткенше, өзге дүниені ұмытайықшы. Әншінің өнерін тамашалап, біз де бір желпінейік. Ертең Әбдірәсіл екеуін осы төңіректегі өнерпаз жастарды түгел жинаңдар. Әсет үнемі қолға түсе бере ме, тым құрыса әнін үйреніп, сөзін жаттап қалсын, — деп Күдеріні ертіп, қонақ үйге қарай бет алды.

Бірақ бұл күні алыстан ат соғып келген жолаушылар қонақасыдан аузы босамай, көбінше әңгіме-дүкен құрып отырды да, ән сауығын бастауға асықпады. Бұлар бүгін келіп, ертең қайтатын қонақ емес, алда талай қызық күндер бар. Әсет мана атқосшы жігіт үйге кіргізіп, керегенің басына іліп қойған үкілі домбырасын алып, қонақ кәдесі ретінде, жай баяу дауыспен қоңырлатып, екі-үш қана ән айтты да, бүгінше жұрт та соны қанағат тұтты.

Нағыз ән де, салтанатты сауық та ертеңінде басталып еді. Кешеден бері жайлау үстінде шымандай жиі отырған қалың елге «үкірдай ауылына Әсет келіпті» деген хабар түгел тарап, жайылып болған-ды. Қонақтар сәскелік шайларын ішіп, одан қымызға отырған мезгілде, ақынды көріп қалуға асыққан ән құмар әлеумет жан-жақтан құйыла бастады. Көп кешікпей-ақ Әсет отырған сегіз қанат, үлкен ақ үйдің іші-сырты халыққа сыймай кетті. Әншінің шабытын шақырып, аркасын қоздыратын да — осындай ұлы жиын, қаумалаған қауым болса керек. Әсет те бүгін зар күйіне келіп, томағасын сыпырған бүркіттей, қырланып сала беріп еді.

Қазір төр алдында отырған әншінің түр-сипаты, киім сәні де өзге жұрттан ала бөтен. Әсілі, Әсет сал-серінің шұбатылған кестелі киімдерінен гөрі қала сәнімен жүруді ұнататын. Үстінде жаңа үлгіде сұрғылт шұғадан тігілген бешпет-шалбар, аяғында су жаңа хром етігі бар. Қисық жағалы, жасыл жібек көйлегінің басқы түймелерін ағытып тастап, малдасын құрып, үкілі домбырамен бірге құйылғандай қомданып алыпты. Әлде, катты айғайға басканда шеке тамыры солқылдап, басы зеңіп кетпеу үшін тапқан амалы ма, ән саларда құндыз бөркін шешіп, бір шаршы жібек орамалмен кең мандайын қаусыра, шарт түйіп байлап тастайды екен. Домбырасын бебеу қақтырып, салалы саусақтары перне бойында әсем жорғалап, ән тілегендей «жүр-жүрлетіп» алды да, бір мезгілде

шығандап, шыркап кетті. Қайсы әнді айтса да, алдымен, осылайша, ашы айғайға бір басып алатын әдеті Сол шақта сәл томпақтау біткен қоңыркай көздерінен от ұшқындап, шықшытпен тұтасқан жуан мойны ісінгендей қабара түседі. Сол алғашқы ашы айғай үстінде шыркау көкке шығып алып, біраз қалықтап тұрады да, содан қайта сорғалап, майда бүлкіл желіске ауысады. Ән сазына балқыған осындай сәттерінде әншейінде бұжырлау көрінетін қара торы жүзі нұрланып, бусана жылтырап, ажарлана түседі.

Әсеттің қазіргі айтып отырғаны — ақынның шаршы топқа өз өнерін таныстырып өтетін әйгілі әні — «Қисымет».

Арғынмын, атым — Әсет арындаған,
Арындап ән сала ма дарымаған.
Аспанның аясында ән шалқытып,
Бұлбұлмын даусым көкте дамылдаған.
Көмекей көк какпасын әнмен ашса,
Төгілтіп меруерт-маржан сауылдаған.
Тұлпармын топтан озған, тосырқаман,
Шаршы топ, өр қиям жоқ шабылмаған.
Жорғамын жүрттан озған, жортарманмын.
Майдамын, майда желіс мамырлаған.
Жүртымның асау топыр жиынында
Бүгінгі ән адыра салынбаған!

Ән құдіретінің тындаушыны ұйытып, бағындырып алғаны сонша, үйде отырған жұрттың әншейінде әншілерді көтермелеп жататын «ой, пәлі», «не дейді-ау!» дескен әдеттегі сөзін айтуға да мүршасы келмей, сілейіп қатып қалыпты.

Бірақ өз әнінің бағасын келістіріп өзі айтып отырған Әсет жұрттың ондай көтерме қолпашына зәру емес сиякты. Көпшіліктің құлағын тұндыра, өзінің биік даусын жеткен жеріне дейін шыркатып бір алды да, тағы да майда желіспен мамырлата жөнелді.

Тауықпын тары терген Найман шалдан,
Найман ел, айын туды мандайшадан.
Қаздай қалқып, үйректей жүрмін жүзіп,
Көп елде, көп жұртымда қыдыр шалған.
Ертіс, Сыр, Есіл, Іле өзендерім,
Тау өтпес Тарбағатай, Тяньшаннан.
Ойда орыс, қырда қытай қоныстасым,

Аулым бар Ауғанға да таяп барған.
Желғабыз осы ортанын заржағымын,
Толқытып тоқсан бунақ әнге салған!

Өліп-өшіп, ұйып қалған қалың қауым тек осы кезде ғана ес жинап, өзіне-өзі келгендей болып еді. Жұрт дуылдай көтерілп, мана естілмей қалған лебіздер енді айтылып жатыр.

— Ой, пәлі!

— Сөз-ақ емес пе?!

— Ән шіркін өз иесін таппай жүр екен ғой.

— Бәрінен де құлақ құрышын қандырып, алпыс екі тамырыңды идіретін әсем дауысты айтсайшы!

— Ой, көп жаса. Өркенің өссін, өнерпаз азаматым! — десіп тамсана таңыркаған сөздер естіледі.

Демежан жұрттың өрекпіген гу-гу дабырына араласпай, жаңағы аскақтаған ән түсында тұла бойы дуылдап шымырлағандай бір күйге түсіп, үнсіз мелшиіп отырып қалып еді. Өз өмірінде талай әнші, өленшіні көріп жүріп, нағыз өнер иесін тауып тыңдағаны осы. Бастапқы кезде бұрын құлағы үйренбеген ұлылықты сана құшағына сыйдыра алмай, бұл да есеңгіреп қалған. Жалпы, Төртуыл іші ән түзеген, жыр баптаған өнерпаз ел болмағанымен, думан-тойда «ахау-айдайға» баспайтыны кемде-кем. Соңғы жылдары бұл елде Әсеттің өз әндерін үйреніп айтып жүргендер де аз емес-ті. Қазір солардың бәрі мына әншімен салыстырғанда, дарияның қасындағы шұқанақ су сияқты, тым кораш көрініп еді. Ән дегеннің өзі жай қызық үшін айтылатын қыздырманың қызыл өнеш айғайы емес, өз алдына жатқан бір әлем екен ғой. Ән тыңдаушысына әсемдік пен құштарлықты ғана дарытып қоймай, адам бойына айрықша күш-жігер құятын, сарқылмас қуат көзі екен. Ол Әсеттің аскақ та, күшті, зор дауысын тыңдай отырып, өз бойына да сондай бір қуаттың құйылып жатқанын сезінді. Бұрын өзінде жоқ, орны толмай тұрған кем-кетікті осы әндер толтырғандай. Мұқалған, жасыған көңілі қайта жетіліп, ұшталып, қайралғандай болып еді.

Ол бір ауық дәл карсы алдында ән шырқап отырған Әсетке көз жіберіп, әншінің өз бойында да сондай орасан алып күш жатқанын аңғарды. Бойы орташа көрінгенмен, сүйегі тұтас, апайтөс, шымыр екен. Шарболаттай серпінді, аскақ әндер алдымен сол қуатты, кең кеудеде қорғасындай қоры-

тылып, сонан соң тасып төгіліп, сыртқа шығып жатқандай әсер қалдырады.

Демежан ауыр ойдан серпіліп, басын көтеріп алғанда, Әсет ән ырғағын өзгертіп, «Қаракөзді» шырқап отыр екен. Ғашықтық, жастық жырларын да әнші жеріне жеткізіп, үзілдіре, үздіктіріп айтады. Кейде зор үнді, биік дауысты керек ететін шырқау әндердің арасында осындай майда желісті әндерге көшіп, сәл тыныстап алатын әдеті сиякты. Мұнда да өзекжарды өкініш, қол жетпес арман өксік атады. Әнші келесі бір кезекте өзінің атақты «Мақпалына» ауысып, қайта оралмас жігіттік дәуренді жоқтағандай болады. Бұл әннің, әсіресе:

Үкілі қонырала үйрек секілдім-ай,
Кеткен соң қолдан шығып өкіндім-ай! —

дейтін қайырмасына келгенде, тіпті аһ ұрып, жалын шашқандай. Үй ішінде сығылысып отырған қалың жиын осы тұста қопандай желпінісіп:

— Ой, жалған дүние-ай!

— Өстіп алдаркатып, тіл ұшынан бал беріп жүріп, бір күні сан соқтырып, өкіндіретінің бар-ау! — десіп жатыр.

Бүгінгі жиынға еркектер ғана емес, осы маңайдың Биби, Ырыскан бастаткан көп қыз-келіншек, сылқым-сұлу әйелдері де мол қатысып отырған. Әсет енді бір ауық сол арулар тобына көз қиығын сала отырып, бозбалалық, жастық желікті жыр етіп кетті:

Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда,
Тал гүлдеп, шалғын өсіп оналғанда
Қаракат, бүлдіргеннің бәрі пісіп,
Сай-сайға қыз-келіншек жоғалғанда
Бір сырлы, сегіз қырлы бозбалалар
Ғашығын іздеп табар со барғанда.
Оларға тал — шымылдық, шалғын – төсек,
Басына жастық болар томар да онда. —

дегенде, жігіттер жағы ду-ду күлісіп, жас әйелдер мен үкілі қыздар бетін басып, ұялысып қалды. «Бетім-ау, көзбен көріп, қолмен ұстап алғандай, осының бәрін қайдан біле береді екен» дейтін тәрізді.

Әнші өзіне аз тыныс беру үшін, ара-арасында осылайша желдірте жырлап келіп, келесі бір сәтте атақты «Інжу-мар-

жанды» шыркап кетіп еді. Бұл ән де осындағы жас-көрі, үлкен-кішіні бірден үйытып, баурап әкеткен. Әнші даусы шыркау биікке аспандап барып-барып, бір мезгілде канаты талғандай кайта сорғалады.

Сеипл-Мәлік, Жамалдай
Бейнетіңе көнсем-ай
Қозы көрпеш, Баяндай
Бір молада өлсем-ай! —

деп үзілдіргенде, талайлар еріксіз күрсініп қалып еді. Жас қыз-бозбала сондай бір жан киысқан махаббат таңын алдан күтсе, үлкендер жағы қыз болып — қалыңдық атанып, жігіт болып — күйеу атанып жүріп, кезінде сол бір ыстық сезімді қалай кастерлеп, бағаламағанына өкінетін секілді.

Ән аяқталған сәтте Әсеттің домбыра қағысынан көз алмай қарап отырған Күдері өні балбұл жанып, еңсесін көтере берді де:

— Алда, айналайын, Әсет аға-ай! Сізге осындай ыстық қимас сөз айтқызған қызда да арман бар ма екен? Кім екен ақынды сабыр-тағаттан айырып, пәруана еткен сол перизат?! — деп отырғандарды ду күлдірді.

Осыдан кейін Әсет те аз-кем тыныс алғысы келгендей маңдайының терін сүртіп, әлгі сөзге өзі де қосыла күліп отырды да:

— Ал енді, «жаман қойшы өрісін бір-ақ күнде тауысады» дегендей, барымызды бүгін саркып алмайық. Ертеңге де бірдеме қалсын. Ендігі кезекті ауылдың алты ауызына берейік, — деп домбырасын жаңа ғана жұрт назарын өзіне аударған Күдеріге ұсынды.

Күдері мұндайды күтпесе керек, домбыраны қолына аларын алса да, қапелімде қысылып қалған түр байқатты.

— Апыр-ай, ә... Біздің айтып жүргеніміз — жай ауыл арасының «әләулайлімі» ғой. Әсағаннан кейін дарияның қасынан құдық қазғандай болам-ау! — деп тартыншактап еді, Демежан мен Ыбырай екі жактан:

— Кәне, сен де бірдеңе айт енді. «Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппастың» кері келіп жүрмесін.

— Екінің бірі Әсет бола берсе, өнерде қадір қала ма? «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне карай жүгіреді». Сенің де бір көрініп қалатын жерің осы, — десіп кеу-кеулеп коймады.

Күдерінің үні тым биік болмағанымен, әнді нақысына келтіріп айтатын бір сыдырғы даусы бар, оның үстіне жақсы домбырашы. Домбыраны құйқылжытып, сан ырғакка салып, желдірте шертіп отырды да:

— Мен қазір үлкен әншімен жағаласып, ән шыркамай-ақ кояйын... Ұстанбай кеткенім болмаса, өлең шіркіннің біздің ауылға да бір түнеп аттанғаны бар еді. Мен одан да Әсет ағаға арнап бір-екі ауыз лебіз білдірейін, — деп тамағын кенеп алып, осы елге Әсет әкеп енгізген шығыстың хиссашыл макамымен әндете жөнелді

Кез болып біреу қырдан, біреу ойдан,
Әсетпен аз ғана күн салдым сайран.
Көрсетіп бір күн бетін, бір күн сыртын.
Осылай өте бермек өмір кайран!

Қайдасың, кайран жастық, кім ұрлады?
Жоқты аңсап шіркін жүрек шымырлады.
Шарықтап көк жүзіне бір шыға алмай
Шау тартқан бүркіт болдық тұғырдағы.

Кор болып жылдар өтті жалындаған,
Жүйріктей камау тері алынбаған.
Өтейін алдарында аз желдетіп,
Конғаны рас болса дарын маған.

Ат косып неге керек озбағасын,
Әсаға, бір көтердің сөз бағасын.
Әнінмен әлдилеп кеп ояттың сен,
Елімнің жігіт-желен, бозбаласын.

Данкына сырттан талай сыйынып ем,
Түрткілеп өлең шіркін бүйірімнен
Әсаға, сен кетерсің, мен калармын.
Адасқан каздай болып үйірімнен .

Бұл — ерте қанат какса да, көк жүзінде шарықтап, еркін ұша алмай қалған жас өнерпаздың аға акынға шаққан мұңы еді. Күдері шын тебіреніс үстінде осы өленді іркілмей, түйдегімен тез айтып шықты да:

— Біздің шабатын жеріміз осы ғана, Әсет аға. Аз да болса осыған разы боласыз, — деп күле түсіп, домбыраны акынның өзіне кайта ұсынды.

Әсет әлдебір нүқаттан көзін алмай, жас жігітті үйып тыңдап қалған-ды. Өлең аяқталған кезде орнынан лып етіп көтеріле берген. Күдеріні бауырына тартып, катты қысып құшақтады.

— Бәрекелді, бауырым Сен өзің төгіліп тұрған ақын екенсің ғой. Мынадай майталманы тұрғанда, Төртуылдың ақынды алыстан іздейтін жөні жоқ екен! — деп орнына қайта жайғасты да, — Бірақ бесіктен белің шықпай жатып, «шау тартып қалдым» дегеніне жол болсын. Мен тек сол жерін түсінбедім, — деді

Күдері сәл қызарып кетті де:

— Ертерек шаруабасты болып, ел келесіне араласып кеттік. Өленге кол тие бермейді дегенім ғой, Әсет аға. Сол жайымды сездірып, өзіңізге шағым еткенім емес пе — деп жадырай күлді.

Ақындық өнерге Әсет мүлде баскаша қарайды екен. Ол тіпті бұлар ойламаған жерден шықты.

— Пәлі, сол да сөз бе екен? Билік пен өлең бір-біріне кедергі жасайды деп кім айтты сендерге? Әлде ақын болған адам тек жалғыз атын сабалап, ел қыдырып жүруі керек деп ойлайсыңдар ма? Абылай хан тұсында Бұқар атан орданың бас жырауы әрі ақылшысы болған. Сол кісі билік пен атақтан кенде калып па? Ал бүгінгі қазақта шынжыр балақ, шұбар төс, нағыз білікті кісі Абайдай-ақ болар. Ол да Құнанбай баласы деген жуандығынан, мансап пен байлықтан ақындығын артық санаған жоқ па еді. Қазір «қазаққа қара сөзге дес бермедім» деп өзі айтқандай, ақындық өнерде оның алдына түсетін кім бар? — деп өз ойларын ерекше қызу шабытпен баян етті.

Осы тұста екі ақынның шарпысуына қызыға карап қалған Демежан сөзге араласты. Ол манадан бері Күдерінің өленмен айтқан мұңын да, ақындық өнерді қызғыштай қорыған Әсет ойларын да жақсы ұғынып отыр еді.

— Мынауың өте орынды сөз болды-ау, Әсет. Бұрын біз ескермей, білінкіремей жүрген бір нәрсенің басын жақсы ашып бердің-ау! Бұл елде бұрын ақындықты ардақ тұтатын ондай үлгі-өнегенің болмағаны ғой. Ақындықты ел ақтап, байды мактап жүретін жай өленшінің кәсібі деп карайды бұл жұрт. Жанынан өлең шығаруды білікті адамға мін санайды... Жасыратын не бар, бұрын мен де солай ойлайтынмын. Шынымды айтсам, «өлең-жырды қойып, ел жұмысына аралас,

қасымда бол» деп, осы Күдерінің обалына қалған мен едім. Сол қатемді енді сезініп отырмын. Біз тіпті көрбала екенбіз-ау. Сол мінімізді бетімізге шыжғырып басқандай болдың-ау! — деп Әсетке аса бір ризашылықпен сүйіне қарады.

— Әлде де кеш емес, — деді Әсет сабырлы қалпын қайта тауып. — Күдері, сен қазір нешеге келдің?

— Жиырма жетідемін.

— Әттең дүние... Нағыз дер шағың емес пе. Табиғат сыйлаған дарын адамдардың басына сирек қонады. Оған тұсау салып, көзін бітеу — күнә ғой. Шырағым-ау, өлең — сенің қолыңдағы қаруың, қиып түсер қылышың емес пе. Ер жігіт ақ алмаска тот жуытпай, бес қаруын бабында ұстайтын болар... Абай туралы жаңа айттым. Былайғы ел жуандары, бақ күндес жаулары сол Абайдың ұлықтығынан емес, от ауызды, орақ тілді ақындығынан қорқады. Бойымдағы мін-мерезді, зобалаң-зорлығымды өткір тілмен түйреп кете ме деп жандары шығады... Сен өзің құдай берген қойныңдағы алтыныңды жезге айырбастап жүр екенсің-ау, жігітім, — деп Күдеріге қарап рахаттана күлді.

Демежанның есіне дәл осы тұста өзінің ескі танысы Әріп ақын түсіп еді. Соның кейінгі тағдыры не болды екен деп, оқта-текте ойлап қоятын. Бір сөздің кезегінде Әсеттен сол Әріптің жайын сұрады.

— Осыдан он бес-он алты жыл бұрын Шәуешекте Әріп Тәңірбергенов деген жігіт біраз уақыт консулдың тілмашы боп тұрып еді. Оның да әжептәуір ақындығы болатын. Сол Әріптен не хабар білесің? Бар ма өзі? —деген-ді.

— О-о, білгенде қандай! — деп Әсет көңілдене жауап берді. — Қазір Сыбаннан шыққан аруақты, үлкен ақынның бірі — сол Әріп. Осы таяу жылдарда Қазан қаласынан «Зияда-Шамұрат» және «Біржан мен Саранның айтысы» деген екі кітабы басылып шықты. Шәуешектен қайтқаннан кейін біраз жыл Жетісу, Қапал маңында тілмаштық міндет аткарып еді, қазір ол жақтан қайтып, өз елінде старшын болып жүр-ау деймін.

Жас шағында біраз уақыт сыйлас, дәмдес болған адамның амандық хабарын естіп, Демежан кәдімгідей қуанып калды.

— Апыр-ай, ол байғұс та бар екен-ау! Өзі бір аңқылдаған жаксы жігіт еді, — деді өткен күндерді есіне түсіргендей.

Бүгінгі отырыс біресе әнге кезек беріп, біресе осылай әңгіме-дүкенге ауысып, бір үлкен мағыналы мәслихатқа ай-

налып еді. Бұдан кейін де бірнеше күн бойы Демежан ауылынан опыр-топыр мол жиын арылған жоқ. Әсетті екі-үш күн бойы қазір Керімбайдың қара шаңырағында отырған Әбдірасыл қонақ етті. Бұл үрдісті әнші, сері қыз-бозбаласы бар басқа ауылдар да іле жалғастырып, ән мерекесі күн өткен сайын қыза түскен. Арада бір жұма өткенде, әншіге ере келген Ыбырай, Бабалықтар қалаға қайтып кетті де, Әсет бір-екі жолдасымен өзі ғана қалып еді.

Бұл күндері Әсет өз әндерімен қоса, бұрын бұл ел естімеген Арқаның атақты әншілері Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай әндерін де көп айтып жаюмен болды. Бір ғажабы – Әсеттің әншілігі мен ақындығы бірдей. Екеуіне кезек ауысып, қос қанаты талмай ұзақ самғады. Қаумалаған қалың елдің қолқалап сұрауымен өзінің Ырысжанмен айтысын әлденеше рет қайталап, одан басқа: «Ағаш ат», «Нұғман — Нағым», «Мұңлық — Зарлық» секілді дастандарын да көп айтып. колма-кол көшіріп алған дәмелі жастарға үнемі қайталап айтқызып отырды. Өткен жылы Мамырбек төренің аулына барғанда, Керей ішінен естіген бір аңыз бойынша, «Салиха — Сәмен» атты тағы бір дастан шығарған екен. Осы сапарында сол дастанды да кеңіте, жаңғырта жырлап жүрді.

Бұл дастандардың қай-қайсысында да өз теңіне қосыла алмай арманда кеткен ғашықтар, ер-азаматтың басына түскен ауыр хал, хан мен уәзірдің опасыздығы, адамның-адамға жасаған қиянат-зорлығы сөз болады. Демежаннын бір аңдағаны, ақын соның бәрінде де үнемі әлсіздер жағына шығып, әділетсіздікті айыптап, зорлықшының бетіне шақпақ таңбасын шыжғырып басқандай болады екен.

Сол әндер мен ұзақ дастандар арасында, Әсет қазақ қауымына қаратылған өткір сын, ғақылия өлеңдерді де жиі айтып жүрді. Әлде қазекең тіке айтылған кеңесті тыңдамай кете ме деп қауіптене ме, өлеңдеріне дін уағыздарын, шариғатты да көп қосады. Осынау жалғанның опасыздығын, бір бес күндік жарық дүниенің әлі-ақ өте шығатынын, о дүниеге барған таңда-махшар күндерінде күнәлы пенде өз қылығы үшін құдай алдында жауап беретінін дайым еске салып отырады. Мұнысы қаранғы елді тым құрыса шариғатпен қорқытып, түзу жолға салсам деген бір тілектен туған тәрізді. Ақынның көп ой-арманы Демежанның да жанын жегідей жеп

жүрген ел мұңымен астасқандай, екеуі сырлас, мұңдас күйге түсіп, тез достасып кетіп еді.

Былайғы қалың көпшіліктің қоршауынан босап, қалт еткен бір сәттерінде екеуі қастарына Күдеріні ғана алып, ұзақ әңгіме-кеңес құратын болған. Сондай оңаша отырыстардың бірінде Әсет басындағы бұлар біле бермейтін тағы бір шершеменнің сыры ашылды. Ол да Күдерінің аға ақынға қойған бір оқшау сұрауынан туындап кетіп еді. Жас жігіт өзі пір тұтқан Әсетке тамсана, табына қарап отырып:

— Әсаға, бұл Құлыстайда, Құлыстай ғана емес, исі Найманда дәл қазір сіздің алдыңызға түсетін, сізді сөзден сүріндіретін ақын бар деп ойламаймын. Соған қарамастан, сізді Мәмбет ішіндегі бір аста Кәрібай ақынмен айтысып, содан жеңілген екен деген бір лақап тарап жүр ғой. Осының мәнісін өз аузыңыздан ұғынайын деп едім, — деген-ді.

Ақынның өңі кенет жүдеу тартып, қоңырайып біраз отырды да:

— Е, бауырым-ай, Әсет ағаңның кай сөзі нысанаға дәл тиіп жүр дейсің. Естір құлақ, ұғар ми болмаған соң, кейде атқан оғың айдалаға кетіп, жартасқа тиіп жаңғырығып жатады. «Қыртты езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді» дейтін бе еді? Мені жеңдім деп жүргендер де сондай құдайдан безген біреулер шығар, — деп Күдеріге қарап жымиып күлді.

Содан ары «менің бұл мұңымды біреу ұқса, сен ұғарсың» дегендей, Демежанға қарап қойып, бір оқшау сыр толғап кетті. Сондай айтыстарда ақынның құлашын еркін жайдырмай, етектен тартып жүрген бір қырсық жай бар Ол — оның жалғыздығы, Найманға кірмелігі. Қазақтың түбіне жетпей коймайтын осы жікшілдік Әсет басына да көп шырғалаң салыпты. Ас пен тойда Әсетпен қағысып қалған ақындар басқа сөз таппай қысылғанда, ылғи да ірге күш көрсетіп, сол жалғыздығын тілге тиек ететін көрінеді. «Сен бізге кірмесің... Жалғыз үй Арғынсың. Тегі жарыған біреу болсаң, әкең екеуін қатынның етегінен ұстап, қайын жұртында неге қаңғырып жүрсін?» дейді екен. Сонан соң кіммен айтысса да, қайталап айта беретіндері — Әсеттің әкесі Найманбайдың кедейлігі, алғаш көшіп келген жылдары бала-шағасын асырау үшін, Көктұмада насыбай үгіп, шақша сатып күн көргені... Мәмбет ақыны Қалидың да, Мұрын ақыны Кәрібайдың да Әсеттің бетіне басып, катты мін кып такканы осы болыпты Мұндай-

да сөз асылын салмақтап, дәл төрелік айтатын кім бар? Ұранға шапқан қараңғы қазақ: «Ойбай, біздің ақынымыз жеңді» десіп, әлгілерді көтермелеп, дабырайтып әкететін көрінеді.

Әсеттің де қатты қорынатын, қорланатын жері осы екен. «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деп Сара қыз айтқандай, өзінің кірмелігін, жалғыздығын бетіне басқанда, бұл да арқасына ер баткан шилі жауырдай бүгежектей береді. Бір күн де болса Найманның жерін жерлеп, суын ішіп отырған соң, көпке топырақ шаша алмай, қарсы жақтың сорақы мін-мерезіне тісін батырып ештене айта алмай, көбінше бой бағып, қаша соғысады.

Ақын мұң шаққандай осы жайларды сыр қылып айта келіп, сөз түйінін Күдеріге арнады:

— Солай, жігітім. Кейде сырттай қарағанкісіге мен бір төрт құбыласы сай, армансыз адамдай көрінуім мүмкін. Әнеугүнгі арнау өлеңінде сен маған солай деп айттың да... Бірақ сыртын күлкімен сылап, әнмен түзеп жүргені болмаса, сол Әсет ағаңның да бір басына жетерлік мұңы бар. Мен өр даусымды күллі қазаққа жеткізсем деп әлекке түсіп жүрсем, біреулер мені бөлгенін, шетке қаққанын қоймайды. «Не ол емес, бұл емес, менің де күнім — күн емес» деп Абай айтқандай, ит-қорлықпен өткен бір тірлік те біздікі, — деп Әсет алып кеудесін сілкіндіре, ауыр күрсінді.

Осы сөздерді естігенде, Демежанның да жүрегі сыздап, ауырып кеткендей болды. Неткен ұқсас хал еді?! Дәл мұның басындағы мұң ғой — Әсеттің де айтып отырғаны. Құлғанадай куып, қайда барсан құтқармайтын неткен айықпас дерт еді?! Қайран ел, осылай жік-жікке бөлініп, алты бақан ала ауыз күйінде басын бірікпей өтер ме екенсің? Бүкіл халықтың сүйіктісіне айналған, өлең айтып, ән шырқап, көңіл көтергеннен басқа жазығы жоқ, ел еркесі ақынның тартып жүрген зары мынау болса, баскамызға не жорық?!

— Бұл айтып отырғаның — бір сенің басындағы хал емес, бәріміздің ортақ мұңымыз ғой, — Әсет. Сен менің қышыған жерімді дөп басканың сонша, көнтек болған қотыр тайлақтай жауырынымды тоса бергім келеді... Қазаққа біткен ақынның да, батырдың да мандайының соры бес елі екен ғой. Мен бүгін соны ұқтым-ау! — деді Демежан да аз сөзбен сыр ашқандай болып.

Осылайша ән мен жырдың, мұң мен сырдың әлдиінде жүріп, бұлар уақыттың қалай зымырап өткенін де аңғармай қалып еді. Әсеттер бұл елде жиырма күндей қонақ болып,

ақыры рұқсат сұрап қайтатын мезгіл жетті. Қонақтар ертең жүреміз деген күні Бибінің үлкен шаңырағында коштасу кеші секілді соңғы бір отырыс болды. Қонақтар аттанар алдында былайғы қалың жиын тарап, бір топ көңілдес, жақын адамдар ғана қалған-ды. Бұл күні ақынға ешкім ән айт деп қолқа салған жоқ. Әсеттің өзі әнгіме үстінде домбырасын алып, қара сөзге түспейтін кейбір ойларын өленмен жеткізіп отырған. Ел ағасы Демежанға, осы елдің өлең құмар қыз-бозбаласына ризалығын айта келіп:

— Бір басына бақ-дәулет қатар конған, сөз қадірін білетін, қазақтың бір азаматы өзіңіздей-ақ болар. Мен сізге разымын, үкірдай. Көрсеткен сый-құрметіңізге көп-көп рақмет! Жана бір өріс, дос таптым деп қайтармын... Өмірі біреуді мақтап өлең айтқан жан емес ем. Әнеугүннен бергі мына Бибі жеңешемнің ықылас-пейілі көніліме өлең болып оралып тұр. Қарыз болмасын, соны айта кетейін, — деп үй ішін бір желпіндіріп алды да, әнге қосып бірнеше ауыз жыр айтты.

Ақ құба жарың болса бойы сұңғақ,
Қызметке шақырғанда тұрса зымғап
Даусы «әу» дегенде әрең шығып,
Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.

Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
Даусы жіп-жіңішке, жұмсақ сөзді.
Лебізі майға еріткен қорғасындай,
Көрсең де ертелі-кеш бір мінезді...

Осылайша ұзақ жырлап келді де, енді Демежанға қарап өз ойын қорытқандай болып еді.

— Ер жігіттің басына бақыт құсы әр түрлі жолмен келіп қонады. Кейде ол биік мансап, бақ-дәулет болып та, нұрлы ақыл, талант-дарын болып та, жақсы жар, сүйікті бала болып та қонуы мүмкін. Барлап отырсам, осының біразы өз басында тұр екен, Демежан аға. Сол тек ұзағынан болсын деп тілейік, — деген-ді.

Осы тұста Демежан да қонағына қарап отырып, әнеугүннен бері көкірегінде түнетіп, кейінге сақтаған бір ойын ортаға салды.

— Қазақ бақытты құска теңегенде, соның күндердің күнінде пыр етіп ұшып кететінін ескерген болар Шындап ой жіберсең, бір күні сенің басыңнан ұша жөнеліп, басқаға ба-

рып қонатын баянсыз нәрсені бақыт деуге бола ма? Сен жаңа биік мансап, бақ-дәулет туралы айттың, Әсет. Біреулердің қызғанышын қоздырып, сау басыңды дауға салғаннан басқа содан менің көріп жүрген рахатым шамалы-ау. Қазір сол азын-аулақ билікті менен тартып алғысы келіп, түзақ құрып, торуылдап жүргендер қаншама. Жақында біреулер сыртымнан баспалап келіп оқ атты... Солар бір күні қапысын тауып, жарға жықпас, талап жемес деймісің?! Бақыт деп — мына сенің басыңдағы өнер бақытын айт! Құдай берген талант пен еңбекті айт. Ең ғажабы, оны сенен ешкім де тартып ала алмайды ғой... Бай — бір жұттық, батыр — бір оқтық. Ал ақынның өнері жұтамайды. Тіпті өлгеннен кейін де ел аузында жатталып, салған әні, айтқан сөзі қалады. Өзің айта беретін кемеңгер Абай да осы ақиқатты жақсы ұғынған болар-ау. Байлықты да, мансапты да тәрк етіп, өнерге ден қоюы содан шығар, — деп аз бөгеліп, ойын жинақтап алды да. — Сен маған осыны ұқтырдың, Әсет. Әніңмен, өнеріңмен келіп, мандайға соғып тұрып ұқтырдың. Сен келгелі, мен ашқан жаңалық осы. Сол үшін де саған мың да бір рақмет! Сен — мәңгі өлмеуге, болашаққа бет алған адамсың ғой. Сол сапарың ұзақ болсын! Шырқай бер!— деп шын ықылас пейілін білдірді.

Бұл сөздер тұсында Әсет те бір қызарып, бір ағарып, қатты толқып отырған-ды.

— Апыр-ай, мені тым қол жетпес биікке шығарып қойдыңыз-ау! Өз бойыңыз биік болған соң, басқаны да сол деңгейден көргіңіз келгені ғой... Ел ағасы аткамінерден ести алмай жүрген, мүлде жаңа лебіз болды-ау — мына сөзіңіз. Төбем көкке жетті-ау! — деп көзіне жас үйіріліп, қайтадан домбыраға қол созды...

Ертеңінде сәскелік қымыздан кейін қонақтар аттанатын болды. Әсет өз тобымен жол-жөнекей Қаражалдағы Күдері аулына соғып, содан ары Жұмақ жайлауын басып, Таңғыт ауылына қарай бет алмақ.

Дәл аттанарда Ажар бәйбіше Әсетке тайтұяқ жамбы ұсынған-ды. Бибі өз қолымен ақынның иығына құндыз жағалы мақпал шапан жауып, Демежан үстінен су төгілмейтін күрең жорға ат мінгізді. Қасына еріп жүрген екі жолдасына да бірбір құнан жетелетті. Осыдан кейін-ақ Әсеттер көп бөгелген жоқ, қимай қоштасып, бұл ауылға әлі талай келетінін айтып, аттанып кетті.

Әсеттер бел асып кеткенше, Демежан үйге кірмей есік алдында ұзақ қарап тұрды. Көңілі лезде орта түсіп, ай бойы ән мен жырдың ордасына айналған өз ауылы бірден құлазып қалғандай көрінді. Өмірдің бар қызық мерекесі сол әншілермен бірге кеткендей, басына тағы жалғыздық түсіп, көкірегін мұң торлады...

Кенет, оның назары астындағы атын қара терге түсіріп, көш жолынан бері қарай құйындата құлаған жалғыз жаушы — салт аттыға ауды. Әй, мынау тегін жүріс емес... Ел ішінде тағы бір бүлік, лаң басталмаса не қылсын?!

X

Бүгін елең-алаңда ертемен атқа конған Бөке күн бойы тыным тапқан жоқ. Тау бөктеріндегі Абдыра, Ашылы өңірін жайлаған жатақ ауылдарды бір шетінен түре, түгел аралап шықты. Оның бұлай тым суыт жүрген себебі, осыдан бір апта бұрын қазылып біткен тоғанға бүгін-ертең су жіберіп, сынақтан өткізу керек еді. Егер тоған жүлгесімен өзен суы іркілмей жақсы жүріп кеткендей болса, осы капталға салған егінді тым құрыса бір мәрте суарып үлгерсек деп асыққан жайы бар.

Ол кеше ғана жатақ ауылдардың серіктесіп салған аз егінін бастан-аяқ аралап шыққан. Биыл астықтың шығымы жаман көрінбейді. Қар суымен ертерек егілген бидай бас жарып, мойын соза бастапты. Кешеуілдеп кенже себілген арпа мен сұлының өзі жапырақ жайып, буазып тұр. Ол да болса топыраққа сіңген қар суы мен көктемгі жаңбырдың шарапаты. Ал соңғы бір-екі айда аспаннан бір тамшы нәр тамбай, оның үстіне батыстан аңызақ жел соғып, жер күрғап бара жатыр. Көк егіннің жапырағы сарғайып, шөлден қаталап тұр. Ертеден кешке дейін жалыны бір қайтпай өртеніп тұрған күннің ыстығы мынау. Егер мына бетінде тұрса, бұлардың аз егіні жер тағандап, дән алмаған күйі қурап, ұшып кетуі мүмкін. Әттең, не қыласын, дәл осы кезде бір рет дән суын беріп жіберсе, егіннің көгі қайта көтеріліп, дүр ете түскелі тұр.

Жігіттер әнеугүні тоғанның ұзын-ырғасын бітіріп, аяғын егіс алқабына дейін жеткізіп қойды да, ауылдарына барып келмек болып, Бөкеден екі-үш күнге сұранып кеткен-ді. Содан бері бір апта өтті, төбе көрсеткен ешқайсысы жоқ. Өзде-

рінше, тау құлаткандай арқаларын кеңге салып, қатын-баласының қасында тыр-тыр қасынып жатыр ма, кім білсін.

Ойлағанындай-ақ, жігіттердің көбі әр түрлі тіршілік қарекетімен жан-жаққа бытырап кетіпті. Біреулері азын-аулақ малына қыстық шөп шауып алудың қамына кіріссе, екінші біреулері тозып тұрған үй-жайын бүтіндеп жүр. Ал көк жайлаудың қызығын әлі ұмыта алмай жүрген кейбір тымақ сері, пысықтары бірер жұма қымыз ішіп, сүйегін ағартып келу үшін, таудағы елге тартып кетіпті... Көзін тайып, сәл мойны босаса істейтіндері осы. Бөке айғайды салып жүріп, он шақты адамның басын әрең құрап алды. Қалғандарын соңымыздан тез келсін деп тапсырды да, колына түскендерді егіс басына ертіп келді.

Бөкенің өзі биыл бірнеше жарлы-жақыбай көршілерімен жеке бір ауыл болып, жаз бойы осы тоғанның басын жайлаған-ды. Әр он күн сайын ауысып тұратын жігіттерді ауылдарына қайтармай, әдейі жұмыс басында ұстап, өзі бала-шағасымен соларға ас-су камдап беріп отырды. Басқаларға үлгі болу үшін, өзінің қайратты үш ұлын да бір күн босатпай, тоған қазу жұмысына аямай салып еді. Мінеки, сол еңбегі ақталды. Жаз бойы жағын жар, тілін кез қылып жүріп, екі ай дегенде тоғанның тас табанын бітіріп шықты. Бөке қазір бәрінен бұрын Демежанның алдында ұятқа қалмай, өз уәдесін орындағанына риза еді.

Жігіттер сол күні кеш батканша егіс басында болып, бас арықтан тарайтын кіші жүлгелердің көмейін жөндеді. Ағып келген су атызға бірден жайылатындай етіп, бірнеше жерден құлақ байлап, әзірлеп қойды. Енді тек көмейге барып, тоғанға су салу ғана қалып еді. Бөке кеше сол үшін егін суарудың жайын жақсы білетін Боздактағы Диқанбайға кісі жіберген. Қас карая олар да келіп калды.

Ала жаздай алақандары ойылып, үлкен-кішісі жабыла жер қазып жүріп, әрең бітірген тоғаннан су ағызу — бұлар үшін бір мереке, той іспетті. Ертенінде бәрі бас құрап, көмейге карай бет алды. Бөкенің караша аулы тоғаннын дәл бел ортасында, көмейден екі шақырымдай жерде болатын. Бала-шага, ер-әйел демей сол екі аралықты шуға толтырып, аттылы-жаяу шұбырып келеді.

Өзен суын тоғанға бұру үшін, көктемде әдейі қалдырып кеткен екі құлаштай жерді әлі де қазу керек еді. Көмейді жөн-

деу қиынға түскен жоқ, колдарына күрек, кетпен, сүймен ұстаған жігіттер ақтық күштерін жұмсап, жаңағы жерді шай қайнатымға жібермей қопарып тастады. Бірақ су салатын сәт жақындаған сайын, Бөкенің көңілінен бір қобалжу кетпей тұр. Жас кезінде сан рет күреске түсіп жүргенде де, дәл мұндай абыржып, жүрексінбеген шығар. Бұл тоғанды қазуын қазып бітірді-ау, енді осыдан су жүре ме, мәселе сонда. Салған суы ақпай, сонау бір қайқаңға барғанда көлкіп қайта шалқыса не істемек? Онда жаз бойы ыстыққа қақталған есіл еңбектің зая кеткені де... Сол ойын Диқанбайға айтып еді, ол мұнын көңілін орнықтыра сөйледі.

— Көктемде аркан керіп, капысыз өлшеген сиякты едік кой. Егер сол ізден ауытқып кетпесеңдер, көп кедергі бола қоймас... Одан да тоғанды қандайтын бір малынды дайындай бер! — деп құрдасына иек қағып, лекіте күлді.

— Аузыңа май! Осы тоғаннан су жүрді бар ғой, сені май құйрыққа бір тойғызармын.

Көктемде бұлар тоған қаза бастағанда, осы Диқанбайдың ақылымен, өзен суының оң жақ кемерге мол аунаған иіндеу тұсын әдейі таңдап алған-ды. Солары дұрыс болған екен. Сырт киімдерін шешіп, балақтарын қара санға дейін түріп алған әлуетті жігіттер көмейде жатқан үлкен тастарды сүйменмен қопарып, арнаға қарай аунатып жіберуі мұң екен, өзен ағысы лықсып келіп, тоғанның көмейін сүйір тілімен бір жалап алды да, содан ары мол екпінмен лап етіп, жөңкіле жөнелді... Сол сәт бүкіл жағалау қуанышты үнге, айғай-шуға толып кетті.

— А құдай! Ақсарбас!

— Уа, Диқан бабаның аруағы, өзің қолдай гөр!

— Су-су... Су кетіп барады.

— Біздің де бір тоған суға қолымыз жететін күн болады екен-ау!

— Айналайын, Абдыра-ай, сонша жыл асаудай арқырап ағып жатқанда, жалына қол апартпай қойып ең, сенін басына да нокта салдық-ау! — дескен неше алуан сөздер, көңілді күлкі, айғай-сүрен бүкіл шатқалды жаңғырықтырды.

Бір топ бала аққан сумен жарысып, тоғанды жағалай жүгіріп барады Бөкенің бәйбішесі Қамқа бастатқан картаң әйелдер мұндай жақсылыққа шашуларын да ала келген екен. Солар көңілді жарқын үнмен:

— Уа, су иесі Сүлеймен, өзің қолдай гөр!

— Қара қазан, сары баланың тілеуіне осылай жөнкіліп аға бер, жарықтығым!

— Жерімізге құт-береке бер! — десіп, дастарқанға түйген құрт-ірімшіктерін тоған бойлата шашып жатты.

Дәл осы кезде Бөкенің үлкен ұлы Қадірбек осы күнге деп әдейі сақтаған бір ақсарбас ісек қойды сүйреп әкеліп, тоғанның ернеуіне жықты да, басын құбылаға қаратып, лөкет пышақпен орып жіберді. Бұл «тоған кандау», «қырман кандау» дейтін егіншілердің ескі ырымы болатын. Оның да ел тұрмысына ене бастағаны ғой.

Ал бұл күнде жасы алпыстан асып кеткен қарт Бөке қуаныштан жылап тұр еді. Бет-әлпеті күлгені, не жылағаны белгісіз бір қызық түрге еніп, кеудесін жапқан мол бурыл сақалы құйын соққандай тулап кетті. Қарт палуанның қапсағай, ірі денесі баяу сілкініп, екі көзден ыткыған ыстық жас төмен сырғанап келіп, сақалының ұшында мөлтілдеп сәл тұрды да, тоғанның жиегіндегі жас топыраққа тамды.

Қуаныш үстінде желігіп тұрған құрдасы Диқанбай мен тағы басқа әзілі жарасқан егде жігіттер енді Бөкені ортаға алып, өздерінің мұраптарын тоғанға тоғытпақ болған. Бірақ карттың белі шойрылып жүргенін ескеріп, аяғын суға тигізді де, тез қайта тартып алды. Ал Бөкенің өзі ештеңеден тайынатын түрі жоқ:

— Салыңдар! Аямандар... Енді өліп кетсем де арманым жоқ! — деп бәріне көне берген.

Осы сәт дуылдаған қалың көпшіліктің арасынан:

— Бәрі осы шалдың еңбегі ғой.

— Осы тоғанды «Бөке тоғаны» деп атасақ қайтеді? — дескен дауыстар естілді.

Бірақ жұрттың шуы басыла берген кезде, Бөке қолымен жайқап, көпшілікті өзіне қаратып алды да:

— Жоқ, жарандар, бұларың қисынға келе кояр ма екен? — деді баяу тіл қатып. — Сендер нағыз жарылқаушыларынды ұмытып тұрған сияқтысыңдар. Сонша жыл ұлықтармен ұстасып, халдайлармен қақтығысып жүріп, осы суды бізге алып берген — Демежан емес пе еді?! Ендеше бұл тоғанды сол азаматтың атымен атайық.

Жиналған жұрт оның сөзін іле қостап, тағы да дуылдасып кетті:

— Иә, айтпақшы, солай екен-ау!

— Табылған сөз!

— «Демежан тоғаны» болсын.

— Қап, бүгінгі мерекеге үкірдайдың өзі қатысса болатын еді! — десіп жатыр...

Кенет көпшіліктің дабыры су сепкендей басылып, бәрінің назары өзеннің арғы бетіне ауып еді. Бұлардың су алған көмейінен қиыс төменірек, қарсы қабақтан Дохалдай мен Бахалдайдың тоғандары басталатын-ды. Сол тоғанды жағалап жүрген екі салт атты бері таман өрлеп келіп, қазақтардың мәре-сәре боп жатқан мына тірлігіне таңданғандай, аз-кем қарап тұрды да, аттарының басын кері бұрып, төмен қарай жорта жөнелді...

— Қап, аналар қожайындарына айтып баратын болды-ау. Дохалдай доңыз бір кесел жасап жүрмесе не қылсын?! — деді Бөке әлденеден қауіптенгендей.

— Кесір жасағанда не істейді? Іштері күйсе түз жаласын! — деді Бөкенің күреске түсіп жүрген палуан ұлы Жұмабек.

— Иә, біздің колда да таңбалы қағаз бар емес пе, — десті тағы біреулер аркасын кенге салып.

Аздан соң ол да ұмыт болып, барлығы жаңа тоғанның бойымен егіс басына қарай аяңдады. Су көлкімей біркелкі жылдам ағып жатыр. Соны көріп Бөкенің де көңілі орныға түсті. Олар орта жолдағы караша ауылдың тұсына таяғанда, мана атқа мініп, сумен жарыса жөнелген бір жігіт кетпенін тақымына қысып, қайта шауып келеді екен. Екі езуі екі құлағында, сүйінші сұрағандай сонадайдан далақтап келеді.

— Су жетіпті... Су егінге жетті! — дей береді әлсін-әлі. — Барған суды екі арыққа бөліп, егіске қаптатып жібердім.

Осы жерге келгенде, жаяу шұбырған көп қатын-қалаш, бала-шаға ауылда калып койды да, еркектер жағы түгелімен егіс басына карай тартты. Шынында да, егіске жете бере екіге бөлінген су екпіндей ағып, арықтың бетін жуып жатыр екен. Алды тақта-тақта аңыздарға жайыла бастапты. Бірақ жүрісі баяу, кенезесі кеуіп, қансып қалған топыракка шұрылдай сіңіп жатыр. Әлі құрыған аш адамның аузына нәр тамызғандай, жаңа ғана жапырағы сарғайып, бүрісіп тұрған егін су тигеннен кейін лезде өңі кіріп, тіріле бастағаны байқалады...

— Егер бүгін-ертең су ішпегенде, егіндерің күйіп кеткендей екен. Несін айтасың, су дер кезінде жетіпті, — деді көзкарақты Диқанбай бір карағанда-ак мән-жайға түсіне қойып.

Осыдан кейін Бөке екеуі атпен желіңкіреп жүріп, егістің бас-аяғын тез айналып шықты. Диқанбай атыздарға арық тарту, өңдеу бабын ұнатпай, көп кемшілік тауып келеді. Қажетті жерде құлақ байланбаған, боразда тартылмаған. Тебіндеп келген мол судың өзі тақтаға тегіс жайылмай, жыра-жықпылды қуалап, дөйдала теріс кетіп жатыр... Диқанбай сол маңда жүрген сушы жігіттердің қасына келіп, біраз кейісті сөздер айтты.

— Шырақтарым-ау, егінді бұлай суармайды ғой. Суды тақтаның басына қаптатып жіберіп, керек жерді өзің тауып бар деп, қол қусырып қарап тұруға бола ма екен? Атызда ала қалдырмай, егінге суды жетелеп апару керек. Бірнеше кісі кетпен-күрегін тастамай, осының ішінде жүруге тура келеді. Ала тарту, боразда байлау дегенді білесіндер ме өздерің?

Жігіттер желкелерін қасып күле береді. Осылардың бәрі — кешегі көшпенділер — мал соңында жүрген: қойшы, түйеші, жылқышылар ғой. Ішінара сібе-солаң жұртымен араласып, халдайларға малайлыққа жалданған біреулері болмаса, көпшілігі егін салудың қыры-сырын біле бермейтін-ді. Бөке соны еске алып:

— Диқанбай-ау, бұлардан оны несін сұрап тұрсың. Осы шіркіндер құрық пен таяқ болмаса, кетпен-күрек үстап көрді дейсің бе. Бұлардікі — әншейін тайыншаның мұрнын жұдырықпен тескендей бір өлермендік те баяғы, — деп жұртты ду күлдірген.

Диқанбай мыналарға құр сөздің қонбайтынын білді де, дереу аттан түсіп, етегін шешіп, балағын түріп тастады. Енді ол асықпай сушы жігіттерге егін суарудың әдіс-тәсілін үйретуге кірісті. Кетпенді қалай ұстап, суды қалай жетелеу керектігін, егіннің көгіне зақым келтірмей ала тартудың амалын көрсетіп жүр. Диқанбайдың ептілігі сонша, қолына көз ілеспейді. Зілдей кетпенді жеп-жеңіл төбесінде ойнатып, майлы қасықтай шырқ айналдырады. Егін суару — оның бұл жалғандағы ең бір сүйікті ісі сияқты, мұндайда өні нұрланып, жасанғырап кетеді екен. Ол қайда барса, су да соның табанын жалап, бұйдалаған тайлақтай соңынан елпектеп еріп отырады.

Күн еңкейе бере бұлар егіс басына екі-үш қана жігіт қалдырды да, басқалары жоғарыда, жаңа тоғанның жағасында отырған Бөкенің ауылына қарай бет алды.

Ауыл адамдары көңілді. Дәл іргелерінде — жаңа тоған. Сол тоғанда ұзақ жыл бойы қол жетпес арман боп келген

Абдыраның суы сылдырап ағып жатыр. Бұдан үлкен қуаныш бола ма?! «Көз қорқақ, қол батыр» деген осы. Бір кезде ең далаға егін салып, оған өзен арнасынан су апару деген көшпенді жұртқа қияметтей қиын көрінуші еді. Ол да, міне, қолдан келетін, үйреншікті іске айналды. Мана тоған басында айтып сойылған малдың етін жеп, сорпа-су ішіп, беттеріне қан жүгірген егінші қауым дастарқан жиналғаннан кейін де Бөкенің үйінен тарамай, көпке дейін дуылдасып отырды. Дәмелі деген жігіттер ән салып, домбыра тартып, караша ауылды өздерінше қызық думанға толтырды.

Күн кешкіріп кеткендіктен. Диқанбай бұл ауылдан бүгін де қайтпай қонып қалып еді. Оның үстіне Бөке де қолқа салып:

— *Ісіміздің шалағай екенін өзің де байқадың ғой. Ертең* егіс басына барып, тағы бір рет көріп қайт, — деп оны жібермей алып қалған.

Ел жатарда бұлар аттарын отқа қою үшін далаға шыққанды. Ай қорғалап қалған өліараның кезі болатын. Бір мезгілде төменгі жақтан әлдекімнің түн тыныштығын бұза, тасырлатып шауып келе жатқаны байқалды. Қастарына келгенде таныды, мана егіс басында қалған Бөкенің ортаншы ұлы Садырбек екен. Ол аттан түспеген күйі, ентігін баса алмай:

— Не боп қалды? Тоғанның бір жерін орып кеткен жоқ па? Су мүлде құрып қалды ғой! — деді абыржи тіл қатып.

Бөке мен Диқанбай да ештемеге түсінбей таңырқасып тұр. Сәлден соң үшеуі аттылы-жаяу аяндап, қырық-елу қадам жерден тоғанның қасына келді Міне, қызық! Манағы тоған толы су саркылуға айналып, табанында болар-болмас бірдене жылтырайды.

— Бұл қалай болғаны? Әлде тасқын келіп, тоғанның көмейін бұзып кетті ме? — деді Бөке таң-тамаша болып.

Диқанбай одан гөрі дәлелдірек пікір айтты.

— Олай болмас. Тасқын келген күннің өзінде де тоғанның суы бұлайша саркылмауға тиіс. Мынау адамнан келген іс қой. Біреулер байлап алған шығар, дәу де болса...

— Кім байлауы мүмкін?

— Кім дерің бар ма... Халдайдың кісілері мана торуылдап жүрген жоқ па еді. Солардан-ақ келді.

— Жауыздар-ай!.. Құдайдың иен-тегін ағып жатқан суын да аяды-ау бізден! — деп Бөке күйіреніп кетті.

— Қой, бұлай тұра бергеннен не шығады. Не де болса көмейге барып көрейік, — деді Диқанбай.

Үшеуі атқа қонып, қастарына тағы бір-екі жігіт ертіп, тоғанның басына қарай аяңдады. Диқанбайдың қаупі раска шықты. Бұлар жақындай бергенде, сол тұстан аттардың пысқырынғаны, біреулердің дабырласып сөйлескені естілді. Өздері шылым тартып отыр ма, әр жерде қасқырдың көзіндей жылтыраған от көрінеді. Олар да кім келер екен деп күтіп отырса керек, аттылар аркан бойы таяп қалғанда:

— Бұл кім? Жөндеріңді айтыңдар! — деген әмірлі дауыс естілді. Бұлар тоқтамай жүре берген.

— Жақындамаңдар!.. Атып тастаймын! — деді жаңағы дауыс бұрынғыдан да қатайып. Әлденені сақырлатып, мылтық шақпағын қайырып жатқаны байқалды.

— Мынау — Дохалдайдың інісі Бужыңха ғой... Бұл қанышпезер кісі өлтіруден тайынбайды, — деді сөйлеп тұрған адамды даусынан таныған Садырбек.

— Өздеріңіз кім боласыңдар? — Алда келе жатқан Бөке атының басын тежеді.

— Біз халдайдың кісілеріміз... Сендер мұнда не қып жүрген адамсыңдар?

— Біз осында егін суарып жүрген қазақтармыз. Түн жамылып келіп, суымызды байлап алғандарың не, шырақтарым-ау?

Қарсы жақтың қарасы он шақты адамнан кем болмас. Әлгі сөзді келемеждеп, оқырана күлгендері естілді.

— Сендер ме егін суарып жүрген? Қазаққа наннның не керегі бар? Айрандарыңды ішіп, күрттарыңды кажалап жүре бермейсіңдер ме?! Ха-ха-ха! — Қаркылдаған күлкілері түн тыныштығын бұзып, тау-таска жаңғырықты.

Бөке не істерін білмей дағдарып тұр. Аузына сөз түспей, аз бөгеліп барып:

— Бұларың көпе-көрінеу зорлық қой, ағайындар-ау! Біздің қолымызда да өкіметтің рұқсат қағазы бар, — деп тағы да алға таман жүре түскен.

Сол сәт тарс еткен мылтық даусы естілді де, зуылдап ыскырған оқ түнгі ауаны тіліп өткендей болды.

— Мен не айтып тұрмын? Жақындама деп ескерттім ғой сендерге... Осы қазір оққа ұшайын демесеңдер, бұл жерден тез тайыңдар!

Қазақтар, амал жоқ, аттарының басын кері бұрды. Бірақ Бөке үндемей кетуді лайықсыз көрді білем:

— Жарайды, сендермен ертең сөйлесеміз, — деді өзінше айбат шегіп. — Естеріңде болсын, бұл қылықтарың үшін әлі жауап бересіңдер?

— Сөйлессек сөйлесерміз. Демежан ғой — сеніп отырғандарың. Оны да көріп аларміз! — деді Бужыңха мардамси күліп. — Сендердің қағаздарын күшін жойған... Қазаққа қағаз алып берген Ши-амбының өзі қайда кеткенін білесіңдер ме?

Бұдан ары кермалдасып тұрудың орны жоқ. Жігіттер иіндері түсіп ауылға қайтты. Манағы тасып-төгілген қуаныш-шаттықтан із де қалмай, соның бәрі тоғандағы сумен бірге саркылғандай болып, ауыл үстін көңілсіздік жайлап алды. Садырбек, Жұмабектей қайратты, жас жігіттер ызадан жарылардай болып, жаралы аңдай тістерін шықырлата береді. Бөкенің өзі де істер амал таппай сенделіп тұр.

— Апыр-ай, тым құрыса тағы бір күн шыдай тұрмады-ау! Құраған егіннің таңдайына енді ғана нәр тамызғандай болғанда, күре тамырымызды киып кеткенін қарашы! Диқанбай-ау, енді не істейміз? Ақылыңды айтшы, — дей береді әлсін-әлі.

Бір қызығы, Диқанбай мұндайда көп ойланып жатпайды. Оған бәрі айқын, күні бұрын ойластырып қойған тәрізді.

— Бұған не ақыл айтатыны бар. Сен екеуіміздің сөзімізді қыстырайын деп тұрған біреу бар ма? Дереу Демежанға кісі жіберу керек. Таңбалы қағаз да үкірдайдың өзінде ғой. Ел ағасының өзі келмейінше ештеңе шешілмейді, — деді ол сабырлы калпын бұзбай.

Осы түнде, таң атуын күтпей-ақ, Бөкенің үлкен ұлы Қадірбек тың ат тауып мінді де, жайлауға қарай аттанып кетті. Ол түні бойы тынбай жүріп отырып, ертеңінде түс кезінде Ойжайлауда отырған Демежан ауылына аты болдырып әрең жетіп еді. Әсеттер аттанып бара жатқанда, көш жолынан бері құлаған жалғыз қара осы Қадірбек болатын...

Демежан одан егіс басында болған жайды тәптіштеп көп сұрады. Қадірбек те көрген-білгенін жіпке тізгендей түгел баяндап, әкесінің айт деп тапсырған сәлемін қоса жеткізді. Егіннің курап тұрғанын, жаңа тоғанның суы егіс басына енді жете бергенде, халдайлардың істеген зорлығын, амалы құрыған егінші жұрттың үкірдайдан бір жәрдем бола ма деп, төрт көзбен күтіп отырғанын да жылағандай болып, жасырмай түгел айтып еді.

Демежан бұған бөлендей таңданған жоқ. Алда осындай бір теке тіресті боларын білген адам тәрізді. Тек қалың ойға баткан кездегі әдетімен, бірталайға дейін тіл қатпай, мұртын тістелеп отырып қалды.

Иә, халдайлардың қайтадан күш алып, бас көтере бастағаны рас болды. Бұрын мұндайды тектеп, таразыны тең ұстап отыратын Ши-амбы болса жоқ, енді не істесек те билік өз қолымызда дегені ғой... Мұндайда не істеу керек екен? Үндемей қалсаң, қорыққанын болып шығады. Бұға берсең, сұға береді... Енді аянатын не қалды өзі? Қиын қылса басындағы мансабын алар, бірақ Демежан кеше өзі дем берген еңбекші бұқарасын жылатып қойып, бастаған ісін орта жолда қалдыра алмайды ғой. Айқасатын адамы Дохалдай екен. Осы жолы не де болса бір шайқасып көретін шығар.

Бастабында оған сандықта жаткан таңбалы қағазды алып, қаладағы ұлыққа жүгінсем қайтеді деген бір ой келген. Бірақ ол ниетінен тез қайтып қалды. Сонда баратын адамы — Шихалдай ма? Бұл әлгі түлкіден қорлық көріп, қасқырға арыз айта барғанның кері емес пе. Демежан басымен Бахалдай мен Дохалдайдың үстінен шағым айтып, Шихалдайға барса, естіген ел артын ашып күлмей ме? Халдайлар қашанда қара күштен басқаны танымайды. Алысқанда алып ұрып, басынан күш алып кетсең ғана сенімен санасуы мүмкін. Қазақтың да халық екенін, іргелі, намысты жұрт екенін көрсететін уақыт жетті емес пе?! Зорлық жасап, заңды бұзып отырған — халдайлардың өзі ғой. Ендеше бүкілантайлап, қорғана беретін не бар? Не есенді жібермей ел қатарлы өмір сүру керек те, не болмаса құлдардың санын көбейтпей, жер бетінен құрып кету керек қой. Бұдан басқа жол жоқ.

Ол ең алдымен бір-екі кезең астында тақау отырған Байғара-Жауғаштың зәңгілері Тыныбай мен Түсіпті шақыртып алды. Бұл екі зәңгі де қанша бұлан күйрық, майысқақ болғанымен, ел атына мін болар намыска шаппай тұра алмады. Бұлар сол күні-ақ Ойжайлау, Балажайлау, Жуантөбе, Қайрақтыда иін тіресіп отырған қалың Байғара мен Жауғашқа, Ақболат пен Шөтік ішіне, сонау киырдағы Караменде мен Баймұратқа қос-қос атпен кісі шаптырды. Сол шапқыншы-жаушылар арқылы әр рудың зәңгісі мен елубасыларына: «әркайсысы қастарына ат-көлігі, сойыл-шоқпары сай қырық-елуден қарулы жігіт ертіп, екі күннен қалмай Абдыра аңғарынан табылсын!» деген тығыз бұйрық жөнелтті.

Астына тың ат беріп, қасына кісі қосып, сол күні Қадірбекті де кері қайтарған. «Бүкіл ойдағы жатақ ауылдар бұт артар көліктеріне мініп, балта-найзасын сайлап, айқаска әзір тұрсын» деп Бөкеге де арнайы сәлем жолдады.

Ертеңінде қасына жүз қаралы сайдауыл жігіт ертіп, Демежанның өзі де ойға қарай бет алған. Сол күні бесін ауа тоғанның көмейінде отырған Бөкенің ауылына келді. Әзірше қасындағы адамдарды ел көзіне түсірмей, бөктердегі жатақ ауылдарға таратып жіберді де, өзі мұнда оншақты кісімен ғана келіп еді. Бөкеден мән-жайды сұрастырғанда, халдайлардың әлі де көмейге күндіз-түні қарулы күзет қойып отырғаны мәлім болды.

— Мен әлі олармен жүздескен жоқпын ғой. Бір рет Дохалдаймен сөйлесіп, алдынан өтейік. Тілге көнсе көнді, көнбесе өз обалдары өздеріне! — деді Демежан жұртқа ақыл сала сөйлеп.

Ол өз тобына Бөкені қосып алды да, сол күні-ақ жақын жердегі Дохалдайдың зәйімкесіне қарай бет түзеді. Сібе-солаң алпауыттарының арасында соңғы жылдары ылдидағы тасы өрге домалап, қатты байып бара жатқаны — осы Дохалдай болатын. Өз меншігінен тыс, інілері мен балаларының атына салынған әлденеше қора-жайы бар. Абдыраның сол жақ қапталын алып жатқан ұшы қиырсыз көп егін де осы Дохалдай әулетіне қарайды. Кейінгі кезде оның төрт түлік малының өзі әлденеше қораға жетіп, шұрайлы жайлау, қыстауларды да солар иемдене бастаған. Сонымен ол өкіметтің сүйікті құлы, ақсүйек, алпауытпын деп бір шалқыса, әсіресе оның кеудесіне нан пісіріп, қатты буландыратын осы байлығы еді.

Демежандар келгенде, Дохалдай бірнеше арбамен егіс басынан жоңышқа тасытып, малайларына маялатып жатыр екен. Өзі тоқпақтай айдары арқасында шұбаландап, екі қолын артына ұстаған күйі әркімге бір зекіп, бұйрық беріп тұр. Қастарына келген салт аттылар тобын көрмеген, көрсе де елемеген сынай танытып, күжірейген бұқа мойнын бұл жаққа бұра қоймады. Әдейі намыска тиіп, казақтардың қырын сындырып, корлағысы келген түрі...

Бұдан ары үнсіз тұра беруге Демежанның да төзімі жетпеді. Қысаска — қысас. Бұл да оны көрмеген, көрсе де танымаған болып, ер үстінен сәл көтерілді де:

— Маған Дохалдай деген керек еді. Көздеріне түскен жоқ па? — деді бау-бау жоңышқаны маяның үстіне лақтырып жатқан жігіттерге дауыстап.

«Әлі күнге дейін Дохалдайды танымайтын бұл кайдан жүрген адамдар?» дегендей, малай жігіттер бұларға таңдана карап, қасында тұрған қожайындарын иегімен нұскады.

— Е-е, Дохалдайдың өзі мұнда түр екен ғой, — деп Демежан оған енді ғана назар салған. — Ау, халдай, бері таман келсейші. Сен не, кейінгі кезде естімейтін, көрмейтін болғансың ба?

Малайларының көзінше айтылған мынадай өктем сөзге Дохалдай, әрине, шамданып қалды. Қап-қара боп түтігіп, бері таман келді де:

— Кім мені тергеп тұрған? — деді екі колын артына ұстаған күйі аттылардың бойынан асыра қарап. — А-а, Демежан, сен екенсің ғой... Не керек саған? Халдайлардың үкірдайға бағынбайтынын ұмытып қалғансын ба?

— Мен мұнда шен салыстырғалы келгем жоқ. Сенде сөзім бар. Бері таман кел, — деп Демежан аттан түсіп, шылбырын шабарманына ұстатты да, өзі Дохалдайды онашалай берді.

Халдайлар да қамсыз отырмаған секілді. Кең ауланың ішінде ерттеулі аттар тұр. Сол маңда жасырып қойған қарулы жасақ бары байқалады. Демежан соларды көз қиығымен бір шолып өтті де, келген шаруасына көшті.

— Ал, халдай, сен енді кетеген түйе бастанбай, сөз тында. Біздің елдің ұзақ жыл ізденіп жүріп, бір-екі тоған суға өкіметтен рұқсат алғанын білесің. Көп жыл көрші отырған ағайынбыз. Қазақтар да осы өздерің сияқты егін салып, отырықты ел болғысы келеді. Жатақ ауылдар жаз бойы тоған қазып, енді егіндеріне су жіберейін десе, сенің адамдарың көмейді тас байлап алып, қарумен қорқытып, маңына жан жолатпай тұрған көрінеді. Мұны қалай түсінеміз? Мен осының мәнісін өз аузыңнан ұғынып, әдейі алдыңнан өтейін деп келдім...

— Егер келген шаруаң сол болса, оған бола аузыңды ауыртпай-ақ қой, — деп Дохалдай оның сөзін бөліп жіберді. — Абдырадан су дәметуші болмаңдар. Ол — ежелден біздің әулетке басы бүтін тиген енші ғой. Өкімет қазаққа егін салдырам десе, басқа жақтан жер-су тауып берсін.

— Солай ма? Мұндай егеске бармасақ қайтеді?.. Іргелес отырып, араздасқанымыз жараспас. Береке-бітімге келейік. — деп Демежан әлі де татулыққа шақырып көріп еді. Бірақ Дохалдай:

— Жоқ, мұндайда береке болуы мүмкін емес, — деп арғы жағын тыңдағысы келмей, тағы да орта жолдан киіп кетті. — Қазақтың алдындағы малы сияқты, жер мен су да — біздің байлығымыз. Мәселен, мен сенің жылқынды рұқсатсыз бөліп алып айдай жөнелсем, қалай қарар едің? Бұл да сол секілді.

— Мал — әркімнің еңбекпен жиған дүниесі. Ал Абдыра — құдайдың жаратқан өзені ғой, — деді Демежан. — Сен де сол Абдыраның суын түгел пайдаланып отырған жоксың. Өзіңнен артылып, айдалаға, құрдымға сіңіп жатқан суды аяйсың ба?

— Жоқ, сөз осымен бітті... Су берілмейді. Абдыра менің меншігім екен, мен оны сатам ба, далаға ағызам ба, кімнің канша шаруасы бар? Бәрі айтылды ғой. Енді оны қайта-қайта езе бергеннен не шығады? — деп Дохалдай кетуге ыңғайланған.

— Сен, халдай, шыбындамай тұра тұр! — деді Демежан оның алдын бөгеп. — Байқа, біз де карға да болса халықпыз... «Асты қорлама — құстырады, халықты қорлама — тыштырады» деген мақалды естуің бар ма? Сен әлі өзің сұрап алған аурудың емін таба алмай жүрме!

— Сен мені өйтіп қоркытпа! — деді Дохалдай кекете езу тартып. — «Токал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айырылыпты» дегенді де қазақ айтпап па еді. Өздерің тәп-тәуір мақал шығарасыңдар да, соған құлақ аспайтындарың не?.. Шаңыраққа қараңдар: ел кімдікі, жер кімдікі? Соны біліп барып сөйлеңдер.

— Акырғы сөзің осы ғой, Дохалдай?

— Осы-ақ!

— Онда өз обалың өзіңе... Тарт аттың басын!

Демежан бұдан ары бөгелген жоқ. Шабарманы көлденен тарта берген торы төбелге лып етіп тез мінді де, өз тобын бастап жүріп кетті.

Бұлар сол күні Бөкенің аулында аял жасап, арттағы елден хабар күтті. Жағдай белгілі: екі жақтың бір айқассыз тарамайтыны айқындалып қалған. Түні бойы жан-жақтан шапқыншылар келіп жатты. Жайлаудағы әр ауылдан сайланып шыққан жігіттер таяу жерге келіп, үкірдайдан бүйрық күтіп тұрған көрінеді... Астыртын жеткен хабарға қарағанда, бұл кеште халдайлар да қарап жатпай, бір-біріне кісі шаптырып, қол жинап жатқаны мәлім болды.

Ми қайнатқан қырық күн шілденің аптапты ыстық күндерінің бірі еді. Аспанда теңгедей бұлт жоқ. Күн көзі бүгін

де мыс табақтай балқып, көкжиектен енді көтеріліп келе жатқанда, Демежан, Тыныбай, Бөкелер қырық-елу адаммен тоғанның көмейіне қарай бет түзеді. Бұлар негізінен кешеден бері Бөкенің төңірегіне жиналып жатқан жатақ ауылдардың жігіттері болатын. Араларында бір атқа екі-екіден мінгескендері, өгізге, тай-байталға мінгендері де бар. Әйтеуір, қолдары күр емес, айыр, балта, сойыл, шоқпар ұстап алған. Жер үшін жарғыласып, су үшін соғысуға әзір, нағыз өліспей беріспейтін жанкүйер топ та — осылар... Ал Демежан қыр елінен жиналған қалың қолды әзірше бұл топқа қоспай, бір белдің астында, ұрымтал жерге жасырын ұстап отырған-ды. Олар да қазір жота-жотаға қарауыл қойып, белгі берілсе-ақ болғаны, лап қоюға дайын тұр.

Абдыра аңғарының бұл тұсы иінделіп келген, әр кезде тасқын домалатып әкелген қорымды-қойтасы мол, кең қойнау болатын. Төменде тастан-таска соғылып, ақ көбігін аспанға атқан тау өзені күркіреп ағып жатыр. Күндіз-түні бір тынбас сарынмен азан-қазан шу салып, долдана жөңкіледі. Кешелер арғы жонға қалың нөсер жауған сиякты еді. Бүгін өзен ағысының түсі бұзылып, лайлана қара қошқыл тартып, арнасынан асардай молая түсіпті. Асау өзен толқындары кейде азу тісін ақситып атылғалы тұрған көкжал бөріні еске салса, енді бірде шашын жайып, бетін жырткан долыға ұқсап кетеді. Бұл да бүрк-сарк етіп, қаһарына мінген тентек халдайдың ашуындай.

Тоған басындағы күзет кетпепті. Қайта екі-үш есе көбейе түскені байқалады. Сырт қаралдысы жиырма-отыз адамнан кем болмас. Демежандар жақындап келгенде, олар да аттарына мініп, қарбаласып қалды. Он шақты кісінің қолында мылтық бар. Қалғандары айбалта, сүңгі, шоқпармен қаруланыпты. Бәрінің алдында биік торы аттың үстінде мылтығын ерінің қасына көлденең салып, Бужынха тұр. Келе жатқан ала шобыр, шоқпыт топты менсінбей, мардамсып биіктен қарайды.

Қазақтар іркілмей суыт жүріп келіп, есік пен төрдей жер қалғанда, тізгін тартты. Мына топтың ішінде Дохалдайлар көрінбейді. Көпшілігі — Бужынха тәрізді халдайлардың жас мырзалары, солардың сойылын соққан сібе-соланның алкеуде, содыр жігіттері... Демежан бірінші боп тіл қатты:

— Мен кеше сенің ағаң Дохалдайға мән-жайды түсіндіріп айтқанмын, — деді ол Бужынхаға бұрылып. — Мына жұрттың

жұмысына кедергі жасамай, тез кетіңдер бұл арадан. Әйтпесе арты жанжалға айналуы мүмкін.

Бужынха қасындағы серіктеріне бұрылып, өз тілінде бірдене айтып еді, аналар ашық мазақ етіп, дарақылана күлді.

— Біз жанжалдан қорықпаймыз. Соғысқыларыңыз келсе, қызметіңізге дайынбыз, — деді Бужынха алдындағы мылтықты қолымен сипап қойып.

— Төбелес ешкайда қашпас, алдымен тілге келейік. Бәлкім, сойыл сілтесіп жатпай-ақ бітісетін шығармыз.

— Мен ештеңе білмеймін, — деді Бужынха. — Бітім керек болса, әне, халдайлар келе жатыр, солармен сөйлесіңіз.

Демежан жайлап артына бұрылған. Ананың айтқаны рас екен, Абдыраның ар жақ қабағын кенерелеп, қалың нөпір қол келе жатыр. Бір өңкей баран атқа мініп, қаран киім киген, сайдың тасындай сайдауыл топ. Ұзын-ырғасы жетпіс-сексеннен кем болмас. Әлгілер арғы кабақтан бері түсіп, тау өзенінің жайылмалау бір тұсынан кешіп өтті де, осылай қарай тура тартты. Ең алда түйедей қара арғымаққа мінген Дохалдай, оның екі жағында үзенгі қағыстырып, Бахалдай мен Кехалдай, Тухалдайлар келе жатыр. Халдайлар екпіндей суыт жүріп келіп, өз тобына қосылды да, қарсы жаққа сонан кейін ғана назар салды.

Олардың қазіргі жиыны жүзге жуық адам еді. Көбінің мойындарына асып алған мылтықтары бар. Жатақ ауылдардың құранды, шоқпыт тобын көзге ілмей, саңмүйізденіп тұрғаны белгілі. Мейманасы тасып, әспенсіген Дохалдай бірінші болып өзі сөктықты:

— Иә, үкірдай, тағы келіп қалғансың ба? — деді Демежанға жоғарыдан мүсіркей қарап. — Кеше саған бәрі ескертілген сияқты еді ғой. Бірдемеге ұшырамай тұрғанда тарасаңдар қайтеді? Әйтпесе, көріп тұрсың ғой, арты өте жаман болады.

— Мен сол сөзді саған айтайын деп тұр едім, — деді Демежан. — Төбелес шықпасын десең мына бөлтіріктеріңді ал да, кет осы арадан. Өздерің пәле қумасаңдар, біз жанжал іздеп тұрғанымыз жоқ.

— Ал пәле қусақ ше?

— Онда нағыз майдан болады. Бүгін не бел кетеді, не білек кетеді.

— Мыналармен бе?.. Қырарсыңдар! — Дохалдай қазақтардың тобына қарап, қарқылдап күлді. — Текке қан боласың-

дар ғой... Сендерге жаным ашыған соң айтып тұрмын. Біздің жігіттер бүгін тым ашулы. Біреулерің оққа ұшып кетсеңдер, қашан айттың деме, мен жауап бере алмаймын.

— Е-е, сен мылтығына сеніп тұр екенсің ғой. Халықтың қаһарына жолығып жүрме, Дохалдай. Білесің ғой, халық қозғалса қалай болатынын!

Осы кезде маңадан бері үнсіз тұрған Кехалдай қалтасынан күміс баулы сағатын алып қарады да:

— *Осылармен тәжікелесіп тұрамыз ба? Естерінен шыққластай етіп сабап, айдап тастаңдар!* — деді ат үстінде шірене түсіп.

Бірақ Дохалдай асығар емес. Әлі де ашық мазақ етіп, қорлай түсуді ниет еткендей:

— Сенің халық деп тұрғаның — мыналар ғой. Мен мұндай қиынды-жиындыны халыққа санамаймын, — деді ол Демежанға қарап. — Қазір сенің соңыңнан еретін Төртуыл табыла қояр ма екен? Сен бұл елге алдымен өз басыңды сыйдырып ал.

— Ауыл иті ала болса да, бөріні көргенде бірігіп кететін. Қапы қалып жүрме, халдай!

— Мен жаңа айттым ғой: осы қазір оққа ұшайын демесең, мына жалаңаяқтарыңды жинап ал да, аманыңда жолыңа түс.

— Ендеше өз обалың өзіңе! Мен саған көрсетейін — халық қаһарының қандай болатынын!

Демежан соны айтып, атының басын бұра берді де, қасында тұрған Бөкеге ым қақты.

Халдайлар бұларды кетеді деп ойласа керек, өздерінше қорқыттық, жеңдік деп масайрап қалған-ды. Сол кезде Бөке топтан бөлініп, өзеннің қабағына шауып шықты да, атын арыбері ойқастатып, атой берді. Бұл — әр төбенің басында қарауылдап тұрған жігіттерге көрсеткен шартты белгі еді. Сол белгінің берілуі мұң екен, жерден шыға келгендей, маңайдағы қырат-қыраттың басынан қалың нөпір салт аттылар көрінді де, таудан домалаған қорым тастай, осылай қарай лап қойды. Жиыны бес жүз қаралы кісі аралда тұрған шағын топты жанжақты қусырып, қоршай шауып келеді.

— Я, аруақ!

— Қабанбай-Қабанбай!

— Баймұрат-Баймұрат!

— Ұрып таста! Сілейте сок иттің балаларын! — деген айғай-сүрең құлақ тұндырады.

Бұл тек Абдыра тоғаны үшін болған айқас емес, ұзақ жылдан бері беріш боп жиналған ыза мен кектің, халдайлардан көрген қорлық пен зорлықтың атойлап сыртқа шығуы еді. Халық қаһары дәл қазір жолында не тұрса да жапырып, таптап кетердей, селдей қаптап, жақындап келеді.

Халдайлар мұндайды күтпесе керек. Қапелімде мылтық атуға да шамалары келмей, естері шығып ұйлығып қалды. Бұл кезде манадан әрең шыдап тұрған жатақ жігіттері де таяу жерден жолбарысша атылып еді. Олар аттылы-жаяу қаптап араласа бергенде, құйындата шапқан аттылардың алғашқы легі де жетіп, айқаса тиген сойыл-шоқпардың сатыр-сұтыры естіліп те қалған-ды.

Демежанның да қарап тұруға дәті шыдамай, өгізге мінген бір жатақ *шалының қолындағы қара сойылды ала салып*, ұрыстың қызу ортасына араласып кетті. Бұрын мұндай ат үсті шайқасына қатыспаса да, тұла бойын кернеген ашу ештемеге қаратар емес. Кекпен сілтенген қарулы қол, әне-міне дегенше қарсы жақтың бірнеше адамын тізеден қағып, шүйдеден соғып, ұшырып түсірді... Халдайлар мылтықтарын аспанға атып, құр донайбат көрсеткені болмаса, ешкімді көздей атуға жүректері дауаламады. Тек қалың қоршаудың арасында қалған Бужынха ғана өз нысанасын жан ұшыра іздеп жүр еді. Ол бұдан бір ай бұрын қапы кеткен қарымтасын осы жолы қалайда қайтаруы керек-ті. Алайда қара құрым көп адамның арасынан біразға дейін Демежанды нысанаға іліктіре алмай қор болды. Бір кезде қалың қыспақтан жан дәрмен сытылып шығып, Демежанды көзімен іздеп тауып, ту сыртынан мылтығын кезей берген-ді. Бірақ атып үлгермеді. Оң жақ қарын қырқа тиген Бөкенің қара сойылы Бужынханың қолындағы мылтықты ұшырып түсірді.

Бұл сәтте тұс-тұстан атойлап шапқан ауыл жігіттері түгел жетіп, халдайлардың шағын тобын селдей жапырып өте шыққан. Қарсыласуға мүршаларын келтірмей, алдымен мылтық ұстағандарды ұрып түсірді де, қалғандарын да көзді ашып-жұмғанша ұйпап жіберді. Тегіс аттан түсіріп, қаруларын тартып алып, қарсыласқандарын тырыстырып байлап тастады... Демежан осы кезде ғана ес жиып, тыныс алғандай болып еді.

— Бұзыңдар тас бөгетті! Суды өзіміздің тоғанға салыңдар. Халдайлардың ет қызуы басылсын, бір-бірден өзеңге апарып тоғытыңдар! — деді ол ат үстінде ақыра бұйрық беріп.

Осы сөздің ауыздан шығуы мұң екен, жұрттың біразы тоғанның көмейіне қарай ұмтылды да, Бөкенің палуан ұлдары Қалірбек, Садырбек, Жұмабек бастаған жатақ жігіттері Бахалдай мен Кехалдайды, Бужыңха сиякты тағы бірнеше сібенің жас мырзаларын қарсыласқандарына қарамай сүйреп апарып, өзеннің иіріміне тастап-тастап жіберді...

Халдайлардың арасында қара күшке мығым, диюдай қайраттысы Дохалдай екен. Бірме-бірге келгенде ешкімді беттетпей, жан ұшырып, қатты қарсыласты. Жігіттер халдайға жабылып кетіп, сүйрелеп өзенге қарай апара жатқанда ол кенет әлгілерді сілкіп тастап, тұра қашты... Демежан бұл кезде аттан түсіп, сүмірейіп судан шығып жаткан халдайлардың қызығына қарап тұрған-ды.

— Ұстаңдар Дохалдайды! Бәле басы — сол ғой. Өзін желкелеп отырып менің алдыма алып келіңдер! — деді ол ақыра дауыстап.

Жігіттер қашқын халдайды құтқарған жоқ. Лезде тарпа бассалып, қолын артына қайырды да, үкірдайдың алдына сүйрелеп алып келді.

— Дохалдай, сен кеше батыр сиякты едің ғой. Бүгін қашып бара жатқаның қалай? — деді Демежан мұртынан күліп. — Ал сөйлеші, кәне, халық қаһары қалай екен?

— Сен бізді қапыда алдап соқтың. Бұл адалдыққа жатпайды, — деді Дохалдай калш-калш етіп. — Халдайға қол көтергенің үшін, сен әлі жауап бересін!

— Солай ма? Ақыры жауап береді екенмін ғой, сенен келген керді бір-ақ көріп алайын... Жігіттер, жығыңдар мына иттің баласын!

Жұмабек сөзге келген жоқ, Дохалдайды жағасынан сілке тартып, шөке түсірді де, төрт тағандатып, желкесінен басып тұрды. *Демежан желен шапанның ішінен буынған күміс кісеге* қолын апарды да, қында тұрған болат пышағын жарқ еткізіп суырып алды. Дуылдаған қалың ел бір сәт тына қалған. Үкірдай ашу үстінде халдайды кеңірдектен орып жібере ме деп, бәрі де қатты тіксініп қалып еді. Қасында таяу тұрған Тыныбай да солай ойласа керек.

— Үкірдай, есіңізді жиыңыз! Осы пәленің қанына ортақ болып қайтесіз... Маған қишы бір жолғы ашуыңды! — деп араша тілегендей көлденеңдей берді.

Бірақ Демежан оның сөзін тыңдаған жоқ. Тыныбайды қолымен жасқап, былай таман ысырды да:

— Қорықпа... Арам неменің қанына қолымды былғап қайтейін. Көптен бері осы иттің айдарына көзім түсіп, қатты қызығып жүруші ем. Мұны құтыртып жүрген — осы айдар ғой. Мен қазір бұл иттің қарағайдай мүйізін қағып алайын[1] — деп Дохалдайдың сәл бурыл тарта бастаған жуан бұрымын тұтамдап ұстады да, тай күзегендей дәл түбінен борт еткізіп кесіп алды. Сонан соң қолындағы айдардың өріміне жылан ұстағандай жирене қарап сәл түрды да, дәл қасында толқынданып ағып жатқан Абдыраның суына атып ұрды.

— Бұдан гөрі басымды кескенің артық еді ғой. Енді мені тірі қалдырмай бауыздап таста! — деді жігіттердің қолынан әлі де босамаған Дохалдай ышқына қырылдап.

— Айттым ғой: сенің арам қаныңа қолымды былғар жайым жоқ, — *деді Демежан пышағын қынына қайта салып* жатып. — Сен кеше тоқал ешкі туралы мақалды еске салып едің: кімнің тоқал ешкі болғанын енді көрген шығарсың... Әзірше осы тойғаныңмен бара түр. Бұдан кейін бұл тоғаннын көмейіне аттап бассаң, басыңнан айрыласың.

Дохалдай сүйретіліп орнынан тұрған кезде, айналаны жаңғырықтырған күлкі кернеді. Оның мына кейпіне күлмеу мүмкін емес-ті. Осы жаңа ғана өзіне айбар беріп, доғадай иіліп тұрған жуан айдардың орнында орып алған шидің түбіріндей үрпиген бірдеңе қалыпты...

Сірә, адам баласы өз өмірінің биік шыңына окта-текте ғана бір көтерілетін болуы керек. Дәл қазір Демежан да өзінің сондай биікте тұрғанын сезінді. Бұдан кейін алда не күтіп тұрғанын кім білсін, әйтеуір осы сәт көптен жанын жегідей жеп, маза бермей жүрген бір арманының орындалғаны анық Сол үшін қандай жаза тартса да разы еді. Артында осының бәріне куә болып, рухы көтерілген қалың ел қалса, көп бейнетпен келген мына тоғандағы су енді сарқылмай ағып жатса болғаны. Одан арғысы күл болмаса, бұл болсын!

— Жігіттер, мыналардың қаруын түгел сыпырып алыңдар да, өздерін босатып коя беріңдер. Алар сыбағасын алды ғой... Енді осы тойғандарымен барсын, — деді ол көпшілікке қарап.

Бір тәуірі, екі жақтан да адам шығыны жоқ екен. Аздан соң халдайлар тобы соққы тиіп, жеңіл жаракат алған, аяк-қолынан мертіккен адамдарын атқа мінгізіп, берекесіз ұбапшұбап, өз зәйімкелеріне қайтып бара жатты. Бұлардың өмірде

бірінші рет беті кайтып, абыройдан айрылып, катты жасып. маскара болғаны осы еді.

Сол күні рухы бір көтерілген казак жігіттері жаңа тоғанның басында бір көккасканы айтып сойып, жеңіс куанышын тойлады. Абдыра аңғарын ұлы жиын, топыр етіп бірер күн думандатып жатты да, ертенінде көрген қызықтарын айтып тауыса алмай, ауылдарына тарады

Бұл жаңалық арада бір апта өтпей, бүкіл Құлыстай өлкесіне жайылды. Дос сүйінді, дұшпан күйінді. Демежанның есімі аңызға айналып, ауыздан-ауызға көшті. Бұрын алакандай егістік жерге, бір тамшы суға зар болып жүрген жарлы-жақыбай, калың еңбекші жұрттың Демежанға деген алғыс-тілегі тіпті бөлек еді.

— Тусаң осылай ту!

— Халық қамын ойлаған азамат осындай-ақ болар.

— Бәрінен де халдайлардың сасық кеудесін басып, енсемізді бір көтеріп тастады-ау!

— Құдай енді соның жанына жамандық бермесін! – Пәлежаладан қағыс болғай' — деп шын жүректен шыққан тілек-батасын арнады.

Ал осы сәтте Демежанның баккүндес жаулары бұл окиғаны өздерінше жорып, оған сырттай тон пішіп, сан-сакқа жүгіртіп жатты.

— Бәлемнің сүрінген жері осы болған екен!

— Енді құтылмастай болып, канды какпанға мыктап ілінген екен...

— Халдайлар оны тегін калдырмас. Енді ұлықтың да сары ізіне түсіп, ұстасатыны Демежан болар.

— Шок-шок! Тым асып кетіп еді... Өзіне де сол керек! — десіп, талайдың қыбы канып, табалап жатты.

Қалай деген күнде де, осы окиғадан кейін Демежан басына бұлт үйіріліп, әлдебір зауалдың төніп келе жатканы анык еді. Алда немен тынары белгісіз. алмағайып, ауыр күндер күтіп тұрған.

Төртінші бөлім

ДАР АҒАШЫ

I

Уақыт мамыр айының соңы, ұлы сәскенің кезі болатын. Көк жүзінде теңгедей бұлт жоқ. Зеңгір аспан жаңа ғана жуылып, таза сүртілген жасыл шыныдай мөлдіреп тұр. Кеше кешке жауып еткен мол жаңбырдан кейін дүние шаң-тозаңнан арылып, айнала төңіректен бір жасаңдық, балғындық білінеді. Бетеге мен жусан, селеу мен изен аралас жүз түрлі шөп өскен Боздақ даласы көктем шуағына кеудесін тосып, бусана бөртіп жатыр. Сәл жел тұрса болғаны, жаңа жетіле бастаған жердің түгі құндыздай құлпырып, бірде жасыл, бірде сұрғылт түске енеді.

Соңғы бір айда Демежанның атқа мініп, ауылдан ұзап шыққаны осы еді. Көктемнің өз күшіне еніп, дүниенің түлеп жасарғанын енді аңғарғандай, айналасына мұңды көңілмен таңырқай қарап, көкірегін кере бірнеше рет терең тыныс тартты. Тампыс табиғаттың мәңгі бір қалыпты тұрмай, тез алмасып, бірін-бірі ұмыттырып отыратыны ғажап-ау. Осыдан бірнеше ай бұрын бұл өлкені қалың қар басып жатпаған, үскірік аяз қыспаған, мынау байтақ далада ақ түтек боран ұйтқымаған секілді. «Күн жаманы кетеді, адам жаманы қалады» дегенді қазақ осындайда айтқан болар.

Қазір Демежан көкірегінде әлі сейіле қоймаған бір қапалы мұң бар. Осыдан бір жарым айдай бұрын Ажар анасы қайтыс болған. Сол кісінің қырқы өткенше, Бибі екеуі Сарыөленделгі үлкен ауылда болып, қазанын артын күтісті. Бертінге дейін өзін тың ұстап келген Ажар бәйбіше ауырмай-сырқамай, кенеттен дүние салды. Жасих намазын оқып отырып, сәждеге басын қойған күйі жүріп кетіпті. Молдалардың айтуынша, мұндай өлім өте сирек, құдай тағала өзінің ілуде бір сүйген құлына ғана жіберетін көрінеді. Ажар көзінің тірісінде жан баласына жақсылық етуден танбай, тек алғыска бөленіп,

әдемі өмір сүріп еді, жарық дүниеден де еш қиналыссыз, азап-михнат тартпай, әдемі калпында өтті.

Ойламаған жерден, дайындықсыз келген каза Демежанға өте ауыр тиді. Тас емшегін жібітіп, тар күрсағын кеңітіп, іштен жарып шыкпаса да, Ажар оның ак сүтін емген анасы еді ғой. Осылай жер басып жүргені үшін, ол тек бір-ак адамға, сол анаға карыздар болатын. Мына бір қамсауы жок, өгей өмірде өзгеден таппаған мейір-шапағатты сол кісіден тауып еді-ау. Өзіңнің ең жақын адамын дүниеден өткенде, сенін де тірлігіңнің бір бөлшегі сонымен бірге кететін сиякты ма, қалай? Ажар анасын қайтпас сапарға ұзатып салғаннан бері, Демежан көніліне де алғау түсіп, жалпы өмір, өлім туралы көп ойлайтын болып еді. Адам өмірі кандай қыска?! Бірак тірі пенде соны ойламауға тырысып, өзін алдаркату үшін неше түрлі карбалас қам-карекет, бітпес, таусылмас ермектер тауып жүреді. Ал шындап ой жіберсең, тірліктегі қызық-қуаныш, талас-тартыс, жеңіс-жеңіліс дегендерің — өзінді-өзін емексіткен, жай күн өткізудін амалы сиякты. Осыны ойлағанда, Демежан бұл бес күндік жалған дүниеден табан тірер дәнекер таппай, өмірден суына түсуші еді.

Демежан ұзақ уақыт каралы казанын соңында жүріп, Боздақтағы өз ауылына кеше ғана оралған-ды. Бұл аттан түсіл, үйге кірер-кірместе, ала шапқын, беймаза тірлік кайта басталды. Астындағы атын қара терге түсіріп, бүкіл ауылдың итін шулатып, қаладан Шихалдайдың шабарманы жетті. Колында бүкіл үкірдай-зәңгілер ертеннен калмай Шәуешекке жетсін деген шақыру қағазы бар. Сонысын табыс етті де, тізгін ұшымен ілгері кетті. Бүгін Демежаннын қасына інісі Әбдірасыл мен шабарманы Рақымды ертіп, қалаға асығыс аттанып бара жаткан себебі сол еді.

Қалаға апаратын күре жол өз зәйімкесінің дәл түбінен өтеді. Бұл күнде «Демежан қарағашы» атана бастаған қалын тал сонадайдан көз тартып, көгеріп тұр. Осыдан он шакты жыл бұрын шаншылған балапан шыбыктар казір көкке бой созып, жап-жасыл ну орманға айналған-ды. Өз колымен өсірген сол саялы бакты көргенде, көнілі селт етіп, сәл сергігендей болды. Көптен көріспеген Диқанбайдан шаруа жайын білмек болып, ат басын солай карай бұрған.

Осы зәйімкеде қысы-жазы көшпей, егіс басында отыратын он шакты үйдің сорабы бар Баяғы Акшокыдан көшіп

келетін егіншілер әулеті түгел осы жерді мекендеп қалған. Жаз бойы егін суарып, пішен шауып, қазір Демежанның бар шаруасын дөңгелетіп тұрғандар — солар. Тұрлаулы еңбекке сүйенген тұрақты кәсіп неге жаман болсын, сол адамдар аз жылдың ішінде тез ес жинап, қатарға қосылып кеткен. Бұл күнде әр үйіне әлденеше ірі қара, он-он бестен ұсақ бітіп, осы төңіректегі ең күйлі, тоқ тұратын ауылдардың біріне айналған. Қазір сонау көк жазықта шұбартып көрінген ірілі-ұсақты бір табын мал да осы қорадан өрген-ді. Мұндағы бар билікті Диқанбайдың қолына өткізіп берген Демежанның жазғытұрым қыстаудан көшкеннен бері өз зәйімкесіне ат басын тіреп тұрғаны осы.

Бұлар келгенде, Диқанбай кең ауланың ішін ағаш жаңқаларына толтырып, әлдебір сынық арбаға жаңадан жәрендік салып жатыр екен. Өздерінің камқор қожасын көріп, калбалақтап алдынан шықты.

— Жақсы келдіңіз, үкірдай. Үйге түсіп шай ішіңіз, — деп шылбырына жармасты.

— Жоқ, рақмет. Асығыс қалаға кетіп бара жатырмын, — деді Демежан аттан түсе қоймай. — Жол-жөнекей пысықтығым ұстап, шаруа жайын білейін дегенім ғой... Иә, өздеріңде не хал болып жатыр?

Өз ісіне мығым Диқанбай асып-сасуды білмейді. Жұмыс барысын қолмен қойғандай етіп, тәптіштеп баяндауға кірісті.

— Хал жаман емес. Бізде күш-көлік жағы қыстан күйлі шықты ғой. Өзіңізге карасты егінді жердің дымы кеппей тұрып, ерте көктемде-ақ егіп үлгіргенбіз. Биыл біраз тын көтеріп, егіс көлемін едәуір ұлғайттық. Ал, оның есесіне, көп жылдан бері үзбей жыртылып келе жатқан ескі аңыздарды демалдыру үшін жоңышқа сеуіп тастадым. Қазір қар суымен айдалған алғашқы астық тегіс көктеп, тақта бетін жасырып қалды. Биыл, құда қаласа, тәуір өнім алатын жылымыз, — деп Демежанның көңілін орнықтыра нық сеніммен сөйлейді.

— Бәрекелді, Дыка! Жақсы болған екен. Биыл мен де сізге септігімді тигізе алмадым. Біздікі — сол өзіңізге сеніп жаткан.

— Е, мұнда біз бармыз ғой... Сіз келгенде не бітірер едіңіз? — деп күлді Диқанбай. — Балалар ержетті. Басқа жігіттер де егіс жұмысына әбден машықтанып алды.

— Бала демекші, осы ауылда баланың басы біраз бар емес пе? — деді Демежан есіне әлдене түскендей.

— Е, шүкіршілік... Әр үйден бес-оннан қара сиректар өреді. Оны неге сұрадыңыз?

— Біз енді осы ауылдан мектеп ашуымыз керек, — деді Демежан — Біздің Назарбек те мектеп жасынан асып барады... Қаладан үй салатын ұста алдырсам, биыл соны көптеп-көмектеп бітіре аламыз ба?

— Е, бітірмей... Қазір жігіттердің қолы бос. Жұмыстын ара-арасында жабылып кетпейміз бе.

— Онда осы жағын ескеріңізші, Дыка. Жігіттерге әредікте кірпіш құйдыра беріңіз. Ауырсынбасын, үстеме ақысын өзім төлеймін.

— Шырағым, Демежан-ау, сенің ойлап жүргенің — біздің қамымыз емес пе. Өз балаларымызды оқытатын мектептен немізді аяйық. Қайта, ашылсыншы сол мектеп. Өзіміз әліпті таяқ деп білмесек те, тым құрыса ұрпағымыз қара танып қалсын, — деп Диқанбай ар жағын айтқызбай, өзі билеп кетті.

Демежан мұнда келген шаруасын бітіріп, енді қоштасып жүруге ыңғайланған.

— Айтпақшы, жоғарғы жатақ ауылдардан хабарласқандар бар ма? Биыл Бөкенің күйі не болып жатыр екен? — деді дәл жүрерде.

— О, ол кәрі шөңгенің мұртын биыл балта кесетін емес, — деп Диқанбай көңілдене күлді. — Жақында сол жаққа барып қайттым. Жатақ кедейлері өзара серіктесіп, көдімгідей тың көтеріп жатыр. Былтырғыдай емес, егіс жұмысына да төселе бастаған. Жаңадан малшы-жалшы көп үйлер көшіп келіп, іргелі елге айналыпты.

— Биыл халдайлар тарапынан құқай көрсеткен ешкім болмап па, әйтеуір? — деді Демежан езу тартып.

— Халдайлар әзірше тыныш көрінеді. Қазірдің өзінде тоғандарында саркырап су ағып жатыр. Жазда пәйек жаксы шыксын деп, артық суларын тіпті шабындыққа салып қойыпты... Бөкенің екі езуі екі құлағында.

— Апыр-ай, жаксы болған екен! — деді Демежан шын қуанып. — Дегенмен олар әлі бастыклай жатыр ғой. Қашан көштерін түзеп алғанша, анда-санда барып, бас-көз бола тұрарсыз.

Демежан соны айтып, атының басын бұра берген-ді. Кенет мал қора жақтан осылай қарай жүгіре басып келе жаткан біреуге көзі түсті. Жақындағанда таныды, өзінің бағбаны Жан Шули екен.

— Лауия[1], сәл тұра тұрыңызшы, — деп сонадайдан қолын ербеңдетіп, жүгіріп келеді.

«Е, бұл байғұсты мүлде ұмытып кетіппін-ау. Бұған не керегім болды екен?» деп, Демежан атының басын тежеп күтіп тұрды. Қасына келгенде, бағбанға жылы шырай білдіріп, жай-күйін сұраған. Жаң өз ахуалынан қыскаша ақпар беріп жатыр. Айтысына қарағанда, оның шаруасы да жақсы жүріп жатса керек. Өзіне қарасты жерін өңдеп, көкөністерін түгел отырғызып болыпты. Енді соған інісі екеуі мал қораларынан көң тасып апарып, тыңайтқыш төгіп жүрген көрінеді... Жаң соңғы кезде ептеп қазақша сөйлейтінді шығарып еді.

— Мұнда жер де тола, су да тола... Тыңайтқышка пұл керек емес. Бәрі хау... жақсы! — деді ол бас бармағын көрсетіп. — Лауия, біз сізге разымыз.

— Басқа қандай мұқтажың бар? Керегің болса мына кісіге айтып тұр. Ол бәрін орындайды, — деді Демежан қасында тұрған Диқанбайды нұсқап.

— Қазір ештеңе керек емес. Керек болса мен айтады... Біздің жонту[2] жақсы кісі, — деп ол Диқанбайдың да мақтауын жеткізіп жатыр.

Сонан соң, келген шаруасы енді есіне түскендей, қалтасын ақтара бастаған. Бешпетінің, шалбарының жыртық-тесігін тінтіп жүріп, бір уақытта тілдей қағаз тауып алды.

— Ой-я, сіздің кезіккеніңіз қандай жақсы болды. Әйтпесе мен өзім іздеп барайын деп жүр едім, — деді баладай мәз болып. — Осыдан екі-үш күн бұрын қалаға барып қайтып ем. Мына хатты сізге Ли-шансың беріп жіберді.

Демежан қағаздың бүктеуін ашты да, таныс жазуға жылдам көз жүгіртіп шықты: «менің жағдайым мәз емес. Науқастанып қалдым. Қалаға келсең, маған бас сұғып шығарсың» депті Ли-шансын.

— Оған не болды екен? Білмедіңіз бе? — деді ол.

— Ой-я, Ли-шансың қазір науқас қой. Сізге айтатын сөзі бар секілді... Осы хатты ұмытпай сізге табыс ет деп қатты өтініп еді.

— Жарайды Мен өзім де қалаға бара жатырмын. Ли-шансынға міндетті түрде кіріп шығам, — деп Демежан орнынан қозғала берді.

---

[1] Л а у и я — қытайша: қожайын, мырза дегенді білдіреді.

[2] Ж о н т у — шаруашылық басқаратын адам.

Жаңға жолыққан сайын осы бір қытай шаруасының адалдығына, еңбекқорлығына таң қаласы Бұлардың мұнда келгеніне де он шақты жыл болды. Сонда байқағаны, жылда көктем шығысымен ала таңнан қара кешке дейін бір тыным көрмейді ғой байғұстар. Қашан көрсең, қолынан тесесін тастамай, жер шұқылап жүргені. Бұларға ұшан-теңіз көп жердің де қажеті жоқ. Ауыл іргесіндегі екі тақта жерден қыруар өнім алады. Және сол аз егісті қалай баптайды дейсіз ғой. Топырақтан бір түйір іртік қалдырмай, жерді кәдімгі теріше илейді. Жаз ортасында бір келіп қарасаң, бұлардың жері жай егіс емес, гүл алаңы, немесе қолдан тіккен кесте сиякты. Көкөністің өніп шықпасына қоймай, құлағынан тартып өсіретіндей... Ал күздігүні әлгі жерде қауын-карбыз дейсің бе, помидор, кияр дейсің бе, картоп, капуста, пияз дейсің бе, жеуге ауыз табылмай үйіліп қалады. Сондықтан олар кейінгі жылдары алған өнімдерінің бір бөлігін базарға апарып сататын болған. Басында көлікті Демежанның айтуымен Диқанбай беріп тұрушы еді. Арада бірер жыл өтпей, өздері ат-арба сатып алды. Ағайынды екеуі жылдан-жылға қоттанып, байып бара жатыр. Күздік өнім жиналып болған кезде, жыл сайын Демежанға да әжептәуір акша әкеліп беретіні бар. Аз емес, кемінде үш-төрт қараның сомасы. Демежан алғысы келмесе, Жаң тықпалап әлекке түседі.

— Лауия, мұныңыз жарамайды. Біз ту баста табыска ортақ боламыз деп келістік қой. Сол уәде күшінде калуы керек, — деп бәйек болады.

Өткен жылы Демежанға: «осыларды мен жіпсіз байлап жүрген жоқпын ба» деген ой келіп, бір рет сыр тартып көрген-ді.

— Жаң, сенің басына қиыншылық түскенде, саған аздап қол ұшын бергенім рас. Бірақ онымды міндет етпеймін Егер өзіне қолайлы жер тапсаң, қай жаққа, қашан кетем десең де еріктісің, — деп әңгімесін бастай беріп еді, Жан арғы жағын айтқызбады.

— Лауия, сіз өзіңіз қумасаңыз, біз ешқайда кетпейміз. Мен өлсем, інім мен балаларым жұмыс істейді осында. Мұндай құнарлы жерді, мол суды, сіздей қайырымды қожайынды қайдан іздеп табамыз? — деп басы жерге жеткенше иіліп, әбігерге түскен-ді.

Содан қайтып бұл жайында әңгіме болған жоқ Қарапайым қытай адамдары тату көрші, адал жұмыскер ретінде өз қалауларынша тұрып жатыр.

Демежан өз ауылынан ұзап, қалаға таман жақындаған сайын, оны арттағы шаруадан гөрі, алда өзін күтіп тұрған жайлар көбірек алаңдата бастап еді. Бұл аймаққа осы күнге дейін жаңа әмірші тағайындалмай, Ши-амбының орны бір жылдан бері бос тұр. Уақытша қолына таңба ұстап, іс басқарып отырған Шихалдай сол атағының өзіне мәз болып, ел жұмысына бой салып араласуды қойған-ды. Сірә, бірдемені бүлдіріп алармын деп қорқатын секілді. Жиын ашып, жарлық шашуға да жүрегі дауаламай, қырдағы ру-тайпа басшыларын да өз беттерімен коя берген. Енді оған аяқ астынан жан бітіп, үкірдай-зәңгілерді бұлайша тығыз түрде шақыртуына не себеп болды екен? Демежан қанша ойланса да, соның мәнісін нақты біле алмай келеді. Әлде аймаққа жаңа әмірші келе жатыр ма? Шихалдайды шырқыраткан сондай бір дөкейдің дүмпуі ме? Әй, солай шығар... Маншың өкіметі қанша етекбасты, жайбасар дегенмен, сонау алыс астанадан түкпірдегі Тарбағатай аймағына бір ұлықтың келіп жететін уақыты болды емес пе?!

Ши-амбы өткен жылы Ілеге барған сапарынан күзге салым қайтып оралған. Шәуешекте тағы екі-үш ай билік құрып, тек желтоқсан айының басында ғана артынып-тартынып, Құлжаға біржола көшіп кетті. Қызметі төмендемеген, қайта өлке бастығының орынбасары болып жоғарылапты. Ілеге ішкеріден жаңа жаңжүң — жас генерал-губернатор келген екен. Сондай жас әміршіге Ши-амбы секілді елдің-жердің жағдайын білетін тәжірибелі карттардың бірі көмектесуі керек болыпты-мыс.

Ши-амбының аз уақытқа болса да қайта оралуы Демежанға жаман болған жоқ. Ол келісімен, былтырғы тоған басындағы оқиғадан кейін намыска шауып, катты дүрліккен халдайлардың кеудесін тез басып тастады. Кінәлы Демежан емес, керісінше, қолдарында өкімет берген заңды қағазы бар қазақтарға қарсы бүлік шығарған Дохалдайдың әрекетін сотқарлық, басбұзарлық деп тапты. Сөйтіп ол бұл елмен қоштасып бара жатып та, Демежанға шарапатын тигізіп кетті.

Тарбағатайда түрған отыз жылдың ішінде маньчжур ұлығы біраз байлық жинаған екен. Тірі малды есепке алмағанда, қоймадағы мүлік-мүкәмалының өзі әлденеше арбаға жүк болып, тұтас бір керуен құраған. Демежан оны қала ұлықтарымен бірге түстік жерге дейін ұзатып салды. Қаладан едәуір

ұзап шығып, Қараүнгірдің көпірінен өткен соң, Ши-амбы күймесін тоқтатып жерге түсті де, артында бұлдырап қалып бара жатқан Шәуешектің қалың талынан көз алмай, ұзақ қарап тұрды. Әлден уақытта орамалын алып, буланған көзәйнегін сүртіледі:

— Қайран Шәуешек! Күт қонған, қасиетті жер еді. Қимаймын... Мен бұл қалаға қылшылдаған қырық жасымда келіп ем, жетпістен асқанда кетіп бара жатырмын. Енді қайтып көре алмаспын, сірәда!.. Өмір деген сол, мырзалар. Бір күнгідей болмай өте шықты, — деп ішten тына күрсінді.

Ұзата шыққандардың көпшілігі осы арада қоштасып қайтып кетті де, Демежан біраз адаммен Дамылтам бекетіне дейін еріп барды. Бұл оның ұзақ жыл дәмдес болып, тәрбиесін көрген, өз тағдырына шешуші ықпал еткен маньчжур ұлығына деген ең соңғы құрметі еді. Екеуі айрылысарда құшақтасып қоштасты. Демежанның қарсы алдында сол сәт бір аймақтың қатал әміршісі емес, томардай ғана қаусаған шал тұр еді. Ши-амбының өмірі көзіне жас алып, босағанын көргені осы. Айрылысар сәтте лықсып келген жасты тоқтата алмай, кәдімгідей жылады.

— Уақыт шіркін қалай тез өтеді?! Сен менің қолыма келгенде он екі жасар бала едің, — деген мұның бетіне қарап. — Ұзақ жыл дәмдес-тұздас болдық. Өз басым, шамам келгенше, саған жай бағынышты қызметкер емес, балам ретінде қарауға тырыстым. Тағдырға не шара, енді, міне, айрылысатын кез жетті. Бәріміз де пендеміз ғой... Бір-бірімізді сөге жамандамай, жақсы көңілмен еске алатын болайық.

Сол сәт Демежанның көзінен де еріксіз жас шығып кеткен. Екі еркек айдалада, үлкен жолдың үстінде тұрып, бірбірімен осылай жылап қоштасты. Қазір ойлап отырса, ол Ши-амбының жалғыз бұған деген ықыласы емес, осында өткен өмірімен, қайта оралмас жастық шағымен қоштасуы екен ғой. Әлде секемшіл карт көнілі сонда-ақ бірденені сезді ме екен? Осыдан барған соң көп ұзаған жоқ. Арада үш ай өткенде Ши-амбы қайтыс болды деген хабар келді. Сөйтіп, Құлыстай елінің өмірінде елеулі із қалдырған атақты маньчжур ұлығы да бұл дүниеден өте шықты. Әсілі, кісінің қадірі көзі жұмылған соң білінеді ғой. Бұл күнде Тарбағатай жұртшылығы «баяғы Ши-амбының тұсында» дескен бір ауыз сөзбен ол марқұмды да оқта-текте еске алып қояды.

Қазір Демежан өзінің сол бір империя өкілімен ара қатынасын еске түсіріп, ой сарабына салса, нақты жіп тағуға болмайтын, қайшылығы мол, кос-қабат сезімге бөленеді. Соған қарағанда, өмір дегенің дайын қалыпқа зорлап сыйдыруға келмейтін, өте күрделі нәрсе болса керек. Дүниеде қатып қалған ештеңе жоқ, жақсылық та, жамандық та салыстырмалы. Ал әрбір адам — өз алдына жатқан бір әлем. Соңғы кезде Демежанның көзі жеткен бір шындық, адамдар: қытай, маньчжур, қазақ, қалмақ деп әр-түрлі ұлтқа немесе бағындырушы-бағынушы, бай-кедей деген тапқа ғана бөлініп қоймай, жақсы адам, жаман адам болып та жіктелетін сияқты... Адамдардың ұлтқа, тапқа айрылуы — көзге көрініп тұрған сырткы қабығы ғана. Олардың орнын алмастыруға, өзара теңестіруге де болар. Ал жақсылық пен жамандықтың шекарасын жою қияметтей қиынға түсер-ау!..

Аймақтағы ұлықтардың алмасуына қарай, ел жуандарының Демежанға деген қатынасы да қырық құбылып, өзгерумен келе жатыр. Әсіресе, былтырғы тоған басындағы оқиғадан кейін досы да, дұшпаны да бұдан қатты сескеніп, үркіп қалғандай еді. Айдарынан айрылған Дохалдай төбе шашы қайта өсіп жетілгенше, алты ай бойы жұрт көзіне көріне алмай, үйінде құсаланып жатып алған-ды Тек айдары ұзарып, өріп коюға жарағаң соң ғана, қайтадан атқа мінген. Демежанға кеткен кегін, әрине, ұмытқан жоқ. Бұрын ол көбінше өлкедегі Ши-амбыдан жасқанып жүретін-ді. Ол өлді деген хабарды естігенде, үйінде отырып кіші-гірім той жасапты. Осыдан кейін-ақ көп бөгелмей, қойны-қоншын ақшаға, алтын-күміске толтырып алып, Құлжаға жүріп кеткен-ді. Іле жанжұнына шағым айтып, шамасы келсе, Демежаннан өш алмақ деседі Ол кеткелі де, міне, екі-үш айдың жүзі болды, сол сапардан әлі оралған жоқ.

Осының артынан іле-шала былтырдан бері абақтыда жатқан Байсерке де бір түннің ішінде ізім-қайым жоқ болып шықты. Білетіндердің айтуынша, оны да түрмеден қашырып жіберген — халдайлар көрінеді. Көп кешікпей Байсеркенің де Құлжаға карай бет түзегені мәлім болды. Жалғыз кетпей, Бөрінің бірнеше жігітін қасына ертіп алыпты. Олар Құлжаға барғанда қажет болатын жол қаражатын да алдын ала ойластырса керек. Жол-жөнекей Мәмбеттің алыс отарда жатқан жылқысына тиіп, ірі-ірісінен таңдап жүріп, алпыс жылқыны

айдап кетіпті... Қазір Дохалдай мен Байсерке Құлжа қаласында бас түйістіріп, Демежанға қарсы астыртын іс қозғап жатыр деген сыбыс бар.

Қазір Төртуыл ішінде де дауыл алдындағыдай бір алдамшы тыныштық орнаған. Әншейінде Демежаннын орнына таласып, қырқысып жататын әр рудың атқа мінер жуандары да әліптің артын бағып, байғыздай бұғып қалған-ды. Нені күтетіні белгісіз, әйтеуір бәрі де ғайыптан келетін бір өзгерісті сарыла тосып жүр. Әлде осы пәледен аулақ жүрейік дегені ме, бұрынғыдай ашық қарсылыққа бармай, қасына да жоламай, суық түсе інге тығылған суырдай, үй-үйлерінде тың тындап жатқан жайы бар...

Осылайша бірінен-бірі туып балалаған қалың ойдың құшағында, қасындағы серіктеріне де бір ауыз тіл қатпаған күйі, Демежан шалқар түс шамасында Шәуешекке кірді. Қаланың шетіне ілінгенде, Әбдірасыл қатарласа беріп:

— Демежан аға, біз бүгін қай үйге түсуші ек? — деп қалды бірінші рет дыбыс беріп.

Демежан селт етіп басын көтеріп алған. Бұл туралы ойланбапты ғой... Айтты-айтпады, кімнің қорасына бұрылғаны дұрыс? Бұрын көбінше Ыбырайдың үйіне түсуші еді. Бірақ ол үйден конақ арылмайды, ырду-дырдуы мол. Сәл ойланып қалып:

— Бабалықтың қорасына тарт. Соның үйі тыныштау болар, — деді інісіне. Сонан соң қасындағы Рақымға бұрылды да: — сен Шихалдайға барып білші, жұрт жиналды ма екен? — деп шабарманын жұмсап жіберді.

Бұлар жамбылдың ішін қақ жарып, сырткы қақпадан шыға бергенде, Рақым сондарынан қуып жетті.

— Үкірдайлардың алды келе бастапты. Тек Керейдің үкірдайы Тұрысбекті күтіп отырған көрінеді. Түстен кейін сағат үште кеңсеге жиналу керек екен, — деді ол мән-жайды түсіндіріп.

Демежан төс қалтасынан сағатын алып қарады да:

— Онысына әлі көп уақыт бар. Жүріндер, оған дейін шайға қанып алайық, — деп атын тебініп, алға түсе берді.

Бабалық ауласында жүр екен. Қақпадан кірген Демежанды көріп, құрақ ұшып алдынан шықты. Өзі алыстағы Керей ішінен кеше ғана оралыпты. Апарған саудасы күсет болып, ырғын пайда түсірген секілді. Кең ауланың қора, қойма жақ

бұрышы үйір-үйір малға, тай-тай жүн, тері-терсекке толып кетіпті. Сол маңда бірнеше жігіт арбадан жүк түсіріп, карбаласып жүр. Демежандар аттан түскен соң бірден үйге кіре коймай, аулада сәл кідірістеп калды.

— Біздің тірлік осы, — деді Бабалық қойма маңында жүргендерді иегімен нұскап, — Қазақтың корасында шіріп жаткан жүн мен теріні калаға тасып әкелеміз. Оны тиын-тебенге, бұл-шай, бүйымға айналдырамыз да, соқырдың өз бидайын өзіне қуырып бергендей кырдағы елге кайта апарып өткіземіз. Әйтеуір, қу жанға бір тыныштық жок.

— Тіпті сенің осының дұрыс. «Есектің артын жу да, мал тауып кел» деп Абай тегін айтқан ба. Қазақтың жатып ішер жалкаулығына әбден зығыры қайнағанда шыккан сөз ғой бұл, — деп Демежан оны көтермелеп қойды.

Бабалық ауласының бір жақ капталына Ешен-Сейіттің мешіті салынған-ды. Қазір ұшар басына ай орнатылған, биік мұнаралы көк мешіт күн нұрына шағылып тіпті асқақтап көрінеді. Демежанның есіне осыдан он шақты жыл бұрын дәл осы үйде Ешен-Сейітті алғаш көргені, болашақ мешітке орын таңдағанда, Бабалықтың өз жерінің жартысын бөліп бергені оралды.

— Қазірет калай, жүріп жатыр ма? — деді ол мешіт жақты иегімен нұскап.

— Е, ол кісінің ұпайы түгел ғой. Қазір бір «аллауакбары» бір қой боп маңырап тұрған жок па, — деп Бабалық кулана күлді. — Кәне, үйге кіріңіздер... Шәкет, кайдасың? Қонактарға көрпе сал!

Бұл күнде бірнеше баланың анасы болып үлгірген, ұзын бойлы, ақ сары Шәкет төр алдына көрпе жайып, көпшік тастап, конактарды ізетпен қарсы алды. Төрт-бес жастағы кішкентай қыз бен аяғын апыл-тапыл басқан екі-үш жасар ұл бала етегіне оралып бірге жүр. Өзі тағы ауыр аякты ма, калай, талдырмаш, ашаң денесі жуантықтау көрінді. Шәкеттің Демежанды көптен көріп тұрғаны осы еді. Жас әйел үй-ішінің амандығын сұрай келіп, бір сабырлы, ибалы жүзбен Ажар анасына көңіл айтты.

Ал Әбдірасыл бұл шаңыраққа тіпті жақын болатын. Үш жыл бойы ілгедегі Ешен-Сейіттің медресесінде оқығанда, бұл үйге күнде кіріп-шығып, өз адамындай сінісіп кеткен. Шәкет казір соны еске алғандай Әбдірасылға қарап, жымиып күлді де:

— Қазір енді үйлі-баранды болып, үлкен шаңырақты ұстап тұрған өзің ғой. Балалы болды деп естідік. Кішкентайларының бауы берік болсын! — деп жас жігітке күтты болсын айтты.

Демежан бұл түскі отырыста көп бөгелген жоқ. Бабалықтың бір малына бата істеді де, шайға қанып алған соң атына мініп, жамбылдың ішіндегі үкімет кеңсесіне қарай бет алды. Басқа үкірдай-зәңгілер де осында екен. Әзірше ішке кіре қоймай, кең ауланың ішін казақы үнге толтырып, төрттен-бестен қораланып сөйлесіп тұр. Демежан атынан түсіп, қастарына таяғанда, үкірдайлар тобы жапырласа сәлем берісіп, кішілік ізет көрсетісті.

Бұлардың бәрі де бұрыннан үзеңгі қағысып келе жаткан сыралғы жігіттер. Бұл топқа жаңадан қосылғаны — Керейдің жас үкірдайы Тұрысбек қана. Мамырбек төре Керей жуандарының қатты тулап қарсыласқанына қарамай, өткен қыста үлкен ұлы Тұрысбекке үкірдайлығын өткізіп беріп, көнілін біржола тындырған-ды. Түр-тұлғасы әкесіне келетін, жасы отызға жаңа ілінген қара сұр жігіт Демежанға айрықша ілтипат білдіріп, иіле сәлемдесті.

Қазір осында тұрған бес үкірдайдың ішінде жасы үлкені — Демежан мен Шәйі екен. Әзілкеш, шақпа тілді Шәйі өздерінің осы тұрыстарынан шығарып, бір қызық калжың айтты. Үкірдайлардың Демежаннан басқасы: Таңғыт та, Мадан мен Тұрысбек те, Шәйінің өзі де орта бойлы, шәкене ғана жігіттер болатын. Жеке жүргенде атақ-абыройлары көтеріп білінбегенімен, қазір еңсегей ірі денелі Демежанның қасында солардың бәрі шөгіп, аласарып кеткендей еді. Жасы күрбы Шәйі, Демежанмен әзілдесе беретін әдетімен, бұған шалқалай қарап алды да:

— Қайран нарым-ай, қадіріңді білмей жүр екенбіз-ау! Өзің келгелі айдынымыз асып, топанымыз толып қалғанын қарашы... Бар кінәң — мезгілінен кеш туғаның ғой. Әйтпесе Қабанбай атамыз секілді қол бастаған батыр болар ма едің, кайтер едің?! — деп топтанып тұрғандарды ду күлдірген.

— Бұл кісіні қазір батыр емес деп кім айтады. Дохалдайдай долының айдарын кесіп алу үшін де біраз жүрек керек шығар, — деді қалмақ үкірдайы Мадан сөзге араласып.

Демежан езу тартып, аз бөгелді де, жаңағы Шәйі сөзінің орайына ол да бір әзіл айтты.

— Сен өйтіп кортық жаралғаның үшін қорланбай-ақ қой, Шәйі. Өзің айтпақшы, батырлардың дәурені өтті емес пе. Қазір сен сиякты орташалардың заманы. Бұл күнде өзгеден артық бойың да, ойың да көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрады... Қазір жылағаныңмен, түйенің құлағына шығып, жыл басы атанған тышқандай, түбінде осы сен озасың, — деп қолтығынан ғана келетін құрдасын құшақтап, аркасынан қағып қойды.

Бұлар әрнені әңгіме етіп, күлісіп тұрғанда іш жақтан кеңсе қызметкерлерінің бірі *шығып:*

— Мырзалар, ішке кіріңіздер. Сіздерді халдай күтіп отыр, — деп хабарлады.

Далада тұрғандар дабырласа шұбырып, кең ауланың төріндегі кеңсеге қарай бет алды. Сол беттерінде ұзын дәліздің бір жақ капталын алып жатқан, бір кезде Ши-амбы отыратын кең залға өтті. Шихалдай төрдегі үстел басында шошайып жалғыз отыр екен. Әккі неме бұларды көре сала орнынан күле түрегеліп, қарсы жүрді.

— О, аймағымыздағы қазақ-қалмақтың игі жақсылары, тегіс амансыздар ма? Ел-жұрттарыңыз бақуат, бақытты, бейбіт тұрмыс кешіріп жатыр ма? — деп мұндайда тек аймақ әміршісі ғана айтатын ресми сөздерді тізбектеп, қол беріп амандасып жатыр.

Егер оның орнында шын губернатор-амбының өзі отырса, оған қайтарылатын жауап та салтанатты, ресми болар еді. Онда бұлар да: «Патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженханның қамқорлығында...» деп бастап, біраз көсілер еді. Үкірдайлар қазір ондай көтерінкі, бипаз сөзге бармады. Әлде еттері үйреніп кеткен Шихалдайды бойларына тоғытпады ма:

— Шүкір, аманшылық.

— Өзің де сау-саламат жүріп жатырсың ба, халдай? — деген сөздерді жай ерін үшымен ғана айтқан болды.

Демежаннын бірталайдан бері Шихалдаймен бет көріскені осы еді. Уақытша болса да колына билік тигелі халдайдың өңі майға бөрткен бидайдай жылтырап, жасаңғырап алыпты. Өмірі шыр бітпейтін тарамыс денесі балғын тартып, толыса түскен бе, қалай... Жасы алпыстан асып кетті дейтін емес, селеудей селдіреген сақал-мұртында бір тал ақ жоқ. «Осы да сайтан сиякты картаймайды екен, — деп ойлады Демежан оның бетіне карап отырып. — Біздің бала кезімізде осындай еді, әлі сол калпы».

Бірақ қазір Шихалдайдың бүкіл болмысынан бір сенімсіздік, әлденеден жүрексінген қобалжу бары байқалады. Әкесінің қалпағын киіп алған баладай қанша қоқиланғанымен, мына кең кабинетті де, мәртебелі, биік үстелді де толтыра алмай отырғаны сезіліп тұр. Сонысын өзі де білетін секілді, бейне мыналар әлдебір ұрлығының үстінен түскендей өзінен-өзі қуыстанып, қибыжықтап біраз отырды да, бірден негізгі шаруасына көшті.

— Ал, құрметті мырзалар, сіздерді мен мұнда аса бір маңызды хабар айтуға шақырып отырмын. Ши-амбы кеткелі біздің аймақтың басшысыз қалғанын өздеріңіз білесіздер. Енді, міне, сол күткен сәт те келіп жетті. Тарбағатайға жаңа әмірші келе жатыр,— деді ол салтанатты түрде.

Отырғандар бірінің бетіне бірі қарап, қозғалақтап қалды да, «ол кім болды екен» дегендей, қайтадан халдайға еңсерілді.

— Келетін жаңа әміршіміз — Матен-амбы деген кісі, — деді Шихалдай өз сөзін ары қарай сабақтап. — Ол бүгін-ертең Құлжадан аттанбақ көрінеді. Ұзаса он шақты күнде біздің аймақтың шекарасына жетіп қалуға тиіс. Мәртебелі ұлықты қай жерден, қалай қарсы аламыз? Енді соның жайын ақылдасайық.

Халдайдың жаналық хабары бұл отырғандардың санасына әлі толық жете қоймады ма, бірден дүрлігіп қостай жөнелген ешкім болмады.

— Сонда ол төре қай жерден келе жатыр? Ішкеріден арнайы жіберген адам ба, әлде осы өлкенің өзінен шыққан ұлық па? — деді шапшаң мінезді Шәйі шыдай алмай.

— Матен-амбы — Іленің тұрғылықты адамы. Ұлты — сібе, халдайлар әулетінен, — дегенде Шихалдайдың жүзі жайнап қоя берді. Әсіресе «халдайлар әулетінен» деген сөзді ерекше екпінмен, астын сызып тұрып айтты. — Бұрын ол көп жыл бойы Күредегі шекара әскерін басқарып тұрған. Еженханға шын берілген, ер жүрек офицерлердің бірі. Алдын ала айтып қояйын, мінезі тым қатал, анау-мынау қылжаққа көнбейтін адам... Біздің аймаққа сондай бір азулы басшы болмаса, кейінгі кезде тым жайылып кеттік емес пе, — деп мысық мұртының астынан жымиып күліп қойды.

Жаңа әміршінің алыс астанадан, Еженханның өз қасынан келмей, таяудан табылғанына және таза қанды маньчжур де емес, осы төңіректегі көп халдайдың бірі болып шыққаны-

на мына отырғандардың көңілі орта түсіп, бір сәт қоңырайысып қалды. Ал Демежан ендігі желдің қай жақтан соғатынын сезіп, іштен тына күрсінді. Бұдан былайғы жұрт кеңесіне араласпай, бойын жинап, түйықтала түсіп еді.

Мәртебелі Матен-амбыны қай жерден қарсы аламыз дегенде, бәрі ақылдаса келіп, аймақ орталығынан үш-төрт күншілік жердегі Майлының жонын лайық деп тапты. Сол маңдағы бекеттер Керей жайлауымен тұспа-тұс келеді. Үй тігу, сойыс қамдау да қиынға түспейді. Ұлықты Ұты бекетінен, не Қарағайтының асуынан қарсы алып, көк жайлау, әсем табиғат аясында бірнеше күн еркін көсіліп жатуға болады.

— Бұл жолы біздің жас үкірдай Тұрысбек мырзаның желі оңынан тұрды-ау деймін, — деп Шихалдай шықылықтап күлді. — Сол араға он шақты үй тігіп, қонақасы, сойыс қамдау Керей еліне қиынға түспес деп ойлаймын... Бізден әкеніз Мамырбек төреге сәлем айтыңыз. Қонақты қалай жөнелтуді ол кісі бәрімізден жақсы біледі. Ал ел ішінен табылмайтын азық-түліктің кей түрлерін біз қаладан ала барамыз.

Бұл ұсынысты Тұрысбек те қуана қабылдады. Алыстан келе жатқан бейтаныс әміршіні бірінші рет күтіп алу абыройы өзіне тигенін тағдырдың ерекше сыйындай көріп еді.

— Ол жағына алаң болмаңыз, халдай. Бәрі өзіңіз айтқандай болады, — деді ол өңі балбұл жанып.

— Ендеше, келесі жетінің басында бәріміз Дөрбілжінде табысатын болайық. Бұл сапарға өздеріңізден басқа зәнгі, елубасы, старшын, билерді де ертіп алыңыздар, — деді Шихалдай.

Осымен сөз бітіп, барлығы далаға қарай бет алған. Бірақ бірден тарап кете қоймай, келе жатқан әміршіге сырттай тон пішіп, әркайсысы әр түрлі жорамал айтып, аулада әңгімелесіп тұр.

— Апыр-ай, мына келе жатқан жаңа ұлықтың үскіні тым катты деді-ау... Келмей жатып қорқытты-ау! — деді былай шыға бере Таңғыттың жүзінен мазасыздық білініп.

Бірақ талайды бастан өткерген Шәйі сиякты көне көздер айылын жиятын емес:

— Е, тәйірі, «мен тимеген бай бар ма» депті ғой баяғыда бір қатын. Сол айтқандай, көрген ұлығымыздың алды-арты осы дейсің бе... Білдіңдер ме, сол ұлықтың тамағы тесік пе екен? — деген Таңғытқа күле қарап.

— Ит білпе . Тамағы тесік болмаса, аштан өліп қалмай ма, — деп Таңғыт қалтасынан шытыралы шақшасын шығарып, насыбайға қол созған.

— Ендеше, шүрк етпе. Сол тамақ өткен тесіктен үйір-үйір жылқы, қора-қора қой да өтеді. Ал қой өткен жерден сен екеуіміз де бірдеме қып өтерміз... Одан да насыбайыңды әкелші, — деп Шәйі иегін қағып қойып, қулана күлді.

Ал Демежан болашақ әміршінің халдай әулетінен екенін естігеннен бері алда бұл үшін өте қолайсыз, қиын күндер келе жатқанын бүкіл болмысымен сезінгендей болып еді. Сондықтан үкірдайлардың қысыр кенесіне араласпай, олармен қош айтысып, атына қарай беттей берген. Мадан мен Шәйі соңынан қуып жетіп, азғана аял жасауын өтінді.

Бұл екі үкірдай да Байсеркені іздеп жүр екен. Мадан осыдан екі жыл бұрын барымтада өлген қалмақтың құнын жоқтаса, Шәйі биыл көктемде ұрланған Мәмбеттің жылқысын даулайды. Ал Байсерке болса жоқ, абақтыдан қашып шыққан бойы ұшты-күйді ғайып болған. Бірақ ұры қолға түспей кеткенмен, артында елі-жұрты бар. Сол ұрланған жылқы мен кісі құнын Демежан қалай өндіріп береді? Соның жайын білмек.

Демежан даугерлердің сөзін тыңдап бола бере, қарқылдап күліп жіберді.

— Әй, сен екеулерің әлі бала екенсіңдер ғой, — деген екі үкірдайдың бетіне кезек қарап. — Сендерге Байсеркені түрмеден қашырып жіберген адамды айтайын ба? Онда ана отырған Шихалдаймен сөйлесіңдер. Ұрыны құтқарып, қолына құрық ұстатып жіберген солар. Ал Байсеркенің өзі керек болса, ол қазір сені мен менің қолымыз жетпейтін жерде, Дохалдай екеуі Құлжада, Матен-амбының қасында жүр... Олар да ұлықпен бірге қайтатын шығар, алдарынан шығып күтіп алыңдар! — деді де бұрылып жүре берді.

Екі үкірдай бірінің бетіне бірі қарап, аңырып тұрып қалған. Демежан сол күні алдағы жол сапарын қырдағы зәңгі-елубасыларға хабарлау үшін, Рақымды елге қайтарды да, өзі Бабалықтың үйінде қонып қалды.

II

Ұлық кеңсесінен Демежаннын қабағын кірбең шалып, жабығыңқырап қайтқанын Бабалық бірден аңғарды. Бірақ артық сұрау беріп мазалаған жоқ. Төргі бөлмеге көрпе төсеп, жастық тастады да:

— Шаршаған шығарсыз. Осында азырақ демалыңыз, — деп далаға шығып кетті.

Демежан терезесін каранғылап қойған салқын бөлмеде көз шырымын алып, бір сағаттай ұйықтап тұрды. Манағыдай емес, тұла бойы сергіп, жеңілейіп қалыпты. Күн кешкіріп қалса керек, қабырғаға киғаш сәуле түсіп тұр. Демежанның оянуын күткендей, осы кезде сырттан үй иесі де оралған. Енді, міне, қонағын ауыр ойдан сейілткісі келгендей әр түрлі әңгімелер айтып отыр.

Бабалықтың сауда бабымен бұл Құлыстайда шарламаған жері жоқ. Іргедегі Төртуыл мен Мәмбет іші ғана емес, сонау шалғайдағы Жұмық, Керей ортасы да мұның емін-еркін араласатын өз аулындай болып кеткен. Қай ел, қай ру болмасын басқаны жатырқаса да саудагерді сыртқа теппейді. Арбасын сүйретіп аулына барса болғаны, бала-шағасымен өздері-ақ алдынан шұбырып шығады. Онын үстіне бұл жігіт жай бақалшы көп саудагердің бірі емес, өзінің еті тірлігінің арқасында, әр елдің сорпаға шығар азаматтарымен жақсы араласып, оларға тек саудасын өткізіп қоймай, сөзін-назын өткізетін дәрежеге жетіп қалған. «Өзің би болмасаң да, би түсетін үй бол» демекші, қырдағы үкірдай-зәңгілердің өзі қалаға келсе, осы Бабалықтың үйіне ат басын тіреп, аунап-қунап жататыны бар.

Үй иесі өз табысын мақтан қып, ашып айтпаса да, соңғы жылдары *тасы өрге домалап, байып келе жатқаны* байқалады. Қазір ол баяғы жалғыз атты саудагер емес, өзіне көмекші бірнеше адам ұстайтын болған. Айналыстағы ақша мен сауда-саттық бұйымдарының сыртында, төрт түліктің әр түрінен біраз мал да жинап тастаған көрінеді. Егер ел іргесі тыныш болып, балалары қолғанатқа жарайтын күн туса, түбі қырға көшіп шығып, шаруа бағып кететін ойы бар.

Бабалық өз жағдайын осылайша сыпайылап жеткізді де, бір мезгілде Демежанға бұрылып, өзінше бір сыр айтты.

— Көп елді аралап, талай жердің дәмін татып жүрміз ғой. Сонда бір байқағаным: сіздің даңқыңыз төрт үкірдай елге

түгел жайылып кеткен екен. Әр елдің еңбек соңында жүрген қарапайым қара шаруасы өз үкірдай-зәңгілерінен гөрі сіздің есіміңізді көп айтады. Жарлы-жақыбайдың жоқшысы, қара қылды қақ жарған әділ қазы деп, сыртыңыздан арқа тұтып жүреді екен. Әсіресе, ана жылғы осы елге Абдырадан су әперіп, тентек халдайды жуасытқаныңыз ел ішінде аңызға айналып кеткен.

Әрине, өзі туралы жылы сөз естігенді кім жек көрсін. Демежан да мерейленіп қалды. Сонымен бірге Бабалық осы сөздердің бәрін мұның көңілін көтеру үшін, бүгін әдейі айтып отырғанын да жақсы пайымдады

— Бірақ жұрттың бәрі олай емес шығар. Басқаша сөйлеп, сырттай қыжыртып жүретін теріс азу, қисықтары да аз болмас, — деді оның бетіне күле қарап.

— Сол ғой — менің де айтайын деп келе жатқаным, — деп Бабалық әңгімесін ары қарай жалғады. — Жанағы өзіңізді пір тұтатын қалың бұқара қауымнан басқа, сіз дегенде қаны қатып қалған, қарадай өшігіп жүретін тағы бір пәле қуған топ бар. Олар — көбінше, қырыс, надан байлар мен аткамінер, ел пысықтары. Әлгілер сіздің атыңыз шыққан жерде кірпідей жиырылып, ұсақ-түйек, пыш-пыш өсекке жем еткісі келеді Қорқайын ба, реті келгенде ондайлардың талайымен айтысып та қалдым. Тіпті сіздің беті-жүзіңізді көрмеген біреулері сыртыңыздан даттап жүреді-ау. Сондай кездерде: «әттең, енбегі еш, тұзы сор болып жүрген, қайран Демежан ағам-ай!» деп сізге жаным ашып кетеді.

Демежан Бабалықтың еш бүкпесіз, ағынан жарылған сөздерін тыңдай отырып. «осы мен, шынында да, жұрт мүсіркейтіндей дәрежеге жеткен болуым керек» деп толғанды ішінен.

— Бұл дүние тарылып бара жатыр-ау, бауырым. Қайда барып сияр екенбіз? — деп көкірегін қарс айыра күрсінді. — Мына келе жатқан Матен-амбы дегені халдайлар әулетінен көрінеді. Ол да намыска шаппас, ескі кегін қумас деймісің

Бабалық бір сәт үнсіз қалды. Іштей қабырғасы қайысып, қатты аяп отырғаны белгілі. Бір-екі рет Демежанның жүзіне барлай қарап алды да, өз басына келген тағы бір ойды айтты

— Бұл елдің енді сізде қарызы жоқ. Білетін кісі болса, өгіздей-ақ өрге сүйреді ғой. «Торғай жаңбыр жауса балапанын қорғайды, бұршақ жауса басын қорғайды» деген сөз

бар. Осы халдайлардын да, тағы баска ел жуандарынын да сізге көп көріп, қимай жүргені — үкірдайлық болса, құрысын, сол мансабын қызыққан біреуіне өткізіп беріп құтылмайсыз ба? Құдайға шүкір, дәулетіңіз жетеді... Ал егер алда-жалда ел тірлігінен жалықсаңыз, қолдағы малды сатыңыз да, қалаға келіп шалқаңыздан түсіп жатыңыз. Бірінізді екі етіп, көбейтіп беруді мен-ақ міндетіме алайын, — деген-ді.

Демежан үй иесінің шын достық пейіліне разы бола отырып, баланың сөзін қызықтағандай қаркылдап күліп жіберді.

— Әй, Бабалық-ай, сенің таза көніліңді түсініп отырмын. Бірақ мен ол қалыпқа сыймаймын ғой... Менен енді Рамазан Шәнішев шыға қоймас, — деп ойланғандай аз уақыт үнсіз қалды. — Ал мансап-билік жөніне келсек, сол ажырықты дәл қазір менен ешкім алмай отыр емес пе. Мойныма әдейі қыл арқан сүйретіп жіберіп, түбінде сонымен шалып, жықпақ ойы бар ма, кім білсін...

Бұл кезде күн кешкіріп, үй іші ала көленке тарта бастаған. Шәкет ауыз үйден шишалы шам жағып әкеліп, төр алдындағы дөңгелек үстелдің үстіне қойды да, күйеуіне «бері шығып кетші» дегенді қабағымен ұқтырып, майда жүріспен есікке қарай беттеді.

Демежан бір сәт төргі үйде оңаша қалған-ды. Шам жарығымен самаладай жайнап көрінген үй ішінде бір тазалық, кірпияздық байқалады. Қам-қайғысыз, бейбіт тірлік ұясындай. Шашау шығып, шашылып жаткан бір сабақ жіп жоқ, әр нәрсе өз орнында, бір-біріне көрік беріп, көз қуантады. Қай жағына қарасаң да, табыскер азаматтың ғана емес, соны ұқсатып отырған ұқыпты, ісмер әйелдің қолтаңбасы айқын сезіліп тұр.

«Адам бақытты болу үшін, оншалық көп нәрсенің керегі жоқ екен-ау! — деп ойлады Демежан айналасына бажайлай көз жіберіп. — Ол үшін сау басыңды дауға салып, ел билеп, ұлық болудың да қажеті жоқ шығар. Соның ішінде, әсіресе, осы Бабалықтың таңдап түскен жолы дұрыс-ау. Ең бастысы, ешкімге тәуелсіз, еркіндік бар ғой басында... Бұл үшін ру жігі, партия, топ деген ұғым жоқ. Қала мен даланың ортасында емін-еркін, қаздай қалқып жүргені. Төрт үкірдай елдің ішінде осы жігітті қас көретін кісі табыла қояр ма екен?!»

Бүкіл өмірі көз алдында өтіп келе жаткан Бабалықтың өзге қазаққа ұқсамайтын оқшау тірлігі Демежанға бір түрлі қызық көрінуші еді. Бір мезет оның көз алдына осыдан жиырма

жылдай бұрын Рамазан байдың делбесін ұстап жүретін, жас өспірім атшы бала келіп тұра қалды... Егер көз көрмей, басқа біреу айтса, нанбас еді. Бір кезде өзі талай рет қол ұшын берген қорғансыз, жетім жігіт енді мұның өзіне пана болғысы келеді. Біреу озып, біреу тозып жатқан заман..

Осы кезде біреулердің далада дабырласып сөйлескені естілді де, іле-шала төргі үйдің есігі ашылып, бір топ кісінің ішке кіріп келе жатқаны байқалды. Алдымен әлдекімнің аппақ сәлдесі көрінген Ешен-Сейіт қазірет екен. Қасында Әбдірасыл мен Бабалық, бұл танымайтын тағы бір-екі адам бар. Сірә, жаңа ғана ақшам намазын өтеп, мешіттен шыққан беттері болса керек.

Ешен-Сейіт даусын соза шаңыраққа сәлем берді де, босағада сәл кідіріп қалды. Демежан орнынан тұрып, қол беріп амандасты.

— Сау-саламат барсыз ба, Қазірет? Кәне, жоғары шығыңыз.

— Ә, үкірдай, сіз осында екенсіз ғой, — деген Ешен-Сейіт салқындау сәлемдесіп төрге озды.

Бұл күнде жасы елуге таяп қалған қазірет соңғы жылдары жақсы толысып, өнейін алыпты. Қас-кірпігі қою, үлкен көздері, иірілген орақ тұмсығы мен сопақша жүзіне жарасып тұратын, қысқа тұжырылған, мөлдей қара сақалы кіршіксіз ақ сәлденің фонында тіпті айшықтанып көрінеді. Баяғы әркімнің аузына бір қарап отыратын жалтаң көз, жасық молда емес, үні ажарлы, сөзі өктем. Алғашқы аман-сәлемнен кейін, Демежанға бұрылып:

— Құтты мешіт — құдай үйінің дәл іргесіне келіп отырып, намазға кірмегеніңіз қалай, Демежан мырза? — деп кәдімгідей кінә арта сөйлеп отыр.

Демежан жауап беруге асықпай, мұртының астынан жымиып күлді. «Ал саған керек болса!.. Мұны сынап-мінейтіндер аз еді, енді қазірет келіп қосылды ма?»

— Біз жұмыс басты адамбыз ғой, қазірет. Өне бойы мешітке барып жүрмеген соң, анда-санда төбе көрсеткен не болады? Бірақ көнілімыз хақ, ниетімыз түзу. Сыртта жүрсек те, біздерді бәтихаңыздан тастамассыз, — деген сөз аяғын әзілге сүйеп.

Бірақ қазіреттің оған тоқтайтын түрі жоқ. Тықсырып әкетіп барады.

— Міне, көрдіңіз бе, сіздер күнделікті жұмысты, колдарыңыздағы билікті көлденең тартасыздар. Алайда сіз канша лауазымды болсаңыз да, Ақ патша мен Еженханнан үлкен емессіз ғой. Сол патша ағзамдардың өзі әр жексенбі сайын құдайға құлшылық етуді естен шығармайды.

Демежан осындай қысылшаңда бір ойнақы мінез табушы еді. Сол әдетіне басып, бір ащы мыскыл айтты.

— Бізді Ақ патша мен Еженханға салыстырып қайтесіз, қазірет. Патшалар бір құдайға табынса, оның есесіне, олар өз құзырына миллиондарды табындырып отырған жоқ па. Тіпті солар оқта-текте шіркеуге кіргенде де, жұрт алдында өздерінің ұлылығын сезініп, поптарды шұлғыту үшін баратын болуы керек, — деп лекіте күлді.

Ешен-Сейіт Демежаннын мына сөзінен әлдебір уытты ашуды сезіп, тіксініп қалған. Бірақ райынан қайтар емес:

— Дегенмен, дін жолына бұлай немқұрайды қарауға болмайды, үкірдай әпенді. Былайғы жұрт сіздерге қарап үлгі алады. Ел ағасы, сіздер күлкіге айналдырсаңыздар, кім келеді бұл мешітке?

— Шүкірлік етіңіз, қазірет. Адам баласына алдымен қанағат керек, — деді Демежан, тым асып бара жатқан дін өкілінің өткенін есіне түсіріп. — Осыдан он шақты жыл бұрын, дәл осы Бабалықтын үйінде сізбен алғаш танысканымыз есіңізде бар ма? Сол кезде жағдайыңыз қандай еді? Сіздің қолыңызда мынадай үлкен мешіт түгіл, намаз оқитын баспанаңыз да жоқ болатын... Содан бері сіз бен біз канша жұмыс бітірдік. Мұсылманшылық жолынан аянып қалған жеріміз бар ма? Шамамыз келгенше, осы мешітті түрғызуға ат салыстық. Онын қасынан медресе ашып, қыр елінен бала жинап бердік. Қазір, қалада ғана емес, Төртуылдың өз ішінде бес бірдей мешіт бар... Қалай ойлайсыз, осылардың сауабы құдай алдында менің күнәмды аз да болса женілдетпес пе екен?

Бұған келгенде Ешен-Сейіт тез мойындап, күрт түсіп қалды. Қысылғаны болар, ақсары, сұлу жүзі қызарып кетті.

— Оны білем, Демежан мырза. Мен сіздің ол еңбегіңізді ешқашан умытпаймын, — деді тұтыға, жылдамдата сөйлеп. — Шынын айту керек, ол кезде сіз бен біздің жолымыз өте сәтті түйілісті ғой. Онда сіз, әрине, тек құдай жолын ғана ойлаған жоқсыз, қыр сахараға мешіт салдыру сіздің елді оты-

рыкшылыкка айналдырсам деген максатыңызға дөп келе кетті... Айтыңызшы: сіздің де дәл содан зиян тартқан жеріңіз болды ма?

— Олай деп күнәға батар жайым жоқ. Көшпелі халықтың бір жерге орын теуіп, тезірек тұрақтауына мешіттердің үйткы болғаны рас...

— Міне, көрдіңіз бе, дін исламның адамдарды түзу жолға салғаннан басқа еш залалы жоқ, — деді Ешен-Сейіт. — Жарайды, мешітке келмей-ақ қойыңыз, бірақ, сіз үйіңізде де ораза ұстап, намазға жығылмайды дейді ғой. Сол рас па?

— Рас, — деді Демежан бірден мойындап. — Мен көпшіліктің қамы үшін өз басымды ұмытқан адаммын. Керек десеңіз, бес уақыт намаз оқып, өз күнәмнан арылуға да мұршам бола бермейді. Сіз осыған сенесіз бе?

— Әлбетте. Халыққа қызмет ету, адам баласына жақсылық жасау — ол да сауапқа жатады... Бірақ махшар күнінде әркім өз ісіне өзі жауап беруі керек қой.

— Сіз көктегі құдайды айтып қорқытасыз. Ал мен болсам жердегі халдайлардың әлегінен құтыла алмай жүрмін, — деп күлді Демежан. — Сіздердің де осы дүниеге бет бұрып, адамдарға қол ұшын беретін кездеріңіз бола ма?

— Біздің қузайтынымыз — жалған ісі емес, ақиреттің ісі... О дүниеде қияметтің қыл көпірі, тозақ оты бар. Осыны ұмытпаңыз, үкірдай.

— Амал не, жазмыштың басқа салғанын көреміз де. Бірақ Алла-тағала Маншың ұлықтарындай емес, әділетке қарайтын шығар. Бұл дүниеде күйік тартқан пендесін онда тағы күйдірмес.

— Астапыралла! Мынауыңыз көрінеу күпірлік қой, үкірдай, — деп қазірет жағасын ұстады. — Тез тәубеге келіп, Аллаға жалбарыныңыз...

Демежан бұдан ары қазіретпен дауласып жатқысы келмеді. Айтыса берсе әңгіме ұлғайып, аралары ушығып кететін түрі бар. Оның үстіне, Ешен-Сейіт — Бабалықтың катты құрметтейтін адамы. Арадан от шығып кете ме деп, оның да қыпылдап отырғаны байқалады. Сондықтан сөз аяғын әзілге сүйеп, жуып-шайған болды.

— Кешіріңіз, қазірет. Әлі картайып тұрғамыз жоқ. Мұхаммет Ғалаиссаламға да пайғамбарлық қырық жасында қонған деседі ғой... Осы жолы мына халдайлардың қаһарынан аман

қалсам, өзім де құдай жолына біржола түсейін деп жүрмін, — деп отырғандарды ду күлдірді.

Осыдан кейін бұл тақырыпта сөз болған жоқ. Ешен-Сейіт басқа әңгімеге айналып, қонақасыға сойылған малдың етін бірге отырып жеді де, үйіне қайтып кетті.

Ертенінде Демежан қалаға Әбдірасылды ертіп шығып, бала-шағаға базарлық алып берді де, өзі түске таман жаяу аяңдап, қытай базарындағы Ли-шансыңның үйіне қарай бет алды. Құжынаған қалың адамның арасынан иық қағысып, зорға жол тауып келеді. Қайыршылық, жоқшылық табы бұл көшеден тіпті айқын сезілетін-ді. Айналадан қуырылған жуанның, шіріген шөп-шаламның, зығыр майының иісі шулығып, колқаңды қабады.

Ол көшенің екі капталындағы үйме-жүйме жаймалардың арасынан өтіп, қалтарыстағы таныс үйдің алдына келген. Есік кілттеусіз бос тұр екен, ақырын ашып ішке кірді. Ауыз үйде ешкім жоқ. Тамағын кенеп дыбыс берді. Сол кезде ғана түпкі бөлмеден әлдебір тықыр білінді де:

— Бұл кім? — деген таныс дауыс естілді.

Демежан шиден тоқылған ысырма пердені көтеріп, табалдырықтан аттаған күйі, өз көзіне өзі сенбегендей аңырып тұрып қалды. Жатаған қамыс креслода әлдебір кітапқа үніліп, Ли-шансың емес, соған ұқсайтын біреу отыр. Мұны көріп, орнынан созалаңдап көтеріле берді.

— Ой-я... Демежансың ба? Келгенің қандай жақсы болды! — деді жан дәрмен мұның қолына жармасып. — Жүр, кеңірек жерге шығайық.

Екеуі ауыз үйге шығып, ас ішетін биік үстел басына қарама-қарсы жайғасты.

— Иә, халіңіз қалай? Сізді наукастанып қалды деп естідім бе? — деді Демежан үй иесінің жүдеу жүзіне барлай көз жіберіп.

— Солай боп тұр... Осы көктемнен бері шабағы түскен шаркыш арбадай сыр бере бастағаным.

Ли-шансың сүмдық арып кетіпті. Онсыз да қырым еті жоқ, катпа денесі бұрынғыдан ары қатып-семіп, сіңіріне ілініп әрең тұр. Көк тамыры білеуленген тақыр құйқасы мен катпар-катпар әжім басқан бет-жүзі шытынай жұқарып, болаты қайткан көз жанары шүңірейіп ішіне түсіп кеткен.

— Дәрігерге көріндіңіз бе? Олар наукастың бетін айырған болар? — деді Демежан даусын сергек шығаруға тырысып.

— Дәрігердің қолына түссең белгілі ғой: қайдағы пәленің бәрін үймелетеді, — деп Ли-шансың езу тартып күлген болды. — Олардың сөзіне сенсең, менің ауырмайтын жерім жоқ: жүйке жұқарып, жүрек әлсіреген. Өкпе қабынып, бауырдың қызметі нашарлаған. Санай берсең толып жатыр... Жаң Шулиден хат жазып жіберіп едім, алған екенсің ғой.

— Иә, сіздің ауырып қалғаныңызды содан естідім.

— Сенің қалаға неге қатынамай жатқаныңды мен де сол Жаннан ұғындым. Анаң қайтыс болыпты, қайғыға ортақпын. Өмір деген сол ғой, көзді ашып-жұмғанша өте шығады. — Ли-шансың соны айтып, аз-кем бөгелді. — Иә, өз жағдайың қалай? Дүниеде не болып жатыр?

Демежан сөзді неден бастарын білмей ойланып қалды. Бұрын шешуі қиын небір түйіншекті бірге талқылап, шер тарқатысып, ішкі сырды бүкпей емін-еркін сөйлесетін адамы — осы Ли-шансың еді. Оның өзі мынадай күйге түсіпті. Жайсыз, ұзақ әңгіме қозғасам, ауру адамды қажытып алып жүрмес пе екем деп, аз бөгеліп отырды да:

— Жаңалық көп, Ли-шансын. Шихалдай қыр еліндегі үкірдайларды түгел шақырған екен. Кеше соның қабылдауында болдық, — деді.

— Иә, не айтады? Қазір аймақтың тізгінін ұстап отырған сол ғой, — деді Ли-шансың ентелей түсіп.

— Сіз әлі естімеген екенсіз ғой. Аймаққа жаңа әмірші келе жатқан көрінеді.

— Солай ма! Иә, кім келеді екен?

— Матен-амбы деген Іленің тұрғылықты сібесі дейді. Халдай әулетінен. Күреде әскер бастық болған дей ме? Тегінде, сібелерді мұндай жоғары қызметке қоятын ба еді? Мен осы жағын түсіне алмадым, — деді Демежан.

— Шынында да, қызық екен! — Ли-шансың да ойланып қалды.

— Сонда бізге таза қанды маньчжур ұлығын қимағаны ма?

— Қимағаны емес, жетіспеген шығар, — деді Ли-шансың. — Өзің ойлап көрші: өзінен жүз есе, мың есе көп хань ұлты мен тағы басқа бұратана халықтарды басқару үшін, қанша маньчжур чиновнигі керек? Тіпті аздаған хат сауаты бар маньчжур атаулының қолына түгел таңба үлестірген күннің өзінде де тапшылық етуі мүмкін ғой. Оның үстіне қазір аласапыран,

құғын-сүргін болып жатыр... Сонан соң өздеріне бір табан жақын сібелерге арка сүйемегенде қайтеді.

Демежан біраз жайға осы әңгіме үстінде қанықкандай болды. Қайран Ли-шансың-ай! Аурудан жүдеп-жадап өлгелі отырса да, көкірегі шам жаққандай сайрап түр. Қиян шетте жүріп те, Цин сарайының әр қимылын тамыршыдай болжап, қалт жібермей бақылап отырғаны.

— Е-е, солай деңіз... Сонда Матен-амбы қандай саясат жүргізуі мүмкін? Ол өзінің халдайларына арка сүйейді ғой, әрине?

— Оған сөз бар ма, — деді Ли-шансың ойланбастан. — Тегінде тақ иесі маньчжур әкімдерінен гөрі осындай билік басына кездейсоқ келген кірмелер қиын болады. Олар өз *қожаларына жағыну үшін, әр түрлі қатыгездікке бара береді*... Мәселен, біздің хань ұлтынан шыққан, жақында қызметі өсіп, астаналық өлкенің бастығы болып тағайындалған генерал Юань Шихай, қазір өз халқына опасыздық жасау жағынан, маньчжур билеушілерінен де асып түсіп отыр.

— Демек, Матен-амбы да біздің елге қырсықтан басқа ештеңе әкеле қоймас, — деді Демежан торыққандай төмен қарап. — Ол келе салып, маған тісін батыра ма деп қорқам.

— Қалайша? Сен оны бұрыннан білетін бе едің?

— Жоқ. Жүрегім бірденені сезеді. Матен Іленің тұрғыны болса, ол сөз жоқ, қазақтармен ежелден атысып-шабысып келе жатқан неме ғой. Ой-өрісі де белгілі... Мұнда келісімен осындағы ағайындарының кегін қумас дейсіз бе. Оның үстіне, Дохалдай менің үстімнен шағым жинап, осыдан екі-үш ай бұрын Күлжаға кеткен. Ол да тегін жүрген жоқ, ендігі сондағы ұлықтармен ауыз жаласып жатқан шығар.

— Жалпы халыққа ештеңе істей қоймас. Ал сенің басыңа бұлт үйірілуі әбден мүмкін, — деді Ли-шансың оны қостап.

— Өзіңізге ішкеріден келген хат-хабар жоқ па? Орталықта қазір не болып жатыр?

— Бәлендей өзгеріс жоқ. Ихэтуаншылар дүрбелеңінен кейін, жесір патшайым Цыси Цин тағына қайта келіп орныққан. Ал император Гуансюй байлаулы бұзаудай әлі соның түтқынында отыр. «Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болады» дейтін бе еді қазақтар? Кәрі мыстан Цыси өз өмірін ұзарта түсу үшін ымыраға келіп, реформашылардың кейбір талаптарын қабылдайтын болыпты.

— Демек, сіз бен бізге жуық арада атайын деп тұрған тан жок десеңізші, — деді Демежан баяу күрсініп. — Сіз өткенде тегеуірінді, жас күрескер Сунь-Ятсен туралы үмітті сөздер айтып едіңіз. Олардың әрекетінен де ештене шығатын емес пе?

Ли-шансың казан-аяқ басындағы бір шөлмекке шөп дәрі тұндырып койған екен. Содан орта кесе құйып алып таңдайын жібітті.

— Өзегімді өртеген бір шөл кетпей-ақ қойды, — деді ол шағынғандай болып. — Жаңа не туралы сөз етіп ек? Иә, Сунь-Ятсен жайында екен ғой... Мен жакында ғана оның «Қытай проблемаларының шешімі» деген кітапшасын оқып шықтым. Мұнда ол Цин династиясын аударып тастаудың айқын программасын ұсынады. Мынадай төрт иероглифтен тұратын «Тянь минь у чань» («көктің мандаты да мәңгілік емес») деген сөзді бізде Сунь-Ятсенге дейін ешкім де айткан емес. Ол өзі құрған «Тунмэнхой» ұйымының алдына үш үлкен міндет қойыпты! Маньчжур үстемдігін құлату, республика құру, ел ішінде аграрлық реформалар жасау... Бұл ұйымның беделі казір ішкі өлкелерде күннен-күнге күшейіп келеді.

«Е, бұлардікі де әлі тумаған сиырдың уызындай бірдеме болды ғой» деп, Демежан тағы да марғау тартып, басылып қалды. Бұрын Ли-шансың азаттық туралы осылай төндіре сөйлегенде, бұған Маншың өкіметі қыл үстінде тұрғандай, әне-міне құлайтындай көрінуші еді. «Ашқа тарткан — кешке тартады» деп, ол үміт те құйрығын ұстатпай алыстап барады.

— Цин үстемдігі көп ұзамай күйрейді, оған ешкандай күмәның болмасын, — деді Ли-шансың оның ойын оқып қойғандай. — Оны сен өз көзіңмен көресің. Ал мен, өкінішке карай, сол бір арманды күнге жете алмайтын шығармын Мына науқастың беті жаман, түбі алып жемей тынбас, — деп көзіне жас үйіріліп, мұнайып отырды.

Демежан да оны мазалағысы келмей, бір сәт үнсіз қалған. Ли-шансың әлден уақытта кайта сергігендей болды:

— Әттең, аз уақытка, тіпті бір ғана сәтке жарық дүниеге қайта оралып, сол бір азат елге көздің киығымен болса да қарар ма еді! — деді өңі балбұл жанып. — Міне, менің жасым биыл алпыс жетіге толды. Соның қырық жылын азаттық жолындағы күреске арнаған екенмін. Адам болып жаралған соң, құр ішкен-жегенге мәз болмай, белгілі бір идеялар үшін алысканға жететін не бар бұл тірлікте?! Тіпті сол жолда жан киып,

басынды берудің өзі рахат емес пе. Онда өлім де қорқынышты емес, қайта бүкіл өміріңе мағына беріп, сән кіргізіп тұрады. Шіркін, ер жүрек күрескерлердің алғы сапында жүріп, кеудесін оққа төсеп өлген адамда да арман бар ма екен? Енді, міне, шалғайдағы шағын қаланың бір бұрышында төсектен тұруым мүң болып, аш иттей бұралып жатқан түрім мынау. Ешкімге қажеті жоқ, арам өлім ғой — мұның аты...

— Сіздіңше, адам баласы, міндетті түрде, октан өлуі керек пе? — деді Демежан оның сөзін бөліп.

— Неге? Мен былайғы бейуаз жандарды айтып отырғам жоқ. Әңгіме бұл арада Маншың үстемдігіне қарсы қырық жыл күрескен кәрі қақсал — мен туралы болып отыр ғой, — деді Ли-шансың күйіне дауыстап. — Өзің сенген, әділет деп тапқан күрес жолына бүкіл өміріңді арнай тұрып, соның нәтижесін көрмей кету қандай өкініштi?! Бұл жағынан, маған қарағанда сен бақыттысың, Демежан.

— Қалайша?

— Өз халқынды отырықшылыққа баулып, бір қыр асырсам деп едің, оны орындадың. Абдыра өзенінен жұртқа су әперсем деп едің, әпердің. «Халдайлардың бірінің кеудесіне мініп отырып, айдарын кесіп алсам» дегенді көп айтушы ең, оны да істеп тындың. Бір адамға осының өзі аз жеңіс пе? Шын айтам, сен өз қарызыңнан құтылдың, Демежан!

— «Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы». Біздікі — аскандықтан емес, саскандықтан істелген, құрып кетпеудің амалы да баяғы. Бірақ Маншың ұлықтары соның өзін көп көріп отырған жоқ па. «Айғыр құтырса ат болады, ат құтырса ет болады» деуші еді. Соның кебін киіп жүреміз бе, кім білсін?!

— Пәлі, сол да сөз бе екен? — Ли-шансың қолын сермеді. — Қайта шайқастың шиеленісе түскеніне қуанбайсың ба. Егер мен сен сиякты денім сау, тепсе темір үзетін жас жігіт болсам, күрестен ешқашан шайлықпас едім... Мен жақында орыс жазушысы Максим Горькийдің «Дауылпаз туралы жыр» деген әңгімесін оқыдым. Ғажап дүние!.. Сұрапыл дауылдан тек май басқан гагар үйректер мен шаңқылдақ шағалалар ғана қорқады депті жазушы. Ал шын дауылпаз қырандар сол ұлы сұрапылдың ортасында, найзағайдың қасында жүрмек!

Соны айтқанда, Ли-шансын бір сәт бойын жеңген дертті ұмытқандай, қайта қатайып, жігерлене түсті. Не сикыры барын кім білсін, осы кісімен тілге келсең болғаны, өзімен бірге

сені де еліктірып әкетеді. Өзіңді шарыққа ұстағандай, мұқалған жүзің жетіліп, қайралып шыққаныңды бір-ақ білесің... Егер Ли-шансың олай-бұлай боп кетсе, мұның күні не болмақ? Қаптаған қалың жаудың ортасында сүйенішсіз жалғыз қалғаны ма? Демежан бір сөздің кезегінде өзінің осы мұңын айтып еді, Ли-шансың онысын құптай қоймады:

— Сен неге өзіңді жалғызбын деп ойлайсың? Артыңда елің-жұртың бар... Сол халқыңмен бірге бол! Сен оларға халқадарыңша жақсылық істедің. Олар да сені қорғауға тиіс.

Демежан ұстазына өзге сырын айтса да, өзінше намыс етіп, ел ішінің ала ауыздығын көп шағына бермеуші еді. Бұл жолы да өз жарасын өзі тырнағысы келмеді:

— Мәселе сол етекбасты елде боп тұр-ау. Өз халқыңның құдай сүйер қылығы жоқ, бірақ жақсы көрмей тағы тұра алмайсың... Таяз суда шоршыған балықтай, қорлықпен өткен күн де біздікі, — деп қысқа қайырды.

Манадан бері дамылсыз көп сөйлегендікі ме, наукас адамның сыр алдырып, шаршап қалғаны байқалды. Сонысын өзі де сезген болар, енді Демежанға айтар шаруасына көшті.

— Жаңа айттым ғой, сыркатымның беталысы жаман. Мен, сірә, көп ұзамайтын шығармын, — деді Ли-шансың. — Өзің білесің, менің артымда қалып бара жатқан мұқамал-байлық жоқ. Өмір бойы тірнектеп жазған дүниелерімді жақында екі-үш том етіп түптедім де, Пекиндегі мемлекеттік архивке жолдап жібердім. Дүние бұл қалпында тұрмас. Келер ұрпақтың кәдесіне жарап, біреу болмаса біреудің көзіне шалығар .. Соңан кейінгі менен қалатын мұра — жүздеген том кітап. Көпшілігі — еш жерден таптырмайтын, сирек ұшырасатын кітаптар. Кім көрінгеннің тісі де бата бермейді. Әрі ойлап, бері ойлап келіп, мен сол кітаптарды саған қалдыруды ұйғардым. Сен менің ең сүйікті шәкіртімсің ғой. Егер осы өлкеде менен әлдебір тәлім, із қалса, ол сенің бойында қалып барады. Сол кітаптарды қабыл ал! — деп орнынан тұрып түпкі үйге кіріп кетті де, қолына бір парақ қағаз ұстап қайта оралды. — Міне, ол туралы өсиет те жазып қойдым. Бір данасы сенде тұрсын. Мен көк тәңірісіне сапар шегіп кеткеннен кейін, көлік жіберіп алдырарсың.

Демежан біразға дейін ештене айта алмай, тамағына кептеліп тұрып алған түйіншек тарағанша үнсіз отырды да, тек әлден уақытта:

— Рақмет, қадірлі Ли-шансың. Кітаптарыңызды көзімнің қарашығындай сақтап, сіздей ұстазым болғанын әркез мақтан етіп жүрермін, — деді тебірене тіл қатып. — Жиі келіп, халіңізді біліп тұрармын. Сізбен әлі талай көрісеміз.

Осыдан кейін Демежан қоштасып шығуға айналған. Есікке таман жүре берді де, артына қайта бұрылды. Қалтасын ақтарып еді, күмәжнигінде бір буда кесек ақша жүр екен. Соны алып үстелдің үстіне қойды.

— Мынаны әзірше дәрі-дәрмекке жаратарсыз. Тағы басқа мұқтажыңыз болса, Жаңнан жіберіп тұрармын, — деп Ли-шансыңның сыпайылық көрсетіп, қарсы сөз айтуына үлгертпей, жылдам басып шығып кетті.

Бұл өзіне ұзақ жыл ақылшы-ұстаз болып, өміріне өшпес із қалдырған осы бір зиялы қытай адамымен ең соңғы кездесуі екенін дәл осы сәтте Демежан білген жоқ еді.

III

Майлы мен Жәйір тауларының бір-біріне енгелесе еңкейіп келіп, өзара тұмсық түйістіретін бұл тұсы аласа қыратқа айналып, сүйірленіп барып бітетін-ді. Үрімжі мен Құлжадан шығып, Құлыстайға құлайтын күре жол екі таудың шекарасындағы осы мойнақты басып өтеді. Бірақ сол қатпар-қатпар тау үстіртінің өзі ары-бері өткен атты кісіге бір күншілік жол еді. Осы аралықта Үты және Жаманты аталатын екі бірдей бекет бар. Сол бекеттердің бел ортасында жағасы көк майсалы, көкорай шалғынды боп келетін «Көлденең» атты мөлдір сулы өзен ағып жатыр. Алыс жолдан шаң жұтып, шалдығып келе жатқан мәртебелі ұлықты күтіп алу үшін, дәл осы Көлденеңнен қолайлы жерді іздеп табу қиын.

Күре жолдан сәл бұрыстау бұлақ бойына жақында он-он бес үй тігіліп қалған. Кілең бір шаңқандай ақ үзікті, ою-өрнекті, сәнді отаулар. Сол үйлердің ту сыртындағы көк жасанда жиырма-отыз бие байлаулы тұр. Қазір бұл ауыл ұлан-асыр той дайындығындай қарбалас тірлік үстінде. Жаңағы ақ үйлерден аулағырақ тігілген қараша үйлер маңында мал сойылып, қазан асылып, танауына су жетпей абынып жүрген адамдарды көресің.

Мамырбек төре мен оның ұлы Тұрысбек үкірдайдың бұл жолы ештеңесін аянып қалмай, өздерінше, армансыз бір

көсілгені байқалады. Бұрын үнемі киыр жайлап, шет қонып келген Керейдің өзге жуандары да қала ұлықтарымен қоянқолтық араласа алмай, өздеріне есе тимей қалғанын содан көріп, көптен арманда болып жүретін-ді. Енді, міне, әншейінде қолдары жетпейтін, шақырып келтіре алмайтын мәртебелі ұлықты алғаш күтіп алу абыройы өздеріне тигенін бастарына қонған ырыстай ырымдап, қатты дүрлігісіп қалып еді. Үй тігу, сойыс қамдау, тағы басқа дастаркан жабдығын да ауырсынбай, құлшына, таласа мойындарына алып, аянбай шашылып жатқан. Ұлықтың көзіне түсіп, жақсы танылып, аузын алып қалатын жолымыз осы деп, ұжымдаса, өлермендене кірісіп еді. Сонымен бірге жайшылықта бұл жаққа ат басын бұра бермейтін өзге рудың адамдарына қыр көрсетіп, естерінен таңдырып жіберейік деген үркеппе мақтаншақтық та жоқ емес.

Майлы-жәйірдағы Керей мен Уақтың үкірдай, зәңгі, елубасылары бірнеше күннен бері қонақ күту қамымен осында жүрсе керек. Бұлардың үстіне топ-тобымен алыстағы Мәмбет, Төртуыл, Жұмық кісілері келіп ошарылды. Олардың соңын ала өздерінің тігетін үйін артып, соятын малын айдап, қасында бір топ адамы бар, қалмақ үкірдайы Мадан келіп түсті. Ең соңында, кеше түс әлетінде қала ұлықтары мен халдайларын ертіп, Шихалдайдың өзі де жетіп еді. Әркайсысы өздеріне тігілген бөлек-бөлек үйге түсіп, мына бір салқын самалды көк жайлауда еркін тыныстап жатқан. Ел жуандарының қазір ет пен қымыздан ауыздары босамайды. Олан қалт етсе, әр түрлі қысыр әңгімені, рулар арасындағы дау-шарды ермек етеді. Ат дүбірі естілсе, бәрі күре жол жаққа елеңдеп, хабар күтеді. Осыдан бір көш жердегі Ұты бекетіне арнаулы адамдар қойылған. Ұлықтың төбесі көрінген сәтте, солар тізгін ұшымен келіп хабарлауға тиіс.

Төртуылдан келген қырық-отыз адам екі үйге бөлініп түскен-ді. Қазір Демежан қасында Көксеген, Тыныбай, Берікбол, Ежебай, Әбділда, Мәжен сияқты зәңгі, елубасылар бар. Бірақ солардың бәрі де Демежанның қас-қабағын бағып, онша шешіле қоймай бұиығы тарта береді. Өзді-өзі жеке бөлініп шүйіркелескенде болмаса, жиын отырғанда айтатын әңгімелері жай ауыл арасының ұсақ-түйек күйбеңінен ұзай қоймаған. Соған қарағанда, үкірдайлық мансаптан үміті бар, дәмелі жігіттердің көңіліне тағы да құрт түскені белгілі. Міне, аймаққа жаңа әмірші келе жатыр. Ал кез келген ұлық өз қала-

уынша біраз ауыс-күйіс жасамай қоймайды. Жана әміршінін халдайлар әулетінен екені рас болса, Демежанды қырына ала келетіні айтпаса да түсінікті. Қазір Төртуыл жуандары сыртгай бейбіт көрінгенімен, іштері толған есеп-кисап, теке тірес, аңдысу болатын. Бұлардың бәрі де — дойбы тактасына үнілген сұңғыла ойыншыдай бірнеше жүрісті алдын ала ойлайтындар.

Дохалдайға ілесіп Құлжаға кеткен Байсерке сол ұзақ сапардан әлі оралған жоқ. Бәлкім, ол мына ұлықпен тіл табысып, бірге келе жатқан шығар... Оның да аңысын аңдау керек. Ал Ыскақ болса өз үйірінен бөлініп, қазір халдайлардың қасында жүр. Ол әнеугүні бұларға ілеспей әдейі кейіндеп қалған-ды. Кеше Шихалдаймен бірге келді. Өзі Демежанға ашықтан-ашық қыр көрсетіп, алыстан ойқастап өтетінді шығарыпты. Әлде желдің қай жақтан соғарын сезе ме, қазір аткамінерлер жағы сол Ыскақты төңіректей бастаған. Аулаққа шығып, бас түйістіре қалса, күбір-сыбыр әңгімелері бітпейді... Осыны анық сезген Демежан да «ойбай, мені қолдай көріңдер» деп ешкайсысына жалпуыштай қоймады. Ежелгі паң, сырбаз қалпынан айнымай, қаладан ала шыққан әлдебір қытайша кітапқа үніліп, төр алдында шалқалап жата берді.

Оның есесіне, осында келгелі Демежанды Керей жуандары жиі төңіректеп кетті. Мұның арғы тегі Төртуыл емес, Керей екенін мұндағылардың бәрі білетін-ді. Ана бір жылдары арнайы кісі салып, елге де шақырып көрген. Жақыннан бері сол ниеттерін қайта жаңғыртып жүр. Меркіт, Жастабан, Шеруші руларының басты адамдары кеше мұны орталарына алып, оңаша үйде қонақасы берді. Кейінгі кезде Демежанның басына бұлт үйіріліп жүргенін, Төртуыл ішіндегі күбір-сыбырды бұлар да естіген секілді. Біраз бойлары үйренген соң, Көбен, Отаршы, Шөкібай, Өтегендер өздерінің бұған туыскан екенін ашық айта бастаған. Әсіресе, Демежанмен рулас саналатын, Меркіттен шыққан Отаршы зәңгі бір сөзінде:

— Алыста жүрсең де асылдың сынығы — арысымызсың. «Жалғыз баласы атқа шапса, шешесі үйінде отырып тақымын қысады» демекші, сыртыңнан атақ-абыройыңды естіп, тілеулес боп отырмыз. Сені нағашы жұртында қақпай көріп, бірденеден тарығып жүр демеймін... Бірақ артында ата жұртың — қалың Керей барын ұмытпа. Әлдекалай басына жалғыздық түсіп, сүйеніш, тірек қажет болғанда, мына бізді еске алатын бол, — деп мұны бауырға тартып, өздеріне меншіктегендей болып еді.

Демежан бұл жолы ел басшыларының ықылас-пейіліне тойтарыс жасамай, күле тыңдап, алғыс айтқан да қойған. Өзімен қандас, рулас аталатын адамдардың ортасында болу оған да бір түрлі қызық еді. Сол жерде отырып, басына неше түрлі ой келді: «Ал мен Керей-ақ болайын. Міне, өзіммен рулас кісілердің қасында отырмын. Сонда біздің арамызда қандай жақындық болуы мүмкін? — деген өзіне-өзі сұрақ қойып — Түріміз, мінезіміз ұқсас па? Әлде қанымыз бірдей айналып, жүрегіміз біркелкі соға ма? Немесе ой-пікіріміз, арман-тілегіміз бір жерден шыға ма? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Мыналардың сол біздің елдегі Тыныбайдан, Көксегеннен, Ысқақтан қай жері артық? Егер Керей қаны бірін-бірі магниттей тартып тұратын болса, бұлардың өздері неге ру-руға бөлініп, қырық пышақ болып, қырқысып жатады? Тіпті бір руды қойып, бір әкеден туған ағайынды адамдар неге көрместей болып араздасады? Соған қарағанда, қан, ру бірлігі деген — жай алдамшы түсінік. Адамдарды шын туыстыратын — қандастық емес, мүлде басқа нәрсе. Оның не екенін дәл қазір кесіп айта алмайды.

Әсілі, ру-тайпа дегеніміздің өзі — күнкөріс қамы үшін өзара қауымдасып, бірлікте көшіп-қонып жүрген адамдардың белгілі бір тобы емес пе. Бәлкім, ертеде солай өмір сүру қажет болған шығар. Малын, жерін, қонысын, намысын қорғау үшін қажет. Әр адамды өз бауырына тартатын, ұйып отырған ұлты, меншікті мемлекеті болмаған соң, әркім жеке-жеке, кіші-гірім топқа бөлініп жан бақпағанда, өз құқын қорғамағанда қайтеді? Жік-жікке бөлінген рушылдықтың осы күнге дейін құрымай келе жатқаны да сондықтан... Сол күні өткен ескі тәртіп бұл күнде қазақтың сорына айналып отыр. Алайда бұл халық қашанғы осылай бытырап жүре бермек? Бұлардың да ортақ ұранға шауып, бір тудың астына жиналатын уағы болды емес пе?!»

Дастарқан жиналып, көлденең адамдар тарап, Демежанмен оңаша қалған бір сәтте, Көбен, Отаршы, Шөкібайлар өздерінің ақтық тілегін айтты. Бұлардың қай-қайсысы да ұзақ жыл бойы Мамырбек төремен үкірдайлыкка таласып, бірақ жеме-жемге келгенде, ол әрекеттерінен ештеңе шықпай әбден қажыған адамдар. Соңғы жолы бәрі ұтылай соңына түсіп жүріп, Мамырбекті сүріндіргендей болып еді. Алайда әккі төре есебін тауып, басындағы мансабын баласы Тұрысбекке өткізді де, бұлар тағы да тақырға отырып қалды.

Батыр бітімді, кең, кесек жүзді, бұл күнде шар тартып қалған, қайтпас қайсар Көбен осылардың бәрін тұтанған ызамен баяндай келіп, Демежанға бұрылды да:

— «Өз өлтірмейді, жат жарылқамайды», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», — дейді қазақ. Ауылдағының аузы сасық деп, біз сені ұлтан қыла қоймаспыз. Төреге киған төрімізді саған қимаймыз ба? Қашанғы шетте жүре бересің, өз ортамызға бір оралсайшы. Басыңдағы бағыңмен, мансабыңмен-ақ орал... Дохалдай диюдың айдарын кесіп тұл еткеніңді естігенде, сыртыннан мақтанып, бір дүрлігіп қалғанбыз. Енді бізді мына төбемізде ойнаған төрелердің тепкісінен құткаршы, айналайын. Осы отырған бәріміз бір сенің қызметіңде болайық, хан көтеріп алайық! — деп катты қолқа салған.

Демежан қазақтың жікке, руға бөлінген ескі салтына бүкіл болмысымен қарсы бола тұра, дәл қазір одан тыскары өмір сүре алмайтынын осы арада бірінші рет мойындағандай болды. Бұл елде русыз, иесіз адамға орын жоқ. Сен не Керей, не Төртуыл, не Жұмық болуың керек. Төртуылдар мұны бүгінге дейін құрығанда сол елдің жиені болғандықтан, кешегі Керімбайдың мұрагері атанғандықтан сыйдырып жүр. Ал Керейлер болса, мұның бойында біздің қанымыз бар деп бауырына тартып отыр. Осы екеуінің бірі болмашы, онда сенің аузыңнан сөз орнына алтын саулап тұрса да, ешкім керек қылмайды. Апыр-ай, дүние неткен тар еді?!

Демежан бір ауық өзінің Төртуыл елімен коштасып, Керейге көшіп келе жатқанын көз алдына елестетіп көрді. Тіпті акылға сыймайды екен ғой. Мұның бүгінге дейін бастаған ісі, өсірген жемісі бар емес пе? Оны қайда тастамақ? Күні кеше Керімбайдың өзіне өсиет еткен елін кімге калдырмақ? Аруақты калай аттамақ? Бір басына тыныштық тілеп, халдайлардан қашып келгенде, табатын олжасы төрелермен тіресу ме? Бұл елге әбден бауыр басып, сіңісіп алған Мамырбек онайшылықпен орын босата қояды деп кім айтты? Жиырма жыл бойы жеке билеп келген төренің осында жағынып жүрген жақтастары аз дейсің бе?! Тағы сол тартыс, тағы да ұрыскеріс. . Жарайды, Мамырбекпен майдандасып, ру басылардың көмегімен бұл Тұрысбектен үкірданлықты тартып алсын-ақ. Сонан кейін не болмақ? Төрелерден құтылып, арка басы кеңіген соң, мына отырған ағайындарының кандай

мінезге басатынын кім білипті. Керей ішіне келіп орныккан соң, мұның енді Төртуыл иесі шығып жүрмей ме? Сырттан бас сауғалап келген кірме, сіңбе атануы да мүмкін ғой... Қой, жер ортасына келгенде, байдан шыккан катындай жылы орнын суыту — баскаға жарасканмен, Демежанға жараспас. Тас түскен жеріне ауыр. «Кіммен карайсаң, сонымен ағар», — дегенді де қазақ айтқан. О баста тағдыр маңдайға соны жазған екен, құдайдың баска салғанын не де болса көріп алады.

Осы ойға берік бекіген Демежан өзінен жауап күтіп отырған руластарына бұрылып карады да

— Қане бірге туыс деп, жатсынбай бауырға тартқандарына ракмет, ағайындар. Бұдан кейін бұл елді түбі бірге төркінім, өрде жаткан өрісім деп білермін. Мен үшін бәрің бірдейсің. Нағашы жұрт, ата жұрт деп бөліп жатар елім жок. Егер Керей-Найман мені сыйдырса, менің құшағыма сонын екеуі де сияды... Керейдің ауылына бір түтін келіп қосылғанмен, одан ешкім көбеймес те, азаймас. Бәріміздің де бас еркіміз өзімізде сиякты көрінгенмен, бар билік көкте құдай, жерде ұлықтың қолында. Араларыңызда осыны ойлаған жан бар ма? Әне, алыстан айбат шегіп жана әмірші келе жатыр. Онын кандай қырға салатынын кім білген? Тегінде, Керей мен Найман әркайсысы жеке шауып бәйге алмайды. Бәрі берекебірлікке келіп, қазақ деген бір тудың астына жиналса ғана, ел катарына ілігіп, есеге қолы жетеді. Міне, менің орталарына тастайтын ұраным осы. Мен бір басымды сүйегім — Керей, етім — Төртуыл деп бөлып-жармай-ақ, бәріңізге ортак Демежан болып кала тұрайын да, — деген-ді айналасына жағалай көз жіберіп.

Оның бұл сөзін қостаған да, теріске шығарған да ешкім болмады. Бәрі үнсіз анырып отырып калған. Соған карағанда, мұндай ойды ұғынуға бұлар әлі дайын емес секілді. Айкайласаң жартас та жаңғырығушы еді, мыналардан ондай да жауап қайтпады. Әлде Демежанның қазақ тілінде, адамзат тілінде айтылған ойларын Керей тіліне аудару керек болды ма, әйтеуір, екі жак ұғыспаған, табыспаған күйі тарады.

Қарсы алушылар өздері түскен үйлерде түстік астарын жеп, оның соңын қымызбен жалғастырып отырған-ды. Кенет, сыртта жүрген біреулердің абыр-сабыр дауыстары естілді

— Келе жатыр!

— Күре жолдан бері бұрылды...

— Күймемен келеді. Соңынан ерген нөкерлері бар, — десіп жатты.

Жұрттың бәрі дүрлігіп далаға шықты. Шынында да, пар ат жегілген қоңыраулы күйме кезеңнен асып, тігілген үйлерге таяп қалған екен. Күйме жалғыз емес, соңында сәукілдеп желіп келе жатқан төрт-бес салтатты бар. Бірақ бұлар күткен ұлыққа ұқсамайды. Құйрығын тілерсектен шорт кескен кілең шолақ ат мініп, бастарына едірейген қалпақ, үстеріне сары ала түймелі жасыл бешпет киген салт атты солдаттардың да түрі бөтен... Қоңыраулы күйме салдыртып келіп қастарына таяғанда мәлім болды. Бұл келген — Шәуешектегі орыс консулы Соков болып шықты. Борнеман кеткен соң, оның орнын биыл жыл басында Сергей Васильевич Соков деген біреу басқан-ды. Сонын ұлықты қарсы алуға шыққан беті екен.

Үстіне сұрғылт шұғадан тігілген костюм, басына сол түстес шляпа киген, сақал-мұртын дөңгелете тұжырған, жасы елулер шамасындағы жаңа консул күймеден жеңіл секіріп түсті де, өзін күтіп тұрған қала ұлықтарына қарай бет алды. Қасында қолына имек таяқ ұстап, екі елі қалмай жүрген, көзілдірікті қазақ тілмашы бар.

— Иә, ұлықтан әлі хабар жоқ па? — деді консул Шихалдайға қол беріп жатып. — Сіздер ертпей кетсеңіздер де, мінеки, соңдарыңыздан біз де келіп қалдық.

— Сізді осылай салтанатпен күтіп алу үшін, біз әдейі бұрын келдік қой, — деп мысық мұрт Шихалдай езуі жайылып күлді. — Бірақ ештеңеден құр қалған жоқсыздар, консул мырза, мәре-бел ұлық кешігіп жатыр.

— Мен алдыңғы күні Шәуешектен шығарда, Құлжамен телеграф арқылы тілдескем, — деді Соков. — Олардың жолға шыққанына бір жұмадан асыпты. Бүгіндер осы тұсқа келіп қалуға тиіс.

Ұлықтар консулды ортаға алып, өздері отырған үйге енгізіп әкетті. Манадан демдерін ішіне тартып, үнсіз тұрған жұрт дабырласып қалды.

— Консул келді ғой, енді ұлық та кешіге қоймас.

— Орыстар біледі ғой. Біз сиякты босқа сандалмай, ұлықтың нақ келетін кезінде дәл жеткенін көрмейсің бе.

— Құлжамен бірдеме арқылы сөйлестім деп тұр ғой. Оны-сы не керемет екен?

— Біздің ұлықтарда ондай құрал болмағаны ма? Олар неге алдын ала сөйлесіп, уақытын дәл біліп алмаған? — десіп гу-гу етеді.

— Біздің қалалардың арасында телеграф байланысы жоқ. Ондай хабар Ресейді айналып, Шәуешекке Бақты арқылы жетеді, — деді әлдекім білгішсініп.

Далаға бір шығып қалған соң, жұрт енді ішке кіре қоймай, әр жерде қораланып сөйлесіп тұр. Үй сыртындағы көк майсаға алқа-котан жайғасып жатқандар да бар. Осындай бір әредікте Демежанның қасына Мамырбек келіп, былай таман оңашалай берді. Төренің жасы алпыстан асып кетсе де, әлі ажары таймаған, ақбөрте, толыскан шағында. Неше күннен бері Керей жуандарының Демежанды ортаға алып, құпия кеңес құрғаны оған да жетіп жатқан сияқты.

— Қалай, үкірдай, өз бауырларыңның ортасына келіп, аунап-қунап дегендей, жақсы тынығып жатырсың ба? Біздің ел өте бауырмал, әрі тым қаншыл келеді... Өз арасында қыр-қысып жатқанымен, сыртқа деген сыпайылығы жетеді, — деді әдейі сыр тарткандай болып.

Демежан да көп күттірмей, іле жауап қатты.

— Оған сөз бар ма, Мәке. Керейлер — канша дегенмен, төренің алдын көрген, тәртіпке түскен ел ғой, — деді кекеткені, әлде көпшік тастағаны белгісіз. — Ал мен болсам бұл елге қонақпын. «Қонакта ерік жоқ, май берсе де жей бер» деді.

— Бірақ бұл елдің май асатып отырып, сүйегі мен сіңірін қоса жұтқызып жіберетіні де болады. Абайлау керек, — деп күлді Мамырбек.

— Оны қалай түсіндік, Мәке?

— Өзің де шет-жағасын естіп жатқан шығарсың. Мені бұл ел қажытып болды, — деді Мамырбек шағынғандай. — Осындағы ру басылары өздерінің ата салтынан айни бастады. Бейне менің бесінші атам Әбілпейісті бір кезде он екі Абақ Керейдің игі жақсылары Абылайдан қалап алып, өздеріне хан көтермеген секілді. Содан бері жүз елу жыл бойы бұларды төре билемеген секілді... Олар өздерінше заман озды, заң тозды деп топшылайды Бекер. Заманның да, заңның да сырт қауызы өзгергенмен, дәні сол қалпында. Күн орнынан шығады, ай орнына батады... Керейді төре билесе, қалың қытайды үш ғасыр бойы мәнжу билеп келеді. Төреге қарсы шыққаны — Еженханға келтірген күпірлік екенін біле ме бұл сығырлар?!

Демежан оның сөзін бөлмей, үнсіз тыңдай берді. «Осының бәрін маған неге айтып тұр? — деп ойлады ішінен. — Әлде Төртуылдың түртпегіне шыдамай, ата жұртына арқа тіресе, орнымды тартып алады деп қауіптенгені ме? Менің жолыма кесе-көлденең тұрма, жылы орныңды суытпа, мен тамырымды тереңге жайған адаммын деп күш көрсеткені ме?»

— Өз басындағы жай ғой... Сен түсінеді деп айтып тұрмын, — деді Мамырбек даусын барынша жұмсақ шығаруға тырысып. — «Айлас қатын — мұңдас». Сенің де жағдайыңды естіп жатырмын. Керейдің маған жасайтын доңайбатын сен Төртуыл жуандарынан көріп жүрсің. Жалғыздық, кіріптарлық таңсық болмас саған да... Ит үреді, керуен көшеді. Бір-бірімізге қорғаныш, сүйеніш болып жүрейік. Сенің де, менің де жүгінетін жеріміз — ұлық қой. Сол ұлық алдында жүзіміздің жарық болуын ойлайық.

— Ал ұлыққа жағу үшін не істеуіміз керек? — Демежан мұртының астынан жымиып күлді.

— Білем, сен халдайлармен ұстасып жүрсің. Мына заманда соның қажеті бар ма? Ел-жұрт дейміз. Ертең басына күн туса, сол елдің қайсысы ара түсуге жарайды? Егер қарсы болмасаң, мен сені халдайлармен татуластырсам деген ойым бар... Бұған қалай қарайсың?

Түсінікті. Демек, Мамырбек мұның Төртуыл ішінде біржола орнығып қалуын қалайды екен. Бір-біріміздің жолымызды кесіп өтпей, алыстан сыйласайық. Жыраста жүрсең — досыңмын, жақынға келсең — қасыңмын дегені ғой бұл. Демежан төренін көмейіндегі күлкілден осыны танды. Қырық қалталы, күлбілте есеп-кисапты ұнатпайтын әдетімен, не де болса барды айтып, араларын ашып алуды жөн көрген.

— Айтар ойыңызды анғарғандай болдым, Мәке. Қалағаныңыз береке-бірлік болса, мен де соны іздеп жүрген адаммын. Менен бір қиянат болар-ау деп қауіп ойламай-ақ қойыңыз. Орманның іші шытырман шиырға толы болса да, арыстан жүрген ізбен жолбарыс жүрмейді деген сөз бар... Сіз бен біз жемтік басында емес, жеңіс жолында ұшырассақ нетті?! — деген-ді.

Бұл сөздің астарын Мамырбек те қалт жібермей жақсы ұқты. Қара сұр жүзіне қан жүгіріп, арқасы кеңіп қалғандай болды.

— Міне, бұл білген адамның сөзі. Осылай деріңді өзім де сезіп ем, — деді өні балбұл жанып. — Бірақ ұлықтар жөніндегі сұрағыма жауап бермедің ғой. Халдайларды не істейміз?

— Ұлықтар дейсіз бе? — Демежан қабағын шытып ойланып қалды. — Билік-мансапты айтасыз ғой? Біздің қолымызда сол билік бар ма, өзі? Тақтадағы дойбының тасындай, қазір қайсымызды қайда апарып қоям десе де, ұлықтың өзі шешіп жүрген жоқ па? «Қой асығы деме, қолыңа жақса сақа қой», — дейді екен. Ал біз ұлықтың қолына жаққан, салмақты сақа болғымыз келеді. Үйіргенде алшы түсіп, кенейлердің тобын бұзғанымызға мәз боламыз... Егер билік пен мансап адамға сол үшін керек болса, маған оның күні көк тиын. Соған бола халдайлардың алдында құлдық ұрып, кешірім сұрар жайым жоқ, — деп кесімін бір-ақ айтты.

Мұндай ойды ұғынуға Мамырбек те дайын емес еді. Әр сөздің астарына қанша үнілсе де, байыбына бара алмай, аңырып тұрып қалды. Демежан оның қарымы жете бермейтін алыс киырға тартып кеткендей. Мұның бетіне жапақтай қарап сәл тұрды да:

— Ол жағын өзің біл. Менікі — жай ағалық ақыл ғой... Бір күн де болса қарап отырған ханымыз. Осы ұлықтарсыз күніміз бар ма? — деп сөз аяғын жуып-шайған болды.

Күн екіндіге таман еңкейіп қалған кез болатын. Демежан біраз адаммен үйге кіріп, аяқ суытып отырғандары сол еді. Даладан тағы да:

— Ойбай, келіп қалды! — дескен шу естілді.

«Келетін ұлығы келіп, осы бір мағынасыз сергелдең тезірек тынса екен» деп, Демежан да орнынан көтеріле берді. Далаға шықса, астындағы аты қара терге малынып, ілгеріндікейінді кеткен әлдекім қамшысымен күре жолды нұсқап, көпшілікке самбырлап сөйлеп тұр екен. Бейне ұлықты өзі көтеріп әкелгендей танаурап, жұртты аузына қаратып алыпты. Демежанның ұққаны — ұлық өз нөкерімен Ұтыдан бері шыққан көрінеді. Көп кешікпей осында келіп қалуға тиіс.

Айтқандай-ақ, арада бір шай қайнатымдай уақыт өткенде, күре жолдан ұбап-шұбап бері бұрылған арбалар тізбегі көрінді. Ең алда пар атты, үстіне жасыл березенттен күн қағар күрке тігіп қойған жеңіл фаэтон, оның соңында үлкен доңғалақты, қос-қос атты дашай арбалар. Олардың да үстінде қамыстан тоқылған бойра күркелері бар. Алдыңғыларына адам

отырып, арткыларына бірыңғай жүк тиеліпті. Соған қарағанда, жаңа әміршi бала-шаға, жасау-жабдығымен біржола көшіп келе жатқанға ұқсайды.

Әне-міне дегенше, жолаушылардың алды каз қатар тігілген ақ үйлердің маңына келіп те қалды. Күтіп алушылар екіге жарылып, араларынан үлкен көше жасап, анталасып тұр. Алдыңғы фаэтон арқан бойы жерге тоқтады да, ішінен екі-үш адам түсті. Үстінде сұрғылт түсті, қымбат шұғадан тігілген әскери киімі бар, бойы ортадан гөрі жоғары, дембелше, иықты келген, қысық көз, жуан қара күймеден түскен беті оң колын жоғары көтеріп, көпшілікке сәлемдесу ырымын жасады да, жұртты қақ жарып, төр жақта тұрған халдайлар тобына қарай бет түзеді.

Сірә, бұл елдің неше күннен бері албарынды болып, сарыла күткен мәртебелі ұлығы — осы болса керек. Бір аймақтың әміршісі деген үлкен лауазымды әлі бойына сіңірмегені, әскери формасын шешіп үлгермегені көрініп тұр. Бұрын үнемі үлде мен бүлдеге оранып отыратын Ши-амбыға көзі үйренген жұрт бешпенті тізесіне жетпейтін қара шолақ офицерді көргенде көнілдері толмай, бастабында сәл тосыркап қалған. Бірақ полковник Матеннің олармен ісі болған жоқ. Аяғын кадап басып, төрдегі калың топқа жақындай берді де, оң қолын күн қағарына апарып, калт тұра қалды.

Сол ақ мұң екен, төр жақта каз қатар тізіліп тұрған халдайлар әулеті намазға жығылғандай, ұлықтың аяғын құша төрт тағандап жата-жата кетісті. Маньчжур-қытай салтында бас ұрып, құрмет көрсетудің ең жоғарғы түрі осы. Жаңағылардың қасында тек орыс консулы Соков қана сорайып жалғыз қалып еді. Ол өзінің мына тұрысына ыңғайсызданғандай, жан-жағына жалтандай карап алды да, екі-үш кадам алға шығып, өзін ұлыққа таныстырып жатты.

— Сіздің алдыңызда тұрған — ұлы Ресей империясының Шәуешектегі хұқықты консулы Сергей Васильевич Соков. Цин империясының Тарбағатайдағы төтенше өкілі, губернатор Матен мырзамен жүз көріскеніме қуаныштымын! — деді ол әр сөзін накпа-нақ, шегелей сөйлеп.

Екеуі қол алысып көрісіп жатқанда, халдайлар тобы да орындарынан түрегелген. Олар өз әміршісіне құтты қадам тілеп, сәлемдесу мүмкіндігіне енді ғана ие болып еді. Шихалдай бір адым алға шығып:

— Алыс жолдан шаршап-шалдықпай, жақсы жеттіңіз бе, ұлы мәртебелім? Тарбағатай аймағындағы ер жүрек халдайлар әулеті мен тағы басқа қазақ, қалмақ сияқты бұратана жұрттың өкілдері сіздің алдыңызда тұр, — деді ол да өзінің шіңкілдеген жіңішке дауысын қаттырақ шығаруға тырысып.

Сонан соң қасында тұрған қала әкімдері мен Бахалдай, Кехалдай, Тухалдай дегендерді жағалай таныстырып шықты. Халдайлардың екі езулері екі құлағында. Жаңа әміршіге өз тілдерінде бірдеңе айтып, қауқылдасып жатыр

Міне, осыдан кейін ғана сол қанатта тұрған қазақ, калмақтың үкірдай-зәңгілеріне кезек тиіп еді. Шихалдай қазір баяғы майыскақ, майда мінезін қайта тауыпты. Ұлықтың алдында құрдай жорғалап, әрқайсысының тұсына таяғанда, үкірдайлардың аты-жөндерін айтып, бір шеттен таныстырып келеді.

— Біз қазір қазақтың Керей тайпасының қонысында тұрмыз, ұлы мәртебелім. Мына кісі — сол Керей елінің байырғы басшысы Мамырбек төре. Қасында тұрған — оның баласы Тұрысбек үкірдай.

— Ал мына кісі — Тарбағатайдағы қалмақ-ойрат жұртының билеушісі — Мадан үкірдай...

Қастарына келгенде байқады: Матен-амбы бұлар көріп жүрген маньчжур-қытай әкімдерінің көбіне ұқсамайтын, сақалын қырып тастап, таңқы танауының алдына едірейтіп мұрт қойған кісі екен. Дүрдиген қалың ернінің астынан алтын тістерін көрсете салқын жымиып, үкірдайлардың қолын алған сайын, түс тоқтата қарап өтеді.

— Ал, мына кісі — бұл аймақтың ең байырғы тұрғыны саналатын Төртуыл елінің басшысы — Демежан үкірдай!

Матен-амбы Демежанның қолын ала беріп, оның бетіне шаншыла қарап тұрып қалды. Қанын ішіне тартып, едірейген мысық мұрты жыбыр ете түскендей болды. Өзі қазақша таза сөйлейтін неме екен.

— А-а... Демежан — сіз екенсіз ғой. Танысқаныма өте қуаныштымын, — деді жағы қарысып қалғандай әр сөзін тісінің арасынан сыздықтата шығарып.

Демежан оның сөзін жауапсыз қалдырғысы келмеді. Мұндайда айтылатын ресми тәртіп бойынша:

— Патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженханның елімізге жіберген төтенше өкілін қарсы алып тұрғаныма мен де бақыттымын, ұлы мәртебелім, — деді таза қытай тілінде.

Матеннің бойы Демежанның иығынан ғана келеді екен. «Мынаны карай гөр!» деп таңданғандай, онын жүзіне шалкалап бір карады да, қатарында түрған Шәйіге қарай өте берді.

Осылай ұлықты карсы алу, танысу салтанаты біразға созылған. Кезек әр елдің зәңгі-елубасыларына келгенде, Шихалдай оларды бас-басына таныстырып жатпады. «Мыналар — керейдің игі жақсылары», «мыналар — Төртуылдың аткамінерлері» деп, бөлек-бөлек топтасып түрғандарды қолымен жайқап көрсетті де, Матен-амбыны арнайы тігілген оқшау ордаға қарай бастап жүрді.

Ұлықпен сапарлас болып бірге келе жатқан адамдар тобы да едәуір екен. Матеннің әйелі, ер жетіп қалған ұлы мен қызы, олардың касына ерген нөкерлерінен басқа, шені төмен төрелер, күзет міндетін аткаратын шеріктер бар. Сол адамдардың арасынан кенет Дохалдай мен Байсеркені көргенде, карсы алушылар катты таңырқасып калды. Дохалдай сәл ысылып, жүдеу тартканымен, мерейі тасып, көңілді жүргені байқалады. Желкесіндегі айдары бұрынғыдай ұшасына түсіп тұрмағанымен, қазір өруге жарап, едәуір ұзарып калған. Бір сәт Демежан екеуінің көздері түйісіп калды да, Дохалдай жанарын тез тайдырып әкетті.

Ал Байсеркені бұл кезде Төртуыл жуандары коршап алған-ды. Көксеген, Ыскак, Тыныбайлар оны так бір қажыдан келгендей карсы алып, шұркырасып жатыр... Қазір олар үшін сонау алыс сапардан әміршінін өзімен бірге келген Байсеркеден беделді кісі жоқ. Әлде, өздерінше Демежанға көрсеткен кыры ма, Ыскак бастаған бір топ самбырлай сөйлеп, катты даурығысып түр. Байсерке Демежанға бұрылмады, көрмеген, елемеген сынай танытып, касынан ойқастап өте берді.

Бұл кезде Матен-амбы мен консул Соковты ортаға алған қала әкімдері арнайы тігілген конақ үйге кіріп бара жатқан. Ұлыктар тарапынан ешкім мезіреті жасап шақырмаған соң, әлі сырынғалмаған әміршінің үстіне баса-көктеп кіріп баруға ешқайсысынын батылы бармай, үкірдайлар далада иіріліп калды. Аскак ұлықтың бұларды адам катарына санамай, ертпей кеткені жандарына канша батса да, сырттай сыр бермеген, елемеген болып, әрнені әңгіме етіп тұр. Дегенмен, сол жактан бір хабар бола ма деп, конак үйдің есігіне октын-октын көз тастап кояды... Бір кезде іш жактан Ыскак пен Дохалдай шығып, әлі де Төртуыл кісілерінің арасында түрған Байсеркені

шақырып алды. Үшеуі манағы жүкті арбалардың бірінен түсірген әлдебір сандықты қолдаса көтеріп, конақ үйге қайтадан еніп кетті.

Тек осы кезде ғана мінезі шапшаң Шәйі үкірдай шыдай алмай:

— Қап, бәріміз жиналып, иманын сатқан Ысқақ пен баукеспе Байсерке құрлы болмадық-ау! Ит өлген жерден шабылып алдынан шыққанда, ұлықтан көрген сыйымыз осы ма? — деген намыстан тұтанғандай болып.

— Тіпті итпісің, кісімісің демеді-ау. Келмей жатып кеудесімен басып, таптап өтті-ау! — деп Таңғыт та ширығып тұр.

Демежан өзімен қатты ойнайтын Шәйіге жалт етіп бір қарады да:

— Әттең, құрдас-ай, бала екенсің-ау! Атаң Отыншы өмір бойы осылармен неге алысып өтті дейсің? Жасың қырық беске келгенше соны түсінбегенің бе? — деп лекіте күлді. — Есіктен қашан сүйек лақтырады екен деп тұрамыз ба осылай? Жүріңдер, үйге кіріп отырайық.

— Бізге жүріңдер, бүгінгі қонақасыларың менің мойнымда болсын, — деді Шәйі қасында тұрған үкірдайларға қарап.

Барлығы дабырласа сөйлесіп, ортадағы бос үйлердің біріне бұрыла берген. Бірақ ішке кіріп үлгермеді. Кенет арт жақтарынан әлдекімнің шаңқылдаған, сүйкімсіз даусы естілді. Бұрылып қараса, ұлықтар үйінен шыққан Шихалдайдың шабарманы қолындағы бір қағазды дауыстап оқып тұр екен.

— Мамырбек төре, Керейдің үкірдайы Тұрысбек, Жұмықтың үкірдайы Таңғыт, Мәмбеттің үкірдайы Шәйі, қалмақ үкірдайы Мадан... Сіздерді ұлы мәртебелі Матен-амбы өз дастарқанына шақырады.

Бәрі таңданғандай бірінің бетіне бірі қарады Тізімде Демежанның аты-жөні жоқ болып шықты. Басында жаңсақ естідім бе, немесе шабарман жаңылып айтпай кетті ме деп ойлаған. Жоқ, бәрі ап-анық, қағазға жазылған дүниеде жаңылыс болушы ма еді. Аты аталғандардың бірден еңсесі көтеріліп, Шәйінің де, Таңғыттың да өңдері гүл-гүл жайнап шыға келді. Олар қонақ үйге қарай бет алғанда, Демежан сол орнында жалғыз сопайып тұрып қалған. Шәйі ыңғайсызданғандай арт жағына жалт-жалт қарап, жанағы шабарманға Демежанды көрсетіп, әлденені сұрап жатты. Анау қолындағы қағазға қайта үңілді де, бірдеңе деп басын шайқады ..

Демежан олардың сөзін ақырына дейін күтіп тұра алмады. Қаны ду етіп басына шапты да, ештеңені естімеген, көрмеген күйі теріс айналып жүре берді. Енді бәрі де түсінікті. Матен-амбы мұны тізімге әдейі қоспаған болды. Келе салып кескен алғашқы жазасы, кімді қырына алатынын осы бастан жалпақ елге жариялағаны... Демежан қашан өзі түскен үйге жеткенше, артымнан біреулер дауыстап шақырар, не қуып келер деп дәмеленген. Бірақ іле-шала сондай пендешілікке барғаны үшін, өзіне қатты ыза болып, қызарып кетті. «Бәсе, осылай болса керек еді. Бәсе...» дей берді ішінен.

Енді бұл арада бір минут кідірудің өзі жан төзгісіз азап еді. Бұдан өткен қорлық болмас. Өз үйлерінің қасына келсе, әншейінде сынаптай сусып тоқтамайтын Төртуылдың жуандары, қас қылғандай, түгел осында тұр екен. Барлығы ауыздарын ашып қарап қалыпты... Ақ иық қыран аюмен, не қаскырмен айқас үстінде қапыда қанаты қайрылып, қансырап жатқанда, жарымес жапалақтар мен талапсыз тазқаралар, құлқыны жаман құзғын мен күншіл күшігендер осылай айнала қоршап, таска қонып отырар еді... Мұны аяған, мүсіркеген, таңданған, қыбы қанған, табалаған көп көздер Демежанның өңменінен өтіп кете жаздады.

— Неменеге тесірейе қалдыңдар? Сүйектеріңе баскан қорлық, құлдық таңбасын тамашалап тұрсыңдар ма? «Өзі жарымағанның сарқытын ішпе» деп, сол халдайлармен табақтас болмай-ақ қойдым. Жан алғыш әзірейілім сол болса, Матеннен келген керді көріп-ақ алдым. Тартыңдар аттың басын! — деді ол шабармандарына ақыра әмір етіп.

Күн кешкіріп қалған-ды. Арада жарты сағат өтпей, Демежан ұлықтарға тігілген ақ үйлерді артқа тастап, аттанып бара жатты. Қасында шабарманы Рақымнан басқа Күдері мен Берікбол ғана бар. Төртуылдың өзге жуандары басында қопандап аттарын ерттегенімен, жеме-жемге келгенде бірге жүріп кетуге тәуекелдері жетпей, ұлықтың төңірегінде айналсоқтап қалып қойды.

IV

Іледегі шекара әскерінің полковнигі, Күре бекінісінің бұрынғы бастығы Матен-амбының Тарбағатайға әмірші бо-

лып орныкканына да бір жылдай уақыт өткен. Ол алғаш Шәуешекке келіп, Ши-амбының кілем мен жібекке оранған абажадай кең кабинетіне кіргенде, «осының бәрі өңім бе, әлде түсім бе» деп, өз көзіне өзі сенбегендей мәңгірып қалып еді. Осыдан бірер жыл бұрын ойы түгіл түсіне кірмеген кездейсоқ бақыттан басы айналып, біразға дейін есеңгіреп жүрді де, кенет ұйқыдан шошып оянғандай, өз міндетіне ашқарақтана кірісіп кетті.

Ақыры, ол бірте-бірте ес жинап, осының бәрі көктен түсе қалған бірдене емес, еңбекпен алған үлесім, заңды сыбағам деп, өзін-өзі сендіре бастаған. Бұл жөнінде өзін ақтайтын дәлелдері де жеткілікті еді. Асыл текті маньчжур қанынан жаралмай, сіңбе халық сібеден шыққаны болмаса, бұл да жерде жатқан біреу емес, халдайлар нәсілінен... Мұның арғы тегі Сохалдайлар әулеті шекара күзеті үшін сонау Қиыр Шығыстан көшіріп әкелген сібе жұртының ішіндегі ең білікті адамдардың бірі болатын. Империяның адал құлы, шын берілген жауынгері атанды. Маншың өкіметінің осы өлкеде орнығып қалуына жан-тәнімен қызмет етті Арғы, ертедегі еңбектерін былай қойғанда өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы Іледегі ұйғыр-дүнген көтерілісі кезінде империя үшін қасық қаны қалғанша аянбай алысқандардың қатарында ер жүрек Сохалдай ұрпағы да бар еді. Матеннің өз әкесі мен екі ағасы сол соғыста қаза болды.

Әкесі өлгенде, Матен әлі қабырғасы қатпаған, он бес жастағы жас өспірім бала болатын. Ол кезде қолынан ештеңе келмесе де, көтерілісші-бүлікшілерге деген өшпенділік мәңгі жібіместей, көкірегінде мұз болып қатып қалып еді. Бірақ «жалған ісі ақиретке кетпейді» деген рас екен. Кейін Матен сол қанды кектің қарымтасын неше есе қып қайтарды ғой. Маншың өкіметі жетпісінші жылдардың басында Шыңжаңға қайтып оралғанда, жиырмадағы жас жігіт өзі тіленіп, жазалаушы әскердің сапына қосылған. Матеннің аямас қаталдықпен көзге түскен кезі де осы тұс еді. Не керек, қайқы қылышын көтерілісші дүнгеннің, ұйғыр мен қазақтың қанына армансыз суарды ғой. Кәрі демей, жас демей, тіпті бесіктегі балаға дейін найзаға шанши бергені есінде... Сол жанкешті ерлігі Іле жаңжұнының ілтипатына ілігіп, айрықша алғыска, бағалы сыйлыққа ие болды. Көтеріліс кезінде талауға түсіп кеткен әкесінің жерсуын, тағы басқа иеліктерін өзіне қайтарып алды.

Көп кешікпей Матенді Тяньцзиндегі офицерлер дайындайтын әскери мектепке оқуға жіберген. Ол осында үш жылдай оқып, майор шенімен бітіріп шықты. Жаксы оқыған кабілетті офицер ретінде, ішкі өлкедегі император армиясының құрамында ебін тауып қалып қоюына болушы еді. Бірақ ол өзі туып-өскен Жоңғарияның кең байтақ даласы мен әкесінен калған мол дәулетті қимай, Ілеге қайтып оралды. Бір есептен, сонысы дұрыс та болған екен. Орталықтағы өр көкірек маньчжур офицерлерінің арасында көз түрткі болғанша, мына кең сахарада қонышынан басып, еркін жүргені жаксы емес пе? Кейін ол полковник шенін алды, бекініс бастығы болып көтерілді. Бұдан арғыны өзі де дәметпей, сол жеткен дәрежесінің өзіне шүкірлік етіп, байлық пен мансаптың рахатын көріп жүріп жаткан-ды. Бұлайша аяк астынан басына бақ конып, еңістегі тасы өрге домалайды деп кім ойлаған?!

Содан бері өлкеде талай әкімдер ауысып жатты. Біреулері Матенді қолдаса, енді біреулері мұны қырына алып, шет какпай жасаған кездері де болды. Әсіресе Іледен былтыр ауысып кеткен көрі жаңжүн бұл дегенде қабағы жараспай, кірпідей жиырыла калатыны бар-тұғын. Ол мұны осыдан екі жыл бұрын Бежінге баратын қауіпті сапарға жібергенде, шен алып, шекпен киіп қайтсын деп емес, барса келмеске жұмсағандай баска бір ойда болғаны анық.

Іле жаңжұңы өзіне карасты бүкіл Шығыс Түркістан өлкесінен жиналған алым-салықтың есебінен император сарайына жыл сайын мол сыйлық-сыбаға жіберіп отыратын-ды. Сыйлықтың басы — мың сан сәйгүлік аттар, жәшік-жәшік жамбы, алтын-күміс, асыл тастар болса, одан ары бағалы аң терілері, өз алдына үлкен керуен құрайтын азық-түлік, астық түрінде жалғаса беретін. Сол астанаға жөнелтілетін мол байлық соңғы кезде ішкі өлкедегі ихэтуаншылар көтерілісіне, ел ішіндегі аласапыран жаугершілікке байланысты, бір-екі жыл жіберілмей бөгеліп калған. Жол үстіндегі әр калада бүлік шығып жатканда, мұндай мол қазынаны алмағайып алыс сапарға шығаруға осындағы ұлыктардың жүрегі дауалай коймаған. Бірақ жоғарғы жактан үсті-үстіне бұйрық келіп, сұрау сала берген соң, кідіріп қалған керуенді ақыры жөнелтуге мәжбүр болып еді.

Қандай сайтанның түрткенін кім білсін, алыс та қауіпті сапарға аттанатын керуенді кім баскарады дегенде. Іле жаң-

жұнының есіне Матен түсе кетіпті. Амал жоқ, бұйрыққа бойсұнуға тура келген. Міндет ауыр. Керуен деген аты болмаса, мұның өзі ондаған арба, жүздеген түйеге артылған ұзақ салқар көш еді. Оның сыртында айдап апаратын мыңдаған жылқы мен ірі қарасы тағы бар. Жалпы сомасы миллиондаған лян тұратын осыншама мол дүниенің тізімін Матенге ұстатты да, оны қорғауға елудей ғана қарулы жасақ берді. Не осы байлықты шып-шырғасын шығармай император сарайына апарасың, не сол жолда басынды бересің. Екінің бірі.

Әлде бұған көк тәңірісінің көзі түзу болды ма, Құлжадан көктемде шығып кеткен керуен жолда төрт ай жүріп, қоңыр күз түскенде астанаға аман-есен жетті-ау, әйтеуір. Талай рет қолға түсіп, тонауға да ұшырай жаздады. Кейде жолдағы бүліктің басылуын күтіп, кей бекеттерде апталап жатқан кездері де болды. Дегенмен жырынды Матен жолдағы өкімет орындарынан көмек ала отырып, өлдім-талдым дегенде, Бежінге жетіп жығылған.

Бұл — ихэтуаншылар бүлігі кезінде жесір патшайым Цыси мен император Гуансюйдің бір жарым жылдай бас сауғалап қашып жүріп, астанаға жаңадан оралып жатқан кезі болатын. Император сарайы аяусыз тоналып, соғыста жеңілгені үшін шет мемлекеттерге қисапсыз көп айып төлейтін болып, Цин өкіметінің нағыз күйзеліп тұрған шағы еді. Дәл осындай қысылшаң кезеңде ит арқасы қияндағы Шығыс Түркістаннан осыншама мол қазынаның келе қалуы тағдырдың төтенше сыйындай көрінген. Көктен тілегендері жерден табылғандай, император сарайының разы болғаны сонша, осы керуенді еш пәлеге ұрындырмай аман-есен алып келген ер жүрек офицерді жесір патшайымның өзі қабылдайтын болыпты...

Бұл хабарды естігенде, Матеннің зәре-иманы ұшып, «әй, құрыған жерім осы шығар» деп ойлаған. Өйткені оның қолы таза емес-ті. Әкеле жатқан алтын-күмістен жол-жөнекей қымқырғаны, меншіктеп басып қалғаны бар еді. Сол ұрлығым ашылған екен деп, есінен танып қала жаздаған. Не керек, түбі қайыр болды ғой, әйтеуір.

Сарайдағы қабылдауды Матен өле-өлгенше ұмытпайды. Шалғай түкпірде туып-өскен қарапайым халдай ұлының император сарайынан бір-ақ шығуы, шынында да, адам айтса нанғысыз, таң қаларлық жағдай еді. Әтек құлдардың бастауымен салтанатты сарайдың табалдырығын аттағанда, Матен-

нің есі шығып, көзі ештенені көріп жарытпады. Әйтеуір, алтын такта әлдекімнің отырғанын біледі. Өзінің сол тұска таяу барып, етпеттеп жығылғанын біледі. Жан дәрмен мандайын үш мәрте жерге тигізіп, бір заманда сүлдесін сүйретіп түрегелген... Сонда ғана байқады: жесір патшайым небәрі бес-алты қадам жерде бұған мейірлене қарап отыр екен. Жасы жетпіске таяп қалды дейтін емес, бет-ажарында бір тал әжім жоқ, ұзаса қырықтағы әйел сиякты. Матеннің абдырап сасканын қызық көрді ме, әлде мұның келіскен, төртпақ тұлғасына қарап, мұндай еркекті құр жібермейтін өзінің жастық шағын еске түсірді ме, жесір патшайым сәл жымиып күлді. Сол жылы шырайын бұзбай, керуеннің Шығыс Түркістаннан қашан шыққанын, жолда қарақшылардың қолына түсіп қалмай, алыс жерден қалай жеткенін сұрастырды. Матеннің әскери шенін, қандай қызмет аткарып жүргенін де тәптіштеп біліп алды. Сонан соң мұның бетіне қадала карап аз отырды да:

— Саған алғыс жариялаймын, полковник, — деді баяу тіл катып. — Сенің бұл еңбегіңді император сарайы әркашан ескеретін болады. Сен сиякты Цин тағына шын берілген адал жауынгерлердің астанада ғана емес, шалғайдағы Шығыс Түркістан өлкесінен де табылғаны өте сүйсінерлік, — деп сәл бөгелді де, қасында өмір күтіп тұрған көмекшілерінің біріне бұрылды: — Бұйрық жаз: полковникке бүгіннен бастап Уан атағы берілсін. Және Шығыс Түркістандағы бір аймакка амбань болып тағайындалсын!

Мәңгі естен кетпейтін, бас-аяғы он-ақ минутка созылған осы бір сәт Матен өмірінің ен биік шыны еді. Шіркін, адам қолында шексіз билік болу деген қандай ғажап!.. Так құдырет деген осы екен ғой. Жесір патшайым бұған бір ауыз сөз айтып, сикырлы таякшасын сілтеп қалып еді, бұл карапайым халдай ұлынан — уанға, катардағы полковниктен — амбаньға айналды да шыға келді...

Сөйтіп, Матен былтыр жыл аяғында астана сапарынан осындай мол олжамен оралған. Жесір патшайым Цысидың бұйрығын ешкімнің өзгертуге қақысы жоқ. Бұл енді бірден жоғарылап, Шығыс Түркістанды уысында ұстап тұрған жаңжұннан кейінгі үш губернатордың бірі болуы керек. Матен, әрине, Тарбағатайды тандады. Осы аймакты отыз жыл билеген Ши-амбыны жылы орнынан қозғаған да — сол жарлықтың дүмпуі болатын. Сөйтіп, Матеннің баккүндестері оның

көзін құртамыз деп жүріп, төбелеріне қалай шығарып алғанын өздері де аңғармай қалды.

Матен-амбы жаратылысынан әскери адам болғандықтан, бұл аймақтағы алғашқы жұмысын армиядан бастады. Қала гарнизонын қайта құрып, оларды тегіс осы заманғы от қарумен жарақтандырды. Ши-амбы тұсындағы кәрі-құртаң, иі жұмсақ офицерлерді ауыстырып, олардың орнына жігерлі, жас командирлер тағайындады. Жыл сайын әскери дайындықтан өтіп қайтатын сібе-солан, калмак-чахар жастарының биылғы жаттығуын да өз қолына алып, қатаң тәртіпке салды.

Ол аймақтағы толып жатқан мекеме-кеңселерді де қайта қарап, олардың санда бар, санатта жоқ, керексіздерін қысқартып, оның орнына жаңа кеңселер құрды. Солардың бірі — мемлекет қауіпсіздігін қорғайтын басқарма. Оның өзі қазір қол астында жүздеген жансызы, мыңнан астам іріктелген жазалаушы әскері бар, өте пәрменді, беделді мекемеге айналған. Бұл тәртіпті ол өткен жылы ішкі өлкелерден көріп, көніліне түйіп қайтқан-ды. Бұдан былай өкімет жұрттан түсетін арыз-шағымды, дау-шарды ғана күтіп отырмайды, ел ішінде не болып жатқанын күнбе-күн еститін болады. Бұл Маншын империясында «баужа жүйесі» деп аталады. Баужа — үлкен қалаларды ғана емес, әр ауыл, әр шаңыраққа дейін қамтитын, жан-жаққа тармақталып жатқан өрмекшінің торы тәрізді өте күрделі нәрсе.

Оны қазақ ортасына әкелгенде, былай болып шықты: ру басылары өз қарамағындағы әр ауылға, ауыл ақсақалы қонсы отырған әрбір шаңыраққа, отағасы өз үйінің әрбір адамына жауап беруге тиіс. Кімде-кім заңға қайшы қылмыс істесе, не өкіметке қарсы сөз айтса, қасындағы кісі тиісті орынға қолма-қол мәлімдеуі керек. Оны істемесе, сол қылмыскердің жақтасы, сыбайласы ретінде ол да қоса жауапқа тартылады. Сөйтіп, бір сөзбен айтқанда, Баужа жүйесі — адамдарды бір-біріне аңдытып қойған жансыздардың ұясы секілді бірдене еді.

Бала жасынан Іле өніріндегі қалың Қызайдың, Албан-Суанның арасында арбасып өскен Матен-амбы қазақтың тілін ғана емес, тұрмыс-салтын, мінез-құлқын да жақсы білетінді. Тарбағатайдағы ел өмірімен таныса келе, мұндағы жұрттың Іле қазақтарынан ешқандай айырмашылығы жоқ екеніне көзі жетті. Жаратылысынан сөзге үйір, өсек-аян десе құлақтары еленделп тұратын мұндай елдің арасына жансыздар мен сал-

паң құлақтарды күпінің битіндей өргізіп жіберу тіпті де қиын емес еді. Әншейінде бірінің үстінен бірі арыз жазып, бірін-бірі мұқатып, қырқысып жүретін казекен өрмекшінің торына тіпті оңай шырматылды. Қазір мүлде рахат: сонау шалғайда жаткан әлдебір ауылда әлдекім қаттырақ жөтеліп қойса да, жансыздар арқылы Матеннің құлағына күнбе-күн жетіп жатады.

Осы жұмыстарды түгел тындырып, ретке салып алғанша, Матен-амбы бір жыл бойы қаладан аттап шықпады. Қыр елін билеп отырған үкірдай-зәңгілердің де ешқайсысына соқтықпады. Ұлық үндемеген сайын ел жуандарының одан арман үрейі ұшып, қаупі күшейе түскен. Өзара бәстескендей кезек-кезек тарту-таралғыларын әкеліп, әміршінің көмейін тығындаумен жүр. Ежелден ішіп-жеп үйренген Матеннің өнеші де өлшеусіз кең еді. Алдына келгенін қайтармай, тамағыма қылқаны кетер деместен, алтын-күміс, асыл жамбыны, төрт түлік малды үйір-үйірімен қылғытып жұта берді... Матен осында келгелі Мамырбек төремен майлы қасықтай араласып кеткен. Сол Мамырбектің ақылымен, Майлының күнгей бетіндегі Майқабақ деген жерден қыстау салдырды да, былтырдан бері жиналып қалған көп малды сол жаққа апартқызып тастады. Бұл жер әрі көзден таса, әрі Құлжа мен Үрімжі базарына мал айдатып тұруға өте ұрымтал еді...

Жаңа әміршi күндегі әдетінше бүгін де кенсеге ерте келді. Ол жақында ғана Шихалдайдың кіші қызы Маху сұлуға үйленген. Жергілікті маншың төрелері өз әйелінен басқа тағы үш канизак ұстауға ерікті болатын. Шар тартып қалғандікі ме, қазір Матенді өзге жұмыстан гөрі сол жас канизактар көбірек титықтатып жүр. Оның үстіне, Маху деген де бір желімдей жабысқан, тойымсыз пәле, шырмауықтай оратылып, қансөлінді сығып алады. Бүгін де әміршінің жүзінде сондай бір жан рахатынан туған бақытты шаршау бар.

Бұл күнде Матен-амбы бұрынғы әскери формасын тастап, байырғы Маншың ұлықтарынша, жібек камзол, көлкілдеген жібек желең киетін болған. Асықпай маңғаз басып келіп, өз орнына жайғасты да, көмекшісіне ішке ешкімді кіргізбеуді бұйырып, үстелінің үстінде жаткан әлдебір папкаларды аударыстыра бастады.

Былтырдан бері Матен-амбы Баужа жүйесі арқылы қазақтың аткамінер ру басылары туралы мол-мол материал топ-

тап, олардың кісілік калпын, мінез-құлқын түгел анықтап болған-ды. Кім коркак, кім батыр, кім жомарт, кім сараң, үкірдайлардың елі ішіндегі бет-беделі кандай, өкіметке шын беріліп, адал қызмет істейтіні кайсы, кімнің ішінде қыжыл, карсылық, бүкпе бар — осының бәрі қазір әмиршінің алаканында. Рулар арасындағы дау-шар, өштік, араздықты да зейін коя зерттеп, тәптіштеп біліп алған. Үкірдайлар мен зәңгілердің әркайсысына жеке-жеке ашылған папка бар. Матен-амбы қазір соларды карап отыр.

Сол папкаларды өзара салыстырып, салмақтап келгенде, «бізге керек адам» деп, ең алдымен бөліп алғаны — Мамырбек төре болды. Иә, Мамырбекке сенуге болады. Арғы тегі — ақсүйек, хан тұқымынан... Олар қашанда көне тәртіпті жақтайды. Баскалар сияқты төрелердің арт жағында тіреп тұрған рулы елі, корғаныш тірегі жок, өз үстемдігін сақтап калу үшін амалсыз өкіметті жағаттайды... Ал Керейдің өзге ру басылары онымен өмір бойы билікке таласып келе жатқан көрінеді. Мейлі, талассын, алыссын. Мамырбектің де мазасын май ішкендей кетіріп, үнемі қыл үстінде кыпылдатумен болсын. Оларды да есек дәмемен емексітіп кою керек. Қазақтың айдай алмай жүрген көп малын аяйсың ба, сайлау сайын ұлықтың көңілін табамыз деп, шашылсын да жүрсін. Ал шынтуайтка келгенде, бізге керегі — төре тұқымы. Олар бағынышты жұртын қалай бір шыбықпен айдаса, өзінен жоғарғы ұлыққа да қалай жағынуды біледі...

«Демек, дәл қазір бізге Керей ішінен төрелерден қолайлы одактас табу қиын» деп, Матен сыртында «Мамырбек — Тұрысбек» деген жазуы бар папканы былайырақ алып қойды.

Оның астында жатқан екінші папканы колына алып еді, бұл әкелі-балалы Енсе мен Таңғыт туралы анықтамалар екен. Енсе — Жұмықтың тұңғыш үкірдайы, Меккеге барып келгелі Енсе қажы атанады. Осы беттегі Жұмықтың басын құрап, Еженханға бағындыру жөнінде көп еңбек сіңірген адам. Кейінгі кезде үкірдайлығын баласы Таңғытка өткізіп, өзі үйінде құдай жолын ұстанып жатқанымен, ел ішіндегі беделі арта түспесе кеміген жок... Ал Таңғыт жас болғанымен, өзінің өлер жерін білетін, өкіметке қарсы ашық айқаска бармайтын, қазақ үкірдайларының ішінде аса айлалы, сақ жігіт. Сірә, атадан балаға жалғасып келе жатқан бұл кішкентай династияны да әзірше козғамай, орнында калдыра тұрған жөн болар.

Папканы аударыстырып отырған Матеннің көзі кенет әлдебір қағазға түсіп, мұртының астынан жымиып күлді. Енсе билікті баласына өткізерде мынадай өсиет айтыпты: «Ел басқару деген оңай емес, балам. Оған байлық пен қара күштен басқа, ақыл мен айла да керек. Тұтас Жұмықты уысымда ұстаймын десең, Қошқарбайдың ұрлығын тыям деп әуре болма, Мәметектің екі жақсысының басын бір жерге қоспа, Шотай мен Әлмәмбеттен дастарқанынды аяма. Сонда қалмақпен іргелес отырған Саты мен Қараша өзі-ақ келіп қолтығына тығылады» деген екен... Өз елінің аужайын түйіп болған, рулардың тамырын дәп басып біліп отырған, нағыз тіскаққан адамның сөзі ғой бұл. Мейлі, Таңғыт та орнында қала тұрсын. Әкесінің өсиетін орындап, өзінің Мәметек, Қошқарбай, Шотайымен аңдысып жүре берсін.

Келесі папка Мәмбеттің қазіргі үкірдайы Шәйіге арналған еді. Шәйі — бұл елдің үшінші үкірдайы. Басқалар сиякты тұқым қуалаған династия емес. Бүгінге дейін билік Мәмбеттің екі жуан руы Тоғалақ пен Туматайға кезек ауысып отырыпты. Шәйінің атасы Отыншы би — осыдан қырық жыл бұрынғы дүнген дүрбелеңі кезінде Цин өкіметіне қарсы қолына қару алып күрескен кісі. Ал мұндай адамның ұрпағы билік басына қалай келіп жүр? Матен ойланып қалды. Шәйіні үкірдайлыққа көтерген қәрі тарлан Ши-амбының басында қандай есеп болды екен? Әлде күшігінде таланған, жазықты адамның баласы енді қайтып бас көтермейді, жалтақ, жасық болады деп ойлады ма? Кезінде солай қаралуы да мүмкін-ау. Демек, кезінде өкіметке қарсы оппозицияда жүрген адамдарды осылайша бауырға тарту, көңілін аулау керек болған ғой... Ал Шәйінің өз басы былай жаман жігіт көрінбейді. Ійі жұмсақ, елгезек адам сиякты. Өзінің қолы да ашық екен: әр жолы қалаға келген сайын «отырған орныңа көрімдігім, келген жолыңа ерулігім» деп, сый-сыяпат ала келуді ұмытпайды... Дегенмен, оған онша сеніп те кетпей, әр қадамын аңдып отыру керек болар.

Келесі бір папкаға көзі түскенде, әміршінің қабағы күрт түйіліп, ауруы жанына батқан адамдай тыжырынып қалды. «Бұлардың бәрі де ештене емес-ау, басқаларының жарасы жеңіл. Бәрінен де мына Төртуылдың үкірдайы Демежаннан құтылу қиын боп тұр-ау» деп ойлады Матен, әлдебір жарылғыш затты ұстағандай әлгі папкаға қолын еппен апара беріп.

Бұл папка басқаларынан гөрі қомақтылау еді. Демежанның өмірбаяны да қызық: Өзі таза Төртуыл емес, бұл елге жиен екен. Төртуылдың тұңғыш үкірдайы Керімбайдың карындасынан туыпты. Әкесі Керей ішінен шыққан бір бұзақы көрінеді. Баяғы көтеріліс кезінде өкіметке қарсы қылмысы үшін жазаға тартылған... Демек өкіметке қарсылық оның қанында жатыр деген сөз... Бірақ өзі қаршадайынан Керімбайдың тәрбиесінде өсіпті. Кейін Ши-амбының қолында аманатта жүріп оқыған. Қытайша жақсы біледі. Ши-амбының еркесі, ең жақын көмекшілерінің бірі болыпты. Керімбай өлген соң, Төртуыл жуандарының қарсылығына қарамай, үкірдайлыққа соны күшпен бекітіп жіберген. Сол үшін ру басыларының көбі Демежанға өш. Өз үкірдайларының бойында Керейдің қаны жартылай тулап жатқанын кешірмейді.

Бірақ өзін қанша сыртқа тепсе де, Демежан бұл елден қасарысып кетер емес. Өз руластары — Керейлер неше дүркін кісі салып, «ортамызға кел, Мамырбектің орнын алып берейік» деп қанша шақырса да бармаған. Өз дегені болмаса ырыққа көнбейтін, бір беткей, өр мінездің адамы... Ел ішіндегі ру жігін мансұқ етіп, өзінше қазақты бір тудың астына топтағысы келеді. Бірақ онысынан әзірше ешбір нәтиже шықпапты... Ал көшпенділерді отырықшылыққа үндеп, егін салуға баулығаны жеміссіз емес. Қазір тау өзенінен тоған тартып, қазақтар да егін еге бастаған. Халдайларға қаны қас. Осыдан екі-үш жыл бұрын, Абдыра аңғарындағы су таласы кезінде Дохалдайды күшпен басып отырып, айдарын кесіп алған. Демежанның халдайларға бұлай өшігуі жайдан-жай емес, оның ар жағында Маншың үстемдігіне деген зілді қарсылық жатқаны өзінен-өзі түсінікті.

Жансыздардың астыртын мәліметі бойынша, Демежан жүрген жерінде тым кесек сөйлейтін көрінеді. Маншың өкіметінің күні санаулы екенін, ендеше империяның итаршысы халдайлардың да үстемдігі көп ұзамай құлайтынын шаршы топтың алдында бірнеше рет қайталап айтыпты... Сонда оған не жетпейді? Ши-амбыдай мәртебелі ұлықтың тәрбиесін көрген, мансап-биліктен кенде емес, аукатты бай адамның бойындағы мұндай мінезді қалай түсінуге болады? Демек, Демежан мемлекеттің ішкі-тыскы жағдайынан мол хабардар деген сөз. Ол жалғыз емес. Оның сауатын ашып, өкіметке қар-

сы айдап салып, желіктіріп жүрген тағы біреулер бар... Ол кім сонда? Саяси қылмыстары үшін ішкі өлкеден жер ауып келген бұзақылар болушы еді. Әлде ішкеріде быксып жаткан өрт ұшқынын әкеліп, әр жерге от тастап жүрген — солардың ісі ме?

Матен-амбы осы сұрақтың шешуін тапканша тыным көрмей, жансыздар арқылы Демежанның қала мен даладағы байланысты адамдарын түгел сүзіп шыққан. Ақыры жіптің ұшығы шықты-ау бір жерден. Қалың шиырдың арасынан соқыр сүрлеудің сорабы мен мұндалап көріне кетті... Демежан гимназияда оқып жүргенде, саяси сенімсіздігі үшін ішкі өлкеден Шығыс Түркістанға жер аударылған Ли-шансың деген біреуден сабақ алыпты. Сонан кейін де бұлар ұстаздық-шәкірттік байланысын үзбей, ұзақ жыл достық қатынаста болған. Екеуінің жақындығы сонша, әлгі Ли-шансың өлерінің алдында өзінің өмір бойы жинаған том-том кітаптары мен жасырын жазбаларын, басқа біреуге емес, Демежанға қалдырыпты. Анықтай келгенде, оның жалғыз Ли-шансың ғана емес, ішкеріден жер ауып келген басқа да қытай босқындарына бүйрегі бұратыны мәлім болды. Саяси жағынан күмәнды, ағайынды Жаңдардың үй-ішін өз зәйімкесіне көшіріп апарып, ұзақ жылдан бері ұстап отыруы да — соның бір дәлелі.

Демежанның заңға сыймайтын іс-әрекеті туралы Матен-амбы мұнда келмей тұрып-ақ естіген. Оның үстінен ұлыққа шағым айта барған Дохалдай мен Байсерке Құлжада жүрген кезінде де, кейін ұзақ жолда сапарлас болған шақта да мұндағы жағдайды екі жақтап, құлағына құйып болған-ды. Демежан туралы даттау сөздерді көп естігені сонша, Матеннің көз алдына әлдебір күбыжық елестеген. Алғаш рет Демежанды Майлының кезеңінде көрді ғой. Былай барлап караса, ондай қорқынышты ештеңесі жоқ, түр-тұлғасы келіскен, аса ажарлы қазақ екен. Кеудесін ешкімге бастырмайтын өр екені, тәкаппар екені байқалады... Сол жолы ет қызумен бұл оның қырын сындырмақ болып, әрі сынап көру үшін, басқа үкірдайларды дастарканға шақырғанда, Демежанды әдейі қалдырып кетті. Онысы ұшқарылық болды, әрине. Жауды бірден секем алдырып, үркітудің қажеті жоқ еді. Демежан, бұл ойлағандай, аяғына жығылып, жалбарынған жоқ, өзінің қайтпас қайсарлығына басып, тамам елдің көзінше мұны жұртқа тастады да жүре берді.

Бұл Шәуешекке келгеннен кейін де: «Демежанды колға алып, абақтыға жабыңыз. Тіпті болмаса үкірдайлығын тартып алып, биліктен тайдырыңыз» деп қолка салушылар аз болған жоқ. Демежанға қаны қас халдайлар да, үкірдайлықтан дәмелі онын өз руластары да топ-тобымен келіп, осындай тілекті көп айтқан. Бірақ Матен-амбы асықпады. Демежанның сары ізіне түсіп, бүкіл қылмысын жіпке тізіп алғанша, ешкімге тіс жарып, сыр бермеді. Өйткені әміршінің көздегені оны мансаптан тайдырып қана қою емес, реті келсе империяның жауы ретінде, көзін біржола құрту болатын. Тек, сонын шартын әлі де болса толтыра түсу керек... Түлкінің қызылдығы — өзінің соры. Қайта, Демежанның әзірше билік басында жүре тұрғаны жақсы. Бақталастарының күндестігін қоздырып, ру басшыларымен арасы әбден ушығып, түзелместей асқына берсін. Қазақтың сыры белгілі ғой. Бір күні өздері-ақ келіп, «мына Демежаннан бізді құткара гөр» деп жалынатын болады.

Матен-амбы папканың ішіне тігілген әр түрлі қағаздарды аударыстырып ұзақ отырды. Былай ойлап қараса, Демежанға деген тор жайылып, тұзақ құрылып болған екен. Енді тек орайы келгенде жіптің ұшын саумалай тартып, шырмап жығу ғана қалыпты. Төртуыл жуандарын іске қосатын, осындағы үкірдай-зәңгілердің қолымен от көсейтін кез келген сияқты... Ол алдында жатқан шымшық торғайдай ғана жез қоңырауды қақты да, есіктен бас сұққан көмекшісіне:

— Маған Шихалдайды шақыршы, — деді қыска бұйырып.

Көп кешікпей ішке аяғын мысықша басып, Шихалдай кірді. Ол қазір де осындағы бас халдай саналатын. Әміршінің алдына келіп, сәл иіліп тәжім етті де, таяу тұрған орындыққа жайғасты Бұрынғы Ши-амбының кезіндегідей емес, өзін қазір еркінірек сезінеді. Билік басында құлағына қыл апартпайтын маньчжур бекзадасы емес, өз ұяласы — халдай әулеті отыр. Ал биыл әміршіні өзіне күйеу бала етіп алғалы, оның мерейі тіпті тасыңқырап жүрген.

Өз ойының әсерімен ширығып отырған Матен сөзді ұзаққа созған жоқ, бірден іске көшті.

— Егер Демежанды орнынан түсірсек, Төртуылдың үкірдайлығына кімді лайық көресіз? — деді ол қайын атасының жүзіне барлай көз жіберіп.

Осы әңгімені Шихалдай да көптен күтіп жүрсе керек, бірден елең етіп, бойын тіктеп алды.

— Иә, дұрыс айтасыз, ұлы мәртебелім. Ол қарақшыны алшаңдатып қоймай, аяғын аспаннан келтіретін кез жетті, — деді қиық көзі шоқтай жайнап. — Егер біздің ісімізге шын берілген, елгезек адамды іздесек, ол орынға Ысқақтан дұрысы болмас.

— Ысқақ дейсіз бе? — Әміршінің қабағы түсіп, көңілі толмай қалғаны байқалды. — Ол тым ұшқалақ, әрі өз еліне сүйкімі жоқ жігіт қой. Бізге дәл қазір ел ішінде беделі бар, орнықты адам керек. Тағы кімдер бар? Еске түсіріңізші.

Шихалдай ойланып қалып, бірнеше зәңгілердің атын атады. Олардың ішінде Көксеген, Тыныбай, Берікбол, Түсіптер бар еді.

— Осылардың арасында жуан атадан шыққан, басқаларды соңынан ерте алатын біліктісі, әсіресе, Демежанға тісін басып жүргені қайсысы?

— Бұлардың жуан атадан шықты дейтіндері — Көксеген мен Тыныбай ғой. Үкірдайлық орыннан дәметіп, Демежанмен тайталасып келген де — сол екеуі. Тыныбайдың руы — Жауғаш. Сол жағынан ептеп солқылдақтық жасайтыны бар. Бірақ бұларда бәтуа жоқ қой. Үкірдайлықтан үміттендірсеңіз. Демежаннан бір-ақ күнде тайқып шыға келуі мүмкін, — деп Шихалдай мардамси күлді.

— Онда сол екеуінің біріне тоқтармыз, — деді Матен. — Демек, жаңағы атаған зәңгілеріңіз Демежанның үстінен шығарылған үкімге қол қойып, мөрлерін басады ғой?

— Оған күмәнсіз болмасын, ұлы мәртебелім. Демежаннның өз руы Керей екенін білесіз. Төртуыл жуандары өз тізгіндерін жат қолына ұстатып қойғанын сүйегімізге түскен таңба деп, қатты қорланып жүр... Ал Ысқақ пен Байсеркенің Демежанды атарға оғы жоқ.

— Байсеркенің де сүттен ақ, судан таза болып тұрғаны шамалы-ау. Оның өзі барып түрған барымташы, баукеспе ұры екен ғой...

— Ол рас. Бірақ онын ұрлығынан қазақтардың өзіне болмаса, өкіметке келетін зиян жоқ... Байсерке — атқан оқ, суырған қылыш. Ол кез келген уақытта біздің қажетімізге жарауы мүмкін.

— Жарайды, Байсерке де, Ысқақ та біздің назарымызда болады, — деді Матен-амбы орындыққа шалқая түсіп. — Жаңағы зәңгілер таяу күндерде менің алдыма келетін бол-

сын. Тек жұртқа дабыра қылмай, елеусіз әкелiп, жеке-жеке жолықтырыңыз.

— Түсіндім, ұлы мәртебелім.

Шихалдай осыдан кейін көп бөгелмей, өзінің мысық табан, майда жүрісімен есіктен шығып кетті де, Матен-амбы әзірше өзіне ғана белгілі құпия жоспарын ойлап, өз орнында отырып қалды.

V

Ел жайлаудан түсіп, күзекке келіп қонғанына да бірталай уақыт болған. Шөп сарғайып, ши шашағы, селеу басы қуаң тартып, айнала төңірек сұрғылт-сары түске еніпті. Аспан айдынындағы ұзақ сапарын қысқарта түскен күн көзі де қазір қайырлаған кемедей қиыстау жүзетін болған. Дала төсінде бұрынғыдай шегіртке шырылдамайды, көбелек ұшпайды. Ертеден кешке дейін жағы бір сембейтін әнші торғайлар да жыр төгуін тоқтатқан. Көк жүзінде тек қайтқан қаздар мен тырналар тізбегі ғана үн салып өтеді. Құстардың қоштасу әні адам жүрегін сағынышты мұңға толтырып, жаз жәрменкесінің тарағанын, шуақты, жылы күндердің артта қалғанын еске салғандай.

Бұл күндері Демежан аулы өз қыстауларына таяу келіп, Боздақтағы күзек жұртында отырған-ды. Ұлы сәске кезінде бір топ салт атты сол ауылдан шығып, көз ұшында қалың талы бұлдырап көрініп тұрған зәйімкеге қарай бет алды. Қазір Демежан қасында өгей ұлы Олжабай мен шабарманы Рақымнан басқа, толып жатқан бала серіктері бар. Олар — он жасар ұлы Назарбек, биыл жетіге толған кішкентай қызы Назым және соларға ілесе шыққан көрші-қолаңның балалары. Бүгін жас бүлдіршіндер мойындарына әр түрлі матадан, киізден тігілген қалта-сумкаларын асып, қағаз-қарындаштарын алып, бірінші рет мектепке бара жатыр.

Түр-тұлғасы әкесіне келетін, мелжемді, бойшаң Назарбек астындағы қара жал құла құнанын жайтаң қаққызып, мына шұбырынды жұрттың жүрісіне іші пыскандай, кейде топтың алдына түсіп, озыңқырап кетеді. Бибі апасы бойына шақ етіп тігіп берген шибаркыт бешпент-шалбары мен көк торғынмен тысталған елтірі тымағы оны баладан гөрі жас өспірім бозба-

лаға ұқсатады. Ал басында кішкентай үкілі бөркі бар, қызыл катипа камзолының екі өңірінде күміс түймелер үймелеген, ақ үрпік қыз Назымды жүрісі сағыз, жуас аттардың біріне мінгізген екен. Қазір астындағы атын үсті-үстіне камшылап, балалардың соңында қалып қойғанына қорланып келеді.

— Көке, ана Назарбекті қараңызшы: ол мені ылғи да өстіп артқа тастап кетеді, — дейді әкесіне шағынғандай.

— Мейлі, олар әзірше оза тұрсын. Ал мектепте сабақ оқығанда, сен бәрінің алдына түсесің, — деп Демежан қызын жұбатып қояды.

Құрылысы былтыр басталған екі кластық мектеп үйі биыл жазда зорға біткен-ді Өткен жылы медресе бітірген бір жас мұғалімді осында көшіріп әкелгеніне де біраз уақыт болған. Сабақ басталатын кез өтіп барады. Демежанның өзі Төртуыл мен Мәмбет арасындағы қыстаулық жер дауымен жақында Барлыққа кетіп, сол жақта он-он бес күн айналып қалды да, жас мұғалім Ғазиз бұл келгенше өздігінен сабақ бастай алмай, тықыршып күтіп отыр екен. Содан кешеден бері маңайдағы балалардың басын құрап, сол мектепті ашып беру үшін, бүгін ауылдан әдейі шыққан беті еді.

Ол окта-текте мойын созып, балалардың ала-шабыр тобына карайды. Бұлардың жас мөлшері, киім реті, мінген көліктері де әр қилы. Кейбіреулері тай-құнанға, жуас, мінгі өгіздерге екі-екіден мингесіп алыпты. Көпшілігі — өз ауылындағы малшы-жалшының күс табан, қара сирақ балалары. Бірақ бүгін бәрінің де жүзінде бір алабұртқан қуаныш бар. Бұл өңірде мектепке бару, колға қағаз-қарындаш ұстау деген — әлі ешкім естіп білмеген жаңалық. Сол жұмбақ ғажайыптың есігін ашып, ішіне кіріп көргенше тағат таппай, асығып келе жатқандары байқалады. Осынау сұрғылт тартқан, күзгі қуаң далада гүлдей құлпырған балалардың мына кескіні бір оқшау, жасыл аралдай әсер етіп, жүдеу көңілге жылу құйғандай болады.

Бұлар келгенде, зәйімкенің шет жағындағы, іші-сырты аппақ шағаладай мектеп үйінің алдында үлкен-кішісі аралас көп адам күтіп тұр екен. Қазір «Демежан карағашы» аталып кеткен бұл ауылда да он бес-жиырма түтіннің басы құралып калған Бәрі де қысы-жазы ешкайда көшпей осында отыратын егінші, шөпші жатактар. Бұлар да оқу жасындағы балаларының тілін сындырмақ болып, осы мектептің ашылуын

күтіп жүрген. Мұғалім Ғазиз балаларды бойына қарай сапқа тұрғызып, есебін алып жатыр екен. Оларға енді ауылдан келгендер қосылып, айнала мәре-сәре шуға толып кетті. Кішкентайлары әке-шешелерінің етегіне оралып, айрылар емес. Қағылез жас мұғалім қозы бөлгендей зыр жүгіріп, балаларды үлкендерден зорға ажыратып алды.

— Санадың ба? Бүгін қанша бала келіпті? — деді Демежан Ғазиздің қасына жақындап.

— Әзірше отыз екі... Бала көбейіп кетсе, түбі екі класқа бөлетін шығармыз.

— Бөлмең жетеді. Оған неге қысылып тұрсың?

— Орын жетеді-ау. Онда маған көмекші керек қой, Демежан аға. Мен екі класқа қалай жетісем?

— Көмекшіні өзің тап. Тіпті болмаса, саған биылша Әбдірасылды қосармыз, — деді Демежан. — Алдымен оқуды бір бастап алайықшы. Қалғаны толыға жатар.

— Не істейміз? Бастаймыз ба, Демежан аға?

— Әрине. Бүгін сәрсенбінің сәті... Қадамдарың құтты болсын!

Ғазиз мұғалім балаларды шұбыртып, ішке енгізіп әкетті. Диқанбай мен Үлбосын бүгін мектепке екі бірдей немересін әкеліп тұр екен. Карттардың қуаныштары қойнына сияр емес. Диқанбай кәдімгідей көзіне жас алып:

— Айналайын, Демежан-ай! Ұзақ жыл еліңнің аузын ақ нанға тигізем деп әлекке түсіп ең. Бүгін, міне, қараңғы халқыңның ортасына әкеліп, өз қолыңмен шырақ жаққандай болдың-ау!.. Осы қадіріңді де білмес пе екен бұл ағайын жұртын?! — деп қуаныштан жылап жіберіп еді.

Демежан да іштей қатты толқып тұрған-ды. Карттың сөзіне мерейлене күлді.

— Әттең, Дыка-ай, сен екеуіміз қай еңбегімізге қарымта дәметіп едік? Ағайыннан қайтпаса, ұрпағынан қайтар. Әйтеуір, бір дән болса да осы елге себе берейік те.

Балалар орналасып болды-ау деген мезетте, Демежан, Диқанбай бастатқан біраз үлкендер ішке кірді. Бұл іші-сырты тап-түйнақтай әктелген, ерсілі-қарсылы екі бөлмелі, еңселі үй еді. Терезелері самаладан жарық, қарсы алдында қара тақтасы, отыратын партасы бар. Парталары әлі сырланбаған, осындағы ағашшылардың қолынан шыққан, сәл дөрекілеу. Әйтсе де алғашқы қадам үшін жарап тұр. Балалар бойларына

карай, әзірше бір бөлмеде зорға сиып отыр. Ең алдынғы қатардың бірінен өзінің қызы Назымды көргенде, Демежанның көзіне жас үйірілді. Не үшін екен, кейінгі кезде жоқтан өзгеге көңілі босайтын болып жүр... Сонысын сездіргісі келмей, балаларға қағаз-қарындаш таратып жүрген Ғазиз мұғалімге бұрылды да:

— Ал, іске сәт! Мектептерің күтты болсын, айналайындар! Жақсы оқыңдар. Өздерің үшін де, бір кезде әліпті таяқ деп білмей, қара танымай қалған әке-шеше зәузаттарың үшін де оқыңдар... Талаптарына нұр жаусын, менің кішкентай бүлдіршіндерім! — деп Назымның маңдайынан иіскеді де, тез бұрылып шығып кетті.

Далаға шыққан соң Диқанбай екеуі қырманға қарай бет алған. Мұнда жұмыс қызып жатыр. Тік астықты әлдеқашан орып, қырманға тасып алыпты. Ауа райы осылай ашық боп тұрса, енді біраз күнде астық бастыруды аяқтап қалатын түрі бар. Өнім мөлшерін сұрағанда, Диқанбайдың жауабы да сенімді шықты.

— Биылғы астық түсімі жаман емес. Тұқым басына алды жиырма бестен, арты жиырмадан айналып жатыр, — деді ол саспай сөйлейтін әдетімен.

Одан арғысын Демежан да қазбалап сұрамады. Диқанбайға ақыл үйретететін емес. Ұзақ жыл дәмдес боп келе жатқан карттың адалдығына сенеді. Қайта алынған өнімді қалай орналастыру жайын Диқанбайдың өзі сөз етіп келе жатыр.

— Келер жылдың тұқымы мен жыл бойы жететін азықтық астықты қоймаға құйып алғанбыз. Енді бір бөлігін сабанға бөлеп, ұраға көміп тастадық, — деді ол қырманның бір шетінде тау боп жатқан дән үймегінің қасына келгенде. — Ал қалған өнімді не істейтінімізді өзіңмен ақылдасайын деп едім. Біразын сатып ақшаға айналдырамыз ба, әлде бұл астықты да ерте-жарықта ұралап тастағанымыз жөн бе?

— Сіз әлі өкіметке лян[1] төкпейтін бе едіңіз? — деді Демежан оның бетіне қарап.

— Е, оның жарасы жеңіл ғой. Оны мына бастырылып жатқан астықтан-ақ төкпейміз бе? — деді басқарушы арқасын кенге салып. — Екі қос егінге түсетін салық алпыс пұттан аса қоймас.

---

[1] Л я н — егіншілерден алынатын салық.

— Ендеше, мына астықтың жартысын базарға апарып сат та, калғанын ұраға көміп таста. — деді Демежан. — Алдағы қыстың қалай боларын кім білген. Бұл ел ашықпай, жұтқа ұшырамай жүре ме, сондай қиын-қыстау күндерде бір қажетімізге жарар.

Диканбай көп сөзге жоқ адам. Күп алғанын білдіріп, басын изеді де қойды. Баяғы Ақшокыдан көшіп келетін дикандар әулеті Демежанға құт болып қонғаны анық. Бұлар барда ештемеге алаңдамайды. Егіні орылып, шөбі шабылып, бар шаруасы дөңгеленіп жүріп жатады. Бұл елге жаңа кәсіптің үлгісін шашып, көшпенді қауымға егіншіліктің қыры-сырын үйретуші де — осы Диканбайлар. Сондықтан Демежан осы бір үндемейтін біртоға карттың алдында өзін үнемі карыздар сезінуші еді. Бүгін әлдебір ой түсіп, жаксы көршісімен арылып бір сөйлескісі келді.

— Осы сіз бен біздің дәмдес болғанымызға неше жыл болды, Дыка?

— Жиырма жылдан асты ғой... Оны неге сұрадың? — Карт дикан таңданып түр.

— Солай екен-ау, ә?! Өтіп бара жаткан заман... Сірә, бірбірімізге сәтті күні кездескен шығармыз. Содан бері ішәй десіп, түс жыртысқан жеріміз жок. Баскалар сиякты есепкисапка да барыспаппыз. Егіннің иесі өзіңіз болдыңыз да, сіз өсірген дайын нанды жеп жүре беріппіз... Дегенмен айтыңызшы: маған енбегіңіз, есеңіз кетіп жүрген жок па? Калауың, сұрауың бар шығар. Алдымызда әлдекандай күндер тұр? Мойныма карыз болмасын, — деген-ді.

Диканбай мұндайды күтпесе керек, катты сасып, абыржып калды.

— Апыр-ай, Демежан шырағым-ай, мұндай сөзді неге айтып тұрсың маған? Әлде бұл карттың өлер шағы жакындады деп арыздасқаның ба? — дегенде үні карлығып, бурыл сакалы дірілдеп кетті. — Егер олай ойласаң, осы бастан айтып коя-йын: саған екі дүниеде мен разы. Кысылғанда колтығына алып паналатканнан басқа, сенен зәредей зәбір көрсем не дейсің. Келімсек, кірме дегізіп, ешкімге көзтүрткі қылған жерің жок. Енді, міне, ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда, бізден бай, бізден ток ауыл бар ма бұл өңірде?! Ұзак жыл ак дәніңді сапыртып, койманның кілтін ұстатканда, менен бір есеп алып көрдің бе екенсің. Айрандай аптап, күбідей пісіп

жүргенім қайда ен байлықтың ортасында?! «Ас ұстағаннын азабы катты» дейді. Қайта ала жібінді аттаған жерім болса, сен кеш мен бейбақты... Жақсылығын менен қайтпаса, баламның баласына тапсырып кетермін! — деп әншейінде сөзге саран Диқанбай катты күніреніп, жылярман күйге жеткен.

Ақыры ойда-жоқта шыққан әңгімені Демежаннын өзі зорға баскандай болды.

— Жарайды, аксақал, көңіліңізге ауыр алмаңыз. Кәрі өле ме, жас өлс ме, оны кім білген. Менікі жай сөз сырағысы ретінде айтылған бір сыр ғой, — деп картты құшактап, көңілдене күлді. — Дегенмен кісінің алдынан өтіп, арылған деген жақсы ғой. Менің де көңілім жайланып қалды. «Бал ұстаған бармағын жалайды» дейді. Егер әлдекандай мұқтажың болса қысылмай, базарға астық сатып, үй-ішінің керек-жарағын бүтіндеп ал.

Шалқар түстің кезі. Қырманда жұмыс қыза түсіпті. Дәл ортаға үйілген бидай маясын, пар ат жеккен алып шантас зыр қағып айналып жүр. Ұзын делбенің бір ұшын қолына ұстаған жас жігіт ортада тұрып, анда-санда ұзын шыбыртқысын шартылдата сермеп қояды. Қырманның шетінде әлі мұрты бұзылмаған әлденеше астық маялары тұр... Диқанбай тыныш тұра алмайтын әдетімен қолына айыр алып, шаруаға араласып кетті де, Демежан бір шетте күзем жүніндей көпсіп жаткан сабан үймегінің үстіне барып жантайды.

Ой, рахат-ай! Ақ ұлпа сабан — былқылдаған мамық төсектей. Танауына күн иісі, дән иісі келеді. Сол арада дүнкілдеген шантастың үнін тындап, Демежан көзін жұмған күйі ұзақ жатты. Сонау бір жылдардағы алғашқы қырманды есіне алған. Ол кезде астық бастырып, қырман қызылдау дегеніңіз көшпенділер үшін ертегідей қызық көрінуші еді. Қазір бұл кәсіп те таңсық болудан қалып, ел тұрмысына дендеп еніп барады. Бұрынғыдай емес, кап сүйретіп, кеусен сұраушылар да азайыпты. Бұл күндері Абдыра мен Қараүңгірден алынған жана тоған бастарында осындай әлденеше қырманның қызып жатқаны сөзсіз... Биыл Бөкелердің астығы калай екен? Диқанбайдан сұрау керек еді.

Бір мезетте қасына келген біреудің тықырын естіп, көзін ашып алды. Өзінің бағбаны Жаң Шули екен — келіп тұрған. Байғұста өң-түс қалмай, әлденеге катты абыржып тұрғаны байқалады Бұған қайта-қайта иіліп, тоңқандап тәжім етті де:

— Лауия, сіз осында екенсіз ғой. Мен сізді іздеп ауылға барғалы тұр едім, — деді әлдекім естіп қала ма дегендей жан-жағына алақтай қарап

— Иә, не боп қалды? — Демежан әлденеден секем алғандай орнынан көтеріле берген.

— Жағдай қиын, лауия... Жүріңіз, оңаша шығып сөйлесейік.

Бұлар қырманның сыртын айналып, әлі бастырылмаған арпа маясының далдасына келіп тоқтады.

— Хал жаман, лауия... Ой, қандай жаман?! — деді Жан жаңағы сөзін қайталап. — Біз ойда жоқта өкіметтен қуғын көріп жатырмыз. Әнеугүні Гунанжуйге[1] апарып, өзімді бір тергеп еді, кеше қалада інімді ұстап апарып дүреге жығыпты.

— Иә, мынау қызық екен... Сонда не кінә қояды сендерге? — деп Демежан оның бетіне таңыркай қарады.

— Бұл жеке бізге келген пәле емес. Мәселенің бір ұшы сізге жалғасып жатыр, — деді Жан. — Былтыр өліп қалған Ли-шансыңды сұрайды. Сол маркүм мен сіздің аранызда қандай жақындық барын білгісі келеді...

— Солай де... Олар енді маған саяси айып тақпақ екен ғой! — Демежанның қаны қашып, сұрланып кетті.

— Солай-ау деймін... Былтыр мен арбаға тиеп өзіңізге әкеп берген Ли-шансыңның кітаптары бар емес пе? Соның жайын қазбалай береді... «Ішкі өлкеден келген тағы кімдермен байланысы бар» деп шүкшияды.

— Інің қайда? Қамауда жатыр ма?

— Жоқ, үйде... Есінен таңдыра соққыға жығып, көшеге шығарып тастаған жерінен түнде арбамен алып келдім.

— Жүріңіз, халін білейік.

Жан інісімен екеуі бау-бақша егісіне тақау, шет жақтағы жатаған үйлерде тұратын-ды. Бұлар солай қарай аяңдады. Жалғыз ат-арбадан басқа үрерге иті жоқ, кәдімгі қытай шаруасының мекен-жайы. Мұнда да қуырылған шөптің, зығыр майының иісі шығады. Босағада кетпен-күректің, арам шөп отайтын теселердің түр-түрі сүйеулі тұр. Бұлар ішке кіргенде, абысынды екі әйел балаларын ертіп далаға шығып кетті де, еркектерді оңаша қалдырды.

---

[1] Гунанжуй — ішкі істер басқармасы.

Жас жігіт төргі бөлмедегі жер төсекте етпетінен түсіп жатыр екен. Үстіне жүкалтаң көрпе жауып қойыпты. Демежанды көріп, басын көтермек болды да, жарасын ауырсынғандай ышқына ыңыранып, қайтадан жата кетті. Жон арқа мен екі құйрықтан сау жер қалмаған секілді.

— Жата бер, қозғалма, — деді Демежан аласа орындықтардың біріне жайғасып жатып. — Иә, әңгіменді айтшы: мұндай азапқа қалай ұшырап жүрсің?

Кіші Жаң бірден тіл қата қоймады. Оның орнына ағасы жауап берді:

— Мұның мінезі тым қызба ғой. Ұлықпен дұрыстап сөйлеспей, қарсыласқан көрінеді, — деді інісін кінәлай сөйлеп. — Әйтпесе қырық камшы дүрені кім көрінгенге соға ма?

Демежан бөлмені көзімен шолып өтті. Үй іші тым жұпыны: төсек-орын, үстел-орындықтан басқа еш мүлік жоқ. Оң жақ бұрыштағы аласа үстел үстінде Жаңдардың ата-бабасының аты жазылған ағаш тақта тұр. Бұл қытай салтында «аруақтар бұрышы» деп аталады. Мереке-мейрам күндері сол үстелге түрлі тағамдар қойып, өліктерге арнап өздерінше «құрбандық» шалады...

— Бізге енді бұл жерде қалуға болмайды, қожайын. Әйтпесе жаман болады, — деді бір кезде кіші Жаңға тіл біткендей. — Меніңше, сізге де бір жаққа тая тұру керек шығар. Олар, әсіресе, сізге өшігіп алған.

— Тая тұр дейсің бе? — Демежан еріксіз езу тартты. — Мен туралы не айтады сонда?

— Мен таяқтан есім ауып жатқанда, тергеушілер өзара әңгімелесіп отырды. «Демежан үкірдайдың да дүре тақтайына керілетін кезі алыс емес» деді біреуі... Олар сізді ұстайтын секілді.

Демежан күтпеген жағдайдың байыбына әлі де толық бара алмай, ойланып отырып қалған-ды. Сөзге үлкен Жаң араласты:

— Ой-я... Заман қалай бұзылып барады?! Сіздің адамдарға жаксылық еткеннен басқа жазығыныз жоқ қой. Сақ болыңыз, Лауия.

— Олар бұдан былай сендерді мазалай қоймас. Енді күз түскенде ешкайда көшпей-ақ осында отыра беріңдер, — деді Демежан. — Ұлыққа керегі мен екем ғой. Олармен өзім сөйлесермін.

Соны айтып, орнынан көтеріле берген. Кіші Жаң шынтақтай басын көтеріп, қинала тіл қатты.

— Олар мені қанша ұрып кінаса да, сіз туралы бір ауыз жаман сөз айтқам жоқ, қожайын. Сізді ақтайтын куә керек болса, біз дайынбыз...

Демежан рақметін айтты да, қоштасып шығып кетті. Ол өз басына төніп келе жатқан қауіп бұлтының аумағы мен зіл салмағын енді ғана айқын сезінгендей болды. Бәсе, Матен-амбы былтырдан бері мұны мазаламай, неге жым-жылас жатып алды деп еді, бұған айнала ор қазып, жан-жағын тіміскілеп жүр екен ғой. Ұлықтардың қуып жүргені — кесілген айлардың кегі, Абдыраның суы да емес, одан гөрі әлдекайда терең-де жатыр екен. Мұның іс-әрекетін жай халдайлармен арадағы қақтығыс деп қарамай, оған басқаша түс бергісі келеді. Демек, ұлыққа Демежанды тек орнынан алып, биліктен тайдыру аз, мұны өкіметке қарсы саяси қылмыскер ретінде, ауыр жазаға тартпақ. Баяғыда жаны жай тапқан Ли-шансың мен ағайынды Жандарды бұған әкеп тіркеп отырғаны содан... Әй, бұл Матен-амбыдан зұлымдық артылмас. Ли-шансың байғұстың ертерек өліп кеткені де дұрыс болған екен-ау. Әйтпесе оны да әрі-бері сүйрелеп, азапқа салар ма еді, қайтер еді.

Демежан сабақтан шығатын балаларды күтпестен, атына мінді де, қасына ешкімді ертпей, жалғыз жүріп кетті. Басына қиын іс түсіп, ауыр ойға батқан кезде осылай оңаша қалатын әдеті. Осы бетінде бірден ауылға да бармай, бояуы қашқан сұрғылт далада жападан-жалғыз сенделіп көп жүрді. Түстен кейін күн райы күрт бұзылып, аспан төрінде қорғасын түсті, қазбауыр бұлттар жөңкіле бастаған. Құбыла жақтан сүйекті қапқан ызғырық жел үріп тұр. Мына дүниенің тарлығын, өзінің шын жалғыз екенін енді сезініп келеді. Тұла бойын күрсаған ашу-ызамен қоса, әлдебір дәрменсіздік билеп алған. Осындайда қасынан табылып, ақыл қосатын жанашыр дос та қалмаған екен-ау. Әншейінде төңірегінен шырқ үйіріліп шықпайтын көп жандайшап, зәңгі-елубасылар да тым-тырыс, хабарласып хал сұраған біреуі болсашы. «Неткен катал жаза еді?! Не жазығым бар еді?» — дей берді өзінен-өзі шиыршық атып.

Бір мезгілде маңайына барлап көз жіберсе, бұл Абдыра аңғарын өрлеп, жоғарғы тау бөктеріне қарай шығып кетіпті. Мұнда қалай келіп қалғаны белгісіз. Қозы көш жерде жатақ ауылдары, олардың астық маяларымен көмкерілген қырмандары көрінеді... Басында оған Бөкеге барып әңгімелесіп, шер

таркатысып кайтсам ба екен деген бір ой келген. Алайда біраз жер жүргеннен кейін, ол райынан кайтып калды. Ол қауыммен де біте қайнасып кетпеген, әлдебір бөтендікті сезінді. Онда барғанда не бітіреді? Ондағылар мұны аскар белім, сүйеніштірегім деп біледі. Оларға басына іс түсіп, құты кашқан, жалғыз калған біреу емес, таудан-тастан кайтпайтын, құдырет күші қолында тұрған, мықты Демежан керек. Мына сүмірейген, сынған қалпында олардың көзіне түсіп, жұрт жігерін жасытканда не мархадам табады? Бейшаралар мен корғансыздар жатақ ауылдың өзінде де толып жатыр. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді. Бұл енді ешкімге пәлесін жүктырмай, неде болса, тағдыр салған таукыметті өзі көтеруі керек.

Ол жатақ ауылға кол созым жер калғанда, ат басын кері бұрды. Бұл кезде корғасын бұлттар жер бауырлап, төмендей түсіп, сіркіреп жаңбыр жауа бастаған. Аркан бойы жерден ары ештене көрінбей, айналаны тұман тұмшалап алған. Желмен ерегескен суық жанбыр бірте-бірте күшейіп, сабалап бетке ұрғандай болады. Ауыл кай жакта калды? Оның да бағдарын біліп келе жаткан жок. Тізгінін бос ұстап, астындағы торы төбелді еркіне жіберді. Арада канша уақыт өткені белгісіз. Бір мезгілде кою тұман жыртығынан ақ жолак тартқан батыс жақтағы бозамык сәулеге карап, күннің кешкіріп калғанын аңдады.

Ол осындай бұлыңғыр тұман арасында иесіз, жолсыз даламен тағы ұзак жүрді. Әйтеуір астындағы торы төбел алған бетінен жаңылмай тура келе жатқан секілді. Жол-жөнекей не бір жүргінші, не ауыл карасы көрінсеші. Осынау тұманды, суық, сұрғылт дүниеле Демежанның бір өзі адасып калғандай. Қайда құрып кеткен бұлардың бәрі? Әншейінде кең далаға сыймай қыркысып жүретін, иін тірескен ел қайда? Бәрі мұны жұртына тастап, бір жакка ауа көшіп кеткеннен аман ба? Бар ғой, қайда кетті дейсің. Іргесіз ел тұманды күні көзге түсуші ме еді... Сай-сайда, жылға-жылғаның бойында жауыннан корғалап, үйлерінде отка кактalып отырған шығар. Бүгін нағыз кара казанның касында, бүлкілдеп қайнаған жас сорпаның иісін сезініп, үйден шыкпай отыратын күн. Бұған карағанда, олардың жағдайы әлдекайда жақсы... Қайран ел дәл казір өз үкірдайларының осынау калын жаңбырдың астында бас сұғатын пана таппай, қаңғырып жүргенін білер ме екен?!

Бір мезетте кеш хабары білініп, айналаға кеугім түсе бастаған. Жауын басылар емес, сорғалап үдей жауып тұр. Жер бедерін болжау да киынға айналып барады. Демежан барар бағыттан адасып, мүлде теріс кеткен шығармын деп ойлаған... Жоқ, адаспапты. Әлден уақытта алдынан ит үрді. Қою ымыртты арасынан от жылтылдап, дүңкиген киіз үйлердің сұлбасы көрінді. Иә, торы төбел ауылды тура тауып келіпті. Далада ешкім жоқ, бәрі де малдарын қоралап болған соң жаңбырдан қорғалап, ішке кіріп кеткені байқалады.

Торы төбел қотанның төріндегі үлкен ақ үйлердің бірінің белдеуіне тұмсық тіреді. Демежан аттан түсті. Өне бойының малмандай су болып, сіресіңкіреп қалғанын сол кезде ғана байқады. Ат дүбірін естіп, іштен шапан бүркенген бір әйел жүгіріп шыққан. Ырыскан екен. Мұның қолындағы торы төбелдің шылбырын алып, белдеуге байлады. Қап, шын адаскан екен-ау... Өзінің үлкен үйге түспей, отауға бұрылып кеткенін Демежан енді білді.

— Көкесі-ау, мына қалың жаңбырдың астында қайдан жүрсіз? — деді Ырыскан сыңғырлай үн қатып.

Демежан үндеген жоқ. Киіз үйдің есігін серпе ашып, ішке кірді. Ырыскан мұның үстіндегі су киімдерін шешіп, тымағын, камшысын алып, жаны қалмай жүгіріп жүр. Дереу шам жағып, ақ отаудың ішін жайнатып жіберді. Дәл ортадағы кішілеу қазан астында ку тезектің шоғы маздайды. Демежан үстінен буы бүркырап, отқа жақынырақ келіп отырды да, алақанын қақтады.

— Балалар келді ме? — деді алаулаған қызыл шоктан көз алмаған күйі.

— Е, олар келгелі қашан. Балалар жауынға ұрынбай ерте келді, — деді Ырыскан қазан астына жаңадан тезек қалап жатып. — Апасы бүгін ұлының оқуға барғанын қуаныш етіп, мал айтып сойған. Ауыл адамдары сол үлкен үйде отыр-ау деймін.

«Апасы» деп отырғаны — Бибі ғой. Ырысканның өз күндесі туралы бұлай жылы-жылы сөйлеуі — татулыққа шақырғаны... Барлықтан келгелі Демежанның бұл үйге бас сұғып отырғаны осы еді. Ырыскан соны әлдебір жақсылыққа жорыса керек. Сырттан кірген күтуші әйел Сақыпқа қысқа-қысқа әмір беріп, аяғының ұшымен басып елпек қағады. Еңкейіп қозғалғанда шолпысы сылдырап, алдына оратылып түсе берген тоқ бұрымын арқасына қарай серпіп қояды. Бұл

күнде жасы отыздың ішіне енді ілінген, бәденді, жас әйелдің нағыз толысқан шағы еді. Сұңғақ келген сұлу мүсіні жұмырлана түсіп, ақ күба, нұрлы жүзі алабұртқан ішкі сезім әсерімен балбұл жанып, қазір тіпті ажарлана түскендей.

Демежан тоқалының көзді арбаған зипа бойына бір-екі рет ұрлана қарап өтті де, назарын басқа жаққа бұрып әкетті. Көп қарай берсе көңілдегі қызыл, күдік-кірбеңнің бәрі ұмытылып, жүрегі құрғырдың майдай еріп жүре берерін сезгендей, қайтадан тас бекініп алды.

Соңғы жылдары Ырысканмен екі арасына бір салқын сызат түскен-ді. Сол сызат бірте-бірте ұлғайып, өткел бермес, терең жарға айналып барады. Алғаш қосылған кездегі тату-тәтті күндер, Бибі мен Ырыскан арасындағы аңызға айналған сыйластық бұл күнде келмеске кеткендей. Обалы кәнеки, Бибі байғұста кінә жоқ, пендешілік осы кіші әйелден шықты. Екі бала дүниеге қалай келді солай, баяғы бет моншағы төгіліп тұратын, ибалы Ырыскан күрт өзгеріп, бір күпірлік, астамшылыққа бой алдырып еді. Әлде осы маңайдағы абысын-ажыннын араға от салып, күш-күштегенінен болды ма, жас әйел ауыл-аймақтың әлпештеп алақанға салғанын көтере алмай қалды Ырысқанның ойынша, от басының бүкіл билігі тек соның қолында болуы керек. Бибінің жеке шаңырақ ұстап, байға да, балаға да ортақ болғанын кешірмейді... Бәлкім, таразы басын тең ұстай алмаған Демежанның өз кінәсы да аз емес шығар. Әйелдердің әр қадамын аңдып, үнемі бала-шағаның қасында отыруға мұның мұршасы болды ма. Қалың елдің камы деп жүріп, от басын ойдан шығарып алыпты. Енді, міне, соның сазайын тартып жүр. «Бақпаса мал кетеді, қарамаса қатын кетеді», — деген осы.

Көп кешікпей күтуші әйел ас үй жақтан самауыр көтеріп әкеліп, төр алдына дастарқан жасай бастаған. Жаңбыр астында қатты жаурап тоңып келген Демежан үнсіз отырып шай ішті. Ырыскан оны әңгімеге тартқысы келіп, мектептегі алғашқы сабақтың жайын сұрастырған. Оған да шешіле қоймады, әйелінің сұрағына қысқа-қысқа жауап беріп, қабағын жазбаған күйі отыра берді. Сол салқындықты Ырыскан да сезгендей. Мұндайда оның да қылт ете қалатын әдеті. Тәкаппар, жас тоқал енді бұрынғыдай елпілдеуін қойып, қанын ішіне тартып, безеріп алды. Өзің келіп еңкеймесең, мен де саған оң шырай бере қоймаспын деп, егеске кеткені белгілі.

Демежан Ырысканның осындай безбүйрек каттылығына қайран қалады. Адамды адамға жақын ететін көңіл екен ғой. Көңілде жылу қалмаған жерде, қойындағы әйелің де тас кесектей суық тарта береді. Тіпті жүрек қызуы, тән ләззаты да жан жақындығына кепілдік бере алмайды. Төсек қызығын, әсіресе, әйел заты тез ұмытады. Мына Ырыскан — сондай ұмытшақ әйелдердің бірі. Бұл байғұстың осал жері — төсек... Күн аралап келетін өз кезегін тағатсыз көңілмен шыдамсыздана күтіп жүреді. Ел жатып, шам сөнісімен желімдей жабысып, шырмауықтай оратылады. Сені құшағына алып аймалаудан, тән рахатын, төсек қызығын бөлісуден жалықпайды. Өліп-өшіп, жеп коя жаздап жатқан кездегі сөздерін естісең!.. Осыдан кейін тас жүрегі жібитін шығар, тіпті сен үшін жанын қиып, құрбан боп кетер ме екен деп ойлайсың. Жоқ, олай емес, ертеңінде қарасаң, өткен түннен белгі жоқ, бедірейген бетпақты көресің. Иә, мұндай әйелдің сағаң бала тауып беруі де мүмкін. Бірақ ол да ерлі-зайыптының арасын жақындата қоймайды. Құрсағындағы бала аманатқа қойылған зат сияқты. Сол аманаттан құтылған күні қайтадан бостандыққа ұмтылады. Оған қашанда өз басы қымбат. Сен үшін азап тартар, құрбандыққа барар жайы жоқ.

Ал Бибі ше? Ол байғұстың жөні бөлек қой. Ол — өз басын ұмыткан, күйеуі үшін бүкіл тірлігін пида қып шалған адам. Бибі — мұның өзі, әйел бейнесіне айналып кеткен Демежанның екінші жартысы... Ал Ырыскан бұған мүлде жат адам. Жан жүрегі, ет-бауыры араласпайтын, бүтіндей бөлек дүние. Амалсыз тұтқынға түскен, орайы келгенде сенен өш алып, қашып құтылудың жолын ойлап жүрген жаудың тұқымы секілді... Ал осындай әйелдің өз еріне ең ақырына дейін адал боп қалуы мүмкін бе? Осыны ойлағанда, Демежан бүйірінен шаншу ұстаған адамдай кіржің етіп, тістеніп қалды. Әлдекім мұның жүрегін шеңгеліне алып, аяусыз мытып, қысып жіберген сияқтанды.

Осыдан он шақты күн бұрын, бұл Барлықта жүргенде, осы ауылға Мамырбектің ұлы Тұрысбек үкірдай қонып кетіпті... Екі-үш жолдасымен Шәуешектен шығып, еліне кетіп бара жатқанда жол-жөнекей соқса керек. Демежанның ауылда жоқ екенін білмеді дейсің бе, күні бұрын естіп-біліп, әдейі бұрылғанында күмән жоқ. Және Бибі отырған үлкен үйге түспей, ат басын бірден Ырысканның отауына тіреген. Осында кона-

түней жатып, ертеңінде шалқар түсте аттаныпты. Сылтауы — Мамырбек аулы Ырысканға түп нағашы боп келеді-мыс... Қайран Бибі осыны көре тұра, бұл келгенде тіс жарып ештеңе айтпады ғой. Демежан бұл хабарды жай сөз арасында басқа біреуден естіп қалды.

Ал енді осыдан кейін қойнында жатқан әйеліне сеніп көр! Күдіктің жегі құрты жүрегіңді кеміріп, мүжімей көрсін!.. Тұрысбектің мұнда келісі де тегін емес. Әншейінде мұның айбатынан ығып, маңайын баса алмайтын бота тірсек төренің бұл қай басынғаны? Демек онын да қаладағы ұлықтардың аужайын түйіп, ауыз жаласып, әлдебір жемтік иісін сезгені ғой... Қор болған жерің осы екен, Демежан!

Кенет оның басына тағы бір жат ой сап ете қалды. Мына отырған сұмырай қатын да мұның басына бұлт үйірілгенін сезіп, өзіне болашақ қоныс, өріс іздеп жүрмесін... Мына қылығына қарағанда, солай болуы да ғажап емес. Жарайды, еркектің көңілі ауды делік. Егер жат ойы болмаса, оны Ырысқан неге қондырады? Қазақ канша қонақжай болғанымен, үйінде еркегі жоқ жас әйелдің сыпайы сылтау айтып, жолаушыны қондырмай жіберуге қақысы бар. Ертең сөз болады, күйеуімнің бетіне шіркеу келеді деп жасқанар еді. Демек, Ырысқаннын ештеңеден ығып, тайсалмағаны ғой. Ал білгеніңді істеп ал деп ашыққа кеткені.

Дастаркан жасап берген соң күтуші әйел кетіп, от басында екеуі ғана калған-ды. Демежан кеседегі шайды қолына ала беріп, Ырысканның жүзіне тағы бір рет карап өтті. Бет-әлпетінде түк өзгеріс жоқ, ақ жібек орамалын шекесіне қиғаш тартып отырған тәкаппар да кербез қалпы. «Әйел заты ағып жаткан су сияқты. Оның үстінен бірлі-жар мал өтпек түгіл, рулы ел көшіп өтсе де із калмайды» деп ойлады Демежан ішінен. Осы үйге жақында ғана бөтен еркектің қонып аттанғаны есіне түскенде, зығырданы қайнап, өз әйелін арам астай жек көріп кетті. Бүгінше сыр бермей. үндемей кетермін деп ойлаған. Бірақ шыдай алмады.

— Мен жоқта бұл үй әрі-бері өткен жүргіншінің түнеп аттанатын бекетіне айналыпты ғой? Не болды? Кәне, шынынды айт! — дегенде, даусының калай қатты шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды.

Осы сөзді манадан бері Ырысқан да күтіп отырса керек, бұған жалт етіп карады да:

— Наксүйерін жеткізген екен ғой... Мені карауылдағаннан басқа ол кубас қатыннын бітірері бар ма? — деді үлкен қой көздері шыныдай шытынап.

— Бибінің обалына калма. Ол мұндай дүние сөзін сөйлемейді, — деді Демежан. — Демек, Тұрысбектін конып кеткені рас қой?

— Рас... Қуыс үйге конақ келмеуші ме еді?!

— Иә, сонан кейін не болды? Қонақты немен сыйладың?

— Не болушы еді... Бүркіттің алған жеміне бір қарақұс қонды да кетті.

— Солай де.. Қарақұстардың қашанда дайынды торитын әдеті ғой. Бірақ жат тұмсығы тиген жемтікке бүркіттің қайта оралмайтынын ойладың ба?

Ырыскан үндей алмай, көзімен жер шұқып отырып қалды. Демежан өз бойынан әлдебір женілдікті сезінгендей болды. Жанын жегідей жеген күдіктен гөрі, ашы да болса шындық артық еді. . Бұдан ары бұл үйде бір сәт те бөгелгісі келмеген. Орнынан баяу көтерілді де, керегенің басында сорғып тұрған киімдерін алып киіне бастады. Енді камшысын таппай тұрған-ды. Ырыскан ірге жакта жатқан камшыны алып, қолына ұстатты.

— Мә, ұр мені! Аямай сабашы. . Ашуың басылсын. Аркамда сенің камшыннын табы калсын.

Демежан бойын кернеген долы ашуды күшпен зорға тежеп, ызалана езу тартты.

— Жок. Ұрып кайтейін. Мен шырылдатып катын сабайтын казак емеспін ғой... Дәметпей-ақ қой: сен тіпті ұруға да татымайсың. Сен о баста беті жылтыраған тексіз қар едің. Есіктегі басынды төрге сүйресем де, сол қар күйінде калдың... Қош бол!

Соны айтып есікке карай бет алған. Ырыскан қуып жетіп, иығына асылды.

— Демежан-ау, енді мен не істеймін? Одан да мені өз қолыңмен өлтіріп кет!

— Білменмін... Бүгіннен бастап сен азатсын. Төркініне кетесің бе, төреге тиесің бе, әлде балаларынды бағып, осында отырасың ба, ол жағын өзің шеш. Бірақ мені кайта оралар деп күтпе!

Есікті жұлка серпіп далаға шыккан. Жаңбыр басылыпты. Түн аспанын күрсаған бұлт қабаты тозған текеметтей ыды-

рап, соның жыртық-тесігінен жалғыз-жарым жұлдыздар сығалайды. Ауада салқын сыз бар. Демежан көкірегін кере, терең тыныс тартты. Қазір оның бойын ашу да, кек те емес, өзекті өртеген өкініш, дәрменсіздік билеп алған. Өзін бір түрлі аяп кетті. Неткен еңбегі еш, тұзы сор адам еді?! Біреуге жасаған жақсылығын тек жамандық болып қайтатыны несі? Осынау тірлікте бұл қимайтын, бұл қымбат санайтын не қалды өзі? Бір есептен осының өзі дұрыс болды ма, кім білсін. Бұған енді әрқандай жаза, тіпті өлімнің өзі де қорқынышты емес. Өлгеннен кейін артым не болады деп қиналмайды, оның да төбесі көрініп қалды.

Ол ауылдың сыртына шығып, жаңбыр суына малшынған боз жусанды кешіп, тағы біраз жүрді. Ойлап қараса, бүкіл өмірі бір ұзақ түс тәрізді, бұл әлі қалың ұйқыда жатқан секілді ме, қалай? Сол ұйқыдан оянса бәрі де бұрынғы баз қалпына келетіндей... Айналаны бетке жұққандай қою қараңғылық тұмшалап алған. Ауыл адамдары тағы да ұзақ ұйқыға бас қойған сияқты. Тек, Бибі отырған үлкен үйдің іргесінен түн түнегін жарып, жалғыз сәуле от жылтырайды. Демежан сол отқа қарай аяңдады.

Ертеңінде түске таман ауылға күтпеген жерден Бабалық келіп түсті. Арбасын жегіп, жай сауда істеген адамның кейпінде жүргенімен, келген жұмысы басқа екен. Оны төтенше тапсырмамен қаладағы Ыбырай байбатша жіберіпті.

— Қазір ұлықтардың беталысы жаман. Кеңсе маңындағылардың сыпсың өсегіне қарағанда, көп кешіктірмей Демежанды ұстайтын секілді. Матен-амбының тырнағына бір ілінсе, одан құтылып шығу қиын. Демежан уақытша алыс бір жаққа бой тасалай тұрғандай бола ма, әйтеуір, қапыда қалмасын, — деп татар досы дұғай-дұғай сәлем жолдапты.

Демежан өз басына төніп келе жатқан әлдебір қауіп барын сезгенімен, бірақ істің беталысы дәл бұлай жеделдеп кетер деп ойламап еді? Не істеу керек? Бой тасалау дегені не пәле тағы да? Бір сәт тығырыққа тірелгендей торығып отырып қалды. Бұл әңгіме үстінде қастарында Бибі ғана бар еді. Байғұс әйел дыбысын шығармай, үнсіз егіліп жылап жіберді.

— Ұлықтың да, көре алмаған көп ағайынның да көзіне күйік болып жүргені — үкірдайлық мансап қой, сол құрғырын өздеріне өткізіп беріп, құтылсаң қайтеді — деген көзінің жасын сүртіп отырып. Демежан күрсінді.

— Әй, бәйбіше-ай, мансабын алам десе, ұлықтың колын кім қағыпты. Олардың ойы арыда жатыр ғой. Мені абақтыға бір сүңгітіп алмай, көңілдері тынар деймісің?!

Үй ішін бір сәт үнсіздік билеген. Барар жер, басар тау жоқ, айнала тас қамау, өткелсіз шыңырау құз тәрізді. Қара көзі жасқа толып, боталап отырған Бибі осы тұста ешкімнің есіне келмеген тағы бір ой айтты.

— Онда, орныңнан түсетінің туралы арызыңды жазып жібер де, арғы беттегі менің төркініме тартып кет. Сенімен бірге мен де кетейін... Ол ел Ақ патшаға қарайды ғой, ұлықтың құрығы жете қоймас.

Бабалық ауыр хабарды жеткізерін жеткізсе де, содан шығатын жол таппай, қабырғасы қайысып, катты қиналып отырған. Мына сөзді естігенде, селт етіп басын көтеріп алды.

— Бибіштің осы ақылы менің де көкейіме қонып тұр. Айтты-айтпады, ұлықтың арыны қайтканша, қайын жұртыңызға бара тұрсаңыз қайтеді. Кейін ел ішті тынышталып, ап-сап басылған соң, қайта ораларсыз, — деген ол да Бибіні қостап.

— Сен не, маған қашқын бол демексің бе? — Демежан оның бетіне ажырая қарады.

— Қашып кетпеңіз, қайын жұртыңызға амандаса барыңыз... Қажыға сәлем бермегелі де көп болды емес пе сізге?

Бірақ Демежанның бұл ақылға көнетін сынайы көрінбеді. Аққуба кесек жүзі күреңітіп, намыспен тұтана түсті де:

— Жоқ, Бабалық, оның жөні келе қоймас, — деді басын шайқап. — Бибі екеуің мені қайындататын кезді тапқан екенсіңдер. «Өз жұртың сыншыл болғанда, қайын жұртың міншіл» деген қайда?.. Суыр сиған қуысқа қаскыр сия бермейді. Жолбарыс жымында жатып өледі. Сайболатқа сауға сұрап барғанша, абақтыда шірегенім артық емес пе.

Өзінің аңғырттау айтып қалғанын Бибі де енді түсінгендей, қайтып қолқаламады. Басында қалай ойламаған? Басыма іс түсті екен деп, әйелінің етегіне жармасып, қайын жұртына барып тығылатын жігіт — Демежан ба? Мұның күйеуінің орны тым биікте ғой. Өлсе де сол биікте тұрып өледі.

— Кешір, жаным. Менікі — жай әйелдікпен айтылған бір сөз де. Шынында да, қашайық дегенім — қай сасқаным? — деді өзінің жеңілтектігіне өкінгендей.

Ал Демежан өзінің актығына, заң алдында өзін ақтап алатынына сенімді еді. Адамды абақтыға қамап, жазаға тарту үшін

де, біраз дәлел керек емес пе. Сондықтан аркасын кенге салып:

— Меніңше, өйтіп коркып-сасатындай ештене жок. Мен бір кісі өлтірсем екен, почта тонасам екен... Қиын қылса үкірдайлығын алар, асып бара жатса абақтысына қамар.. Тіршілікте оны да бір көрелік, — деп Бибі мен Бабалықтың көнілін орнықтыра, каркылдап күлді.

Осыдан кейін Бабалық көп бөгелмей, бір шай ішті де аттанып кетті. Ал Демежан тағдырдың басқа салғанын күтіп, үйінде кала берген. Бірақ бұдан кейінгі окиғалар ол ойлағаннан гөрі әлдекайда жедел, әрі тым дөрекі түс ала бастап еді.

Биыл күз ерте түсіп, жауын-шашын молайып, бала-шаға коңторғай болып тоңа бастаған соң, Демежан аулы қыстауға көшіп алған-ды. Бұл ауылдағы биылғы үлкен жаңалық — мектеп. Сабакка жақын жерден баратын болғанына балалар да куанып калған. Кішкентай үл-кыздары әліп-биден сауатын ашып, солардың дүрмегімен үлкендер коса оқып, соған бүкіл ауыл мәре-сәре болысып, кәперсіз жүріп жаткан-ды...

Осындай сүренсіз күз күндерінің бірінде, казан мен қарашаның өліарасындағы айсыз караңғы түнде пар ат жегілген бір арба Демежаннын зәйімкесін бетке алып, салдыртып келе жатты. Үлкен пірешкенің үстінде каладан шыккан бес-алты шерік бар. Шеріктердің бірі ат айдап, калғандары арт жакта мылтыктарын күшактап үнсіз отыр. Бәрі де мұрттары енді тебіндеп келе жаткан балаң жігіттер. Киімдері жұқалтаң екен, күздің суык желінен ыктағандай, бір-біріне тығыла түседі.

Бұларға бүгін түс кезінде ғана тығыз бұйрық берілген-ді. Каладан кешке қарай шығып кетіп, межелі жерге түн ортасы ауа жетеді де, шырт ұйқыда жаткан Демежан үкірдайды ұстап, кері қайтады. Тапсырма онша жеңіл де емес, бірақ каруы бар бес-алты адамға ауыр деп айтуға да болмайды. Бұрын мұндай жорыкка катыспаған жас шеріктер не де болса сол ауылға тезірек жетіп, бұйрықты орындап, казак үкірдайын байлап алып қайтуға асығып келе жаткан.

Әзірше бәрі де, сол бастықтардың айтканындай, мұлтіксіз жақсы өтіп жатыр. Түн ортасы ауып, ел ұйқыға кетті-ау деген мезгілде, бұлар Демежан зәйімкесінің іргесіне де келіп жетті. Ауылға таяған соң жүрістерін бәсеңдетіп, арба сықырын естіртпеуге тырысып, баяу ілбіген аяңға көшті. Кара жол

ауыл сыртындағы қалың қарағаш пен шынар өскен үлкен бауды айналып, коршау-дуалдың түбін жанап өтеді екен..

Кенет, сол тұска келгенде, бұлар күтпеген оқиға болды. Қараңғы түн құшағынан әлдебір адамдар атылып-атылып шыға келді де, арбанын үстінде бейқам отырған шеріктерді тарпа бассалды. Айқайлауға да, мылтық атуға да мүршаларын келтірмеді. Дереу колдарын артына қайырып байлап, ауыздарына шүберек пе, киіз бе, бірденелерді тығып тастады. Сонан кейін шеттерінен жерге жығып салып, ал кеп тепкіле... Қамшының астына алып, ал кеп саба!..

— Сендер Демежанды ұстауға келдіндер ғой, ә? Демежан деген — мына мен... Ал, мықты болсандар, ұстап көріндерші, кәне! — деп шықпыртады басында шошақ тымағы бар, еңгезердей біреуі.

Әне-міне дегенше шеріктердің бәрі өлімші күйге түсіп, естерінен танып қалды. Әлгі адамдар тым асығыс сиякты. Ыңыранып, талыксып жаткан шеріктерді сол байлаулы күйінде арбанын үстіне лактыра бастады.

— Ей, Байсерке, мынаның біреуі өліп қапты ғой. Оны не істейміз? — деген дауыс естілді.

— Үндеме. Демің ішінде болсын... Өлгенін бақтың ішіне көміп кетеміз, — деді екіншісі.

Осының бәрі тым тез, айналасы бес-он минуттың ішінде болып еді. Әлгілер шеріктердің мылтығын тартып алып, тірілерін арбаға тиеді де, сәл есі барлау біреуіне тізгін ұстатып, қалаға апаратын қара жолға салып жіберді. Ал өлген шеріктің денесін бақшаның ішіне енгізіп, асығыс шұқыр қазды да, бетін жасырып көмген болды. Сонан соң белгісіз адамдар талдың арасына байлап койған аттарына міне-міне салып, алыс бір жаққа тасырлатып шаба жөнелді.

Түн жамылған қанды кол қарақшылардың бұл ісін қала мен далада жанағы шеріктерден баска көрген куә жок. Дәл іргедегі ауыл адамдары да ештеңені сезбей, шырт ұйқыда жата берген. Әдейі ұйымдастырылған бұл кастандықты осы сәт аймақтың әміршісі Матен-амбы мен онын айналасындағы бірен-саран адамдар ғана біліп отыр еді. Онын есесіне, бұл оқиға ертеңіндеақ бүкіл аймакка мәлім болды. «Демежан ауылына барған шеріктерді көкала койдай етіп сабап, біреуін ұрып өлтіріпті» деген хабарды ұлықтардың өзі асығыс жариялады да, одан қазақтың «ұзын құлағы» арқылы ауыздан-ауызға көшіп, тарап жатты.

Матен-амбыға керегінің өзі де осы еді. Келесі күні таң ата қала жандармы қырық-елу әскермен келіп, Демежанның аулын қоршады. Өздерінше тінту жүргізген болып, кешегі өлген шеріктің сүйегін де, тақ бір бірге көміскен немелердей, оп-оңай тауып алды.

Сонымен, «қылмыс» анықталып, Демежанды қолға алудың шарты да толып қалып еді. Арада бірер сағат өтпей, ұлардай шулаған ауылды артқа тастап, жазалаушы әскер тобы қалаға қарай бет алды. Алды-артын бірдей қоршаған қарулы күзеттің ортасында пар атты арба кетіп барады. Арбаның арт жағында, ат айдаушыға арқасын беріп, қол-аяғына кісен салынған Демежан отыр.

VI

Әзірше о дүниеге барып қайтқан пенде жоқ. Бірақ «Адам баласы үш күннен кейін көрге де үйір болады» дегенді, о баста кім айтса да, тауып айтқан. Түрме тірлігіне бірте-бірте Демежан да көндіге бастап еді. Оның қараңғы қапасты мекен етіп жатқанына да, міне, үш айдан асып барады. Оған қазір ұшы-қиырсыз кең даладан тиген енші — ұзындығы алты аттам, көлденеңі төрт аттам тар камера. Төбесінде төнкерілген түңғиық көк күмбезінен бұйырғаны — темір торлы терезеден тілкімденіп көрінетін зеңгір аспанның кішкентай қиығы ғана. Бір кезде өр қиялы бүкіл Құлыстай өлкесіне сыймай жүретін азат ер қазір аюдың апанындай сол тар қуысқа амалсыз сыйып жатыр.

Ойлай-ойлай ой-қиял да сарқылуға айналған. Адам санасы сыртқы дүниемен күнбе-күн қатынасқа түспеген соң, ешбір бұлақ-бастау құймайтын тұйық көлдің суындай сортаң тарта береді екен. Кейде жел шайқап, толқын тұрып, өзінше буырқанғанымен, бәрібір арнасынан аспай, көпіршіп барып басылады. Көкірегін кернеген ащы запыран шығар жол таппай бұлқынатыны бар. Мұндайда Демежан өзінің ақын болып тумағанына өкінеді. «Егер менің орнымда Әсет сияқты ақын жатса, не түрлі өлең-жыр, таусылмас дастан-хикая туар еді-ау» деп ойлайды ішінен. Ақын қиналса тілінен бал тамады. Ал әкімді қинағаннан не шығады? Басындағы бағын, бағыныштыны жұртын тартып алып еді, мінеки, көп жабының бірі болып қала берді.

Демежан күндіз-түні ой соңына түсіп сарылғанда, табан тіреп тоқтағаны мынау болды. Тас түрме — түңілетін де, таңданатын да нәрсе емес, өз өмірінің заңды жалғасы, қорытындысы сиякты соңғы бір асуы екен. Тіпті оны жұрттан алабөтен, мұның басына ғана төнген төтенше зауал деуге де болмас. Мұның басына кигені де — бүкіл халықтың пешенесіне жазылған темір нокта. Тек баскалардың ноқтасы басында түрулі жүр. Ал Демежанды ұстап әкелді де, тұқыртып байлап қойды. Айырмашылығы — сол ғана. Басында ноқтасы түрулі жүрген кезін бұл да бостандығым, азаттығым деп ұғыпты. Енді бұған калғаны — капаста өткізетін өмірдің ақтық күндері, яғни өлімнің дайындығы. Бұдан былай тіршіліктің толып жатқан қам-қарекетінен мұның басы азат. Оның бәрі артта қалды. Ендігі максат — өзі шыккан биігінде дұрыстап өле білу керек. Ал биікте тұрып өлу — ел қатарлы өмір сүруден әлдекайда қиын.

Адам баласы не үшін өмір сүреді? Жалпы, адам тірлігінің мәні неде? Демежан осы сұрактар төңірегінде канша қазылып ойланса да, өзін қанағаттандыратын жарытымды жауап таба алмады. Бұл дүниенің жалғандығы, опасыздығынан баска казактың көне қисындары да мардымды ештеңе айтпапты. Содан ол біраз уақыт, жақында түрме бастығы әкеліп берген Конфуцийдің трактаттарына үңілген. Бірақ осыдан жиырма бес ғасыр бұрын өмір сүрген қытайдың ұлы ойшылы да бұған дайын ештеңе ұстата қоймады. Оның айтқандарының көбі көңілге қонғанымен, діттеген жерден шықпай, әйтеуір бірденесі жетпей тұрғандай әсер калдырды.

Конфуций адамгершілік тәрбиесін бес салаға бөледі: адамды сүю, парыз, мінез-құлық нормалары, білім, адалдық... Адамды сүю дегенде оның ұсынатын тағы бес принципі бар: қайырымдылық, кішіпейілдік, махаббат, жанашырлық, шыншылдық. Мұның үлгілерін ол қашанда көне заманнан іздейді. Ертеде өткен Яошунь сиякты әулиелерді кейінгі ұрпакка өнеге қып тартады... Демежанның бір таң қалғаны, Абайдың: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, — бес асыл іс көнсеңіз» дейтіні, жанағы Конфуцийдің бес принципімен үндес келеді екен. Абай оны қалай білген? Әлде аудармадан оқыған ба? Немесе ұлылардың ойлау деңгейі бірдей бола ма? Ол жағын ажырата алмады...

Ал мінез-құлық нормаларын сөз еткенде, Конфуций адамдар арасындағы қатынасты тағы беске бөліпті: бастық пен

бағынышты арасындағы, әке мен бала, аға мен іні, ер мен әйел және достар арасындағы қатынас. Сонда айналып келіп айтатыны: баласы әкеге, інісі ағаға, әйелі еріне, төменгі ұлық жоғарғы ұлыққа бағыну керек те, бәрі жиналып императорға құлшылық етуі қажет. «Хань ұлты — бір шаңырақ. Күллі халықтың әкесі де, шешесі де — император» депті ол бір сөзінде.

Әрине, Конфуций де жер бетінде әділетсіздік, теңсіздік барын мойындайды. Алайда бұл қайшылықтар түптің түбінде адамдардың іштей түлеуі, адамгершілікті пір тұтуы, бірте-бірте кемелдену жолымен шешіледі деп санайды. Оның бұл тұжырымына Демежан қосыла қоймады. Адамдар өздігінен өсіп, ондай әулиелік, тазалыққа жеткенше, түйенің құйрығы жерге түсіп, ешкінің құйрығы көкке шықлай ма. Сірә, Конфуций бұл қағидаларын сол кезде дәуірлеп тұрған хань ұлтының жағдайынан, өз заманының шындығынан алып жазған секілді. Болашақта хань ұлты өз дербестігінен айрылып, неше ғасыр бойы маньчжурлерге бағынатынын, сол империяның құрамында қазақ деген көшпенді халық болатынын, күндердің күнінде оның азаматтарының басына кандай іс түсетінін ұлы ойшыл қайдан білсін?!

Әлі кемеліне келіп болмаған бұл қым-қуыт дүниеде жалпыға бірдей ортақ ұғым, тұтас түсінік жоқ. Бір халықтың мүддесі тұрғысынан ізгілік, ерлікке баланған нәрсе, екінші бір қауымның көзімен қарағанда, бұзақылық, қарақшылық болып шығады екен. Ақырында Демежан адам өмірінің мәнін іздестіруді қойды. Оны білудің енді бұған қажеті де шамалы еді. Қайта одан гөрі: адам не үшін құрбандыққа барып, елден ерек жан қиюға тиіс? Өз ажалынан бұрын келетін өлімнің мәні неде? Осы жөнінде ойланса, оның жөні басқа... Бірақ өлімде мағына бола ма? «Өлдің, Мамай, қор болдың» — сонымен бітті емес пе? Әйтсе де, адамдар тірлікте түрліше өмір сүретіні сияқты, өлімнің де түр-түрі бар ғой. Ит өлім, ешкімге қажеті жоқ бейкүнә өлім, ерлік өлім бар. Бұларды қалай ғана бір қатарға қоярсың?!

Оның есіне ұстазы Ли-шансының, өлеріне жақындағанда сыр ғып айтқан бір сөзі оралды: «Тірі пендеге бір өлім хақ. Сондықтан өзің дұрыс деп тапқан белгілі бір идеялар үшін күрес майданында жүріп, кеуденді оққа төсеп өлгенге не жетсін», — деп еді-ау мұнымен қоштасып жатып. Өзі әбден әл-қуаттан айрылып, қаусаған шағында, жайдан-жай жан тап-

сыратын болғанына катты өкінбеп пе еді сол жолы. Соған қарағанда, өмірдің мәні күрес болғаны ма? Солай шығар... Ендеше, өлімнің мәні де — күрес. Сонда өмір мен өлім ажыраспайды. Өлім — өмірдің заңды жалғасы болып, бірін-бірі толықтырып тұрады. Ажал — тіршіліктің жолында аранын ашып, кесе-көлденең жатып алған тажал, не басқадай қорқынышты бірдеңе емес, қайта өмірдің мәнін айқындайтын табиғи таразыға айналмақ.

Демежан бұл байламының дұрыс-бұрыстығына көзі анық жетпесе де, соған өзі сенгісі келді. Осы ойын үлкен бір олжадай көріп, іштей қуанып қалды. Өзінен әлдебір женілдікті сезінген. Шынында да, Демежандай адамға өлім жастығына көптің бірі боп, құрдан-құр бас коя салу күнә ғой... Оған қайта осындай тұтқынға түсіп, жауларынан ауыр жаза күту жарасатын сияқты ма, қалай?

Адамды адам тар қапас, тас зынданға қанша қамағанымен, сонау бір төбедегі терезе торындай сыртқы дүниемен жалғастыратын бір саңылау бәрібір табылады екен. Сондай бір жарық сәуледен тағдыр Демежанды да мақрұм қалдырған жоқ. Мұны осынау сызды, суық камераға әкеліп қамаған күннің ертеңінде, қасына қарауылдарын ертіп, түрме бастығы кіріп шыққан. Жасы алпыстың ішін мол аралап кеткен, көзілдіріктi, кәрі маньчжур бұған жылы шыраймен амандасып, өзінше аяғандай түр байқатты. Аяғындағы кісенін алдырып, ішіне сабан салынған кенеп қанардан өзге лыпасы жоқ тақтай төсектің үстіне жұмсақ төсеніш, жылы көрпе бергізді Демежанға түрме бастығының түрі таныс, бір көрген адамы сияқты. Бірақ қанша ойласа да, нақты есіне түсіре алмады.

Түрме бастығының күнде таңертең камераларды аралап шығатын әдеті екен. Ертеңінде ол тағы келді. Бұл жолы қасында ешкім жоқ, жалғыз өзі. Есіктен кірген бойда күле жақындап, қол беріп амандасты.

— Халіңіз қалай, Демежан мырза? Мені танымадыңыз-ау деймін? — деді мұның бетіне барлай қарап.

Демежан ыңғайсызданып, иығын көтерді.

— Сізді бір жерден көрген сияқтымын. Бірақ есіме түсіре алмай тұрмын.

— Мен — Гауғанмын ғой... Есіңізде ме, баяғыда сіздің елге алым-салық жинай барғаным? Сол жолы ел ішінде бүлік шығып кете жаздаған жоқ па еді?

Бұдан он бес жылдай бұрын болған оқиға Демежаннын есіне енді түсті. Иә, мынау сондағы топ бастығы екен ғой. Екеуі жайлаудан қалаға қайтып келісімен, Ши-амбынын алдына бірге кіргені бар еді-ау.

— Кешіріңіз. Одан бері көп жыл өтіп кетті ғой. Онда менің әкем Керімбай үкірдайдың өзі тірі болатын...

— Иә, уақыт деген қалай зымырап тез өтеді?! Сондағы Ши-амбынын өзі жоқ бұл дүниеде, — деді Гауған тақтай нардың шетіне тізе бүгіп жатып. — Содан кейін де сізбен бір жолыксам деп талай оқталдым. Бірақ сонын сәті түспей жүретін.

— Енді, міне, жолыға алмай жүрген адамыңызды тағдыр айдап, алдыңызға алып келді, — деді Демежан езу тартып.

— Есіңізде ме, Демежан мырза, мен сіздің алдыңызда мәңгі қарыздармын ғой, — деді Гауған. — Сіз болмасаңыз, менің сүйегім ендігі курап қалар ма еді, қайтер еді.

— Қалайша?

— Ой-я... Сіз ұмытып қалған екенсіз ғой. Ши-амбы мені жайлаудағы бүліктің бас күнәкары деп тауып, сол үшін өзімді-өзім өлтіруге үкім еткен жоқ па еді. Сіз ара түспегенде, мен сол күні у ішіп, не асылып, көк тәнірісіне сапар шегуге тиіс болатынмын.

Әлдекашан ұмыт болған көріністер Демежаннын көз алдында енді ғана қайта тірілгендей болып еді.

— Иә-иә... енді есіме түсті. Сол жолы Ши-амбы қаһарына мініп, тым катты кетіп еді.

— Сіз, әсілі, қайырымды адамсыз ғой. Біреуге еткен жақсылығыңызды жіпке тізіп жүрмейсіз, — деді Гауган калтасынан алған орамалымен көзілдірігін сүрткілеп отырып. — Ал мен сол бір күнді әлі ұмытканым жоқ. Мойнымдағы карызды калай қайтарам деп, анда-санда сізді еске алып коятынмын.

— Рақмет, Гау мырза! Жақсылықты ұмытпау да кім көрінгеннің қолынан келе бермейді, — деді Демежан. — Сіз алым-салық мекемесінде едіңіз ғой. Мұнда калай келіп қалғансыз?

— Сол өзіңіз білетін жайлаудағы бүліктен кейін менің қызметімді төмендетті емес пе. Біраз жыл қалаға әкелген малдан кан бажы алатын базар бастығы болдым. Ал жана жамбылдың құрылысын аяктап, мына түрме салынып біткенде, баска адам таппағандай, мені осында жіберді.

— Е, жөн-жөн... Сізбен қайта ұшырасқаныма қуаныштымын. Бірақ көріп тұрсыз ғой... — деді Демежан аузына ыңғайлы сөз түспей. — Бұлай кездесеміз деп кім ойлаған.

— Оқасы жоқ. Дүние деген сол: бір күн бетін берсе, бір күн сыртын береді...

Ойда жоқта ескі танысы Гауғанмен ұшырасуы Демежанның қапалы көңілін сәл де болса сергіткендей болып еді. Соған қарағанда, адамға жасаған жақсылық қайтпайды деп, үміт үзуге де болмайды екен. Әйтеуір, бірде болмаса бірде алдыңнан шығады... Содан бері де Гауғаң күн аралатып келіп, мұнымен әңгімелесіп тұрады. Қалада не болып жатқанын, алыс астанадағы жаңалықтарды жасырмай айтып тұратын да сол. Кейде қойнына тығып, әр түрлі кітап әкеліп беретіні бар. Тар қапаста жалғыздық зарын тартып жатқан адамға соның өзі де үлкен медеу.

Сол Гауғаңның астыртын көмегімен соңғы бір айда Демежанға елден де адамдар қатынай бастаған. Жақында қасына Диқанбай мен Бөкені ертіп, Бибі келіп кетті. Әйтеуір Гауғаң байғұс қараңғы түсе әлгілерді түрменің тар есігінен енгізіп алып, өз кабинетінде мұнымен оңаша жолықтырған. Бибі көзінің жасын тыя алмай, қашан кетер-кеткенше егіліп жылаумен болды... Сонан соң аз уақыт ішінде катты жасып, қартайып кеткен — Диқанбай екен. Демежанға қараса болды, көңілі босап, аман-саулық сұрағаннан басқа ештене айта алмады. Оған қарағанда, карт Бөке өзінің жуан сінір қайраттылығына басып, күш қоса, жігер бере сөйлеген:

— Басыма мұндай іс түсті деп, тым жасып кетпе, Демежан шырағым. «Ат жақсысын кермеден, ер жақсысын түрмеден көр», — депті бұрынғы аталарымыз. Бәлкім, болашақты болжағаннан айтылған сөз шығар. Қамау-қапас, айдау-сүргін дегеніңіз өзіндей ер-азаматтың ғана басына түседі. Жалғызбын, жалқымын деп ойлама, артында тілеуінді тілеген қалың бұқара халқың бар. Солар Абдыра даласында өскен ақ дәнді аузына салған сайын, өзіңді алғыспен еске алады Сол еңіреген ел-жұртың, жарлы-жақыбай көп жатағың өзіңе дұғай-дұғай сәлем жолдады... Басқа қолдан келер не бар, құдайым көлденең қатерінен, патшаның кәрінен сақтасын! — деп тоқтаған.

Сырттай сыр бермегенімен, Бөкенің де көңілі босап қоңқылдап тұрғаны белгілі. Қайтсін, осылай жақсы тілек айтып, қабырғасы қайысқаннан басқа қолдарынан келер дәрмен жоқ. Бәрі де жетім баладай жаутаңдап:

— Бұл тергеу-тексерудің шет-шегі бар ма? Сыңайы, қашан босататын сияқты? — деп мұның өзінен сұрайды. Демежан амалсыздан:

— Сәл шыдайық. Мені абақтыда қашанғы бағып отырар дейсің. Жазға қарай қоя беретін шығар, — деп оларды жұбаткан болды.

Бірақ мұның бұл сөзіне Бөке мен Диқанбай иланғанымен, Биби сене қоймады. Ол күйеуінің көңіл күйін сөзінен емес, қас-қабағынан, дауыс ырғағынан танып дағдыланған. Уақыт бітіп, қоштасар мезгіл жеткенде, байғұс әйел Демежаннын мойнынан тас қып құшақтап айырылсашы. Қасындағы қарауыл шеріктен де, жол серік шалдардан да тартына қоймады. Өлім есірігі тигендей ышқына дауыс салып:

— Білем... Сен мені алдап тұрсың ғой, Демежан-ау! Жүрегім бір сұмдықты сезеді... Сені тірі қоймайды бұл жауыздар. Енді сенің алтын жүзіңді көру жоқ қой бізге!.. Босағанда жатып өлейін, мені өзіңмен бірге алып кал! — деп зар еңіреген, Демежаннын да, қасындағы карттардың да сай сүйегін сырқыраткан. Бөке мен Диқанбай екі жақтап:

— Қой, Биби, сабыр ет. Ондай жаман ырымды бастама.

— Абақтыға түскен қазақтың алды-арты Демежан дейсің бе. Бұл да ер басына келген ұшық шығар. Амандық болса, әлі-ақ босанып шығады, — десіп Бибіні зорға жұбатты.

Бұл кездесудің ауыр тигені сонша, Демежан бірнеше күнге дейін өзіне-өзі келе алмай жүрді. Кейін келген Әбдірасыл мен Диқанбайға Бибіні бұдан ары қалаға әкелмеуді тапсырған. Қазір байғұстың күні не болып жүр екен? Бибіні ойласа болды, жүрегі қан қақсап қоя береді. Ол тек Бибінің алдында ғана өзін кінәлы санайтын.

Сонан кейін араға апта салып, Күдері мен Бабалық келіп кетті. Әзірше атка мінер ағайыннан төбе көрсеткені — сол екеуі ғана. Олар да Гауганмен астыртын тіл табысып, қарауылдарды паралап, қараңғы түсе жасырынып келіпті. Ел ішіндегі біраз жаңалықты Демежан солардан естіп-білді. Жақында Төртуыл елінде төтенше сайлау өтіп, Демежанның орнына үкірдайлыкка Көксегенді бекітіпті. Дәл сайлау қарсаңында ел іші тағы да жікке бөлініп, дауысқа Көксеген, Тыныбай, Ыскақ үшеуі қатар түскен екен. Матен-амбы бұл жолы Көксегенді қолай көріпті. Бірақ сайлауға дейін әлгілердің бәрін дәмелендіріп, әркайсысына жеке-жеке уәде беріп жүрип,

Демежанды каралайтын қағаздарға түгел мөр бастырып алған көрінеді. Күдері осы жайларды айта келіп:

— Ел жуандарының сізге көп көргені үкірдайлық еді, оларын алып, армандарына жетіп тынды ғой. Енді сізге ұлықтар бұрынғыдай шүйіле қоймас, — деген әлденеге үміт арта сөйлеп.

— Е, ұлықтан не қайыр сұрайсың. Қазақтың өз қолымен өзін буындырып өлтіруге келгенде, бұлар алдына жан сала ма, — деді Демежан күрсініп. — Ұлықты қойшы, бәрінен де үкірдай, зәңгілердің жиналып басқан мөрі қиын болып тұр. Оқысаң жаның түршігеді. Маған жапсырмаған пәлесі жоқ.

— Басқа елдің үкірдайлары да мөр басып па?

— Түгел. Бастығы Мамырбек, Тұрысбек болып, Таңғыт, Көксегенге дейін тегіс қол қойған. Тек Шәйінің ғана қолы жоқ. Бір жыл туған төл еді... Қадірін жаңа білдім азаматтың.

Сол жолы Күдері бұған тағы бір жаңалық хабар жеткізген. Демежанға бір септігі тиеме деп, қуана, аптыға тұрып айтып еді.

— Айтпақшы, өткен жылы сіздің ауылға барған шеріктерді соққыға жығып, біреуін мерт қылған — Байсерке мен Ысқақтың жігіттері болып шықты, — деген өңі бал-бұл жанып. — Бірге барған адамдардың кейбіреуі істің мәнісін кейін түсінсе керек. Солардың өзі-ақ жұртқа жайып жүр.

Бұл Демежан үшін аса қажет факті еді. Қуанғанынан Күдеріні құшақтай алған.

— Бәсе, өзім де солай шығар деп ойлап едім. Маған құрылған қақпанның ең қауіптісі осы еді ғой... Ал сен осы деректерді қағазға түсіріп, айғақ куәлардың қолын қойдырып бере аласың ба?

— Сол нәрсе өзімнің де ойымда бар, — деді Күдері. — Әуелі өзіңізбен ақылдасып алайын деп едім. Сол түнгі оқиғаның әдейі қастандықпен істелгенін растап, аяғына көп адам қол қойып, Іледегі ұлыққа жіберсек пе деп отырмыз.

— Бұларың да дұрыс екен. Бірақ соз бұйдаға салып жүріп алмай, тездетіңдер, — деді Демежан тағатсызданып.

Күдері мен Бабалық екеуінің бұдан басқа да жасап жүрген тірліктері бар екен. Олар Рамазан Шәнішев, Ыбырай байбатша, Мұрауыт бай сияқты қаланың беделді адамдарын орыс консулына салып, ұлыққа сол арқылы ықпал етуді ойластырған көрінеді. Консул Соков қазір Шәуешекте жоқ, Батыс Сібір шекара басқармасының шақыртуымен, Омбыға кетіпті.

Сол келісімен жанағы кісілер кіріп сөйлеспек. Егер орыс консулы шындап араласса, Матен-амбының оны тындамаска шамасы қайсы деп, жігіттер соны көңілдеріне көп аужал тұтады екен. Бұл жай Демежан көңілінде де үміт ұшқынын тұтатып, еңкейген еңсесін бір көтеріп тастаған. Содан бері қала мен даладан бірдей тағатсыз хабар күтіп жүрген жайы бар.

Қазір наурыз айы туып, күн ұзара бастаған. Демежан жатқан камераға жылу мен жарық молырақ түсіп, көктемнің жақындап қалғанын сездіргендей. Кейде терезе торына шымшық торғайлар, момақан кептерлер келіп қонады. Құс екеш құс та қос-қостан жұптасып жүретін болыпты. Олар да өздеріне ұя салып, ұрпақ қалдырудың мәңгілік камына кіріскен.

Шамасы, түс мезгілі болып қалған шығар. Бір кезде есік сыртындағы қара құлыптың ашылғаны, белдік темірдің салдырлап босағаны естілді. Іле-шала түрме бастығы Гауган мен бір картаң қарауылдың кіріп келе жатканы байқалды. Қолдарында шелекке салған, дастарқанға ораған буыншақ-түйіншектері бар. Біреулер сырттан тамақ әкелген секілді. Қарауыл көтеріп келген заттарын бұрыштағы жатаған үстелдің үстіне қойып, келген ізімен шығып кетті де, бөлмеде Гауган кідіріп қалды.

— Ал ыстықтай тамақ алыңыз, Демежан мырза. Өзі бір дәмді тағам-ау деймін, иісі мұрынды жарып барады, — деді ол күле тіл қатып.

— Кім әкелді екен, білмедіңіз бе?

— Оны мына хаттан оқырсыз, — деп Гауган қалтасынан бүктеулі қағаз алып ұстатты.

Хат үйғыр досы Әсенажыдан екен. Ішінде карындашпен асығыс сүйектете жазылған бес-алты ғана сөйлем бар. Демежанның ойда-жокта мынадай қиын жағдайға тап болғанына үй ішімен қатты қынжылатынын, бірақ түбінде іс оңына келіп, амандықпен бет көрісетініне сенімді екенін жазыпты. «Мынау Ауаханның саған арнап пісірген тағамы еді. Біздің үйдің дәмі тартар ма екен деп ырымдап. өзіңе әдейі жіберіп отыр» депті хаттың аяғында.

Демежанның көзіне жас үйірілді. Бұл — баяғы Ши-амбының алдында тілмаш болып, мұнымен бірге қызмет істеген, кейін алым-салық мекемесіне ауысқан Әсенажы ғой. Демежан қалаға келгенде кейде соның үйіне түсіп, олар да қырдағы мұның аулына келіп, жиі араласып тұратын. Үй ішімен

қонақжай, қазағуар, жақсы адамдар. Демек, ескі достардың мұны әлі ұмытпағаны ғой. Әсенажы мына отырған Гауғанмен де қызметтес болған, жақсы таныс кісілер...

— Әнеугүннен бері бір байқағаным, — деді Гауғаң ыдыстағы тағамдарды үстел үстіне қойып жатқан Демежанға қарап. — Сізді өз туыстарыңыз ғана емес, қаладағы ұйғыр, өзбек, татар ағайындар да төбесіне көтеріп, қатты сыйлайды екен. Күн құрғатпай тамақ әкеліп жатқандары. Кезінде оларға да көп жақсылығыңыз өткен ғой, шамасы?

— Солардың бәрін жарылқап тастадым деуге болмас. Бірақ тіршілікте сол адамдармен де осы өзіңіз сияқты жақсы сыйласқан едік, — деді Демежан. — Ал, Гау мырза, сіз де тамаққа келіңіз.

Тоңазыған ет, табаққа салынған ыстық манты, сарымсақтап пісірген тәтті қалаш дейсіз бе, шағын үстелдің үсті сыймай кетті. Мұндай ас-судың сонғы кезде Демежан атына жиі келіп жатқаны да рас еді. Ауылдан Әбдірасыл мен Диқанбай кезектесіп әкелетін мол азықтың сыртында, қаладағы Бабалық, Ыбырай секілді таныс-білістерден де апта сайын осындай сый табақтар кіріп жататын. Жалғыз адам соның бәрін жеп тауыспайды, әрине. Асып қалған мол тағам көбінше түрме қарауылдарына бұйырады. Гауғаң қазір соны еске алып:

— Мына қалпында бүкіл түрмені асырайтын түріңіз барау, үкірдай. Менің қарауылдарымның әбден дәнігіп алғаны сонша, сізге сырттан тамақ келе жатқанда, аш иттей құйрықтарын бұлғаңдатып тұрады, — деп рахаттана күлді.

Әрине, Гауғаң да өзін асыл текті маньчжур нәсіліненмін деп есептейтін. Ішкі сырын түгел ақтарып айтпаса да, жаңа әмірші Матен-амбыны жаратпайтыны сезіледі. Оның сібе жұртынан шығып, мынадай жоғары шенге ие болуын ақылға сыймысыз, кездейсоқтық деп біледі. Халдайларды тұрпайы, надан деп, алымсынбай отырады. Егер билік басында Матен-амбы сияқты біреу емес, асыл текті маньчжур әкімі отырса, Демежандай азаматты бүйтіп қорламас еді. Бәрі де халдайлардың білімсіз, дөрекілігінен туып отыр дегенді сөз арасында айтып та қалады.

Гауғаң қазір де өзінің тектілігіне бағып, табақтағы мантыдан бірер мәрте алды да, өзге аска сұғына қоймады. Ол манадан бері Демежанның асықты жіліктің ойынды етін қасқырша қалай жұлып жегеніне таңдана көз салып отырған.

— Міне, нағыз көшпенділер әулеті деп сізді айтуға болады, — деді сүйінішін жасырмай. — Сізге қарап отырып, кісінің тәбеті ашылып кетеді екен.

— Осының бәрі сіздің арқаңыз ғой, — деді Демежан. — Айтыңызшы, Гау мырза: сіз адамгершілік парызын өтеп маған жәрдем қолын созып жүрсіз. Осы қылығыңызды жоғарғы ұлықтар сезіп қалса, өзіңізге кесірі тиеді деп қауіптенбейсіз бе?

— Маған не істейді? Қиын қылса қызметімді тағы бір саты төмендетер, — деп күлді Гауган. — Мені Ши-амбының қаһарынан құтқарып, өлімнен алып қалған өзіңіз емес пе едіңіз. Ендеше, менің қалған өмірім — түгелімен сіздікі...

Осыдан кейін Гауган көп бөгелмей шығып кеткен. Аздан соң манағы қарауыл келіп, қалған тамақ пен ыдыс-аяқты жинап әкетті. Демежан ток басу үшін камераның ішінде сенделіп біраз жүрді де, ақыры төсегіне барып қисайды.

«Жақсылық жасасаң жақынға емес, жатқа жасау керек екен ғой, — деп ойлады ол жаңағы Гауганды еске алып. — Айткан сөзінде тұратын, тәрбие мектебін көрген адамдар. Асыл тектіміз десе дегендей. Ең бастысы, мінездерінде құлдық, жағымпаздық жоқ... Ал бала жастан бірге өскен, ұзақ жыл үзеңгі қағысып қатар жүрген Төртуылдың аткамінер пысықтары бір рет келіп, төбе көрсетуге де жарамады-ау! Соны ойлауға кісілігі, мәдениеті жетпеді. Құлдықтың такия таңбасы бастарынан әлі кетпегені ғой... Ұлыққа жақсы көрініп, шен-шекпен алып қалу үшін, қиын-қыстау күндерде мұны бәрі сатып кетті. Құдықта жатқан құр бақалар мына дүниенің шын келбетін танып-білмей-ақ өтер ме екен?! Ана жылы баукеспе ұры Байсерке ұрлықтан ұсталып, түрмеге түскенде, бәрі түс-түстан шапқылап, өліп қала жаздап еді. Ал бүгін өз үкірдайларына қол ұшын беруге де жарамады... Иә, айтпақшы, Байсерке — олардың өз бауырлары, Төртуыл екен ғой. Ал Демежанның кім екенін бір құдайдың өзі білсін. Демек, олар бүкіл халықтың өкілі болу дәрежесіне әлі көтерілген жоқ. Адам деген ардакты атты иелену былай тұрсын, оларды қазақ деп айтудың өзі обал. Бәрі де — кішкентай төртуылдар, кішкентай керейлер...»

Осындай шырма-шату ой құшағында жатып, Демежанның көзі ілініп кетіпті. Қанша ұйықтағаны белгісіз, салдыр-гүлдір еткен әлдебір жат дыбыстан оянды. Бір кезде есік ашылып, ішке біреулердің кіріп жатқаны анғарылды. Демежан көзін

ашып алғанымен, әлі де ұйқыдан айыға коймай, сол қисайған күйі жаткан-ды. Кенет босағада тұрған Матен-амбыны көріп, басын көтеріп алды. Қасында түрме бастығы Гауган және әнеугүннен бері мұны сұракка алып жүрген тергеуші төрелер бар. Матен бөлменің ортасына таман жақындады да:

— А-а, Демежан мырза, сіз осында екенсіз ғой? Беймезгіл келіп, ұйқыңызды бұзып жіберген жоқпыз ба? — деп езуі жайылып күлді.

«Бұл ит тімтініп мұнда не іздеп жүр екен?» деген бір оймен Демежан орнынан көтерілді. Тергеу-сұрақ аяқталған сиякты еді. Матен бұған бұрын да бірнеше рет келіп кеткен. Бірақ онда камераға кірмейтін, түрме бастығының кабинетіне, не сұракшылар бөлмесіне шақыртатын-ды. Не де болса жөнін білгісі келіп, Матеннің қасына таяп келді де:

— Иә, әміршім, жай серуендеп жүрсің бе? Әлде мыналар сені де осында камағалы айдап әкелді ме? — деді оған жоғарыдан төне карап.

Мұндай тіке шабуылды күтпеген Матен сасып калды:

— Калайша? Мен, шынымен-ақ, қылмыскерге ұқсаймын ба? — деп иығын көтеріп күлген болды.

— Кім білсін. Қазір калай деп болады... Император Гуансюйдің өзі мырза камакта отырғанда, карапайым халдай ұлының түрмеге түсуіне таңданатын не бар?!

Мына сөзді естігенде әміршінің шашпауын көтеріп жүрген кіші төрелердің көзі шарасынан шығып, адырайып кетті. Бірақ Матен сыр берген жоқ. Қайта жаны кіріп, көңілдене түскен сынай танытты.

— Көрдіңіздер ғой, мырзалар. Бұл Демежан үкірдаймен сөйлесудің өзі дүниенің рахаты. — деді касындағыларға карап. — Сіздер бара түрыңыздар. Біздің екеуара, онаша айтысатын әңгімеміз бар.

Баскалар аяктарының ұшымен басып, далаға шығып кетті де, іште екеуі ғана калды. Карауылдардың бірі сырттан екі орындық әкеліп қойды.

— Отырыңыз, Демежан мырза, — деді Матен сол орындыктардың біріне жайғасып жатып. — Шынында да, бір емін-еркін отырып әңгімелесейікші. Өзіңіз білесіз, бұл түрме дегеніңіз тек қылмыстылар жайлаған, өте көңілсіз жер ғой. Шынымды айтсам, осында келгенде сізден баска сыр ашып, сөйлесетін де ешкім жок.

«Мына неме бүгін тым шалқып отыр екен. Үйіргені алшы түсіп, тағы бір жерден ұпай алып шыққан-ау» деп ойлады Демежан. Матеннің қатарына келіп, жанағы орындықтардың біріне ол да тізе бүкті.

— Сен болсаң қылышыңнан қан тамып, түу деген түкірігі жерге түспей тұрған мәртебелі ұлықсың. Мен болсам қамауда жатқан тұтқынмын. Біздің арамызда қандай әңгіме болуы мүмкін?

— О-о, мұндай кішіпейілділіктің керегі не? Сіз кешегі үкірдай, бір елдің көсемі емессіз бе. Мерзімінен сәл кештеу туып қалғаныңыз болмаса, күллі қазаққа хан болатын-ақ адамсыз.

«Ит-ай, адамды осылай мазақ етіп, корлайтыны жаман ғой!» Демежан қамауға алынғалы, оны дүреге жаткызып, не ұрып-соғып қинаған ешкім жоқ. Бірақ оның есесіне, Матен-амбының анда-санда осылай келіп, тышқанды домалатып ойнаған мысықтай, сөзбен шымшып, тәлкек ететіні бар. Таяқ еттен ғана өтсе, сөз сүйектен өтетінін жақсы біледі иттің баласы. Демежанның қорланғанын, ызаға булыққанын көріп, содан кәдімгідей ләззат алады. Тұтқыннан жауап алу — оның қолы бос кезіндегі ең сүйікті ермегі. Мұндайда Демежан да ештеңеден тартынбай, екеуі, көбінше, ашық кететін.

— Түрмеде жатқан қалай болады екен, Демежан мырза? Кісінің іші пыспай ма? — деді Матен ала көленке камераның ішін көзімен шолып отырып.

— Қызығып тұрсаң, менің қасыма келіп біраз күн жатсайшы. Абақтының не екенін сонда білесің.

— Бізді қойшы, біз мұндай төрт дуалға бойымыз үйренген жандармыз ғой, — деді Матен оның сөзін елең қылмай... — Сіз сияқты киіз үйде туып, самалды салқын ауада, кең сахарада еркін өскен көшпенділерге қиын ғой. Әсіресе, астына жүйрік ат мініп, қыран құс салып, ұшқыр тазы жетелеп, дүниенің қызығын белшеден кешіп жүрген сіздей адамның мынадай тар қапаста отыруы обал-ақ... Сізге жаным ашиды, Демежан мырза. Сіз қайткен күнде де бұл азаптан құтылуыңыз керек...

— Өзіңше маған ақыл айтып, жол сілтеуге келген екенсің ғой.

— Жоқ, шын айтам... Бүкіл қылмысыңызды мойындап, өзіңіздің оңбай қателескеніңізді айтып, өкіметтен кешірім сұраңыз. Егер шын жалбарынып өтінсеңіз, құдіреті күшті Еженханның рақымы мол ғой, кешіруі де мүмкін.

— Еженхан деп отырғаның кім сенің? Құсадан дертке шалдығып, бейшара, міскін күйге түскен император Гуансюй ме?

Әлде Цин сарайымен бірге туған жиенінің де түбіне жеткен жесір патшайым Цысиді айтасың ба?

— Сізге бәрібір емес пе? Такта кім отырса — сол Еженхан! Немене, бүкіл Цин империясы шекеңізге тар келіп тұр ма?

— Әй, сол империяның да күлі көкке ұшып, шаңырағы ортасына түсетін кезі алыс емес-ау!

Мейманасы тасып, мардамсып отырған Матеннің бұл жолы күлуге шамасы келмей қалды.

— Ол жағын уайымдамай-ақ қойыңыз, үкірдай Цин үстемдігі құласа да, сіз сияқтылардың талайын табанына салып барып құлайды. Әйтеуір, сізден гөрі өміріміздің ұзақ болатынына еш күмән жоқ, — деді қызарактап.

«Мына сұм дұрыс айтып отыр, — деп ойлады Демежан ішінен. — Өкінішке орай, марқұм Ли-шансың сияқты мен де Маншың өкіметінің күйреген кезін көре алмай өтетін шығармын».

— Сонымен не істейтін болдыңыз, Демежан мырза? Өз қылмысыңызды мойындап, өкіметтен кешірім сұрайсыз ба, әлде осы қасарысқан күйі дүниеден өте шығасыз ба? — деді Матен-амбы қайтадан жайдары қалыпқа түсіп.

— Маған жаққан жала-күйең жүкпаған соң, енді өзімді көмекке шақырайын дедің бе, зәлім неме?

— Басқа бір мәдениетті жұрттың өкілі болса, аймақтың әміршісіне «ұлы мәртебелім» деп сөйлесер еді. Сіздерге сөгіс жоқ қой бірақ...

— Олай деп бағынышты құлдарың айта жатар. Ал мен сенің билігіңді мойындамаймын.

— Демек, бұл сіздің түзелмеске бет алғаныңыз ғой... Алда өзіңізді қандай жаза күтіп тұрғанын білесіз бе?

— Сен мені өйтіп қорқытпа. Мен әділет жолында өлімнен де тайсалмайтын адаммын.

— Бекер... Бекер олай ойлайсыз, — деді Матен-амбы басын шайқап. — Сіз әлі жассыз ғой. Қырық жеті жас деген не, тәйірі. Ер жігіттің нағыз толысқан шағы... Біз жақында Тұрысбек үкірдай екеуіміз сіздің ауылға барып қайттық. Әйелдеріңіз қандай! Бірінен бірі өтеді...

Демежан тіл қатқан жоқ. Біреу жарасының аузын қанын шығара тырнап алғандай, қан қақсап отырып қалды.

— Мен әлі де сізді босатып алу жағында жүрмін. «Өткен іс өтті, енді кек қумай-ақ қойыңдар» деп халдайларды да басып тастадым, — деді Матен-амбы сөзін жалғастырып. — Бірақ

маған сіздің өз ағайындарыңыз қиын болып тұр. Үкірдай, зәңгі-елубасылар «Бізді Демежаннан құтқара гөр!» деп мөрлерін басып, жоғарыға арыз жөнелтіп жатыр... Айтпақшы, сіз Төртуыл емес, Керей екенсіз ғой? Олар өздерін ұзақ жыл жат біреудің билегенін қатты намыс қылады екен.

— Саған керегінің өзі сол емес пе? Қазақтың алты бақан ала ауыздығынан зиян шегіп отырмаған шығарсың, — деді Демежан езу тартып. — Айтпақшы, сен де маньчжур емес, сібесің ғой. Маншың өкіметі сені қалай билік басына қойып отыр?

— Маньчжур мен сібе ағайынды халықтар ғой. Олар кейде бірінің орнына бірі жүре береді, — деп Матен-амбы жаны жай тапқандай, рахаттана күлді. — Ал мына қазақтың арасы қиын екен. Әр ру өз алдына жатқан бір мемлекет! Өз шекарасынан кия бастырмайды.

«Мына сұмырайдың айтып отырғаны рас. Зәлім неме қазақтың осал жерін қалай дәп басып біліп алған?» деп ойлады Демежан. Матеннің жүзіне жирене қарап, аз отырды да:

— Сен маңадан бері маған артылатын ең ауыр күнәны неге ауызға алмай отырсың? Сірә, соның түбінде бір шикілік бар-ау, шамасы? — деп келемеждей күлді.

— Нені айтасыз?

— Ұмытып қалдың ба? Әлгі Байсерке мен Ысқақтың қолымен құрбандыққа шалып, біздің бақшаның ішіне көмдіріп тастайтын шеріктің өлігі ше? Адам өлтіру ең ауыр қылмыс саналмайтын ба еді?

Матен мұндайды күтпесе керек, өңі қара қошқыл тартып, аузына сөз түспей, мүдіріп қалды. Тек әлден уақытта:

— Ол жағын әлі анықтау керек. Айғақ-куәлар бар ғой... тексереміз, — деді тура жауап беруден жалтарып.

Тұла бойын ашу кернеп, қалшылдап кеткен Демежан осы тұста өзін ұстай алмай қалды. Қарсы алдында отырған Матеннің жағасынан бүркіттей бүріп ұстады да, табанын жерге тигізбей тік көтеріп алды. Анау жан дәрмен айқайлап, көмек шақырмақ болып еді, оған мұршасын келтірмей, күректей қолымен тамағынан қыса қойды:

— Дыбысыңды шығарма, иттің баласы! Әйтпесе қарауылдарың жетіп үлгіргенше, жаныңды жаһаннамға жіберемін, — деді зеки тіл қатып. — Неткен арам, не деген суайт едің, онбаған сұмырай?! Тұрған бойың толған нәжіс, нағыз мерез екенсің ғой. Осыдан кейін де адаммын, ұлықпын деп,

жер басып жүрсіндер, ә?.. Іріп-шіріген Маншыннын ең соңғы өлексесі, жұртына байлап кеткен бұралқы төбетісін сен! Ал намысты неме болсан жарылып өлип кетші, кәне! Сен ит алдында кім отырғанын ұмыткан екенсін. Бәлем, осы тұрған жерінде Дохалдайдың арткы аяғын күштырып, мына шұбатылған айдарынды тұтамдап тұрып жұлып алайын ба?! Жоғал көзіме көрінбей! Бұдан кейін бұл жакка аяқ басушы болма... Тіфу, кандай жиіркенішті едің?! — деп ұлықтың алқымынан колын босатты да, бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді.

Маньчжур, қытай салтында, бетке түкіру — таяқпен ұрғаннан әлдекайда ауыр. Ол абыройдан айрылып, біржола кара бет болғаннын белгісі. Есенгіреп калған Матен дереу калтасын сипалап, колына ештене түспеген соң, шұбатылған жібек шапанының женімен бетін сүртті. Бұл жолы Демежаннан оңбай женілгенін сезіп тұр. Бірақ канша сүрткілесе де, бетіндегі кара танба енді кайтып тазармастай, мәңгі калып қойғаны анык еді.

— Енді тірі калам деп ойлама. Сенін тағдырың менің колымда! — деді Матен есік алдына барып алған соң айбат шегіп.

— Оу, саған тағы тіл бітейін деді ме? Бері келші өзің! — деп Демежан тап берген.

Доңайбатын сыртына салып алай жүнін қорбитып жүргені болмаса, Матен жаратылысынан сұмдық коркак болатын. Есіктен лып етіп қалай шығып кеткенін бұл тіпті анғармай да қалды.

VII

Түрме камерасында өткен сол окиғадан бері де екі-үш айдың жүзі болды. Әркайсысы жылға бергісіз, тасбакадай тырмысқан, ұзақ айлар. Бұл уакыт түрмеде жаткан тұтқыннан гөрі, Матен-амбының жанына катты батып еді. Күн өткен сайын әміршінің жүйкесі жұкарып, ұйқы-күлкіден айрыла бастаған. Көзі ілініп кетсе болды, түсіне Демежан кіреді. Әлдебір әлуетті колдар алқымынан сығып, буындырып жаткандай, кара терге түсіп, шошып оянады. Күнде жатар алдында бұрышта тұратын куыршақ құданына сиынып, канша жалбарынса да, осы бір халден арыла алмай-ақ қойды. Касында ақ сазандай керіліп жатқан Маху сұлуға да бұрылуға мұршасы болмай, аз күннің ішінде аурудан түрғандай жүдеп кетіп еді.

Матен-амбы қанша асыққанымен, Демежан ісі әлі сол күйінде қозғаусыз жатыр. Бұл оның бар қылмысын хатқа түсіріп, аяқ жағына бүкіл үкірдай-зәңгілердің мөрін басты-рып, Құлжаға жөнелтіп жібергеніне де, міне, бірнеше айдың жүзі болды. Содан әлі хабар жоқ. Мұндағыдар Демежанға өлім жазасын сұраған-ды. Ал мұндай ауыр жазаны тек өлкедегі үлкен ұлықтың өзі бекітуі керек. Іле жаңжұны Шығыс Түркістанға жаңадан келген, ел жағдайын жетік білмейтін, қоркақтау адам еді. Сірә, сол өзінше сақтық істеп, істі әдейі кейінге созып отыр ма, кім білсін.

Көңіліне бір тоқ санайтыны, үкірдай-зәңгілер Демежанға сырттай жауыққанымен, жеме-жемге келгенде тайқып кете ме деп қорқып еді, жоқ, олай болмады. Мансап десе ішкен асын жерге қоятын, ұлықтың ынғайын бақкыш ел жуандары жеке-жеке ұрланып келіп, үкім-арызға мөрлерін басып берді. Кейбіреулері өздері келмей, арнайы барған Байсерке, Ысқақтардан мөрін беріп жіберіпті. Тым құрыса өз қолымыз таза қалсын деп, далбасалаған түрлері... Тек, Мәмбеттің үкірдайы Шәйі ғана мөрін беруден бас тарткан.

— Арыстан туған Демежанның халық үшін кандасып, жұрт үшін жарғыға түскеннен басқа жазығы бар ма еді?! Екеуіміз бір жыл туған төл едік.. Нақақ қанға қолымды матырып, обалына қалар жайым жоқ, — деп мөрін өзі де баспай, сөзін тыңдайтын кейбір зәңгілерді де айнытып тастапты.

Содан бері Шәйі үкірдайға Матеннің тісі басулы болатын. Қол астындағы жандарм баскармасына Шәйінің атасы Отыншы биден бастап, арғы-бергісін қазбалауды тапсырып та қойды. Қазір ел ішінде өріп жүрген жансыздар арқылы Шәйінің папкасы да қалыңдай түсіп еді.

Баскасы ештене емес-ау, Матен-амбыға бәрінен де мына Демежанның әуресі қиынға түсіп тұр. Күн озған сайын оған құрған тұзағы үзілуге айналып, жайған торы сетінеп барады. Демежанды тіл тарткызбас деген ең ауыр қылмысы — аулына барған шерікті «өлтіруі» еді ғой. Уақыт өте келе оның да шикісі шыға бастады. Қазақтың аузына сөз тұра ма, шерікті мүрдем кетірген Демежан емес, Ысқақ пен Байсеркенің жігіттері екенін сол түнгі жорыққа қатысқан адамдардың өздері-ақ жұртқа жайып жүрген көрінеді. Ал ел ішінде Демежанды жақтайтын кейбір кісілер соларды куәға тартып, Іле жаңжұнына арыз жөнелтіпті деген сөз бар. Егер ол факті анықталса. Матеннің

өз жағдайы киынға айналмақ. Өздерінің қандас бауыры Демежанды сатқан Ысқақ пен Байсерке мұны аяр дейсің бе, қатты қыспаққа алып сұраса, соның бәрін ұйымдастырып жүрген Матеннің өзін ұстап берері хақ. Апыр-ай, алды-артын ойламайтын неткен ақымақ еді?! Соларға сеніп, одақ құрып жүрген мұның өзін де атып өлтіретін кісі жоқ. Демежан қазір Матеннің мойнына байланған тас секілді. Тезірек көзін құртып құтылмаса, өзімен бірге мұны да су түбіне ала кетуі мүмкін.

Биыл жаз ерте шыққан-ды. Мамыр айы туысымен ыстық түсіп, аспаннан бір тамшы жаңбыр жаумай, тіршіліктің тандыры тартылып тұр. Әсіресе, айналасы биік дуалмен қоршалған жамбылдың іші тіпті қапырық, не үп еткен жел соқпайды. Үміт пен күдік аралас неше алуан ойдың құрсауында отырған Матен-амбы тынысы тарылғандай одан ары қапалана түседі. Ыза мен ыстық қабаттасып, зықысын кетіргені сонша, үстіндегі көлкілдеген жібек желенін шешіп, бір бұрышқа атып ұрды да, піл сүйегінен істелген желпуішке жармасты.

Дәл осындай киын-қыстау кезеңде, ішке өзінің көмекшісі, жас сібе жігіті кіріп, Құлжадан келген күпия пакетті ұсынғанда, Матен-амбының қандай күйде болғаны айтпаса да түсінікті. Есі шығып қуанғаны сонша, пакетті қолына алған соң, салт бойынша Бежін қаласы орналасқан түстік-шығысқа қарай тәжім етуді де ұмытып, бірден ашып оқуға кіріскен... Бірақ үміті ақталмады. Оқыған сайын қаны қашып, бозара түсті. Демежанды дарға асу туралы дайын үкімді оқимын ба деп дәмеленіп еді, оның орнына бұған арты күмәнды, көп машақат жұмыс тауып беріпті.

«Мамыр айының жиырмасында Демежан жөніндегі арызшағымдарды тексеруге Құлжа қаласынан заң істерін басқаратын үлкен сановник шығады. Сол Шәуешекке барып, жергілікті орында іспен танысқан соң, кесімін соңынан бір-ақ айтады...» делінген құпия хатта.

Мә, саған керек болса! «Тілеп алған аурудың емі табылмайды» дегендей, өзіне де сол керек. Халдайлардың жыртысын жыртам деп, айдалада жүрген қыр қазағы Демежанмен айқасып не жыны бар еді?! Бұл ақыл білсе, о баста соны бауырына тартуы керек еді ғой. Демежанды ұзақ жыл қолға ұстап келген Шиамбы ақымақ дейсің бе, сол кәрі тарлан бірденені білген ғой.

Матен-амбы от алып қамыска түскендей катты қапаланды. Іледе отырған ұлықтардың солқылдақтығына, жетесіздігі-

не ыза болған. Бірнеше айдан бері соз бұйдаға салғаны аз болғандай, енді оны жаз бойы бітпейтін, ұзын-сонар жырға айналдырмақ кой. Бүйтіп, өздерін де, мұндағы елді де әуреге салғанша, үкім-арыздың шетіне «өлім жазасы берілсін» деген үш сөзді жаза салуға батылдары жетпегені ме? Содан бүліне қоятын не бар? Не деген бос белбеу, не деген иіс алмас кеще еді?! Осыдан кейін бұл өкіметті кім басынбайды, кім төбеңе шығып ойнактамайды?!

Осы сәт оның көнілінде неше алуан күдікті ойлар қылаң берді. Әлде жоғары жакта отырғандардың бұл жолы Демежанға емес, мұның өзіне шүйілетін ойы бар ма? Бұл Тарбағатайға әмірші боп бекігенде, қызғаныштан іші күйгендер, тіпті ашық қарсы шыққандар да көп болған. Тек астанадан әкелген жесір патшайымның бұйрығын бұза алмай, амалсыз көнген-ді. Әлде сондайлар жанжұңның басын айналдырып. Матенді сүріндіру үшін әдейі тырнақ астынан кір іздеп отыр ма екен? Солай болуы да мүмкін-ау. Қалай болғанда да жақсылық емес, әйтеуір. Егер тексеруші ұлық Матенге тісін басып келетіні рас болса, онда көп койманың беті ашылады. Тергеу-тексеру кезінде Демежан да, айғақ-куәлар да сұракка тартылмай калмайды. Ал Демежанға сөз тисе, ұлықтың басын шыр айналдыруға оның тілі жетіп тұр. Басында бәрі ап-айқын, оп-оңай сияқты еді, қалай-қалай қиындап кетті бұл дүние?

Жоқ, бүйтіп қол қусырып қарап отыруға болмайды екен. Өршігелі тұрған өрттің алдын алу керек. Ең әбзалы — тексеруші ұлықты бұл аймакка келтірмеу, Демежанмен де, өзге айғақ-куәлармен де тілдестірмеу... Бірақ бүгін-ертең жолға шыққалы тұрған ұлықтың алдын қалай тосарсың Енді тек осындағы ел жуандарын шошытып алмай, өз сөздерінде тұратындай етіп дайындағаннан басқа амал жоқ. Ең тиімдісі — келетін ұлыкка казақтардың өзін кайрап салу... Жеке бұл ғана емес, үкірдайзаңгілер де өз мөрлері үшін жауап беруге тиіс кой. Солар сөзінде нық тұрса. Матенге бәлендей салмак түсе коймас.

Ал келе жатқан ұлық кім? Мәселе сонда. Хатта жазылғанындай, «жоғарғы сановник» дегеніне қарағанда, ол ішкеріден келген дөкейлердің бірі болуы да мүмкін. Кім де болса, оны осы калада күтіп отыруға болмайды. Аймак шекарасына ілінбей тұрғанда, бірнеше күншілік жерден қарсы алу керек. Ұлықтың аужайын ел ортасына келмей тұрғанда, аулакта түйген жөн. Оны күтіп алуға, әрине, Матен жалғыз бармайды, осындағы

Төртуылдың атқа мінерлері мен бүкіл үкірдай-зәңгілерді түгел ертіп алады. Олар өз арыздарын мұнда емес, сол жақта, жол үстінде айтатын болсын. Кім біледі, сәті түссе... Жол Керей жайлауының үстінен өтеді ғой. Ана жылы мұның өзін қарсы алған бекетке көп үй тігілсін деп, Мамырбек төреге осы бастан хабарлау керек. Мамырбек сенімді адам. Ол бәрін де реттейді.

Сол сағаттан бастап, Матен-амбы өлкеден келе жатқан ұлықты қарсы алудың қамына кірісті. Және бұл дайындықты ел-жұртқа дабыраламай, өте құпия түрде, жіңішкелеп жүргізуге тырысқан. Арада бір жұма өткенде ат төбеліндей іріктелген шағын топ, Керей ішіндегі бір жиынға қатысамыз деген сылтаумен, Шәуешектен елеусіз аттанып кетті...

Ал бұл кезде Құлжа қаласынан шығып, Шәуешекке қарай бет алған князь Дуань ұзақ жолдың тең ортасынан енді ғана асып еді. Бұл өлкеге жақында келген мәртебелі князь басында ел көру, жер көру мақсатында, әрі ұлықтардың кеу-кеулеуімен осы сапарға шығуын шығып қалса да, жол азабы жанына батқан сайын, өзінің желөкпе женілтектігіне іштей өкініп келе жатқан-ды. Күн болса әуе айналып жерге түскендей ыстық. Жоңғарияның елсіз, сусыз шөл даласы таусылар емес.

Әлде алғашқы арынның басылмаған кезі ме, жолдың бірінші жартысы білінбей тез өткен сияқты еді. Елді мекендер жиі орналасқан, бау-бақшалы, салқын-саялы Іле өңірі оған көп қиындық келтірген жоқ. Одан бері Еренқабырғаның батыс сілеміне ілініп, биік асуға көтерілген кезде де князь Дуань бәлендей қинала қоймады. Қайта тау іші, әсем табиғат көріністері көздің жауын алып, көңілін желпіндіре түскен. Талқының кезеңінен асып, биік тау үстіндегі жап-жасыл Сайрам көлдің жағасына келгенде, ұлықтың мүлде есі шығып кетті. Табиғаттың арда сұлулығын қиып кете алмай, көл жиегіне шатыр тіккізіп, бір-екі күн демалды.

Жолдың нағыз қияметі таулы өлкені артқа тастап, Такия қаласынан өткеннен кейін басталды ғой. Айнала көз жетер жерге дейін бұдырсыз құмайт дала. Керуен сарайы аталатын бекеттерге мерзімінде жетіп жығылмасаң, жол-жөнекей су тауып ішудің өзі өте қат екен. Сөйтіп, Құлжадан шыққандарына он шақты күн өткенде, Шиху шаһарына өліп-талып зорға жетіп еді. Қала деген аты демесең, бұл да ойпатқа орналасқан, аса қапырық, ыстық жер болып шықты. Дегенмен сол

қалада бірер күн демалып, жергілікті өкіметтің сый-сыяпатын көріп, жан шақыруға тура келген. Азапты ұзақ сапарды қайтадан жалғастырғаны бүгін ғана. Білетіндердің айтуынша, баратын жерлері әлі алыс, Шәуешекке дейін кемінде төрт жүз шақырымдай жол жүру керек көрінеді.

Князь Дуаньның бұл жүрісінің өзі жинақы, жеңіл де емес, әлденеше көліктер тізбегін құрайтын ұзақ-салқар көш тәрізді. Ең алда көсемдеп үш ат жеккен, үстінде жібек шатырлы балдаханасы бар, қос доңғалақты дашай арбада мәртебелі ұлықтың өзі келе жатыр. Оның соңында күзет әскері мен балдахана көтеретін жүкші-құлдар орналаскан, жол шатырлары мен азық-түлік арткан, ат жемін тиеген тағы бірнеше арбалар бар. Қоскостан жеплген, шетінен семіз, күйлі аттарды сар желдіріп, жер өндіріп, қатты айдап кетуге болар еді. Бірақ император әулеті саналатын, мәртебелі маньчжур бекзадасына ондай асығыс, суыт жүріс жараспайды. Сән-салтанатты бұзбай, біркелкі мимырт аяңмен баяу жылжып отыруы керек.

Мұның сыртында жүргіншілердің жүгін ауырлатып, жолын бөгейтін тағы бір қосымша машақат бар. Елді қоныстардың, қыстақ-ауылдардың тұсынан өткенде, арба үстіндегі ауыр балдахананы жерге түсіріп, бекзаданы он шақты адам жаяу көтеріп жүруі шарт. Тек ел көзінен ұзаған соң ғана қайтадан көлікке отыруға болады. Онда да амалдың жоқтығынан, жолдың қашықтығынан... Жол-жөнекей қалаларға соққанда, балдахананы сол қаланың жергілікті ұлық-төрелері көтереді. Шихуға келгенде де солай болды. Бүгін шағын қаланың кішкентай төресымақтары князь Дуаньді көш жерге дейін көтеріп келіп, жаңа ғана қош-қош айтысып, ұзатып салғанды. Осылайша, салтанатты шерумен қаладан ұзап шыққанша жаяу шұбырған жүргіншілер енді ғана көліктеріне қайта отырып, аздап тыныс алған кездері еді.

Князь Дуань қырыққа жасы жаңа ілінгеніне қарамастан, денесі ашыған қамырдай қабарып тұратын, былқылдаған, ақбөрте, семіз кісі еді. Өмірі күн тиіп, жел қақпаған аққұба, балғын жүзі қазір ыстықтан быршып, күреңіте түсіп, жібек күркелі балдахананың ішінде көзін ашып-жұмып зорға отыр. Үстінде бірінші дәрежелі сановник екенін білдіретін, екі өңіріне тырна бейнесі зерленген, мол пішілген жібек желең, айдарлы басында жақұт тасты, шошақ төбелі, айыр қалпағы бар. Жібек желеңнің ұзын жеңінен зорға көрінетін сояу тырнақты қос қолы-

нан желпуіші түспей, дамылсыз желпініп келеді. Қапырық ыстықта тілі аузына сыймай, шөл қысып бара жатқан соң, қасында тұрған жез шөлмектен қайнаған су құйып ішті.

Іш пыстыратын ұзақ жолда киялдан басқа серік жоқ. Қазір князь Дуаньның өзі мұнда отырғанымен, ой-киялы астанадағы сәнді сарайларды шарлап жүр. Кейде өзінің осы халін ажуалағандай, езуін қисайта, жымиып күліп қояды. Сонау алыс Бежіндегі алтынмен апталып, күміспен күптелген император сарайы мен осынау күн қақтаған Жоңғар даласының арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Соған таңданады. Тағдыр шіркіннің адам баласына жасайтын зорлығы көп екен ғой. Қолында құдіреті барлар бұдан құтылғысы келіп, зеңбірекке салған доптай шымырата атып жіберіп еді, бұл байғұс бұрын атын естігені болмаса, түсіне де кіріп көрмеген, шалғайдағы Шығыс Түркістаннан бір-ақ шықты. Қазір оның мына түріне қарап, князь Дуаньді күні кеше Цин сарайында алшаң басып жүрген жоғары шенді сановник деп кім айтар? Қаршадайынан император Гуансюймен бірге өскен, бір үстелден ас ішкен бекзада, асыл текті император әулеті деп кім айтар?!

Маньчжурлер үстемдік еткен Цин династиясы билік құрып тұрғанына, міне, екі жүз алпыс төрт жыл болған екен. Содан бері атадан балаға мирас болып келе жатқан алтын тақка тоғыз император отырыпты. Солардың ұл-қызынан бұтақталып өрбіген ұрпақтың өзі қазір алты мыңға жетеді. Ал князь Дуань — сол алты мыннын жай ғана біреуі емес, қазіргі император Гуансюйге төрт атадан қосылатын ең жақын туысы. Мұның әкесі де, атасы да өздері тақка отырмағанымен, Цин сарайынын тірегі боп келе жатқан білікті адамлар болатын.

Осыны ойлағанда, князь Дуань өз тағдырына шағынғандай, іштен тына, қалтырай күрсінді. Көз алдына жесір патшайым Цысидің канын ішіне тарткан, сүп-сүр бейнесі елестеді. Сарай маңындағы басқа да көп сановниктер сиякты бұл да оны бала жасынан жек көруші еді. Бірақ, амал қанша, бір ауыз қарсы сөз айтуға дәрмені жоқ. Мінеки, сәл қылдан тайып кетіп еді, акыры не болды? Шығыс Түркістаннын құла дүзіне қаңғыртты да жіберді... Япырым-ай, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, мұндай да жұлдызы оңынан туған әйел болады екен. Император Сяньфаннын кешегі канизагі күйеуі өлген соң талай бақталасының басын жойып, жиырма жеті жасында билік басына келіп еді, міне, қырық бес жыл

бойы табан аудармай такта отыр. Небір аузымен құс тістейтін, азуы алты қарыс сановниктер еркек бастарымен осы бір шүйкедей әйелге шамалары жетпей-ақ қойды.

1862 жылдың көктемінде император Сяньфан қайтыс болып, оның орнына алты жасар ұлы Тунжи таққа отырғанда, оған ешкім таңданған жоқ. Өйткені ол өлген императордың бірден-бір мұрагері болатын. Ал мұрагердің шешесі Цыси, сарай салты бойынша, регентша — бас уәзір болып тағайындалды. Бірақ Тунжидің өмірі ұзаққа барған жоқ. Небәрі он тоғыз жасында, артына ұрпақ қалдырмаған күйі көк тәңірісіне сапар шекті. Дәл осы тұста жесір патшайым Цысидің билік басынан таятын-ақ жөні бар еді. Жұрттың бәрі солай деп ойлаған. Жоғарғы ақсүйектер кеңесі, император Сяньфанның өзге баласы жоқ болғандықтан, оның ағасынан туған немере інісі, жиырма жасар Пу-Луңды тақ иесі деп ұйғарып та қойған.. Бірақ, керегі не, жесір патшайым олардың бұл жоспарын іске асырмай, тас-талқанын шығарды. Күшпен тізеге салып отырып, император Сяньфанның інісі ұлы князь Чун мен өзінің сіңлісі Дэфаннан туған төрт жасар Гуансюйді тақ мұрагері етіп тағайындады. Ал жесір патшайым сол бұрынғыдай өз жиеніне регентша болып қала берді.

Қазір сарай маңында Гуансюй туралы «Таққа жылап келіп отырған император» деген сөз бар. Олай дейтіні, тақ мұрагерін төрт жасында ата-анасының бауырынан күшпен ажыратып, алғаш сарайға алып келгенде, ол: «менің император болғым келмейді. Мені мамама жіберіңдер» деп қолды-аяққа тұрмай жылап, үйіне қарай қашқан көрінеді. Бәлкім, сонда сәби жүрегі бірдемені сезді ме, ол байғұстың да бүкіл өмірі нағашы апасының езгісінде қайғы-қасіретпен өтіп келе жатыр ғой.

Князь Дуаньның император Гуансюйден екі жас үлкендігі бар. Бірақ, соған қарамастан, екеуі сарай маңындағы бекзадаларға арналған мектепте бірге оқыды. Гуансюй жасынан дімкәс, ілмиген арық бала болатын. Оның үстіне, ата-анасының бауырынан ерте ажырағандікі ме, оқуға ынтасыз, тым беймаза, тентек болды. Мұғалімнің тапсырмасын орындау каперіне де келмей, класта өзінің ойыншықтарымен әуреленіп отыратын. Салт бойынша, сабақ оқымайтын тәртіпсіз шәкіртке дүре соғылуға тиіс еді. Мұғалімдер канша тістерін қайрағанымен, болашақ императорды жазалауға батылдары жетпей, оның орнына дүреге кезекпен басқа балаларды жатқызатын-ды. Бала кезінде

князь Дуань да көктің ұлы Гуансюйге арналған бамбук таяқтың дәмін талай татып көрген. Тағдыры маңдайына жазған сол ащы сордан бұл әлі күнге дейін арылған жоқ. Император Гуансюйдің басына бұлт үйірілсе-ақ болғаны, мұның арқасына ылғи да әңгір таяқ ойнаумен келеді.

Император Гуансюй тақ иесі деген аты болмаса, нағашы апасының шеңгелінен өмірі босап көрген жоқ. Жетесіз, ынжық неме тым құрыса өзінің болашақ әйелін де еркімен таңдап алмадыау!.. Князь Дуаньның әлі күнге дейін есінде: 1888 жылы қазан айында он жетіге толған мұрагерге қалындық таңдау салтанаты өтіп жатты. Бұл ең соңғы, үшінші сұрыптау болатын. Бұл таңдауға сұлулардың сұлуы деп іріктеліп алынған, маньчжур аксүйектерінің отыз қызы қатысты. Қолдарындағы тақтайшаға аты-жөні, ата-тегі, жасы жазылған арулар алтын тақта қатар отырған жесір патшайым Цыси мен мұрагер Гуансюйдің алдына келіп, бір-бірден көрініс берген. Әттең дүние! Кімдер жоқ дейсің бұлардың арасында?! Үлде мен бүлдеге оранған небір қарақат көз, қыпша бел сұлулар болашақ императордың көңілі қайсымызға ауар екен деп, бұрала басып өтіп жатты. О баста жас мұрагердің назары басқа бір қызға түсіп еді. Бірақ онысынан ештене шықпады. Өйткені жесір патшайым оған деген қалындықты күні бұрын ойластырып қойған-ды. Жаңағы отыз қыздың арасында Цысидың туған ағасы, генерал Гуй Сяньның қызы Лун Юй бикеш те бар-тұғын. Ол асып бара жатқан ештенесі жоқ, орташа ғана өні бар, жай қатардағы көп қыздардың бірі болатын. Жесір патшайым мұрагердің өзінше тулап, қарсыласқанына қарамай, ақыры оны сол Лун Юйге үйлендірді.

Соның артынан көп кешікпей, 1889 жылдың көктемінде он сегізге толған император Гуансюй ресми таққа отырды. Жас императордың өз тізгіні өзіне тигендей, жесір патшайым біраз уақыт биліктен шеттетілген сияқты болып та көрінген. Император Гуансюй реформашы Кан Ювэйдің ықпалымен мемлекет басқару ісіне кейбір өзгерістер енгізбек болып та талаптанған. Сол жылдары императорды қолдаған жаңашыл жастар қатарында осы отырған князь Дуань да бар еді... Бірақ ол дәурен ұзаққа созылмады ғой. Генерал Юань Шикайдың саткындығынан реформашылардың сарай төңкерісін жасау жөніндегі бар күпиясы әшкере болды да, жесір патшайым бар билікті қайтадан өз қолына алды... Міне, император Гуансюйдің мырза камаққа алынып, қатаң бақылау ас-

тында отырғанына да он жылға жуықтап қалыпты. Байғұс құсадан ауруға шалдығып, қазір күн өткен сайын сарғайып, сөніп бара жатыр деген сөз бар. Ал жетпіс үш жастағы жесір патшайымды өткен жылы паралич соғып, бет-аузы қисайып кетті деп еді. Бірақ ол мыстан император Гуансюйді жалмап жұтпай тұрып, одан бұрын өле қоймас.

Князь Дуань жесір патшайым Цысидің сарайдағы сұмдықтарын еске алса, осы күнге дейін арқасынан сүп-суық тер шығады. Дүниеде мұндай да қолы қанды, жолы зарлы адам болады екен. Осы бір әйелдің қолынан қаншама жазықсыз жандар о дүниеге аттанды. Ол өз билігіне қауіп төндіреді-ау деген адамдардың бәрін аяусыз құртып отырды. Цыси ең алдымен өзінің күндесі, император Сянфаннын заңды әйелі Цыаньның көзін жойды. Өзінің туған келіні, император Тунжидың әйелі Алтуэ күйеуінен екі қабат қалып еді, болашақ мұрагердің дүниеге келуіне мүмкіндік бермей, сорлы әйелді у беріп өлтірді. Өйткені, Алтуэ ұл табатын болса, ол заңды түрде мұрагердің регентшасы деген атақ алып, Цысидың сарайдан шығып қалуы мүмкін еді.

Жесір патшайым өзінің қастандық әрекеттерін бас әтек Ань Дэхай мен Ли Лянин арқылы жүзеге асырып отырды. Ал император сарайында не көп, піштірілген әтек құлдар көп. Цыси билік басында отырған кезде сарайдағы әтектердің саны үш мыңға жетті. Түгелімен дерлік қытай ұлтынан шыққан бұл мүгедек жанкештілердің бойында қалыпты адамдарға деген аяусыз өшпенділік жатушы еді. Олардың қолына шексіз билік берілгені сонша, жанағы Ань Дэхай мен Ли Лянинның алдында жоғарғы сановниктердің өзі дірілдеп тұратын. Жесір патшайымды көнілі түскен еркектермен жалғастыратын да — сол әтектер .. Иә, Цыси ханым өмірдің ләззатын бір кісідей-ақ татып бақты ғой. Ол алтын тақта әулиемсіп отырып-ақ, екі мәрте некесіз бала тапты. Біреуін өзінің ежелгі ашынасы генерал Жун Луден, екіншісін Бежін театрының әншісі, жас жігіт Яо Баошаннан тапты деген сөз бар. Бірақ сол екеуінің де жымын білдірмеді ғой. Көп ұзамай жанағы әншінің де, одан туған нәрестенің де көзін жойып жіберді де, ал генерал Жун Луден туған қызы әкесінің қолында бойжетіп, өсе берді. Ақыры ол қыз да далада қалған жоқ. Осыдан бес-алты жыл бұрын император Гуансюйдің інісі — екінші ұлы князь Чунге ұзатып, күтті орнына қондырып та қойды

Жесір патшайым Цыси уақытының көбін жаздық сарай — Ихэюаньда өткізеді. Оның туған күні астанада жыл сайын үлкен мереке болып тойланады. Сол күні жаздық сарайға он мың кептер ұстап әкелініп, жесір патшайымның ұзақ өмір сүруі үшін, қолдан ұшырылады. . Ал сарайда тұратын ондаған суретші неше жылдан бері жесір патшайымды әр қырынан бейнелеп, бітіре алмай келеді. Сонан кейінгі бір ермегі — айырым бөлмеде сақталатын асыл тастар, әр түрлі әшекейлер. Мұнда арнайы қорапқа салынған лағыл, меруерт, жақұт, гауһар тастардың алты мыңдай түрі бар. Кейде көңілі түскен қонақтарына соларын көрсетіп тамашалайды. Бір бөлмеде — дүние жүзінде жасалған сағаттар коллекциясы. Сол сағаттар алуан түрлі үн шығарып, жесір патшайымның ақтық минуттарын санайды. Бежіннің батыс солтүстігіндегі әсем табиғат аясына алтынмен аптап салдырған мавзолейдің де өз иесін күтіп тұрғанына әлденеше жыл болды.

Сірә, жесір патшайым өзінің де, император Гуансюйдің де ұзаққа бармасын сезетін болуы керек. Жақында болашақ тақ мұрагерін де алдын ала белгілеп қойыпты. Император Гуансюйде бала жоқ... Ал бұдан кейінгі Цин тағының иесі кім болады дейсіз ғой? Жаңағы Цысидің некесіз қызынан туған екі жасар жиені — Лу И. Ал баланың әкесі ұлы князь Чун бас уәзір — регентша болып тағайындалыпты.

Әрине, князь Дуань дәл қазір өз көзімен көрген, жаксы білетін жайларын ғана еске алып отыр ғой. Болашақты кім болжай алған? Осыдан тура алты ай өткенде, яғни 1908 жылдың 15 карашасында жесір патшайым Цысидің де бұл өмірмен қоштасатынын, бірақ өзі жан үзерден бір күн бұрын император Гуансюйге у беріп өлтіретінін ол қазір білген жоқ еді. Жалғыз жесір патшайым Цыси ғана емес, бүкіл Қытайды үш ғасырға жуық билеген Цин династиясының да небәрі үш-ақ жылдық өмірі қалғанын қазір мөлшерлеу қиын еді. Сол сияқты, жаңағы өзі менсінбей отырған Лу И атты екі жасар бала Сюаньтун деген девизбен Маншыннның ең соңғы императоры атанып, бес жасқа толмай тақтан мәңгі таятынын, кейін ол ержете келе жапондардың колына өтіп, он бес жыл бойы Қиыр Шығыстағы Манжуго аталатын қуыршақ мемлекетті басқарып тұратынын дәл қазір князь Дуань қайдан білсін.

Ал осыдан жиырма жыл өткенде жесір патшайым Цысидың моласының басында сұмдық оқиға боларын да әзірше

ешкім білген жоқ еді. 1928 жылдың жазында Гоминдан армиясының генералы Сунь Дянии әскери жаттығу өткізем деген сылтаумен сол маңайға баратынын, мавзолейдің астын кеулеп, жесір патшайымның табытын тонайтынын, сөйтіп жалпы сомасы жеті жүз елу миллион доллар тұратын асыл тастарды үптеп кететінін, ал қырық бес жыл бойы табан аудармай тақта отырған дүние қоңыз Цыси тағдырдың тәлкегіне ұшырап, ақыры өз кабірінің басында жаланаш калатынын кім болжай алған?!

Князь Дуань бір сәт киял дүниесінен селт етіп оянғандай, бүгінгі болмысқа қайта оралды. Борпылдаған шаңды жол канша жүрсең таусылар емес. Жүргіншілер борбастау келген шөл далаға барған сайын ішкерілеп ене түсіпті. Жолдың екі капталында шанжау-шанжау өскен жынғыл мен жиде, алыстан сағым көтеріп, ормандай ұлғайып көрінетін шоқ-шоқ тораңғы тоғайынан өзге көзге түсер ештеңе жоқ. Түстіктегі Еренқабырға сілемдері бірте-бірте алыстап, мұнарға батып, қалып барады. Ал бұлардың маңдай алдында көкжиекпен астасқан тағы бір көгілдір белдеу бар. Шамасы, Майлы-жәйір таулары болуға тиіс. Бірақ ол да бүгін-ертең жеткізе коятын жер емес.

Маншың төресі әлденеден тағатсызданғандай портфелінде жаткан Шығыс Түркістаннын картасын алып карады. Шихудан шыккан соң күншілік жерде Шепейзі деген тағы бір бекет бар екен. Соның дәл қасынан Жырғалаң өзені ағып өтеді. Бүгін кешке карай сол өзен бойына жетіп жығылса да жаман болмас еді. Мына ыстықта одан басқа жерден пана табу да киын болар. Жергілікті жұрт осы маңай жөнінде: «Тозақ — жетеу, Шепейзімен сегіз», — дейді екен. Сол сөз тегін шыкты дейсің бе?! Бүгін таң атқалы князь Дуаньді әлденені сылтауратып, осы арадан кейін кайтып кетсем бе деген бір ой мазалап келеді. Шынында да, «денсаулығым көтермеді, ауырып калдым» деуіне болады ғой. Бірақ олай өтірік айтуға аксүйектік намысы жібермеді. Не де болса, ілгері жылжи беруден басқа амал жоқ. Шәуешек — осыдан тура бір жарым ғасыр бұрын Цин армиясының атының тұяғы жеткен жер ғой, бұл да бірдеме қып жетер.

Тағдырдың тәлкегі деген осы екен. Бұрын тек картадан ғана көріп, империя иелігіне кейін косылған жерлерге жай мактанышпен карағаны болмаса, күндердің күнінде Жоңғарияның шөл даласында өстіп сандалармын деп кім ойлаған?!

Мұны әдейі жазасын тартсын деп жіберді ғой бұл меніреу түкпірге. Ендеше бәріне төзуге тура келеді.

Бұрыннан реформашылар жағында жүрген князь Дуань, осыдан бірнеше жыл бұрын ішкі өлкелерде ихэтуаншылар көтерілісі бүрк ете қалғанда, соларға тілектес болғаны рас. Жеке бұл ғана емес, жыл сайын қабындап бара жатқан шетел капиталының қыспағынан құтылу үшін, көтерілісшілерді сановниктердің көбі-ақ қолдап шықты. Тіпті халық қаһарынан қаймыққан жесір патшайымның өзі де не істерін білмей, екі ұдай күйге түсті. Бастабында шетел адамдарын жаппай қыруға бұйрық беріп, мәселені асқындырып жіберген сол мыстанның өзі емес пе еді. Кейін жағдай өзгергенде, бұлт етіп, бұрынғысына мүлде қарсы бағыт ұстады. Не керек, осындай екі жүзді, тұрлаусыз саясаттың салдарынан көтеріліс жеңілді ғой, әйтеуір... Цин өкіметі шетелдіктерге жүз миллиондаған лян айып төлеп, кешірім сұрауға мәжбүр болды. Бірақ әбден асқынып алған еуропалықтар оны да қанағат тұтпады. Кезінде көтерілісшілерге бүйрегі бұрып, қол ұшын берген жоғары шенді әкімдерді шетінен жазалауды талап етті. Мұндай құрбандыққа жесір патшайым да көп қинала қойған жоқ, қайта өз қарсыластарынан құтылып қалудың тиімді жолы деп білген. Сарай маңындағы он екі министрді аяусыз, ауыр жазаға тартты. Сол оққа байланған он екінің бірі — осы отырған князь Дуань.

Жазаға кесілгендердің арасында тікелей император әулеті саналып, сары белбеу буынып жүретін, не бір маркаска бекзадалар бар еді. Ал князь Цзай Сюнь — император Гуансюйдің, жатыры бөлек демесең, бір әкеден туған ағасы-тұғын. Жесір патшайым осылардың бүкіл лауазым-шендерін жұрдай қып сыпырып алды да, «өзін-өзі өлтіруге» үкім шығарды. Көп ұзамай Цин сарайындағы ішкі істер палатасының бастығы Чжо Шуцяо мен Сандун өлкесінің губернаторы Юй Сянь да әлгілердің кебін киді.. Солардың ішінде тірі қалғаны — осы князь Дуань ғана. Мұның алған әйелі жесір патшайымға немере туыс боп келетін Әлде соның шарапаты тиді ме, мұны бір жолғы ажалдан арашалап, барса келмес алыс өлке — Шығыс Түркістанға жер аударды. Әрине, князь Дуань басында қатты қорланып, өзіне-өзі қол жұмсай жаздаған кездері де болды. Өйткені қытай-маньчжур салтында, адамның өзін-өзі өлтіруі қорлық емес, күрбандық, ерлік саналатын... Әйтседе,

көп ұзамай мұның бойында тіршілік рухы белең алып, жесір патшайымға ерегескенде, әлі де болса жер бетінде жүре тұруды жөн көрген. Бұл қазір де сол қақпастың өлімін күтіп жүр. Соның көзі құрып, әкімшілік ауысқандай болса, өзінің бұл өлкеде бір күн тұрмай, астанаға қайта оралатынына сенімді. Бұл туралы басқалар да солай ойлайды. Іле жанжұңының да князь Дуаньға жер ауып келген адам ретінде қарамай, мұның алдында көутек қағып, сыйлап тұратыны сондықтан.

Князь Дуаньды Шығыс Түркістанға келген соң, тым құлдыратып жібермей, оған өлкедегі заң жүйесін басқаруды ұсынған-ды. Қызметтің аты — қызмет. Бір күнде болса күнің түсіп тұрған соң, өзіңе жүктелген міндетті атқармаса тағы болмайды. Енді, міне, қиян түкпірдегі көшпенділердің мекенін іздеп, сандалып келе жатқан түрі мынау. Естуінше, Тарбағатай аймағында кілең бір бүлікші, соткар қазақтар тұратын көрінеді. Бұл осы сапарында өкіметке қарсы бас көтерген Демежан деген сондай бір бұзақының қылмысын тексеріп, үкімін шығарып қайтуы керек. Былай қарасаң, күлкің келеді: Ішкі өлкелерде, астанада, тіпті Цин сарайының өзінде небір көкжал бекзадалар сотсыз-сұраксыз өлім құшып жатқанда, қайдағы бір ереуілші қазақтың ақ-қарасын анықтау кімге керек болды екен?! Қылмыс істеді ме, басын қағып таста да қарап отыр.

Бұл осы ойын сапарға аттанбай тұрғанда Іле жанжұңына ашық айтты да. Бірақ жоғарғы ұлыққа сол Демежан деген адамды қаралаумен бірге ақтайтын қағаздар да көп түсіп жатқан көрінеді. Үкім айтар алдында соның анық-танығын дұрыстап тексеру керек. Бұратана халықтар тұратын шекаралық өлкеде мұндай ұсақ-түйекке мән бермесе болмайды деседі. Мұндағы ұлықтар онсыз да ілдебаймен әрең бағынып отырған жабайы жұрттың арасынан тағы бір өрт шығып кете ме деп қауіптенеді.

Князь Дуаньның керуен-көші ол күні Шепейзіге жете алған жоқ. Межелі жерге ертеңінде түске қарай әрең жетіп, Жырғалаң өзенінің жағасында бірер күн еру болды.

VIII

Ал мәртебелі ұлықты қарсы алуға шыққан ел адамдары осыдан үш-төрт күн бұрын Керей жайлауына ішкерілей еніп,

Көлденеңге келіп тоқтаған-ды. Бұл мұрнағы жылы Матен-амбыны күтіп алатын саялы, салқын қоныстың дәл өзі еді. Мамырбек төре мен оның ұлы Тұрысбек үкірдай биыл да сол араға әлденеше үй тіктіріп, қапысыз дайындалған екен. Матен-амбы бастаған үкірдай-зәңгілер өздеріне арналған конақасыларын жеп, сол жерде екі-үш күндей күтіп жатты.

Бірақ келетін ұлықтың төбесі көрінер емес. Ұты бекетіне жіберген шолғыншылардан да еш хабар жоқ. Матен-амбы Құлжадан бергі өзі жатқа білетін бекеттерді канша санағанымен, ұлықтың мына жүрісі оның есебіне бағынбаған секілді. Ұлық кешіккен сайын, Матен де сабыр-тағаттан айрылып, мазасыздана бастады. Ол аймақ орталығынан аттанарда, қасындағы үкірдай, зәңгі-елубасыларға:

— Біз не осы жолы Демежанды біржола қаралап, келмеске кетіретіндей етіп, үкімін бекіттіріп алып қайтамыз да, не оны ақтап, жала жапқанымыз үшін су түбіне өзіміз кетеміз. Бәріңнің де басып берген мөрлерің бар... Ұлықтың алдына барғанда солқылдамай, сөздерінде тұрыңдар! — деп әбден жетесіне жеткізіп, шүйлеп алып шыққан-ды.

Не үшін екен, Көлденеңге келгелі, ел жуандары сол алғашқы арыннан айрыла бастаған секілді. Егер мына арада өстіп ұзақ жата берсе, елден шыққанда-ақ екі ұдай күйде неғайбылданып зорға ілескен Төртуыл кісілеріне әр түрлі ой түсіп, райдан қайтып қалатын түрі бар. Әр жерде күңкілсүңкіл әңгіме, күдікті бас қосулар көбейе бастаған... Бұлардың бұл жүрістерінің мәнін осы төңіректе отырған Керейлер әлі біле қойған жоқ. Егер біле қалса, онын арты да жақсылыққа соқпауы мүмкін. Канша дегенмен, Демежанның сүйегі — Керей. Ағайын-қарындас қанға қызбас деймісің. Осындай бір қауіп барын кешелер Матеннің есіне салған Мамырбек еді.

Осыны естігеннен кейін-ақ ұлықтан маза кетті. Ақыры Мамырбек екеуі оңаша ақылдасканда, бұл жерден тезірек көтеріліп кету керек деген бәтуаға келді. Бұлар енді көп бөгелмей жолға шығып, қажет болса Шихуға дейін баруға бел байлаған.

Осы тәуекелмен бұлар бірнеше киіз үйлерді, абылайшақостарды түйеге арткызып, жеткілікті жол азығы мен сойыс малын алып, бүгін күн шыға Көлденеңнен аттанып та кетіп еді. Атты кісіге жер алыс па, арбамен итырықтап екі күн жүретін жолды салт аттылар бір-ақ күнде басады. Бұлар сол

күні-ақ екі бекет жер алып, Үланбұлакка жетіп конған. Осы арада аттарын тыныктырып, жетектегі бір тайдың жылы-жұмсағына тойып алды да, таңғы салкынмен тағы да жолға шығып кетті. Олардың да ойлары — бүгін не де болса Шепейзіге жетіп жығылу.

Жәйірдің күнгейіне бір ілінген соң, жол ыратөмен еңістей беретін. Жиын карасы елу-алпыска жуық адам біркелкі бүлкек желіспен суыт жүріп келе жатты. Матен-амбының өзі алда, астындағы қақпан бел кара жорғанын тайпалған жүрісімен топ бастап, бөгелмей тартады да отырады. Ол тіпті істің осылай бет бұрғанына, мәртебелі ұлықты неғұрлым ел ішінен жыракта карсы алып, шаруаны оңаша жерде бітіретін болғанына куанышты еді. Матен-амбы бұл жолы іс қағаздарын реттейтін заң орнының бір екі адамынан басқа қала ұлығын да, мұндайда касынан екі елі калмайтын халдайларды да әдейі ертпей, бұл сапарға бірыңғай казактарды ғана алып шыққан. Өйткені бұл іске өзгені араластырмай, ұлыкка айтылар арыз-шағымды казақтың өз аузымен жеткізуді жөн көрген.

Қазір онын касында өзімен ымы-жымы бір Мамырбек төреден басқа, үкірдайлардан: Көксеген, Таңғыт, Тұрысбек бар. Тек Мәмбеттің үкірдайы Шәйі ғана сол мөрін баспаған, райынан қайтпаған күйі, ауырып жатырмын деген сылтаумен бұл жолы да жырылып калып қойды .. Ал топтың негізгі құрамы — Төртуыл кісілері. Берікбол, Күдері сиякты Демежанды ашық жактайтын бірен-саран адамдар болмаса, калған зәңгі-елубасы, ақсакал, билердің көбі осында еді. Матен-амбы бұл жолы солардың бас-басына кісі шаптырып, әдейі косып алған. Жыл басында осылардың талайы Демежанның үстінен жазылған шағымға қызды-қыздымен мөр басып калды да, енді сол үшін жауапты болып, мына сапарға еріксіз ілескен жайлары бар.

Матен-амбы бүгін үкірдайлардың әркайсысын кезек-кезек қасына алып, әр түрлі әңгімемен алдарқатып келеді. Емексіткен жылы-жылы сөздер айтып, шырға тастап, өз жағына тарта түспек болады. Жеме-жемге келгенде айнып кетпесін, солқылдақтық жасап жүрмесін дегені... Әзірше ең ақырына дейін қасымда қалады деп катты сенген адамы — Мамырбек қана. Ал өзге үкірдай-зәңгілердің ел шетінен ұзаған сайын табаны тайғанақтап, әр түрлі мінез көрсетіп, қыска күнде қырық құбылып келе жатканы рас еді.

Төртуылдың казіргі үкірдайы Көксеген де бұл сапарға онша бой сала қоймай, селсоқтау аттанды. Оның ұзақ жыл бойы Демежанмен бөлісе алмай жүргені үкірдайлық мансап болса, оған қолы жетіп тынған. Демежан биліктен ғана айрылып қоймай, абақтыға қамалып, пұшайман, мүшкіл күйге түсті. Оған артылған қылмыс-кінәраттың көбі өтірік жала екенін де іштері сезеді. Ұзында өші, қысқада кегі кетсе де, ағайын көңілі осымен тынса керек еді. Маншың ұлығына қолжаулық болып жүрген ендігі әрекеті Көксегенге де артықтау көріне берген. Ұлыққа сенім бар ма? Өгізге туған күн бұзауға тумасына кім кепіл. Ертеңгі күні ел-жұрт не айтады? Соның алды түйілген ашу-ыза түрінде, мол дүмпумен жетіп те жаткан. Осылай қарай аттанар алдында, Карамендеиің өзінен кейінгі басты адамы, аталас інісі Күдері келіп, бұған ауыр-ауыр сөздер айтты:

— Ұрлыққа аттанған немедей түксиген түрлеріңнен түңілдім-ау. Ағайынды өкпеге қисаң да, өлімге қалай қиясыңдар? Демежан — жел жағында панамыз, күн жағында саямыз емес пе еді. Осы жұрт ел болсын, халық қатарына қосылсын дегеннен басқа жазығы бар ма еді? Жабылып жүріп жарға жығып, алар мансаптарыңды алдыңдар. Қыр соңынан қалмай, құлғанадай қуатын енді не әкелеріңнің құны бар? Ел намысы қайда? Сүйекке таңба түсіріп, өз беттеріне жуса кетпейтін күйе жаққыларың келе ме? Ертенгі ұрпаққа, келер нәсілге не айтасыңдар?.. Байқаңдар, ертең-ақ ұрлықтарың ашылады. Ұлыққа ерген адамның ұлы жолдың үстінде ұлып қалатын да кезі болады... Егер осы жолы колларыңды канға матырсаңдар, ендігі ісім сендермен, мына тұрған сенімен болады, Көксеген! — деп ызамен өртене тұрып, ел атынан ауыр салмақ салып еді.

Жасы кіші болғанмен, Күдері қазір түгел Төртуылдың сөзін ұстап жүрген беделді билердің бірі. Үлкен шаңырақта отырған, кешегі көрі зәңгі Сымайылдың ұрпағы. Көксеген үкірдай атанғанымен, ел ішінің көп шаруасы осы Күдері төңірегінде шешіліп жататын. Егер ол теріс бұрылып кетсе, Карамендеиің как жарылатыны анық. Сонымен, Көксеген қазір ел адамдарының да сөзін аяққа баса алмай, Матенамбының да бетін қайтаруға тәуекс ті жетпей, екі ұдай күйде басы қатып келе жаткан-ды.

Осы сапар үстінде бір-екі рет өзінің ендігі бақталасы — Тыныбаймен тілдесіп, сыр тартып көріп еді, бірақ ол:

— Бауыр өзіміздікі екені рас. Алайда біздің колда тұрған не бар? Обалы болса — ұлыкка болсын! —дегеннен баска ашып-жарып ештеңе айтпады.

Тыныбайдың да көмейі белгілі: Демежаннан құтылса, бір табан жақындай түсетін үкірдайлық мансапты былай койғанда, тым құрыса Жауғаш ішінде өзінің бірінші адам болып қалатынын жақсы біледі.

Осы топтың ішінде ара ағайын саналатын Жұмықтың үкірдайы Таңғыт болса керек еді. Қазір ол көлденең көзге Төртуылдың ішкі ісіне араласпайтын сырт адам секілді, өзін тым бейқам ұстап келеді. Бұл сапарға Шәйінің ермей қалуы оған да біраз ой түсірген. Бірақ әлі де бір жағына анық беттей алмай, әрі-сәрі күйде жүр. Былай ойлап караса, Демежаннан ашық киянат, зорлық көрген жері жоқ екен. Оның жұрт алдында тым аскақ көрініп, басқа үкірдайларды бойымен басып тұратыны ғана көнілге аздап құрт түсіргендей болады. Оның үстіне, Демежан соңғы жылдары Таңғыттың басынан аттап, теріскейдегі Жұмықтың Құрман қажы, Бұтабай сиякты басшыларымен алыс-беріс жасап, коян-колтық араласып кетті. Сонысы ұнамайды... Әйтпесе, Демежан өлімге киятын адам ба?! Істің беті қалай бұрылса да, ақы иесі Төртуыл кісілерінің өзі шешсін. Оған бола Таңғыттың аймақ әміршісі Матен-амбымен түс шәйісіп, араздасатын жайы жоқ.

Ал бұлармен салыстырғанда, Мамырбек төренін ой-пікірі мүлде айқын еді. Ол Демежанның басқа қасиеттерінен гөрі, Керейлігінен қатты сескенеді. Керейдің ру басылары төрелермен ұзақ жыл айқасып, ақыры қолдарынан ештеңе келмеген соң, Демежанды бауырға тарта бастағанын бұл да талайдан бері сезіп-біліп жүр. Рас, кезінде Демежан өз руластары қанша қолқалап шақырса да, өзінің жылы орнын суытқысы келмеген. Ал осы жолы абақтыдан құтылып шығатын болса, өзін өкпелеткен Төртуыл ішіне бір күн де тоқтамай, бірден ата жұртына тартуы мүмкін... Демежан Керей ішіне келді дегенше, төрелерден билік кетті дей бер. Соны көре тұрып, қарсыласын қанды қақпаннан қалай босатуға болады? Енді қартайғанда Мамырбекке де тыныштық керек. Шүкір, әзірше үкірдайлығын үлкен ұлы Тұрысбекке өткізді. Келесі кезекте кіші ұлы Қызыр, немере інісі Омар тұр... Әлі де болса Керейді ұзақ жыл билейтін үрпақ бар артында. Өз әулетіне қауіп төндіретін мықты бақталастың жер басып жүргені бұған тіпті

де тиімді емес. Мамырбектің былтырдан бері Матен-амбымен тез тіл табысып, майлы қасықтай араласып кету себебі де содан болатын.

Ал жас үкірдай Тұрысбектің жағдайы бұлардың ешкайсысына да ұқсамайды. Бұл күнде оның есіл-дерті бақ-дәулет те, мансап та емес, бір көргеннен естен тандыра ғашық еткен Ырысқан сұлуда. Қазір ат үстінде, ұзақ сапарда келе жатқан кезінде де жас әйелдің ақ борықтай балғын жүзі көз алдынан бір сәт кетпейді... Тұрысбек Ырысқанды алғаш рет осыдан үш-төрт жыл бұрын, Жұмыққа төркіндеп барған жерінде көрген. Бұл да сол елдегі бір аска барып жүріп, сонда кездейсоқ ұшырасып қалды. Екеуі қас-қабақпен ұғысып, келіншектің кетәрі емесін сезсе де, жолаушылап жүргенде оңаша кездесудің ретін келтіре алмаған. Бірақ беті жылтыр әйелден меселі қайтып көрмеген төренің жас мырзасы сол жолы жүрегіне от түсіп, қатты бүлініп қайтып еді. Ырысқан төркінінен қайтып келгеннен кейін де, Тұрысбек онымен тағы бір жолығудың сәтін көп іздестірді. Бірақ ол кезде арыстандай ақырған Демежан аулының маңына қалай жанасарсың.... Содан былтыр күзде Шәуешекке бір барған сапарында, Демежанның жақында Барлыққа аттанып кеткенін естіп, не де болса тәуекелге бел байлаған. Қасына екі жылпос жігітін ертіп, әдейі кештетіп барып түсіп еді. Әлде ұстараның жүзіндей ауыткып тұратын ерке тоқалдың байына жасаған бір қысасы ма, Ырысқан бұл жолы ештеңеден тартынбады. Ол да мұны көптен аңсап күтіп жүргенін сездіріп, түні бойы от құшағында өртеп, жандырғандай болған. Тұрысбек өз өмірінде талай сұлу-сылқымдарды көріп жүріп, дәл мына сияқты жалындай шарпыған, сұрапыл әйелді жолықтырған емес-ті... Қайран Ырысқан! Қолға келіп қонар ма екенсің бір күні? Демежан тірі тұрғанда, сенен аспандағы бұлт жуық қой. Бірақ, кім біледі, үміт таңы атып келе жатқан секілді. «Құдайдың өз жанынан берері жоқ, біреудікін біреуге аударып береді» деген де сөз бар... Осыны ойлағанда, Тұрысбек ат үстінде келе жатып, өзінен-өзі жымыңдап күле береді. Қалай болған күнде де, осы сапар мұның өміріне де елеулі өзгеріс енгізуі мүмкін...

Осылайша, жітікке саяқ қосылған, мысық тілеулі, ат төбеліндей шағын топ дәл мандайдан шақырайған күнді де елең қылмай, межелі жерге жеткенше асығып келеді. Олар шалқар түс шамасында Тұзкөл бекетіне аз-кем аял жасап, ат шал-

дырып, сусын басып алды да, тағы да жолға шықты. Осыдан былай бетегелі, боз жусанды тау үстірті артта қалып, сортан шөл, құмдауыт дала басталады. Қазылып кеткен күре жол борбас, май топыраққа айналып, жүргіншілер қалың шаңның астында қалатын болған соң, жол тағанын тастап, тын даламен төте тартып келеді. Осы үрдіспен талмай жүріп отырса, кеш бата Шепейзінің де карасын көріп қалармыз деген үмітпен, әлі де белін босатып шалдыға қоймаған жарау аттарды одан арман қысай түседі.

Күн кіші бесінге тақағанда, көз ұшынан будақтаған боз-ғылт мұнар көрінді. Бас-аяғы жинақы, шоқ жүргінші емес, ұбақ-шұбақ шүйкеленген мол шаң. Асықпай баяу жылжып келе жатқанына қарағанда, жүкті арбалар керуені сияқты.

Бұл көп көлікпен алыстан шеру тартып келе жатқан ұлық екеніне Матен-амбы шүбә келтірмеді. Осы арада атының басын тежеп, шұбырған салт аттылардың алды-артын жинап алды. Тек мәртебелі ұлықпен әлдебір бекетте, не қалада ұшыраспай, шөл далада, шаңды жол үстінде бетпе-бет келгеніне сәл ынғайсызданып тұр. Бірақ болары болды, енді шегінетін жер жоқ. Салтатты қазақтарды маңайына шоқтай иіріп алды да, алдағы кездесудің тәртібін түсіндіре бастады...

Бұл кезде князь Дуаньның арбалары Шепейзіден он шақырымдай ғана ұзап шыққан-ды. Кешеден бері Жырғалаң өзенінің жағасында еру болып, ес жинаған жүргіншілер бүгін түс ауа көлік жектіріп, өздерінше, кешкі салқынмен жолға шыққан беті еді.

Бірақ күн аптабы әлі қайта қоймапты. Дала төсінде үп еткен жел жоқ, әуе айналып жерге түскендей қапырық ыстық буып тұр. Ол да ештене емес-ау, кешеден бері бұлттай үйыскан сары маса пәле боп жабысты. Қадалған жерінен қан алатын мұндай да өлермен жәндік болады екен, шаққан тұсын удай ашытып, дуылдатып әкетіп барады. Өмірі мұндай сұмдықты көрмеген князь Дуань қазір екі қолына дамыл бермей, өз етін өзі жұлып жеп, тыр-тыр қасынып келеді.

Жолдың екі капталында жағалауына тұз шөгіп қалған сортан көлдердің сұлбасы көрінеді. Сол тұска қалың қоға, кеупая қамыс өсіпті. Жол бастаушылар «Масаның ұясы — осы қопалы көлдің маңы. Ертеңдер үстіртке ілінген соң бұл пәледен құтыламыз» деп ұлықты жұбаткан болады. Әй, бірақ

оған дейін де масасы құрғыр кісіні қаскырдай талап бітіретін шығар.

Осылайша, ыстық пен масадан қабат қорлық көріп, тірідей тозаққа түсіп келе жатқан бір мезгілде, қарсы беттен көтерілген бір түйдек шаңды алда ат айдап келе жатқан князь Дуаньның адамдары да байқап қалып еді. Олар бірден ұлыққа мәлімдеді. Ұлық балдахананың пердесін ысырып, алдағы шаң шыққан жаққа сәл қарап отырды да, дереу жүрісті тоқтаттырып, артқы арбадағы күзет бастығын шақырып алды. Күзет бастығы дүрбі салып көріп, жаңағы іртік-іртік қою шаңның арасынан қылаң берген кілең салт аттылар екенін анықтағанда, князь Дуаньның көңіліне кәдімгідей қауіп кіре бастап еді. Не деп болады: көшпелі тағы жұрт мекендеген бейтаныс өлкеде, иесіз жапан түзде топтанған ұры-қары, қаракшылардың жортып жүруі де мүмкін ғой. Әлде мұның келе жатқанын біліп қалып, әдейі жол үстінде құртып жіберу үшін сайланып шыққан, әлгі қылмыскердің адамдары ма, кім білсін!

Күзет бастығы да бұған жарытып жауап бере алмады. Бар бітіргені, қарауындағы он шақты шерікті қаруын асындырып, қатарына тізіп қойыпты. Ақыры алдағы қалың нөпірдің кім екенін білу үшін, жол бастаушы сібелердің бірін атқа мінгізіп, шолғыншылыққа жіберуге тура келді. Көліктің тоқтауы мұң екен, ызындаған сары маса да той жасағандай жабылып берген. Арбаның үстінде төзіп отыру мүмкін болмаған соң, князь Дуань балдахананы жерге түсіруге бұйырды.

Бұл кезде қарсы беттегі салт аттылар да оқ бойы таяп қалған-ды. Шолғыншы көңілдегі күдікті бірден сейілткен жақсы хабар әкелді. Бұл келе жатқандар — ұры да, қаракшы да емес, мәртебелі ұлықты қарсы алуға шыққан Тарбағатай елінің адамдары екен. Матен-амбының өзі бастаған сол елдің үкірдай-зәңгілері.

Князь Дуань таңданып қалды. Алыс жолдан арып-ашып, масаға таланып келе жатқанда, бейтаныс жабайы жұрт бүйтіп неше күншілік жерден алдынан шығады, қошемет-құрмет көрсетеді деп кім ойлаған?! Бұл жолы да бір қатерден қалғанын сезініп, керемет қуанып кетті. Бірақ сырт көзге сыр алдырған жоқ. Өзінің аксүйектік, ұлықтық инабатын қайта тауып, маңғаз пішінде балдаханаға келіп отырды да, салтанатты шерумен ілгері жылжуға бұйрық берді. Дереу барабан қағылып, керней тартылды. Біркелкі киінген он екі адам балдаха-

наны иықтарына салып, қарулы күзет қоршауында, аттыларға қарай жаяулап жақындай берді.

Бұл сәтте қарсыдағы қалың топ та аттарын аулаққа қалдырып, өздері жаяулап келе жатқан. Бәрі де қаптал шапанды, шошақ тымақты қазақтар. Мына ыстықта ана киіммен пысынамай, тұншығып кетпей, қалай шыдап жүргендері таң қаларлық. Сапқа тұрмай, тәртіп сақтамай, қоралаған қойша шұбырып келеді. Аралары аркан бойындай жақындағанда, салтанатты шеру тоқтап, жүкшілер баллахананы жерге түсірді. Сол-ақ мұң екен, жанағы шошақ тымақтылар есік пен төрдей жерге жақындап келді де, бейне намазға жығылған мүриттердей, борбас топырақтың үстіне төрт тағандап жата-жата кетісті.

«Жоқ, мыналар канша жабайы, жырткыш болғанымен, колға үйретілген аң сияқты екен» деп ойлады князь Дуань көңілі орнына түсіп. Балдахананың алдыңғы пердесін ысырып тастап, астындағы жұмсақ креслоға шалқайыңқырап отырды.

Төрт тағандап, құлдық ұрып жатқан топтың ең алдында осыларды намазға ұйытқан михрабтағы имамдай Матен-амбы жатыр еді. Ол тәртіп бойынша, маңдайын жерге үш мәрте тигізді де, орнынан тез түрегелді. Сонан соң екі колын кусырып, көзін төмен салған күйі баяу тіл қатты.

— Патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженханның туысы, император әулетінен тараған ұлы мәртебелі бекзада, асыл текті князь, алыс жолдан шаршап-шалдықпай аман-есен жеттіңіз бе? Тарбағатай аймағында жасайтын бұратана жұрттың игі жақсылары сізге бас ұрып, құрмет көрсетуге келіп тұр! — деді аса бір мүләйім кейіпке кіріп.

Бір ғажабы, — оның қасындағы шошақ тымақтылар әлі де орындарынан козғалмай, бүк түсіп, етпеттеген күйі жатыр еді.

— Рақмет, амбань! Бұларыңызды император Гуансюй мен жесір патшайым Цысиге көрсеткен құрмет деп білем, — деді сәл басын изеп. Сонан соң: — аналарына айтсайшы: орындарынан түрегелсін, — деп езу тартып күлді.

Матен-амбы: «менен бұйрық болмайынша, ұлықтың алдында тыпыр етпей жата беріңдер» — деп үкірдай-зәңгілерге жол бойы үйретіп келген-ді. Ол бір-екі кадам алға шықты да:

— Ұлы мәртебелі князь, сіз казақтарды білмейсіз ғой... Бұлар — айтқанынан қайтпайтын, өте бірбеткей, қайсар халық... Ел басшыларының өзінізге айта келген арыз-арманы бар. Сол

тілектерін орындамайынша, бұлар осы жерде козғалмай жата береді, — деді мұның да миығына жымысқы күлкі жүгіріп

— Ол не арыз? Кәне, өз ауыздарымен айтсын.

Матен-амбы жаңағы қазақтардың бәрін емес, алдыңғы қатарда жатқан Мамырбекті ғана орнынан тұрғызды. Ол тымағын қолына алып, ұлыққа тағы бір рет бас иіп тәжім етті де, біркелкі төселген дауыспен іркілмей сөйлеп кетті. Күлжадан ере шыққан сібе тілмашы оның сөздерін ұлыққа қолмакол аударып тұр.

— Уа, ұлы мәртебелі бекзада! Алдыңызда жатқан Керей-Найманның игі жақсылары сіздің құзырыңызға бір ғана тілекпен келіп отыр. Арамыздан Демежан деген бүлік шықты. Ұлыққа өш, халдайға қас. Қарсы келген халдайдың айдарын кесіп алады, аулына барған шерікті өлтіреді. Ол ол ма, тіпті бәріміздің әкеміз, қасиетіңнен айналайын Еженханның дәргейіне шәк келтіріп, бүкіл елді оған қарсы үгіттеп жүр... Бізді сол қарақшыдан құткарыңыз. Сізден мына жүрттың сұрайтыны осы ғана! — деп тоқтаған.

— Ол тілектеріңіз орындалады, — деді князь ойланбастан. — Бірақ мына келгендер кімдер? Соны білуім керек.

Матен-амбы қазақтарға өз тілінде бірдене айтып еді, төрт тағандап жатқандар етектерін қағып, орындарынан түрегелді. Сонан соң князь Дуаньға оларды бір-бірден таныстыра бастаған. Осында тұрған үкірдайлар: Көксеген, Таңғыт, Мамырбек, Түрысбектен бастап зәңгі-елубасыларға дейін қайсысының қай рудан келгенін айтып, тегіс атап шықты. Ешкім қалмаған сияқты. Күллі Құлыстай елінің ру көсемдері алдына түгел келіп тұр.

Князь Дуань ойланып қалды: «Егер Тарбағатайдағы қазақ руларының бір ауыздан айтар арыз-арманы осы болса, менің сол үшін ит аркасы қияндағы Шәуешекке баруымның не қажеті бар? — деген ой келді оның басына. — Демежанға деген үкімге осы арада-ақ қол қойып беріп, Күлжаға қайта бермеймін бе?!».

Ол солай істеді. Демежан шын қылмысты ма? Ол өзі қандай адам? Бұл мәселеге бұқара халық, қалың еңбекші қауым қалай қарайды? Бұл туралы Маншың төресі бас қатырып, ойланып жатпады. Қайта ендігі қалған жол азабын тартпай, істің осылай тез тынғанына қуанып еді. Папкасын ақтарып, алдын ала дайындап қойған үкімді тауып алды да, текстің со-

нындағы әдейі ашық қалдырған жерге: «Төртуыл тайпасының бұрынғы үкірдайы Демежан Керімбай баласы ел ішіне ірткі салып, Цин өкіметіне қарсы қастандық әрекеттер жасағаны үшін, аймақ халқының өтініші бойынша, өлім жазасына кесілсін! Үкім дарға асу арқылы орындалсын!» деп жазып, аяғына қол қойып, таңба басып берді.

— Егер сонша жерден келгенде бар айтар тілектеріңіз осы болса, ол жұмыс осымен бітті, — деді ол таңбалы қағазды Матен-амбының қолына ұстатып жатып. — Мен енді сіздердің елге бармай-ақ осы арадан кері қайтып кетсем деп отырмын.

Мына сөзді естігенде, Матеннің тұла бойы ду етіп, қуаныштан есі шыққаны сонша, қолы қалтырап, таңбалы қағазды жерге түсіріп ала жаздады.

— Өзіңіз біліңіз, ұлы мәртебелі князь... Дегенмен біздің өлкемізді өз көзіңізбен көріп, ақыл-кеңесіңізді айтып қайтқаныңыз дұрыс болар еді, — деді жай сыпайылық үшін.

— Шәуешекке дейін енді канша жер қалды?

— Әлі де жеті-сегіз бекеттей болып қалар.

— Рақмет!.. Онсыз да жолда көп бөгеліп қалдым. Ең бастысы, жұмыс бітті ғой. Мен енді, сіздерден рұқсат болса, Ілеге қайтып кетейін, — деді масадан мазасы кетіп, бет-аузын сипалап отырған князь.

Осыдан кейін ол көп бөгелген жоқ, көліктің басын кері бұруға әмір берді. Ұлықты қарсы ала шыққандар, енді оны Шепейзіге дейін ұзатып салуы керек еді. Сол жерде үлкен қонақасы беріп, Маншың төресін мол сый-сыяпатпен разы қып аттандырмақ.

Асыл текті бекзаданың жұрт көзінше көлікке мінбейтін әдеті. Оны енді бесіктегі баладай зұзаға салып, жаяу көтеріп жүруге тура келеді. Біреуді көтермек түгіл қарыс жерге жаяу жүруге ерінетін қыр қазағы үшін, бәрінен де осынысы қиын болды. Бірақ не істейсің, тәртіп солай. Алыстан келген асыл текті ұлыққа құрмет көрсетпесе тағы болмайды. Тарбағатайдан шыққан алпыс адам он-оннан бөлініп, балдахана көтеруге кезекке тұрып қалды.

Алғашқы кезек Мамырбек, Көксеген, Таңғыт, Тұрысбек бастаған үкірдайлар мен бірнеше көрнекті зәңгілерге тиіп еді. Көлік біткенді арт жақта қалдырып, әлгілер табыт көтерген адамдардай алға түсті. Бұлардың бәрі де қаптал шапан, саптама етік киген, етті-жеңді, семіз кісілер болатын. Балдаханасы күрғыр да

зілдей ауыр екен. Есілген май топыракты толарсактан кешіп, зорға жүріп келеді Май баскан семіз денелерінен гарам-тарам тер кетіп, аз уакыт ішінде көресіні әбден көріп еді.

Көксеген мен Таңғыт балдахананың үзын жактау ағаштарын иыктарына салып, ең алда катар келе жаткан. Бір мезетте Таңғыт танауының астынан мырс етіп күлді де:

— Құдауанда, «бас акымак болса, аяк боска шаршайды» деген рас екен ғой. Осыншама азапка түсетіндей не басымызға күн туды екен? — деп калды касындағы серігіне.

Көксеген де терісіне сыймай, мына корлыкка зорға шыдап келе жатса керек, іле жауап катты.

— Айтпа. Ит өлген жерден осы азапты өзіміз іздеп келген жокпыз ба. «Төреге ерген ер-токымын аркалайды» деп, ұлыкка ілескенде ұшпакка шыққанымыз осы ғой... Өзімізге де сол керек! — деген ызамен күнк етіп.

Бұлар сол күні табандарынан таусылып, Жырғаланның жағасына кас карая зорға жетті. Өзен бойына үй тігіп, шатыр тұрғызып, әрең дегенде ес жинаған болды. Ертеңінде жетектеп келген ту биенің бірін сойып, сабадағы кымызды котарып, ұлыкка конакасы берді. Ру басы үкірдай-зәңгілердің Матеннің тапсыруымен әдейі ала шыққан жорға аттары, тайтұяк, койтұяк жамбылары бар еді, соларын тарту етті.

Келесі күні таңертең князь Дуань бір адамды күрбандыкка шалғаны, бір баскан таңбасы үшін, бір үйір жылкыға, коржын толы күміс жамбыға ие болып, Құлжаға карай бет түзеді. «Ұлы империяның мәртебесі үшін, оның карауында осындай аңкау, анғырт, жабайы жұрттың болғаны да теріс емес екенау!» — деп ойлады ол өзінің жібек шатырлы балдаханасына жайғасып жатып.

Сол күні ұлыктың көңілін тауып, ұпайын түгендеген Матендер тобы да аттарының басын кері бұрып, терістікке карай суыт жүріп кетті.

IX

Абакты ішіндегі бірінен-бірі туғандай үксас күндер баяу жылжып өтіп жатты. Таң атса кеш батпайтын, жылдай сарылған жаздың ұзак күні түткын үшін тіпті ұзара түскендей.

Кейінгі кезде Демежаннан үйқы қаша бастаған. Ертеден кешке дейін камераның ішінде бос сенделіп, тордағы барыстай аласұрады. Кейде уақыт өткізу үшін көк бұршақтан құмалақ салып, жоқтан өзгені ермек ететіні бар. Оның да оңып тұрғаны шамалы. Құмалақты қанша тартса да, өз босағасы жаланаштанып, қанжығасына ештеңе ілінбей, жүрек тұсы ылғи да төрт бұршақтан топтанып түседі де, маңдай алды түйықтала береді... Бұл құмалақтың тіліне сенбейді, әрине. Бірақ үнемі қайталана берген соң, көңілді күпті етіп, әр алуан ойға салады.

Соңғы күндері көрген түстері де кісі қуанарлықтай емес. Әкесі Керімбай мен Ажар анасы кіреді түсіне. Әке қабағы салқын, ызғарлы. «Өзіңе аманат етіп қалдырған аз ауыл Төртуылды қолыңа түгендеп ұстай алмадың-ау. Елің қайда? Жерің қайда? Аядай қуысқа тығылып мына отырысыңның аты не?» дейтін тәрізді. Ал Ажар анасы сол тірі кезіндегідей мұны аялап, қолынан дәм татырып, қымыз ұсынып жүреді. Бұл өзінің шаршап-талғанын сездіріп, Ажардың жұпар иісті омырауына балаша бас қоятын секілді... Білетіндер тірі адамның түсінде өлі аруақпен бірге жүріп, бір аяқтан ас ішуін жаксылыкка жорымайды. Демежан жүрегі бір сұмдықты сезгендей, күн сайын қорқынышты хабар күтеді. Қас қылғандай, соңғы бір айда Матен-амбы да, басқа тергеуші-сұрақшылар да төбе көрсетуді қойды.

Жақында бір рет түрме бастығы Гауганнан қала жаңалығын сұрағанда, ол аймақ әміршісінің қазір Шәуешекте жоқ екенін, әлдебір алыс сапарға аяқ астынан шұғыл жүріп кеткенін айтқан. Матен-амбы сонда қайда кетуі мүмкін? Әлде төтенше жағдай болып, Іле жаңжұңы шақыртып кетті ме? Бірақ Гауган әміршінің Құлжаға кетпегенін, әйтеуір осы аймақтың жеріндегі ел ішінде жүргенін айтады. Одан арғысын ол да біліңкіремейді. Демежан әрі ойлап, бері ойлап, бұл жұмбақтың шешуін таба алмай қойған-ды. Ақыры оның шын дерегін осыдан бір жұма бұрын Күдеріден естіді.

Күдері қасына Бабалықты және Ыбырай байбатшаның інісі Ғарыпты ертіп келген екен. Үшеуінің де иықтары салбырап түсіп кетіпті. Әкелген хабарлары да тым жайсыз болып шықты. Матен сұм бұл жолы да қулығын асырыпты. Құлжадан Демежанның ісіне байланысты арыз-шағымдарды тексеруге арнайы ұлық шыққан екен. Матен-амбы қасына әр рудың үкірдай-зәңгілерін жинап алып, алыстан келе жатқан

сол ұлықтың алдынан шығып кетіпті. Және бұл сапарын ешкімге дабыра қылмай, ел көзіне түспей, түнге қарай ұрланып аттанған. Анғары, тексеруге шыққан төрені мұнда келтірмей, сұрқия сұмдықтарын онашада тындырып, реті келсе орта жолдан кері қайырмақ секілді... Күдері осы жайларды ызалы касіретпен күйіне тұрып жеткізді де:

— Осылайша, қырдың қасқыры мен ойдың шие бөрісі ұлып табысып, ылыққан итше үйірімен бірге аттаныпты. Бұл жұрттың ындыны жаман, Демежан аға. Қара ормандай халқым бар деп жүргеніміз ықтасыны жоқ селдір селеу құрлы болмады ғой. Түк таппай түйыққа камалдық-ау. Шынымен-ақ, амалайланың құрығаны ма? — деп катты күңіреніп еді.

Демежан канын ішіне тартып, сүп-сүр болып кетті де, жалын ата, калтырай күрсінді.

— Бәсе, өзім де солай болар деп ойлап ем. Бәрі жер жұткандай жым-жылас жоғалып кетіп еді, ұлықтың да ұрлығы бар екен ғой. Менің жаназамды елден аулақта, шетте шығарып жүр екен ғой!

Былтырдан бері бұған ара түсіп, ақтап аламыз деп жүрген аз ғана топтың да қолынан ештеңе келмей, капыда калғаны енді анғарылды. Күдеріден кейін Ғарып пен Бабалық бірін-бірі толықтыра кезек сөйлеп, тағы бір үміттің кесілгенін баян етті.

Демежанды қиянатка қимай, құткарып калсақ деген тағы бір әрекет Шәуешектегі шетел мұғажырлары саналатын татар-өзбек саудагерлерінің арасында да жүріп жаткан-ды. Олардың тобында Демежанмен ұзақ жыл араласып, жақсы сыйласқан Рамазан Шәнішев, Ыбырай байбатша, Мұрауыт бай, Ешен-Сейіт дамолла сияқты белгілі адамдар бар-тұғын. Солар осындағы орыс консулы Соковтың сапардан оралуын күтіп жүріп, жақында соның қабылдауында болыпты. Бірақ, амал не, үміттері ақталмаған. Консул Ресей саудасына еңбегі сіңген адамдарды қанша құрметтегенімен, Маншың өкіметінің ішкі ісіне кол сұғып, мұндай шырғаланға араласа алмайтынын өте сыпайы түрде жеткізіпті... Иә, Соковты да түсінуге болады. Өйткені көршілес екі империя арасындағы катынас үлкен есептерге құрылған ғой. Жекелеген адамдардың тағдырына бола бір-бірімен сөзге келісіп, түс жыртысып жата ма?

Оның үстіне, консул Соков сонғы кезде Шәуешекте көп тұрақтамай, біресе Петербургка, біресе Омбыға сапар шегіп, үнемі ат үстінде жүрген. Өз жұмысы да бастан асып жатыр.

Консулдың көңіл күйі де қазір кісі қызығарлық емес еді. Осыдан екі жыл бұрын ғана аяқталған орыс-жапон соғысында патша әскері масқара болып жеңіліп қалды. Соған ілес көтеріліп, патша тағын шайқалта жаздаған бірінші орыс революциясының дүмпуі әлі басыла қойған жоқ. Петербургтағы «қанды жексенбі» аталатын қайғылы оқиға да патша чиновниктерінің бетіне түскен қара дақтай, қалың бұқараны одан арман ашындыра түскен. Бунтарьлар мен бүлікшілер Ресейдің өзі ішінде де көбейіп барады. Дәл осындай жағдайда консул Соков кімге жөн айтып, кімдерге рақым-шапағат ойлағандай?!

Осының бәрін оймен шолып өткен Демежан түн жамылып, жасырынып келген достарын көп ұстамай, қайтарып жіберді.

— Шыдайық, жігіттер. Бәрінің қызыққаны менің басым екен ғой. «Еркек тоқты — құрбандық» деп, ол басқа бәйге тігілгені қашан... Не де болса ұлықтың хабарын күтейік. Бәлкім, біз шошитындай қатерлі ештеңе бола қоймас, — деген-ді.

Бірақ жігіттерді осылай жұбатқанымен, өзі әлдебір зауалдың жақындап қалғанын ішкі бір түйсікпен анғарғандай болып еді. Соған өзін көндіріп, іштей дайындала бастаған... Дегенмен, кейде алыстағы түн түнегінің арасынан жылтыраған әлсіз оттай, әлдебір үміт-сәуле қылаң береді. Бәлкім өлкеден шыққан ұлық қара қылды қақ жарған әділ біреу болып, бұған азаттық берер. Төрінен көрі жуық, қалт-құлт етіп әрең отырған Маншын өкіметі бұл ойлағандай қаталдыққа бармас. Халықтың қаһарынан, шу-айбарынан жасқанар...

Кешікпей сол көңілді күпті еткен сұмдық хабар да келіп жетті. Оны әкелген — Демежанның түрмеден тапқан досы Гауған еді. Күн батып, ақшам үйіріле бастаған апақ-сапақ мезгілде сол Гауған камераның есігін ашып, асығыс кіріп келді де, босағада сілейіп тұрып қалды. Ала көленке, әлсіз жарықтың өзінде-ақ өңі өрт өшіргендей түтігіп, қатты абыржып тұрғаны байқалады.

— Не болды? Не хабармен келдің? — деді жүрегі аузына сыймай аткалактап кеткен Демежан орнынан атып тұрып.

— Жағдай қиын, достым... — Гауған тура қарай алмай, көзін тайдырып әкетті. — Ұлықтар бүгін кешке таман қалаға қайтып оралды. Сізге сұмдық жаза кестіріп әкеліпті.

— Ол не? Өлім ғой — айтып тұрғаның?

— Иә... «Дарға асылсын» делінген. Жаңа ғана үкімнің көшірмесін маған әкеп беріп кетті. Оған дейін күзетті екі есе күшейту туралы бұйрық бар.

Ең алдымен Демежанның өзегін өртеген ыстық толқын көтерілді де, іле-шала жон аркасы мұздап, тұла бойын бір суық ызғар тіліп өткендей болды. Көз алды карауыткандай, ештеңені көрмей қалып еді. Сірә, бір сәт нық басып тұра алмай сеңделіп кеткен болар, Гауған қолтығынан сүйеп, төсегіне отырғызды.

«Бұл не? Қорқыныш па? — деп ойлады ол ақыл-есін тез жинап алуға тырысып. — Мұнда тұрған не бар? Мен осындай бір хабарды көптен күтіп жүрген жоқ па едім?»

— Тыңдаңыз, сізге ертеңге қалуға болмайды, үкірдай. Бүгін түнде қалайда кашуыңыз керек, — деді Гауған асыға тіл қатып.

— Қайда?.. Қалай? — Демежан оның бетіне аңырая қарады.

— Түрмеден құткару — менің мойнымда. Ол жағын ойластырып қойдым...

— Қашканда қайда барам? Қайда барып сиямын? — ол әлі де өзіне-өзі келе алмай, аласұрған бір күйде отыр.

— Бостандыкка бір шыксаңыз, дүние кең, жер өзіңіздікі ғой, бір пана табылар. Әлде шекара асып кеткендей боласыз ба...

— Ал сіз ше? Сіздің күніңіз не болады? Мен үшін басыңыз кетеді ғой.

— Маған алаң болмаңыз. Осы түрмені өмір бойы күзетіп отырар дейсіз бе, мен де бұл арадан кетемін, — деді Гауған. — Өзіңіз білесіз, мен сіздің алдыңызда қарыздар едім ғой... Сол қарызымнан құтылатын сәт туған тәрізді.

Қазір ұзақ толғанып отыруға уақыт жоқ. Не де болса бір жағына тез шығуы керек. Тағдырдың арнап жіберген ажалын күтіп осында отыра ма, әлде бір күн де болса бостандыкка шығып, жарық дүниеде қала тұрғаны жөн бе? Не істеу керек?

Демежан сол сұракка жауап іздегендей аласұрып, түрменің торлы терезесіне қараған. Терезеден күлгін аспанның қиық шеті, күбыладан жаңа туған әлдебір жарық жұлдыз көрініп тұр екен. Алып аспан шырақтарынан көзіне түскені — жалғыз жарық жұлдыз ғана. Көз қысып белгі бергендей, бостандыкка ымдап шақырғандай болады. Жарық дүние мұнымен сол жұлдыз аркылы тілдесіп тұрғандай. Соған карауы мұң екен, еркіндікке ұмтылған тіршілік рухы бірден

белен алып, ереуілдеп коя берді. Өлім қайда кашады? Аранын ашып тұрған ажал тұзағына еш қарсылықсыз асыла кеткенше, бір күн де болса жарық дүниеде жүргені, тым болмаса алысып өлгені артық емес пе?! Ар жағын ойлап жатуға мұршасы болған жоқ, бір көзсіз тәуекелге бел байлады.

— Жарайды, мен келістім, — деді ол Гауғаннын бетіне қарап. — Бірақ мына неше қабат коршаудан қалай шығамыз? Елден келген ешкім бар ма?

— Бүгін түстен кейін сіздің балаңыз келіп кеткен.

— Қайсысы?

— Үлкен ұлыңыз ше? Аты — Олжабай емес пе еді? Бүгін келіп Әсенажының үйіне түсіпті. Ертең сізге тамақ әкелмек.

— Солай ма? Онда, тәуекел! Ұстадым сіздің етегіңізден! — Демежан ширыккандай орнынан тұрып кетті.

Гауғаң да қуанып қалған түр байқатты:

— Міне, бұл дұрыс болды. Мен де көк тәңірісінің алдында өз күнәмнан арылатын болдым, — деп, Демежанға қайрат бергендей оның иығынан қағып қойды. — Киініп дайын отырыңыз. Мен күзетшілерді орналастырып, ел ұйқыға кетті-ау деген мезгілде ораламын.

Гауғаң шығып кеткеннен кейін де, Демежан әр түрлі ой күрсауында мелшиіп ұзақ отырды. Көкірегінде күдік пен үміт кезек алмасып, аласұрады. «Түрме бастығының осы айтып келген хабары анық па? Ұлықтар мұны абақтыдан әдейі қашырып, қуғын үстінде мерт қылайын деп жүрген жоқ па?» деген де бір күмәнды ой қылаң берген. Жоқ, Гауғаннын алдауы мүмкін емес. Өзінен де, сөзінен де ондай ештеңе байқалмайды. Тіпті, қалай болған күнде де, мұның Гауғаңа сенбеске амалы жоқ, қарманғанда қолына ілігер ең соңғы үміт талшығы — сол ғана. Мұндай мүмкіндіктен айрылуға Демежаннын жүрегі дауаламады.

Айтқанындай-ақ, арада бір ет асым уақыт өткенде, Гауғаң қайтып оралды. Есікті салдырлатпай үнсіз ашты да, май шам жарығында отырған Демежанды қасына ымдап шақырып алды.

— Ал қозғалайық! — деді сыбыр етіп.

Есікті тықырын білдірмей қайта құлыптап жапты да, қаранғы дәлізбен бүкеңдей жөнелді. Демежан да оның соңынан екі елі ажырамай ілесіп келеді. Ай қорғалап қалған өліараның кезі, айналаны қою қаранғылық баскан. Тек ас-

пан төріндегі жыпырлаған жұлдыздардан ғана өлсіз сәуле түсіп тұр. Гауған далаға шыққан соң, тың тыңдағандай күзетші тұрған қақпа жаққа мұқият қарап алды да, мысық табандап еңкейген күйі ауланың төріне қарай бастап жүрді.

Темір қақпалы, төңірегін биік дуалмен қоршап тастаған қара түрме — бекініс ішіндегі бекініс сияқты, жамбылдың шығыс солтүстік бұрышын ала, оңаша салынған-ды. Түрме дуалынан секіру бұларға көп қиындық келтірген жоқ. Гауған күні бұрын осы маңға шұмақталған кендір аркан әкеп қойған екен. Бірінің иығына бірі аяқ қойып, дуалдың үстіне шықты да, жаңағы арқанмен саумалап, ар жағына оп-оңай асып түсті.

Демежан түрме коршауынан құтылғанымен, енді асу бермес биік қорған — жамбылдан қалай шығамыз деп, соны уайымдап келе жаткан. Кенет Гауған оны таң-тамаша қалдырып, бекіністің қалаға шығатын батыс қақпасына қарай бет алды.

— Тезірек жүріңіз. Қақпа жабылып қалмай тұрғанда, қалаға өтіп кетейік, — деді ол алқына сыбырлап.

— Қалай өтеміз? Онда күзет бар емес пе? — деген Демежан серігіне таңыркай қарап.

— Жүре берініз. Олар түнге қарай бекініске кіргендерді ғана тексереді. Сыртқа шыққандарға жол ашық.

Шынында да, солай болды. Айнала тастай қараңғы. Бұл кезде қала көшелерінде адам аяғы мүлде сиреп қалатын. Бұларға жол-жөнекей ешкім кезікпеді. Жамбылдың сыртқы кіре берісінде сығырайған жалғыз фонарь ілулі тұр екен. Екі шерік оң жақ босағадағы орындықта өзара сөйлесіп, темекі тартып отыр. Түрме бастығы оларды танитын секілді, Демежанды ық жағына алып, әлгілерге «қайырлы кеш» айтып қолын көтерді де, түсынан өте берді... Он шақты кадам ұзағанша, арт жақтан шығар әмірлі дауысты, не аттандаған ысқырықты күткенді. Бірақ ондай ештеңе естілмеді. Екеуі аяқтарын жіті басып, әне-міне дегенше түн қойнына сіңіп кеткен.

Жамбыл бекінісі мен қаланың «Жаңа махалла» аталатын шығыс шетін бөліп жаткан екі жүз метрдей ашық алаң бар. Осы арадан үлкен карасу ағып өтеді. Бұлар көпірге дейін тура жүріп келді де, сол карасуды бойлап терістікке қарай бет түзеді. Екеуі ләм-мим тіл қатпастан жіті аяңдап, тағы он минуттай жол жүрген. Тек су бойындағы қалың шіліктің ішіне кірген соң ғана, демдерін бір-ақ алды. Гауған осы арада қоштасып қалып қоятын сыңай танытты

— Бізге енді айрылысуға тура келеді, — деді ол Демежанның қолын алып. — Жолыңыз болсын! Ертең сәскеге дейін қуғын бола қоймас. Бұл қалада тұрмай, неғұрлым ұзап кетуге тырысыңыз.

— Рақмет, Гау мырза! Сізге қандай алғыс айтарымды білмей тұрмын.

— Ештеңе етпейді. Өмірде адамға жасаған бір жақсылығым қайтты деп санасаңыз болғаны. Сізге қол ұшын беру көк тәңірісінің алдындағы борышым еді, соны өтегеніме қуаныштымын.

— Баяғыда мен сізге ара түскенде, менің басыма төнген ешқандай қауіп жоқ еді. Ал сіз мен үшін өзіңізді қатерге байлап тұрсыз ғой, — деді Демежан толқи тіл қатып.

— Оқа емес. Жақсылықта есеп-қисап болмайды... Тек түбі қайыр болсын деңіз! Осыдан құтылып кетсеңіз, менің еңбегімнің өтелгені.

— Ал өзіңіз қайда барасыз? Қолға түссеңіз, сізді оңдырмайды ғой, — деді Демежан оның қолын әлі де жібермей.

— Ол жағына алаң болмаңыз. Мені жасыратын адамдар бар...

Демежан Гауғаның қаңғажақтай қағылез денесін мол құшағына алып, қимай қоштасты. Осыдан бірер сағат бұрын ол туралы күдік ойлағанына іштей ұялып тұр. Міне, айтқан сөзінде тұратын және жасаған жақсылығына ешқандай қарымта тілемейтін нағыз ер деп мына Гауғаңды айтуға болады. Осы адамда да бір жұмбақ сыр бар-ау. Әңгімелесуге уақыттың тар болғанын қарашы!..

Сәлден соң Гауғаң жаңағы келген ізімен кейін қайтты да, Демежан қаланың терістік жағындағы Қарадөң махалласына қарай аяңдап жүріп кетті. Бұл арадан Әсенажының үйі онша қашық емес-ті. Жаңағы Қарасуды жағалап келіп, қалың шынар өскен көлденең көшеге бұрылды да, өзіне таныс үйді тезақ тауып алды.

Мұндағылар әлдекашан жатып қалған секілді, терезелерінде шам жарығы байқалмайды. Демежан қақпаның түбіне келіп, өзі білетін тар есіктің тиегін ағытты да, тықырын білдірмей ішке кірді. Тұрғын үйлері ауланың төр жағында болатын. Есіктері жабық, іштен іліп қойыпты Демежан ентігін басып, есік алдындағы жатаған орындықта біраз отырды да, бір мезетте шеткі терезенің әйнегін қақты.

Әлден уақытта далан үйде шам жанып, әлдекімнің кебісін сырпылдатып келе жатқаны байқалды. Іле-шала есік ашылып, ар жағынан шүйкедей кәрі кемпір — Әсенажының шешесі көрінді. Ала көлеңкеде сақал-мұрты өсіп кеткен Демежанды тани алмай, үдірейіп тұр.

— Бұл кім? Сізге кім керек?

— Мен ғой, мамай... Демежанмын, — деді бұл ақырын тіл қатып. Қарт әженің шырайы бірден жылып қоя берді.

— Демежан? Жараткан-ау, не дейді... Құданың мұнысына да шүкір. Сізді босатқан екен ғой?

— Босатты... Әсенажы қайда?

— Ол үйде жоқ. Осыдан үш-төрт күн бұрын Дөрбілжінге кеткен... Балам-ау, босағада не қып тұрсың? Ішке кірсейші.

Демежан дәлізге кіргенде, ар жағынан Әсенажының әйелі Ауахан көрініс берді. Жолаушылап кеткен күйеуім келіп қалды ма деп ойласа керек, ашық-шашық шыға келген бәденді жас әйел тез кері шегініп кетті... Олжабай осында екен, бір бөлмеден көзін укалап ол да шығып келеді. Әкесін танып, мойнына асыла кетті.

Демежанның бар сеніп келген адамы Әсенажы болатын. Үй иесінің болмағанына қатты өкініп тұр. Ол асығыс еді. Алғашқы қауышу, дүрлігу сәті өтісімен, қасына Әсенажының әйелі Ауахан мен Олжабайды алып, оңаша кеңес құрды. Түрмеден қашып шыққан халін осыларға ғана хабарлаған. Өз басының қазір қауіп астында екенін айта келіп, бірер күн осында қала тұруға Ауаханнан рұқсат сұрады. Ауахан күйеуімен бірге Демежан аулымен ұзақ жылдан бері араласып жүрген, ақылына көркі сай, аса меймандос, мейірімді әйел еді. Тіпті сөзге де келместен:

— О не дегеніңіз, Демежан-ака. Осындай қысылғанда пана болуға жарамасақ, адамшылығымыз, сізге деген достығымыз қайсы. Бұл үйде қанша жатам десеңіз де, төріміз сіздікі, — деді ұйғыр әйелдеріне тән биязылық танытып.

— Рақмет. Бірақ мен бұл үйде ұзақ жата алмаймын ғой. Ұзаса ертең кешке қалайда кетуім керек, — деді Демежан мәнжайды түсіндіріп. — Менің мұнда келгенім туралы ешкімге тіс жарып, сыр беруші болмаңыздар. Әжейге де, балаларға да осыны қатты тапсырып қойыңыз.

Сонан соң өзінің өгей ұлы Олжабайға бұрылды. Ол да қазір жасы жиырмадан асып, сөкталдай жігіт болған. Жасынан тым

ерке-тәйтік өскендікі ме, әлде жатырына тартып кетті ме, мінезінің епті еген аусарлығы бар еді. Әкесі қолды болғаннан бері ес кіріп, байсал тартқаны байқалады. Демежан осы баласының жүзіне сынай қарап сәл отырды да:

— Сен қазір атыңды ерттеп мін де, түнделетіп елге жүріп кет! — деді бұйыра тіл қатып. — Бірақ шу шығармай, жүрісіңнен секем алдырмай, ауылға ақырын барып түс. Болған жайды тек шешеңе, Бибіге ғана хабарла. Басқа бір пенде білмесін. Сонан соң менің өз атым — торы төбелді ерттеп қосағына ал да, ертең кешке қарай осында жет. Ұқтың ба? Айтпақшы, Бибіде менің алтыатар наганым бар, соны ұмытпай ала келерсің.... Ал отырма, жөнел! — деді баласының иығынан қағып.

Олжабай қорада байлаулы тұрған атына ер салып, сол сәтте-ақ аттанып кеткен. Бірақ Демежан сонан кейін де бір жерде байыз тауып отыра алмады. Ауахан қонақ үйге төсек салып қойған екен. Алайда ол үйде қалғысы келмей, сақтық ойлап, сыртқа жатуды жөн көрді. Ауланың түкпір жағында әр түрлі жеміс ағаштары егілген саялы бау бар-тұғын. Бақтың бір бұрышында құрылысқа жарату үшін жентектей буылып, маяға салып қойған қамыс болушы еді. Сол маяның төбесін үңгіп өзіне ұя жасап алды да, киімшең күйі қисая кетті.

Шіркін, азат-еркін дүние-ай! Сенің бір ғана сәтіңе парапар келетін не бар екен?! Абақтысыз, айдаусыз, бақылаусыз, байлаусыз, бостандықта жүрудің, мына бір қара күлгін аспанда қоламтаның шоғындай қозданып көрінетін жұлдыздар шоғырына бір мезгіл осылай қарап жатудың өзі рахат екен ғой. Баданадай ірі жұлдыздар бүгін тіпті жерге жақындай түсіп, тамып кетердей мөлтілдеп тұр... Анау — кәдімгі Темірқазық, мына біреулері — соған арқандаулы ақ сары атты айнала торып жүрген Жеті қарақшы. Сонша жыл көк күмбезінің астында емін-еркін сайрандап жүріп, осыларға аныктап бір қарауға да мұршасы болмапты-ау! Күндердің күнінде жұлдызды ашық аспанға, бір жұтым таза ауаға зар болармын деп кім ойлаған?!

Көп уақыт қапаста жатып тұншыққан Демежан мына бір қамыс қуысына қолы жеткеніне жайлауға шыққандай жырғап қалды. Демек, қашқынның өмірі тұтқынның тірлігінен гөрі бір мысқал тәуір болғаны ғой. Бұл енді бүгіннен бастап қашқындыкка үйренуі керек. Бұл қалада, қала түгіл бүкіл аймақта енді бұған орын жоқ. Сонда қайда кетеді? Қайда барып

күн көрмек? Өткен жылы бұлай қашу түгіл, жай бой тасалаудың өзін катты намыс көріп, бас тарткан жоқ па еді?.. Ендігісі ұят-намысқа жатпай ма? Бірақ онда бұл әлі бостандықта жүр еді ғой. Алда қатер барын сезінгенімен, дәл қазіргідей аранын ашып, ажал төне қоймаған. Енді жағдай өзгерді. Қапастан қашу, анық өлімнен бас сауғалау ер-жігітке айып болып саналмайды. Бұл түгіл дәнішпан Коркыттың өзі ажалды адастырып кетудің жолын іздеген... Сонда бұл қайда барып жан сақтайды?

Әрі ойлап, бері ойлап келгенде, Демежанның алдында екі ғана жол бар екен. Біреуі — өткен жылы Бибінің өтінгеніндей шекара асып кетіп, қайын атасы Құрман қажының ауылына барып тығылу. Бірақ бұл ер жігітке абырой әперетін жол емес, жай бой тасалау, жан бағудың ғана әрекеті. Бұл тіпті қайын жұртына бас сауғалап баруға арланбас еді. Бірақ өздері біреуге кіріптар боп отырғанда, олар кімге пана боп, қанатының астына алғандай? Егер Маншың өкіметі шындап қолқа салса, патша әкімдері ұстап алып, қайта өткізіп беруі де мүмкін ғой.

Екіншісі — айқын күрес жолы. Маншың өкіметімен өлеөлгенше алысып өтудің бастамасы. Демежан қасына бірнеше сенімді серік ертеді де, ешқайда бұрылмастан, тура Алтайға тартады. Алтайдағы Абақ Керейдің ішінде өкіметке бағына қоймай, тау сағалап, түзде жортып жүрген жолбасар жігіттер көп дейтін-ді. Соларға барып қосылады... Әттең, соңында сайдың тасындай іріктелген бес жүз сарбазы болса, Маншың төрелерінің әуселесін көрер еді! Ал ондай сарбазды жиып алу киын емес. Қазір не көп — ұлыққа қарсы уыттанып жүрген жігіт көп. Ереуілдеп ерге қонған Демежанның даңқын естісе, өздері-ақ тұс-тұстан ағыла бастайтыны анық. Алдымен шағын бір қаланы басып алып, сондағы от қаруды колға түсірсе, ар жағы қопаға тиген өрттей өзі-ақ лаулап жөнеледі... Маншың өкіметі өз ішінен ірып, басы қатып жатқанда, бұл бір шетінен тиіп берсе ғой, шіркін! Осындағы Матен-амбымен, халдайлармен сол кезде бір жүздесіп көрсе...

Соңғы бірнеше түндерін мазасыз оймен кірпік ілмей өткізген Демежан осындай тәтті киял құшағында жатып, таңға таяу талығып ұйықтап кеткен. Бір қызығы, жана ғана арман еткен ойының жалғасын түсінде көріпті... Бұл өзі қол бастаған батыр екен дейді. Үстінде торғай көзді ақ сауыт, қолында күн нұрына шағылған, сегіз қырлы ақ найза, соңына ерген

мын-сан қол бар сиякты. Боздақ даласынан бері өтіп, Шәуешекке қарай шабуылдап келе жаткандай... Жау әскері жамбылдың ішіне тығылып қалған секілді. Шойын қақпа жабық. Босағада тұрған екі шерік ешкімді жолатпай, айбат шегеді. Демежан әлгілерге «қақпаны аш» деп ақыратын тәрізді. Бірақ, не үшін екен, даусы шықпайды. Бұл атын тебініп, шеріктерге қамшы сілтемек болады. Енді бір қараса, қолында қамшы емес, біреудің өрілген айдары жүр. Дохалдайдың айдары... Сасканынан маңайына көз жіберсе, қасындағы қалың колдан бірде-бір адам жоқ. Қақпаның алдында бір өзі жалғыз қалыпты... Жаңағы екі шеріктің бірі ұзын найзанын ұшын мұның өндіршегіне тіреп тұрған сиякты. Сәл қимылдаса өңменінен өтіп кетердей. Демежан арт жағынан жәрдем күтіп, жан ұшыра айқайлайды. Бірақ даусы шықпайды...

Осылайша, бастығырылып жатып оянып кеткен. Айнала самаладай жап-жарық, күн ұясынан едәуір көтеріліп қалыпты. Аңдап қараса, шынында да, тамағының астына бір нәрсе катты кадалып түр екен. Әлдебір камыстың түбірі... Өзінін қайда жатқанын енді ғана пайымдағандай болды. Басын көтермек ниетімен сәл-пәл қозғалып еді, астындағы қамыс үймегі түгел сылдырлап коя берді. Демежан селк ете қалған «Қоянды қамыс өлтіреді» деген осы екен ғой. Өзінің сол қылығына намыстанғандай орнынан ұшып түрегелді. Бақшаның іші жым-жырт, аула жақтан да тырс еткен дыбыс естілмейді. Маянын үстінде тұла бойымен көрініс беріп, сорайып сәл тұрды да, өзінің қазіргі халіне налығандай орнына қайта отыра кетті.

«Апыр-ай, әлгі Олжабай ауылға аман-есен жетті ме екен? Айтканды орындап, ат алып келсе жақсы болды-ау! — деп ойлады ішінен. — Одан гөрі естиярлау біреудің колға түспегенін көрдің бе. Бала неме бірдемені бүлдіріп алмаса жарады».

Түнде бұдан бір кателік кетіпті. Сол Олжабайдың атына міне салып, ауылға өзі неге тартып кетпеді? Сол жақтан ат ауыстырып мініп, куғыншы келіп жеткенше, ұзап кетер еді ғой. Абыр-сабырда оп-оңай нәрсенің еске келмегенін карашы. Мына құдайдың ұзақ күнін енді қалай батырады?

Ұлы сәске кезінде Ауахан келіп дыбыс берді. Ас ішуге шақыра келіпті. Демежан жерге түсіп, беті-қолын жуды да, үрлана басып ас үйге кірді. Қазағуар әйел кәдімгідей ет асып, сорпа істеп қойған екен. Бірақ аска тәбеті шаппай, әркайсысынан тиіп-қашып ауыз тиген болды. Осыдан кейін Ауахан-

ды қалада не болып жатқанын біліп келуге жіберді де, өзі орнына қайта келіп жатты.

Түске қарай Ауахан қайтып оралған. Оның айтуынша, бүгін таңертеңнен бері қала көшелеріне әскер толып кетіпті. Жамбылдың іші-сыртын, соған таяу махаллаларды түгел тінтіп жатқан көрінеді. Аңқау әйел бұл оқиғаның қауіпті астарын енді аңғарса керек, өң-түстен айрылып, үйіне әрең жетіпті. Демежан да оны аяп кетті.

— Егер жаман айтпай жақсы жоқ, осы қораға қуғын келіп, мені қолға түсіргендей болса, сіз мені көрдім-білдім демейсіз. Мен мұнда сіздерге білдірмей, өзім келіп тығылған боламын... әйтеуір, сіздерге пәле жұқтырмауға тырысармын, — деді ол Ауаханды жұбатып.

Олжабайдан әлі хабар жоқ. Тым құрыса ел жақтан басқа біреулер келіп қала ма деп, Демежан күні бойы алаңдаумен болды. Кеш батып, іңір қараңғылығы түскенше, еш дерек болмады. Енді үмітті күдік жеңіп, қауіп-қатер қайта күшейе бастаған. Әлгі Олжабай сорлы бір пәлеге ұшырамаса не қылсын. Егер ол ел жатқанша келмесе, бұл жерден қоныс аударуға тура келеді...

Ал Олжабай бұл кезде әкесін құткарып қалатын халде емес еді. Жас жігіт аңдаусызда енді құтылмастай болып, ұлықтардың қақпанына мықтап түсіп қалған-ды.

Демежанның қашып кеткенін түрме қарауылдары таңертен күзет ауысқан кезде бір-ақ білген. Күндегі әдеттері бойынша, кезекші қарауыл бір құман қара шай мен күріш боткасын және жарты қалаш нанын көтеріп камераға кіргенде, тұтқын өз орнында болмай шықты. Содан ол есінен танғандай аңырып сәл тұрды да, қарауыл бастығына аттандап тұра жүгірді. Арада жарты сағат өткенде, бұл оқиға сатылы түрде жоғарғы ұлықтарға дейін жетіп, бүкіл бекініс аяғынан тік тұрып еді.

Бұл кезде алыс жолдан ат соғып келген Матен-амбы әлі төсегінен тұра қоймай, Маху сұлудың қасында керіліп-созылып жатқан-ды. Барлау басқармасының бастығы апалақтап жүгіріп келіп, Демежанның ұшты-күйді ғайып болғанын хабарлағанда, аймақ әміршісі жынданып кете жаздады. Өйткені ол кеше келе салысымен, жүртшылық құлақтанбай тұрғанда, үкімді бүгін орындап жібермек болып, жамбылдың сырт жағындағы қарасу бойына дар ағашын құру туралы бұйрықты

беріп те қойған... Енді келіп өңшең маубастың айтып түрған сөзі мынау!

Китар көзі шатынап, орнынан атып түрған Матен асығыс киіне салып, бірден түрмеге қарай ұмтылды. Өз көзімен көрмесе сенбейтіндей. Келіп караса, шынында да, Демежан жаткан камера қанырап бос қалыпты. Кеше жолдан келе салысымен күзетті екі есе күшейту жөнінде түрме бастығына бұйрық бергені есіне түсіп, дереу Гауганды іздеттірген. Егер қазір қолына түссе, түтіп жеуге бар еді. Алайда ол кәрі сайтан түрменің іші-сыртында, тіпті үйінде де жоқ болып шықты. Түсінікті, екеуі тіл табысып, бірге кеткен болды.

Осыдан кейін-ақ бүкіл қала соғыс кезіндегідей суық түс алған. Дереу қала гарнизонына дабыл қағылып, жазалаушы топтың жаланған жасауылдары бекіністің іші-сыртын, таяу маңдағы көшелерді тінтуге кірісті. Енді біреулері қалада бұрын Демежан түсіп жүрген үйлерге барып, астын-үстіне келтіріп актарып жатты. Тек қаланың шет жағындағы Әсенажының үйі ғана ешкімнің есіне келмепті.

Тағы бір түсі суық, айбынды топ Боздакта отырған Демежанның аулына қарай аттанып кеткен. Қасына жиырма шакты шерік ертіп, бұл топты бастап барған Ысқақ болатын. Ол қазір Демежанның түрмеден қашып кеткеніне Матен-амбыдан кем күйініп жүрген жоқ. Былтыр күзден бері Ысқақтың айы оңынан туғандай, мейманасы тасып, өзін керемет бақытты сезініп жүрген-ді. Тіпті әлденеге жаны кейіген сәттерде, Демежанның қамауда отырғаны есіне түссе болғаны, өңі жадырап сала беретін. Оған осылай дүниенің асты-үстіне, басы-аяғына келіп төңкерілгені, қалыптасқан ұғымдардың өзгергені керек. Көрсін бұл жұрт кімнің кім екенін!.. Күні кеше көптің аузынан түспейтін, ел қамқоры, жұрт жақсысы атанған Демежан кім? Содыр, сойқан аты қалмай, сүйкімі кетіп жүрген Ысқақ кім болды қазір? Кейде осыны ойлағанда, көңілі босап: «әй, айналайын өкімет-ай, түптің түбінде әркімді өз орнына қойып, артық-кемді өстіп бір теңестіретінің бар-ау?» деп қуаныштан жылап жібере жаздаушы еді.

Ал жақында Шепейзі сапарына қатысып, ұлықтың Демежанға шығарған үкімін көзімен көргеннен бері. Ысқақ өз ойына бұрынғыдан ары беки түскен. Өзінің таңдаған жолының дұрыс екеніне тағы бір рет көзі жеткендей болып еді. Көңілінде титтей аяушылық, не арының алдында қымсыну

да болған жоқ. Қайта өз басына өте қолайсыз адамның жер бетінен өшіп кететінін ойлағанда көңілі жайланып, марқая түскен. Ысқақ үшін Демежан қашан да оның кім екенін өйгілеп тұратын тәңір таразысы секілді еді. Енді одан құтылады. Егер дүниеде бүркіт деген қыран құс барын жұрт білмесе, қарақұстарды бүйтіп қорламас еді ғой... Демежан оның жолында кесе көлденең жатып алған зіл қара тас сияқты. Соны қалайда аударып тастау керек. Осы жұрт кейінгі кезде азаттық, еркіндік дегенді текке айтып жүр дейсің бе. Ысқаққа да азаттық керек. Ең бастысы — Демежандардан азат болу. Адамның қоғам алдындағы теңсіздігі, бір-біріне көрсетер қорлығы мен зорлығы ештеңе емес-ау, оны түзеуге болады, ең қиыны — құдай жаратты дейтін артықшылықтарды жою. Тумысынан ақылды, тапқыр, шешен атанып жүрген асыл тектілер құрыса, Ысқақтарға жол ашылады. Демежансыз өмір — бұл үшін бүркіті жоқ аспан, арыстаны жоқ орман, жайыны жоқ теңіз іспетті.

Осындай ойлармен уытталған Ысқақ көп әскермен барып, түс әлетінде Демежанның аулын қоршады. Үй басын қалдырмай астан-кестеңін шығарып, жүктің арты, буылған тең, үйілген жүнге дейін түгел қарап шықты. Бірақ іздегенін таппады. Ауыл адамдары ештеңеден хабарсыз, бейқам екені байқалады. Демек, Демежан ауылға жетіп үлгермеген, қаланың бір жерінде тығылып жатыр деген сөз. Ақыры қанша ақтарса да, жұртты қанша қысып сұраса да, ештеңе таппай, әскерді ертіп кейін қайтқан.

Бірақ қалаға жақындай бергенде, Ысқаққа тағы бір ой түсті. Демежан қайда бет алса да, аулына бір соқпай, хабарласпай кетпейді. Екі арада қалайда бір байланыс болуға тиіс. Ал қала мен ауылды қосатын жол біреу-ақ. Ендеше, осы жол бойын торығаннан тиімдісі жоқ. Сондықтан ол Қараүңгірдің анғарына дейін суыт жүріп келді де, қасындағы әскерді қайтарып жіберіп, өзі екі-үш қана адаммен өзен бойындағы қалың талдың арасында жасырынып қалып қойды. Осы арадан өзенге салынған жалғыз көпір де, әрі-бері өткен жүргіншілер де алақанға салғандай көрініп тұрады. Бұлар күн батқанша талдың арасынан баспалап, қарайғанды қалт жібермей бақылады да отырды.

Бұл мезгілде қаладағы тінту де тоқтаусыз жүріп жатқанды. Бірақ он мыңдаған халық тұратын қаладан жасырынған адамды тауып алу қалың шөптің арасынан ине іздегенмен

бірдей еді. Осыны жаксы сезінген Ысқақ та сол орнында тапжылмай жата берді.

Бір мезгілде жаздың жылдай сарылған ұзақ күні де өзінің алыс сапарын аяқтап, батыстағы Бақты тауының желкесіне барып қонақтауға айналған. Сөдегей жүрісті адам, әрине, күндіз жүрмейді, апақ-сапақ кешкі ымыртты бетке алады. Ақшам үйіріліп, көз байланар шақта тоскауылда жатқандар талдың арасынан шығып, енді жарқабақтың астындағы көпірдің дәл аузына келіп тұрды. Аттарына мініп, қаруларын сайлап, қашатын біреу болса, қуа жөнелуге дайын тұр.

Жырынды Ысқақ жағдайды капысыз, нақ болжаған екен. Көп күттірген жоқ, сам жамырап, төңірекке кеугім түсе бастаған кезде, торы төбел атты қосарына алған Олжабай дәл көпірдің үстінде бұларға айқаса кетті. Ысқақ жас жігітті де, жетектегі атты да бірден таныған. Төртеуі жан-жағынан коршап тұра қалды да, шылбырынан шәп беріп ұстай алды. Одан ары тілге де келтірген жоқ. Олжабайдың колын артына қайырып байлап, аяғын аттың бауырынан тас қылып таңып тастады да, ортаға алып шапқылаған күйі жамбылдың ішіне кірді. Сол беті еш жерге бұрылмастан, әлі ашуы таркамай, кеңсесінен қайтпай отырған Матен-амбының үстіне енгізді.

Ал күні бойы қаланы асты-үстіне келтіріп, қанша тінтсе де ештеңе таппай, мойнына су кетіп, ызадан жарыла жаздап әрең отырған Матен тағдырдың жіберген төтенше сыйын көргенде, қуанғанынан Ысқақты құшақтап, бетінен сүйіп алды. Мақтауын да жеткізіп жатыр. Өзгесінен бұрын барлау басқармасының бастығына карап тұрып:

— Бәрің жиналып, бір Ысқақ құрлы болмадыңдар-ау. Міне, империяға шын берілгендік, нағыз ерлік деп осыны айт! — деді-ау шаршы топтың алдында.

Ысқакка әміршінің аузынан шыққан осы бір ауыз сөздің өзі-ақ жетеді. Бұдан артық сый-сыяпаттың керегі жоқ. Қатал ұстаздан мактау естіген баладай өңі балбұл жанып, көзінен жас шығып кетті.

Бұдан арғысы белгілі: Олжабай байғұска тергеу-сұрақ, кинау-қыспақ басталды. Алғашында біразға дейін ол да қасарысып, ештеңе айтпады. Бірақ жасынан бұла боп өскен нәуетек мырзаның жаны тым тәтті, әрі коркақ болатын. Және онысы тез арада-ақ мәлім боп қалды. Матен-амбы: «егер шыныңды айтпасаң, осы қазір атып тастаймын» деп, алты-

атарын кеудесіне тірегенде-ақ, Олжабайдың көзі жыпылықтап кетті... Содан кейін-ақ қысымды күшейте түскен. Жігітті дүреге жаткызып, үлпадай аппақ аркасына бес-алты камшы тиген кезде-ақ, таякка шыдамай, бар шынын актарып салды.

Ұлыкка керегінің өзі де осы еді. Осыдан кейін бір минут бөгелген жок. Олжабайды колы байлаулы күйінде алдарына салды да, жазалаушы топтың бастығы Бужынха мен Ысқак бастаған жүздей шерік Әсенажының корасына карай лап койды...

Олжабайдың кешіккеніне карап, бір сұмдыктың болғанын Демежан да сезіп еді. Бүгін түнде жұрт аяғы басылған соң, каладан калайда шығып кетуге бел байлаған. Ауахан әр түрлі сылтау айтып, маңайындағы көршілерінен ат сұрап барып еді, ештеңе таппай кайтты. Біреулері үйінде жок, кейбіреулері көліктері бола тұра бергісі келмеген. Енді жаяу кетуден басқа амал жок. Жол-жөнекей бұт артар бірдеңе табылар. Бүгін түн каранғысын жамылып, Абдырадағы жатак ауылға бір жетсе, одан арғысы киынға түспес еді...

Бірак «жазмыштан озмыш жок» деген рас екен. Демежанның бұл акырғы үміті де іске аспады. Ел орынға отырып үлгірер-үлгірместе, Әсенажының корасын калың әскердің коршап калғаны мәлім болды. Бір тобы үйдің ішін асты-үстіне келтіріп, колдарына фонарь ұстаған тағы бір бөлігі ауланың ішін, бакшаның бұрыш-бұрышын тінтіп жүр. Айнала дабырдүбырға толып, біреулердің кытайша акырып боктағаны, әйелдер мен балалардың шынғырып жылағаны естіледі.

«Міне, осымен бәрі де бітті! — деп ойлады әлі де камыстың арасында жатқан Демежан бармағын шайнап. — Әттең, дүние-ай! Өстіп өкіндірумен, сан соктырумен-ак өттің-ау!»

Аулада тапырактап жүгірген аяк дыбысы әлі басылған жок.

— Бәрін қарап болдық. Енді мына бір камыстың арасында жатпаса, — деді әлдекім енжар үн катып.

— Бұл корада кешеден бері байлаған адам тұра ма. Ендігі баска бір жакка ұзап кеткен шығар, — деді екіншісі.

Көп адамның осылай карай беттегені байкалды. Біреулері камыс үймегінің әр жеріне аша сұғып, тексеріп жүр.

— Камысты бау-бауымен алып, түгел қопарыңдар! — деп бұйырды әлдекім әмірлі дауыспен. Бұл — Бужынха еді.

— Осыған колды былғап, әуре болып жүреміз бе. От коя салсак кайтеді? — деді тағы біреуі.

— Өрт үлғайып, басқа үйлерді алып кетіп жүрмей ме?

— Е, мейлі, жан керек болса, өздері өшіріп алады

Осы сәтте басқаларды тоқтатып қойып, бір адам бұған арнап қазақша тіл катты.

— Әй, Демежан, сені қан тартып тұр екен... шық бері қасарыспай! Өрттің ішінде қалып, тозақ отына тірідей үйтіліп кетіп жүрме... Бауырындағы балаң ұстап бергенде, сені кім аяйды деп тұрсың?!

Демежан анық айырды: бұл — Ысқақтың даусы. «Ит-ай, жаны неткен сірі еді .. Сары ізіме түсіп жүріп, түбіме осы жетті-ау, ақыры!»

Әлден уақытта быксыған түтін исі шығып, қамыс маясының бір шеттен сытырлап жана бастағаны байқалды. Не істеу керек? Осы арада тапжылмай жатып, күлге айналу керек пе? Жоқ, әлде... Бірақ жер бетінде қабірің қалмау деген сұмдық қой!

Үй иелерін де осы маңға әдейі айдап әкелсе керек. Өрт үлғая бастаған кезде, Ауаханнын жан ұшыра «Демежан!» деп шыңғырған даусы естілді.

— Мына қатынды да отка тастаңдар! Байы келгенде, ойнасымен бірге жатып өртеніп кетті дерміз, — деді Бужынха катаң бұйрық етіп.

Сол сөздің ауыздан шығуы мұң екен, жасауылдар әйелдің ышқына аласұрып карсыласқанына қарамай, жанған отка карай сүйреп келе жатқаны аңғарылды. Бұдан ары бөгелуге болмайтын еді. Кенет жалын шарпыған қамыс үйіндісі жан біткендей теңселіп кетті де, соның бір бұрышынан Демежан жолбарысша атылды. Ойы — Бужынханың, не Ысқақтың алкымына қолы бір іліксе, жастығын ала жығылу еді. Бірақ қамалап тұрған көп шерік оған үлгіртпеді, түс-түстан шие бөріше жабылып кетті де, кол-аяғын лезде байлап алды.

X

Небәрі бір тәулікке созылған қашқындық өмір осылай сәтсіз аяқталды. Демежанды бұрын өзі жатқан камераға қайта әкеліп қамаған. Еш нәрсе өзгермеген, сол бұрынғы тас түрме, тақтай төсек, жұлдызды аспанның киығы ғана көрінетін торлы терезе... Тек күзет күшейе түскен. Бұрынғы қарауылдардың орнын жаңа адамдар басыпты. Түрме күзетшілері

емес, жазалаушы топтың жасауылдары. Ұзын дәлізде аяқ тықыры молайып, қарулы шеріктердің есік алдынан кетпей тұрғаны байқалады.

«Міне, осымен бәрі де аяқталды, — деп ойлады Демежан әрі-сәрі күйден құтылғандай, өз бойынан әлдебір жеңілдікті сезініп. — Өмірдің бітпес, таусылмас қам-харакеті, қайсысына түсем деп бас қатыратын тарау-тарау жоллары артта қалды. Енді мұның алдында бір ғана жол тұр. Әрі қысқа, әрі төте өлім жолы. Ажалдың құтқармас құрығы...»

Өмір-тірлік енді бұл үшін өз мәнін жойып, жай екінші қатардағы нәрсе боп қалған. Осы сәттен бастап ол тағы да өлімнің мәнін ойлауға көшті. Ал өлім атаулыда мән-мағына бола ма? Болғанда қандай!.. Егер мұның өлімінде ешқандай құн болмаса, өкімет сол үшін бір жылдан бері ақ тер, көк терге түсіп, сабылар ма еді? Өлім — өмірдің сірге жияр қорытындысы. Өмірдің нәрі мен сәлі кейде оның соңғы нүктесінде жатуы да мүмкін.

Адам баласының жарық дүниеге келу-келмеуі — кездейсоқтық. Ал дүниеден өтуі — міндетті заңдылыққа жатады. Мәселен, осы Демежанның өмірге келмей қалуы да ықтимал еді ғой. Сол бір Алтайдағы Меркіттің қашқын жігіті басына іс түсіп, Керімбайдың қолтығын паналамаса, осында жүріп Гүлдерайым сұлумен ұшыраспаса, бұл шырылдап жерге түспес еді. Кейін ат жалын тартып мініп, ел ағасы — Демежан үкірдай атанбас еді... Соның бәрінің қисыны қалай келген десейші?!

Демек, бұл жалама жартасты жарып шыққан бір түп шыршадай, ешкім күтпеген қисынсыз жерден дүниеге келіпті. Аз ба, көп пе, жер бетінде қырық жеті жыл тіршілік кешіпті. Осынау кең сахарада жал-құйрығын жел тараған жүйрік аттарға мініп, оңды-солды талай шаңдатыпты. Таңдап жүріп жар сүйіпті. Қаракөз арулардың біреуін емес, нешеуін қос-қостап құшыпты. Кеш те болса бала сүйіп, артына ұрпақ қалдырыпты. Бақ-дәулеттің, мансап пен биліктің де қызығын бір кісідей татып көріпті. Өз еркі өзінде жүрген кезінде, қара қазақ түгіл, қылышынан қан тамған халдайға да дес бермепті... Ер жігітке бұдан артық не керек? Бұл артын көрмеген, бұл дәмін татпаған, бұл қимайтындай не қалды бес күндік дүниеде? Енді бұған тек дұрыстап өле білу керек. Досы да, дұшпаны да көрсін — Демежанның ажалды қасқайып тұрып қалай қарсы алғанын! Бұл тірлікте мұны көре алмайтындар, іштарлық етіп, басын-

дағы бағын қызғанатындар көп еді. Енді ақтық зауал шағында да мұның қайтпас қайсар өлімін көріп, іштері күйсін!

Рас, Демежан мұндай тағдырды өзі қалап алған жоқ. Жарық дүниемен қоштасуға асығып, бұл тірлікті тәрк еткен жері бар ма? Ойлап қараса, өмірінде ынқ етіп ауырмаған жан екен. Табиғат бұған күш-қайратпен қоса, денсаулықты да аямай берген-ді. Егер кездейсоқ қатер кезікпегенде, сексенге тіпті тоқсанға дейін жасай беруі мүмкін еді. Бірақ оған жеткізбеді ғой... Аспандағы ай да, күлімдеген күн де мұны кешірер. Осынау жарық дүниеде жүре түруы үшін бұл не істемеді? Ақтық сағатында тас түрмені бұзып, қашып та көрді. Қашқындық — корлық, намыс болса да, қаранғы көрден бір күндік жарықты артық санады. Бірақ дәм-ырызық біткен соң, амал не? Өмір бұған өгейлік көрсетті. Алғаш шыр етіп жерге түскенде, тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен өз анасының ақ сүті бұйырмай, несібесін басқа әйелдің омырауынан тауып еді. Қатыгез тағдыр сол қаталдығынан бір айныған жоқ. Өмір бойы жалғыздық зарын тартты. Туған ел де өгей, ағайын-жұрт та өгей, өкімет те өгей, тіпті бағып-қағып өсірген бауырындағы бала да өгей болып шықты... Осындай ортаға қалай ғана сыйып, соншама жыл қалай жер басып жүргеніне қайран қалады.

Адам өмірі қысқа. Ерте келер, кеш келер, түбінде күтіп тұрған бір өлім бары хақ. Сол өлімнің өзі өмір бойы қыр соңынан қалмай аңдып жүргенімен, өз нысанасына әр түрлі жолмен келеді екен. Біреулер асарын асап, жасарын жасап, әбден жасы жеткенде, өлім жастығына армансыз бас қояды. Екінші біреулер ем қонбас дертке ұшырап, көп уақыт төсек тартып жатып, әлсіреп барып үзіледі. Ал үшінші біреулер оқыста аттан жығылып, не соғыста, барымтада кісі қолынан мерт болады. Бұлардың барлығы да Алланың ақ өлімі, немесе ажалына тура келген тағдырдың жазуы деп қаралатын, жұрттың еті үйренген, күн сайын болып тұратын қазалар.

Ал Демежанның күтіп жатқаны — қазаның жаңағы үш түріне де келіңкіремейді. Мұныкі — ажалына тура келген ақ өлім де, не адасқан октан, содырдың сойылынан болатын оқыс каза да емес. Дәл мұндай күні бұрын дайындайтын, сол үшін бүкіл өкімет, заң орындары айлар бойы әбігерге түсетін, өз үкімдерін құдайдың бұйрығындай қағазға түсіріп, хаттап-шоттап әкелетін өлімді бұл өлкенің казағы әлі бастан кешіріп көрген жоқ. Сонда, мұныкін қандай өлім деп атауға болады?

Ел-жұрт, мешіттегі имам-қазіреттер бұған қалай қарайды екен? Осы тұста өткен жылы Ешен-Сейіт қазіретпен дауласқаны есіне түсті. Әттең, сол дамолламен осы кезде бір жолығып сөйлесер ме еді?!

Дегенмен мұның о дүниеге аттануына бүкіл мемлекет араласып, өкіметтің өзі көмекке келіп отыруына қарағанда, бұл да осал өлім болмағаны. Соған қарағанда, кейін бара-бара кімнің қанша өмір сүретінін, кімнің қашан өлетінін көктегі құдай емес, жердегі өкіметтің өзі басқарып отыруы да мүмкін-ау. Мәселен, қазақтың байлары қандай малды өсімге алып қалып, қайсысын сатып, қайсысын соятынын күні бұрын мөлшерлеп қоймайтын ба еді. Бұл да сол секілді бірдене.. Демек мұның өлімі құдайдың бұйрығы емес, өкіметтің ісі болды. Адам мен адамның, патша мен бағыныштының арасындағы кезекті құрбандық. Тағдыр бұған ешкімге ұқсамайтын, бұлтарыс-бұраланы көп, ерекше өмір сыйлап еді, өлімнің де бұл өлкеде жоқ, төтенше түрін жібергенін көрмейсің бе?!

Осылайша, ой артынан ой туып, көпке дейін кірпік айқастырмаған Демежан тек таң алдында ғана талығып ұйықтап кеткен-ді. Содан камера ішіне жарық түсіп, түрме қарауылы таңертеңгі асын әкелген кезде бір-ақ оянды. Тәбеті тартып тұрмаса да, әл жинау үшін бір тостаған шай мен жарты қалашты түгін қалдырмай соғып алды. Бәлкім ақырғы атау кересі, соңғы дәмі...

Қарауыл ыдыстарын жинап аларда, оған қара киімді, күлу бас, кәрі дүнген ілесе кірген. Қолтығына қыскан төрт бұрышты айнасы, қолында шылапшын, шәугімі бар. Шаштаразы екен. Әлгі байғұс қарауылдардың көзінше Демежанның өсіп кеткен шашын алып, сақал-мұртын басып берді.

— Бұл не? Матен-амбы мені тойға апарайын деп жасандырып жатқан жоқ па? — деді Демежан оның бетіне күле қарап.

— Мен ештеңе білмеймін. Менің міндетім — тек шаш алу.

— Бас алатындар — басқалар демексіз ғой?

Шаштараз тіл қатқан жоқ, шәугімін, шылапшынын көтеріп, келген ізімен қайта шығып кетті.

«Бұл да бір біткен іс болды, — деп ойлады Демежан, жеңілейіп қалған қауғадай басы мен сақал-мұртын сипап тұрып. — Қанша дегенмен, ежелден мемлекет басқарып келе жатқан, мәдениетті, ұқыпты халық қой. Осындай ұсақ-түйекке дейін мұлт жібермейді».

Арада бірер сағат өткенде, тағы да кілт сылдыры естіліп, есік ашылды. Алып кетуге келген жендеттер шығар деп ойлаған. Жоқ, басқасы емес, бас жендет — Матен-амбының өзі екен. Бұл жолы жалғыз кіруден жасқанып, жасауылдарын ерте келіпті. Бүгін таңертең жамбылдың сырт жағына дар ағашын орнаттырып қойып, бір сәтке Демежанды көріп қайтуға кірген беті еді. Үкім орындалар алдында тұтқынмен соңғы рет сөйлесіп, өзінше бір рахаттануға келген. Әбден жеңілып, жер тезек болған жауының жүні жығылып, жасығанын көру — Матен үшін мерекеден кем емес. Бүгін өзі тіпті көңілді екен.

— Хал қалай, Демежан мырза? Бүгін шырайыңыз жаксы ғой. Сірә, үйқыңыз қанып тұрған-ау деймін? — деді орсақ тісін көрсете, ырсыңдай күліп.

Демежан орнынан тұрмастан, төсекте отырған күйі жауап берді:

— Иә, ары таза, арамдығы жоқ адам қашанда алаңсыз, тәтті ұйықтайды. Бүкіл бір аймақтың ұлығы мен төресі мен үшін шапқылап жүргенде, алаңдайтын не бар?

— Бәсе, мен де солай болар деп ойлап ем... Осы сізді жақында түрмеден қашып кетіп, қайтадан ұсталып қалды дей ме? Ол не сөз?

— Иә, солай болды... Егер құтылып кеткенде, сенімен басқаша жағдайда кездесетін едім.

— Апыр-ай, ә... Онда дер кезінде ұстап алғанымыз дұрыс болған екен. Әлгі баланыз келіп мәлімдемегенде тіпті құтылып кете жаздапсыз-ау! — деді Матен тақ бір сол үшін өкініп тұрған адамдай. — Дегенмен қашқаныңыз бекер болған. Мен сізді мұндай қорқақ деп ойлаған жоқ едім.

— Құдай білсін, кімнің қорқақ, кімнің батыр екенін, — Демежан мырс етіп күлді. — Қаптаған әскер, осыншама билік қолында тұрып, сен де мені жетіскеніннен қамап отырған жоқ шығарсың.

— Амал не, тәртіп солай. Өзіне күпірлік келтіріп, қарсы шыққан бұзақыға Цин өкіметінің заңы өте қатал, — деді Матен өзінше қиналған түр байқатып. — Мен сізді құтқарып қалу үшін қаншама күш салдым. Бірақ оған заң рұқсат етпеді...

Ұлықтың монтаны сөзін аяқтатпай, Демежан кенет қаркылдап күліп жіберді.

— Қандай арамсың, иттің баласы?! — деді оның бетіне карап тұрып. — Сонау Шепейзіге мені құткару үшін бар-

ған екенсің ғой. Келе жатқан ұлықты да сол үшін жол ортадан қайтарып жібердің бе? Сен сиякты екі жүзді оңбағандарды қара жер ойылып кетпей қалай көтеріп тұр екен?

Матеннің мейманасы тасып, аркасын кеңге салғаны сонша, әлгі сөзге титтей де ашуланбады.

— Бірге барғаным болмаса, бұл іске менің титтей араласым жок. Өз бауырларың не тілесе, ұлық соны бекітіп берді, — деді ол бұрынғыдан ары жайдарылана түсіп. — Тым құрыса сізге біреуі ара түспеді-ау. Қазактарды мұндай безбүйрек, берекесіз ел деп кім ойлаған?!

— Халықта жұмысың болмасын. Ал саткындар кай елден болсын табылады.

— Ал балаңыз ше? Балаңыздың өзі сатып кетті ғой сізді... Айналаңыздың бәрі жау болғаны ма сонда?

Демежан үндеген жок, жүрегі сыздай ауырып, бетін бұрып әкетті. Матен сұм мұның жан жарасын тауып, соны әдейі тырнап тұр. Демежанды катал жазамен де, өліммен де коркыта алмасын сезіп, оны азаптаудың осындай жаңа тәсіліне көшіп еді.

— Айтпакшы, сізге әлі үкімді жарияламаған екен ғой. Сіз бүгін, амандық болса, дарға асыласыз, — деді Матен, осы сөзімнің әсері калай болар екен дегендей, оның бетіне тесіле карап. — Қанша батыр болғанынызбен, өлімнің түсі суык кой, коркып тұрған жоксыз ба? Сын сағатта күш берейін деп, сізге әдейі бұрылдым.

— Бекер әуре болғансың, мен өлімнен корыкпаймын, — деді Демежан. — Өлімнің ең қиын жері — ажалмен жекпе-жек алысып, жалғыз жатып жан үзуде ғой. Ал Маншын өкіметі осыншама әуреге түсіп, салтанатпен аттандырайын деп жатса, соның өзі қызық емес пе?!

«Түу, мынаған дауа жок екен! — деп ойлады Матен шарасы таусылғандай. — Шынымен-ак, қыры сынбай, жүні жығылмай кеткені ме? Өлім алдында да алған бетінен кайтпайтын мұндай да қайсар адам болады екен?!»

— Өкініштi-ак!... Сізбен әбден достасып кетіп едім. Қимай тұрғаным, — деді ол кабырғасы кайыскандай кипактап. — Сіз сиякты өз ойын ашык айтатын адам да калмай барады ғой... Амал не, дар басында кездескенше сау болыныз.

Матен-амбы соны айтып бұрыла берді де, есікке таман барып, әлдене есіне түскендей кайта оралды.

— Бұл мәселенің енді бәлендей мәні де жоқ. Дегенмен, айтыңызшы: әлгі біздің Гауған сорлыны қай қуыска тығып кеттіңіз?

Демежан Гауғанның қолға түспей кеткенін біліп, көңілі көтеріліп қалды. Байғұс аман құтылған екен ғой.

— Сен не, басқа жалаң аздай, оның қанын да маған артпақсың ба? — деді кекете езу тартып.

— Әлбәтта. Оны азғырып алып кеткен сіз емес пе?

— Гауған — адал адам ғой, оған қай жерден болсын бір кісілік орын табылады. Аспан астының бір қуысында адамдарға азаттық тілеп жүрген шығар.

Түкке түсінбеген Матен басын шайқап сәл тұрды да, нөкерлерін ертіп шығып кетті. Осыдан кейін-ақ окиға барысы күрт жеделдей бастаған. Әншейінде орнынан жылжымай жатып алатын тасбақа уақыт бүгін шапқан аттай зымырап, тым тез өтіп жатқан сияқтанды.

Түс ауа дәлізден топырлаған аяқ дыбысы жиі естіліп тұрды да, бір мезгілде салдыр-гүлдір есік ашылып, ішке қару ұстаған он шақты шерік кірді. Бәрінің де түстері суық, жау түсіргендей сұстанып алыпты. Әлгілер Демежаннын қол-аяғына кісен салып, қаумалап далаға алып шықты. Сол қамалап қоршаған күйі түрме ауласында жегулі тұрған пар атты арбаға әкеліп отырғызды.

Демежанның үстінде қала сәнімен тігілген шибаркыт бешбент-шалбары, басында күрең қатипадан оюлап сырған қазақы тақиясы, аяғында көнетоз хром етігі бар. Ақ көйлегінің омырауын ағытып қойыпты. Көптен күн көзіне шықпай қапаста отырғандықтан, әлде іштегі алай-дүлей толқыныстан, қазір оның өңі әдеттегісінен ақшыл тартып, бір түрлі бозарып шалынады.

«Я, Жаратқан ием! Я, атаның аруағы, өзің жар бола гөр! — деп тіледі арба орнынан қозғала бергенде. — Бойға қуат, ойға сабыр бер. Доска күлкі, дұшпанға таба қыла көрме!.. Мен — шейітпін! Шейіт кетіп барамын...»

Абақтының ауыр, қара қақпасы қақ жарылып ашыла берген. Бұларды есік алдында аттылы адамдар тобы күтіп тұр екен. Көпшілігі — қара атқа мініп, қара киім киген халдайлар. Шихалдай бастатқан Дохалдай, Бахалдай, Кехалдайлар түгел осында жүр. Олар үшін бүгін ұлан-асыр той. Жылына бір келетін «Көк шыбық» мерекесі де мұндай болмас. Шіренгенде үзеңгі бауларын үзіп кете жаздап, дауыл алдындағы ұзақ кар-

ғадай шуылдасып, дарақылана қарқ-қарқ күліседі... Демежан сол қалың топтың арасынан Ысқақты көріп қалды. Соңғы оқиғадан кейін оның халдайлар арасындағы беделі тіпті арта түскен. Қазір де бүгінгі күннің бар ауыртпалығы соған түскендей, астындағы атын танау қақтырып, арбаға жол ашып. көшедегі бейсауат елді қуып жүр.

Алды-артын қаумалаған қалың әскердің қоршауында пар атты арба жамбылдың батыс қақпасына қарай бет алды. Олардың соңынан жаңағы аттылар ілесіп келеді. Бірнеше шерік арбаның үстіне шығып, тұтқынның иығынан, желкесінен басып ұстап алыпты. Кілең шибая шеріктердің ортасында ертегінің алыбындай болып Демежан отыр. Сырттай қараған адамға бұл көрініс Гулливерді ұстап әкеле жатқан лилипуттарды еске салар еді...

«Мен қазір қан майданға, ұрыс алаңына аттанып бара жатырмын, — деп сендірді Демежан өзін-өзі. — Күш тең емес, әрине. Жау — қаракұрттай көп, мен — жалғызбын. Менің бұл шайқастан аман қайтуым екіталай... Көп дұшпан мені қорлап, азаптап өлтіруі де мүмкін. Бірақ жау алдында қолым қалтырамас, тізем бүгілмес. Қастықпен келген ажалды қаскайып тұрып қарсы алармын!»

Салтанатты, қаралы шеру жамбылдың батыс қақпасынан шығып, қарасу бойына келді де. кілт төмен бұрылды. Осы арада, қаланың «Жаңа махалла» аталатын шеткі көшелері мен бекіністің екі ортасында ашық алаң бар-тұғын. Қарасу бойындағы сол жасыл алаңда қаптаған адам шоғыры көрінеді. Жолдың екі қапталында да тізіліп тұрған көп халық.

— Келе жатыр...

— Демежанды әкеле жатыр!

— Жүріңдер, дардың қасына барып көрейік...

— Құрысын, бала-шағаның жүрегі ұшып кетіп жүрер, — дескен сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ала-шабыр, құранды топ өзінше дуылдасып тұр.

Әскер қоршауындағы пар атты арба жаңағы қалың жиынға жетпей тоқтады да, Демежанды жерге түсірді. Сонан соң қарулы шеріктер оны ортаға алып, сонадай жерде көпшіліктен оқшау, бөлегірек тұрған ұлықтарға қарай алып жүрді. Демежан енді байқады: жиналған жұрттың дәл қарсы алдында, арқан бойындай жерге биік дар құрылыпты. Оны да кешелібүгін орнатса керек, жуан бөренеден қиылған дар ағашы әлі

кір шалмаған күйінде, көгалды жазықта шанкандай болып, алыстан көзге ұрып тұр.

Бұл маңда да қарулы жасақ жеткілікті екен. Қала гарнизонын түгел осында әкелген сияқты, әскердің бір тобы дар ағаштың қасында, қалғандары жиналған жұртты кейін ысырып, алдыңғы қатарда тізіліп тұр... Жалпы мына жиында еңсені езген үреймен қоса, айрықша сұсты салтанаттылық бар. Әлден уақытта әскер арасында барабан ұрылып, керней тартылды. Үкім шығарудың дайындығы. Адамды жазалауға, үкім орындауға келгенде, бұл елде ежелден қалыптасқан үрдіс, бұлжымас тәртіп бары көрініп тұр.

Матен-амбы да бүгін дар басына мереке кезіндегідей жасанып, шен-шекпенімен келіпті. Үстінде алтын зерлі жібек шапан, басында шошақ төбесіне козалы асыл тас орнатылған айыр қалпақ. Өзі әлденеге асығулы сияқты. Ол жұрттың алды-арты жиналып болды-ау деген мезгілде, тақтайдан қиылған биік мінбенің үстіне шығып, үкім оқи бастады. Оның қытай тілінде оқыған сөздерін сібе тілмашы Дабынтай қолма-қол қазақшаға аударып тұр. Сан рет қайталанған ежелгі жарапазан, ойдан шығарылған «қылмыстардың» тізбегі...

Демежан оның сөзіне құлақ қойған жоқ. Бір сәт қарсы алдында үріккен қойдай ұйлығып тұрған көпшілікке назар салды. Өз аулынан, жақын-туғандарынан біреулер келді ме деп канша тінтіп караса да, көзіне ешкім ілікпеді. Жалпы, мына тұрғандардың арасында қыр қазағы жоқтың қасы. Бәрі де осы қаланың қытайы, дүнгені, ұйғыры, қазағы аралас, әр алуан кәсіп істейтін құрама жұрты. Қыр елі қазір жаппай жайлауға көшіп жатыр. Оның үстіне, олар ұлықтардың бүгінгі ісінен хабарсыз болатын. Матен-амбы қыр қазағының қалаға көп қатынамайтын, осындай қарбалас кезін әдейі таңдап алған.

Қырық құрау қара тобырдың сырт жағында атқа мінген бір шоғыр адамдар көрінеді. Демежан оларды жазбай таныды: Төртуылдың қазіргі үкірдайы Көксеген бастаткан осы елдің зәңгі-елубасылары. Сол топта Байсерке, Ысқақ, Тыныбайлардан басқа, Мамырбек, Тұрысбек, Таңғыт үкірдайлар да тұр екен. Бұлар — әнеугүні Шепейзі сапарына қатысып, Демежанға қырық рудан тас атқандай, үкіміне мөр басып, ұлыққа құлдық ұрып қайтқандар... Демежан күні кеше өзімен

бірге жүрген ру басыларына әдейі көз тоқтатып, бірнеше рет сүзіле қарады. Бірақ олардың ешқайсысының бұған бұрылып қарауға жүзі шыдамады. Бәрі де тымақтарын көздеріне түсіре киіп, төмен тұқыра береді.

Үкім оқылып болған сияқты. Тағы да керней тартылып, барабан дүңкілдеді. Жасауылдар Демежанның қол-аяғындағы кісенді алып, дар ағашына қарай бейімдей берген .. Кенет бәрі тына қалысты. Өйткені дәл осы мезетте арт жақтан қоңырауы лы күйме келіп тоқтап, одан қасында екі-үш адамы бар, орыс консулы Соков түсіп жатыр еді.

Демежан да әлдебір үмітпен сол тұсқа жалт бұрылды. Бала кезінде естіген көп ертегілерде тазша баланы, не жиһангез батырды осылай дарға асқалы жатқанда, ғайыптан әлдебір күш келіп, құткарып алатыны болушы еді. Аяқ астынан сондай бір өзгеріс бола ма деп, бұл да дәмеленіп қалған. Бірақ ол ертегі ғой, өмірде ондай ғажайыптар кездесе бере ме... Соков Матен-амбының қасына келіп, жылы жүзбен қол беріп амандасып жатыр. Жан-жағын жіті шолып шыққан консулдың мына азиялық жабайылықты ұнатпай тұрғаны байқалды. Демежан оның әр сөзін қағыс жібермей, бар зейінімен тыңдап тұрған. Соков аймақ әміршісіне қарап:

— Дәл осындай аумалы-төкпелі кезеңде мынадай ауыр жаза кесу міндетті ме? Және оны тамам елдің көзінше жария түрде орындаудың не қажеті бар? — дегендей бірдеңе айтты.

Бірақ оған Матен-амбы қысылатын емес, әзілмен күле тұрып жауап қатты.

— Енді не істейміз, консул мырза? Сіздер сияқты ауыр қылмыстыларды айдап жіберетін Сібіріміз, Итжеккеніміз жоқ. Империя жауларын о дүниеге аттандыра беруден басқа амалымыз қайсы? — деген-ді.

Осыдан кейін консул де ештеңе айтпай тоқтап қалды. Енді тұтқынды дар астына апарып, үкімді орындау ғана қалғанды. Бірақ көңілі жайланып, мерейі тасып тұрған Матен-амбы өзінің қасақы жауымен соңғы рет тағы бір тілдеспей қала алмады. Ол күзет қоршауында тұрған Демежанның қасына келді де:

— Ал, Демежан мырза, енді не айтарыңыз бар? Көріп тұрсыз ғой, сізден ештеңені аяп қалып жатқанымыз жоқ, — деген масаттана күліп тұрып.

— Айтары жоқ, бәрі өз дәрежесінде өтіп жатыр... Тіпті сен өлгенде де мұндай құрмет көрсетіле қоймас, — деді Демежан

да езу тартып. — Бірақ сен әділ ұлық болсаң, менің актық тілегімді сұрамайсың ба?

— Иә, не тілегің бар?

— Мен мұсылманмын ғой. Тым құрыса дәрет алып, екі рахағат намаз оқып алайын.

Шығыс елдерінің салтында айыпкердің актық тілегін орындау деген әдет бар. Сол үрдістен Матен де аттап кете алмады.

— Жарайды, болсын, — деді кеңпейілділік көрсетіп. Сонан соң жасауылдарға бұрылды да: — Тұтқынды су жағасына апарыңдар! — деп бұйырды.

Он шақты шерік Демежанды қамалаған күйі су жағасына таман әкелді де, не істер екен дегендей, сыртынан бақылап тұрды.

Ал Демежанның дәл қазір дәрет алып, намаз окитын ойы жок-тұғын. Өмір бойы сәждеге басы тимегенде, енді құдайға сиынды не, сиынбады не?! Оның қазір бар ойлағаны — бес минут болса да осынау жарық дүниені ұзарта түсу болатын. Сұлудың көзіндей мөлт-мөлт еткен қарасудың жағасына барып, жүремел отырды да, асықпай беті-қолын шайды. Су сапсалқын екен, денесі ширап, жеңілейіп қалды.

Бұлақтың ар жағында ұсақ балалар ойнап жүрген. Жасы жеті-сегіздер шамасындағы, көзекейінің өңіріне үймелетіп теңге-моншақ таққан, кішкентай қазақ қызы бұған такау келіп, тамашалай қарап тұр. Мына каптаған калың елдің назары осы адамда екенін сәби жүрегі сезетін секілді. Қыз тіпті сүйкімді екен. Өзінің Назымы сиякты... Балаға не берсем екен деп калтасын қарманып еді, колына күміс баулы сағат ілікті. Бір жыл бойы төс калтасында жатып, мұның жүрек соғысын, актық күндерін санаған жалғыз серігі еді

— Мә, ала ғой, қызым! — деп сағатты арғы жағадағы көк шөптің үстіне тастады. Қайран тірлік кінәсыз сәби қыз бейнесінде мұнымен коштасып тұрған тәрізді.

Ол жуынып болған соң, намаз окыған адамның кейпіне түсіп, еңкейіп бара жатқан күнге қарап біраз тұрды... Есіл өмір-ай, қандай кыска едің сен?! Көзді ашып-жұмғандай бір сәтте зымырап өте шыққаның ба? Күнін түнге, түнің күнге ұласып, уақыттың мына карасудай тегін өтіп жаткан кезінде, сенің кадіріңді кім білген. Енді, міне, таусылар, сарқылар шағында, сенің бес минутыңды жан алғыш әзірейілден зорға

сұрап алды-ау! Бар-жоғы бес-ақ минут. Мұның өмірі бес минутка ұзарды...Өзінің мына тұрысына қарап, кенет Демежанның есіне Әсет ақын айта беретін «Ағаш ат» киссасы түсті. Сол киссада хан баласы Қасен өзін дарға аскалы жатқанда, ағаш аттың тетігін бұрап, аспанға құс боп ұша жөнелетіні барды. Әттең, дүние-ай! Мұның да сондай ағаш аты, ұшар қанаты болар ма еді?!

Демежанның көнілінде қазір өлімнен тайсалып корку да, өзегін өртеген өкініш те жок. Тек өмірге деген өкпе, өзіне деген аяныш қана бар. Ит те, құс та тырбанып тірлік етіп жаткан осынау қым-қуыт дүниеге бір басының сыймағанын ойлағанда, өзін катты аяп кетіп еді. Жат жерде жүрсе бір сәрі, өз еліне, өзінің туған топырағына сыйдырмады ғой... Көз алдынан бүкіл өмірі жалт-жұлт етіп, жылдам көше бастаған. Бәрі емес, әрине, естен кетпес шок-шок көріністер... Акыры соның бәрі тұтасып, бірігіп кетті де, бір дара бейнеге айналды. Ол — Бибі бейнесі. Бибінің қара көзі боталап, адамға бір жаудырап қарайтыны болушы еді. Тура сол қалпында көз алдына келіп тұрып алды... «Бақыл бол! — деш Демежан сол бейнеге карап тұрып. — Мен сені бакытты ете алмадым. Қос катын алып қорлағаным аздай, орта жолда аңыратып тастап кеттім-ау. Қарғама... Кешіре гөр!. »

Бұдан арғысы бұлыңғыр. Өзінің жендеттер коршауында дар ағашқа қарай кетіп бара жатканын біледі. Әлденеге асыққандай ешкімге бұрылып қарағаң да жок, каптап тұрған халыкка бір ауыз тіл де катпады. Дар ағаштың астындағы құламалы көлденең тактайға өзі секіріп шықты. Денесіне жендеттің арам қолын тигізбей, кендір аркан ілмегін де мойнына өзі киді...

Бір қарағанда тура мандай алдында мыс табақтай балқыған қып-қызыл күн тұрған сиякты еді. Келесі сәтте табаны жерге тимей қалды да, дүниенің бар салмағы мойнына түскендей, тынысы бітіп. әлгі күн сөніп бара жатты. Айнала-төңірек әп-сәтте қап-қара түнекке айналды. Мезгілінен не ерте, не кеш туған, өмірге екі келмес есіл Демежан дүниеден осылай өтті...

Өз жұмыстарын тындырған соң, ұйлығып тұрған ұлык та, каптаған қалың әскер де жарыктан қашқан таракандай лезде ғайып болды. Демежанның жансыз денесі көптің қолына енді ғана тиіп еді. Жұрт өлі денені аспактағы арканнан босатып алып жатқанда, жамбылдың сырт жағындағы қара жолды шаңдатып, тасқын селдей болып, қалың нөпір салт аттылар

келіп жетті. Бұлар — Абдыра аңғарында егін салып, күн көрген жатақ ауылдардың Бөке бастаткан азаматтары еді. Бүгін сәске кезінде бұл сұмдық хабарды оларға Диқанбай жеткізіп барған. Содан бір-бір шолақтарын ертіп мініп, қолдарына сойыл, шоқпар, айырларын алып, шауып жеткен беттері осы болатын. Бірақ, амал не, кеш қалды. Егер осыдан бірер сағат бұрын жеткенде, өздерінің сүйікті көсемдерін құтқарып алмаса да, өкімет әскерімен бір айқасып қалар ма еді, қайтер еді?!

Бұл тірліктің шаруасы бітіп, енді өлікті о дүниеге аттандырудың әңгімесі басталғанда, бейне жерден шыға келгендей, дін иелері: имам, қазіреттер қаптап кетті. Ешен-Сейіт бастаған бұл дуалы ауыздар Демежанды жат қолынан өлген шейіт, иманды кісі деп бағалады. Сүйекті сол күні Ешен-Сейіт өз мешітіне апарып түнетті де, ертеңінде Жауыртамдағы мұсылмандар зиратына арулап жерледі. Жаназаға бүкіл қала жұртшылығы түгел жиналған. Онда да ойлағандары — өз қамдары. Өйткені шейіт болған адамға топырақ салудың өзі аскан сауап көрінеді...

Осының ертеңінде Боздақ даласында адам айтса нанғысыз тағы бір сұмдық оқиға болды. Демежанға шығарылған үкімнің екінші тармағында оның қора-жайын, жер-суын өкімет мүсәдіра[1] қылып, төрт түлік малын «хан талапайға» салу туралы айтылған-ды. Бұл Матен-амбының өз қылмысын жеңілдетіп, қазақтардың да қолын былғай түсу үшін, әдейі ойлап тапқан айласы еді.

Сол күні ұлы сәске кезінде жайлауға көшуге қамданып, жиын отырған қалың Байғара-Жауғаш аттылы-жаяу қаралы ауылға қарай ағыла бастады. Бұлар — өлікке құран оқу немесе тірілерге көңіл айту үшін емес, кешегі өз үкірдайларының аулын талап алғалы келе жатқан жанкештілер. Бұл топтың ішінде Байғара-Жауғаштың өз адамдарынан баска, Ысқақ. Байсерке секілді өзге рулардың аткамінер пысықтары, баукеспе барымташылары да бар еді.

Жиналған қара тобыр ең алдымен төрт түлік малды өрістен айдатып әкеліп, пышақ үстінен бөліске салуға кірісті. Біреу жылқыға, біреу түйеге жармасса, енді біреулері он-жиырмадан қой қосақтап жатыр. Атан өгіз, сауын сиырлар да кім көрінгеннің қолында жүр. Бұлардың бәрі Демежанға акысы

---

[1] М ү с ә д і р а — конфиска, тәркілеу.

кеткен, еңбегі сіңген біреулер болса екен-ау, иесіз малдан қамтып қалуды, талап-бұлауды олжа көрген аш көз ағайындар. Сұрауы жоқ, иесі жоқ, тегін дүниенің ту-талақайын шығарып, әне-міне дегенше тып-типыл етті.

Бұл күнде жасы сексенге таяп қалған, өзін осы малдың иесімін деп санайтын қарт Майлық әлі тірі еді. Сол байғұс әркімнің қолына бір жармасып, жан ұшыра көп таласты. Ақыры онысынан ештеңе өнбейтін болған соң, қаңырап бос қалған бие бау басында өкпесі күйіп отыра кетті.

— Шабыңдар!.. Таланғдар! Ой-пой, шеттеріңнен жау түсіргіш, неткен ер едіңдер?! Тал түсте талапайға салатындай не жазығым бар еді?!. Керімбай мен Демежанның аруағы атарау сендерді! — деген сақалынан алты тарам жас ағып отырып.

Еліріп алған есер жұрт мұнымен де тынған жоқ. Кешеуілдеп келіп, малдан үлес тимей қалғандары енді ақ үйлерді талауға кірісті. Жайлауға көшер алдында буып-түйіп қойған тендерді талқандап, қолға іліккен асыл бұйым, киім-кешекке дейін бөлісіп әкетіп жатыр. Енді біреулері тақ бір дүниені бірге жиыскандай, кілем-кілше, түс киіз, текеметтерді де сүйреп барады. Әбден ақ көзденіп алған ашқарақтары ең соңында ақ үйлердің үзіктерін сыпыра бастаған. Бейне алыс бір өлкеден аямас жау келгендей. Баяғы Жоңғар жорығы қайта басталғандай...

Бибі неше күннен бері қатты жылаулар күйде, ауыр қайғы үстінде еді. Байғұс әйел кеше кеште Демежан қазасын естіген сәтте-ақ, қара шашын жайып жіберіп, әлі нұры таймаған алқызыл, сұлу жүзін тырнағымен осып, қан жоса еткен. Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі талып кетіп, қасындағы Бөке, Диқанбай сияқты үлкендер су бүркіп, зорға тірілтіп алып отырған-ды. Бүгін таң аткалы бұл ауылдың жау шапқандай халге ұшырап, мал-жанның талауға түсіп жатқанына да Бибі көңіл аудара қоймаған... Тек, сырттан әлдекімдер түсірлете шауып келіп, өзі отырған сегіз қанат ақ орданың артқы үзігін сыпырып алған кезде ғана, оған ес кіргендей болды. Әуелде түкке түсіне алмай, жартылай жаланаш қалған басындағы шаңыраққа карап аз отырды да, сонда да ештеменің байыбына бара алмай, жүгіріп далаға шықты. Маңайда мал қуып жүрген жұртты, дүние-мүлік көтеріп бара жатқан адамдарды көргенде ғана, санасына бірдене жеткендей болды. Қорғансыз әйел тек осы кезде көпшілікке карап дауыс салып, зарлап қоя беріп еді.

— Елім-ау!.. Жұртым-ау! Бұл не қылғандарың? Бұл шаңырақ— бәріңнің басыңды қосып, осы елді ел қылған шаңырақ еді ғой. Осы үйде адал асымды ішіп, қолымнан талай дәм татып едіңдер ғой... Не беттеріңмен талап жатырсыңдар? Тым құрыса, «бүлінгеннен бүлдірге алма» деген атам қазақтың салтын ұмытпасаңдаршы!.. Не болды сендерге? Маған жандарың ашымаса да, аруақ-құдайдан ұялсаңдар нетті?! — деп әр топтың қасына бір барып, осы сөздерді зарлап айтумен болған.

Бірақ дәл қазір оның зарын ести коятын құлақ жоқ еді. Дүниеге көзі тұнған жұрт колына іліккенді калдырмай, талап, тендеп әкетіп жатыр Өзара малға, мүлікке таласып, төбелесіп, қыркысып жаткандар қаншама...

Бибі жылауын кілт токтатты да, әлдене есіне түскендей, қайтадан үйге кірді. Төр алдында үстіндегі жүгі шашылып калған, үлкен сарыала сандық тұр еді. Соның кілтін қоңыраулата бұрап ашты да, ішінен әлдебір жібек матаға оралған бүктеулі қағаз алып шықты. Бұл — Абдыра мен Қараүңгір өзендерінен Демежан атына берілген екі тоған судың таңбалы құжаты болатын. Бибі соны ұстай шықты далаға. Қотан ортасында тұрған аттылы-жаяулы адамдарға жақындап барды да:

— Әй, дәм атқырлар-ау! Демежанның өмір бойы ойлағаны сендердің камдарың емес пе еді. Бүгін көзі жұмылмай жатып, соның бәрін ұмыткандарың ба? Малды ғой талап алдыңдар, ал мынаны не істейсіңдер? Бұған қайсыларың ие боласыңдар? — деп әлгі қағазды бұлаңдата жоғары көтерген.

Бірақ Бибінің бұл сөзіне де құлақ аскан ешкім болмады. Өйткені бұл жүргендер — егін егіп, жер емшегін емген еңбекші жұрт емес, төрт түлік малды ғана байлық деп санайтын кәдімгі көшпенділер, оның ішінде де шаруаға қыры жоқ, жай косак арасында күн көріп жүрген, тойымсыз тобыр болатын. Олардың қағазға карауға да мұршасы келмей, әркайсысы жетектегі жылкысымен, косақтағы қойымен әуре болып, өз беттерімен күйбеңдесіп жүр... Бибінің тұла бойын ыза кернеді. Кенет жер-ошақта жанып жаткан отка көзі түсті де, солай қарай бұрылды.

— Ал ендеше!.. Сендерге жер-судың керегі жоқ екен ғой. Демежанмен бірге мұның да күлі көкке ұшсын! — деп қағазды отқа тастауға ұмтыла берген.

Осы сәт манадан бері каралы әйелдің әр қимылын аңдып тұрған Бөке, жан ұшырған күйі тұра жүгірді де, Бибінің жолын бөгеп, құшақтай алды

— Алда, Бибі шырағым-ай! Сәл сабыр етші, айналайын... Ашу үстінде қарап отырған барымыздан, аузымыздағы нанымыздан айыра жаздадың-ау! Бұл Демежандай ерімнің канша жыл халдайлармен алысып жүріп, әрен алған қағазы емес пе еді. Есіл ер күні кеше сол үшін басын берген жоқ па?! Қолында жиғаны, көңілінде иманы жоқ, көп тоғышарды қайтесің. Маған бер бұл қағазды! Демежаннан қалған бұл мұраны иман-шартымдай, құранымдай сақтармын! — деп Бибінің қолындағы қағазды алды да, аса бір киелі затты ұстағандай, ерніне апарып тәуеп етіп, көкірегіне басты.

Енді біраздан кейін мыңғырып жатқан бай ауыл көшкен елдің жұртындай қаңырап бос қалып еді. Демежанға қарасты үйлерден шағылмаған, тоналмаған бірі жоқ. Тек Ырысканның ақ отауы ғана қол тимей бүтін тұр. Оны да Мамырбек төренің адамдары қорғап қалған Мамырбектің ұлы Тұрысбек Ырысканды мал-жанымен көшіріп әкетуге ұлықтан рұқсат ала келіпті. Үлкен бір қора қой мен бір үйір жылқы да жас токалдың еншісіне тиіпті... Енді, міне, ұзатқан қыздай әлденеше түйеге жүгін артып, аттарын ерттеп, олар да орнынан қозғалайын деп жатыр.

Күн екіндіге таман еңкейгенде, бір-екі көлікке ұсақ-түйек жүк теңдеген тағы бір шағын көш олардан бөлініп, тау жаққа карай бет түзеді. Бұл — Абдыра аңғарындағы Бөкенің жатақ ауылына бара жатқан Бибінің көші еді. Байғұс әйел қайғыдан бүгіліп, ат жалын құшып, әрең жүріп келеді. Бақытым, барым деп есептеген сүйікті жары Демежаннан өлі айрылса, бауырындағы баласы Назарбектен тірі айрылып, қос-қабат жаза шеккендей, қан жұтып қалған жайы бар.

«Керейдің ұрпағын жат жұртта қалдырмаймыз» деп, Мамырбектің адамдары он екіге келген ұл баланы байлағандай етіп алып қалды. Назарбектің «апатайлап» шырылдаған үні Бибінің құлағынан бір сәт кетер емес.

Артта қаңырап құлазыған Боздақ даласы қалып барады. Дүниеде Демежан деген адам болмағандай. Оның айбынды ақ ордасы осынау өлкеге қонбағандай.

ЭПИЛОГ

Содан бері де арада бес-алты жылдай уақыт өткен. Арман мен үмітке жүкті жаңа жиырмасыншы ғасыр бірте-бірте күш алып, адамзат тарихына жыл сайын жаңа беттер қосуда. Бұл мерзім ішінде қашанда дүние жүзі халқының бестен бірін құрап келген ұлы Қытай мемлекетінің өмірінде де өзгерістер аз емес-ті.

Соның ең бастысы — осыдан екі жыл бұрын бұл елді екі жүз алпыс жеті жыл бойы үздіксіз билеген Цин династиясы тақтан тайдырылып, монархия жойылды. Сөйтіп, маркұм Демежан мен оның ақылшы ұстазы Ли-шансыңның жете алмай кеткен өзекжарды армандары кеш те болса жүзеге асқандай болып еді. Бірақ бұдан олар ойлағандай қалың еңбекші бұқараға азаттық таңы атып, еркіндік тие қойған жоқ. Сунь Ятсен бастаған революциялық қозғалыс монархияны құлатып, жеңіске колы жеткенімен, оның жемісін кертартпа, оңшыл күштер пайдаланып кетті. Былтырдан бері жаңа құрылған республиканың президенті болып, билік басына бір кездегі Цин сарайының жалдамалы құлы — генерал Юань Шихай келіп отырып алды.

Шығыс Түркістанда құрылған жаңа өкімет те соның айна қатесіз көшірмесі тәрізді. Іледегі бұрынғы жаңжүң ауысты да, оның орнына Янь Цян-Цин деген біреу келіп отырды. Бұл да заты қытай ұлтынан шықты дегенің болмаса, Маншың өкіметінің байырғы чиновниктерінің бірі еді. Бәлкім, монархияның құлауы ішкі өлкелердегі қалың қытай жұртшылығына игілікті әсерін тигізсе тигізіп те жатқан шығар. Бірақ Шығыс Түркістандағы бұратана халықтар үшін, бұл өзгерістің келіп-кетері шамалы болды. Тек қожайындар ауысты да, құлдар бұрынғы қалпында қала берді.

Дегенмен, өмір бір орында тұрып қалмай, жаңарып, жалғасып жатыр еді. Ер-азаматты атып-асып құртқанымен, ана-

лар ұл табуын тоқтатқан жоқ. Ат тұяғын тай басып, кешегі қу бұтақтың орнын жас өскіндер жауып түр. Тарбағатай мен Барлық тауының екі ортасында қайтқан құспен жарысып, әлі де каздай тізіліп ел көшеді. Әйтседе, жыл өткен сайын аттың жалы, түйенің қомында жүретіндер азайып, Құлыстай елінің бір бөлігі отырықшылыққа ойыса бастаған. Баяғы Демежан салдырған мешіт-медреселер маңында, тоған-егістік бастарында там үйлі коржа-зәйімкелер қатары молая түскен. Демежан аты ұмытылған жоқ. Қайта өзі өлгеннен кейін азаматтың өр тұлғасы бұрынғыдан ары биіктеп, іріленіп кеткендей. Ол туралы айтылатын аңыз-әңгіме, өткенді өксік ата еске алатын жоқтау жырлар каншама.

Уақыт мамыр айының соңы, шалқар түстің кезі болатын. Сары жиектен шығып, Шәуешекке карай бет алған бір топ жүргіншінің де казіргі әңгімесі сол Демежан төңірегінде. Топтың дәл ортасында, қара жал құла жорғаның үстінде Әсет ақын келе жатыр. Қасында өз аткосшысынан басқа Күдері, Бабалық және Шөтіктің жас зәңгісі Бөлекбай бар.

Әсеттің бұл күнде жасы қырық бестерге келіп, жігіт ағасы атанған шағы. Қара торы, қоңыркай жүзі казір ақ сұр тартып, толыса түсіпті. Үстінде кең-мол тігілген жасыл жібек шапан, басында күндыз бөрік. Артына бөктерген үлкен ала коржынның бір басында үкілі домбыраның құлағы көрінеді. Атақты әншінің біраз уақыт Емл бойында, Барлықтан қайтқан елдің ішінде болып, енді қалаға оралып келе жаткан беті еді. Әлі де асықпай жата беретін сынайы бар-ды. Бірақ жақында арғы беттегі елден «тез қайтсын» деген шұғыл хабар келген. Осы жазда Ақ патша әулетінің таққа отырғанына үш жүз жыл толып, соған байланысты жер-жерде үлкен мерекетой өткізілмек екен. Әсетті Жетісу өнірінде өтетін сол тойға шақырып жаткан көрінеді.

Бұл топтың ішінде қазір жасы үлкені де, көп елді, көп жерді аралаған, көне көз білгірі де Әсет саналады. Мына жағы Семей, Қаркаралы, түстігі Жетісу, Балқаш, шығысы Алтай-Сауыр, Тарбағатай, Барлық болып, ол дәмін татып, суын ішпеген жер кемде-кем. Кейінгі жылдары Құлыстай өнірі де оның жыл сайын келіп, ән шалқытып қайтатын құт мекеніне айналған.

Бұл өлкенің жер жадысын жаксы білетін Әсет Сарыжиектен үзап, Боздақ даласын баса, қалаға төте тартып келе

жатканда, алыстан көгеріп шалынған қалың талды жазбай таныды. Бірден елең етіп, басын көтеріп алды да:

— Мына көрінген Демежанның қарағашы емес пе? — деді серіктеріне қарап. — Әлде мен жаңылып тұрмын ба?

— Жоқ, дұрыс айтып келесіз.

— Сол қарағаштың дәл өзі...

— Бұл өңірде Демежан зәйімкесінен басқа мұндай қалың талды, саялы жердің өзі де жоқ қой, — десіп қасындағылар іле қостады.

Бұдан былайғы бір алуан әңгіме осы сөзден басталып кетіп еді. Әсет сәл томпактау біткен үлкен қой көздерін сол алдындағы шоқ талдан алмай, бір сәт үнсіз қалды да:

— Қайран қарағаш!.. Сенің саяңда да талай аунап-қунап жатып, ән шалқытып едік-ау! — деп көріктей кеудесін сілкіндіре, терең тыныс тартты. — Мен Ақ патша мен Еженханға қарайтын қазақтың екі ұлысын бірдей, кезек аралап жүрмін ғой. Сонда бір байқағаным, халқым деп қан жұтып, елім деп еңіреген, тіпті сол жолда басын берген Демежандай азаматты өте сирек ұшыраттым. Маркұм жігіттің төресі еді ғой. Тиген жерін ақ алмастай тіліп түсетін ондай ерлер қайда-а қазір?

Бұл күнде жасы отыздың жуан ішін аралап, Төртуылдың бүгінгі белді адамына айналған Күдері би де оның бұл сөзін жақсы ұғынып, іштей құптап келе жатқан.

— Дұрыс айттыңыз-ау, Әсет аға. Қайран Демежан тар дүниеге, тайқы мандайға сыймай кетті ғой. Кезінде ол осындағы бүкіл елге пана болып еді, ал біз оған пана бола алдық па? Қадірін білмей, соңынан ермей, қор еткен өзіміз ғой! — деп ол да іште жатқан шер-шеменін тарқатқандай болды.

— Демежан айрықша жаралған жан еді. Соған орай тағдыры да ерекше болды ғой, — деді Әсет ойын ары карай сабақтап. — Арка мен Жетісу жерін аралап жүргенде, мен ішінара Ақ патшаға жақпай қалып, сонау Ібір-Сібірге, Итжеккенге айдалып кеткендерді білуші ем. Ал ондай ел ағасының бұлайша қатаң жазаға тартылып, шаршы топтың алдында дарға асылғанын көрген де, естіген де емеспін... Нақақ кетті ғой қайран сабаз!

Манадан серіктерінің сөзін тыңдап, үнсіз келе жатқаны болмаса, Демежан туралы көп ойлап, көп қайғырған адамның бірі Бабалық еді.

— Біздің сорымызға, дәл сол түста Матен-амбыдай қызыл көз пәле тап келмеді ме, — деді ол осы кезде әңгімеге араласып. — Халдайлардың намысын жыртып, осы елдің содыры мен сойқанын Демежанның соңына салып қойған — сол залым емес пе... Бірақ накақ төгілген қан жібермейді екен ғой. Ақыры сол Матен де қор болып, іріп-шіріп өлген жоқ па?!

Матен-амбыға жұрт жиренішпен қарап, жек көріп кеткені сонша, оның атын атамай, ұмытуға тырысушы еді. Амал жоқ, Демежан сөз болған жерде ол да еріксіз ауызға алынады... Осыдан екі-үш жыл бұрын, Маншың өкіметі құлардың алдында, Матен де қайтыс болған. Әлде кездейсоқтық, әлде тағдырдың жіберген жазасы, — Демежан өлімінен кейін көп ұзамай, ол құлғана дейтін дауасыз дертке шалдығып еді. Цин династиясы тақтан таяр алдында Матеннің жүйкесі сыр беріп, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылған-ды. Көзі ілініп кетсе болғаны, түсіне Демежан кіреді. Және жай көрініп қана қоймай, қолындағы шашақты найзасымен әміршінің денесін сұққылап жатады. Ояна келіп қараса, жаңағы найза сұққан жер іріңдеп ісіп шыға келеді. Содан, не керек, жыл уағына жетпей, Матеннің өне бойы шұрқ тесік мерезге айналған. Үсті-басын ірің кеулеп, ақыры төсек тартып жатып қалғанды. Содан көп ұзамады ғой. Өзі соңғы рет сойылын соғып, қызғыштай қорыған Маншың үстемдігімен бірге ол да іріп-шіріп, жарық дүниеден өшіп кетті..

Әсет Матен жайын бұрын естімеген екен. Шын таңданып басын шайқады:

— Мынау бір ғажап нәрсе екен! Қан қарызы қарғыстай тиген екен-ау... Кейде өлі аруақтың да осылай өш алатыны болады, — деді сүйінішін жасырмай. — Айтпақшы, қазір Бибі қайда? Сорлы сұлу не күйде жүр?

— Бибі байғұс тірі... Қазір Абдырадағы жатақтар ауылында, Демежанның отын өшірмей, өз алдына түтін түтетіп отырған жайы бар, — деді Күдері жауап беріп. — Әкесі Құрман қажы да, ағасы Қылырмолда болыс та бірнеше рет келіп, арғы бетке көшіріп әкетпек болып еді, төркініне қайтпай, отырып қалды ғой, бейшара.

Әсет қабағын кірбең шалып, ауыр ойға батқандай біразға дейін үнсіз келе жатты.

— Иә... Әйел затында өз еріне шын берілген, нағыз асық жар деп айтуға болатын, сондай бір текті жандар сирек те бол-

са кездеседі, — деді әлден уақытта. — Ал мен өткен жылы Мамырбектің ауылына барғанымда, Ырысқанды көрдім. Ол сылқымның ойына ештене келетін емес. Төсекпен бірге көңіл де жаңғырған сияқты. «Әйел қырық шырақты» дейді ғой, бірі сөнсе, екіншісі жана береді... Тұрысбектің нақсүйер тоқалы тіпті бұрынғысынан да құлпырып, жайнай түскен бе деп қалдым, — деп ақын аз-кем аял жасады да, ойын ары қарай жалғап әкетті. — Бұл кездесу одан гөрі маған ауырлау тиді. Ырысқанды көрген сайын, Демежан есіме түсіп, алай-дүлей ұйытқыған көңілді баса алсамшы... Кейде өліп қалған жақын адамының мініп жүрген атын, не бір сүйікті затын бөтен біреудің қолынан көрсең, көңіліңді мұң басатыны бар ғой. Мен де сондай күй кештім. «Опасыз жалған-ай, бір күні көзің жұмылса, осылай телім-телім боп, көрінгеннің қолында кетеді екенсің-ау» дедім ішімнен.

Бұл кезде біркелкі бұлаң құйрықпен суыт жүріп келе жатқан жолаушылар Демежан қарағашына таяп қалған-ды. Күре жол зәйімкенің желкесінен сәл қиыс өтеді екен. Сол тұсқа келгенде, Әсет серіктеріне бұрылып:

— Зәйімкеге соға жүрейік. Осында біраз ат шалдырып, аруақты еске алып, бәйіт оқып аттанайық, — деді баяу тіл қатып.

Бұл зәйімкеде ежелден орын теуіп қалған кейбір көршіқолан болмаса, Демежанның өз туыстарынан қазір ешкім жоқ болатын. Мүсәдіраға ілініп, қазына қарауына өткен қора-жай, егістік, шабындық жерлер басында бірер жыл иен тұрды да, кейін жергілікті өкімет оны қытайдың бір бай саудагеріне сатып жіберген. Қазір маңайында жыртылған жер, көктеген егіннен басқа қыбыр еткен тірі жан көрінбейді. Иесіз, өлі дүниедей қаңырап бос қалыпты.

Жүргіншілер зәйімкенің өзіне соққан жоқ, ауыл сыртындағы қалың қарағаштың саясына келіп тоқтады. Бау-бақшаның қоршау-дуалдары құлап, көрінген жерінен көлікті кісі өте беретіндей, андыз-андыз жолға айналыпты. Ағаш арасындағы жіңішке арықта сылдырап су ағып жатыр екен. Жолаушылар сол арада аттарының ауыздығын алып, аз-кем аял жасады. Төңіректе азан-қазан бір шу бар. Көкке бой созған зәулім шынар, қара ағаштардың басына қалың қарға ұя салған екен. Солар қарқ-қарқ етіп, маза берер емес.

— Осы ағаштардың бәрін Демежан марқұм қаладан екі бағбан әкелып, өз қолымен ектіріп еді, — деді зәйімкенің са-

лыну тарихын жақсы білетін Бабалық. — Аз жыл ішінде ну орманға айналып, күлпырып өсіп кеткен. Мұны да сәнінен айырып, селдіретіп жіберіпті ғой.

— Демежаннан белгі қалдырмаймыз деп, түгел өртеп, жойып жібермегеніне шүкіршілік ет, — деді Күдері айналасына барлай көз жіберіп. — Обал-ай! Еккен адамның өзі жоқ, талтеректер өніп-өсіп тұр. Адам өмірінің ұзақтығы ағаш құрлы болмағаны-ау...

Әсет бұлардың әңгімесіне үнсіз құлақ қойып, су жағасындағы көгалда малдасын құрып отырған-ды. Есіне өткен күндер оралды ма екен, өңінде өленге толғатқан кезіндегідей бір ширыққан мазасыздық бар.

— Нөкербек, қалқам, менің домбырамды әпере салшы, — деді бір мезетте қасында аткосшы боп еріп жүрген жас жігітке бұрылып.

Домбыраны қолына алғаннан кейін де, құлақ күйін іздегендей, қос ішекті сабалай шертіп тағы біраз отырды. Өзі жиі айтатын «Қисыметтің» белгілі әуені жүр-жүрлеп, ішекке орала береді. Осылайша азырақ арка қоздырып, шабыт шақырып алды да, өзінің шыркау биік даусымен алғашқы «аха-ау-ды» жеріне жеткізе бір қайырып тастап, мамырлаған майда бүлкіл, желіске басты.

Керілген кер бетеге, қайран Боздақ,
Жатушы ең қойын қоздап, түйең боздап.
Бұл күнде қара қарған маза бермей,
Қайғыны көнілімдегі кетті-ау қозғап.

Көрінген сонадайдан, беу қарағаш,
Көзіме сені ойласам келеді жас.
Күзелген шолақ байтал құйрығындай,
Қалыпсың жапан түзде жап-жалаңаш

Дегенде, беу қарағаш, сәнің қайда,
Тербеткен төніректі әнің қайда?
Алыстан көзді арбаған ақ үйлер мен
Төрт түлік өріп жүрген малың қайда?

Көшкенде жүк артатын түйең қайда?
Саянда байлап қойған биең қайда?
Жайылып төрт тарапқа данкы кеткен,
Кешегі ер Демежан иең қайда?!

Әсет осы үрдіспен іркілмей ұзақ сілтеді. Қасындағы жолдастары да қыбыр етпей, ұйып тыңдап қалған. Ақын жанды Күдерінің көңілі бос еді, көзіне іркілген жасты көрсетпей, теріс айнала берді. Әсет сөз нөсерін төгіп, желдіртіп барып басылғанда, шын сүйінген алғашқы сөзді де сол айтып еді.

— Қайран, Әсет аға-ай! Жеріне жеткізіп жақсы айттыңыз-ау. Кезінде Демежанды ән жырымен, сән-салтанат бабымен дұрыстап жоқтай да алмаған едік. Шын жоқтаушысына, өнерпазына жолықпай жүр екен-ау. Мына жоқтау бәйітіңіз оқыған құраннан кем болды ма? Осы дұғамыз жетсе, марқұм орнынан бір аунап түскен шығар-ау! — деген күңірене тіл қатып.

— Иә, Демежан өзіңізді өмір бойы қадірлеп өтіп еді. Достық қарызынан бір құтылдыңыз.

— Мынау бір жаттап айтып жүретін, жұртқа жаятын сөз болды-ау! — десіп Бабалық, Бөлекбайлар да қостап кетіп еді.

Бұл шақта Әсеттің өзі де жаңағы шабытты қызу қалпынан әлі арыла алмай отырған. Өңі қара қоңыр тартып, термен жылтырап, нұрлана түсті де:

— Демежанның қай қылығын, қай жақсылығын айтып тауысарсың. Онын өмірі он ауыз өлең емес, ұзақ дастан-жыр жазуға татиды, — деп аз бөгеліп барып, Күдеріге қарап бір ағалық кеңес айтты: — Күдері, сен де өлеңнен жүген ұстап жүрген жан емессің ғой. Осы жөнінде бір толғанып көрсең болмай ма. Жылдар өтер, топырақ тозып, тас та мүжілер. Қарағаш та курап жайына қалар... Дүниеде тозбайтын, көнермейтін бір-ақ нәрсе бар. Ол — арттағы үрпаққа қалатын асыл сөз, өлең-жыр. Шамаларың келсе, Демежандай дегдарға өлеңмен ескерткіш соғыңдар!

Осыдан кейін жолаушылар бұл жерде көп бөгелген жоқ. Тұсаулы күйінде ұзаңқырап кеткен аттарын ұстап мінді де, қалаға қарай асығыс жүріп кетті...

Дәл осы жаз күндерінің бірінде Шәуешектің Жауыртам жақ шетіндегі қалың зираттың ішінде де біз білетін біраз адамдар жүр еді. Көп төмпешік, ала-құла бейіттердің арасында тікшелеу етіп тұрғызған төрт құлақты шағын зират тұр. Бұл — Демежан зираты. Ал бір сәт топ адамнан оңашаланып, сол зираттың қасында тұрған әйел — Бибі болатын.

Бибі бүгін үстіне қоңыркай көйлек, қара қатипа камзол киіп, басына кара бөртпе шәлі жамылыпты. Әр жолы зират басына келген сайын осылай қара жамылып, аза тұтатын әдеті.

Кеше Демежанның азаппен өлтірілгеніне тура бес жыл толған. Сол қаралы күн қайта айналып соққан сайын, Бибі бір малын сойып, шек беріп, құран оқытады. Соның ертеңінде, міндетті түрде, зират басына келіп қайтады. Кеше де жатақ ауылдың кәрі-жасы Бибінің үйіне жиналып, Демежанды еске түсірген. Бүгін таңертең Бөкенің кіші ұлы Жұмабекке ат жектіріп, көп адам қабір басына арнайы келген беттері еді.

Бибінің жасы әлі елуге іліне қоймаса да, өңі солғын тартып, күрт қартайып кетіпті. Бір кездегі таң арайындай шапақ атып тұратын сұлу, нұрлы жүзіне ұсақ әжімдер түсе бастаған. Қалың қара шашына да күміс жалатқандай ақ талдар араласыпты. Қасірет тұнған нәркес қара көздерінде мәңгі арылмайтын бір тұңғиық мұң бар.

Қазір ойлап отырса, Демежан екеуі жиырма бес жыл бойы бір шаңырақтың астында жұп жазбай өмір сүрген екен. Бибінің кешкен тірлігім, көрген қызық дәуренім дейтіні де — сол қайта оралмас бақытты күндері. Ол бұрын да тек Демежан үшін өмір сүріп еді, ендігі қалған тірлікте де соның түтінін түтетіп, рухына дұға оқыту үшін ғана жүрген сияқты. Демежан қазасы кезінде Бибі де өзіне қол жұмсап, күйеуінің соңынан аттанып кетуді көп ойластырған. Бірақ онысы құдайға күпірлік, шариғатқа қайшы келетін болды. Жасынан діндар, сопы боп өскен Бибінің көңілінде қазір медеу тұтар бір ғана жұбанышы бар. Ол ана дүниеге барғанда, таңда махшар күндерінде Демежанмен қайтадан қауышам деп ойлайды. Өзін соған қалтқысыз сендіріп қойған. Ол үшін құдай алдында бетке шіркеу болатын бірде-бір қате жібермей, аяғын шалыс баспай, пенделік, жұбайылық парызын адал атқарып баруы керек.

Сорлы әйел зират басында әлі де ұзақ тұра берер ме еді, қайтер еді, арт жағынан Бөке келіп дыбыс берді.

— Шырағым Биби, күн кешкіріп барады, қозғалайық. Мұнда қанша сарылып тұрғанмен, есіл Демежан енді бізге оралар ма?! Қабір басында бұлайша көп күнірену аруаққа ауыр, құдай алдында асылық болады деседі ғой. Ендігі қалған аят-дұғамызды үйге барып оқиық, — деген Бибінің қолтығынан сүйемелдеп.

Бұл күнде жасы жетпістің ішін мол аралап кеткен Бөке де сақал-шашы селеудей ағарып, ұлғайған қартқа айналыпты. Дегенмен, табиғат берген күш-қуаты сарқыла қоймаған,

жүріс-тұрысы ширақ. Әлі күнге дейін баяғы Демежан тоғанының кілтін ұстап, өзімен күні бір, кәсібі бір егінші қауымға ақылшы аға атанып, Бибідей жесірге сүйеніш боп, жүріп жатқан жайы бар.

Күн еңкейе барлығы арбаға отырып, Абдырадағы ауылға қарай бет алды. Қала сыртындағы қала тәрізденіп, арт жақтарында қалың мола қарауытады. «Бүгін жер басып жүргеніңмен, тіршілікте қанша асып-тасқаныңмен, түбінде кеуде тосар кермең, тоқтайтын тұрағың осы ара» дегендей, аруақтар мекені батар күннің кешкі сағымына бөгіп, ұзаған сайын ұлғая, комактана түседі.

1985 жыл, қазан,
1987 жыл, мамыр.
Алматы шығармашылық үйі.

ТҮСІНІКТЕР

«Тағдыр»

Жазушы Қабдеш Жұмаділов 1962-жылы ата жұртқа оралғанда, біраз тарихи деректер жинақтап, болашақта жазсам деп армандаған екі үлкен шығармасы болған екен. Оның бірі — «Соңғы көш» роман-дилогиясы да, екіншісі — «Тағдыр» романы.

Алайда көңілдегі кітаптарды жазуға бірден кірісіп кете алмайды Белгісіз жас автор жұртшылық назарына шетел тақырыбына арналған кесек роман ұсыну үшін, алдымен шағын жанрларда күш сынап, танылуы керек болады. Алғашқы жылдарда «Жас дәурен» атты өлеңдер жинағын, «Қаздар қайтып барады» атты әңгімелер топтамасын шығарып, «Көкейкесті» романын жазады. Міне осыдан кейін ғана «Соңғы көштің» жазу, жарыққа шығару, сараптан өткізу әлегі басталады. Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған романды жариялау керек пе, жоқ па деген сұраққа төрелік айтуды Қазақстаннан бірде-бір мекеме, не жеке адам өз мойнына алмай (Жазушылар одағы, Ғылым академиясы, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) колжазбаны Мәскеудегі Қиыр Шығыс институтына жолдап, солардан сараптама алдырады. Мәскеудің алғы сөзімен «Соңғы көш» 1973-жылы «Жұлдыз» журналына зорға басылады. Содан «Соңғы көштің» екінші кітабына кіріседі. Сөйтіп жүргенде, жетпісінші жылдар өте шығады. Бұл аралықта басқа да шығармалар дүниеге келеді. Сонымен, не керек, автор «Тағдыр» романын жазуға 80-жылдардың ортасында ғана мүмкіндік алады.

Бірақ, оның есесіне, бұл кезде роман оқиғасы баста пісіп болған еді. Онсыз да бәрі авторға қанық жайлар болатын. Ел таныс, жер таныс. Күні кеше Шәуешекте болған оқиғалар. Төртуыл тайпасының үкірдайы – Демежан басындағы трагедияны (Демежан 1908-жылы Шәуешекте дарға асылды) автор бала жастан жаттап өскен. Ру арасындағы тартыс, Демежанның достары да, қастары да белгілі еді. Енді тек шекара бөлісіне қатысты деректерді айқындау, қағанат тарихы мен Маншың ұлықтарының тұрмыс тіршілігін, салт-санасын зерделеу ғана қалғанды. Әрине, романға кірісер алдында бұған да біраз уақыт кетеді.

Бір тәуірі, жазушы 80-жылдардың басынан бастап, кеңсе қызметін қойып, бірыңғай шығармашылық жұмысқа шығып алған-ды Уақыт

жеткілікті еді. Бұған енді осы уақытқа дейін бес роман, бәленбай әңгіме-хикаят тудырған жазушы тәжірибесін қосыңыз. Автордың жасы елуге таяған, нағыз толысқан шағы еді.

«Таңғажайып дүние» ғұмырнамасында айтылуына қарағанда, жазушының ең армансыз, қапысыз жазылған шығармасы – осы «Тағдыр» болса керек. Роман 1985-жылы қазан айында басталып, 1987-жылы ақпанда аяқталыпты. 1986-жылдың жазында бір-екі ай тыныстап алғаны болмаса, автор әл-Фараби атындағы жазушылардың шығармашылық үйінен ешқайда қозғалмаған Бір тыныспен, үзбей отырып бір жарым жылда жазып шыққан. Жазушы өз ғұмырнамасында әрқандай шығарманы екі рет көшіретінін айтады. Алғашқы жолда «құдайдың құлаққа сыбырлағаны» қағазға түссе, екінші рет акка көшіргенде, өңдеу, қырнау жұмыстары коса аткарылады. Автордың айтуынша: «Тағдыр» романы тұсында мың беттік қолжазбаны екі қайта жазып шыққан «Күймышық сірі болып, саусақ сүйелденіп» кеткен.

«Тағдыр» романы – көркемдік өресі, мазмұн жағынан ғана емес, форма жағынан да кемелдікке жеткен шығарма. Романда таразы басын тең тартатын төрт бөлім бар. Әр бөлімі он тараудан – қырық тарау бар. Классикалық туындыларда ғана болатын симметрия шарты толық сақталған. Артық сөз, артық бояу, қосалқы көріністер ұшыраспайды Оқиғалар шашау шықпай негізгі желіге көгенделіп берілген.

Көлемі 36 баспа табақ «Тағдыр» романы ең алдымен «Жұлдыз» журналында (1988 ж. № 4 — 5 — 6) жарияланды. Таралымы – 158437 дана. Сол жылы «Жазушы» баспасынан 40000 данамен жеке кітап болып басылды. Оқырман қауым кітапты бір айдың ішінде талап әкеткен

Романды әдебиетші қауым бірден жоғары бағалады «Тағдыр» – ұлтжанды қаһарманды биік өреге көтерген роман. Ол — қазақ әдебиетінің өз қойнауынан шыққан туынды. Басқа тілдерге аударылғанда ғана бағы ашылатын кейбір шығармалардай, батыс я Латын Америкасы роман үлгісі бойынша пішілмеген. «Тағдырды» оқып отырғанда қазақтың кең даласына сүңгіп кеткендей рахатқа бөленесің» деп жазды кейін ол туралы профессор Шериаздан Елеукенов.

Жазушының елеулі еңбегін әдебиет сүйер қауым ғана емес, жоғарғы ресми орындар да бірден мойындады. 1990-жылы «Тағдыр» романына Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді. Тағы бір атап өтетін нәрсе, сол жылы әдебиет пен өнерге бөлінген бес сыйлықтың төртеуі бос калып, Кабдеш Жұмаділов бәйгеден жалғыз қара боп келді.

«Тағдыр» романы көп томдықта бірінші рет қайта басылып отыр.

Түсініктерді жазған
Арман Жұмаділов

МАЗМҰНЫ

Роман

Тағдыр

Бірінші бөлім
Жол торабы 6

Екінші бөлім
Тағдыр талқысы 169

Үшінші бөлім
Уақыт керуені 321

Төртінші бөлім
Дар ағашы 474

Эпилог 620

Түсініктер 629

«Қазығұрт» баспасының директоры
Темірғали КӨПБАЕВ

Қабдеш Жұмаділов

Он екі томдық шығармалар жинағы

Жетінші том

Редакторы
Ұлан Оспанбай

Суретшісі
Нұран Айымбет

Техникалық редакторы
Гүлмира Акажанова

Терген
Гауһар Отарбаева

Беттеген
Ниязбай Оразымбетов

Теруге 25.03.05. жіберілді. Басуға 11.05.05. қол қойылды.
Қалыбы 84x108 $^{1}/_{32}$. Офсеттік басылым. Қарып түрі Таймс
Шартты баспа табағы 33,18. Есептік баспа табағы 35,0.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 436.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында терілді, беттелді

«Қазығұрт» баспасы, 480060, Алматы қаласы
Гагарин даңғылы, 186 «А» үй/4.
Телефон (факс): 75-18-18

e-mail. kazygurt@list.ru

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС
480016, Алматы қаласы, Конаев көшесі, 15/1
Тел.: 73-16-49